



ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР



ЛИЧНОСТЬ И ВРЕМЯ

Ўзбекәлі ЖӘНІБЕК

“ ҚАЗАҚСТАН ”

УДК 821.512.122

ББК 84 (5Каз)

A26

*«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті
жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу
мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін
арттыру» бағдарламасы «Қазақстан Республикасының Ұлттық
қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен әдебиеттің
әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және
тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді».*

Б. Адырбек

A26 **Өзбекәлі Жәнібек.** – Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі»,
2021. – 384 бет.

ISBN 978-9965-10-147-2

Ғұмырнамалық кітаптың кейіпкері – қытымыр коммунистік қоғамда жарық дүниеге келіп, жетімдік тақсіретін тарта жүріп ер жетіп, өршелене өсіп, ұлтына қызмет етуден бір танбай өткен өршіл мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібек. Заманынан оза туған ұлттық болмысты азаматтың қайраткерлік қалыптасу жолы һәм қазақтың музей ісі, ұлттық киім үлгілері, ұлттық өнері (ән, би, сәулет) хақында терең тебіреністі этнолог ғалым болып қалай қалыптасқаны жайында туындыгер дәйекті әңгіме сабақтайды. Қайраткерлігін халқына арнаған тұлғалы азаматтың өнегелі өмір жолы деректі ғұмырнамалық баян түрінде өріледі.

Дерегі мол, кітаптың тілі көркем.

УДК 821.512.122

ББК 84 (5Каз)

ISBN 978-9965-10-147-2

© Адырбек Б., 2021

© «Қазақстан» баспа үйі», 2021



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қаптаған анықтауыш, самсаған синоним сөздерді қоспай, қолыңыздағы гұмырнамалық еңбекті жәй қарапайым ғана «Өзбекәлі ЖӘНІБЕК» атауда сыр бар. Өзіңіз де байқап отырсыз, Өзбекәлі Жәнібекке анықтауыштың керегі жоқ. Өзбекәлі Жәнібектің өзі – анықтауыш. «Онымен үзеңгілес қызмет етіп едік» деп замандастары мақтанады, «тәрбиесін көріп едік» деп шәкірттері – біз марқаямыз. Өзбекәлі Жәнібектің өзі – өлшем. Бойын таза ұстар кісілік, халқына қалтқысыз қызмет етер жанпида қайраткерлік, тың танымнан туар жаңалыққа толы гұламалықтың өлшемі. Ендеше, «Өзбекәлі Жәнібек» деген ұғым кез келген анықтауыш пен айқындауыш орнына жұмсалар әсіре бояулардан жоғары тұрады...



ЖЕТІМДІКТЕН ЖЕТІЛГЕН

Өзбекәлі Жәнібек ақиқатшыл азамат, шыншыл шынайы жан еді. Сөзі мен ісі қиюы қашқан ескі есіктей қабыспау болмады. Сөзі мен ісі бір жерден шығар еді ұдайы. Тіпті қоғамның (формация) өзгеруі де өзгерте алмады ол кісіні. Олай болатын себебі, ол қызметі арқасында кісі болған кісімек емес еді, кісілік тегінде бар, табиғатынан туындап жататын, кісілік ірілік сүйегіне сіңген шынайы азамат болатын. Айттық жоғарыда, ақиқатшыл жан еді. Ақиқаттан аттап біз қайда барайық?! Жетімдіктен жетілген... Жетімдік тағдыр болса, жетімдіктен жетілу – тағылымды тарих.

Бала Өзбекәліден халықтың қалаулы ұлы – дана Өзбекәліге айналып өмірден өткен ірі қазақтың тектік тарихын өзінен бастап тарата жөнелсек те теріс емес. Өйткені, Өзбекәлі қалың қазақтың, дүйім қазақстандықтардың «Өзбекәлі Жәнібегі». Алайда, қандай дарактың да тамыры болатыны секілді, қандай да ірі тұлғаларымыздың тектік тарихы бар. Оны көзі тірісінде өзі де, өзге де көзге ілмеуіне қарамастан, әсіресе дүниеден өткен соң, тектеп түгендеп әңгімелеу – әсіресе бүгінгі тәуелсіздік заманының талабы десек жарасады. Олай ету – дүйім елді тектілікке баули тәрбиелейтін тәрбие құралы, табиғатынан ыдыраңқы қазақты ынтымаққа бастап, ырысқа кенелтер тәсіл! Есесіне, тектілікке ұмтылмау – бүгінгі «мәнгүрт» ұрпақтың басты кемшілігі.

Әлқисса, ендігі сөз, жоғарыда айтқандай қарт Қаратаудың бауырында, Сыр ананың орта сағасында жарық дүниеге келіп Алтайдан Атырауға дейінгі алып жатқан алып аймақтың

шынайы қайраткер перзентіне айналып өткен азаматтың тарихи тегінен аз ғана әңгіме.

Шын мәніндегі ғұлама Әлкей Марғұлан жазғандай, қарт Қаратау бауыры – адамзат баласының ең алғаш тіршілік кешкен құт мекені. Қаратау мен Сырдария арасы кесіліп жатқан кең жазық. Қаратаудан Сыр анамызға қарай андыдаған сансыз бұлақтар тау қойнауынан шапшып шығып, алтын қайнардан атылып аққан бұлақтар жамырай жарысып сай-саламен, жылға-жылғамен екпіндей, әлденеше жерде бас түйістіріп, қайыра екінші бір ойпаңға қарай бөліне, жарыла шапқылап ағып сан-сала арнамен келіп Сыр аталатын дарияға құяды да жатады екен, бағзыда. Әрісі Тянь-Шань тауларынан арынды басталатын Сыр, берісінде Қазығұрт таулары (Алатау сілемдері) суларын қоса арындай ағып, аңқылдай жетеді екен осынау құт мекенге. Сырдарияның орта ағысына жете Қаратау бұлақтарының өзенге айналып келіп құюы – Сыр ананың еңсесін әп сәтте көтеріп-ақ тастайды. Арнасына сыймай тасыған тарихи қарт өзен екі жағалауын 10-15 шақырымға дейін суын жая нуға айналдырып, Жер-ананы құнарландыра Арал теңізіне асыға, аптыға айдындана ағады келіп. Бұл бұрынғы кеп. Қазір ұрпақтар зорлығынан тынысын эзер алар дімкәс, азар өзен. Сыр тынысын азар алып Байкалмен бауырлас Арал Сырдариядан қуат алып, ғажайып сұлулыққа айналып, айналасын құнарландырып тіршілік кешіпті-ау бір кезде. Талай рет арнасы ауысып отырғаны да рас Сырдың. Тарих дәлелдейді. Тіпті Қаракұм, Қызылқұм арасындағы Ортағасырлық ғажайып өркениетті сумен демдеген де осы Сейхун мен Жейхун.

Аралдың да бүгін халі мүшкіл. Танабы тартылып, кенесі кепкен аяулы алып көл табиғаттас теңіз тағдырына алаңдаған кейбір ғалымдар ежелде Арал мен Хазар теңізі арасында су алмасар жерасты қарым-қатынас жолы болған деседі. Кім білсін?! Әйтеуір бүгін Каспий атап жүрген әлденеше елмен ортақ теңізіміздің бір кезде Хазар аталғаны,

теңізді айнала көне түрік жұрты – Хазар жұрты жайлағаны ғана тарихтан талып естіледі. Бүгінде олардың Қап тауында тіршілік етіп жатқан екі тайпасы – Авар мен Құмық қана. Қалғаны арып-ашып Ауған жеріне ауа көшіп, жөңкіліп жөнелген. Хазар атымен Ауғанстанда тіршілік кешіп жатыр. «Арқа жайлы болса арқар ауып несі бар...». Тағдыр қысы бағзы бабаларымызды да қысудайын қысқан-ақ. «Қаратаудың басынан көш келеді...» бүгін туған әуен емес, Орта ғасырларда туған зар. Ол зардың ішінде бір кезгі хазарлардың мұңды үні де сыңсып жатқан шығар. Енді, Ауған атап (ауған атының өзі хазар тағдырынан сабақталған топоним), ауғанстандық аталып ежелгі Түркістанның бір пұшпағында тіршілік етіп, арпалысты ғұмыр кешіп жатыр.

Төсін күн сүйген түстік-өңір, Қаратаудың күнгеі толы тарих. Бір Ақтөбе атымен Сырдың жоғары ағысында (Өзбекстанмен шекарада) төрт бірдей қаланың құландысы жатыр оба-оба болып. «Ұлы Сталиннің» Қарақұм, Қызылқұм каналы ұлы жобасына орай Шардара су қоймасы жоспарланған 1950 жылдары Ақтөбе бір және екінші Ақтөбе қаласы су астында қала жаздаған. Абырой болғанда А.Г.Максимова, М.С.Мерщев, Б.И. Вайнберг, Л.М.Левин сынды археологтар топ құрып, Сырдария бойында I–XIII ғасырлар арасында тіршілік кешкен өркениет ошағын қазып, зерттеп, тарихи келбетін ғылымда сипаттап, шежірелеп қалдырған. Үшінші, төртінші Ақтөбе әлі күнге зерттеушілерін күтіп, өлі қала күйінде ұрпағынан көмек күтіп жатыр. Бірі шардаралық ағайынның күні бүгін қолданыстағы зираты...

Асылы Сыр бойы түп-түгелімен, Қарақұм, Қызылқұм іші толы – ортағасырлық өлі қалалар. Бүгінгі өлі құландылар халқымыздың кешегі қалалық (кенттік) өркениет ошағы. Сырдарияның жоғары ағысынан басталатын қалалық өркениет Қаратау мен Сырдарияның Отырар алқабына жеткенде кешенді қала мәдениетіне айналады. Отырар – жерасты қалаларының ең бір байтағы дерлік. Бір өзіне қарасты орта

ғасырда тіршілік еткен 33 қаланың болуы (құланды) – қазақ өркениетін, қазақ түп-тамыры түріктік өркениеттің ғажап көрінісін берері хақ.

Міне, осындай топырағын қозғап қалсаң, баба тарихымыз боздап қоя берер құт мекен – тарихи өңірде, онда да қыз бұрымындай аяулы Арыс өзенінің Сырға құяр сағасында – Сарықамыс аталатын тұрғыны аз, тұрағы жаппа аталатын үйде 1931 жылы 28 тамызда бір сәби «іңгәләп» өмір есігін ашты. Анасы «қалжа» атап, бұйырғанын жеп, сорпа-суан ішіп белін бекітіп, шағын шілдехана жасап, сәбиге, ауыл-аймаққа қадірлі, жасы үлкен Өзбек қарияның атымен ырымдап Өзбекәлі деп ат қойды.

Шаңырақ – марқұм Жәнібек шаңырағы. Жәнібек Сейтбек баласы әулеттің сөз ұстар азаматы болған. Әттең-ай, жас кетті. Шаңырақ анасы – Қаныша Томашқызы. Қаныша Құшата елді мекенінде туған, Қоңыраттағы жетімдер руының қызы. Өз үйінде, қала берді ауыл-аймақ той-томалағында би билеген «биші қыз» атанған сұңғақ дене бітімді ажарлы әйел баласы. Бала жасында салған әндері көңілді қошуақ әндер болса, ендігі ән мақам сазы «Қаратаудың басынан көш келеді» сазына барып ұласар мұнды әуен. Жәнібек тұсында көңіл көншітер, тамылжыған әсем ән салдырса, ендігі жесір тағдыр мұңшыл күйшіл сарын қосқан Қаныша әніне.

Отырар – Түркістан атырабы талай гүлдеп өсіп көркейген шәрілік мәдениетті көрген, жойқын соғыстан талай мәрте күйреген тарихи атырап. Тарихи атырап ән сазы көңілді бола қоюы неғайбыл. Әріден Қорқыт сазы, беріде «Қаратаудың басынан көш келеді» мақамымен нығыздалған өңірде «Бесік жырына» дейін мұңдылау мақаммен айтылар еді. Оның үстіне бозын қозғасаң, ежелгі тарихы боздап қоя берер тарих табы қалың өңірде «Бесік жырының» да бағзы нұсқалары берік орын тепкен. Аналар балаға «Бесік жырын» айтқанда, мұңдылау әуенмен тарих сазын қоса сіңірет еді сәби санасына. Әмеңгерлік ата заңымен қайнағасына қосылған же-

сір тағдырлы Қаныша ел өсірер текті аналар керуенінінің
соңғы үлгілерінен еді. Ол бесіктегі сәбиіне:

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.

Әлди, әлди, бөпешім,
Қозы жүні көрпешім.
Жұрт сүймесе, сүймесін,
Өзім сүйген бөпешім...

Әлди, әлди, шырағым,
Көлге біткен құрағым.
Жапанға біткен терегім,
Жаман күнде керегім...

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Қонақ келсе, қой, бөпем,
Қой, тоқтысын сой бөпем,

Құйрығына той, бөпем...
Айналайын айымыз,
Алты қарын майымыз.
Жеті қарын жентіміз,
Шәһар Бұхар кентіміз...

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Астыңа түбек салайын,
Үстіңе жібек жабайын.
Ауылдан кеткен апаңды,

Іздеп қайдан табайын?
Жылама, бөпем, жылама,
Ата-екенді қинама!

Арша ма екен бесігі,
Ала ма екен әжесі?
Өрік пе екен бесігі?
Сүйе ме екен әкесі?
Жиде ме екен бесігі?
Жылама, балам, жылама,
Ата-анаңды қинама.

Айыр калпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?

Домбыра алып қолыңа,
Өлең торлап ойыңа
Ақын болар ма екенсің?

Қобыз алып қолыңа,
Кең даланы сарнатып,
Күйші болар ма екенсің?

Саусақтарың майысып,
Қыпша белің қайысып,
Биші болар ма екенсің?

Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?

Таңдайларың тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің?

Кең балағың түрісіп,
Ойға, тауға жүрісіп,
Балуан болар ма екенсің?

Қылған ісің оң болып,
Кигенің жақсы тон болып,
Бекзада болар ма екенсің?
Жылама, балам, жылама!
Әлди, бөпем, ақ бөпем...

Бұрынғы Түркістан уалаятында «көшпелі өзбектер» мен казактар арасында айтылатын тілдік құнарында оңтүстік казактарының макам-сазы бар, тарих сазы анық құлаққа естіліп тұрғандай «Бесік жыры» талай түн, талай күн айтылар еді. Өз бабалар заманында «Шаһар Бұхар кентіміз» – деп жырлау да соншалық табиғи естілетін. Сәбиге казактардың бұрын Бұхарға дейінгі жерді жайлағаны паш етіледі. Әрине, «Бесік жыры» ата-ана мекен тұрағына орай географиялық сипаты өзгеріп, кейде сәбидің аты аталып «Өзбектайым қайда жүр екен? Отырарда жүр екен. Отырарда неғып жүр екен? Жау қайырып жүр екен...» дегендей нақтыланып айтылатын сәттері де болады.

«Бесік жыры» әуелде конондық мәтіннен басталып дамытылып әрі қарай желілеп, жалғап алып кете баратын әрнұскалы болғанына күмән жоқ. Анасы конондық мәтінге салып:

Көзімнің ағы, қарасы,
Жүрегімнің парасы,
Көңілімнің санасы!
Айналайын шырағым,
Көлге біткен құрағым!
Мандайдағы құндызым,
Аспандағы жұлдызым!

Әлди-әлди, әлди-ай,
Әлди, бөпем, ұйықта жай! –

деп те талай сызылтады аналық мейірімін төгіп...

Тіпті бесікте жатқан сәбидің ұлына:

Айдарынан жел есіп,
Ат ойнатар ер болсын.
Маңдайынан күн сүйіп,
Ақыл-ойы мол болсын! –

деп ерекшелей арнап айтар еді жырын.

Сейтбек әулеті болып толған әулет. Оның бір баласы Жәнібек әулеттің ақ боз үйі бұйырған, малды дәулетті шаңырақ еді. Ақ боз үйдің бау-шуы көздің жауын алғандай көз тартарлық әсем болатын.

Колхоздастыру келді. Байларды тәркілеп, малын колхозға өткізді, өздерін Сібір айдады, оққа байлап атты. Орта шаруа да ұшырады осындай кесәпатқа. Малын колхозға алды. Азын-аулақ малды қимаған орташа «контр» саналды.

Замананың зәйілінен қаймықты ма, болмаса атқамінерлік мінез биледі ме, әйтеуір, Серім марқұм інісі Жәнібектің малын колхозға өткізіп жіберді. Өз малын тірідей, інісінің малын өлідей колхозға көзінен тізіп табыстаған Серімге үкімет те оң көзімен қарады. Аудан уәкілі «Серім, сен колхоз ұйымдастырасың», – деді. Серім колхоз төрағасы болып шыға келді. Басшы айналасына үлгі болуға тиісті. «Көп қатын алған» – деген қаңқу шаншудай қадалатын болды. «Екі үйі бірдей ақ боз үй тігіп отырады» – деген сөз де шығып қала береді. Белсенді Серім Жәнібектің ақ боз үйін де колхозға өткізді. Қаныша қарсылығына қарамады. Сөйтті де өздерін екі керегелі жаппаға тықты. Өзбекәлі жарық дүниеге екі керегеден итарқа етіп жаба салған жаман жаппада туған еді...

Хан қызындай Қаныша бала бесігін таза ұстайды. Жәнібек әулетінде ежелден жидебесік.

Жөргек, жастық, бесік көрпе, төсеніш, колбау, тізе бау, түбек, шүмек секілді бесік жабдықтары да мұнтаздай.

Отырардан алынды ма екен, әйтеуір бұл үйдің бесігінің түбегі фарфордан болды. Жәнібек қайтыс болған сол бір абыр-сабырда қызы Күлараштың сындырып алғаны болмаса. Ал, түсе қалса микроб өлтірер, саулыққа сеп арша шүмек сақталып қалды. Түстік жұртында негізінен арша ағашы кем өседі. Арғы аталары Бұхарда датқа болған бұл әулетте ескінің жұрнағы көп болушы еді. Шамасы, фарфор түбек Отырар қалашығынан алынған көне жәдігерлік. Арша шүмек Бұхар жағынан келсе керек.

Жәнібек қазасы, фарфор түбектің сынуы қатар келгенін әулеттің жаман ырымға балағаны бар. Қанышаның ойы – «Енді тұрмыс құрмас...» Бірақ, оған ағайын жұрт бола ма? Қарсылығына қарамастан ерінің ағасына қосты да жіберді... Ендігісі, міне Өзбегін тербетіп отырғаны... «Бұл да болса Құдайдың бергені...» Е, айтқандай осы перзентіне екіқабат кезінде аталары аян берген. Ұйқылы-оюу бір сәт... Әлде бір аппақ киінген, сақалы беліне түскен ақсақал келді де «Келін ұл табасың. Ата жолын қуып датқа болады...» – деді. Деді де ғайып болды. «Астапыр-Алла, субхан – Алла» – лап жатты көпке дейін. Өзі түсінде көрген Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи жарықтық-ау деп шамалайды...

...Иә, бесіктегі балаға «Бесік жырын» айтады аяулы ана. Көңілі қаяулы, ұлынан дәмелі ана кейде Жәнібегінің термесін «Бесік жырына» қосып айтады.

Түркістанда мекені
Көтеншілердің халқының,
Үргеніште қалды сүйегі
Телқожа батыр алпының.

Талай жауды жайратып
Көрсеткен еді салқынын,
Егесіз көлдер тартылып
Қайраңы қалды артының,
Қылбелбеу мен Құрман
Қаптап жатқан халқы еді.
Жаманбайдың бағы озған,
Елғонды датқа жалқы еді...
Қоңсы еді Қоқанға
Көңілі жақын Жантелі,
Он жеті жасар күнінде
Абылай ханды шақырған
Атасы оның Бәйтелі! –

деп барып тоқтайды.

Әулетке талай қонақ болған, сый-сияпат көрген Майлықожа термесі. Жәнібегі домбыраға қосып айтып отырар еді. Содан да құлағында қалған терме. Шежіре ақын әулеттің арғы тегін тектеп жырлағаны ғой. Жәнібек естияр болып қалған Спандиярға кейін таратып айтып отыратын. Содан да сараман санада жатталып қалғаны. Қазақ әйелі бойжеткенше өз тегін айтып, ұзатылған соң ерінің тек-тарихын малданатын әдеті. Қаныша да «жетімдермін» деп өз руын емес, «тінейміз» деп ерінің руын атаумен келеді. Құймақұлақ әйел, сараман келін әулеттің шежіресін бір кісідей кеудесіне құйып алған. Әулет тектілігіне сүйсінумен жүреді. Текті әулеттің келіні болғанына бұрын да шүкіршілік ететін. Әлі де сол.

ҚҰРБАН БАБА

Оңтүстік өңірі толы тарих. Жойқын жаугершілікте жер жастанған көне қалалар құландысы, бағзы заманда ғұмыр кешіп, уақыт сағаты жеткенде Жер-ана бауырына мәңгілікке дамылдаған әулие-әнбиелер аты андыздаған, ұрпағы тағзым ете жүрер айтулы мавзолейлер (кесене), көне сағаналарға толы. Сол әулие-әнбилер басы – Арыстанбаб. Бәлкім, жергілікті халықтың «Бабтардың бабы – Арыстанбаб!» – атайтыны да сондықтан шығар. Арыстанбаб – сопылық ілімнің ұлы тұлғасы Қожа Ахмет Ясауидың ұстазы. Ежелден ел аузында «Арыстанбабқа түнеңіз, Қожа Ахметтен тілеңіз» – деген қанатты сөз қалғаны мәлім.

Атақты қолбасы, қаншама қайшылықты ғұмыр кешсе де мемлекет құрған Ақсақ Темір (Әмір Темір) дүние-ғаламға өз ықпалын жүргізу үшін, Қожа Ахмет Ясауидің басына кесене тұрғызғаны тарихтан мәлім. Ұстазға деген ұлы құрметпен дүние ғаламнан небір ісмер сәулетшіні жиып Түркістанға алып келіп, зияраттық ғажайып Мавзолей тұрғыза бастағанда, неге екені белгісіз, кесене кісінің кіндік бойына жете бере қаланған кірпіштер өзінен-өзі құлап, кирап қала береді екен, Сырын білмей Әмір Темір де, Мысырдан әкелінген ұсталар да әбігер. Ақыры, атақты әмірдің түсінде аян беріпті. Өлде бір тылсым тұлға «Алдымен Арыстанбаб...» деп сыбырласа керек құлағына. Бәлкім, құрмет иесі Қожа Ахмет Ясауи әруағы шығар ұстазынан бұрын өзінің басының көтерілуін жойдасыз көрген. Кісіде иманның бар кезі ғой, әйтеуір. Ұйқысынан ояна сала даңқты қолбасы алдымен Арыстанбаб қабірі басын «қарайтуға» әмір беріпті. Содан кейін ісі оңғарылған. Тұрғызған кесенесі құламай, зәулімденіп көкке ұмтылып көркейіп шыға келсе керек... Әрине, әзелден арымай, талмай жеткен әпсана. Әпсана философиясы: «Ұстазыңды анаң қатарлы сыйла!» Міне, Арыстанбаб киесі! Міне, Қожа Ахмет Ясауи философиясы!

ауырлық

Иә, сол бабтар елінде, бабтардың бабы – Арыстанбаб Мавзолей кешенінде Құрбан баба кесенесі жайғасқан. Зәулім де емес. Арыстанбаб кесенесінен тұрқын асыруға болмайтын шартпен жасалған шағындау кесене. Құрбан бабаға арнап арнайы салынған кесене. Басында шырақшы. Бұл кім?

Бұл XIV ғасырда өмір сүрген, сопылық ілім ұстанған, әулие-әнбилер керуенін ізгілікпен жалғаған Құрбан баба. Ел аузындағы аңыз әпсанада Құрбан баба тағдыры қызықты әңгімеленеді.

...Құрбан, Жауқашты, Шоқпарлы дегендей бірнеше ағайын. Үлкені Құрбан ілім ұстаған әулие. Ағайындарының қалғаны барымташы. Барымта – ұлттық тіршілік көзі. Қаратау асып, Сарыарқа барып, үйір-үйір жылқы қуалап әкеледі. Барымташылық қандай кәсіп болса, мал іздеуші қуғыншы келуі де сондай кәсіп. Ай-күннің аманында алдындағы малынан айырылып қарап отыра ма, енді?! Қуғыншы келеді. Жолай ауыл-ауылға соғып, ақ сақал, қара сақалынан сыр тартып, дерегі шықса ақсақалына жүгініп, білекті түрініп малын қайтару амалына кіріседі. Қайтсін енді?! Қаратау байрағына қоныс тепкен бұл ауылды Құрбан (кей деректерде Құрман) әулие ауылы атайды. Ат сабылтып келген қуғыншы бұл ауылға жетсе жүгінері – Құрбан баба. Сопылық іліміне бүкіл ағзасын алдырған Құрбан бабаға өтірік сөйлеу жат. Ол бірге туған ағайындарының қылмысын ашық айтып, айып пұлын төлеп малын қайтаруды жатырластарынан талап етуден бір танбайды. Ақыры, «өкпеге қиса да, өлімге қимайды» дейтін ағайын, Құрбан баба адалдығынан азар-безер болып, өлтірмекке бел байласа керек. Қанша айтқанда, бір анадан туған жатырлас, қанын жүктеуге қимай, ағайындары болып ақылдасып, қол аяғын байлап Бетпақтың (Бетпақдала) шөлді жазығына апартып тастауға шешеді. Солай жасалады да.

...Созақтың Сарыарқаға ұласар шебінде қол-аяғы байлаулы, ерні кезеріп, шөлден қаталаған бір бейбақ жатыр айдалада. Адам аяғы баспайтын қу медиен дала. Ебептен себеп,

түйе мінген, ақ жаулықты әйел қыдыр болып жетеді сол сәт. Туыстар қатыгездігінен тарыққан, адалдығынан зәбір жапа шегіп, зарыққанға Алла тағаланың жеткізуі ме екен, сірә?! Жанынан безген бір бейбақ пен жол сапардағы бір мүсәпір айдалада кездесіп, өзара тілге келеді.

– Шыжыған шілдеде, қол-аяғы байлаулы жатқан неткен жансыз?

– Е, адалын айтамын деп, ағайынға жақпай, алыстан емес, ағайыннан жаза шегіп жатқан жанмын.

Аз сөзді Құрбан баба тағдырынан аз-кем мәлімет беріп өтеді. Ақ жаулық та тегін кісі болмаса керек. «Сонда Сіз Құрбан әулие болдыңыз ғой. Ал, менің ныспым Жансая. Қара бураның қарындасымын, – дейді. – Алла-тағалам түсімде аян беріп, Сізге жар боласын деген еді. Бәлкім мына сапарға жол салып отырған да бір Алла шығар...»

Қыл-қысқасы, Құрбан баба мен Жансая табысып, тағдыр-кешті әрі-сәрі өмірді тағдыршешті күйге ұластырып, үйленеді.

Жансаядан тұнғыш ұл – Киікшіні көреді, содан соң Тінейді... Кәнігі көпнекелі өмір. Кейінгі әйелдерінен Көтен, Сасық, Жары, перінің қызынан Жартыбас есімді перзенттер сүйеді Құрбан әулие. Әулие баба тағдыры жайынан жазушы Еркінбай Әкімқұлов «Құрбан» аталатын роман да жазды.

Өмірінен арнайы ғұмырнамалық кітап жазылып отырған Өзбекәлі Жәнібектің арғытек – түпатасы біз әңгімелеп отырған осы тарихи Құрбан баба. Арыстанбаб әулие жанынан тұрғызылған кесене Құрбан бабаға арнап салынған. Өзбекәлі Құрбан бабаның екінші ұлы Тінейден тарайтын тұқым. Тіней болғанда да Майлыбайдың кіші әйелінен тарайтын ұрпақ.

Әулие

ТАҒЫ ДА АТАЛАР ЖАЙЫНАН...

Өзбекәлі Жәнібек «әкем бар» деп ашып айтпаған да, жантартып жазбаған да кісі. Өзінің «Тағдыр тағлымы» атты мемуарында әңгімелегендей, әмеңгерлікке мәжбүрленген аяулы анадан туған, жесір әйелдің баласы. Өзбекәлінің өз әке-шешесі жайында әңгімелер сәтке де жақындап келеміз. Алайда, оған дейінгі тектік буындарға барлау жасайық. Өзекеңнің өмірбаяндық жазбалары мұңды. Олай болатын себебі, бала Өзбекәлінің жарық дүниеге келу жолы «тар жол, тайғақ кешу» секілді бұралаң соқпақты, тағдыр соқты. Жазбасының өзінен мұң табы сыз бермегенде қайтеді енді? Мұңды балалық шаққа да келерміз. Әзірге жетім бала Өзбекәлінің арғы тегі жайында ізденіп көрелік.

Кешеге дейін қазақ ауылының «клубы» да, өсіре айтсақ театры да, музейі де бәрі-бәрісі бір акын міндетінде болғаны хақ. Өзекеңнің өзі де мөлдір жас шағында жүрек құлағы ақындардың үнімен ашылды. Кімдер олар? Олар Майлықожа, Мәделі қожа, Құлыншак, Ергөбек, Елеусіз, Айтбай ақын... Қызыл жырау... бірсыпыра. Бесікте жатқан Өзбекәліге аяулы ана мұңға орап айтатын Майлықожа ақын шежіре өлеңінің жәйі әлгіндей. Онда Өзбекәлінің арғы аталары бап-бабымен тарқатылады.

Жарықтық кожекең жырындағы Елғонды – Өзбекәлінің атасы. Бәйтелі бабасы, Қылбелбеу Құрбан түп атасы. «Қақта тұрар жеріне тұрады». Тікесінен тік тартып айтқанда, Өзбекәлінің түп атасы Құрбан әулие. Қайыңжұрты Қара бурамен сыйласып тіршілік кешкен. Өлгенде Қара Бура кесенесіне жерленген. Өзінің тікелей арғы атасы Бәйтелі үш жүздің басын қосқан Абылай ханның қасынан табылады... Кеңесші биі... Қалай?

Бәйтелі датқа болған адам. Сөзіне ел ұйыған. Алтын Ордадан тартып айтқанда, түрік жұртында Билер институтының орны ерекше. Қара күш иесі – батыр да, еларалық

дау-дамайдың билер алдынан бәтуа тауып, тарап жататыны өз алдына, Би сөзіне хан екен де тоқтаған, би сөзіне тұрған, ден қойған, соған орай шешім алған. Он үш жасында датқа болған Бәйтелі Қокан, Бұхар хандарының қазақ халқына жасаған озбырлығына шыдамай, өз алдына нөкер жинап, нөкерімен Абылай ханға барады. 15-16 жас, жас та болса бас болып келген Бәйтеліні Абылай әрілі-берілі сынап, ұтырлы сөз, ұйытқы ойына тоқтап, нөкерін қайтарып, өзін қасында би етіп алып қалыпты. Кейін қырғыз еліне канаттас шабуыл жасаған. Айыпқа алған «еншісінен» бұл күнде *қырғызәлі* аталатын бір рулы ел тарап отырған сынайлы... Бәйтелі ұранға шыққан. Жаманбай (рудың аты) жауға шапқанда, ұраны – *Бәйтелі!* Бәйтелілеп шабады екен жауға. Қиын-қыстау сәтте Бәйтелі әруағына сыйынады екен ел-жұрты. Міне, тарих. Майлықожа шежіре ақын осы жайларды шежірелейді-ау келіп. Кейін Өзбекәлі Жәнібек есейіп ержеткен уақытта анасының сөзі есіне түсіп, Майлықожа ақын өлеңін тауып оқығаны бар. Оқыған да «датқа» қандай лауазым екен деп тарих тереңіне ой жүгіртті. В.Крестовскийдің «В гостях у эмира Бухарского» (С-Петербургъ. Издание А.С.Суворина. 1887) тарихи еңбегін де қарап байқады. Сөйтсе «датқаныз» бүгінгі облыс басшысы ұғымына жақын келеді екен. Демек, бабалары облыс аумағы секілді аймақта селдіреп отырған, ауыл-ауылды мекен етіп отырған қазақ ру-тайпаларына билік жүргізетін, оларды Хива, Қокан, Бухар әмірлерімен байланыста тағдырын шешіп жүретін мансап биігі болып шығады. Датқаның да датқасы бар. Бірі бар өз халқына пана болатын. Бірі бар, Ұлы ұлыстан бөліп алып, атақты Әмір Темір қалыптастырған мемлекеттен қалған жеке-жеке әмірліктер атынан халқын теспей соратын. Ол әмірлерде де ынсап болмаған. Көбіне «Алтын орданың» (Ұлы ұлыс) маңғыт, қыпшақ руынан шыққан ол әмірлер (көшпелі өзбектер) жаулап алған қазақ жеріне, қазақ жұртына арнап салықтың неше атасын ойлап тапқан. Тіпті «қыз салығын» ойлап тауып, соны

жүзеге асырып отырған әмірлік салтты қалай кешіруге болар екен, сірә? Бала Өзбекәлі ел аузындағы неше түрлі алып-қашпа әңгімелерді ести жүріп, бабасы Бәйтәлі, атасы Елғонды датқалығын осының қайсысына жатқызарын білмей қиналатын кездері жиі. Халқы үшін датқалық мансабын жерге ұрып, хан қасынан табылған жау жүрек Бәйтәлі бүгінгі Қызылорда облысы, Шиелі топырағында мәңгіге дамылдап жатса керек. Осы жерде Өзағанның інісі Кұлбек Ергөбектің әңгімесіне жүгінейік: «Мен айтпаймын, ел айтады. Біздің міндетіміз тек аяулы ана – Қаныша Томашқызының перзенті Өзбекәлінің құлағына жастай құйған шежірені әуезе әңгімелеп жеткізу ғана.

Тіней – Майлыбай – Бәйбішәден – Бекетау батыр, Жылқайдар, Хатанай, Темір. Бекетау мен Темір батыр.

Майлыбай тоқалынан – Ерубай, Шерубай туады.

Ұлы жүз бір датқаның қызы Жанқайды Темір батырға атастырады. Темір батыр қалмақтармен соғыста қапыда атып өлтіреді. *Әкелі*.

Жанқай қыздай жесір. Ерубай 14-15-те. Құдалар Ерубайды алып қалады. Ерубай ержеткен соң, Жанқайды қосады.

Одан (Ерубайдан) – Орынбай, *Бәйтәлі* туады. Біз қиынқыстау сәтте Абылай хан қасынан табылған Бәйтәліміз, міне, осы кісі.

P.S. Бекетау батыр Жанқайды маған қоспадыңдар деп әке-шешесіне өкпелеп кетіп қалады.

Жылдар өтеді. Жанқайдан екі бала дүниеге келеді. Орынбай 5-6 жасар, Бәйтәлі 1-2 жаста. Емшекте.

Құдалар Жанқайды қосып Ерубайды еліне қоспаққа алып келе жатады. Орынбай жетегінде, Бәйтәлі Жанқайдың қолында.

Жанқай қайынағасы Бекетауды көреді. Бәйтәліні батырдың қолына ұстатып, өзі сәлем жасайды. Ииді. «Бар байлық, билік, батырлық Бәйтәліге кетті. Тұла бойым шымырлады. Өзімнің не болғанымды білмей қалдым.» – дейді екен Бекетау.

Түркістан абылай, бүкіл жүйе

Б. Адырбек

Бәйтелі ержетеді. Қалмақтар. Орынбай қалмақтарға барады. Сары ат. Қорқытады. Сары атты сатып, қайтып оралады. Түркістан базарында Сары атты көреді. Татарлар.

«Сатып алдық». Мөрін көрсетеді. Орынбайдың өтірігі шығады.

Жанқай ана: «Менің Байтелім барады», – дейді.

Бәйтелі, атқосшыларымен Абылайханға барады.

Абылай: «Қырғыздармен келістім. Шу бойында кезде-семіз. Билікті сен айтасың, ⁷ дейді Бәйтеліге.

Кездеседі. Билікті Бәйтелі айтады.

Әрбір жауынгерге күн төлейсің. Бір әйелден, қасына күн қосып бересің. ⁷ *Солар аласың, қосып бересің*

Бәйтелі би атанады. Қырғызәлі – сол қырғыз қыздарынан тарайды. Қырғызәлі руы осылай тарайды.

Бәйтеліден *Елғонды* дүниеге келеді. ~~Ол~~ 1801 жылы туып, 1865 жылы қайтыс болған деседі Елғондыны. Дырау жырау Майлықожа айтып отырған Елғондыңыз міне, осы кісі!

Елғонды датқа болған. Одан Құдияр туады. Датқалықты әкесінен алады. 1832-1887 жылдар арасында өмір сүрген Құдияр «алапеспен» ауырады. Жұқпалы саналатын «алапеспен» ауырған Құдияр Сырдарияның айналма ағысында, аралда жеке дара өмір сүреді. 45 жасында Аралда өледі. Арыстанбаб Мавзолейіне жерленген. Жалғыз қызы *Айғаным*.

Айғанымға *ағаш (жасыншы)* Сикымдар құда түседі. Ұл ішінде жалғыз қыз. Құда түсе келген Сикым ауылының абыройлы азаматтарына ~~әкесі~~ «Жалғыз қызым еді. Өзіне салайыншы» – дейді. Сонда Айғаным апамыз айтқан екен: «Ата, басыңды төмен қаратпаймын. Нәлет келтірмеймін. Қарсы болма. Билікке араластырсын. Ал билікке араластырмай, көп келіннің бірі ретінде ұстар болса, малын алып кете берсін. Ризашылығым жоқ!».

Ақылы жаннан асқан Айғанымды ұзатқанда әкесі 40 қызметші қосып береді. Кейін олар Сикым-Жаныстың рулық

құрамына сіңіп кетеді. Ұзатылып бара жатқанда Айғаным қимастықпен артына қарап қалады. Сол кезде әкесі ішін тартыпты: «Қап, әттегене-ай, әулет билігі қызыма ауатын болды-ау...»

Айтқаны келді. Датқалық Айғанымнан туған жиенге өтеді. Қасымбек жиен датқа болады. *Бөгенді* нағашыларына беретін сол Қасымбек.

Қасымбек немере ағасының қызы *Арысханды* нағашысы Сейітбекке ұзатады. Құдиярдан Сейтбек. *Сейтбектен* Тұрдалы, Әмір, Серім, Жәнібек, Керімбек, Керімше, Елназарбек. Әуеш.

Тұрдалыдан – Ордабек (29 жасында құрт аурудан қайтыс болады), Жүсіпбек (Абай колхозын құрған), Тұрғанбек.

Жәнібектен – Асфандияр (фин соғысында хабарсыз кеткен. Батыр атаныпты. Күлараш есімді қызы болған. Арыс қаласы азаматына тұрмысқа шықса керек. Бір қызы жастай шетінесе керек. Тағы бірі Мәдинә мектеп жасында, бастауыш сыныбында оқып жүріп дүниеден қайтқан.

Жәнібек жас қайтыс болады. Жәнібектің әйелі Қаныша Томашқызын ағайындары Серімге қосады. Одан *Өзбекәлі* дүниеге келеді. Шежіре сабағы осылай сөйлейді. Өзекен орта мектепті «Серимов» болып бітірген.

Өзекен мемуарына сәл-пәл өзгеріс енгіздік. Әруақ кешірсін. Тарихтағы шындық ізінен ауытқымадық есесіне. Айтылған шындықты Өзекеннің өзі неге бұрмалау себебін жүре келе оқырман өзі түсінер».

Сонымен Өзбекәлінің туған жері – *Сарықамыс*, өскен жері – *Оқсыз*. Оқсыз – әл-Фарабидің туған жері.

БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ МҰНДЫ ӘУЕНДЕРІ

*Сыр бойы мінген кісі адырбек
көзге алсаң, қыраған су*

Наурыз туа Сырдария арнасынан асып, дарияның өн бойынан көктем күшіне мінген жазға салым әлденеше өзенше тасып шығып, сай-саланы қуалай жөнеледі. Қаратаудан аңкылдап ағып жеткен тау суы дария тасуымен қосылып жер-жерде ойдым-ойдым айна көлдер пайда болады. Көлдер табиғатына орай «Балтакөл» (Балта сипатында), «Иіркөл» (иіріліп жатады), «Күйікасар көлі», «Майлытоғай көлі» аталады. Дариядан тасып аққан су 15 шақырым жайылып барып, қайыра Сырға құйып әрі қарай арналанып Арал қайдасың деп жөңкіліп ағады. Өзекең жарық дүние есігін ашқан Сырдың орта ағысы, тарихи Отырар жері – сулы жер. Сулы жер – нулы жер. Сыр ананың екі жақтауы көкорай шалғынға оранған, шөбі шүйгін, шұрайлы құт мекен. Ол кезде Сыр бойында ядролық суық қару сыналмаған экологиялық тұрғыдан таза кезең. Бір жағы Қызылдың құмы, бір жағы Қаратау, арасын қақ жарып ағатын Сырдарияның қос жағалауы көздің жауын алар сұмдық сұлулық. Қала берді Сыр бойы андыздаған аңыз.

Өзінің жарық дүние есігін ашқан сәті, балалық ащы, ащы да болса балдәурені өткен елді мекен жайында мұндана тіл тиегін ағытатыны бар: «Әкем Жәнібек Құдиярұлы, анам Қаныша Томашқызы қазақ ауылдары ұжымдасқанға дейін мал дегеннен жеті-сегіз қой, ешкісі, сауын сиыры, жүріп-тұрысқа мінетін жалғыз аты болғандықтан ешқайда көшіп-қонбаған, оның есесіне «жер шұқып», диханшылықпен айналысқан. Мен туғаннан кейін көп ұзамай әкем қайтыс болып, шешемді әменгерлік жолымен ерінің жақын туыскандарының бірі Серім Сейтбекұлына қосыпты. Ол бізді Сарықамыстағы 13 үймен бірге Сырдың арғы бетіндегі ежелгі Оқсыз қаласының құландысына жақын жерде, әуелде 22 санды ауыл, кейіннен «Овцевод» деп аталған өзі ұйымдастырған ауылшаруашылық серіктестігіне көшіріп әкеткен екен».

Анасы бәйбішенің отымен кіріп, күлімен шығады. Мәдина кызы мен Өзбекәлісі үшеуі солардан қалған ас-ауқатты ішіп-жейді. Солардан артылған сорпа-суанмен жүрек жалғайды. Буыны бекіп, бұғанасы қатпай жатып анасына жәрдемге ұмтылады. Бәйбішенің өзі құралпы баласы Абан шалдуар, Өзбекәліні басынады...

Оны адамға дегенде аңғарымпаз, дүние-ғаламға пайымды етіп ашық құлақ санасы сара азамат етіп өсірген, бәлкім, анасының тағдыр ауыртпашылығын мұнды әуенге айналдырып шерлене салатын әні шығар.

Оның бар махаббатпен «жырлап» өткен адамы – аяулы анасы Қаныша Томашқызы! Қызылшырайлы сұңғақ ән-кеуде кісі киналғанда түсіне кіріп, түсінен кейін ісі оңғарылып жүре береді екен Өзекеңнің. Қарадай діні қатты, түсі суық, қабағы салыңқы адам аяулы анасы жайында айтқанда ұн-жырғасы түсіп, қарадай жасып, сағыныштың сары табына берілетін. «Жасым келген сайын табиғи келбетін көзіме елестете алмайтын болып барамын», – дейтін сосын біртүрлі анасының айтқанын істемей қойған тілазар баладай.

Бала Өзбекәлінің жоқшылықпен өткен балалық шағын Сәбит Мұқановтың «кісі есігінде» жетілген балалық шағымен салыстыруға болар еді. Өзі Сәбит Мұқановтың осы «Өмір мектебі» шығармасын жақсы көріп сүйіп оқыпты уақытында. Бәлкім шығармадан өзінің тағдырын көрген шығар. Әрине, Сәбит Мұқанов ХХ ғасыр басында туған адам. Өзекең сол ғасырдың отызыншы жылдары жарық дүние есігін ашқан. Арасы қаншама тарих толқып өтуіне қарамастан алыс деуге де, тым жақын деуге де келмейді. Алайда, тағдыр ұқсастығы сол аралықты жақындатып жібереді.

Сәбит Мұқановтың «Есіл», «Теміртас», ептеп «Өмір мектебі», Ғабиден Мұстафиннің «Дауылдан кейін», өзбек жазушысы Ш.Рашидовтың «Дауылдан да күшті», қырғыздың шоңы Түгелбай Сыдықбековтің «Біздің заманның адамдары», башқұрт көнекөзі Сәйфи Құдаштың «Жастық шактын

ізімен» секілді толып жатқан толымды шығармаларда «коллективтендірудің» көркемдік келбеті осы ұстаныммен жазылды. Өмірдегі көріністің көбі болған жағдай. Қызметтегі бала мансабы үшін малды әкені құрбандыққа «шалды». Құрбандыққа «шалмасқа» шарасы да жоқ. Ұжымдастыру – жоғарыдан, ең жоғарыдан басталған саяси науқан. Замана дауылына, үкіметтік алып машинаға кім қарсы тұра алсын?! Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романында бай құйыршығы болып сипатталатын Аралбай Бегайдарұлының әкесінің жайы орайында еске түседі. Кир ЦИК-тің мүшесі бола тұра әкесінің малын тәркілеп, өзін Сібір айдағанда қызметкер бала әкеге пана бола алмаған. Бүкілодақ бойынша Павлик Марозов синдромы. Қазақ елін қасірет иектеген. Қазақстанның сол жылдардағы бірінші басшысы, солақай Голощекинді ашық масқаралайтын, өте білікті қайраткер Смағұл Сәдуақасов Сәбит Мұқановтың «Теміртас» романында ұжымдастыруға қарсы, байларды сақтап қалу жолында жасырын әрекеттеніп жүрген құлақтың құйыршығы. Отызыншы жылдары жаңа өріске шыққан қаламы құдіретті Әбділда Тәжібаев «Байларды қойдай қу қамшымен...» деп өлеңдетті. Осы коллективтендіру «шарапатынан» қазақтың тең жарымы аштан қырылды. Сарыарқа қазақтары Сырдарияға ауып, өзегі талса да өлмей қалғаны қазақтар арасында аз аялдап, Өзбекстанға өтіп кетті. Ресеймен іргелес солтүстік қазақтары Омбы, Новосібір ауды, ашыққан батыс ескі ізбен Орынбор, Сарытау, Мекержі тартты... Обалы кімге? Неге қазақ басындағы (Қазақстандағы емес) жағдай ашық айтылмайды бізде?

...Оңтүстік солтүстікке карағанда есін ерте жияды. Ашаршылық жылдары да «өзен жағалағанның өзегі талмас», өзен жағалап, балық аулаған, салбурын жасап, өзен суын бөгеп, егістік жерге су шығарып егіншілікпен айналысқан оңтүстік жұттан да тым жұтамай, құбатөбел күйде шығады. Әрине, олар аз уақытта тойынып, есін тез жинайтыны белгілі.

Оңтүстіктен Өзбекстан, Қырғызстан ауған қазақтар үйі – үлпі отанымен туған жерге қайта оралып, елге ел косылып, туған жұртқа құт береке дарыта бастады. Ұзамай өлкеге біріккен облыстар қайыра ажыратылып, шақсыз үлкен аудандар өзара бірінен бірі енші алысып, өз алдына отау тігіп жатты. Өзбекәлінің туған жері Отырар 1933 жылы Түркістан облысынан енші алып шықты.

Аудан атауы – «Шәуілдір». Жаңа аудан мақта шаруашылығымен айналысты. Аудандық атқару комитетінің төрағасы – Дүйсенбай Алтынбеков күндіз-түні тыным таппай ауданды ілкімділікпен ұйымдастыра білді. Ауданды Өзбекстан қамқорлыққа алды. Ахунбабаев атынан ауданға орта мектептің екі қабатты ғимаратын ағаштан қиып салдырып берді. Оған аз уақыттан соң Мирзоян аты берілді. Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Мирзоян ұсталған соң Жамбыл Жабаев аты берілді. Ақын-жазушылар жаңа ауданды қаламымен демеді. Жорға ақын Ғали Орманов ауданда айлап іс-сапарда болып «Шәуілдір» аталатын поэма жазып, кітап етіп шығарды. Қырғи тілді Асқар Тоқмағамбетов аудан өмірінен «Әке мен Бала» аталатын роман жазып тартулады. Ауданда бірнеше колхоз ұйымдастырылды. Соның бірі – Өзекеңнің өзі автобиографиялық жазбасында айтқандай, әкесі Серім Сейтбекұлы ұйымдастырған 22 санды ауыл. Кейінгі «Овцевод» ұжымшары. Сырдарияның Қызылқұм беткейіне орналасқан ұжым – әл-Фарабидің туған жері. Тарихта дана туған жер – Оқсыз аталады. Өзбекәлі Жәнібектің балдай тәтті болмаса да, әсерсіз емес, ащылау сабақталатын мұңдылау балалық шағы Оқсыз елді мекенінде өтеді.

Үлкен үйдің суын әкеліп, отынын тасып, отын жағатын Қаныша қасында кішкентай Өзбекәлі жүреді. Бұғанасы беки келе жас өрім Өзбекәлі аяулы анасына қолқанат та болады. Шелектеп суын тасуға амалдайды, ауыл-айналада ен тоғайда есепсіз өскен жыңғыл бұтауға да жарайды. Колхоз ұйымдас-

тырып жүрген жетелі басшы Серім бәйбішеден аса алмай қиналады. Көңілі қаяулы ана мен жарымкөңіл бала осылай көңторғай тіршілік кешеді. Ежеқабыл айттырып алып берген ардағы Жәнібектен қалған балауса екі қыз ұзамай бірі үй айналып жүріп, шетінейді, келесісі бастауыш сыныпта оқып жүріп, бірден көз жұмады. Буыны қатпай Аспандияр колхоз жұмысына жегілген....

Сырдың батыс беткейі ғажайып табиғатты Қызылқұмға ұласып кете барады. Қызылдың құмы көшпелі. Құм кей жылдары көше-көше Сыр жағасына дейін жететіні болады. Құм көшкіні. Құм табиғаты бала Өзбекәліні қатты қызықтырады. Үстіңе шаң жұкса құмға аунаса заматта тап-таза болып шығады. Екеуі де «шан», бірі шаң-топырақ, бірі шаң-құм. Бірін-бірі алады. Қызылқұм шет-шегі көрінбейтін жал-жал болып жататын бір қызық құбылыс. Арманшыл жас кейде Қызылдың құм жалдарын бірінен кейін бірін қуалай асып, адасып та кете жаздайды. Бейне әр жалы арманшыл баланың алда алар бір-бір арман асуы секілді. Қызықтырады. Өзіне тартады. Тылсым. Кеурегі қандай тамаша. Жүгері собығындай болып түйіндеп, арғы жағында тамырын құмға көміп, жеңді білектей болып өсіп шығады, тіп-тік болып. Бала Өзбекәлі қазақтар бұрын наурыз, сәуір айында, күн күкірі күрілдеп құлақты жарып жіберердей күркірегенде құмнан қорыққан қояндай болып шыға қалатын осы құм кеуректі өкпе (туберкулез) ауруына емге пайдаланғанын да естіп өседі. Тіпті 1932 жылғы ашаршылықта аяғы Қызылқұмға жетіп жығылған пақырлар құмкеурек жеп, әлденіп қатарға қосылғанын да қызу әңгімеге айналдырады, бұл – ел. Ағасы Аспандиярға ілесіп, Қызылдың құмын кешкен сәттер Өзбекәлінің баянсыз балалық шағын мазмұнға толтырады. Арманшыл қияли баланы ұшы-қиыры жоқ, бейне телегей-теңіз кеңістікке барып ұласатын құм қызығы қанаттандырады. Әл-әзір бала қиялында ат жалын тартып мініп, жігіт болса, аяулы анасын жоқшылық, жалшылықтан



күтқарса. Басқа арман жоқ бала бойында. Баланың бір қызығы қызылдың құмы...

Бала Өзбекәліні ойға жетелейтін тағы бір тылсым – Сырдың бұл беткейі толы қирандылар. Олар Оқсыз, Көксарай, Көк кесене секілді жұмбақ атаулармен аталады. Іргедегі Оқсыздың орны толы қираған көк түсті кірпіш, сынған қыш-құмыра, көк сулы сылақ сынығы... Әредік алтын алқа, күміс білезік тауып алғанын айтысады ауылдастары. Ауыл балалары кейде осы қирандыларға барады қызық қуып. Сан жылдардан аман қалған қабырға қалдықтарын қалқа қылып «тығылмашақ», «жасырынбақ» ойнайды. Өзбекәлі де ойнайды. Бірақ, көбіне тарих тылсымына ой жібере ме, тұйықтала қалатын сәті жиі.

Балалық шақтың кәусар әсері Сырға байланысты. Ойын балалары күнемелі жұмыстан мойны босаса дарияға шомылып, бір-бірімен суатыспақ ойынын ойнайды, «жалақ» ойнайтыны да болады. Сыр бойына сыңсып өсетін жиденің көктемде жұпар иісі аңқып қолқаны қабады.

Балалық шақ әсерлерінен Өзбекәлі бойында сақталып жеткен әсерлер жосығы осындай...

Тағдыр салған өмір қиындығы да, қойнауы толы ортағасырлық кенттік өркениет ошағы болып келетін, өз табиғаты да тылсым сырды ішіне бүгіп жатқан Қызылқұм, сұлу Сыр (дария), Орта ғасырдан талып жеткен көне қала қирандылары екі көзі маңдайына біткен ессіз болмаса, көкіреккөзі бар есті, ойлы өспірім өміріне өшпестей із қалдырар әсерлі әлем екеніне кімнің шүбәсі бар?!

Кісінің екі көзі біріне-бірі жау болып, жақынынан жау іздеген 1937 жыл келді. Анасының айтуынан есітіп білгені 1937 жылдың құрығы ағайындардың басына түсе бастаған. Аудандық комсомолдың бірінші хатшысы Әмзбек бір түнде Қырғызстанға бой тасалап, қашып кете барыпты. Оны да анасының айтуынан есітті. Қарадай сұрқай тартып тұратын осы жылдары (1938ж.) талапты бала Өзбекәлі мектепке бара-

ды. Әуелгі қадам жарымыншы класс. Бастауыштың баласы сабаққа зейінді, киім киіске ұқыпты, ән салып, би билепті, қоғамдық істерге белсене қатыса бастайды. Қабырға газетін шығару ол кезде бар үрдіс. Қабырға газетіне Өзбекәлі жайында «өте ұқыпты. Сабакты жақсы оқиды. Кластастарының алдына шықты», – деп жазыпты бірде. Оны естіген анасы аурулы сырқау денесін тіктеп талапты балаға үлкен үмітпен қарапты, аналық мейіріммен бұйра кекілін сипай тарапты. Бала үшін анадан аяулы кім бар, ананың мейірімінен асқан мейір шапағат бола ма, мынау жалғанда?! Өзбекәлі де жоқ-жітік тіршілікті бастан кеше жүре ана мұндықтың осындай мейір шапағатына бөленген сәттері жаны марқайып шыға келер еді, шіркін! Ондайда өздерін қарақтайтын жақыннан көрген зұлымдық атаулы ұмытылар еді бір сәтке де болса.

Бірде қоғам орталау мектебінің екінші сыныбына баратын Өзбекәлінің киерге киімі болмай қиналады. Сол сәт әке иіп, бәйбіше қиналыспен иіліп бәйбішенің баласы Абанның көнетоз костюмін береді Өзбекәліге. Сол сәт әкесі бір, тете Абан «мені өлді дедіндер ме, оған менің костюімді кигізіп» – деп жер тепкілеп жылапты шалдуар бала. Бәйбіше теріс тәрбиесінің «жемісі». Шалдуар інінің ісін кемсіту деп білген намысқой Өзбекәлі анасына ыза кернеп жылап келіпті. Сонда аяулы Ана: «Мен осылардың отымен кіріп, күлімен шығып жүріп» таптым осы кеселді. Қарғамаймын ешқайсысын да. Құдай тағала өзі туралайды бәрін. Кім – кімнің алдынан шығып келіпті? Өмірде бәрі де қайталануы мүмкін. Кім білсін, күні ертең сенің күнің туса, сенің ескінді ол киер. Жігіт болып қалдың, не болса соған қорғалақтай берме...» – депті сырқат меңдеген бойын тіктеп.

...Өзекең кейін ол отбасының балаларына көп қамқорлық көрсетті. Қыздары Өзағанның үйінде жатып, институт оқыды. Өзаған қыздарды, қыздар аға-жеңгесін сыйлап, қамқор болды бір-біріне.

АНА ҚАЗАСЫ. АЗАЛЫ ЖҮРЕК

Өзбекәлінің анасы – Қаныша Томашқызы. Түркістан мен Кентау аралығындағы Құш ата ауылының тумасы. Руы жөнінен әйгілі қоғам және мемлекет қайраткері Нұртас Оңдасыновтың (дұрысы Нұрмұхамед Оңдасынұлы Дәндібаев) жақын апалары. Жетімдер руынан. Жасында ажарлы, ай дидарлы қыз болыпты. Өн салып, би билепті жас шағында. Айтса аузынан әдібі сөгілмеген кестелі сөз төгілген, көңілі тетік, жүрегі дәділ бір ғазиз жан болған деседі үлкендер. Жәнібекке ежеқабыл айттырылып, бар қыз ұзату салт дәстүрімен, жасау жабдығымен беделді, белді әулет – Сейтбек шаңырағына келін болып түседі. Жар қосағы – Жәнібек. Жәнібектен Күлараш есімді қыз, Аспандияр атты ұл, Мәдинә есімді тағы бір қыз перзент сүйеді. Күлараш Қараспан – Арыс жағына тұрмысқа шыққан. 1978 жылы дүние салды. Ұл – Асфандияр (Өзекең Смадияр деп жазады) Финляндияда әскерде жүріп, Ұлы Отан соғысы басталғанда ерлікпен қаза табады. Жесір ерден кетсе де, елден кетпейді шартымен жастай жесір қалған Қаныша Томашқызын қайнағасы Серім Сейтбековке қосады. Одан сүт кенжесі Өзбекәліні көреді.

Жәнібек кісілікті азамат болыпты. Аузы дуалы, сөзі берекелі, уәдеге берік, жақсылық атаулыға серік. Бірақ, ғұмыр қысқа. Амал қанша?! Серім Сейтбекұлы да колхоз құрған, бір ауылды қоғамдастыруда табысты болған абыройлы азамат. Бір өкініші туған әкесін Өзекең әкем деп атамаған адам. Оған себеп, атының артына мінгестіріп мектепке алып бара жатады Серім атамыз. Жолай кездескен бір замандасы «жол болсын?» айтады. «Әлей болсын!», «Оу, мына балаң кім, атыңа мінгестірген?», «Е, бір жесір әйелдің баласы!» Бары осы. Недәрә мені «балам» демеді, жасырып «бір жесір әйелдің баласы дегені несі?» – деген ызадан Өзекең өз әкесін «әкем» деп атаған емес.

Серім Сейтбековтің өздері салтанаты келіскен ақ үй тігіп, қара үйді қабатында ұстап, бұларды екі керегені киюластырып құрған жаман жаппада (лашық дерлік) ұстауы да бала Өзбекәлінің көңілін құлазытады. Бәйбішенің ерке баласы Абанның бәсіре құнан мініп, тоқалдың баласына шекесінен қарап, шалдуар шапқылап жүруі де жетімсіз қу тіршіліктен бас ала бастаған бала көкірегіне шемен болып қатады.

Анасының «Мен осы ауруды солардың көңілін табайын деп, отымен кіріп, күлімен шығып жүріп таптым» – деген ашумен айтқан ащы сөзі де шеркөкірек бала есінде мәңгі қалып қойған еді.

Өзі аяулы, отағасынан қамқорлық көрмей көңілі қаяулы ананың сырқаты мендей береді, мендей береді. Баласының кейін анықтағанындай, сырқатының сипаты кәдімгі «сарып» болса керек. Ыстықаумет амалымен екі ошақтың бірдей отын жағып, қазанын көтеріп жүріп ыстық-суықты тіршіліктен тапқан сарып сырқатын бұрынғы ел сыйлаған ерінің ерте қайтып, қазақы салттың құрбанына айналып, әмеңгерлікпен қосылған екінші ері, бәйбішеден аса алмай, бәйбішемен арадағы бұрынғы абысын-ажындық тәтті сыйластықтың дәмі кетіп, сиқы қашып, ескі есіктей сықырлауы жанын жеп, ішкі жан дерті сыртқы сырқатқа қосылып меңдетіп жіберсе керек. Ақыры сырқаты құрғыр алып ұрды. Жедел шешіммен шапшаң қимылдайтын жас әйел сырқаттың салдарынан сылбыр қимылдап жүріп, сықырлап барып жатып қалды. Тұралап орнынан тұра алмайтын халге келді. Өзбекәлісінің қолқанат болып, анасының жанына жалау бола жүріп, бәйбіше үйінің отын жағуы, ас-суын қамдауы да саябырсыды. Марқұм Жәнібектің шаңырағы етіп ұстап отырған өз өтенінің оты өлеусірей жанатынды шығарды. Бір күн ауру, бір күн сау. Бір күні әлде-әлделеп тұрса, сүйретіліп жүрсе, екінші күні төсек тартып жатып қалуы жиіледі. Ақыры жаны жадап, тәні тозып төсектен тұрмас күйсіз халге көшті. Көңілге өлім күдігі кірді. Аспандияры әскерде. Мәдина мез-

гілсіз көз жұмды. Солардың соңынан екінші некеден ерген ер қарасы Өзбекәлісін уайымдайды. Өлемін деп қорықпайды. Өзекті жанға бір өлім. Әлі бауырын жазбаған күшіктей жас, балдай балалық шақ кешуінің орнына, екі үйдің бар тірлігін бұғанасы қатпай мойнына артып алған тесікөкпе күн кешіп жүрген бота тірсек баласын, Өзбекәлісін ойлайды. «Өле кетсе байқұс баланың күні не болар? Өзі өгей болмағанымен, көңілі өгей әке, күндесетін реті болмаса да күндесіп жүретін бәйбіше күнәсіз періште балаға қалай қарар екен? Бірі аталық, бірі аналық мейір тауып бере алар ма? Әй, қайдам? Ата-аналық мейір-шапағат көріп өспеген бала күні ертең ержеткенде тегіне тартып, ат жалын тартып мінген кезінде ел қамын жең, елдің арабасын тарта алатын азамат бола ма, әлде...»

*неқимет мұқ келсе, жасап ады
төгілгені шетер мұз*

Сырқат тәнін сырқыратса, перзентіне деген аналық тәтті арман семіп, сенімсіз ой мазалап уайым жанын жегідей жеп сансыратып маза таптырмайды-ау, маза таптырмайды. Түн баласына көзі ілінбей, ұйықтай алмай шығады аласұрып. Қаншама күн, қаншама түн кешкені осы мазасыз ой, осы мазасыз ойдан санасы сансырап талықсып жату.

Қоңыр күз...

Бала Өзбекәлі «үйге» келсе, анасы тар төсекте талықсып жатыр екен. Анасының қас-қабағын бағып өсіп келе жатқан бала, ананың маңдайына қолын апарды. Тастай. Өн бойын қарасу жапқан. Көзі тарс жұмулы. Мейірлене қарайтын аялы жанары тарс жұмулы. Бой жасап жатқандай. Бой жасаудың не екенін бала білмейді бірақ. Әпкесі Мәдина дүниеден өтерде осылай болдырып тынысын ауыр алып аласұрып жатқаны есіне түсті. Иә, сол сәт анасы Мәдинаның аяғын ұстап көріп еді-ау. «Жазғанның аяғы суып барады. Адам болмас, сірә. Мәшинеші қайнағаны шақыр» – деген сәт есіне түсті. Жалма-жан көрпеге қолып сұғып жіберіп, анасының аяғын ұстай алды. Тап-ғас. Мұздай қу сүйек қолды қаритындай. Жүрегі дір ете түсті. Дереву үлкен үйге жүгірді.

Әдеттегідей әкесі колхоз шаруасымен кеткен. Үйде жоқ. Үйде Рахия анасы. Анасына кемсендеп анасының жағдайын айтып жатыр асығып-аптығып. «Апам қысылып жатыр, апам...» Өз сөзін өзі естір емес. Өз үні өз құлағына жетер емес. Ақыры ызадан булығып жылап жіберді.

Үлкен анасы (бәйбіше):

– Сен үйіңе бара бер. Мен ана мәшинеші қайнағаны ертіп барайын-деді.

Бала жаман жаппаға қарай жүйткі жөнелді. Анасының ажалына бейне ара түсуге жарағандай күйде. Бірақ, көңілі күпті. Күдік торлаған көңіл теткиді. Жүгіріп келеді. Анасының «Үйге қарай жүгірме. Жамандық шақырма...» деген рәсім-сөзі де ойынан шыққан. Ертеде аттылы кісі қазалы үйге ат қойып, шауып жететін. Үйге тақай аттан аунай түсіп, ат шылбырын бос қоя беріп (күтушілер іліп алады), «бауырым-айлап» көрісетін. Жаяу кісі жүгіріп желіп жетер еді қаралы шаныраққа. Бала да болса, қаралы рәсім ойында. Бірақ, қарғадай баланың ойында қазақы рәсімді елерлік шама жоқ еді. Ойын күдік торлаған баланың бойында үрей ғана... Анасы сұлық жатыр. Тіпті баласының келгенін елең қыларлық шама да жоқ секілді.

Ісмер тігінші Рахманқұл қария «Қайран, келін!» – деп, қайғылана аттады табылдырықты. Рахия анасы Рахманқұл қарияның арқа жағында. Көзі ашық ісмер тігінші Рахманқұл атасы дін ісінен де молынан хабары бар молда кісі. Дереу дем салды. Осы жасында талай адамды бұ дүниеден бакилық дүниесіне тағдыр жазуымен «шығарып» салған қария салғаннан Қаныша келінінің жағдайын жазбай таныды. Беті әрі қараған... Дем салды дұға оқып. Меңдеген сырқат беті бері қарағандай болды. Сәттік қана сипат. «Шиласын түсірмесе болмас...». Ол үшін ризашылығын сұрау керек.

– Қаныша келін, ағайынға ризасың ба?

Сынық жан сәл ойланып барып, риза болмағанда не істейін дегендей, басын иді.

– Ризамын деп айт, келін.

– Ырзамын. – Қаныша үні үзіліп-үзіліп талмаусырап шықты.

– Аспандияржанға ризамысың?

Басын шайқады. Анасын, Өзбекәліні осындай жағдайда қалдырып, фин соғысына кеткен баланы кеше алмай қиналды.

– Ой, жазған, өзі сұранып кетті дейсің бе? Өкімет әскерге аламын деді, алды дә.

Рахия райдан қайтара сөйледі. Қаныша аясы ойылып, ішіне кіріп кеткен шүңірек көзімен Рахияға тесіле қарады. Ақырында күндесінің айтқан сөзіне иігендей, аналық сезіммен басын иді. «Кештім...»

– Мына балапаныңа ше? Өзбекке ше?

О, Құданың құдіреті! Сөйлеуге шамасы келмей жатқан ана кенет басын күштеп сәл көтерді. Демеп жіберер жан жоқ. Шырылдап Өзбекәлі анасының бас жағына барды. Сәл көтерілген бас жастыққа жығаша қайта қисайды. Үзіп-үзіп сөйлеп жатты.

– Аян берген. Түс перзентім ғой... – деді созып. Жантәсілім күтіп, жанында отырғандардың тағы бір естігені: «О, дүниеде қолыңнан алам...» – деген сөз. Рахияға қарата айтылған сөз. Оны да түсінді тігінші Рахманқұл. Әдетте Рахияға қайырылғанда әдетте айтылатын «абысын», «сіз» сыпайы сөзінің бірі тіліне оралмады бұл жолы.

Қайнаға дұғасын жасап, абысын ақырғы рет көңілін сұраған болып үйлеріне қайтпақ. Акирет сапары да жақындағанын үлкендер түгілі сегіз жасар бала көңілі анық сезіп, өзін қоярға жер таппай әбіржіп тұр. Акирет сапары алдында барып-келіп жатқан ана қасында қарғадай бала ғана қалмақ. «Сен анаңның қасында қаларсың...» Рахия анасының сөзі бала Өзбекәліні селк еткізді. Зерек бала анасының бүгінгі түннен қалмайтынын сезіп отыр. «Апыр-ай, анамды жалғыз тастап, үйлеріне қайта бермек пе? Не деген қатыгез...» Бала

Көңілі кабаржыды. Талықсып жатқан ана қасында қалғысы келеді-ақ. Бірақ, бала емес пе, қанша айтқанда, өлімнен қорқып отыр. Өткенде Мәдина әпкесінің өлі денесіне көзі түсіп кетіп, шошымалы болып қалған көңіл үлкендердің әңгімесінен қорқайын деді. «Оу, бұлар неге қалмайды анамның қасында? Бөтен бе? Бірі жақын атасы, бірі анасы... Мұнысы несі бұлардың?...» Ойы он саққа жүгірген бала миңгірледі: «апама бірдеңе болып қалса қорқамын ғой...» «Онда біздің үйге бар да балалардың аяқ жағына кіріп жата ғой... Біз осында болармыз...» Рахия анасының осы сөзінен кейін сөлбірейіп орнынан тұрған баланың ойында «анам бүгін түннен аман шықпайды-ау» – деген күдік пен «не де болса атам мен апам анамның қасында болар» – деген үміт дүбәра сезім телқабыс түсіп жатты. Ұнжұрғасы түскен бала екі қанат итарқа жаман, жаманда болса көңілге ыстық қос керегеден бас құраған жаппадан алты қанат көздің жауын алардай көркем, әсем де болса суық ақ боз үлкен үйге қарай сылбыр жүріп кетті. Сүдіні ілгері сүйретіліп жүріп келе жатқан жетімкөңіл баланың жаны – жаны жәнәтта болғыр аяулы ананың жанында қалып барады... Алыстан Отырартөбе қарауытады. Отырартөбе жақтан байғыздың сұңқылы естіледі...

...Бәленбай күн-түн ажалмен арпалысып, қиналған анасына бәйек болумен тынымсыз бала қатты шаршаған еді. Ақ боз үйдегі балалардың аяқ жағына келіп құлаған бала талықсып ұйқыға кетті. Құлқын сәріде оянды. Таң шапағы рауандап атып келеді. Орнынан тұра анасы жатқан жаман жаппаға қарай тұра жүгірді. Жаппаның айналасы қараң-құраң. «Анаң қайтты балам...» Тігінші атасы. «Тас жетім болдың...» Рахия анасы. Жаппаға кірді. Анасының шүңірейген көзі ашық қалыпты, жағы түсіп кетіпті. «Жан ана...» Өзбекәлі ышқынып барып, анасын құшақтай алды... Жұрт қаумалап көтеріп әкетті.

«Ойбай-ау, көзін жұму керек... Жағын таңу керек емес пе?...» Әркім-әркімнің дауысы талып естіледі. Саңқылдап

әдепсіз сөйлейді олар. Баланың қайғыдан меңірейген санасына бір сөз естіліп, бір сөз естілмей талығып жетеді...

Тігінші атасы мен Рахия Өзбекәліні алдаусыратып үлкен үйге жіберіп, өздері де дем салар-салмаста үйлеріне қайтқан. Аяулы анасы жаман жаппада, екі керегенің арасында ажалмен жалғыз арпалысып жатып, жан тапсырған. Зерек көңіл бала ақиқатты білген соң өзін де кешпеді, атасы мен үлкен анасын да кешпеді өмірбақи. Ол ол ма, әкесінен бастап барша ағайындары сарыптан қайтыс болған ананың киім-кешегін, көрпе-төсегін, екі керегеден тұратын жаппаны өртеп жібергенін көзімен көрді. Сүрленген ешкі терісінен бау жасап, керегенің жапсарынан өткізіп жасаған екі керегені де қойшы. Оған Өзбекәлінің жаны аши қоймайды. Жаны ашитыны – аяулы анасы көкірегі сырылдап, аяқ қолы сырқырап жүріп шебер тоқыған сырмақ, түскиіз секілді бұйым-тайымдар. Ертең алты канат ақ боз үй көтерсек деген арманмен үйдің бау-шуын түгендей жүріп, тоқыған қолөнер бұйымдары... Олар тіпті тұтынбаған бұйымдар. Жаман жаппаның қай жеріне тұтады?! Іргеге сығылыстырып жиып қоятын. Тоқыған кезде өрмек басында отырып ісмер анасының жүн жіпті іліп алып, өрмек тоқығаны, суарылған тәшкен бояуларына қарап «мынаны күннің шапағы» атайды, ал мынау, «арғы бабалардан келе жатқан қошқар мүйіз» өрнегі, ал мына өрнек шыққан күнді, ал мынау сы батқан түнді елестетеді, қарағым...» – деп айтқан әңгімелері құлағында шыңылдап тұрып алды. Олардың бәрінің өртелуімен бірге анасының адал еңбегі, жалғызына түсіндіре айтқан сабағы да бірге кеткендей қамықты. Өзара бөлісіп алған малды қойшы, тәйірі?! Мал дегенде сауындық бір бұзаулы сиыр мен бес-алты жантық тағы. Анасы өлген соң ағайындары ол бес-алты жантықты да өзара бөлісіп алысты. Бөлісіп ала тұра не «жетісін», не «қырқын», не «жылын» өткізбегені қинайды қарғадай баланы. Анамның өлімі неге соншалық құнсыз өлім болды? – дейді іштей ашына. Кейін Өзбекәлінің өзі «Анам-

нан айырылған сол бір қаралы күнгі ағайын-туғанның зұлымдығы мен екіжүзділігі естен кетпес қайғылы қасірет болып, жүрегімде мәңгілік қалып қойды», – деп қара сиямен жазды ағайындарының безбүйректігін.

Аяулы ана осылай елеусіз, ескерусіз жағдайда көз жұмған еді. Анадан қалған жалғыз тоғызға аяқ басқан ұлды біресе «детдомға» өткізбек болып, енді бірі «анасы болмаса, әкесі бар емес пе, бұл бейбақтың?» – дей жүріп, ақыры әкесінің үйленіп, енші алған үлкен ұлы Қожанның қолына берді. Анасы барда панасы бар екен. Анасы өлген тас жүрек жетім бала Қожан ағасының екі жасар ұлы Төреханды, кішкентай қызы Мырзақүлді арқалап бақты. Өзбекәлінің сорына жеңгесі Зәкия да өресіз шайпау әйел болып шықты. Отырса – опақ, тұрса – сопақ... «Әкесіз жетім жәй жетім, шешесіз жетім – шын жетім...».

Ана қазасынан соң буыны әлі қатпаған бала азалы жүрек болып өсіп келе жатты.

АЛТЫН ҰЯДА

Айтбай Белгібаев – оңтүстіктің танымал жүйрік ақыны. Ағайын. Бала Өзбекәлі жүрек құлағын ашқан ақынның бірі. Бала жасында осы бір қызыл шырайлы, дөңгелек жүзді ақынның

Шәуілдір ауданым бар саялы бау,

Қонысым Сырдың бойы, жайлауым тау.

Пайдасыз Арыс суын байлап алып,

Отырар даласына егілді нау! – деп, жырлайтын өлең, термесін талай тамсана тыңдаған. Домбыраға қосып, термелеп ағызып айта жөнелгенде ақын көмекейінде бір белгісіз құдірет жасырынып жатқандай әсер ететін бала Өзбекәліге. Осы бір ағайын ақынды бүткіл ауыл сыртынан өсегі аралас аңызға айналдырып әңгіме қылып отырғаны... Олай ететін реті де бар.

Айтбай ерекше тағдырлы ақын. Бала жасында Қарнақта медреседе оқыған бала, ат жалын тартып мінер шақта «Түркістан республикасын» арқаланып барып, Ташкентте мұғалімдік кіші оқуда оқыған. Оқып жүріп, Ташкент генерал губернаторының қызымен көңіл қосып өлімнен махаббатты жоғары бағалайтын сері жігіт қазақы жолмен алып қашқан. Генерал арқасын бит тескен бұратана қазақ баласына қызын қолынан беріп қарап отыра ма, қуғыншы әскер жібереді. Жарақты атты әскер қайдан қойсын, Сырдарияны қуалай жүріп келіп, Отырар маңынан шығады. Қазақ ауылына келін болып ұйып отырған қызды байлап-матап алып кетеді. Қыз соңынан Айтбай ақын Ташкентке тартады. Абыр-сабыр уақыт өзара алмасып жатқан замана. Ташкентте жастай оқыған, оқыған да даңқты Сұлтанбек Қожанұлының айналасында жаңа заман жаршысына айналып жүрген ауылдасы Абдолла Жармұхамедовті (кейін үш мәрте Жауынгерлік қызыл Ту орденімен марапатталған), жиендері Әбутәліп, Дүйсенқұл Сарықұловты іздейді. Жолығады. Жағдайын айтады. Қисынсыз іс көрінеді. Генерал-губернаторға ешқайсысы батпайды. Ақыры өз күшіне, Марияға деген қызу махаббатына сүйенеді. Генерал губернатордың ауласын қақ жарып өзенше ағар екен. Үй қамағында отырған Мәриямен сөз байласып, өзен ағысымен аулаға кіріп, Мәриясын жетелеп екінші бетінен шығып, тағы да алып қашып жөнеледі. Бұл жолы сүйісіп қосылған екі жас ауылда қалудың жөнін таппайды. Сырдарияның Қызылқұм беткейіндегі ағайындарды паналайды. Ол ағайындары құрған №12 колхоз. Айтбай ақын мен Мәрия колхоз жерінен білек жеңді түріп, қолдан шикі қыш құйып (оңтүстікте бұрыннан бар дәстүр) мектеп салады. Жұрнағын көрдік. Бір-екі кластық шағын мектеп. Алайда, жылқының тезегі аралас құмсыбақ жасалып, әктелген (ақталған) ғимарат – «Ақмешіт» аталады ел аузында. Өңірдің баласын жиып, оқытқан Айтмұхамед «Айтбай молда» аталады, балаларға орысша үйрететін Мария «Мәриям келінге»

айналады. Кейін Түркістан генерал губернаторы жіберген аттылы әскердің аяғы Сырдың Қызылқұм беткейіндегі бұл ауылға да жетіп, Айтбайды соққыға жығып, Марияны тағы да алып кетеді. Айтбай молда жүрек қалауымен алып қашқан жарының артынан тағы да іздеп Ташкентке барады. Жасырын жолығады. Соншалықты сүйе тұра, бар жан-жүрегімен сүйген Айтбайына ілесіп қайыра шығып кетудің қатер екенін айтып Мария жылап қалады. Ермейді... Бұл Түркістан өңірінде аңызға айналған бір мұңлық махаббат әңгімесі. Оны «Мұңлы Мәриям» атап Айтбай ақынның өзі поэма етіп жазды. Ғасыр басында кітап болып басылған. Кейін жазушы Захардин Қыстаубаев «Айтбай – Мәрия» атап пьеса жазды бұл құйкалы, құнарлы материалдан.

Бала Өзбекәліні әкесі Серім Сейтбеков ат артына мінгестіріп, Айтбай молданың «Ақмешітіне» алып келе жатады. Колхоз басқармасы. Жолай кездескен танысы салт жоралғысымен «жол болсын», «әлейболсын» айтысады. «Е, бұл бала кімің? Балаң ба?» – болып келетін әдеті сұраққа Серім «е, бір жесір әйелдің баласы...» – дегенін бұрын айтқанбыз. Соған Өзбекәлінің көңілі қатты қабарған. Сөйтіп, туған әкесін «әкем» демей өтті... Өзбекәлі Жәнібек білім дүниесіне алғашқы қадамын атақты Айтбай Белгібайұлының «Ақмешітінен» бастаған еді.

Отырар – 1933 жылдан Түркістаннан енші алған өз алдына дербес аудан. Аудан орталығы – Шәуілдірде Өзбекстан «Калинині», Өзбекстан Жоғарғы Советі президумы Председателі Юлдош Ахунбабаев ауданға көмек ретінде салдырып берген шағын екі қабатты орта мектеп бар. Ағаштан қиылып салынған. Өз уақытының тамаша ғимараты дерлік. Тоғыз жасар «кісі есігіндегі» бала Өзбекәлі оқуын осы мектепте жалғап жүріп жатты. Ағасы Қожанның ырқына салса оқымаса болмайды. Шаруашылыққа айналып, күнін көріп кету үшін. Зәки жеңгесіне салса «жетім балаға оқу не теңі?! Пішту... Әдірам қалғыр....»

Қиын жағдайға қарамай зерек көңіл Өзбекәлі мектепті тастамады. Анасының барында үздік оқитын, үздік үлгерімі үшін «Екпінді» қабырға газетіне мақталып шығып тұратын зейінді бала сабақ десе үздігіп, ілімге сусап тұрады. Отын жарып, от жағып, су тасу, бала жұбатудың ара-арасында мектепке де барады, қайта келіп сабақты да дайындайды. Тесік өкпе жетім баланың анасының жарық дүниеден кетуі оның жан дүниесін аз уақытқа ойпан-тойпан етіп, езіп-жаншуына қарамастан қайсар бала есін тез жиды. «Жетім қозы маңырар да отығардың» кебі. Тіршілік дүниесіне тырысып араласып, өмір үшін тырмысып күресіп келеді. Саналы түрде болмауы да мүмкін. Кісі есігіндегі атқарар жұмысы анасы барда да істеп келген жұмысы. Иі жұмсақтау ағасы, шайпаулау жеңгесінің сөзін елей бермейді. Елегенде не істей алады?! Жетімдік тоғыз жасар баланы бұрынғыдан да ширата түскен еді.

Мектептің де отын жағысты. Тіпті, қарғадай бала Арыс өзені жағасына барып сексеуіл сындырысып алып келер еді, өзеннің екі бетін ну тоғайға айналдырып қып-қызыл шырайға бөлеп тұратын жыңғыл да шабысады. Оқушылар болып барып аңыздықтан терілген ^{сіз} мақтаның қозапаясын шотпен шауып, әлі келсе кетпендеп әкеліп митыңдап мектеп жанына жинап жүргені. Тораңғыл ауылдан шалғай Сырдария бойында өседі. Ол қолға түсе бермейді.

Елде ән айтпас жан болмас еді ол кезде. Әп-әдемі қоңыр дауысы бар. Оқушы Өзбекәлі ән салады. Тіпті, Жабай, Мүсірәлі, Әзімбек аталары ән салдырып рахатқа батады. Тұнба бала қариялар өтінішін жерге қалдырып көрген емес. Кейін келе білді. Ақсақалдар «Айналайын, Өзбек балам, бір ән салып ата-әженнің жанын жадыратшы» – дегенде, ағасының үйінде тойып тамақ ішпей жүрген жетім балаға дастарханнан таба нан ^{сәлемің} жырып беру үшін де ән салдырады екен-ау. Мектепте ән үйірмесін бастамашы болып жүргізді.

Би биледі. Әдетте мектепте би үйірмесінде көбіне қыздар билейді. Көп қыз арасында бір ер қараның жүргені. Анасы

Содансы көрм
оралма ба
отығардың

сүйсіздігі

биші болыпты жас кезінде. Бертінде де қырман басында билер еді. Билегенде екі бұрымды шашы тобығына түсіп, сұңғақ бітімі әдемі иіліп, бүгіліп байпандай жөнелетіні көз алдында. Бәлкім, анадан ауысқан әдет, Өзбекәлі де би билейді мектепте. Бозбалалар арасында Өзбекәлінің би билеуін ерсі санайтыны да бар. Ауыл балалары сабақтан гөрі жұмысқа бейім. Көңілі мектептің ішінен гөрі сыртқа көбірек алаң.

Бала Өзбекәлі тұрмысқа бейімделе өсіп келе жатқан достарын жақын маңдағы Отырар төбеге бастайды. Олар ойынға қашып әлек. Өзбекәлі оларға Отырар жайында небір аңыз, эпсаналар айтып қызықтырып әлек. Отырар жайында ел аузында шындық, шындыққа бергісіз аңыз әңгімелер көп-ақ.

...Отырар ортағасырларда гүлденген қала екен дейді. Жауыз Шыңғысхан Отырарды шауыпты. Қаһарман Қайырман қолды бастап, елді жақтап, Отырар қақпасын ішінен тарс жауып алты ай сақтапты. Ақыры іштен бір жансыз шығып, қақпаны жауға ашып жіберіпті. Қаһарлы Шыңғыс хан кектеніп Қайырханның көмейіне қорғасын құйып өлтіріпті...

Отырарды қиратыпты... Бала Өзбекәлі есітіп, аузының суы құри тыңдаған бұл бір аңыз.

.... Екінші аңыз махаббат хикасы болып сабақталады.

Қайырханның отаншыл сарбазының бірі Шәміл. Сүйгені – Дүрмен, сұмдық махаббат. Үйленуге жер тар. Шыңғыс хан Отырарға шабуылдау үстінде. Отан қорғау азаматтың алғы міндеті. Жан алып, жан беріп жаумен шайқасып жүр. Дүрерлерше киініп, сарбаздар арасында да болады. Отырарды қорғап жүрген сарбаздарға тамақ ұйымдастырып, тамақ тасиды. Алты ай дегенде Отырардың алынбас деген қамалы алынды. Гүл-гүл жайнаған Отырар қаласы «сырт жау» қолына көшті. Жаппай қырғын. Жаппай тонау. Шәміл ертеңгі күнді ойлап, Дүрді жүйрік тұлпарының артына мінгізіп, қамау, тонаудағы қаладан түн жамылып қашып шығады... Кейін...

Әуілдір хатігі: Шәміл мен Дүрден тараған
Қарамастан



Кейін тіршілік сол тұста бір тоқтап, қайта қыбыр-жыбыр пайда болған заманда Отырарды Шәміл мен Дүрден тараған ұрпақ тыныс беріп, қайта өмір бастаған екен. Содан Отырар ауданының орталығы – Шәміл мен Дүрдің атынан Шәуміл-дүр, кейін келе Шәуілдір пайда болған екен...

Әрине, екі аңыз да таңғы саф ауадай таза сананы жаулап аларлық құлаққа жағымды, жүрекке жұғымды аңыз. Өзбекәлі кейін ат жалын тартып мініп, тарих маманы болып бой түзеген шақта, Бартольд, Бернштам, Якубовский еңбектерін оқып, білімін молайтқан сәтте білді, мәселенің мән-жайының тіпті басқаша екенін. Рас, Отырар – жерасты құланды қалаларының ішіндегі ең үлкені. Бір Отырарға айналасында Отырармен бірге гүлдеген 33 өркениетті қаланың қарағанын, әрқайсысы ортақ мәдени үлгісі болуына қарамастан қалалық сан-сала ерекшеліктері болғанын кейін білді. Тіпті Отырарды Шыңғыс қаған шабуылдап, жер бетінен жоюшы емес екенін, шындап келгенде Отырар ортағасырлық түріктердің өз қаласы екенін, XII ғасыр шамасында Отырарды Хорезм шаһ жаулап алғанын, Қайыр хан Хорезм шаһтың жиені екенін, ол Отырардың найм билеушісі ғана екенін, шындап келгенде Шыңғыс қаған Отырарды құтқарушы екенін кейін, тіпті кейін білді. Алайда Отырарға деген перзенттік сезім, балауса бала бойындағы отаншылдық рух Өзбекәлі бойына бала кезден, осындай аңыз эпсаналардан келіп ұйып жатқан еді.

Шәуілдір – Шәміл мен Дүр аңызын да тарихқа сілтейтін жолдай көріп, қаншама ізденді. Бірақ, шындық Шәміл мен Дүр ізінен айнып, кезінде осы өңірді мекендеген түрік тайпасы «Шамалдардан» бастау алатынын көрсетті.

Алайда, махаббат жайлы Шәуілдір аңызы оны үшінші-төртінші сыныпта оқып жүрген кәусар шақтың өзінде махаббатқа іңкәрлікке бастағандай. Өзі «Тағдыр тағылымында» баяндағандай сыныптасы Айжанға «ышқы» (М.Әуезов) кетіп, ықыласты еткен де осы аңыздың балауса көңілде тұнып қалған мөлдір шағы болар, асылы.



Отырар төбеден тарихи жәдігерлер тауып, мектепте музей мүйісін ұйымдастырыпты, қарғадай бала мектепте түрлі кеңестік мерекеге орай баяндама жасапты... Түгін тартсаң майы шығады-дейтін сөз бар қазақта, Отырар – топырағын қозғасаң, тарих қоздайтын тарихи өңір. Бала Өзбекәлінің мектепте музей ұйымдастырып жүруі де содан. Кейін тарих мамандығын таңдауы да тарихқа деген құштарлықтан. Отырар баласы санасы тарихи сапамен жетілері хақ. Бала шақта кластастарын жиып алып, ойын орнына Отырар төбеге алып шығып, ғасырлардан қирап жеткен қыш-құмыра сынықтары, фарфорлық бұйымдар, алтын жүзік, күміс білезік, жүзіктің гауһар көзі дегендей жәдігерлік жинап музей мүйісін ұйымдастыруы кісі таңқаларлық жағдай. Бәлкім төртінші-бесінші сыныпта оқып жүріп, мектеп жанынан ұйымдастырған музейлік бұрыш СССР құрамындағы Қазақстандағы мектеп-музейінің тұңғышы болар. Бәлкім, кейін өзінің кіндік қаны тамған Отырарда әл-Фараби атындағы тарихи-археологиялық өлкетану музейін (кезінде СССР-дағы аса үздік музейлердің бірі ретінде саналды) бұйым-тайымынан тірнектеп жиып, жинастырып, ғылыми тақырыптық экспозиция түзіп, «Ортағасырларда қазақ бірыңғай көшпелі емес, отырықшы, кенттік өмір кешкен» деген концепция жетегімен жетелі экспозицияланған музей жасақтап, қиын уақыттың өзінде ашуы – сол балалық шақ аңсары, сол балалық шақтың асқақ арманының жебеуі шығар. Кім білсін, психологтар балалық шақтағы арманның есейе келе зая кетпейтінін айтады ғой, әйтеуір. Әлемдік балалар әдебиетінің классигі Корней Чуковский өспірім шақты былай қойып, тіпті сәбилік 2 жас пен 5 жастың арасындағы бала арманы, қиялына ерекше ден қояды емес пе?! («От двух до пяти» кітабы).

Аудан алға түсіп, шаруашылығы бүкілодақта үздік аталып, аудандық атқару комитетінің төрағасы Дүйсенбай Алтынбеков «Правда» газетінен түспейді. Ауылдастары

Дүйсенбаймен мақтанады. Жаңа аудан ұйымдаструдағы коммунистік жансебіл еңбегі үшін Дүйсенбайға Сталиннің өзі УАЗИК көлігін сыйға тартыпты... Гу-гу әңгіме.

Жас та болса белсенді пионер баланы мектеп басшылығы Республикадағы озық ауданның жиылыстарына қатыстырады. Тақпақ айтып, кейде сөз сөйлетеді. Қазақстан Жазушылар одағының басшысы, даңқты жазушы Сәбит Мұқанов Алматыдан ақын-жазушыларды арнайы жібереді. Шәуілдірді жырлауы керек. Алматыдан Ғали Орманов есімді ақын келіп, еңбекшілермен кездесу өткізді. Мұрнынан сөйлейтін, жұмсақ үнді ақын екен. Сынып жетекшісінің белгілеуімен Өзбекәлі кездесуде өлең оқыды.

Жаман тоным үстімде,
Жалпылдап кетті.
Жанайын деген бір шырақ,
Ішімде жалпылдап кетті...

Мұрнынан сөйлейтін Ғали ақын мейірленіп, баланың бетінен сүйді. Сөйтсе, оқыған тақпағы Ғали ақынның өлеңі екен. Жетім бала Ғали Жетісу жерінде жүріп, жетімсіз күн кешіп, ақыры ағайыннан аз-маз талғажау жиып алып, түйемен Алматыға оқу іздеп кетіп бара жатқанда туған өлең. Оны өзі айтты осы кездесуде. Ақынның мейірлене бетінен сүйі – баланың тас жүрек болып қатып қалған жүрегінің жібітіп кетті. Ұзамай аудандық газет бетінен өзі жан тартып жақсы көрген ақын Ғали Ормановтың «Шәуілдір» аталатын поэмасынан үзінділер оқи бастады. Елтеп өлең жазуға аңсары ауды.

Бір күні Қызылордадан Асқар Токмағамбетов деген ақсары жазушы келді. Бұл бір белсенді ақын. Газет бетінде сын-сықақ өлеңдері жарияланады да жатады. Аудан өмірінен роман жазған екен.

Апатайым Бәтима,
Шәй қайнатып берейін
Таңдайыңа тати ма? –

болып басталатын өлеңін оқып тұрып кездесуде, дастанның осы бір жеріне келгенде Өзбекәлі бала булығып қалды. Көз жасына тұншығып өксік қысты. Өз анасы есіне түскен еді. Аяулы анасына шәй қайнатып берегін тәтті шағы есіне түсіп, бүкіл жан дүниесі ереді дейсің. Мұндай да болады екен?

Бір жасында 1932 жылғы бүкіл қазақты қынадай қырған аштыққа тап болған сәби 1937 жылы жеке адамға табынудың зардабын біліп-білмей бастан кешті. Жоғарыда айттық, Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет істеп тұрған Әмзбек туысы бір түнде бас сауғалап Қырғызстан өтіп кетті. Енді, міне соғыс алапаты. Ағасы Аспандияр «Ұлы Отан соғысы» аталатын алапаттың Фин түбегіндегі алғашқы ұшқыны кезінде оққа ұшты. Аяулы ана 1939 жылы сарыптан (ревмотизм) көз жұмды. 1932 жылдан кейін қазақ «Ақ боз үйді» тігуге шамасы келмей, басы аштықтан кәңгіді. 1937 жылдары жанын шүберекке түйіп «қашан ұстап алып кетер екенмен» – күн кешті. Енді, міне соғыс. Біреулер Орыс – Керман соғысы дейді. Енді бірі Ұлы Отан соғысы атайды. Бала оның бірін ажыратса, бірін ажыратпайды. Бірақ, елде болып өтіп жатқан осы қанды, артынан зарлы оқиғалар үлкендердің жанын жейтін жегіге айналған шығар-ау, ал балалардың балдай тәтті балалық болып өтуге тиісті балғын шағының балын ұрлады, шырқын бұзды. Оның үстіне Өзбекәлінің жеке бас трагедиясын қосыңыз. Көңілсіздік. Үлкендердің қас-қабағына қарап өсетін байқампаз баланың еңсесі қайдан көтерілсін?

Әр үй бір-бір, кейісі екі-үштен «қара қағазды» құшақтап зар еңіреп отырғаны. Сонда да тіршілік жалғасып жатыр. Ұлы Отан соғысы жылдары да Өзбекәлі сабақ оқудан тиыл-

шүберекке
көңілсіздік

маған. Қожан ағасы соғысқа аттанып, шайпау Зәкия жеңгесі бұрынғыдан да қату мінез көрсетуіне қарамастан Өзбекәлі сабағын үзбейді. Мұғалімдер де соғысқа аттанған. Соғысқа жарамсыз, жасы асқан жалғыз мұғалім бір мектептің бар баласын оқытады. Әйел мұғалім атымен жоқ уақыт. Ер мұғалімнің де көңілі алаң, жүрегі қаяулы. Ол да бір кара қағаз құшақтап отыр. Мұғалімді ақы-пұлсыз мектепке жетелеп келетін де азаматтық парыз, мамандыққа адалдық қана. М.Рахымбаев уақыт тауып мектепке келгенде, класста қалқып отырған Өзбекәліні көреді. Осы баланың ынтасына риза ұстаз. Келеді де дереу Өзбекәліні бірге оқитын бес-алты қызға жұмсайды. Өзбекәлі сыдыртып, бірге оқитын қыздарды «қуып» келеді... Әрі қарай сабақ.

Зәкияның шайпау мінезіне тиым жасап, Өзбекәліні арашалайтын Қожан ағасы да соғысқа аттанды. Өзбекәлі көтеріп өсірген, қолынан жетелеп жетілдірген Төрехан да темірқанаттанып келеді. Әкесі Серім енді Өзбекәліні өз шаңырағына алып, шалдуар Абан екеуін итсигек, дермене оруға қарай

Отызыншы жылдардан ғана игеріле бастаған аудан жері тың. Арыс алқабынан Түркістанға дейінгі кең алқапта ерте көктемнен қызғалдақ қаптап, жер-көк қып-қызыл болып көздің жауын алатын алқапқа айналады. Иірмен шөп, дермене, жусан, «тырақ-тырақ» шөбі, итсигек, сана, кеурек, қызыл мия, тағы басқалары ығып өседі. Бұлардың бірсыпырасы дәрілік шөп. Елуінші жылдары Гүлбаһрам Тарабаева арнайы Арысқа келіп, айлап жатып, дермене жусанының емдік қасиетінен докторлық диссертация қорғаған. Арнайы кітап жазып шығарған. Арыс қаласында дермене, итсигек, сананы өңдейтін зауыт болған. Темір стансасында шағын бөлімшесі бар. Арыс – Түркістан алқабы ертеден әлгі зауытқа дәрілік шөптерді (басын ғана орады) орып, басып, дәнін қаптап өткізетін шикізат өндірумен айналысады. Арыс қаласындағы әлгі зауыт ол шикізатты өндеп «Америка асырады» десетін жұрт.

Соғыс алдында шаруасы орташаланған Серім бала-шағасымен осындай дәрілік шөп орумен шұғылданар еді. Үлкен ұлы Қожан соғысқа кеткен соң, олардың қолында жүрген Өзбекәліні, қолындағы тетелес баласы Абанмен бір қосып, шаруашылықтың осы түріне жегеді. Өзі бас болатыны түсінікті, әрине. Қара қарғаның миы қайнайтын шілденің шілінгір ыстығында дәрілік шөп орып, оны кептіріп, кепкен шипа шөптерді есек жегіп маялап (тасқа бастыру) дәнін алу аса оңай шаруа емес. Классик жазушымыз Дулат Исабеков жазатын «Дермене» хикаятындағы жағдай. Бұл кезде олар жаз айларында, тіпті қыс-қыстап та, Бөген атырабы (Қасымбек датқа беретін алқап, Өзекең аталарының мекені) Шілік өңірі, Темір станциясы (Ақсақ Темір атынан), Шәуілдірдің өз басын қоныстанып жүреді. Әр класты әр мектепте оқыған кездері де болды жол-жөнекей.

Темір станса басы. Шығыстан батысқа, батыстан шығысқа пойыздар ағылып жатады. Олар көбіне батысқа соғыс сарбаздарын жүк вагондарына тиеп ағылып өтеді. Сол секілді шығысқа жаралы, мүгедек жауынгерлерді отын тиегендей етіп тиеп елге алып қайтады. Кейде жолаушылар пойызы да қылаң береді. Темір стансасы тұрғындары көбіне таба нан жауып, пойызға алып шығады...Тезек жағып табаға қақтап пісіретін ол нан түрі тілді үйірер тәтті болады. Ол нанға қамырдай шұжық араластырып пісірсе тіл үйіргеннің көкесін сонда көресің. Тамақтың мұндай түрі қазақта ғана бар ма, қайдам? Темір тұрғындары сонымен нәпақа ажыратады. Күні кешеге дейін осы кәсіпті жергілікті тұрғындар тіршілік көзіне айналдырып келді. «Жол үстінде не мәрт, не сарт отырады...» – дегенде халық жол үсті тұрғындарының саудаға бейім боларына бойлап айтқан. Темірде Өзбекәлі қолы қалт етсе үйіне барып, әжесінің таба нанына тыңқиып бір тояр үйі – Өзімбек қария шаңырағы. Өзімбек қария қол-өнер шебері. «Түркістанда Ергөбек, Темірде Өзімбек...» – деп тақпақтайды бұл өңірдің қазақтары. Түркістандық ісмер

Ергөбек атақты үйші. Түркістан уалаятында Ергөбекте үй болса, алушы басқа кісіге бұрылмайды... Өңірде Әзімбекте ағаш кебеже, жүкаяқ, қобдиша болса өзге ұстаға бұрылмайды ешкім. Қол өнер – мол өнер. Өнер атаулының баршасы көңілден, көңілдегі шабыттан, өнерпаз адами табиғаттан бастау алары хақ. Әзімбек жаны әнді сүйеді. Өзі де қолына өзі жасаған домбыра алып, күй төгіп, әу деп ән салатыны бар. Өзбекәліні бәрі жақсы шаңырақтың жалғыз үміті деп жақсы көреді. Бір жағы өмірден ерте кеткен Жәнібек шаңырағының шатқаяқтап, түндігі біржолата жабылып қалуға айналғанына налиды. «Қандай шаңырақ еді, шіркін!» Өзбекәліні көрсе әжелер орамалының бір шетімен көзін сүртіп қамкөңілденіп, көзіне жас алатыны бар. Әрі, жастай ауыр жұмыспен тесік өкпе болып өсіп келе жатқан баланың көңілінің тетіктігіне үміт арта қарайды. Өзі шақырып, баласынбай әңгімелеседі. Кемпірін шыжбалақтатып жүріп, баланы бір тойдырып жібереді. Жетімнің бір тойғаны шала байығаны... Атасының көңіл түзулігін білетін Өзбекәлі өзі де үйірсек бұл қарияға. Әдіпті әңгімесін тыңдай бергісі келеді. Домбыра шертіп, күй төккенін бағалайды. Өзі де домбыра шертіп, ән салып, атасының жанын жадыратады. Әжесі көбіне пойызға таба нан көміп соны сатумен әуре болып жүреді. Сирек сана бала Әзімбек атасының ауласындағы морды қызықтайды. «Бұл – не пеш? Не үшін, ата?», «Е, балам, мұның атын «мор» дейді. Қурақ ағашты бусантып, борпылдақ қалыпқа келтіріп, жасар затыңның бейіміне қарай ию үшін.», «Мына қобдишаның бетіндегі оюды қалай оясыз?», «Е, қарағым мына құралды кескір дейді, ал мына құралды тескір дейді...», «Ата, мына оюды қалай атайды?», «Оюды ма? Оюда ата-бабаларымыздың өмірі бейнеленеді. Оны «қошқар-мүйіз» немесе «аңтабы» атайды...» – деп, атайды. «Ал мынау не?», «Е, Өзбекжан, оны тез дейді... «Тез жанында қисық ағаш жатпас» дегенді есітіп пе ең?...» Ата мен бала әңгімесі көбіне осылай келеді.

Қызыл кілем
Қызыл кілем
Қызыл кілем

Б. Адырбек

еліне. Отырардың өзінен де дүние ғаламның білімін игерген небір айтулы алымдар шығыпты. Соның бірі әл-Фараби, қарағым, – деп Әзімбек қария әңгімесін аяқтайды. «Е, дүние шіркін, дүркін, дүркін, өтеді бір күн...» Бәрі де қара жердің бауырында, бұл күнде, балам!... Жер деп неге қойған дейсің, аталарымыз?! Тәңірім адам баласын алып келеді өмірге. Адам баласы жалған дүниені жалпағынан басып жүреді. Бірінің бірі көңілін қалдырады, бейне мәңгі жасайтындай-ақ. Ақыры күні жеткенде келместің кемесіне мініп бақилыққа тартып отырады. Жаксы да өтеді, жаман да өтеді мынау жалғаннан. Бәрін де жер жейді... Жейтіндігі үшін де жерді «қара жер» атайды аталарымыз...» Айтбай молда жырламай ма «Мейірімсіз қара жер, сөзіме менің қарашы...» – деп. Қара жер – тіршілікте шығар төрің, Өлсең, кіріп жатар көрің...» Әзімбек қария құлқу-Алласын бір қайырып, «Өзбекжан өнімсіз әңгіме айтып кеттік пе? О, сендер жассыңдар ғой. Көрер жарықтарың алдында. Мына біздерді айтсайшы жар басында тұрған! – деп тағы бір қайырады. Өлімді ойласаң өмір мәнсіз, өмірді ойласаң – өлім мәнсіз! Өлімді емес, өмірді ойлау жөн... Қарағым, онан да бір әу деп жіберсейші. Көтермесе көңілді кір басады...»

Өнерлі бала Өзбекәлі атасының домбырасын алады да қоңыр даусымен «Бір бала» әнін салады. «Талдан таяқ жас бала таянбайды...» Жетім бала зары бар ән әуенінде...

Өзбекәлі балалық шағын есіне алса, «Бал дәурен, шіркін, балалық!» – деп айта алмайды. Тойып тамақ ішпей, еркін күліп ойнамай, бейнетпен өтіп келе жатқан балалық шағында балдай тәтті ештеңе де жоқ сияқты. Жо-жо-қ, дейді кенет өз ойынан өзі шошығандай мейірімді аталарының кемпірі жайған дастархан басында шәй ішіп отырып, тыңдаған тарих әңгімесінің өзі неге тұрады?! Бейнетпен қатқан, жоқшылықпен күні өтіп, тарамыстанған кемпірлері кейде тарына қалса, ұрсып-таласып жүріп, бір таба нанды қойнына салып беріп жіберетін аталарының жомарттығы ше?!

Бәріне жетімдік кінәлі. Бәріне соғыс себеп. Спандияр ағасы «Фин соғысында» опат болмаса ғой, біз осыншалық қиналар ма едік?! «Сенің талағыңның биті бар, айналайын, сен ана біздің Абан секілді тентек емессің, зейінің жақсы, жаным тірі болса, жиырмаға келгеніңше оқытам сені» – деп ұдайы көкірегіне үміт отын жағатын Қожан ағасы ше? Оны да Құдай көп көрді-ау, Өзбекәліге?! «Орыс-керман» соғысында ол да өлді. Енді, міне Өзбекәлінің жүрісі әр классты әр мектепте оқып...

Күнкөріс жағдайымен әр сыныпты әр жерде оқыған Өзбекәлі соңғы жылдарды Жамбыл Жабаев атындағы жалғыз орта мектепке қайта оралған. Мектепте бірге оқыған досы профессор Әмір Мұсақұлов естелігінде жазады: «Өзекеңмен туыс болғаныммен, мен ол кісіні 1945 жылы қазіргі Отырар (бұрынғы Шәуілдір) ауданындағы Жамбыл орта мектебіне келген кезінен ғана білемін. Мектебіміз ауданда ғана емес, сол өңірдегі жалғыз орта мектеп. Мектеп Мирзоян атын иеленген. Ол кісі 1937 жылы репрессияға ұшырап, «халық жауы» атанғаннан кейін Жамбыл атамыздың атын беріпті.

...Мектеп жанындағы интернатта алыстан келген оқушылар жатып оқитын. Өзекең сол интернатта жатты. Сол жылдардың өзінде ол өзінің құрдастарымен салыстырғанда әр салада өз қабілетін байқатты.

Өзбекәлі жататын бөлменің тұтас бір қабырғасына салынған ат үстіндегі қазақ батырының керемет үлкен суретін көрдік. Бұрын ондай суретті көрмеген біздер таң-тамаша болып ол суретті кім салғанын сұрастырдық. Суретте ат үстіндегі батырдың басына киген дулығасы, сауыт-сайманы бәрі керемет салынған болатын. Кейін білгеніміздей оны салған Өзекең болып шықты.

Өзекең өнерпаздар үйірмесіне де қатысып ән айтып, би билейтін.

«Екпінді жас» аталатын қабырға газетін басқарып шығаратын да Өзекең еді».

Қызықты дерек. Өзекең мектепте жүріп, қабырғаға салған суретке назар аударып өткен жөн. Қазақ жауынгерінің басына дулыға, үстіне сауыт-сайман киіп, жауға қарсы тұрған қалыпта бейнеленуі – Өзбекәлі Жәнібектің тарихи жады бала кезінен қалыптасқанын көрсетеді. Мұның өзі ортағасырлық Отырар қаласының қирандысының, қала жайындағы ел аузындағы андыздаған аңыздың әсері.

Ән салған, би билеген, өлең жазған, қабырға газетін шығарған, сурет салған... Өзбекәлінің бала жастан, оқушы партасынан өмірдің өріне өнердің әр саласын-ақ серік етіп ұмтылғанын байқаймыз. Кейін осы әуесқойлық талабын (қай-қайсысын да) кәсіптік деңгейде емес, сол салаларға құштар көңілден жетілдіріп отырғанын көреміз. Ендігісі, білмекке құштарлық, өмірді құлшына сүйетін жас адамның өзін жан-жақты жетілдіруі, ұлы Абай айта беретін «толық адам» болуға ұмтылушылық.

Онжылдықты аяқтап келе жатқан Өзбекәлі ілгерілеп оқудың жайын ойланып, жол таппай қиналады. Әкесі Жәнібектің жақсылығын көріп өскен ағайыны Әмзебек ауданда комсомол комитетінің бірінші хатшысы екен. 1937 жылдың тықыры таянғанда ол да Қырғызстанға бір түнде тайып тұрды. Бүгінгі күні не өлісін, не тірісін білмейді, сағалап барайын десе. Немере әпкесі борай Сарықұлда. Сарықұл жаужүрек батыр, күресімпаз балуан кісі. Баһадүр балуан Қажымұқанға серік болған ауылдасы. Әпкесі Сарықұлдан оншақты перзент сүйген. Үлкені Әбутәліп Ташкентте еді. Ерте жетіліп оқыған. Қадымша да, Жәдидше де білімді. Біртін-біртін інілерін түгел оқытты. Тіпті кенже інісі Нұрқұл да Ташкент кетіп оқып, білім алды. Ерке бала алған білімін тереңдету орнына уақытша қиыншылыққа көне алмай, көшенің кезбе балаларына қосылыпты. Ақыры, пойызға жабысып жүріп, секіремін деп пойыз астына түсіп, екі аяғы бірдей қыркылып, мүгедек болып қайта оралды ауылға. Жездесі

Қабырға газеті

«он балам бар» – деудің орнына, «тоғыз жарым балам бар...» – деп жүретін, жарықтық.

1937 жылдың жеке адамға табыну лаңында «Түркістан республикасында» (1920-25 ж.) қызметтегі Әбутәліп Алаш-ордаға «шатылып», атылып кетті. Шериязданы мен Гүлшарасы жетім қалды. (Шерияздан Сарықұлов философия ғылымдарының докторы, профессор. Көп жыл «Коммунист Узбекистана» журналының бас редакторы. Гүлшара Сарықұлова кейін қазақ бейнелеу өнерінің кандидаты, тұңғыш зерттеуші. Б.А.) Әбутәліптің ұсталып, атылуы мұң екен, «сұқ саусаққа» айналған кісі көрсеткіш бейбауырмалдар Ташкентті билеп тұрған Дүйсенқұл Сарықұловтан тартып, Сарықұлдың бес баласын көзінен тізіп, көрсетіп берді НКВД-ға. Дүйсенқұл ұзақ уақыттың түрме азабынан соң Финляндияға жер аударылса керек. Қалғаны Сібір айдалды. Сабаудай бес баласының ұсталғанын естігенде Сарықұлдың бауыры іріп кетіп, бір күнде жан тапсырды. Апасы жесір. Жиен ағаларының жайы әлгіндей. Атылғаны атылды. Атылмағаны ұзақ жылдық айдауда. Ташкенге оқу іздеп барамын десең, бұл әулет түп-түгел «келмеске кеттім десейші онан да» – деп қол-аяғын бауырына алып, бар жан-тәнімен қарсы болады. «Не болса да заман түзеліп келеді, Алматыға тартқан дұрыс болар...» Өндіріс Өзбекәлінің түйгені міне, осы!

Кісі қайран қалады. Қабырғасы қатпаған қаршадай баланы тағдыр қаншама иледі келіп, иледі келіп. Ал, ол болса жүнжіп, өшіп кету орнына өршелене өсті десеңізші. Жетім бала қайсарлығы. Соғыстан кейінгі ауыр жылдары әке-шешесі қатар отырған әулеттің өзі баласын ұзатып оқытуға ықыласты бола қоймағаны мәлім. Майдандағы әке, ағасына алаңдап өскен балада да оқуға деген ынта жоқ-ты. Әйтеуір «Ел тыныш болсын!» – деген бір ғана ішкі-сыртқы тілекті қанағат етті ауыртпашылықты жылдардың адамдары. Ал, алаңдайтын артында ешкімі болмағаннан ба, әйтеуір бала Өзбекәлі ішіндегі жанайын деген шырақ бір бәсеңдемей маздады да тұрды, маздайды да тұрады.

ҰЯДАН ҚИЯҒА

Өзбекәлі Жәнібектің Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектепті бітіріп Алматыға, педагогикалық институттың (бүгінгі Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті) тарих факультетіне құжат тапсырған 1948 жылы жағдай ушығып тұрған. Соғыс жылдарынан кейінгі жағдай. Жойқын соғыстан аман қалған жұрт әлі тойып тамақ ішпеген, жамаусыз көйлек кимеген уақыты. Жоғары мектепке талап кылушылар да некен-саяқ. Соның өзінде, Жоғары мектепте күллі құжат жүргізу тілі – орыс тілі, емтихан тілі, қазақ тілі мен әдебиеті секілді кейбір пәндер ғана болмаса, негізінен орыс тілі... Қазақ тілі мен әдебиеті орыс тілі мен әдебиеті пәніне біріктірілген емтихан қабылдау шарты бойынша Шамғали Сарыбаев, Б.Үкібаев, Е.Ландау, А.С. Жукова алдына кезек барып емтихан тапсырады. Отыз үш талапкердің (абитуриент) орыс тілінен жазған диктанттан бірі «5-ке», үшеуі – 3-тік бағаға тапсырып, қалғаны түгел құлап ауылдарына қайтады. Жоғары мектеп оқытатын бала таппай киналады. Талапкер орыс тілді қабылдау емтиханынан құлап, ауылына қайтады. Қайшылық. Орыс тілді емтиханнан өлеусіреген «үштік» алып шыққан соң, Өзбекәлі Жәнібек нәсіп болып оқуға түседі.

Бұл кездегі Алматы қандай еді?

Алматы – жетім қала. Алматы ажарын кіргізіп тұрып жатқан Алаш ардақтылары және оларға жантартушы зиялылар, тіпті олармен күресе жүріп шыңдалып келе жатқан советтік интеллигенция 1937-38 жылдары атылып кеткен. Бірін-бірі аяусыз көрсеткен қазақтың сұқ саусағына түспей қалған, түссе де «тас кедейлері» – «халық жауларымен» байланысы болғаны мойнына қойылып «итжеккенге» айдалған, қамақта, лагерде. «Ленинград», «Звезда» журналдарына байланысты КПСС зәрлі Қаулысынан кейін Қырым ханы Ахматтың жұрағаты, замананың жаухар ақыны Анна

Ахматова Ташкентке қуылған, саяси сенімсіз серігі сайыпқыран сатирик Михаил Зощенко Алматыға жер аударылған. Жазасын Алматыда өтеген сайыпқыран сатирик бұл күнде Москваға қоныс аударып кетіпті. Соғыс жағдайына байланысты ығысып келіп, Алматыны бірнеше жыл қоныс еткен ақын-жазушылар, анасы түрік қызы Г.К.Паустовский, дауылпаз ақын В.Луговской, С.Михалков, В.Шкловский, литван Пятрась Цвирка «Ұлы орыс халқының арқасында» соғыс жеңіспен аяқталысымен бірі туған жеріне, бірі тұрған қаласына жөнep берген. Уақытша ығысып келген жазушылар, ғалымдар Москва, Ленинград, Киев, Минск, Вильнюстен болатын. Би падишасы Г.С.Уланова, театр тарландары М.Завадский, Н.Сац казак театр өнеріне біршама із қалдырып, өнеге тастап аттаныпты ауылдарына. Н.Сац «Жастар театрының» ашылып, қалыптасуына ықпал еткен. Соғыс сойқанына байланысты қоныс аударған «Ленфильм», «Мосфильм» ұжымы Алматының «таулы қырат» беткейіне орналасқан екен. Киностудиямен бірге жол бастап келген даңқты кинорежиссер С.Эйзенштейн Алматыда «Иван Грозный» мақтаулы фильмін түсіріпті. «Ағайынды Васильевтер», Пудовкинді аңыз қылып айтады жергілікті жұрт. Олар «Қазақфильмнің» аяғынан тұруына недәуір ықпал етсе керек.

Сенімсіз аталып, ығысып келген тарихшы Тарле де Алматыда жоқ. Абай атындағы педагогикалық институтында сабақ берген Евгений Викторович жайында көзкөргендер денені тітіркендірер әңгімелер айтады. Тарле Алматыға жер ауып келсе, соңынан НКВД-ның салпаңқұлағы қоса жетіпті. Ол атақты профессордың сабағына қатысып отырады екен... Шешен профессор ізін бағушы сабағына қатысқан сәттері бір қызарып, бір сұрланып түтігіп, бірақ ашық ашулана алмай, тығылып, ақырында тұтыға сөйлеп әбігерге түседі екен. Өзекеңнің: «Өз басым арада қанша уақыт өтсе де ғылымның, білім-танымның әртүрлі салаларынан сусындатқан лекцияларын тындап, тәлім-тәрбиесін алған ұстаздарым –

тарихшылар, Халел Әділгереевті, Мұсатай Ақынжановты, Владимир Иванович Тимосконы, Валентина Михайловна Коваленконы, әдебиетшілер Мәлік Ғабдулинді, Нина Сергеевна Смирнованы, ғалым-экономист Серғали Толыбековті, педагог Райса Григорьевна Лембергті, психолог Иосиф Лазаревич Стычинскийді, юрист Константин Флегонтович Котовты, Байдіковті, Муратовскийді, Жүкеновті асқан ілтипатпен еске алам» – деп жазды. Олар Москва, Ленинград жазушы, ғалымдарын еске ала сөйлейтін сабақ үстінде. Нәсілі басқалар жайында қанша айтсаң да тарыншылық жоқ. Тек өз ұлтыңнан шыққан ұлыларды еске түсіре көрме... Жұрттың көңіліне күдік себесің... Фольклорист Соколов қазақ фольклорын зертгерлік шәкірттер тәрбиелепті. Н.С.Смирнова фольклорға ден қойса, А.Сильченко Абай биографиясына отырған. Х.Әділгереев, М.Ақынжанов, Владимир Иванович Тимосконы кейін ризашылықпен атайтын себебі олар студенттерге Алматының соғыс жылдарындағы тарихын аңыз қылып айтады. Кейін Кенесарыға байланысты солақай сілтеген тарихшы Шойынбаев сабақ береді. Соғыстан от кешіп оралған М.Ғабдуллин, С.Толыбеков сынды оқымыстылар педагогикалық институтты басқарады. Басшымын деп кабинетте отырмай, олар да сапқа тұра қалып студенттерге сабақ береді.

Тарих пен филологияның ара-жігін ажыратып болмаған уақыт. Тарих пәніне қызығудайын қызығады. Тарле Москваға қайтарында институтта оқыған лекцияларын оқу орнының кітапханасына қалдырып кеткен екен. Машинаға басылған ол қолжазбалар ішіне сыр бүгіп жатады. Лекцияның әр бетіне мөр соғылып, «разрешается» – деп қол қойылады екен. Демек, күдікті Тарленің әр лекциясы қатаң сүзгіден өтіп отырғаны. Онымен де танысудың сәті түсті. Алматыда Тарленің тастап кеткен дәстүрі жатыр. Орыс – француз соғысының (1812 ж.) маманы, даңғайыр тарихшы, біраз жылдық қуғыннан кейін Сталиндік сыйлықтың лауреаты

атанған Е.В. Тарле жайында Алматыда зиялылар арасында «ойы жүйрік лектор еді» – деген дақпырт калыпты. Жазушы, кем дегенде әдебиетші дерліктей аса бір төгілген тіл, орасан шабытпен жазылған Тарле еңбектері студент балаға ерекше ұнайды. Студент бала ұлы тарихшыға саяси сенімсіздік көрсетіліп әрбір лекциясына НКВД өкілі қатысып отыратынын түсіне бермейді. «Шағын денелі, көзілдірікті жирен «өкіл» қатысқан дәріс қызықсыз өтеді. Балалардың көзінше Тарлеге пәнге қатысы жоқ саяси сұрақтар қойып, жүйкесіне тиіп, мазасын алатын болса керек» (Қарақалпақ ғалымы Қ.Айымбетовтің куәлік етуі бойынша).

Институтта жатақхананың жайы төмен екен. Мардымсыз. Оның өзі оқуға әуірім-тәңірмен түскен Өзбекәліге тиесілі болмай шықты. Карл Маркс (бүгінгі Д.А. Қонаев) көшесінен бір еврейдің үйінен (кейін бұзылып, орнына монша салынды) «бұрыш» жалдады. Студент баланың бағына Санкт Петербургтен ығысып келген еврей шалы мен кемпірі зиялы кісілер болып шықты. Темір стансасында Әзімбек атасының кемпіріне болысып пойызға (жолаушыларға) табаға көмген «табананын» сатысып жүріп үйренген азын-аулақ орысшасы институтқа түсуге эзер-эзер жараған еді. Енді, бір жағынан орыс тілін жүйеге түсіріп, тәртіптеп үйренуге пәтер жалдауы, пәтер иелерінің зиялы еврей жұртынан шығуы қайырлығы, әрине. Ауыздұшымас стипендия арқасынан келер ақшаның жоқтығы – қинаудайын қинады.

Студент тығырықтан шығар жол іздеді. Ауылдас ағайыны Бейсембай Кенжебаевқа барып жолықты. Жетім өскен ол Ташкент түлегі. Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұртас Оңдасынұлы Дәндібаевпен (Н.Оңдасынов) Ташкентте №14 жетім балалар үйінде бірге оқыған екен. Нұртаспен телефонмен сөйлесті. Ақыры екеулеп тарығып оқып жүрген студент балаларды «Отын министрі Жамалбек Шалабаевқа» тапсырды. Өзбекәлі өзі секілді қиналып жүрген студенттерден топ құрып, вокзал басына барып, вагоннан сексеуіл, көмір түсіріп, әл-ауқатын түзеді.

Сабактан тыс уақыттың бәрін Комсомол (бүгінгі Төле би көшесі) бойындағы Үлкен кітапханада өткізеді. Бастау тарихы Орынборға барып саятын кітапханаға жақында ғана ұлы орыс ақыны А.С.Пушкиннің аты беріліпті. Кітапхананы Орынборда қазақ өмірінен шығарма жазған, атақты «Орыс мақал-мәтелдер сөздігін» құрастырған Владимир Даль жинақтаған екен. Кітапхана Владимир Дальдің жай-жағдайын тектеген Өзбекәлінің суытпай ұстайтын жылы орнына айналды. Даңғайыр тарихшы В.Бартольдтың Түркістан жайында жазылған әбден көнерген, жиегі жемірілген кітабын сүйсініп оқиды. Онда бір жағы Россия мен Қытай, бір қиыры Ауғанстан жеріне дейінгі ұлы Түркістанның әр кезеңдегі мол тарихы қамтылған. Ғалым еңбегінде туып өскен Отырар жайында да бірсыпыра дерек табылды. Отырар қандай мәдениеті гүлденген қала болған десеңізші. Бартольд еңбектерінде кездесетін небір қызықты мәліметтер бала Өзбекәліні тарих койнауына тереңдетіп ала жөнеледі. Массон, Бернштам еңбектеріне бастайды. Бернштам Бартольдтің шәкірті секілді. Енді бірде ынталы баланы Брокгауз, Эфрон энциклопедиясына бағыттайды. Өйткені, ұлы тарихшының тырнақалды еңбектері, арнайы мақалалары XIX ғасырдың аяғында, XX ғасыр басында жарық көрген осы классикалық энциклопедияларда жарияланған екен. Қазақтан шыққан алғашқы оқыған қыздардың бірі, «Әйел теңдігі» журналын бірсыпыра жыл басқарған Сара Есова – кітапхана директоры. Айқайлап сөйлейтін, адуын Сараға арнайы кіріп әлгі энциклопедияларды қайдан табуға болатынын сұрағаны бар. Студент бала жанарындағы отты байқады ма, қайраткер қыз «Рұқсат етер болса, мына жанымыздағы парктің ішіндегі музейде сол көне кітаптардың жұрнағы жүрер еді. Барып көргін. Кіргізбесе, келіп маған айтарсың...» – дегені. Орыстың бұрынғы шіркеуі. Атақты архитектор (сәулетші) Зенков салған шіркеу. Ғажайып ғимарат. Өзі қаншама рет тамсанып жүріп, тамашалаған музей. Музей тарихы да Владимир Дальге барып тіреледі екен.

В.Дальге алдымен осы кітапхана үшін қарыздар сезінсе, екіншісі осы музей үшін. Қазақтың тұңғыш Өлкетану музейін Орынборда ұйымдастырып, экспозициялап жасаған адам Владимир Даль болып шықты. Қалай риза болмассың!? Музей кітапхана емес, әрине. Музей басшылығы студентке кітапханамен танысуға рұқсат бермеді. Сара апайы қолында істейтін жас кітапханашысы Нәзира Дәулетованы қосып берді. Нәзира Сараның сәлемін алып барып, студентті «Орталық музейдін» жабық кітапханасына кіргізіп кеткені есіне түседі. *(Не Дәулетова, кедіні кітапхана дарабастырып)*

Бару, көру, аралау, сарылып оқуды дағдысына айналдырған кітапхана, музей – оның студенттік шағының мазмұн байлығына айналды. Бүгінгідей емес, ол кезде Алматыда бір ғана музей бар. Ол – орталық парктің ішіне жайғасқан «Қазақ ССР мемлекеттік өлкетану орталық музейі». ХІХ ғасырда ішкі Ресейден келген қиялы жүйрік, қолы ұсынықты ғажайып архитектор Зенков бір шегесіз ағаштан қиып салған тамаша ғимарат. Кітапхана да көп емес, парктің іргесіндегі ХІХ ғасырда салынған, сүйегі ағаш ғимарат. Ол кезде оқу орнында жастарды өнерге баулу дәстүрі бар. Институт жанында жалпақ бет, қалың қасты шойғара азамат, тамаша актер Қ.Бадыров жетекшілік ететін өнер үйірмесі жұмыс істейді институт жанында. Ол студент жастар арасынан талаптыларын іріктеп, жазушы Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасы бойынша әуесқой спектакль дайындады, бала Өзбекәлі Мылқаудың ролін ойнайды. Қапан Бадыров Өзбекәліден болашақ артисті көрген бе, әйтеуір драма театрына ертіп алып кетіп, жалпы сахнаға (массовка) қатыстырады. Педагог Лев Семенович Брук студентті үйіне шақырып, дауысын қоямын деп әлекке түсіпті. «Сіз менен опера әншісін шығармақшысыз ба?» – деген сұрағына, ұстазы Брук: «Қымбаттым менің, болашақ мұғалімнің дауысы болмаса, онан қандай ұстаз шықпақ?» – деп жауап беріпті педагог маман. Осының баршасында өз ісіне мейлінше адал алғашқы

жанымен ағартушы педагогтардың плеядасы келіп шығады. Сонымен бір студент Өзбекәлі «Тағдыр тағылымы» қызықты мемуарында Борис Александрович Орлов, Валентина Сергеевна Пирогова, Асқар Токпанов есімдерін зор құрметпен еске алады. Жалындап өсіп келе жатқан жасқа драма театрында «Ақан сері Ақтоқты» спектаклінде елеусіз ролді (мылқаудың ролі) ойнаса да Серке Қожамқұлов, Әбікен Хасенов (күйші Әбекен драма театрында қызмет еткен.), Камал Қармысовтың театр өнері жайынан не бір сүйсіністі әңгімелерін тыңдауының өзі не тұрады, құдай-ау?! Үлгерім үздік, тәртіп жақсы, айтулы студент, сөйтіп жан-жақты өнер, білім, ғылымға құштар болады. Жайшылықта жиі айтатын, бірақ іс жүзінде іс-тәжірибеден алыстап кеткен эстетикалық тәрбие дегеніңіз де осы болса керек. Ол кезде студенттерге мамандығына карамай, кешенді білім, кешенді тәрбие беру әлі іс-тәжірибеден ығысып шығып кетпеген секілді.

Бір қызығы Өзбекстанда ол жылдары татар мектептері көп болыпты. Ол мектептерді салдырған татардан шыққан атақты меценат – Ғанибай. Ғанибайдың Қазалы қаласында тұрған үйі де бір керемет. Оның үстіне Қазалыда алғаш зауыт салған да осы Ғанибай. Іргедегі Өзбекстанның әсері ме, Қазақстанның оңтүстігінде мектептерде «Алтын орда тарихы» пәні жүріп келгені бар. Шымкентте ол кезде бары үш ғана мектеп. 1937-38 жылға дейін бірі Ахмет Байтұрсынұлы, бірі – Ғани Мұратбаев, енді бірі – Л.Мирзоян есімімен аталған. Әрине, бәрі өзгерген... Бірі Советтер Одағының Батыры Қарсыбай Сыпатаев атында... Тарих факультетінің студенттеріне сол кезгі Қазақстанның бетке ұстар әдебиетшілері сабақ береді. Ол аз болса, Бадыров, Токпанов, Пирогова, Орлов, Брук түрлі өнерпаздық үйірмелер жүргізеді... Олар да театрда, филармонияда дарын қуатымен танылып, халықтың құрметіне бөленген айтулы артист, музыкант емес пе?! Күнкөріс үшін вокзалға барып, вагон-вагон сексеуіл, бола қалса көмір түсіруі – еңбек тәрбиесі, өмір сабағы ғой.

Ө.Кізді қалағы

әл-Фараби айтатын тәрбиесіз берілген білім адам баласын бұзады деген қағидаңыз да осы жерде төбе көрсетеді.

Әл-Фараби демекші, Өзбекәлі Жәнібек «соғыс жылдарында дұрыс білім ала алмаған едік» – дейді назаланып. Сөйте тұра, Отырардан Алматыға оқуға келгенде әл-Фараби жайында білім-білігі мол болып шығады. Абай атындағы педагогикалық институтта кітапханада танысып, сол жылдары-ақ айырылмас дос болып кететін, математика мамандығының студенті Ауданбек Көбесовке (кейін атақты фарабитанушы ғалым) сол кездің өзінде Фараби жайында көп мәлімет берген екен. (Ауданбек Көбесовтің естелігі бойынша). Ал, біз Фарабиді қазақ жерінде тануды 1973 жылы, туғанына 1100 жыл толуымен байланыстырамыз. Оған дейін Фарабидің Өзбекстанда «өзбек ғалымы» райында әбден танылуын, С.Н. Григорянның «Орта Азия философтары», М.Хайруллаевтың «Философское мировоззрение аль-Фараби» секілді тереңдеп зерттеп, еңбек жазғанын қаперге ала бермейміз. Өзбекәлідей Өзбекстанмен жапсарлас ауыл баласының әл-Фараби жөнінде бірсыпыра білім қорымен келуінің сырын да осы қиырдан іздеу керек. Әрі осы бір дерек бізді ойға қалдырады. Шамасы, Өзбекәлі Жәнібек жүре қалыптасқаннан гөрі, тума тарихшы болып тұр ма, қалай өзі?!

Өзбекәлі Жәнібек студенттік кезде рухани жан дүниесі ғана емес, бой-бітімі де сұңғақ тартып, жауырынды, келбетті бозбалаға айнала бастайды. Айналасына жігіт болып көз салады. Сонда көзіне түскені география мамандығын оқып жүрген қатар-құрбысы Әлия Бейсенова. Араларында әп-әдемі жарасым да болған сыңайлы. (Әлия Бейсенованың бізге айтқан әңгімесінен.) Бірақ, екі жастың қосылуы нәсіп болмаған жәйт. Екеуінің бір-біріне іңкәрлігі бозбала мен бойжеткеннің студенттік кәусар шақтағы шынайы достық күйінде қалды. Ол достық кейін екі отбасының жарасымды достық қарым-қатынасына ұласты.

Өзбекәлі Жәнібек студенттік кәусар шақта жан-жақты жетілген, қоғамшыл, отаншыл білімді жалындаған жас.

Жас адамға не нәрсе тән? Соның баршасы Өзбекәліге де тән. СССР-дің 25 млн. азаматын жалмаған зұлмат соғыс елдің еңсесін езіп, әрбір шаңыраққа «қарақағаз» құшақтатып кеткені мәлім. Соғыс зардабы елдің еңсесін езіп өткенімен, рухын жыға алмады бірақ. Идеологияның әсері шығар. Идеологияның қуатының күштілігі соншалық соғыс аяғына таман жастар мектеп қабырғасынан майданға сұрана бастаған. Соғыс тоқтады. Жастар соғыс зардабынан қираған, құлаған шаруашылықты қалпына келтіруге жұмылды. Аз бөлігі оқу іздеп Алматыға ағылды. Алматыға ағылған жастар бойында да оқысам, білсем, отан шақыруына, қоғам қадіріне жарасам – деген талап бойларын кернеп тұрар еді. Содан да 1928-35 жылдар арасында өмірге келген бір буын азаматтардан кейін қоғам қайраткері, ғылым, білім, мәдениет қайраткерлері молынан қалыптасып шықты. Соның бірі – Өзбекәлі Жәнібек!

Жасында ішсе асқа, кісе киімге жарымай, «бар болсаң көре алмайтын, жоқ болсаң бере алмайтын» ағайынға көзтүрткі, жоқшылық қамытын киіп, қамығып өскен, қанша қиындық көрсе де жасу орнына өршіл өскен Өзбекәлі Жәнібек талабы қатарынан оза ізденуге итермелегені хақ.. Қатарының да «шекесі шылқығаны» шамалы, соғыстан кейінгі өртеңге сәт сайын суыққа ұрынып, қалтырап өскен гүл секілді буын емес пе? Дегенде туа көрген кемдік, бақилық анасынан кейін еселенген жетімдік сүйегінде бар жасты ширата түскені хақ. Өзекең жоғары оқу орнына түскен соң да әлеумет өміріне жиі араласып, қоғам бойында көрініп, танылып қалған жас еді. Сол жылдардың өзінде Алматы қалалық комсомол комитетінің жұмысына да араласа бастапты. (Алматы қалалық комсомол комитетінің хатшысы Спақұл Малдыбековтің әңгімесінен). Студенттік жылдары қатарынан оқ бойы озық ойлы жас қоғамға қажетті азамат болып қалыптасып келе жатты.

Өзбекәлі Жәнібек! Кешегі ҚазПИ, бүгінгі Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің түлегі. Осылай

жетімдіктен кетіле-кетіле жүріп жетілген. Қаршадайынан жетім қалып, тағдыр тауқыметін көріп, жоқтың парқын, бардың нарқын біліп, жетімдіктен жетілген – Өзбекәлі Жәнібек, ата-ана көзінің нұры ғана емес, қазақ жұртының нұрлы дидар перзентіне осылай, айнала бастады.

ЖОЛ БАСЫ. АҒАРТУ САЛАСЫНДА. ЖАСТАР ҰЙЫМЫНДА

Өзбекәлі Жәнібекке ұстаздар тарапынан Абай атындағы педагогикалық институтты бітірерде институтта қалу жайлы ұсыныс айтылды. Неге екені белгісіз, әйтеуір еңбек жолын Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданынан бастапты. «Ленин жолы» орта мектебі. (Бүгінде мектеп Өзбекәлі Жәнібек атында.) Пионер жетекшісі, тарих пәнінің мұғалімі, сынып жетекшісі, мектептің бастауыш жастар ұйымының жетекшісі, мектеп директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары... Аз жылда Өзекең ағартушылық салада алған биіктері, үлкен өмірге қадам басқан алғашқы өмір жолы баспалдақтары.

Салбыраған қабак, сұсты түріне қарап Өзбекәлі Жәнібектен шынайы ұстаз шыға қояр-ау деп ойламауымыз әбден мүмкін. Шындығында 1952 жылы Алматы педагогикалық университетін тарих мамандығы бойынша бітіріп, дипломмен Келес ауданы, «Ленин жолы» мектебіне пионер ұйымының жетекшісі болып келген Өзбекәлі алғашқы күнінен оқушылармен достық жылы қарым-қатынасқа орнатады. Мектептің пионер ұйымының жетекшісі бар уақытын балалар арасында өткізеді. Тарих пәнінен сабақ береді. Сабағы өте маңызды. Басшылық та байқайды. Ендігі кезекте «бұзақы» аталған класқа (сынып) «класс жетекшісі» етіп бекітеді. Класс неге «бұзақы» атанып жүр? СССР-да отызыншы жылдары соғыс кезіндегі түрлі ұлт өкілдерін Қазақстанға жер

аудару сияқты арға сын «науқан» жүріп өткен. «Халықтар достығы мызғымас» алып мемлекеттің арлы жүзіндегі бұл да бір қара дақ. Кавказдан, Қырымнан, Польша мен Грекиядан, Алмания (Германия) мен Кореядан жер аударғанда «сенімсіздерді» қайда жібереді? «Ұлттардың достық лабораториясына айналдыру үшін» қазақ даласына жіберіп жатты. Қазақ елі әуелден қонақжай ұлт ретінде танылғаны тарихтан мәлім. Бар өмірі табиғат аясында өтетін, «табиғат жырышысы» атанып өткен Михайл Пришвин «Қазақ даласына сапарға шықтыңыз ба? Сізге жолазық қамдаудың түкке де керегі жоқ. Танымай, білмей тұрып та қазақтың кез келген үйі сізді ежелгі танысындай қарсы алып, қонақ етіп шығарып салатын дархан халық» – дейтіні бар. Дархан халық сол мінезімен аумалы-төкпелі аласапыран заманда «ақтардан» бір қырылды, «қызылдардан» екі қырылды. Бірақ, қонақжайлығын дархандыққа балап бейқам жүріп жатты. Енді, Польшадан, Кавказдан, Украина, Беларуссиядан түрлі ұлт өкілдерін ауыл-ауыл етіп, Орта Азияға әкеліп төкті. Әрине, олардың кінәсі жоқ. Бар кінә советтік солақай саясатта, бар кінә ауа көшуге мәжбүр еткен соғыс зұлматында. Қазақтың қай қиырында да сондай тағдыр жазуымен келген қарашай, шешен, малқар, кейінірек поляк, молдаван, украин, беларус ұлт өкілдері. Айталық, малқардың ұлы ақыны, «Жер – Ана» кітабы үшін СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанған Қайсын Шабай баласы Құлиев Бішкекке жер аударылған.

Өзбекәлі Жәнібек жетекшілік ететін түзеліп болмас «бұзық класс» соғыс зардабынан сенімсіздік білдіріліп ығысып келген түрлі ұлт өкілдерінің ұл-қыздары. Орыс класында оқиды деген аты ғана. Көбісі не орысша, не дұрыс қазақша жаза білмейді. Қайдан білсін, 5-6 сыныпқа дейін өз елінде мектепті өз ана тілдерінде оқып, білім алған жасы өсіңкі балалар болса?! Қай мұғалім олардың әрбірімен бас-басына жұмыс істесін? Тіпті олармен жұмыс істеудің дербес мето-

дикасы болмаған соң (типтік жағдай емес қой), ол балалар бұзақылыққа бейім болып өспегенде қайтеді? Жалындаған жас мұғалім олардың әрбірімен жұмыс істейді. Ұлттық ерекшеліктері уақытша жағдайға байланысты қиналыстың да уақытша екенін тарихи деректермен «диалектикалық тұрғыдан» сөйлеп жеткізіп бағады. Ертең елдеріне барғанда білім игеріп барар болмаса, өз ауылдас, елдестеріне жексұрын болатынын жеткізеді. Өспірімдердің арына тимей, ар-намысын ояту қысқасы. Аз уақытта «бұзақы класс» мектептің алдына түседі.

Балалармен сырласып жүріп, «сенбілікке» алып шығады. Келес – қақ жарып бір ғана өзен (Келес өзені) өтетін құрғақ табиғатты қуаң жер. Отырарда Өзбекстан үшін тұт ағашын егіп, жапырағымен жібек құртты жемдеп өсіріп, жібек алатын, алатын да Өзбекстанға жөнелтетін шаруашылықты бала кезінде көріп, көні қатып, көзі қанып өскен, студенттік кәусар шағы Алматыдай алма бағына ығып өсіп, жап-жасыл қалаға деген сағынышы басылмаған Өзбекәлі мұғалім өзі еңбек жолын бастаған «Құркелесті» көріп, жаны жүдейді. «Құдай-ау, ең болмаса өзен аңғарына қарағаш тіксе қайтеді, жергілікті жұрт?» – деп ойлайды. Ақыры, өзі жетекшілік ететін, жастары есейіңкі қисық, қыңыр балаларды сенбілікке алып шығып, мектептің айналасына тал тіктірді. Әрине, қолына кетпен, күрек ұстап, қой бастаған ақ серкедей болып өзі жүреді... Өзді-өзі қырқысып жататын түрлі ұлт өкілдері балаларын бір үйдің баласындай ынтымаққа әкелді. Олардың өзара тағдырлас екенін, тағдырлас адамдар туыстардай өзара ынтымақты болуы керектігін сүйектеріне сіңіреді. Ұзамай түрлі ұлт балаларынан бас құраған «бұзақы» класс балалары арасында үзілмес тарақталған саусақтардай ажырамас ынтымақ қалыптасады. Оны кәмелетке толмаған 14 жасар малқар қызы Ғалияны бұзақылығы үшін түрмеге түсіп шыққан бір сақа жігіттің «алып қашқан» операциясы тұсында өзі көріп, көзі жетті.

Ғалияның ықтиярсыз зорлықпен алып кеткенін көрген кластастары ара түспек болып, күйеу жігіттің үйіне топталып барады. Бірақ, сойдауылдай жігіттерден қойылған күзет оқушыларды үйге кіргізбей, күш көрсетіп нұқып-нұқып қуып жібереді. Олар жәбірленіп жетекшісіне келеді. Аз ойла-нып, тез қимылдау керектігін, түн аунаса кеш боларын түсін-ген Өзбекәлі аудандық милицияға барып, мән-жайды айтып, «күйеу жігіттің» үйіне жедел келеді. Оқушысының басына орамал салып, кәдімгі «келін» етіп отырғызып қойыпты. Жігіттің ата-анасы малқарда «қыз алып қашу» салтының бар екенін, оның ұлттық дәстүрге жатағынын айтып бой бермейді. Милицияға іске қатаңдау араласуына тура келеді. Күштеп Ғалияны үйіне алып қайтады. Жолай жасалған әділетсіздікті күштеп жеңіп, зорлыққа ұшыраған қызды алып үйіне кел-се, анасы отыр аңырап. «Мұғалім-ау, ол оңбаған түрмеге түскен бұзақы. Жолсыздық жасады қызымды алып қашып. Бірақ, бізде «қыз алып қашу» салты бар. Дайындалып тақау әкеліп қойылған арбаға дейін қуады. Жете алмаса, қыз сол жігітпен кетеді. Қызым қайтты деп қуанып отырғаным жоқ, шырағым. Біріншіден, ұлттық дәстүрімізге қарсы болып отырмын. Екіншіден, «кластастарының» бетіне қызым қал-лай қарайды? Қалай мектепке барып, сабағын жалғайды, мұғалім, бұл қыз? Біз елдің бетіне қалай қараймыз?» – деп, аңырады ана жүрек. Жас мұғалім ашулы, назалы ананы жай-ландырып, мектептегі жағдайды өзінің реттейтінін айтады. «Кластастары жөнінде қам жемесе де болады. Өйткені, Ға-лияның зорлықпен әкетілгенін көріп, бәрі ұйымдасып барып, жанашырлық танытқан, маған келіп айтқан сол кластастары. Олар Ғалияның арына тимейді, Сіз айтқандай, көзге шұқи қоймайды. Өзім сөйлесемін олармен! Қам жеменіз, ана!...»

Ғалия, сол Ғалия Келесте оқу бітіріп, Қырғызстанға үй-іші «үлпі-отанымен» көшіп кетті. Ығысу кезеңінде ағайын-дары Қырғызстанға бөлінген Қайсын Құлиевтің туыстары болып шықты...

«Қашу» салты қашуға қалай алады?..»

24.06.2019
5-клас

Мектептегі осындай істері ел аузына ілікті. Аңызға айналдырып, күшейтіп айтып жүргендер де бар. Директор осындай істері ұнаған жас мұғалімді «мектептің комсомол ұйымының жетекшісі етіп» бекітті. Енді, бір ғана класты емес, мектептің балаларын түп-түгел сенбілікке шақырып, аудан орталығын ағаш егіп абаттандыра бастады жігерлі жас мұғалім. (Бүгіндері зәулім дараққа айналған ол ағаштар «Жәнібеков теректері» аталады.) Мұны көрген жаңа ауданның жаңа бөлім басшысы қоғамдық негізде «үгітші» етіп белгілеп қойды. Енді келіп жас мұғалімге екі кетпенге «Дүниежүзі картасын» керіп қойып, халықаралық саясаттан хабар беріп үгітшілік жұмыспен де айналысуға тура келді.

Өзбекәлі Жәнібек үш жыл ғана мұғалімдік қызметте болды. Үш жылдық аз ғана уақыттың ішінде жас мұғалім қырық ұлттан құралған шәкірттерінен бастап мектеп оқушыларына тегіс жан тартып жақсы көретін шын ұстазға айнала білді. Жап-жас мұғалімге балалардың ата-аналары да арқа сүйейтін, баласының жайын айтып, мінезімен, жарамсыз іс-әрекеті жөнінен ой бөлісіп, райынан қалай қайтаруға болатыны жайында кеңесетін шынайы ұстазға айналды. Басшы-қосшы буыннан тұратын мектеп ұжымының сеніміне кірді, тіпті мақтанышына айналып келе жатты.

Жас ұстаз шәкірттерін жан байлығына балап, «ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға!» – деп, еңбек етті. Бірақ, соқа басы сопайып, жалғыз-жалқы жүре беруге болмайтынын ұқты. Оған себеп бірде қатты сырқаттанып, басын көтере алмай жатып қалғаны... Орнынан тұра алмай, төсек тартып жатып қалады. Сондай сәтте, өзі жетекшілік ететін «бұзық» класстың тұрмыс ауыртпалығынан ерте есейген оқушы шәкірттерінің бірі шәй қойып, бірі дәріханаға жүгіріп әбігерге түсіпті. Тіпті малқар Ғалияның анасы келіп, «Менің қызымды алсаң да қарсы емеспін, қарағым» – деп кеткені бар. Жаман ұялтты. Жалғызбасты жүре беруге болмасын түсінді. Өзбекәлі жұмыс жоқ жерде өзіне-өзі жұмыс тауып

алып жүретін табиғаттың адамы. Ал көзге көрініп тұрған жұмысты тез бітіруге, үзбей жүйелі мәреге жеткізуге тырысады. Жұмыс, жұмыс деп жүріп, көрмейсің бе енді? Ауырып қалғанда жанына сая болар жансаясының да болмағаны. Бұл не жүріс, шынында?

Өзбекәлі жетімдік тақсіретін жастай тартқандықтан әйел баласына деген сезімі доғалданып, топастанып кеткені ме? Жо-жок, тіпті де олай емес. Үшінші сыныпта оқып жүріп, бір сыныптасына ықыласы ауа беретін. Не сезім екенін қыз түгілі өзі де айырып тани бермейді... Әйтеуір бір белгісіз сезім жетегіне ерген. Сыныптас қызын көрмесе сағына ма, әйтеуір бір белгісіз сезім... Ақыры не болды? Ақыры екеуі кітапқа таласып, қыз мұның бетіне сия шашып жіберіп маскара қылды. Сезімін жерледі. Жек көріп кетті. «Надан екен ғой, мынауың...» – деген бейкүнә балалық сезіммен. Енді, не? Құрбан бабасы секілді өзі іздеп келер Жансаясын күтіп жүр ме?

Институтта оқып жүргенде Әлиямен тәп-тәуір тілтабысып еді. Өзі де бүйрекбеттеніп әдемі-ақ. Оның үстіне қоғамдық жұмыста тым белсенді. Өзіндік пікірі жақсы. Киноға, театрға бірге барғыштап жүрді. Бірақ, неге екенін Алматының тарихи орындарын, музейлерді бірге аралауға шақырғанда кежегесі кейін тарта береді. Мұның сырын түсіне алмай Өзбекәлі жалғыз кетеді ондайда. Ұдайы кинолатуға қалтасы көтере бермейді. Бақандай төрт жыл оқығанда арқасынан бір ағайыны бір тиын ақша салды ма екен?! Ал, Әлия бар жердің қызы. Молшылықты жақсы көреді... Көңілін де білдірген. Сыпайы ғана «мақұл» белгісі берілген. Бірақ, дипломды қолға алып, бағыттама бойынша Оңтүстіктің алыс ауылына жол тартқалы тұрған Өзбекәліден біртүрлі тартыншақтай берді. Шамасы, Алматыны қимады. Шамасы, өзін ғылымға арнамақ. Жетім бала Алматыға шыдас бере ме? Шыдас бермейді ғой. Осындай түрлі «құрыққа сырық жалғанған» сынық сылтаудан кейін Отырарға жалғыз тартқан. Орта мектепті «Серимов» болып аяқтаған Өз-

бекәлі жоғары оқу орнын «Джанибеков» болып диплом алып шығып отыр. Алда не күтіп тұр? Ол жағы беймәлім. Туған әке қабағы да салқындау. Тетелесі Абан болса да жоғары оқуға талпынбады. Өзбекәлі айтудайын айтып бақты. Бірақ, шешесі басқа, әкелес бауыры қызыққа толы жас дәуренін қимады... Дүние бір орында тұра береді деп ойлады ма, қайдам?!

Отырарда Дүрия есімді бір қызбен келе сөз байласты. Шәміл-Дүр жайында эпсананы есіне алды. Өзін Шәміл сезінді. Дүр болуға ол ыңғай берді. Шәміл болуға бұл дайын... Қазақы ауыл. Күнде кездесуге қазақшылық жібермейді. Арада елші болып досы Шағырбай Әлиев жүр. Қыздың бір жамағайыны. Байласқан сөз ұзап барады. Қалыптан аса алмаған қыз да бұйығы, тіпті жасықтау. Ата-ана көңіліне қарағыштайды. Сөзып жүре беруге уақыт тар. Келеске барып, «Ленин жолы» орта мектебіне жұмысқа кірісуі керек. Сарыағаш стансасына дейін екі билет алған Өзбекәлі Шағырбай досын тағатсыздана күтеді. Ақыры келді досы. Қыздың өзі жоқ. Тілі келді. «Апам рұқсат бермей жатыр. Күтсін. Дәл бүгін шыға алмаймын...» Өзбекәлі бозымның салы суға кетті. Москва – Ташкент пойызының келер уақыты тақап келеді. Ақыры Өзбекәлі екеуінің арасына хат таситын көрші бала жетті енгігіп. «Күтсін! Қалайда шығамын!..» – депті. Өзбекәлі Шағырбай досының жүзіне қарады. Шағырбай досы шамырқанды. «Шешесін... Шық дегенде шықпаған қызды қайтесің? Шығады деп жолдан қаласың ба? Қатын табылар, саған...» Дос сөзіне тоқтаған Өзбекәлі бір билетті жыртып лақтырып жіберді де, екінші билетпен пойыз тамбурына көтерілді... Оны сүйген қызға деген махаббат сезімінен бұрын бір бет өжеттігі бой бермей алып бара жатты ...

Үш сәтсіздік. Үшеуін ой елегінен өткізген Өзбекәлі өзімен қызметтес, Шымкенттің екі жылдық мұғалімдер институтын тәмамдап оралған Халиқан есімді қызға іштей жіп тақты. Аяулы анасының әлдекімдерді сөге-жамандағанда

«негізі жок қой, ол сорлыдан не күтуге болады?» – деп отыратыны есіне оралды. «Шіркін, анам тірі болып, Анаммен ақылдасқанымда ғой...» – деген сағыныш аралас қиял кірді Өзбекәлі көңіліне. Халиқанның әкесі ауданның сөз ұстар адамы. Қиын түйінді мәселенің түйінін қалай тарқатуды басшы азаматтардың өзі осы кісімен ақылдасып жүретінін байқайды. Анасы үй шаруашылығындағы адам. Үй шаруасындағы адам болуына қарамастан ауыл арасында абыройы асқан сарамжал бәйбіше. Қызы ұяң. Сыпайы. Жұрт көзіне түскісі келіп орынсыз өзеурей бермейді. Орнын білетін секілді. Осының бәрі орнықтылықтың белгісіндей әсер етті. Байқайды, өзіне көңілі теріс емес. Оңашада кездесе қалғанда жүзіне қызыл арай тарай жөнеледі. Жиын-жиналыста көзін аудара өзіне қарағыштайтыны байқайды. Бозбала Өзбекәлі де кейде сұғын қадап-қадап қояды... Ондайда, Халиқан жүзін аударып, жанарын ала қашады...

Ақыры жігітіміз емеурін білдірді. Жолыңда өлемін деген де жоқ. Емеурін... Жігіттің өжеттігі ойландырса да сұнғақ сымбаты буынына түскен бойжеткен сөзге келмей көне кетті.

Өзбекәліні ендігі кәрі жіліктей мүжіген сұрақ қызды қалай алу? Қайда апарып келін етіп түсіру? «Ата-анасының алдынан өту жөн болар еді. Бірақ, ол үшін қыздың әке-шешесі санасатын абыройлы, беделді туысы баруы керек бел салып, бедел жұмсап. Ондай туыс қайда? Ағасы Спандияр болса да фин майданында мерт болды. Ең болмаса, мына Халиқан жанып тұрса ғой. Әке-шешесіне түсіндіріп айтар болса. Жуас қазақы қыздан ондай өжеттік қайдан шыға қойсын!? Раушан коммунистер жок қой әзір бізде. (Б.Майлин). Әсіресе, біздің оңтүстік ескіліктің шылауында қалып келе жатқан қаймағы бұзылмаған өңір...» Туыстары ең болмаса жылы қабақ танытып, беташар жасап бере қоя ма? Әрине, алдымен туған ауылы – Отырары ойға оралды. Аяулы анасының бейнесі бірден көлкіп көңіл төріне шыға келді. «Тірі болса қуанар

Көзіне күлкіне
Талғам,

еді-ау, шіркін!..» Әкесі келді көз алдына. Серім. Әкесі бірақ бәйбішеден аса алар ма, сірә?! Бәйбіше маңына жолатар ма?! Анасы бақилық болған соң аз күн әкесінің Ақбоз үйінде жүргенін бәйбішенің көре алмағаны, көтере алмағаны есіне түсті. «Қой, болмас... Секең шаңырағына келін апарып, абырой таппаспын...»

Ойына 1937 жылы Шәуілдір ауданыны комсомол ұйымының бірінші хатшысы болып тұрып, «культтің» кесірінен бір түнде қашып, Қырғызстанға өтіп кеткен Әмзбек ағасы түсті. Ағасы Қырғызстанда аудандық атқару комитетінің төрағасы деп естиді еміс-еміс. «Тауып алуға болатын шығар...»

«Қыз алып қашу казакка да теріс емес... Ауыл үй отырып, бір үйдің қызын екінші үйге келін етіп түсіру бар ғой казакта. Ұнатса «қуғыншы» жіберіп, қыз ризашылығы болса, сый-сияпатын көріп, қайтып кете барады. Өзі жетекшілік ететін класстың оқушылары, оқушыларының ата-анасымен араласып жүріп білгені – балкар, карашайларда да бар екен «қыз алып қашу». Жігіт ат арбасын дайындап қызды ауылдың сыртына барып тасалау жерге қояды. Уәделі қызды «алып кашады». Қыздың жақтастары (туыстары) қуып кеп береді... Қыз бен алып қашқан жігіт ат арбаға жетсе болды «қуғыншылар» қайыра үйлеріне қайтады. Онан арғысы салтқа қайшы... Қыз – алып кашқан жігіттікі! Әрі қарай екі жақтың арасына құда-кәде жүреді. Әрине, бұрын қызға құда түсіп, қалың беріп, ырғап-жырғап жасауымен алатын болған шығар. Түрік халықтарының тамыры бір, тамыры ғана емес-ау, тағдыры бір, содан туатын салт-дәстүрі ұқсас. Оны тарихшы жігіт біледі. Шешендерде сәл басқашалау сәкілді. Олар қызға құда түсіп алады. Қыз алып қашу шенен ұлтында өте сирек кездеседі. Зәуіде қызды арнайы ата жолымен құда түсіп жөнімен алмай, қызбен ғана келісіп «алып қашар» болса, біліп қалса қолына мылтық алып қуады. Қуып жетсе жігітті майып қылуы мүмкін. Атып тастаса да айып емес. Ата салтты ұстанбағаны үшін жазалы. Ал, қызды алып қашып

кеткен бойы жасырынып ұстатпай кетсе сүйіскен екі жас, онда бір ай талмай іздейді, таба алмаса жайына қалдырады. Бірақ, бір балалы болғанға шейін екі жас қыз үйінің есігін ашпайды. Ата-анасына қатыспайды. Мұны салттың озығы бар, тозығы бар деп қарау керек пе, әлде Ресеймен ғасырлап соғысатын саны аз халықтың(этнос) өзін-өзі сақтау амалы деп білу керек пе?!...» Тарихшы мұғалім миығын тартып мырс етіп күлді.

Сөз байласқан екі жас қолұстасқан күйі Піспек (Бішкек) қайдасың деп тартып отырды ақыры... Әдеп сақтап қыздың ата-анасының алдынан өтуге батылы жетпеді. Жолашарлық ондай өжеттік қызы құрғырдан табыла қоймады. Ақыры «алып қашқан түрі» осы болды. Аз күн Қырғызстанға барып бой тасалайды. Сосын қайтып оралар. Бір реті болар.

Әмзбек ағасы жайсаң кісі болып шықты. Обалы қане, қырғыз жеңгесі екеуінің жаны қалмай қарсы алды. Ауыл-аймағына «беташар» жасады. «Келіннің қолынан шәй ішіп», бір жырғады... Кеудеден итермегеніне, бауырмал бейілге екі жас та дән риза...

Әмзбек ағасы Отырар жайында, Отырар – Түркістаннан шыққан ағайын туыс жайында тебірене әңгіме айтты.

Аға әңгімесінен Өзбекәлінің ұққаны:

«1917 жылғы төңкеріске қатысқан, Сұлтанбек Қожанұлымен үзенгілес дос-жар жүрген, Алашордаға жантартқан Әбутәліп жиен 1938 жылы «халық жауы» атанып атылыпты. Тағы екі інісі олар «халық жауы» Әбутәліп Сарықұловтың інілері ретінде көрсетіліп, олар да атылыпты. Түркістан республикасында Жастар ұйымын басқарған, кейін Ташкент қаласының мәрі болып тұрған жерінен ұсталған Дүйсенқұл Сарықұлов Финляндия орманында жазасын өтеп, қайтып оралыпты. «Халық жауы» ретінде қаскөйлігі дәлелденбеуі себепті ақталып, советтік қызметке кірісіпті. Су шаруашылығы саласында басшылық қызметте жүрсе керек. Халық комиссары қызметінде болған, атақты «Алай операциясын»

ұйымдастырған Абдолла Жармұхамедов Қазақстанға қайтыпты.

Сұнқар қайраткер Сұлтанбек Қожанұлы болса да 1938 жылы атылған. Өзі де өлең жазатын Сұлтанбек абайшыл болса керек. Ташкенттегі бір базарды өзі «Түркістан республикасын» басқарып тұрғанда «Абай базары» атандырыпты. Өзі бүгінгі күні тұрып жатқан Келес ауданы орталығын «Абай селосы» атандырған да Сұлтанбек екен. Сұлтанбектің бір інісі, Нәзірдің інісі Қадыр Келес ауданында тұрса керек. «Сен оларды тауып сөйлес. Бірақ, абай бол. Олар басқа фамилиямен жасырын жүруі де мүмкін, қарағым...»

Ағасы сөзінің аяғын бағыт бергендей болып түйді.

Аға, жеңгесінің жарқылдап құшуақ қарсы алуы жаңа өмір жолын бетке алған екі жасты марқайтып-ақ тастады. Қайнағасы мен абысынының өздеріне құшағын жаюы әсіресе Халиқан көңілін ашып жібергендей. Ал Өзбекәліні ағасының «Түркістан республикасы» жайында айтқан қасіретті әңгімелері ойландыра берді. Аға, жеңгесінің жетімсімей, жетімсіретпей құшақ жая қарсы алуы көңілін теңіздей толқытқаны, тебіrentкені рас. Ағайынға деген шеміршек болып қатып қалған тас жүрегін аға-жеңгесінің бауырмалдық бейілі жібітіп еді.

Жігітті ел мақтаған, қыз жақтаған. Келеске оралған екі жасты қайынжұрты «қара есекке теріс мінгізіп» қарғап сілемей, ұрсып, жекімей, «айтып кетсеңдер болмас па?» назынан аспай жаймашуақ қабылдады. Жетім баланың жағдайын білетін әсіресе ене жас отаудың түтіні түзу шығу үшін бар қамқорлығын жасап бақты. Жас отбасын жасау-жабдықтап аяғынан тұрғызып жіберді десе болады...

Ағасы айтқан қасірет әңгімелері есінен шықпаған жас мұғалім «қызыл ізшілерді» «революционерлер» ізіне салып отырып, өзі соның астарында Сұлтанбектің, Нәзірдің (Қадырдың) Келес өңіріне келіп жан сақтаған інілерін іздей бастады. Екеуінің де Келес өңірінде тұрғаны анық екен.

Халық жауларын көргіш «ақ белсен», «қызыл белсендер» (белсенділер) соңына түсе жазып, жазып, ақыры жаңа ұйымдасып жатқан Мырзашөл өңіріне бойтасалап ауа көшіп кеткенін анықтады. Нәзірдің інісі Қадыр Өзбекстанға өтіп, Самарқан жағына бойтасалап кетсе керек. Қайынатасынан шиелілік Мұстафа Шоқайдың ағайындарының Қызылордадан қашып, Мырзашөл аймағына қоныс тепкенін естіді. Қайынжұрты да шиелілік «тарақтылар» екенін енді білді. Қариялар арасында залалсыз дәстүрлі ру сұрасу сақталғанымен, жастар арасында қалып бара жатқан жылдар еді.

Келесте бірсыпыра шаңырақ Созақ, Түркістан беткейінен көшіп келіп, қоныс тепкен жандар екен. Бір шәкірт баланың тегінің «Одаманов» болуы да ойландырды. «Одаман, Одаман, «Одаман бұлақ» Созақ пен Түркістан аралығындағы құтты бұлақтың аты емес пе? Шәкіртіне ілесе үйіне барды. Әкесі ақын кісі екен. «Одаманов Әлімхан.» Жорамалы жөнге шықты. Одамановтар бір кезде Сарыарқаны жайлаған Жиенбет батырдың ұрпағы болып шықты. Көп уақыттан Созақ өңірін құтты қоныс еткен жиенбеттердің бір бұтағы болып шықты. Аталары «Одаман бұлақты» мекен еткен. Бұлақ басында туған бір атасы бұлақ атын алып «Одаман» атына ие болған. «Оу, мына біздің Келес өңіріне қайдан келіп жүрсіз?» Жас мұғалімнің жігерлі сұрағына жігітағасы Әлімхан: «Е, арқанда қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар?» – деген емес пе, аталарымыз... – Аталарымыз үйір-үйір жылқы, табынтабын сиыр, тіпті ойсан ойсылқара, мыңғырған жантық мал біткен бай еді. Колошокин деген атаңа нәлет келді де үкімет басына колхозшыл «қызыл белсендер» келіп, бір атамызды байсың деп атты, бір атамызды «Сен орташасың», тәркілеуге жатасың – деп малын сыпырып алып колхозға берді де, өзін итжеккенге айдап жіберді. Ауылдың сөзұстар биі азын-аулақ қана малымен отырған. «Сен би екенсің. Би – «боржойға жатады» – деп оны да Сібір айдады. Қаратаудың күнгеінен атақты киікші Аралбай би (Бейғайдардың әкесі), божбан

Жұмабай бай бәрінің малы тәркіленіп, өздері Сібір айдалды. Тігерге тұяқ қалдырмай сыпырып алып колхозға берді бар малымызды. Аранын ашып аштық келе жатты.

Қаратаудың күнгейі мен теріскейін жарасыммен қатар жайлаған ел едік. Елдің сәні қайырымды бай, қара тілді билер емес пе?! Олар кеткен соң колхозға жиналған ылғи кедей кепшік кімге тұлға болған? Өңшең тобыр дағы. Елден сән кетті. Тіршіліктен мән кетті. Сталиннің өзіне тік сөйлейтін Сұлтанбек Қожановтай ер өткен. Біздің Аксүмбелік еді. Аксүмбеде сол божбан ағайындар тұрады әлі күнге. Аштық қысқан ауылын жұрттың еркіне салып, Ташкенге жақын деп осы Келеске көшіріп алып келген сол Сұлтанбек мұғалім...

Бәрі де дұрыс еді-ау, бірақ 1938 жылы Сұлтанбек атылып кетті. Сұлтанбектің ағайындары деп ол көшіріп алып келген азын-аулақ түтінге жергілікті белсенділер тағы күш көрсетті. Біз тайтұяқ жамбыларымызды белге түйіп қырғыз астық. Бір шетіміз өзбек асты, тағы біріміз тіпті ілгерілеп тәжік барып паналадық. Одаманның балалары – біздер, Жұмабайдың баласы – Адырбек кіре тарттық үш елдің арасына. Қырғыз, өзбек, тәжік. Сол үш елдің түйіскен жерінде тіршілік еттік. Заман түзелген соң, кейін келіп орналастық бұл өңірге. Е, мұғалім бастан талай тәш-пүш өтті ғой...»

Әлімхан Одаманов ақын екен. Өлеңдерін термешілер, жыршылар көшіріп алып домбыраға қосып Мырзашөл өңірі айтады екен. Естіген әңгіме жайының баршасы жас мұғалім қиялын тағы бір қиырға тартып ойландырып өтті. (Әлімхан Одаманов ұрпақтары күні бүгін Келес ауданында Димитровка ауылында тұрады).

Өзі оқушы балаларды алып шығып, әруағыңнан айналайын шуаш В.И. Ленин (Ульянов) салған ізбен «сенбілік» ұйымдастырып, егіп жүрген байтерек (мырзатерек) секілді Өзбекәлі мұғалім жан дүниесі әлдебір өзгерістерге ұшырай қалыптасып келе жатты.

Ауданды елуінші жылдары Әбжаппар Жылқышиев, Көшербай Ысақов басқарғаны мәлім. Әбжаппар Жылқышиев

аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. Ұлы Отан соғысының ардагері. Қарасөз жазумен әуестігі бар азамат. Екінші хатшы Көшербай Ысқақов өлең жазатын, ептеп аудандық газет бетінде жарияланып жүреді. Екеуі де әдеби шығармашылыққа біржолата ден қоюға партиядан қорқады. Әзір жазған-сызғандарын ауданнан асырып, облыс, республикаға жариялата қоймаған, мемлекеттік қызметті жазушылықтан жоғары қоятын иманды азаматтар. Алаламай, бөлмей қазақ баласын екі басшы ынтымактаса, бірлесе тәрбиелеп жүргені. Аз жылда ауданды жасыл белеске айналдырып жіберген комсомолды екеуі де көзі шалып, жақсы пікірде жүреді екен. Өзбекәліні мектеп оқушыларын ұршықша үйіріп сенбілік ұйымдастырып жүргенін, мектеп айналасын ғана емес, аудан орталығын абаттандыруға ұйытқы бола бастағанын көре-біле тұра, оны үгітші етіп қызметке шақырады. Шәкірттеріне бауыр басып қалған жас мұғалім мектебін қимай, келісім бермей қиқаңдайды. Өспірім жастан жарқын болашақ көріп отырған ауданның екі басшысы ықтиярынан тыс аудандық партия комитетіне үгітші етіп бекітіп жібереді. Аудандық комитеттің уәкілі етіп сала-сала шаруашылыққа іссапармен жіберіп отырады. Табиғатынан талапшы жас шаруашылық басшыларына қатаң талап қоя бастайды. Бір ұжымшар, иә кеңшардың басшысы қатардағы үгітшіден жоғары тұратыны бесенеден белгілі. Қолы ұзын ұжымшар басшысы Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына шығып, жас маман үстінен шағым айта бастайды. Ондай жағдайда Әбжаппар Жылқышиев маман үстінен айтылған арыз-шағымды тыңдап алып, артынан анықтауға өзі кірісіп кетеді. От кешіп оралған майдангер соғыста өмірмен өлшенетін ерліктің парқын білсе, бейбіт күнде шаруашылықты қалпына келтіру жолында өрлікті де бағалай білетін әділ көшелі басшы. Ол өзі сеніп тұтас бір ұжымшар, не кеңшарды тапсырып отырған азаматтың ақылмен көзін тауып жасар басшылықтан әкімгер бастық болуға бейімделіп

бара жатқанына көз жеткізеді. Тиісті шара көреді. Бірінші басшы әділдігі қарамағында қызмет етер үлкен-кіші қызметкерлер үшін үлгі. Ауданның бірінші басшысының жас азаматты беделге жығып бермей, әділ шешім жасауы бір жағынан жас маманды қанаттандыру болып шығады. Өзің әділ болсаң, халық үшін, мемлекет мүддесін көздеп айтқан талдама сының абыройға бастайды екен. Өзбекәлі Жәнібек уәкіл райында арнайы барып көрген, зерттеп танысып, жазбаша талдап жазған жадығаттар әрдайым оң нәтижеге бастап отырыпты. Бұл бір жағынан Өзбекәлідей жас маманның дүниеге ақ, адал көзбен қарап, өмірдің әр саласын байыппен талдап қабылдауының нәтижесі болса, екінші жағынан Ә.Жылқышиев, К.Ысқақов сынды сындарлы басшылардың баршаға бірдей шынайы, адал қарым-қатынасының арқасы. Әйтпесе, аудан басшысының ауызы ұжымшар басшысымен әмпейлікке ұласып, өзара көңілжықпастықпен қараса – жас маманның қаншама тыраштанғанымен сыны оң нәтижеге шықпас еді, еңбегі жанбасы анық. Жастың жігері жасып, мұраты мұқалмас па?

Үгітші болып үш-төрт ай істеген жас азаматтың шаруашылық саласында уәкілдік еңбегі жана түскені. Ауданның өзара бақталас емес, өзара ынтымақты екі басшысы сенімнен табылып отырған жас маманға саяси мерекелерде баяндама жасатып, сөйленер сөзін алдын ала алдырып танысып, жетімсіз жерін, кемшілікті сипаттарды қызыл карандашпен сызып көрсетіп, өзіне қайта жаздырып байқайды. Ауышының бұл әрекетін әуелгіде дұрыс түсінбеген жас маман «е, мені басшылық ұнатпайды екен ғой, қырына алғаны несі, онда неге мені жылы орнымды суытып, мектептен тізеге салғандай етіп шақырды мына қызметке?» – деп пұшайман болған сәттері болды. Бірақ, мәселе тіпті де басқаша өрбіген. Ауданның жарасымды екі басшысы бірінен кейін, бірі шақырып сөйлесіпті. Өзара келіскен шешімін айтыпты: «Сені біз біраз бақылап, бақылау нәтижесінде аудандық комсомол ұйымының бірінші хатшылығына хош көріп отырмыз...»

«Комсомолды қай шаруашылық басшысы тындайды? Комсомолмен Сіздер де санасып жатпайсыздар ғой, – деп бастап жас маман комсомолдың ауданның қоғамдық өміріндегі бәсін арттырып алыпты. «шаруашылықтың қай саласы да комсомол тарапынан айтылған сынды тындайтын болады. Жастарды қызметке тартуда жастар ұйымының кепілдігі есепке алынады!»

Соғысты кешіп өткен ел. Қара қағаз алмаған шаңырақ жоққа тән. Соғыстан аман оралған азаматтардың дені мүгедек. Ондай шаңырақта элеуметтік жағдай, күнкөріс нашар болатыны түсінікті. Жастар жетекшісі кеңшар, ұжымшар басшылығы алдына жетімсіз отбасыларға қарасу мәселесін көлденең тартыпты. Ұжымшар, кеңшардың (басшыларының) элеуметтік жауапкершілігі болып қызметтік міндет, азаматтық парызына айналды. Аудан бойынша көмекке зәру жадау-жүдеу отбасын мектеппен тығыз байланыс орнатып, «қызыл ізшілер» арқылы анықтап алып, өзі бас болып камқорлық акциясын алға шығарды. Анау үйге отын түсіру, мынау шаңыраққа шөп жеткізіп беру, ал мына дәулеті орташа, көп балалы отбасына кәсіподақ арқылы ас-ауқат, киім-кешекті арзандатып алып беру... Бәрінің басы-қасында жалындап жастар жетекшісі Өзбекәлі Жәнібек жүреді.

Бұрын ауыл-ауылға барып, ауылды абаттандыруды көгалдандырудан бастаңыздар деп басшылыққа айтып жүрер болса, енді ұжымшар, кеңшар басшылары жастар ұйымына өз аяғымен келіп өтініш айтатын әдет тапты: «ағаш көшетін өзіміз табайық, отырғызуына, суландырып өндіруге жәрдем берші...» Жұмыстан тартынатын жастар жетекшісі ме? Тартынбайды. «Тайдың жұмсағаны білінбейді...» Бұл – әрі элеумет үшін пайдалы жұмыс. Екінші жағынан мектеп жастарын еңбекпен тәрбиелеу! Жастар ұйымы жетекшісіне сеніп алған ата-ана оған сірә да қарсы болмайды.

Жастар жетекшісі! Жастар жетекшісі балаларға жақын болды, күй талғамады, өз уақытын аямай, бала бақытын

аялауға барын салған, сабақтан тыс уақытта тал тіктірген, мектеп айналасы, ауыл-аймақты жасыл желекке көмкерген, ауданға жеткен соң аудан орталығы Абай селосын кісі танымастай жасыл желекке бөлді. Әрине, бір өзі істемейді. Өзі жанына балаған жастар, мектеп оқушыларын қоғамдық игілікке ұйымдастырып жұмылдыра біледі. Аудан жастарының мектептен кейінгі азаматтық жолы да жастар ұйымы арқылы дұрыс бағдар алды. Сабақты жақсы үлгеріп, зорынтамен аяқтаған ұл, қыздар оқу орындарына жолдамамен барады. Ал, өндірісте қалып, шаруашылығы шайқалған отбасын еңбекпен көтеремін деген жасқа тағы да жастар ұйымы камқор. Жастар ұйымын ауданның жетелі басшылары Ә.Жылқышиев, К.Ысқақаов ұдайы қолдап отырады.

Ол аудан жастарын осылай тәрбиеледі. Ол жастарды еңбек пен білімді ұштастыра егізқатар баулу арқылы өзі де үлкен мектептен өтіп жатты. Аудан басшыларынан ұдайы қолдау көретін ол егер жастар ұйымын аудандық, облыстық басшылық қолдамаса қаншама бастамашы болғаныңмен ісіңнің ілгері баспасын көңіліне мықтап түйді. Кейін өзі де облыстық, республикалық өреде басшылық жасаған жылдары жастар ұйымын ұдайы қолдаумен жүрді.

«Ленин жолы» орта мектебінен басталған ұстаздық жол аудандық партия комитетіне мемлекеттік қызметке жалғасты, аудандық жастар ұйымын басқару тұтас қазақтық кеңістікке жол салды. Сөйтіп, Келес ауданы Өзбекәлі Жәнібек үшін жүректе қашан көз жұмғанынша ыстық сезім ұялатып жатты. Келес жәмияты бірге туғандай болды. Келес жері кіндік қаны тамбаса да туған жеріне айналды. Кейін ол мектепте өзі сабақ беріп, «класс жетекшісі» болып тәрбиелеген, соғыс алдындағы сенімсіздік, соғыс залалынан ығысып келген сан ұлттың өкілдерінің оқушы балалары жайында: «Арада қанша жыл өтсе де шәкірттерім көз алдымнан кеткен емес. Кім білсін, ер жетіп, есейіп кеткен менің шәкірттерімнің біразы қазір мемлекеттік шекараның ар жағында қалып, Германия

мен Польшада, Грекия мен Балтық елдерінде, Украина мен Грузияда, Армения мен Әзірбайжанда, Шешенстан мен Кабардино-Балкарияда жүрген шығар, қайда жүрсе де есен-сау болсын. Әттең, тағы бір кездесетін сәт туса, қуанышымыздың шегі болмас еді-ау деп ойлаймын»,— деп жазды сағынышпен.

Аудандық партия комитетін бірінші басшы болып басқарған Ә.Жылқышиев (кейін жазушы), екінші хатшы К.Ысқақов есімдерін зор құрметпен атап, «міндеттімін» деп жазды қарыздар бейілден ақ-адал тәрбиесі үшін, «міндеттімін!...» Азаматтық парызы! Оңтүстікте аттары абырой биігінде аталатын екі азамат кімді тәрбиелемеді ол жылдары?! Тәрбиеледі. Бірақ, олардың ешқайсысы Өзбекәлі болған жоқ, бола алған жоқ. Жұмыр басты пенде ретінде олар да іштей әлгі ел азаматы атанған жетелі екі басшыға ризашылығын айта-айта тіршілік кешіп өткен шығар-ау, мынау жалғаннан. Өз атынан да, ақ-адал тәрбиеленген сандаған азаматтардың атынан Өзбекәлі Жәнібек алғысын «міндеттімін!» — деп жеткізіп отыр. Фанибет-ау?!

Келес ауданы «жыртысын» үнемі жыртумен жүрді. Келес ауданынан бойына сіңген от басы — ошақ бұтынан бастап көгалдандыру, айналасына ағаш тігіп, абаттандыруды — мәдениетке балап, жұртшылық намысын қозғаумен жүрді. Бірде ол: «Біздің елімізде жетіспейтіндер көп-ақ, — деп толғанды — Осы жұрт өз халқын жан-тәнімен сүйіп қана қоймай, оның бойындағы кемшіліктерді, жағымсыз қасиеттерді де көре біліп, оған намыстануы керек емес пе?! Ақиқатына жүгінейікші, ағайын. Қазақстанның қай түкпіріне барсаңыз да, бәлкім бұған кезінде бабамыз Асан Қайғыны тамсандырған «Екі Келес — бір Талас», Жетісу өңірін қосуға болмас, дегенмен ең сұрықсыз, кейде бұғатына дейін көң басқан, сырты ақталмаған, шарбағы алқам-салқам, ауласында бір түп ағаш та бола бермейтін үй кімдікі? Біздікі! Бұл неліктен? Жалқаулықтан. Немқұрайдылықтан. Бойкүйездіктен. Тым болмаса,

Жүректің басшысы
Жылқышиевтің
ары — Ә.Жылқышиев!

Наурызды пайдаланып, өзгелерден қалмауға тырысу, намыстану қажет емес пе, жұртым?» Тағы да Келес. Ұнамсыз мінезден өмір жолы бастау алатын Келесін жырақтап алып қалып, ұлтымыздың бойындағы жарамсыз мінездерді Өзекең кейін де осылай осып-осып сынап отырар еді.

Келес ауданы тәуелсіздік жылдары жабылып, Сарыағаш ауданына қосылып кеткені бар. Сол бір тұрақсыздыққа Өзекеңнің күйінгенін көрсеңіз. Келес – Өзбекстан іргесіндегі іргелі аудан. Шекаралық аудандарды жоюды Өзбекәлі Жәнібек қолдай қоймады.

Келес ауданы бүгінде жасыл желек жамылған. Көкке шаншылған бай теректер. Жергілікті жұрт: «Өзбекәлі Жәнібеков теректері...» атайды. Әрине, теректер арасында елуінші жылдары егілген бай теректер де бар шығар-ау, бәйтерек болып көкке шаншыла бой түзеген... Бар болса, қартайған-ақ шығар. Әлі күнге бар болса, ол теректерді Өзбекәлі Жәнібеков бас болып отырғызғаны да рас. Өзбекәлі Жәнібек сол елуінші жылдары байтақ қазақ жерінің оңтүстіктегі Өзбекстанмен шекаралас бір ауданында «сенбілік» ұйымдастырып, осындай терек еккен ғой. Ең бастысы, бозым шағында сол бір өрелі ісімен – «Туған жерге тағзым!» атап, туған жерді аббаттандыру акциясын бастап, дәстүрін орнықтырып кетті емес пе?! Келес өңіріндегі бүгінгі теректер бір кезгі «Жәнібеков теректерінің» «немере-шөберелері» шығар асылы... Одан бері қазақ-өзбек ағайын екі ел арасын қақ жарып ағатын берекелі Келес өзенінен қаншама су ақты. Буын-буын ұрпақ келді, буын-буын ұрпақ өсті, жетілді, жетті, дүниеден өтті... Бүгінде жастай жалындап осы өңірде өсіп қалыптасқан, «туған жерге тағзым!» рухында ауыл, ауданды жасыл терекке малындырып аңызға айналған Өзбекәлі Жәнібек те жоқ мынау жарық жалғанда. Ең бастысы, ел жақтап, ел ағалары алқалап қайраткер етіп қалыптастырған азаматтан жақсы дәстүр, ізгілікті тәрбие сабағы қалыпты Келес жерінде... Дәстүрбасы өлген... Дәстүр өлмеген...

ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР ЖЕТЕКШІСІ

Аудан аты облысқа жетті. Өмір көрген, соғыс отын белуардан кешіп өткен ауданның жетелі басшылары шаруашылықты ілкімді ұйымдастыра білді. Өзбекәліге бастатып, жастар ұйымын да жетекабыл қабатына алып, аудан жұртшылығының әлеуметтік мәселелеріне еркін жұмсап, әлеумет ісіне жұмылдырып тәрбиеледі. Талапты жастарды сөйтіп темірканаттандырып бақты. Шаруашылықта да олар қолқабыс. Әсіресе, жастарға сенім арту, жастарды өндіріске тартуда жастар ұйымының кепілдемесіне ден қою оларды арқаландырып жіберген. Бұл жөнінен, Келес ауданы жаңалықтың ұясы, шаруашылықты жүргізудің жаңа моделі сияқты әсер етті. Жастар жетекшісі Өзбекәлі Жәнібек аңызға айнала бастады. Жалынды жастар жетекшісі есімі облысқа аты аңызға айналып жетіп жатты. Облыстық жастар ұйымының жетекшісі, жетім балалар үйінде тәрбиеленген, Валерий Байжанов ауданға әлденеше рет келіп кетті. Келген сайын «Жәнібековтің жаңа істерімен» танысып, риза болып аттанады. Ақыры, аудандағы құрылымдық жаңалықты облысқа енгізуді ойлады. Облыс бойынша жастар ұйымы абыройын, ұйым арқылы жастар белсенділігін арттыруды ойлайды. «Балалар жазушысы Аркадий Гайдардың «Тимур және оның командасы» қызықты шығармасының да айтары осы емес пе?! Орыс совет жазушысының көркем шығармасында айтылған жайлар Келес ауданында артығымен, қазақ табиғатына қарай басқа қырынан жүзеге асқан десе болатындай. Әрине, бәрі де адамына байланысты. Республикада Жастар ұйымының басында отырған Сағындық Кенжебаев неге осындай істерді өрістетпейді? Біздің Ғани Мұратбаев іскерлігі, іскер ұйымдастырушылығы арқасында КИМ-нен бір-ақ шыққан жоқ па? Әттең, Ғани Мұратбаев жас кетті. Орнына келген Ибат Игенов Ғанидың жолын жалғай алмады. Хұсайынбек Әміров ше? «Мен Ғанидың жолын жалғастырушы

болдым» – деп төсін соққаннан өзге ісі жастардың ойында жоқ. Келес ауданындағы мына әріптесінде, сол Ғанидың іскерлігі жатыр-ау, осы?! Әй, өзі де, түр-келбеті де Ғаниға ұқсайды сабазын...»

Оңтүстік Қазақстан жастар ұйымының жетекшісі Валерий Байжанов өзімен тағдырлас Өзбекәлі Жәнібеков кандидатурасын облыс басшыларымен келісті. Өзіне орынбасарлыққа шақырды. Облыстық партия ұйымының бірінші хатшысы Б.И. Макаров «аздаған сұрақ қойып, Жастар ұйымының жетекшісінің уәжімді жауабына көңілі толып, келісімін берді. Жастар ұйымын нығайтуды өзі де ойлап жүреді екен. «Одақта Қазақстан тыңын көтеру мәселе болып жатқанда жастар ұйымын нығайтпаса болмайтынын өзі де түсініп жүр. Валерий Байжанов жараулы аттай мықты жетекші. Дегенде, бір арба тертесін екі мықты қатарласа тартса, нәтиже мақтанарлықтай болып шықпас па?!...»

Өзбекәлі Жәнібек ұзамай облыстық жастар ұйымының қатардағы хатшысы болып қызмет ауыстырды. Жастар ұйымының кезекті Пленумы арқылы сайланды. Ресми, мектеп саласына басшы болып бекітілді. Комсомол жұмысына мектептен келген хатшы. Тұңғышы Ниетжанды жары Халикан екеуі кезекпе-кезек қолына алып облыс орталығы – Шымкент қаласына қоныс аударды. Ауданның бірінші хатшысы Әбжаппар Жылқышиев жақсы жәрдемші бола білген жетелі жастар ұйымының бірінші хатшысын қимай-қимай шығарып салды...Жалынды жастың келешегін ойлап, ризашылығын берді.

Облыста өзара тағдырлас бірінші хатшы мен салалық хатшы шын жүректен ұғысып, тату-тәтті әріптестерге айналып еді. Екеулеп Жастар ұйымының бар саласын қатар алып жүре беретін. Дегенде, Өзбекәлінің түптеп келгенде жауап берер жері – мектеп саласы!

Бірінші хатшымен арасында мансапқа таласушылық, қызметті қызғанушылық, «ертең орнымды басып қала ма,

кайтеді?» – деген пендешілік болмады. Құдайшылығын айтқанда, елуінші жылдары республикада ондай пендешілік орын алу мүмкін де емес-ті. Өйткені, елдің жағдайын ойлап басқаратын бар азамат тұлғалардың алды 1937 жылы «халық жауы» аталатын жалған жаламен атылып кетті. Олардың орнына келіп ел тағдырын енді-енді мойындарына ала бастаған бір буын түгел майданға аттанды. Дені майданнан оралмады. Адам қызметті емес, қызмет адал бейілді іскер адамын іздейтін бір ала-шарбы уақыт еді елуінші жылдары. Бұған қарап, елуінші жылдары әр буын басшылық ұйымында пендешілік, көреалмаушылық болмады деу де теріс. Өмір, өмір болған соң адам пендешілігі төбе көрсетпей тұрмайтыны, өмірде жақсылық пен жамандық әуелден қатар жүретіні белгілі. Әбіл-Қабыл пендешілігі адамзат қоғамынан еш уақытта да қалмаған... Оның үстіне, күні кеше еді ғой, «колхоз қаскүнемдерін» өзге республикадан асыра көрсеткеніміз. Күні кеше еді ғой, бойы «бетегеден» асқан, сауатты, тіпті шала сауатты азаматтың бәрін «халық жауы» атап көрсетіп, ұстатудан өзге республикалардың алдында «бәйге атындай аңқылдап» отырғанымыз...»

Валерий Байжановтың Келес аудандық жастар ұйымының бірінші хатшысын облысқа шақыруын құлай қолдауында облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Б.И. Макаровтың өз есебі де жатар еді. Жастар ұйымының жаңа да жас жетекшісінің аяқ алысын байқаған соң-ақ, ұзамай өз ойын жүзеге асырды. Валерий Байжановты өзіне орынбасар етіп өсірді. Облыстық партия комитетінің хатшысы етіп бекітті бюрода. Жастар жетекшісінің аяқалысын қалай бақылады облыс басшысы?

Бірде Ленгір ауылында орналасқан ақыл-есі кеміс балалар интернатынан «сигнал» түсті. Балалар дұрыс тамақтанбайды. Жағдайсыз. Инспекторды жібереді. «Бәрі жақсы. Жаман емес» – деп қайтып келеді. Бірақ, жастар жетекшісінің көңілінде күдік қалады. Әдетінше, ешкімді

құлағдар етпей, сала жетекшісі – Өзбекәлі жетіп барады жаяулатып. Түс уақыты. Балалармен бірге тамақ ішуге отырады. Қасықпен сұйық тамақты аузына апара бергенде мүңкете түскен иіс мұрын жарады. Шыдап, дәмін татып көреді. У татиды. Тамақтың иісін басу үшін тұзды, бұрышты құя берген. Директорына жолығады. Үйіне кешкілік «конаққа» барады. Директордың бала-шағасымен үйіріліп кешкі асты бірге ішеді. Ұсынықты әйел қолымен тағайындалған тамақ тіл үйіреді. Хатшының директорға айтқаны: «Оу, жолдас, ақыл-есі кеміс балаларды өз балаларынан кем көретін кісі интернатқа директор бола алмайды...»

Айшылық алыс сапарлар алғашқы адымнан басталады. Келес ауданында жүрген кездің өзінде комсомол жастардың жас жетекшісі бірсыпыра мәселелерден хабардар. Өмірдің күнгейімен бірге теріскейі де болатынын осы ауданда жүріп аңғарды. Енді, міне, облыс. Облыстың аты облыс. Облыс болғанда да халықтың тығыздығы жөнінен алдыңғы қатарда тұрған Оңтүстік Қазақстан. Жәмиғат көп жерде мәселе де көп. Оны жас хатшы біледі. Ауданға қолданған методикаң облысқа жүрер ме? Облысқа жастар ұйымына басшы болып келгелі Өзбекәлі ой үстінде. Қызметі өсті. Жақсы. Бірақ, сол қызметке лайықты биік өреден көріне білу де бар ғой. Жаңа қызметке қарай жаңа дүниетаным қалыптастыруы керек. Есіне Ғани Мұратбаев түсті. «Кезінде аштыққа, дүрбелең дүрлігу, күрес, көтеріліске карамай жиырмадан жаңа асқан Ғани Мұратбаев Ташкент қаласында қаншама жетім балалар үйін ашты?! Күнін көре алмай көше кезіп кеткен қаншама баланы үгіттеп, сол жетім балалар үйі, мектеп интернаттарға орналастырды?! Қанқұйлы соғысты кешіп өттік дегенмен, жағдай қазір шүкір. Жетім балалар бізде де көп. Әкесі соғыста өлген жетімсіз балалар да жеткілікті. Біз интернат жүйесін мықтауымыз керек-ау, осы?!» Өзі жетім өскен Өзбекәлі күрсініп салды. «Жетім балалар үйі әнеугі күнгідей болса, жетіскен екенбіз?... Өзі директор. Қоғамдық санасы қандай

төмен? Соғыстан кейінгі мына жылдары біз «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін!» – деген принциппен қозғалуымыз керек емес пе?!...» Соғыста сынып кетпей, қиыншылықтан әрбір шаңырақты жокшылыққа қарамай осылай, бүтін құрт жокта, жарты жарып жеп, күн кешу арқылы шыққан жоқ па, осы жұрт?! Өзді-өзі болса да мейлі-ау, И.В. Сталин түрлі ұлт өкілдерін сан-алуан елдерден, жерлерден біздің Қазақстанға жер аударды емес пе? Оларды да қоржын тамның бір бөлмесін босатып беріп, жарты нанды тағы қақ бөліп, оларды да асыраған осы кеңбейіл қазақ халқы. Туыстар деуші едік-ау оларды. Туыстарды сақтауға келгенде кең бейілдік танытқан біздің қазақ неге өзіне келгенде тарыла қалады? Не мінез бұл? Әнеукүнгі Ленгірдегі директордың сиқы анау. Масқара ғой. Бала-шағасының аузынан ақ май ағып отыр? Қайдан алды ол ақ майды? Интернаттан да. Бұл не? «Бал ұстап, бармағын жалау ма? Бармақ жалағанда да осылдай жалай ма, кісі? Асылы, адам баласынан ұят кеткен-ау, осы. Ұят ұяларлық иман жоқ-ау адамдарда? Сонда қалай, біз кешегі соғысқа дейінгі ауыртпалықтан, қан-майдан соғыстан ешқандай сабақ ала алмағанымыз ба?...»

Жастар жетекшісі кезінде «Түркістан республикасында» Жастар ұйымын құрған қарлығаш – Ғани Мұратбаев жайында көп ойланады. Қарапайым қазақтың баласы КИМ (Коммунистический Интернационал Молодежи) жетекшілігіне дейін жетті-ау. Жиырмадан асар-аспас жасында қаншама жұмыс бітірді?! Жауабы жоқ сұрақтар оны Ғани жайлы ізденіске салды. Қызылордада тұратын Ғанидың жесірі – Бақытжанды іздеп тапты. Әңгімелесті. Бақытжан архивінен бір суретті алдына алып әңгіме бастады. «Москва. Жас зират. Азагүл жапқан зиратты айнала қасірет шегіп көкөрім жастар тұр. Жүсіпбек Арыстанов, Өтебай Тұрманжанұлы, Бейсембай Кенжебайұлы...» Қызылордадан оралған жастар жетекшісі тағы бірде Алматыға тартты. Бақытжан апайы берген сурет қолында. Ол Ғанидың әрі шәкірттерін, шәкірттері арқылы

қанаттас қызметтестері дерегін тапты. Шәріп Өтепов, Мильчаков... Сібірден оралған жазушы Жүсіпбек Арыстанов Ғани өмірінен роман жазбақ ниетін бөлісті. Ондай ой №4 жетім балалар үйінің түлегі, Сібірден жақында оралған Өтебай Тұрманжанұлында да бар болып шықты. Бейсембай Кенжебайұлы Өзбекәліге Ғани қайтыс болған күндері өкпесіне күдіктеніп, Қырымда санаторийде жатқанын, Ғаниды күзетіскен Жүсіпбектен «Ғанидан айырылды» – деп зарлап жазған хабарынан соң, жылап отырып жазған хатын ұсынды. Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұртас Оңдасыновпен жолықтыруға уәде беріп салды. Ғанидай ұстазын іздеймін деген адамнан несін аясын?! Бектас Шынарбаев, Өмірзақ Орынбаев, Мұстафа Қазыбеков есімдерін атады. Олар да Ғанидың шәкірттері. Бірі Орман шаруашылығы министрі, бірі «Түрксіб» темір жолы басшысы... Бейсембай Кенжебайұлы Ғанидың Әбдікәрім Ақбаев, Садықбек Сапарбеков секілді қанаттас достары болғанын әңгімелейді. «Олар жұбы жазылмай, бірге жүрер еді. Үшеуі ошақтың үш бұты секілді болатын. Әсіресе Әбдікәрім екеуі көп істі ынтымақтасып жасайтын еді қазақ баласы үшін» – деген терең күрсініп. Өкініші Әбдікәрім жастай құрт ауруынан көз жұмыпты. Тимирязев Академиясын бітірген тұңғыш қазақ Садықбек Сапарбеков 1938 жылы атылып кетіпті «халық жауы» жаласымен. Ұрпағы Ташкентте тұрса керек. Қарт профессор (қарт болып көрінген) шежіре кісі болып шықты. Ташкенттегі №4 жетім балалар интернатынан қаншама сыр шертті. Профессор интернатты Оспанов (дирижер Тұрғыт Османовтың әкесі), Ғани Мұратбаевтың ұйымдастырғанын жыр қылып айтты. Өздеріне интернатта Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ұлы – Әмин Жүсіповтың сабақ бергенін, оны Ташкентте қаскүнем персиан байының кісі жіберіп, өлтіріп жібергенін біртүрлі шерленіп жеткізді қарт профессор. Тіпті Ғанидың есімі Ғанибай есімді татар байының атынан қойылғанын айтты. Ол иманды, зиялы саудагер екен. Қазалыда зауыт салып, қазақты іске

баулыпты жиырмасыншы жылдары. Мектеп ашыпты. Ташкентте Ғанибай ашқан мектептерде «Алтын Орда тарихы» арнайы пән ретінде оқытылыпты... Бұлар оқыған №4 жетім балалар интернаты Жүсіпов қайтыс болған соң, Әмин (Мұхамедәмин) атымен аталған екен. Кейін өзгеріп кеткен секілді. Кейін өзгерген мектеп өзі қызмет атқаратын Шымкентте де бар болып шықты. «Отызыншы жылдары Шымкентте үш мектеп болды, – деді қарт профессор, – бірі Ахмет Байтұрсынұлы атында, екіншісі Ғани Мұратбаев атында...»

Әрине, жастар жетекшісі қарт профессордың айтқан әңгімесінің бірін түсінсе, бірін түсінген жоқ. Профессор еске алып, күрсініп салып айтқан адамдардың атын да бірінші рет есітіп отыр. Тереңдеп білмейді. Профессор неге күрсінеді олардың атын атағанда, неге көзіне жас алады? Ол жағы да жас жетекші үшін жұмбақ. Бірақ, зейінді Өзбекәлі бір түнде Қырғызстанға қашып кетіп, елге оралмай қойған немере ағасы Әмзбек әңгімелерінің жалғасын тыңдағандай әсерде қайтты.

Шымкентке оралған Өзбекәлі өзін партиялық жұмысқа баулыған Әбжаппар Жылқышиев, Көшербай Ысқақовты көпшілдігін, жұмысты ұйымдастыру ерекшелігін еске алды. Өзінің де отаншыл, шыншыл, іскер «кадр» тәрбиелеуі керек екені түйткіл болып жүрекке кіріп алғалы біраз. Қалаубек Тұрсынқұлов, Қаражан Әбіләзімов, Николай Кабилов (татар), Сансызбай Бекбосынов, Дүйсенкүл Бопова, Евгений Самфалов, Табанды Әжібековті ойша таразылап бақты. «Шықса, осы азаматтардан шығуы керек...»

Іздестіріп бақты. Иә, профессор Бейсембай Кенжебайұлы айтқандай, бұрын Шымкентте Ғани Мұратбаев атында мектеп болыпты. Кейін өзгертіп салған... Отан соғысының бір батырының есімін беріпті. Ұлы Отан соғысы тарихи маңызын ешкім кеміте алмайды. Бірақ, заман ауысқан сайын, мектепке есімі берілген тарихи тұлғалардың атын ауыстыру жөн бе екен? Жалынды жастар жетекшісінің ұмытылуға ай-

налған есімін қайта ұлықтау жолына қызу кіріскен ол ұзамай Шымкент қаласындағы бір мектепке рухани ұстазы есімін беруге мұрындық болды. Енді, өзі талай мәрте келіп, жетім балаларды жиып алып кеткен Шымкентте Ғани Мұратбаев ескерткішін тұрғызу амалын ойлай бастады.

Хатшы, бірінші хатшы. Облыс ~~жіміні~~ орынбасары Владимир Байжанов бұрынғысынша жас досын қолдаумен болды. Ол Өзбекәлі бойынан жалындаған от көреді. Орысша айтсақ ол «детдомист» еді. Есімінің «Валерий» болуы да содан... Жетім өскен Жәнібековті тағдырлас тұту да бар шығар, әйтеуір жантартып жақсы көреді, білгенін айтып тәрбиелейді. Аты бар да, заты болымсыз жастар ұйымы Өзбекәлідей жалын жетекші арқасында облыста жетелі күшке айналғанын көріп, біліп қуанады. Таңдаудың оң болғанын біліп, ішінен бүйрегі бүлк етіп, жымыып алады өзі мұндайда.

Өзбекәлі Жәнібек жалындап шығып КИМ жетекшілігіне дейін жеткен Ғаниға (идеалы) облыста ескерткіш қойғысы келеді. Оны да Вл. Байжанов қолдады. Бірақ, облыстың орыс нәсілді басшысы қарсы. Облысты партия комитетінің бірінші хатшысы болып басқаратын Б.И.Макаров (М.Әуезовтің «Өскен өркен» романындағы Карповтың түп-тұлғасы), кейіннен келген Ливенцов жастар жетекшісіне үрке қарайды. Жолына кедергі бола бастайды. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы мен облыстық жастар жетекшісі арасында кикілжінді әңгіме болды.

– Сенің Ғаниың Ленин бе еді, қақырайтып ескерткіш қоятын? Біздің облыста әлі революция көсемі Владимир Ильич Ленинге ескерткіш жоқ. Ұқтың ба, комсомол?

– Ғани Мұратбаевты Ленинге теңеп отырған мен жоқ. Бірақ, Лениннің жолын ұстап, жалындап шығып жастарды өнер-білімге үндеген. Аз ғұмырында КИМ жетекшілігіне дейін жетіп, құйрықты жұлдыздай ағып түскен Ғани Мұратбаевқа ескерткіш қою әділетті болар еді.

– Кім ол сенің Ғаниың, қайта-қайта ескерткіш қою керек деп бюрода мәселе көтере бересің, жұртшылық назарын шаруашылықтан бұрып әкетіп. – Макаров қабағын шытты.

– Ғани бір қазақ жастар ұйымының ғана емес, Орта Азия жастар ұйымының, тіпті Бүкілодақтық Лениншіл коммунист жастар ұйымының қайраткері. Одақ бойынша жастарға көсем болған жалынды ұйымдастырушы.

– Көсем болған? Ха-ха... Революцияға дейін екі-ақ процент сауатты қазақтан шыққан шама-шарқы қара танитын комсомол «көсем» болады? Ха-ха.. Лениннен өзге кісіге көсемдік жараспайды, жолдас! Мына алапат соғыста жеңіске жетумізге басшылық жасаған Бас қолбасшы Иосиф Виссарионович Сталин жолдасты ғана қоса аламыз көсемнің қабатына.

– Ғани Бүкілодақтық Лениншіл коммунистік жастарының идеалы. Оған Шымкентте ғана емес, Мәскеуде қойылуы керек ескерткіш! – Қызылшырайлы Өзбекәлі Жәнібековтің өңі қуқыл тартып, қысыңқы танауы қусырылып кетті. Ашуы келіп, ыза қысқандағы әдеті.

– Өзіңіз басшының бірі болып қызмет жасап отырған қазақты мына сөзіңізбен кемсітіп отырсыз, жолдас Макаров! Керек болса, мұныңыз ұлт жайында лениндік принципке қайшы...

Ленин атымен ықтырып аламын деген ойынан ештеңе шығар болмады. Комсомол Ленин теориясын алдына ұстап өзіне шабуыл бастағандай, облыс хатшысы абдырап қалды. Абдырағаны қолының дірілінен сезілетін еді. Амалсыз айлаға көшті облыс басшысы.

– Узбекали, өзің ойлансайшы. Мына алапат соғыстан советтік шаруашылық күйреп шықты. Лениннің кезінен совет өкіметі шет елден алған қарызын қайтара алмай келеді. Қайдан аламыз сенің Ғаниыңа ескерткішке қаражатты?

– Сенбілік жасаймыз. Жастардың өздері-ақ жинап береді керек қаражатты!

Өжет Өзбекәлі ойына көптен түйіп жүрген шешімді ойын алғаусыз айтып салды.

– Кімге құйдырмақшысың ескерткішті, комсомол? Облыс басшысы кекесінмен карады жастар жетекшісіне.

Бұл да Өзбекәлі кеңінен ойлап жүрген мәселесі. Партия жетекшісіне:

– Ғанидың ескерткішін мүсіндеуге Сталиндік сыйлықтың лауреаты Вучетич лайықты, – деп салды.

«Өзі пәле, қайдағыны біледі жап-жас болып, – деп ойлады іштей партия жетекшісі. – Вучетичі кім тағы?» Өзінің атақты мүсіншіні танымағанына намыстанды ма, әлде жас азаматтың алдында бәсі түскеніне қымсынды ма, әйтеуір ашу шақырды:

– Өзінің Келесіңе апарып қой, ескерткішіңді. Білдің бе? – деді нығырлап.

Облыс басшысымен әңгіме қырғиқабақтау аяқталды.

Жастар жетекшісі облыстың бірінші басшысы туралы ойлайды: «Шамасы, Москвадан пәр алады-ау, әйтпесе, мұншалықты шалқақтамаса керек қой. Одан да зұлмат соғыстан күйреп шыққан шаруашылықты қалпына келтіруге жұмылдырсайшы бар күш-жігерін. Жергілікті жердегі ахуалды да біліп қарық қылмайды. Жергілікті жағдайды зерттеп білсе, біздің Ғаниға ескерткіш қою идеямызды өз атынан жүзеге асырмас па?! Абыройы көтеріліп жүре берер еді ғой, сонда. Жергілікті халыққа жағу үшін көпшілік тұрғынның тілі қазақ тілін үйренбес пе?! Ей, мұның лашын құстай тепсінуі, сол Никита Сергеевичтің қазақ жеріне қол салуының салдары. Бұдан бұрын түркістандық өзбек асырап, фамилиясын берген Исмайыл Юсупов басқарды бұл облысты. Түбірі бір түрік нәсілінен болған соң дүниеге кең қарасайшы, сабазың. Олай етпеді, Юсупов атын жамылып, өзін өзбекпін деп жарнамалап, өзбек ағайынның атын оздырумен болды. Сол мінезімен Н.С. Хрущевқа ұнаса керек. Мына Макаровымыз да Москваға қарап ұлиды да отырады... Жергілікті тұрғын

мәселесімен шұғыл айналысып, күретамыр шешімін тауып отыру орнына орайы келіп тұрған іс-шараны қолдамай, кері тартып, аяққа оралғы болып отырғаны... Е, «бір қызым бір қызымнан сорақы» деген осы екен ғой. Осындай ішінде ит өліп жатқан, қайраткерлігін халықтан қызғанатын адам жайында Мұхтар Әуезовтей жазушымыз эпопея жазбақ дей ме? Онысы несі екен? Мына Макаров Әуезовтің бір тамшы сиясына тұрмайды ғой, құдай-ау...»

Жастар жетекшісі күйініп келеді. Облыс басшысының кеудемсоқтығы ұнамайды... Күресерге дәрмен жоқ. Комсомолдың жолы қысыңқы. Республиканың ләзбай-тақсыр басшысы «комсомол жайыңа жүр» – десе не боламыз? Амал қанша? «Е, өзін құдай болмаған соң, осы енді...» – деді де қойды іштей. Қазақтың өз жерінде, өз елінде отырып өзін-өзі басқаруға қолы жетпей отырғанына налығаны!

Бірінші басшыдан шамырқанып шыққан жастар жетекшісі облыстық атқару комитетінің бәленбайыншы орынбасары болып төмендеп келген Жұмабек Тәшеновке кірді. Облыстың бірінші басшысынан таппаған шешім қызметі бесінші-алтыншы пландағы басшыдан табады деп сірә да ойламайды. Әйтсе де, Жүмекеңе айтып-айтып, ащы запыранды төгіп тастау керек. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Председателі қызметінен Н.С. Хрушевтің қазақ жерін кеудемсоқтықпен аламын деген бетін қайтарып, содан төмендеген Жүмекең туралы көп жақсы әңгіме естиді өзі. Сол Жүмекең келеді енді. Ашуға алдырған албырт жалынды жас Жүмекең жайында ел аузындағы нешетүрлі алып-қашты әңгімені есіне алып келеді.

«...Жүмекең малым жанымның, жаным арымның садақасы дейтін қазақтың шын перзенті еді. Түрлі айла-шарғымен Н.С. Хрушев билік басына келді. Келді де Ресей патшасының үш ғасыр жүзеге асыра алмаған, И.В. Сталиннің ерлерін асып, атып күйреткенімен түпкі көздеген мақсатына жете алмаған біржолата отарлау саясатына аз уақытта жетуді ой-

лады. Ол қазақтың жалпақ жатқан жерін алу. Әлсіресе әлі де өшпеген қазақтың рухын өшіру, өлтіру... Сарыарқаны Тың сылтауымен Ресейге берсе, мақталы өңір – шаруашылыққа тиімді деп Оңтүстік Қазақстанды (Бостандықты) Өзбек ССР-не берсе, маң жатқан Маңқыстауды Түрікмен ССР-не... Бірақ, мұның біріне Нұртас Оңдасынов, екінші, үшіншісіне Жұмабек Тәшенов қарсы.

Хрушев КПСС Орталық Комитеті Бюросы атынан сөйлейді, үкім етеді. Бірақ, қағаз жүзінде болса да лениндік СССР-ға біріккен елдердің еріктілігі жөнінде декрет бар. Қағаз жүзінде ғана істейтін декретті, Қазақ ССР-і басшыларына қол қойдырып, бармақ бастырып алса жетіп жатыр. Халық – тобыр, ел – бодан. Одан ығудың, онымен санасудың керегі жоқ. Референдумның да керегі жоқ. Қазақ КСР-нің бірінші хатшысы мен Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасына «қол қой» – деп Орталық Комитетте жасалған келісім қағазын ұсынады. Бірінші хатшы қыпылдайды. Осы сәт Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің председателі (ол кезде солай) Жұмабек Тәшенов орнынан атып тұрыпты:

– Сіз не айтып тұрсыз, Никита Сергеевич? Жер – халықтікі. Мен уақытша ғана басшымын. Ата-бабамыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен көзінің қарашығындай, анасының арындай адал қорғап келген жеріне басшы екенмін деп билік жүргізе алмаймын. Халықтың жеріне билік жүргізуге ешкімнің де, ешқайсымыздың да хақымыз жоқ. Қол қоймаймын. «Қол қой» деп зорласаңыз, халықаралық ұйымдарға шағынамын! – депті атып тұрып.

Бюрода Хрушев сасқалақтап қалыпты. Хрушев басқарған бюро сөйтіп нәтижесіз аяқталыпты. Қатер бұлтқа айналып, қазақ даласының үстінде тұрып-тұрып сейіліпті... Бұлт жаңбыр болып Жүмекеңнің үстіне толассыз жауыпты...

Жұмабек Тәшеновтің Хрушевқа қасқайып қарсы тұруы – адам айтуға жасқанатын ерлік болды уақытында... Өзі де қуғын көрді... Қызметінен қуылды. Шымкентке жер аударылды...»

Ашуға булығып келген жалын жас Жұмабектен арқаланып шықты. Жұмекең де әрбір ісі аңызға айнала бастаған албырт жастан өзін көргендей болды. Мәселенің бір Макаровка тіреліп тұрмағанын, революция көсемі В.И. Ленин өлген соң лениндік ұлт саясатының бұрмаланып кеткенін түсіндірді. Ұлы Отан соғысы атымен орыс халқына «ұлы орыс халқы» дегенді айтып жағынған Сталин саясатының тұнып тұрған озбырлық болғанын айтты. Сталин саясатын әшкерелеген болып, шынына келгенде «ұлы орысшылдық» кеудемсоқтықты күшейтіп жіберген Хрущев қателігін өзінің тағдырымен сабақтастырып талдап жеткізді жалын жасқа. Жалынды жастан өзін көргендей болған Жұмекең облыстық жастар жетекшісін қызбалықтан сақтандырды.

Өзбекәлі Ғаниға ескерткіш тұрғызу мақсатынан танбады. Облыстың комсомол жастарына ескерткіш үшін қаржы жинатты. Жарна қорынан қосты. Қомақты қаржы жинала бастаған соң Москваға арнайы жол тартты. Вучетичті де тапты. Бірақ, өзі тәңірідей табынып жүрген Вучетичтен көңілі қалды. Ғанидың кім екенін білмейтін болып шықты. «Құдайдай табынып жүрген Ғаниың кім?» – деп қарап тұр мүсінші. Ғанидың кім екенін түсіндіріп бакты. «Гонорарының» жайын сұрады мүсінші. «Құрғақ патриотизмге жұмыс істеп шапқылап жүретін желпілдеген жастардың жарнасына қай бір мүсін шабарсың...» Ақыры Ғаниын тықпалап болмаған тегеурінді жастан «Ғани көрмеген адамым. Көрмей, білмей жасалған мүсін көңілдегідей шықпауы мүмкін. Оның үстіне Ғани қазақ. Оны қазақ мүсіншінің соққаны дұрыс болар... Мүмкін Хакимжан Науырызбаевты қолқаларсыз? Мүсін өнерінде ұлттық характер дегеніміз бар. Ұлттық характерін бере алмаймын ғой. Жалпы, менің шығармашылық жоспарым көп еді...» – деген секілді сан сылтау айтты даңқты мүсінші. Атақты мүсінші Ғанидың мүсінін соғуды өзіне тең көрмеді. Коненковтан кейін аты аңызға айнала бастаған мүсіншінің Ғаниды білмеуі менсінбеушілік сияқты әсер етті.

– Сіздің бет пішініңізден «маска» жасап алайын... Соны қалыпқа құя қоямын...

Өзбекәлі шошып кетті.

– Қалай, сонда Сіз Ғаниды менің пішінімнен жасамақпысыз?

– Жасаса несі бар? Сіз ұқсайсыз. Ұқсайсыз дегенім не, тәйірі, сіз өзіңіз жантартып, жақсы көріп, тіпті сүйіп сөйлеп отырған Ғаниыңыздан айнымайсыз. Құйып қойғандай...

– Ғани қайда, мен қайда? Менің қушық танау, сопақ бетімнен от жалын Ғанидың жаны қайдан көрінсін.

– Сіз ойлағандай, көшіріп, құя салмаймын қалыпқа. Бізде «көркемдік жинақтау» деген болады. Мен сіздің түсіріп алған бейнеңіздің ішін тоқимын. Сіздің «маскаңыз» бұл жерде бар болғаны маған старт алатын тірек қана, кішкентай деталь ғана. Образға апарар «натура» ғана...

Өзбекәлі ат-тонын ала қашты.

Жасы құралпы мүсінші бастырмалатып болмады бірақ. Тіпті «заказдан» бас тартуға дейін барды. Шарасы таусылған Өзбекәлі көнуге мәжбүр.

Облыста өзекті мәселе көтеруімен қырғикабақ болып жүріп жатқан Өзбекәлі аты бұл кезде республикаға танылып қалып еді. Өздері кірісіп кетпегенімен Бүкілортазия жастарының көсемі бола білген Ғани Мұратбаевтың ескерткішін орнатуға іліп алып басшылық жасамағанымен, иіле келе идеясына ЛКСМ Орталық комитеті қолдау көрсете бастады. «Оңтүстіктің жігіті. Былық-шылығы көп болар-ау» – деп ойлайтын Сағындық Кенжебаев та Өзбекәліге оң қабақпен қарай бастады.

Оңтүстік облыста ескерткіш жасау идеясы жалғаса береді. Игі іске еруліге қарулы шығып, қолдау көрсетсе керек еді. Олай болмайды. Орта Азия жастары көсеміне ескерткіш орнату ісі адымынды алға басқан сайын аяқтан шалу асқындай береді.

Қазақ жастарын партия мал бағуға шақырады. Жастар жетекшісі «Бабасының сорына біткен қой бағу – қазақтың баласының маңдайына сүртсе де кетпейтіндей болып жазылып па? Жақсы болса, орыс нәсілді жастар неге қой бағуға бармайды? Қазақ жастарын оқу-білімге бағыттауымыз керек. Ең болмаса өндіріске жіберу шарт. Көзі ашылады. Өмір көрсін. Қалалық мәдениет үйренсін!» – деп қарсылашып бағады. Ой бағуға жарар қанаттасым деп сенген кейбір жастар партия шақыруына желігіп, қой дегенін тыңдамай, қой бағуға аттанады... Облыстық партия комитетінің алдында мысы басылғандай болып, іші уілдеп қала береді Өзбекәлі Жәнібек. Жастардың жыртысын жыртып, сойылын соғып қырғи кабак болып жүргенде, сағын сындырып кеткендей болды жастар ұйымының белсендісі. «Отырардан шығып ой бақпай, қой баққан азамат болып енерсің тарихқа!» – дейді досына кіжініп.

«Қыздарды – техникаға!» Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы ойлап тапқан тағы бір «шақырудың» сиқы міне, осындай еді. «Өзі аз қазақты көбейте ме деген болашақ аналар трактордың руліне отырса, жетіскен екенбіз, – деп ойлайды Өзбекәлі Жәнібек. Біздің бүгінгі қыздарымыз ертең елдің анасына айналмас па?! Ұлт өссе де – анадан, ұлт өшсе де – анадан. Трактордың руліне, комбайнға отырғызған біздің қыздарымыздан ертеңгі ел Анасы қалай өсіп шықпак?...» Өзбекәлі Жәнібекке өз пікірін бұқпантайламай, айтып салу жасынан тән. Бұл, өзі өз дүниетанымынан туындайтын мінез! Бір жағынан жетім өсіп өмір танығыш қалыптасудан да шығар. Жетімдіктің өзі де біреуді езіп жіберсе, енді біреуді өршіл етіп жібере ме, қалай?! Әйтеуір, Өзбекәлі Жәнібек үлкенді-кішілі жиылыстарда пікірін айбынбай айтуды ұстанып келеді. Сол мінезімен, Макаровтың алдында «тракторист қыз» жайлы ойын тежемей айтып-айтып жіберді. Әрине, облыстың бірінші басшысына жастар жетекшісінің қарсы пікірі ұнамады. «Мынауың, нағыз ұлтшыл

ғой, – деп ойлаған. – Ұлтшылдарды 1937-38 жылдары тұқымын тұздай құртқан жоқ па едік? Жок. Қасқыр атылғанымен, бөлтірігі қалып қойған екен...»

Әрине, облыстың бірінші басшысы шовинист емес-ті. Оның ойы орыстың ұлтшыл коммунистінің сөзі. Мына жастар жетекшісінің «қазақ баласы» қой бағуға бармасын. Қой бағу жақсы болса славян жұрты неге бармайды мал бағуға? Қазақ қызы тракторға отырмайды. Ертең қазақты көбейтуге тиіс нәсіл табиғаттың жаратылысы бойынша жүрсін!» – деуі, оны қатты ойландырады. Тіпті «Макаров жолдас егер де, қазақ қыздарынан қолдау көргіңіз келсе, әйеліңізді трактор руліне отырғызыңыз, мен де солай етейін, сосын барып жұрттан талап етейік... Әйтпесе, «қыздар – техникаға» – деп ұрандатқанымыз, командирдің соғыста «Алға!» – деп ұрандап, жауынгерлерді көтеріп, өзінің окопта бұғып қалуымен бірдей. Өзіңіз білесіз, мен жастарды Ұлы Отан соғысының қаһарманы интернационалист Бауыржан Момышұлының ерлік рухында тәрбиелегім келеді. Әлденеше рет облысқа шақырып, әскери гарнизондарда, мектептерде кездесулер өткіздім. Бауыржан әкеміздің принципі өзі жауынгерлермен қан майданда ірге ажыратпай, бірге болу! Маған Бауыржан Момышұлы ұнайды бар қайсарлығымен де, қиқарлығымен де! Ұнағандықтан да жаңа туған балама Бауыржан деп батыр әкемнің атын бердім!...» – деді-ау. Сонда мен партиялық шақыруды жүзеге асыру үшін әйелімді трактордың руліне отырғызуым керек екен ғой...» Ол ызаға булықты. Бауыржан Момышұлын ұлтшыл деуші еді. Оны ұстаз тұтушы мына біздің комсомол да ұлтшыл шығып жүрмесін. Онда біздің таңдауымыздың қате болғаны, ұятқа қалуымыз мүмкін екен мұндай «кадрмен»... Макаров ұлтшыл жастар жетекшісін кіналай отырып, өзінің «шовинизм» ауылынан бір-ақ шыққанын сезбей де қалды. Ал, Өзбекәлі болса өзінше ойлайды.

Отызыншы жылдардың содырлы сойқандары – 1932-33 жылғы халықты қынадай қырған қолдан ұйымдастырылған

аштық, 1937-38 жылдардағы қазақтың іске татыр азаматын қанды қырғынға ұшырату, түгіні шалмаған, түгін қалмаған Ұлы Отан соғысы аталатын қан-қасап соғыс – қазақ жастарының рухын жойып жібере жаздағанын жастар жетекшісі жақсы білді. Тіпті соғыс зардабынан қазақ жеріне депортацияланған шешен, неміс, месхет түркі, қарашай, грек ұлт өкілдерінің адымды алшаң алып, қазақ жастарына «болашақ қойшы» райында қарай бастағанына күйінді. Жалған «интернационализм» девізімен ұлттық рухтың басылған үстіне басыла түскенін көріп, біліп, жадына түйіп өсіп келеді өзі де. Білгендіктен де басты мақсатым – қазақ жастарын ояту, ұлттық рухта ширықтыру, намысты етіп тәрбиелеу деп ұқты облыс жастарының жалынды да ойлы жетекшісі. Сол үшін де алған бетінен қайтпады.

Әрине, Мұхтар Әуезовтей дана жазушының «Өскен өркен» роман-эпопеясына (солай жоспарлаған) кейіпкер – Карпов кейіпкер түптұлғасы, прототипі) етіп алған облыс басшысының кертартпалығы ұнай бермейді. Тіпті «ұлы орысшылдық» сырқатынан да сау емес-ау деп ойлайды. Өйткені, облыстық партия комитетіне де, облыстық комсомол комитетіне де славян нәсілінен кадр тықпалауы, олардың шикі шығып, өзіне ұят келтіре беретіні көңілге күдік ұялатады. Бұл Қазақстан емес пе? Оның үстіне бұл қазақтың қаймағы бұзылмаған, ұлттық құнары ұстанатын салт-дәстүр сабақтары арқылы кертілмеген оңтүстік! Асылы, славян жұрты басымы өңірге орыс басшы, қазағы қалың өңірге қазақ басшы жіберсе қайтеді? Мұнысы несі? Төскейде малы, төсекте басы табысып жататын өзбек ағайындардан үйренсек уәжіп емес пе?! Бірауық жастар жетекшісі осылай да ойлайды. Өйткені, орыс басшының алдында маңдайы тасқа тигендей бола береді. Мәселе көтермесең, қазақтың есесі кетіп барады. Мәселе көтере берсең, мына орыс басшыға жақпайсың? Ештеңені елең қыла қоймайтын, отты, жігерлі жас Өзбекәлі Жәнібектің кейде осылай жаситыны болады...

ЖАСТАРҒА КӨСЕМ БОЛҒАН...

Алматыға шақырылды. Жастар ұйымының қатардағы хатшысы Михаил Иванович Есенәлиев Москваға партия мектебіне оқуға шақырылған. Орнына ол Өзбекәлі Жәнібекті ұсынды. Алдымен Жастар ұйымының қатардағы хатшысы болып бекіді Өзекен. Жастар ұйымының бірінші хатшысы Қ.Егізбаев Атырау (ол кезде Гурьев облысы) облыстық партия комитетіне хатшылық қызметіне ауысты. Орнына Өзбекәлі Жәнібекті ұсынды. Өзбекәлі Жәнібек Республикалық Жастар ұйымының бірінші хатшысы. Тағы да сол ұстаным. Қайтсек қазақ жастарының рухын оятамыз? Олар неге қой бағуға тиісті? Олардың сыбағасына өнер-білімнің бұйырмағаны ма? Ең болмаса дүниеге көзін ашар, өзге ұлт жастарымен араластырар, шындар өндіріске жіберсек ше? Жастарды отансүйгіштік сезіміне қалай баулимыз? Білімсіз қараңғы жастың отансүйгіштік сезімі орнықты бола ала ма? Қазақ жастарының есесі неге кете береді? Одаққа кең танылған Ғанидайын тұлғасы бар Республика жастар ұйымы жетекшісі неге Орталықта Бюро мүшесі емес? Неге Мәскеуде Ғаниға ескерткіш жоқ? Ғанидың қайда жерленгенін білетін кісі бар ма, сірә?

Ол дереу комсомолдың «Ардагерлер кеңесін» құрды. Оны Шәріп Өтеповке басқартты. Мәскеуге – Мильчаковқа хат жазды. «Сіз Ғанидың шәкіртісіз. Қалай ойлайсыз КИМ жетекшісі болған Ғани Мұратбаев бүкілодақ денгейінде неге аталмайды? Неге насихатталмайды? Ғанидың бүкілодақтық өреде аты аталмауы, ісі насихатталмауы, оның тарихи еңбегі айтылмауы – КИМ (Коммунистік Жастар интернационалы) тарихына нұқсан емес пе? Шәкірті сіздер намыстанбайсыздар ма тарихи әділеттіліктің бұрмалануына?» Республика Жастар ұйымының жаңа жетекшісінің Бүкілодақтық комсомол ардагерлеріне қояр сауалы осылай-осылай шықты. «Ардагерлер кеңесі» арқылы Ғани шәкірті, профессор

Бейсембай Кенжебаевтың архивінде сақталған екі суретті қолкалап сұрап алды. Бірінде КИМ жетекшісі Ғани Мұратбаевты ақырғы сапарға шығарып салу қаралы рәсімі. Қаралы жиынды қазақтан шыққан марқасқа, тұңғыш елші, көп тіл білген білімпаз түрколог Нәзір Төрекұлов басқарып жүргізіп тұр. Ғанимен қоштасуға келген мәскеуліктер кара нөпір. Кремльдің Іс басқарушысы Подвойский сөз сөйлепті қаралы жиында. Екінші суретте топырағы кеппеген жас зират. Көздеріне жас алып Жүсіпбек Арыстанов, Өтебай Тұрманжанов, Бейсембай Кенжебаев, Бакытжан Мұратбаева тұр. Бәрі де өрімдей жастар. Ғани зиратының басында. Бірі ұстазын, бірі аз күн отасқан жарын жоқтап тұр...

Фоторәсімді қолға алған Жастар ұйымының жетекшісі «Ардагерлер кеңесі» арқылы Ғани рухын оятуға кірісті. Кездесулер, кездесулер... Жастардың аға буынмен кездесуі... Кездесулер бейне ғылыми конференция сияқты өтіп жатты. Жастар газеті Жастар ұйымының бар жаңалығын «сүйінішілеп» жазып жатты. Республикада Ғани аманатына адалдық шеру тартты. Жастар Ғани рухына адалдыққа баулынды...

Шумиловичка құйғызған Ғани мүсіні дайын болды. Осы бір тұста Оңтүстік Қазақстан облысының бірінші басшысы Б.И. Макаровты Москва жоғарылатып алып кетті. «Орайлы сәт – деп ойлады Өзбекәлі Жәнібек, – Ғанидың күні туады. Енді ескерткішті «Пионерлер сарайының» алдына тұрғызымыз». Ғани Москвадан Шымкентке жол тартты. Облыстың жаңа басшысы қазақшаға судай Ливенцовпен сөйлесті. Жайшылықта жастар жанашыры болып жылпылдап жүретін облыс басшысы Ғаниға ескерткіш қою мәселесіне келгенде жылан шаққандай үрпие қалды. Әлде, Макаров жеріне жеткізе, жақсы идеяның тұқымына тұз құйып айтып кетті ме екен? Әйтеуір аяғына отырғызар емес. «Ғани түгілі Ленинге ескерткіш жоқ қой мұнда?» – деген сылтау тағы да алдынан шықты. Бұрынғы басшы Макаров, бүгінгі басшы Ливенцов...

бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай. «Құдай-ау, сары орыстың бәрі орыс» болғаны ма? Мұнысы несі? Макаровка қарағанда жаңа басшы «жуас қашағандау», жақсы жалтарады...Бастырмалатып болмаған Жәнібековке «Ойланайықшы. Мүмкін Шымкенттің бір шетіне қоюға болар...» дейді.

Ал Ғанидың орны Жастар ұйымының алды емес пе?!»

Ашуға булыққан Жәнібеков облыстық Жастар ұйымының жетекшілері Қалаубек Тұрсынқұлов, Қаражан Әбіләзімовке тапсырма берді. «Облыс басшылығы қарсы. Қарсылығына қарамай, Москвадан құюлы тұрған Ғани ескерткішін алдырып Облыстық Пионерлер сарайының алдына қасқайтып қоюдың амалын карастырыңдар!» Өзінің ізбасар шәкірттері, мүдделес қанаттастары қапысыз қимылдап, іске кірісті. Өзі Қазақ ССР-нің бірінші басшысымен сөйлесіп көрмек. Сөйлесті де, либерал кісі ашық қолдай алмады. «Облыс басшыларымен тіл табыссандаршы. Онда В.И. Ленинге ескерткіш бар ма еді, осы?...» бұралаңға салып бақты. Мүсінші Давид Шумиловичпен кеңеседі. Тіпті айтқаны екі болмайтын, түкірігі жерге түспейтін КПСС Орталық Комитетінің хатшысы Суловқа кірсең деп «азғырады». Өзара көңілдері жарасып, аралық адами қатынасы достыққа айналып үлгерген Давид Шумилович есебін тауып Суловқа кіреді. «Оңтүстік Қазақстан жастары комсомол жарнасынан жиып, мүсінге заказ беріп еді. Бірақ, біткен Ғани Мұратбаев ескерткішін орнатуға облыс басшылығы қарсы. Сол себепті жастар «гонорар» есебінде аударған 20 мың рубль қаржысын қайтарып беруді сұрайды. Дайындағалы бірнеше жыл. Ақшаны қайтару маған қиын...» Тіпті мәселе оң шешілмесе, ұлтаралық қатынастарға көлеңке түсуі мүмкін екенін айтып, КПСС Орталық Комитетінің идеология хатшысын ұйытып бағыпты Давид досы. Мәселе оң шешілген.

Ливенцов еңбек демалысына кетіп, Кавказдағы санаторийде демалып, қайта ораламын дегенше Ғани ескерткіші межелі жерге қондырылды. «Пионерлер сарайы» алдына

қойылған ескерткіш арқасындағы ғимаратпен қосылып ансамбльдік сипатқа келді, архитектуралық-мүсіндік біртұтас кешенге айналды...

Жалынды жастар жетекшісінің көп жылдық арманы орындалды, көп жылдық түн ұйқысын төрт бөлген ойы мәреге аптығып жетті ақыры.

Өзбекәлі Жәнібе ескерткішпен де тоқтамады Ғанидың кіндік қаны тамған Қазалыда музейін ұйымдастыртты. Бұл – жалынды жас, асқан ұйымдастырушы болып қалыптасып келе жатқан Өзбекәлі Жәнібектің музей ісімен тұңғыш «бетпе-бет» келуі, тұңғыш «тілдесуі» еді. Осыдан соң сырт елге шықса, алдымен ат басын сол елдің айтулы музейлеріне бұратын мінез тапқан. Осыдан соң Қазақстанда музей ісін өркендету арман болып Өзекеңнің бір бүйірінде жатқан... Музей – мәдениет. Музей – тарих. Музей – жастарды жанды экспонатты пайдаланып, қызықты экспозициямен тәрбиелеу. Біртұтас идеология! Ол осылай ой түйді. Музей ісін үнемі қайда жүрсе де бір бүйірінде ұстайтын болды Өзекең. Ол аз болса, Ғани қызмет еткен, «Түркістан республикасында» комсомол ұйымын қолымен құрған, «Жас қайратты» ұйымдастырып, жарыққа шығарған Ташкентте де жасатты Ғани Мұратбаев музейін. Оған Өзбекстан Жастар ұйымының бірінші хатшысы Ядгаров досын достық қатынасын алға сала ұтымды пайдаланды.

Ғани арқылы, жалынды жастар жетекшісінің рухына қызмет ету арқылы – қазақ жастарының өшкен рухын қайта оятты. Орта Азия Жастар ұйымының жетекшісі Ғани Мұратбаев ізінде жүріп бір түсініксіз жәйді аңғарды. «Біздің басшылық қазақ қайраткеріне келгенде тым сақ, тым енжар келеді екен мәселеге. Неге? Қайраткердің есесі – қазақтың есесі, қазақтың тарихы емес пе? Әлде Қазақстанда Совет өкіметін тек орыстар жасады ма? Қазаққа қарағанда тамыры бір өзбек ағайын ұлттық болмысын сақтаған ба деп қалады. Ташкентте Ғани Мұратбаевқа музей ашу – бір облыста

ескерткіш қоюдан оңай болып шықты, жедел жүзеге асты. «Ғони оқа Мұротбоев – біздің әм тарихымыз емес пе?!» – деп ұсынысты құнжындап қолдап, құмбыл кірісті абыройлы іске өзбек досы Ядгаров. Жедел жүзеге асырды. Қазақ музейі емес, әрине. Өзбекстан музейі, өзбек музейі, өзбек мәдениеті ескерткіші... Қазақ азаматынан өзбек тарихын жасақтаған, жарайсындар, өзбек бауырлар!.. Ал, біз ше? Біз осы әсіре интернационалист болып алған жоқпыз ба?

Қос суретті қолына алған ол Бүкілодақтық лениншіл жастар ұйымының жетекшісі С.Павловқа телефон соқты. Мәскеуге келгенде кіріп шықты. Көлденең тартары бір сұрақ: «Кезінде КИМ жетекшісі болған қазақ Ғани Мұратбаев неге одақтық деңгейде айтылмайды? Қайда жерленгенін, зиратын неге білмейміз? Комсомол архивінен Ғани зиратын табуға көмектесіңіз!» Жастар жетекшісі сарсыла ізденді. Ғани өмірінен мақалалар жазып жүрген қаламы жүйрік журналист Сейілхан Асқаровты Мәскеуге аттандырды. Ұзақ жылдық саяси қуғын-сүргіннен жаны тоналып жеткен Жүсіпбек Арыстановты, Шәріп Өтеповты, Бақытжан Мұратбаеваны алып, бірге ұшты. Ақыры Ғанидайын құйрықты жұлдыздай ағып түскен бозымның зиратын тапты, Вучетичке мүсінін құйғызды, Е.Тяжельников бастаған одақтас республика Жастар ұйымының басшыларын қатыстырып, қаралы рәсім өткізді. Оларды сөйлетті. Одақтық баспасөз шулап, «Комсомольская правда» газеті жарқыратып жазып жатты...

Сөйтіп жүріп Қазақстан лениншіл жастар ұйымының Орталық Комитеттегі орнын анықтады. Бұған дейін республика комсомол ұйымының Одақта рөлі болмапты. Республика Жастар ұйымының басшысы Бүкілодақтық лениншіл жастар ұйымының бюро мүшесі болып сайланып көрмепті. Орталық аппаратта қазақ жастары неге жоқ? Жамбыл облысынан Мұхамедқасым Шәкеновті ВЛКСМ аппаратына қинап нұсқаушы етіп қызметке жіберді. Өзі Өзекеннің ол камқорлығы жайында: ««Ана жылғыдай балалық жасама, келісім бер, ондай

жерге екiнiң бiрiн шақыра бермейдi, бағынды байлама» деп ақылын айтты. Ертеңiнде Мәскеуге бiрге ұштық. Останкинодағы жолдасының үйiне қонаққа бiрге ертiп барды. Өзекең жақсы мiнездеме бермесе, ондағылар менi қайдан бiлсiн. Мұндай қызметке ауысуымды оның қамқорлығы, тәрбиелеудiң бiр түрi деп түсiндiм. Ондай жақсылық ұмытылмайды.» – деп жазды кейiн өзiн Өзекең шәкiртi санайтын азамат. ВЛКСМ аппаратында қазақ жасының орны болу кейiн келе үзiлiссiз дәстүрге айналды. Атап айтсақ, ВЛКСМ аппаратында Қазақстаннан қызмет еткен соңғы жастар инспекторы Қырымбек Көшербаев болды.

Өзi ВЛКСМ бюро мүшесi болып сайланды. Республика басшылығы алдында абыройы өсе бастады. Қайраткер өз ұланының қадiрiн Москва арқылы бiлетiн қайран қазекем!? Ол тағы жастар ұйымдарын күшейтуге кiрiстi. Ойлағаны – «Өзi республика басшылығына сөзiн өткiзетiнi секiлдi облыстық буын жетекшiлерi облыс басшыларына сөзiн өткiзiп отыруы керек. Әйтпесе, керегi не Жастар ұйымының?! Өсiру керек, жастарды...».

Өзбекәлi Жәнібектiң көңiлiне мықтап түйгенi осы болды. Бүгiнгi жас – қазақ елiнiң ертеңi. Бүгiнгi жасты жетелi тәрбиелемен мықтап тұрып жан-жақты етiп тәрбиелесек, ертеңiмiз ғажайып болмас па?! Бүгiн жастар дұрыс тәрбие алмаса, болашаққа оң бағыт берiлмесе, ертең республиканы «өгiздей өрге сүйрер» (С.Мұқанов) өрелi қайраткердi қайдан алмақпыз?! Қазiр ғой, бар облыс басшылары, зәуiде қазақ басшының бiрiншi орынбасары – Москвадан келедi. Республика басшылығын көзге iлмей, жоғарыдан келген орта буын басшылар, жергiлiктi жердiң жас азаматтарын өсiруге енжар қарайды, белгiлi мерзiм отырып, соңынан Москва арқылы одан да жоғары қызметке өзге өңiрге жоғарылап кете барады. Сонда республика жастарының жазығы не? Кiм тәрбиелейдi оларды? Жоқ әлде олардың мандайына атасынан қалған ақ таяқты ұстап, мал бағуды өлгенше жазып қойып па?! «Өз

елі өз ерлерін ескермесе, Ел тегі қайдан алсын Кемеңгерді?!» (І.Жансүгіров). Қазағым дегендей, елдің ертеңгі кемеңгері – сол елдің бүгінгі жастары! Жастарды өсіру керек! Жастарға сену керек! Ол осы бір тоқтам ойларын бойтұмардай етіп мақсатқа айналдырып жүрегінің түбіне түйді.

Өзбекәлі Жәнібек Республика Жастар ұйымының бірінші хатшысы болып сайланған кезде Жастар ұйымының дербес ғимараты да жадау-жүдеу екен. Мәселе көтеріп Жоспарлау комитетіне барды. Комиссия төрағасының орынбасары – Ілияс Омаров. Ілияс Омаров облыс басқарған, Орталық Комитеттің хатшысы қызметтерін атқарған, тәжірибелі азамат. Елуінші жылдары КПСС Орталық комитетінің қаралы қаулысына орай, орталық қаулысын жүзеге асыру үшін Республика партия комитетінің шығарған қаулыларын жүзеге асыру жолында шарасыз аяғын жамандыққа шалдырған сәттері де бар. Шарасыздан барған. Қысаң уақыттан қуғын көрген, қуғын көре жүріп, аққаптал болған азамат. Елдік істердің басы-қасында көп жүрген, халық сөзін айтумен келе жатқан Ілияс Омаров Жастар ұйымының өзіне өтінішпен келуін жақсылыққа жорыды. Жастар ұйымының дербес үйінің жоқтығы Ілекеңнің жанына батудайын батып келе жатқан бір мәселе. Аз-кем сұрақ беріп, Жәнібековтейін жана дидардың жауабын тыңдаған дана дидар Жастар ұйымының жана да жас жетекшісіне жанымен ақтарылғанын өзі де білмей қалды. Жоспарлау комитетінде бөлім басқаратын Нұрым Сансызбайұлы есімді азаматты шақырып, Өзбекәлі Жәнібековпен таныстырды. Таныстырды да Жастар ұйымына жана ғимарат салудың сметасын шығару, жоспарға кезексіз кіргізу мәселесімен терендеп шұғылдануды тапсырды. Сөйтті де тұлғасы да, бет келбеті де романтикалық рухта жасап өткен Ғани Мұратбаевқа ұқсайтын осы бір азаматқа барынша ақтарылды. Жәйімен майда қоңыр үнмен басталған әңгіме бірде іштегі мұңға оранып, енді бірде әлдекімдерге деген ашу-ыза кернеп күйініш-сүйініші аралас кенен әңгімеге ұласып, кетті.

«Қазір қазақ әдебиетінде де Олжас Сүлейменов, Тұманбай Молдағалиев, Сәкен Жүнісов деген үш жігіт жақсы дебют жасады. Егер мен бірдеңе түсінетін болсам, болашақта әдебиет қазанының құлағын осылар ұстайтын болады. Менің жағдайымда әдебиет мәселелеріне араласа бергенімді біреу түсінсе, біреу түсінбес. Сен осыларға қамқоршы болсаң қайтер еді?»

Абзал аға жәй әңгіме емес, сыр етіп шерткен әңгімесін осылай Жастар ұйымының жаңа жетекшісіне міндет арта түйіндеді.

Өзбекәлі Жәнібек әдебиетпен қатар өнер дүниесінде төбе көрсетіп жүрген бірсыпыра жастар бар екенін айтып, бәрінің жайын бірге ойласып отырсақ деген тілегін алға тартты. Бәрі де қаржыға келіп тірелетінін екеуі де біліп отыр. Еруліге қарулы. Екеуі бірін бірі міндеттеді. Екеуі бірін бірі үгіттеді. Екеуі бірін бірі қолдайтын болып сөз байласты ақыры.

Өзі өмір бойы ұстаз тұтып өткен асыл ағаның алдынан ойланып шыққан Өзбекәлі Жәнібек Республикалық Жастар ұйымының жанынан әдебиет және өнер ақылдастар алқасын құрды. Әдебиет ақсақалдары Сәбит Мұқанов, Әбділда Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаев, өнер ақсақалдары Ахмет Жұбанов, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Евгений Брусиловский, Сыдық Мұхамеджанов, Латиф Хамиди, Гүлжиһан Ғалиеваны кеңеске мүше етті. Олардың қатысуымен жастар шығармаларын жан-жақты талдаулар ұйымдастырылды.

1962 жылы 5 сәуірде Қазақстан комсомолы X съезі алға қойған мәселелерді талқылаған шығармашыл жастардың республикалық кеңесі болып өтті. Онда жастар шығармашылығына талдау жасалды. 29 мамырда Жастар шығармашылығы жөнінде арнайы қаулы қабылдады. Тарихта тұңғыш рет Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы тағайындалды.

Республика Жастар ұйымына арнайы ғимарат салдырған, жастарды Ғани рухымен оятқан, Қазақстан Ленин комсо-

молы сыйлығын белгілеген (оның тұңғыш иегері – мәңгі жастық жыршысы – Саттар Ерубәев), «Сазген», «Шертер», «Адырна» саз аспапты ансамбльдер ұйымдастырған, кексе ақын-жазушыларды шақырып (С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев), талантты жастардың (Т.Молдағалиев, О.Сүлейменов, Қ.Мырзалиев, С.Жүнісов, С.Мұратбеков) шығармаларын талдатып, жолын ашқан, жастар сыйлығына ұйғарған, Композиторлар одағына мүшелікке қабылдамаған Шәмші Қалдаяқовқа Жұбан ағасын (Молдағалиев) алға салып сөйләтiп, Жастар ұйымының сыйлығын алып берген, «Байқоңыр» ғарыш айлағынан тұңғыш космосқа ұшқан ұшқыш Ю.Гагаринмен алдын ала байланыс орнатқан жастар ұйымының жетекшісі – Өзбекәлі Жәнібек. Жастар ұйымының жұмысын тiптi басқа, жаңа арнаға түсіріп жіберген едi.

Адамзат тарихындағы тұңғыш құбылыс Ю.Гагариннің ұшуына байланысты жазылған Олжас Сүлейменовтің «Адамға табын, Жер, ендi!» поэмасын Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығына ұсынған да Жастар ұйымы, поэманы талдатып, сыйлыққа ұсындырған Жастар ұйымының жетекшісі Өзбекәлі Жәнібек. (Ө.Жәнібек. «Тағдыр тағылымы»). Олжас Сүлейменовке кәделi сыйлық тапсырылу салтанаты кезінде Өзекеннің өзі ұйымдастырған «Сыр сұлуы» ансамблі ән, күймен Москва сахнасын ажарлап тұды. (А.Абылаев). Жастардың екпіндi құрылысын ашқан, Көктөбеде ашық аспан астындағы музей бағдарлаған, сөйтiп жастарды рухани түлеткен, сол кездiң өзінде жастардың «рух сардарына» (Ә.Кекiлбайұлы) айналған Өзбекәлі Жәнібек!

Жастар газетi – «Лениншiл жастың» сол жылдардағы тiгiндiсiн парақтасаңыз, Республика Жастар ұйымының жетекшісі Өзбекәлі Жәнібек бастап атқарған өскелең iстердiң күнсанап қарқын алып, ұйым қамқорлығының арқасында жедел де жемiстi атқарылып отырғанына куә боласыз, күн сайын жастар ынтасымен ашылып жататын, ашылып жататын жаңалыққа қайран қаласыз.

Бұл кезде Камал Смайыловтың ұсынуымен жастар газетінің Арқадағы меншікті тілшісі болып істеп, «Социалистік Қазақстанға» тілші болып оралған Шерхан Мұртаза «Лениншіл жас» газетінің редакторы болып тағайындалады. Газетке әділетті, ақиқатшыл азамат Шерхан Мұртаза оңтүстіктен Мұхтар Шахановты, Атыраудан Фариза Оңғарсынқызын, Шығыстан Оралхан Бөкей секілді жастарды тартты. Ылғи сен тұр мен атайын, ауыздығымен алысқан сәйгүліктердей таланты тасыған, тасыған дарынын қалам қуатымен жүрек жұпарына орап жұртына ұсынатын сайыпқырандар. Бұл кезде «Жұлдыз» журналының редакторы Әбдіжәміл Нұрпейісов «Новый мир» журналы редакторы А.Т. Твардовскийдің ізімен журналға бірыңғай тасқайнатар жастарды жинады. А.Сүлейменов, З.Серікқалиев, Қ.Ысқақов секілді жастар әдебиеттегі форма мен мазмұн жайында соныдан пікір сабақтай бастады. Әбіш Кекілбаев «Менің ғасырым» атап философиялық поэма, Оразбек Сәрсенбаев кара жерден кара дауыл тұрғызып тың ырғақта жыр толғап жатты. Орталық Жастар ұйымынан старт алған максималист жастар аға буынның әдебиеттегі рөлін жоққа шығаруға дейін жетіп жатты. Жастар ұйымы жанынан ашылған Кеңесте жастар творчествосы туралы жанашыр ойын айтатын кеңес мүшелерінің өзі ағымдағы баспасөзде қатты сынала бастады. Сынға шыдас бермеген аға буын өкілдері жанталасып жастарға жауап беруге көшті. С.Мұқанов «Түр туралы», Ә.Тәжібаев «Қас жасаймыз деп, көз шығарып алмайық...», М.Қаратаев «Жаңалық па, жаңа былық па?» атап ащы мақалалар жазды. Кеңес мүшелерінің өзі Жастар ұйымының жетекшісі Өзбекәлі Жәнібекті кіналап, жоғарыға арыз айта бастады...

Кейін Өзбекәлі Жәнібектің өзі: «Мәскеуден алдын ала бекітіліп келгеннен кейін Шерхан Мұртазамен жиі жолығып тұратын болдық. Әңгімеміздің негізгі тақырыбы газет төңірегінде болатын. «Лениншіл жас» қанатын комдап,

жастардың танымал, сүйіп оқитын газетіне айнала бастады. Әсіресе ауыл жастарының өміріне арналған өткір мақалалар, очерктер тартымды болатын. Тегі, қазіргі акын-жазушылардың бірқатарының қаламының «Лениншіл жас» арқылы ұшталғаны да оның редакторының қызметімен байланысты еді» – деп жазды қанаттасын бағалай. «Ауыл жастары» деп бөліп айтып отырғаны тігісін сөкпесе де ой астарын ашып қараған жанға қазақ жастары екені, түсінікті. Сол жылдардағы рухани дүниені «мен жасаттым» демейді, «жастар газетінің редакторы жасады» – дейді. Қанаттасын бағалаудың қадірлі қағидаты. Бабалар салтынан қалған өнегелі Әдеп.

Сондай материалды қайта оқыған жастар газетінің сол жылдардағы бас редакторы Шерхан Мұртаза: «...Кәдімгідей жаным жадырап, сағынып қалған ұстазымды қайта көргендей, әлгі бетті қайта-қайта оқыдым. Ол бізден сонда бір-ақ жас үлкен екен ғой.» («Егемен Қазақстан» 21.XII. 2006 ж.) – деп ұстаз тұта, таңырқай сағына жазды Өзекең туралы. «Лениншіл жас» жариялаған ащы мақалалардан соң, сынға ашынған аға буын өкілдері «Үлкен ЦК»-ға арызданады. «Шұбар хатшы» Шерхан Мұртазаны орысша сыбап салыпты. «Мынауынды құрт» – деп «шұбар хатшы» «кіші ЦК»-ға көзінше «кремлевкамен» телефонда тапсырма беріпті. Соның бәрінен де «Кіші ЦК»-ның бірінші хатшысы арнайы барып, мән-жайды түсіндіріп, періште болып, төніп келген қатерден жастар газетінің редакторын аман алып қалды. (Ш.Мұртаза). «Өзекеңнің шәкіртіміз» деген сөзді бір ғана жас кіші қайраткер Шерхан Мұртаза, Қаратай Тұрысовтан тартып сол жылдары қанаттанған буын-буын талантты жастар айтумен өтті. Қайталай-қайталай айтумен келеді көзі тірілері. Ол жылдары жастар басылымы «Лениншіл жас» – «Социалистік Қазақстан» газетінің, «Ленинская смена» – «Казахстанская правда» газетінің алдында, жаңалық атаулының жаршысына айналып, бәйге атындай аңкылдап отырды! Тіпті ВЛКСМ органы «Комсомольская правда» да

Қазақстаншыл болып алып еді ол жылдары... Жастық кітап өнімін басып шығаруға арнап бағыт түзеген «Молодая гвардия» баспасының әр республика Жастар ұйымының жетекшілерінің сөйлеген сөздері мен жасаған баяндамаларын жинап, басатын арнайы сериясы болатын. Алғашқылардың бірі болып – Қазақстан Жастар ұйымының жетекшісі «Узбекиали Джанибековтің» публицистикалық еңбегі кітап болып басылып шықты.

Өзбекәлі республика жастарын бастап шетелге шығарда Орталықта (Москвада) «Шет елде халық әнін тыңдамайды. Домбыраны қалдыра салған жөн. Эстрадалық ән жетеді» – депті Орталық Комитет хатшысы. Домбыра Москва түгілі Қазақстанда да қадірі қашып, «халық жауына» айналып тұрған күйсіз, тіпті рухани дағдарыс дерлік сүйкімі кеткен кезең еді. Көзкөргендер руханият саласындағы бұл күйсіздікті «шұбар хатшыдан» көрер еді. Сондай күндері ғой. Домбыраның жолы – қазақтың жолы. Домбыраның жолы жабылып тұрған сәтте Өзбекәлі Жәнібек: «Егер біздің қазақ жастары шет елге домбыраны алып шығып, халық әнін айтпас болса, халық әні иіріммен билемес болса, – мен пресс-конференция беремін де, лениндік ұлт саясатының бұрмаланғанын айтамын, сөйтемін де жастарымды алып қайтамын, өздерін барыңдар шет елге!» – дейтіні тіктеніп. Мәскеу ширатылған қалың қара шашының әр түбіне ашу мен ыза тығылып жатқан қазақтың намысты ұлының талабына шарасыз көнеді... Осы жолы дүниежүзі студент жастары фестиваліне қазақстандық делегация бастап барған Өзбекәлі Жәнібек: «Әрбір ел, әрбір республика жастары сол республика ұлттық дәстүр ерекшелігінде тәрбиеленсе жан байлығы мол, жан-жақты дамыған кемел патриот болып өседі» – деп биік мінберден Софияда (1968 ж.) ұлттық рухта сөз сөйлейді. Кейін тамаша әдебиет тарихшысы, Социалистік Еңбек Ері, академик Д.С. Лихачевтың теледидардан: «Советтер Одағы өз территориясында өмір сүрген көптеген ұлттардың жойылуына жол

берді. Табиғатта басы артық ештеңе де болмақ емес. Сол бір орыстанып кеткен шағын ұлттармен бірге тамаша ұлттық мәдениет үлгілері жойылып кетті. СССР халықтары мәдениеті дегеніміз бір ғана орыс ұлтының мәдениеті емес, түрлі ұлттар мен сан-алуан этностың мәдениеті. Егер мұндай бассыздық, мұндай орыстандыру жалғаса берер болса, мен СССР Ғылым академиясының мүшелігінен өз еркіммен бас тартамын!» – деп сөйлегені бар. Бірі СССР әлемге ықпалды империя райында қайнап тұрғанда, келесісі тарихи қажеттіліктен қалып қалжырап қалғанда айтылған семсер – сөз. Тарихшы Өзбекәлі Жәнібек пен әдебиет тарихшысы Д.С. Лихачевтің сөздерінің араға бірсыпыра жыл салып, өзара рухтас шыққанына қайран қаласыз. Асылы адамзат үшіндік небір қанды қасірет баба тарихты білмеуден, небір асыл қасиет баба тарихты біліп, сүйіп тарихи зерде түюден туатын болса керек. Өзара нәсілдес емес екі тұлғаның жүзі басқа бола тұра – жүрегі бір, тілі басқа бола тұра – тілегінің бір жерден шығу генезисін әркім-ақ осылай ұғады.

Жастар ұйымының жетекшісі әдебиет пен өнер ауылына бет бұрған жастарды ұлттық дәстүр аясында тәрбиелеуді мақсат тұтты. Ол үшін өзі де ұлттың салт-дәстүріне жетік болуы керек еді. Қазақы ауылда өскен, жасында жетімдіктің тақсіретін тартып өскен, жесір анаға қолқабыс жасаймын деп «әпкішпен» су тасыған, отын шауып от жаққан, Әзімбек атасына жәрдем етемін деп «морға» ағаш балқытқан, тіпті тақыр кілем, сырмақ тоқысып өскен ол жастайынан қазақ салт-дәстүріне «еріксіз» жетік болып жетілгені анық. Анасынан қазақ биін мұрас тұтқан, қоңыр дауысымен ән де салатын бала есейе келе ән, би ансамблі құрғанда ұлттық сипатта құрып, ұлттық өнер аясында өріс табуын қатты қадағалаған. «Өзгеге үйрету үшін алдымен өзің жұрт алдына түсіп біліп тұруың керек...» Ұлттың өнер дәстүрін құрметтеген Өзбекәлінің ұстанымы осы. Осындай ұстанымдағы Өзбекәлі Жәнібек бала кезінен бойына сіңірген өнер сабақта-

рын арғы-бергі этнограф тарихшылардың теориялық еңбектерін ақтарып бақты. Ізденіс Өзбекәлі Жәнібекті қазақтың дәстүрін, салтын, өнер дәстүрін зерттеуші этнологқа айналдыра бастады.

Жастар жетекшісін Ілияс Омаровтай даңғылдың бата-сымен басталып, Жастар ұйымының ағасының алқалауымен салына бастаған Жастар ұйымының ғимаратына қаражат бөлінбей бір қинаса, республика жастарының жиған қаражаты жетпей екі қинайды. Сондай сәтте «Түркістан» (Орта Азия) әскери округының басшысы – генерал Язовка шығып, әскери құрылыс отрядын бөлдіріп алып жегіпті жұмысқа. «Жас күші Отанымның» – олар да комсомол. Қазақстанда әскери борышын өтеп жүрген түрлі ұлттың жас өркені – қазақстандық! Олай болса, Жастар ұйымының ғимаратын салысуы – олардың азаматтық борышы! «Бұл комсомолдың ақшасына салынған алты қабатты жаңа, әсем үй, тұрған жері де атына сай – Комсомол көшесі. Үйдің жобасын Алматыдағы «Казгипронибыт» жобалау институты жасап, үйдің архитектуралық сәніне мән беріп, көп еңбек етті.

«Өзекең Орталық Комитеттің үйін уақытында бітіру үшін құрылысшыларға үлкен талап қойды. Иә, талай жасты қанаттандырып, ұшырған комсомолдың осы кезінде Өзбекәлі Жәнібек жалындап жүріп, «жанығып жүріп» (өз сөзі) салдырған Республика Жастар ұйымының ғимараты кезінде одақтағы өз саласындағы тамаша ғимарат саналыпты. Не одақта, не өзге республикаларда дәл мұндай архитектуралық сырт пішімі де, сәулеттік ішкі үйлесімі де келіскен мұндай ертеңгі күнге тарихи сипат алып жетерлік ғимарат болмады. Өкініші – жаппай «прихватизация» кезеңінде сатылып кете барды.

Өзбекәлі Жәнібек «Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің үйінің» астыңғы қабатынан Орта Азия Жастар ұйымы тарихы музейін ұйымдастырды. Тағы да тағдыры ұқсас, ұстаз тұтқан Ғани Мұратбаев алдынан шықты. Небәрі екі-

жетекшісі Ядгаров атына хат жазып беріп, Өзбекстанға аттандырды... Нәтижесінде өзі архитектуралық пішіміне дейін араласқан (Өзі архитектура зерттеушісі, осы тақырыпты «Жолайырықта» аталатын кітап жазған) салтанаты келіскен алты қабаттық ғимараттың астыңғы қабатына қос қабатты есігі айқара ашылатын кең залына «Қазақстан Жастар ұйымының тарихы» музейін ұйымдастырды. Онда Орта Азия Жастарының жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаев және оның үзеңгілестері тағдырын әр қырынан ашатын түрлі бұйым-тайым (экспонат) қамтылды. Тұңғыш космонавт Юрий Гагариннен өзі қолқалап алған (музейге) қол сағаты да өз орнын тапты экспозициядан. Қазақстан жастары атымен басталып, қазақ жастарының ертелі-кеш өмірі, кәсібі, тұрмыс-тіршілігі болып өрілетін музей экспозициясы – «Қазақ өлкетану музейіне» бара-бар білім-білікпен жасалған, құнарлы музей еді шынында. Өкініші – Тәуелсіз тар кезеңде қазақ жастары өмірі арқылы тәуелсіз елдікті аңсап жасалған осы бір тамаша музей де Тәуелсіздік алған соң, оның ғимаратымен бірге ызым-қайым жоғалды...

М.Әуезов жайында Ілияс ағасы айтқан ойлар есінен кетпейді. Қазақтың мынау деген қайраткері Ілияс Омаровпен жүздесіп, әңгімелесіп отырады. Ілекең әңгімесінен кейін Темірбек Жүргеновшіл де болып алды. ЛКЖО жанынан құрылған кеңеске қатысатын қарт өнер тарландарынан Жүргенов жайында сұрағыштайды. Олар атын атауға қорқа отырып, «Ой, ол бір мәдениет десе, өлген кісі еді ғой, – деп бастап етегі жасқа толып, еңіреп отырып еске алады. «Өзбекқали-ау, – деп сырлы әңгіме сабақтайды сырбаз Ахмет Жұбанов, 1936 жылы «Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы күндерін» өткізуге дайындыққа кірістік. Ұлт оркестрін жасақтауды тапсырған маған. Арнайы оқуы жоқ, өмірлік тоқумен жүрген өнер адамдарынан құрап, оркестр дайындау қиын-ақ болды. Белгіленген күн жақындап келеді. Оркестр құруға шамам келмей әуремін. Дайындықты бақылауға кел-

ген Темақаң «Әкеңнің, Жұбанов, оркестр қайда? – деп айқай салсын... Түсінем, түсінем Темақанды. Өнер десе, жалпы мәдениет десе жанын беретін, тереңнен түсінетін кісі қызба, қатал. Темірбек Жүргеновтің қаталдығының арқасында онкүндікті Москвада абыроймен өткіздік қой...»

Әңгімелесіп отырған бірінші хатшы ұлы өнерпаздың жалғыз көзінен аққан мөлдір тамшылардың мұрнын жиектеп миығына қарай құлдилап бара жатқанын көреді... О, қасірет. Өзі де жастай қиындықты көп кешкен ол енді қасірет мектебінен сабақ ала бастады... Естіген есті әңгімені көңіліне тоқи берді, тоқи берді... Енді, оған Москваға біржолата қоныс аударып кеткен Нұртас Оңдасынов қосылды. Москваға барған сайын Нұртас нағашысына сыбаға алмай, сәлем бермей, қайтпайды. (Бірде Манаш Қозыбаевпен, тағы бірде өзге де көңілінде көзі бар қазақ азаматтарын бірге ерте барып жүреді) Арабша-қазақша, парсыша-қазақша сөздік жазып, түріктің «Бұ адамын» аударып, шалғай Мәскеуде жатқан Нұрекең туған жерін сағынып, сағынысып әңгіме сабақтайды. Бәрі де үлкен дүниетаным әңгімелері еді. Әңгімелер жас хатшыны тарих тереңіне ұйықша үйіріп тартып барады. Жас хатшыны биіктете түсті.

Озағаң Москваға барған сапарында музеймен қатар, архив есігін ашатын әдет тапты. Москва сапары кезінде Санкт-Петербургке соқпай сірә да өтпейді. «Эрмитажға» түнеуге бар. Әлемдік өнер жаухарларын жинап, орыстық ғажап өнер музейін жасақтаған Санкт-Петербургтік азаматтарға дән риза. Француздың Лувр өнер музейіне жақындап барып қалады-ау, – дейді ойша салыстырып. Эрмитажда Түркістаннан Қ.А. Ясауи Мавзолейінен әкетілген алып та ғажайып қазанның Эрмитаждың көрмесіне қойылмай, бір қалтарыста «жертөледе» жатқанына іші қан жылайды. Якубовскийдің айтуына қарағанда, Москвада өткен «Иран қолөнер шеберлері көрмесіне» байланысты 1935 жылы Түркістаннан әкелінген «Тайқазанды» кісі көрер жерге «Көрмеге қой-

мас болса, асыл мүлікті неге өзінің құтты мекеніне қайтармайды?» – деп те ойлайды жас тарихшы, жас ойшыл. Оны «Тайказанмен» бірге көрмеге деп әкетілген қоскүміс шырағданның бірінің ізі Луврдан бір-ақ шығып таңғалдырады отаншыл жасты. «Аталардан қалған тамаша жәдігерлікке ие бола алмаған жүрісіміз біздің, – деп қиналады. – Қайран да, қайран шашылып қалған атамұрамыз...» Эрмитажшыл болып жүріп осы бір ғажайып өнер Академиясының директоры, тамаша археолог Михайл Илларионович Артамоновпен танысып, араларында бірсыпыра таныс-білістік, түсіністік орнады. Түркістандық «жерлес» ғажайып Қазан жайында Артамоновпен әңгімелесіп те көрді сыр тартып. Бірден бір хазартанушы екен Артамонов. Ертеде Каспий теңізін «Хазар теңізі» деп атағанын, теңізді айнала түрк жұрағаты – хазарлардың тұрғанын, кейін тақталас, дінталас, бақталастықтан бағы тайған хазарлардың Ауғанстан ауғанынан хабары бар. Сол Артамоновпен танысу – табиғатынан тума тарихшы Өзбекәлі Жәнібек үшін ырыс болды. Кейін келе Эрмитаждың соңғы директоры, шығыстанушы арабист тарихшы Михайл Борисович Пиотровскимен де жақын араласып кетіп еді. Пиотровский СССР-дағы музей ісінің тамаша ұйымдастырушысы болатын. Одан Өзекеңнің үйренгені тіпті де аз болған жоқ.

Москва, Ленинградта Өзбекәлі Жәнібек тынбай барып, талмай аралап, көргенін конспектілейтін бір қызығы – музей. Орыста музей ісі еуропалық стандартқа тартылып, бойыбасын бүтіндеп, ғылыми экспозицияланып, бір арнаға түскенін байқайды. Музейлерде өтетін «Толстой оқуы», «Достоевский оқуы», «Чехов оқуына» қатысып, қарт профессорларды, музей қызметкерлерін тыңдайды. «Ел боламыз десек, бізге де керек емес пе осындай мәдениет үлгілері?» – деп ой түйіп қояды іштей.

Илияс ағасына «Мұхтар Әуезов жайында жақсы айтасыз, зор сүйіспеншілікпен әңгімелейсіз. Мұқана Алматыда

тұрған үйінен бе, әлде басқа ыңғайлы бір жерден бе, неге музей ашпасқа?» – деп ойласа келгені бар. Москвада өзі көзімен көрген, ептеп қатысып жүрген «жазушылар оқуларын» да алға салды. Жас досына іштей сүйсініп, ойланып отырған Омаров бір сырдың ұшығын шығарды.

«Біз келешекті ойлап, Мұхтар мен Сәбитке бір көшенің бойынан үй салуды ойластырғанбыз. «Горисполкомнан» жер де бөлінді. Екі үйдің де құрылысы бір кезеңде басталып еді. Мұхтар Әуезовтің өзінің қосыла кірісіп кетуінің арқасында оның үйі құрылысы салынып, аяқталды. Бір-екі көше төмен, трамбай жүретін көшемен қиылыстан Сәбит Мұқанов үйі де бітуге жақын. Жоспарға кірген, қаржы қаралған, қаржыға сай екеуі екі түрлі архитектуралық пішіммен салынған... Тіпті құрылысы аяқталуға жақын. Юсупов Министрлер Кеңесінің төрағасы Қонаевты өзіне шақырды бір күні. Шамасы, біздің іші тар, көреалмас бір қазақ бишікеш Исмайыл акаға жеткізген жағымпазданып. Оның өзі да барып көрген шығар. Әйтеуір Димаш Ахметұлын жан алқымға алып қысады. «Мемлекеттің қаржысына Сенің жазушыларыңа үй саламын ба, әлде соғыстан жүгі ауған шаруашылықты көтеремін бе?» – дейді қитығып. Өзі қарадай қысым көріп жүрген Димаш Ахметұлын, қазақ мәдениетін өзін құсап ілгері елдер, туысқан республикалардағы өркенді мәдениетпен салыстырып, дәлелдей алмады, табандап тұра алмады, қарағым..

Біріншіден шығып келіп, Сәбеңді шақыртады. Мән-жайды түсіндіреді. Екі үйдің де құрылысы басталып қойған ғой. Сәбит Мұқанов партияға лениндік шақыру уақытында өткен, коммунистік партияның жыршысы, өзі белсенді адам. Қонаевтан шығып, Исмайыл Юсуповқа ескертпей-ақ кіріп барады. Кіріп барады да, алдында тұрған мрамор «чернильный приборды» көтеріп алып, тұра ұмтылады Исмайылға. Исмайыл тұра қашады. Сол арада көмекшісі келіп қалып, әрең ажыратады. Сәбең қызба кісі ғой. Олай жасамауы керек еді...

Жасқанып қалған Юсупов Қонаевты қайта шақырып, қайта қысады. «Мені кінәлі етіп, маған жіберген сен Сәбит Мұқановты... Мен айтты қылмай неге шешпейсің?..», «Сәбит Мұқанов мені тыңдай қоятын кісі ме? Дүйім жұрттың көзінше Теміртау жұмысшыларына оқ атқыздың. Қолың қан деп бюрода маған тап бергенін өзіңіз де білесіз ғой, Исмайыл Юсупович...».

Осы бір орынсыз оспадар тартыстан кейін Сәбит Мұқанов біздің ұсынысымызды быт-шыт қылды. «Тап маған бесікте жатқанда белгі таққан, Бесікте-ақ тап деп уілдеп жатқам» – деп жырлаған Сәбитпін мен, дүниеге бой алдырман. Үйлеріңнің керегі жоқ...» – деп бір-ақ кесті. Содан Сәбитке деп салына бастаған үй балабақшаға берілді. Ал, Мұқаң дипломатия жасап, үй құрылысының қалған шығынын өзі көтеретін болып келісті...»

Әуезовтің үйі – Мұхтар Әуезовтің музейі болуға лайықты, өзі көзінің тірісінде тұрған, акирет сапарына шыққан мемориальдық сипатты үй. Бірақ, бірден музей жасауға құдасы Димаш Ахметұлын сөзден қашып, бармауы мүмкін. «Толстой оқуы» деп қалдың ғой, Өзбекжан, Сен былай ет: Мұқан 1960 жылы 25 декабрьде КазГУ-де соңғы рет жастар алдына шығып, жас ақындар шығармашылығы жайында егіле-төгіле әңгіме айтқан кісі. Өткенде өзіңе жас ақын-жазушыларды тәрбиелеуді тапсырсам, ол да Мұқанның осындай өнегесінен туындаған ой. Сен сол күнді Мұхтар Әуезовті еске алатын, өзің айтқандай, дәстүрлі «Әуезов оқуларына» айналдыр! Сосын біртіндеп музей жасала, жасақтала береді... Әуезовімізді қадірлей білмесек, кім болғанымыз?...».

Ойшыл ағаның ұсынысына Өзекеңнің көкпен іздегені жерден табылғандай қуанды. «Онда «Әуезов оқулары» беташарын өзіңіз айтасыз, Ілеке!» – деп салды. «Мен жазушы емеспін, айналайын. Мұқаңмен үзеңгілес жазушыларымыз бар. Соларға аштыр, соларға бастат. Сырттан кіріскендей, менің араласуым жөнсіз болады...».

Ілгері-кейінді басшылық қызметтер атқарып келе жатқан, республикадағы ең жетелі азаматтың ойы дайын бағдарламадай әсер етті. Сақтығы да ұнамағанымен, сабақ орнына жүрді. «Әуезов оқуларын» әріптес қызметтес досына айналып келе жатқан Камал Смайыловпен ақылдасты. Ұшқыр ойлы Камал «Лениншіл жас» газетінің редакторы Шерхан Мұртаза атыңызға газет бетінде мәселе көтеріп, мақала жазсын, – деді. Ақыры «Лениншіл жас», «Ленинская смена», «Қазақ әдебиеті» бас қосып, «Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші хатшысы» Өзбекәлі Жәнібеков» атына үндеу тастады... 1962 жылдың 25-ші желтоқсанында әдеби оқу, мәдени дәстүрлі іс-шара болып «Әуезовті еске алу күні» осылай келді өмірге.

Дәстүрлі іс-шараның тұсауын кестірмек болып Сәбит Мұқановтың есігін ашты. Жастар ұйымы жанынан құрылған қоғамдық кеңестің қадірлі қонағы, Тұманбай, Сайын шығармалары жайында жақсы лебізін аямаған жазушыға сеніп Сәбит Мұқановтың есігін ашты. Мұхтар Әуезовтің замандасы. Қызық болғанда Сәбит Мұқанов Жастар ұйымының бұл әрекетін мақұлдай тұра, қара шаңырақ оқу орнына барып замандасы жайында сөйлеп беруден үзілді-кесілді бас тартты. Араларында жұрт қызығатындай ынтымақ болмағанын да жасырмады. Өмірдің біраз белеңін айтыс-тартыспен өткізгенін жасырмай, енді келіп мақтауын келістіріп «ғөйітіп» жоқтап сөйлеп тұрса – жастар қалай түсінбек? Жастар жетекшісі үгіттеп бақты. Ақсақал жазушы аяғына отырғызбады... Меселі қайтты. «Әуезов қайтыс болғанда зират басында сөйлеп еді ғой» – деген дәмемен Ғабит Мүсіреповті іздеді. Шет елге сапарға шығып кетіпті. Ғабиден Мұстафинді іздеттірді. Ауруханада...

Ақылдасқанда Шерхан Мұртаза «Өзеке, баяндаманы өзіңіз жасасаңызшы» – деді. «Әдебиет үшін мен кіммін? Ешкім емеспін ғой. Әуезовтің замандасы да емен. Шымкентке келген сапарында дастархандас болып, әңгімесін тыңдаға-

ным болмаса... Одан да баяндаманы белгілі жазушының бірі жасағаны жөн» – деп көнбеді ЛКСМ хатшысы. Соқыр көргенінен жазбайды... Илияс ағасына қайта айналып келіп қолқалады. Аяғына жығылғандай болып өтінді, қолайына түсіп қолқалады. Илияс ұстаз: «Бала, сөзге қаласың, – деп бастап, мен қосымша сөйлеуге көнейін, бас баяндаманы Мұхаметжан Қаратаевқа берсейші...» – деп тоқтады.

Мұхаметжан Қаратаев Одаққа белгілі әдебиет сыншысы. Солай болды. Өзі әдеби кешті ашып, сөзді Мұқаңа, Қаратаевқа берді. Сыншы жарты сағаттық баяндама жасады. Кәсіптің психологиясы. М.Әуезовтің шығармашылығына кетіңкіреді. «Естелік қосқанда жөн болатын еді-ау, жиынға қатысушыларды жалықтырып алмасақ жарады» деп хатшы отыр. Шынында да университеттің филология ғимаратына жиналған жұрт тыпырши бастаған сыңайлы. Сөзді рухани туыс сезінетін, ұстаз санайтын Илияс Омаровқа берді. Ілекең ақырын бастап, ойға оранған сөзін қоңыр үнмен біртіндеп күшейтіп алып бара жатты. 43 минут сөйледі. Екі иығын қомдап сөйлейтін Ілекең сөйлеген кезде залда шыбынның ұшқан ызыңы естіліп тұрды...

Ұстазына ризашылығын айтып, тарасты жұрт.

Ертеңіне рухани жетекшісі саналатын «Үлкен ЦК»-ның «шұбар хатшысы» шақырады. Барды. «Қайдағы бір «плановикке» баяндама жасатқаның не?» хатшы дүрсе қоя берсін. «Өзі Илияс Омаровтың қуғын көрген ку креслосында отырып Нүрекеңнің мұнысы несі?» – деп таңқалды таза көңілді жас хатшы. Ең болмаса, бүгін өзі отырған орынтақта бір кезде абыроймен отырып, абыройлы қызмет атқарған адамға деген қарапайым құрметтің мына басшы бойынан табылмағанына ызасы келді. Тіпті ыза судың қайдан теуіп жатқанын да ойлауға шамасы келмеді. Ілекең деген құрметі, өзі соншалық құрметтейтін адамды «плановик» деп мына хатшының жерге ұра тұқыртуы тіпті қара бас жынын қоздырды. «Енді, қайтейін, – деді ашу қысқан Өзбекәлі Жәнібек, Сәбит

Мұқанов келіспеді, Ғабит Мүсірепов шет елде жүр, Ғабиден Мұстафин сырқат. Сіздіңше, сонда баяндаманы Николай Ановқа берейін бе?!».

«Жә, қызбаланба, Өзбекәлі Жәнібекович, Сіздің ұйымдастырып отырғаныңыз жаңа, жақсы шара. Бірақ, Омаровтың құйрығында әлі сөнбеген шала бар ғой, шала. Соны неге байқамайсың? Сосын Илияс Омаровичтің әдебиетте не шаруасы бар?»

Хатшыдан Жастар ұйымының жетекшісі шаршап шықты. Ойлап келе жатқаны қазақтың – «Қосылмайды бастары, қойнына тыққан тастары...», Осыдан кейін Ілекеңнің денсаулығы қайдан болсын?!...».

Қазақ мәдениетінде бір жаңалық, қазақ әдебиетінде бір жақсы дәстүр осылай өмірге келіп еді.

Кейін ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің 1960 жылы 25 желтоқсанда Қазақ университетінде сөйлеген сол сөзін «Лениншіл жас» газеті, газеттің тілшісі Бекен Әбдіразақов стенограммдан алып, өзі жайындағы лебіз лепесті алып тастап, газет бетінде жариялатты. Ұлы жазушы тұрған үйден музей ашылды. Музейде қоғамдық негізде «Алматы қалалық халық университеті» (ректоры Р.Бердібай) ашылып, жұмыс істеді. Ұлы жазушыны сағынған көзкөргендер жиналушы еді. Қазақ тарихы, мәдениеті жайында ірі сөздер айтылатын халық университетінде.

Бәрі де алпысыншы-жетпісінші жылдары ЛКСМ жүйесінде басшы, қосшы бола жүріп Өзбекәлі Жәнібектің өмірге әкеліп, орнықтырып кетуінен бастау алған кенеулі істер. Кенеулі істердің бүгінде кернеуі басылып, кенеуі кете бастағаны өкіндіреді. Бүгінгі қазақ жастарын қалай тәрбиелесек екен, қандай идеология ұстансақ екен? – деп ойға қаласың. Идеология – белгілі бір мемлекет үшін бағдаршам, бағдаршамға бағытталған – рухани ұстаным, тәрбие құралы емес пе?!

ЛКСМ жанында өлісі бар, тірісі бар, көп кісінің шығармашылығы, өнердің алуан жанрында еңбек ететін небір айбозымдар шығармалары талданды. Соның арқасы шығар, республикалық Лениншіл Жастар одағы сыйлығы тағайындалып, №1-шісі 23 жасында құрт ауруынан опат болған Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым» романына берілді. Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым» романын ертеде Қапан Сатыбалдин, Дикан Әбілевтің жұқалтаң кітап етіп қайта бастырғаны болмаса, Санкт-Петербург түлегі, романтикалық рухта шығарма жаратушы Саттар есімі ұмытылуға қараған болатын. Қазақстан көгіне қайта тартып шығарған Өзбекәлі Жәнібек. Жастайынан коммунистік рухта өскен Өзбекәлі Жәнібек Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықты?», Этель Лилиан Войничтің «Сәйгел» секілді революциялық екпінмен жазылған кітаптарын сүйіп оқығаны хақ. Алайда, қыршын ғұмыр, қыран ғұмыр кешкен Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым» аяқталмаған романы, романтикалық рухтағы «Мәңгілік өмір» жайлы жырларын оқыған соң (бір оқығанда қайталап бәленбай рет оқыпты) «қазақ жастарын тәрбиелейтін шығарма мұнда жатыр екен ғой», «қазақ жастарын үкімет айналып келіп, қойшының ақ таяғын қазақ жастарының қолына ұстата бергісі келеді. Мына қаршадай «бала» ел боламын десең, жастарыңды өндіріске жұмылдыр» – деп тұрған жоқ па?!» – деп ойлайды. «Менің құрдастарымды» Қалаубек Тұрсынқұловқа айтып, қайыра бастырады кітап етіп. Кітаптың қайта басылымына тұңғыш «Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығын» бергізеді. Онымен де тоқтамай, замандасы жас әдебиетші Тұрсынбек Кәкішұлына Саттар Ерубаевтың бар жазған, сызған еңбектерін жинап-теруді өтініш ұсыныс етіп айтыпты. «Менің құрдастарым» романын орыс тіліне аудартып, «Молодая гвардия» баспасынан бастырып, Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығына ұсынуды жоспарлапты. «Өз басым «Менің құрдастарымды» қанша рет қайталап оқып шықсам да кейіпкерлерімен бірінші рет кездескендей сезімде

қалып отыратын едім. Өкінішітісі «Менің құрдастарымның» орысша тәржімасының, екі рет аударылса да, ойдағыдай шыға қоймағаны. 1970 жылы оны қайта аудартпақ болып, «Молодая гвардия» баспасының жоспарына енгізгенім бар-тын. Бірақ, мен Торғай облысына қызметке ауысып кеттім де, жоқтаушысы болмай, ойластырылған шаруа аяқсыз қалды...» (Ө.Жәнібек)

Саттар Ерубаевтың өмірі де өкініш қой. Дегенде, өкінішті өмірді «қайта тірілту» әрекетінде жүріп, жіберіп алған өкінішінен Өзбекәлі Жәнібектің әдебиет мәселесінде де талғампаз, білімді болғанын көруге болар еді. Өкінішті! Әдебиет туралы бір қаламгердей көзқарасы бар Өзбекәлі Жәнібектің өзі Оңтүстік Қазақстанда қырғи-қабақ «қызметтес» болып, тіл табыса алмаған Макаровты кейіпкердің түп-тұлғасы етіп алып, бар жетістікті ұйымдастырушы шынайы коммунист басшы Карпов образына айналдырғысы келетін ұлы жазушының «Өскен өркен» романын қабылдай алмауы мейлінше табиғи хал.

«Одақта бар «Ленин комсомолы» сыйлығы бізде неге жоқ? Немене, біздің жастарымыз Ленин негіздеген қоғамның жастары емес пе?..» деп ойланған хатшы Қазақстан Жастар сыйлығын белгілеп, талантты, талапты жастарға бергізуге атсалысады. Алғашқы адымда Әнуар Әлімжанов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, композиторлар Шәмші Қалдаяқов, Ғазиза Жұбанова, дирижер-хормейстер Анатолий Молодов, суретші Петр Усачев, әншілер Ескендір Хасанғалиев, Нұрғали Нүсіпжанов Республика «Ленин комсомолы сыйлығының» тұңғыш лауреаттары атанды. Сыйлық қазақ жастарын қанаттандырды.

Осы жылдары мектеп бітірген жастарды ұл-қыз деп бөлмей, жаппай мал шаруашылығына жұмысқа жіберу белең алды. Оңтүстік Қазақстанда осы тенденцияны облыс бойынша «табысты» жүргізген Ливенцов жолдасқа: «Қазақша тіл білгеніңіз үшін сізді қазақтар төбесіне көтеріп сыйлай-

тын, тіпті құрметтейтін еді. Сіздің бұл әрекетіңізден кейін нәлет айтпас па екен, Ливенцов жолдас?! Қой бағуға жіберген ұл-қыздарыңыздың бәрі қазақ балалары шығар. Сонда қазақтың пешенесіне ой бағуды жазбаған болып тұр ғой, табиғат...» – деп қатты айтады. – Ең болмаса, қыздарды ЖенПИ-ге жіберсек болмас па, бітіріп келген соң, құрдастарына тұрмысқа шықса, ол да шопан болар еді, бірақ, ең болмаса ертең перзенттерін оқытатын көзі ашық «шопан» болар еді ғой... «Жоғарыдан тапсырма» дейсіз, ұлды мейлі дейік, талшыбықтай бұралып, енді өсіп келе жатқан қыздарға қой бақтырып, бастарыңа не күн туды? Ертең бұлар ел анасына қалай айналады?...»

Бір аудан ғана емес, тұтас республикадағы жағдай осылай теріс бағытта өрістеп бара жатқанын көрген Жастар ұйымының жетекшісі «Казпотребсоюз» (облыстық салаларымен) басшылығына шығып, Орталық Комитеттің тапсырмасын орындау мақсатында кітап, радиоқабылдағыш, газет-журнал жеткізіп беру, «шопандар бригадасына» ақын-жазушы, композитор, әнші, күйшілерді белгілі бір тәртіппен үзбей жіберіп отыру секілді мәдени кешенді шараларды шарасыздан ұйымдастырды.

Бірде Қалаубек Тұрсынқұлов, ақын Валерий Антонов, композитор Шәмші Қалдаяқовты осы жүйемен Атырауға іссапарға жібереді жетекші. Сол сапардан Шәмші Қалдаяқов «Ақ ерке – Ақ Жайық» әнін жазып оралады.

1963 жылы жоғары оқу орнына түскен қазақ жастарының санын, пайыздық мөлшерін зерттетіпті. Барлық оқуға қабылдау емтиханы орыс тілінде жүретін, сол себепті ауыл жастары емтиханнан өте алмай, азшылыққа айналған жоғары оқу орнына қазақ балаларының түсуі соңғы жылдары екі есеге кеміп кеткен. Зығырданы қайнады. Білім министрінің алдына мәселе қойып, дабыл қағады. Министр иегімен «жоғары жақты» нұсқайды...

«Қыздарды техникаға отырғызу» туралы Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті арнайы қаулы дайындаған. Қаулы әрине төменнен дайындалады. Республика комсомолы бірінші хатшысы (бюро мүшесі) Өзбекәлі Жәнібеков қаулыға қол қойды. «Казсельхозтехника» басшысы Алексей Батраков (ұлты татар) сала хатшысы Г.А. Мельникке шағынады. «Үлкен ЦК» хатшысы «кіші ЦК»-ның бірінші хатшысын өзіне шақырады. Мельник Ауылшаруашылығы министрі М.Г. Рогинецті де шақыртқан екен. Мельник Өзбекәлі Жәнібекке қарайды сұраулы жүзбен. Өзекең:

– Техника рөліне қыздарды отырғыздық дейік. Жап-жас май сасыған қызды ертең кім қалыңдық етеді, Григорий Андреевич? Нәзік жанды қыз баласының тағдырын нәзік ойланбаса бола ма?

Сөзге Батраков араласа кетеді:

– Әне, комсомол істі қолдан қиындатып отыр. Әйтпесе, қыздың трактор рөліне отырғанында тұрған не бар? Россияда тракторшы қыздар жыртылып-айырылады емес пе?

Ұлты татар, бірақ, ұлтын жасырып орыс нәсілі болып жазылатын, Батырақтың ұлы деген ата-текті «Бадраков» етіп, орыс тілі ырғағына қарай ыздитып алған сабазың «орыс қыздары трактор рөліне отырғанда, қазақ қыздары трактор рөліне отырмайтын әулие ме?» – деген ойды тұспалдап, орыс басшыларға жағына сөйлейді. Жәнібековке ұлтшылдық жарғысын тағып жіберуден де тайынар емес. Түрік тегінен туысатын, өздерін ежелгі болгар мәдениетінің заңды мұрагері санайтын татар жігітінің орыс басшыларға жағына сөйлеуін жақтырмады. Жақтырмады да:

– Алексей «аби» (татарша, «аға» деген сөз), ұран тастап, өзгенің қыз-келіншектерін апарып трактордың руліне отырғызу аса қиын шаруа емес. Солардың орнына өзімізді қойып көрелікші. Сіз, мысалы әйеліңізді, иә қызыңызды осы науқанға қиясыз ба? Егер, Сіз әйеліңізді трактордың рулі-

не отырғызған сәтте мен де келіншегімді трактор тартатын соқаға мінгізейін – деді, ыза кернеген кекесінмен баяғы Макаровка айтқан сөзінің уытын күшейтіп.

Ауыл шаруашылығы министрі Рогинец бұл іске мүдделі саланың басшысы бола тұра, Жастар ұйымының жалынды жетекшісін қолдауға мәжбүр болды.

– Қаулының жобасын дайындау Бадраков жолдас екеуімізге тапсырылған. Біздің министрлік тікелей мүдделі бұл іске. Бірақ, мен комсомолдың сөзінен кейін, жас қыз-келіншектердің жағдайын ойлауымыз керектігін сезініп отырмын. Узбеки Джанибекович дұрыс айтып отырған сияқты. Соғыс жылдарында трактор руліне отырған әйелдердің отыз проценті кейін бала таппай қалды. Мұны ескермесе болмас. Оның үстіне қазақ қыздарын ауылшаруашылық техникасына тарту оңай болмас. Ата-аналары жібере қоймас, – деді.

Орталық комитет хатшысы Мельник мәселені қорыта келе, ашық қалдырды:

– Арнайы қаулы алудың керегі жоқ шығар. Өндірістік трактор бригадасын құратын еріктілер болса құба-құп. Бірақ, оларға да алдымен әлеуметтік мәселесі қорғалып, мәдени қажеттілігі қамтамасыз етілетін болсын, – деп қорытты.

Қазақ қыздарын бұл жолы да құдай сақтады. Жастардың жалынды жетекшісі «Қыздарды техникаға!» жаппай үндеуінен періште болып қағып қалды. Әрине, ел болған соң Кәмшат Дөненбаева, Жадыра Таспамбетова секілді таркторшы, комбайншы қыздар ішінара төбе көрсетті. Науқаншылықпен жаппай тракторға отырғанда қазақ қыздары шегер қасірет аз болмас еді. Бірен-саран қыздар, ішінара бой көрсеткендіктен олар өзгеге өнеге үшін мадақталып жатты.

Соғыс жылдарында Қаратаудың күнгеі шығысына орналасқан Мырғалымсайдан қорғасын кені шығып, «Жауға атқан он октың тоғызын Қазақстан берді» – деген атақ кейін келе кеншілер қаласы – Кентауды көтеруге әкелді. «Қаратау тәжі» (М.Әуезов) болып бой көтерген Кентау тікелей

Москваның қамқорлығын көп көрді. Бірақ, жұмысшы кадры Қазақстанда «техникалық интеллигенция жоқ» – деген сылтаумен сырттан әкелінді. Бұрын Сыр бойында мал баққан шопан, ыза суға қауын-қарбыз егіп, тары салатын диқан Кентау жаңа типті кен орны ашылған бастапқы сәтте жатырқай қарап жүріп, бойы үйрене келе олар да араласты кен қазу ісіне. Біртін-біртін кен ісін үйреніп, қалыптасып келеді. Кентауда шахтерлердің жаңа жас буынын қалыптастыруда Жастар ұйымының да еңбегі бірсыпыра. Кентау бастауыш ұйымының бірінші хатшысы Николай Шамсудинович Кабилов (татар ұлтынан. Шын тегі Қабіров) досы екеуі ойла-сып, бұл өңірде де оңтайлы бірсыпыра іс атқарды. Досына Өзбекәлі кен қазуға келген қазақ жастары қараңғы қара жұмысшы болып қалмауын, өздерін мәдени іс-шарамен өсіріп отыруы керектігін қатты тапсырады. Осы жерде айта кетер жайт – Қабіровтың «азан шақырып» қойған ныспы да «Өзбек» екен. Өз атын алып жүру, өз атын ала жүріп өсу – орыстануға бет бұрған Қазақстан жағдайында мүмкін емесін ескеріп, «Николай» – етіп өзгертіп алған болып шықты... Міне, Қазақстандағы бір кездегі жағдайдың шын келбеті.

Енді, міне Кентау комсомол ұйымы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Орден тапсыруға Москвадан ВЛКСМ бірінші хатшысы Сергей Павлович Павлов келеді. Өзбекәлі Жәнібек Алматыдан жеделдетіп жетеді.

Жастарды жаппай қой шаруашылығына жіберу жайлы бастаманың қаны жерге тамбай ұшқындап тұрған кезі. Жиында сөз сөйлеген облыс басшысы Ливенцов өз кезегінде Кентауда жұмысшы табының қалыптасқанын айта келіп, енді қазақ жастарын қайыра мал шаруашылығына жібереміз жолдамамен, – деп сөйлейді. Жастар ұйымының жетекшісі шыдамай кетті:

– Сізді обком хатшысы ретінде қалай түсінерге білмей дал болып отырғаным, – деді ол. – Өндірісте істейтін қазақты көбейте алмай жүргенде, қазақ жастарын қой бағуға жібереміз дегеніңіз қай сасқаныңыз? Осында өндіріске қазақ жастары

ауыл-ауылдан, сол қой бағудан келген жоқ па? Сонда біздің жұмысшы табын қалыптастыру үшін жұмсаған қыруар еңбегіміздің далаға кеткені ме?

– Жо-жоқ, Узбеки, сен мені дұрыс түсінген жоқсың. Біз қазақтарды ғана емес, басқаларды да жібереміз ғой... – Облыс басшысы саскалақтады.

Татар досы Николай Шамсутдинович келіп, «Өзеке, қатырдыңыз. Мен айтып сендіре де, көндіре де алмай жүр едім, бұл «қызыл түлкіні» – деді оңашалап. ВЛКСМ жетекшісі Сергей Павлович Павлов Өзбекәлі досының пікірін толық қостады. Ол ішкі Ресейде комсомолдық екпінді құрылыстардың қарқын алып жатқанын мысал ете сөйледі.

Жалынды жастар жетекшісі қазақ жастарының есесі кетпеуін қатты қадағалапты. Бұл орайда ол ұлтшыл атанудан да еш қаймықпаған.

Саралап қарасаң, бүгін батыр емес кісі көрінбейді. Бәрі батыр, бәрі мықты. Бүгінгі «батырлық» кешегі кеңес өкіметі тұсындағы ұлт намысы үшін ұрысқан да, тұрысқан батырлықтың қолына су құюға да жарамайды. Ал, ол кездегі ұлтқа ішкі-тысты орыс нәсілінің көзқарасы белгілі еді ғой. Әсіресе, облыс басшысы болып келетін орыс нәсілді коммунистер қазақ ұлтына астамшылықпен қарағаны жасырын емес бүгін. Сондай жағдайда ұлтқа қатысты кез келген әрекетті көзсіз ерлікке балауға әбден татитын. Өзбекәлі Жәнібек облыстық жастар ұйымын басқарған жылдардан ұлтты ұлықтауды мұратына айналдырған адам. Облыстық комсомол комитетінің конференциясы өтіп жатады. Күн тәртібіне қаралатын мәселе де, кім сөйлейтіні де белгілі. Бірақ, хатшының беташар сөзі түзілген жоспардан басқашалау шықты. Ө.Жәнібеков «қойды неге қазақтар ғана бағуы керек, орыстар ше? Шопан комсомол жастардың ішінде неге орыс жоқ?» – деп мәселені төтесінен қояды. Зал қозғалақтап, облыстың орыс басшысы залдан аса алмай, көз қылып, Степанов «жолдасқа» сенім артады табанда. Конференция шешімімен Степанов Созаққа

дан болып келді емес пе?» деп жазады. «Жасампаз» қоғамның билік сатысының биігінде жүргендіктен ол кісі де амалы жоқтан сол кездің саясатымен амалсыз ымыраға келетін кездері бар. Бірақ, мәселеге келу жолы әлгіндей, – «қазақ жері, қазақ елінде қазақ жастарының есесі кетпеуге тиісті...» Қандай «майдан» ішінде жүрсе де басқалардай бас көзге қарамай, «партия айтты» деп, ұрандап шаба берген жоқ. Қиын жағдайдың өзінде ұлт намысын жоғары қоя білді. Қазақ жастарының жыртысын айбынбай жыр்த்தы. Ұлттың шын ұлы болып қалды солай. Ол сол «науқан» ішінде жүрген шаруа жастардың өзінен ұлттық кадрлар тәрбиелеп шығаруға жанын салды.

Айтбек Мұсаев: «Мен сол Өзбекәлі кадрларының бірімін. Біздің кезімізде жастар ұйымының жетекшілері, жергілікті басшылар жастай аты шыққан шопан, механизаторларды ерекше құрметтейтін. Уақыт солай болды. Бірақ, сондай марапат мақтаудан кенде болмаған маған «бала, сен оқуың керек» дегенді айтқан тек Өзағаң болатын. Содан көзінен таса қылған жоқ. Тіпті туған бауырлардай болып кеттік. Тағы бір қадір тұтар қасиеті – қандай қызметте жүрсе де ауылға келуді ешқашан естен шығармайтын...»

«Бүгінде «рушылдық» деген дертке айналды ғой, – дейді тағы да Айтбек досы. – Үлкен адам сонша жыл аралас-құралас болғанда менің өзімнен «қай атаның баласысың», – деп сұрамапты. Ондай ой менде де болған жоқ. Жаз шыға Ниетжан, Бауыржан есімді ұлдарын ауылға әкеп тастайды. Ойы «Балаларым ауылдан кіндік үзбесе екен» деп ойлайтын шығар. Менің анам Қызжанға «апа, тілдің мәйегі ауылда ғой, қазақша үйренсін, топыраққа аунасын, суға шомылсын» деп ағынан жарылатын. Әңгімесі де, жүріс-тұрысы да бір қарапайым. Ондай адамды қалай жатсынасың?..»

Бедел иесін емес, қарапайым шопан әңгімесіне ден қойып отырмыз.

«Ол кісі қызметте де, үйде де, қай жерде жүрсе де Қазак еді ғой. Олай дейтінім, салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы құлақты сарсылтып айта бермейтін, сонымен өмір сүретін. Жанымдағыларды бүгін көріп отырса да, көптен бергі танысындай иландырып, үйіріп әкететін.

Шопандар ауылына келгенде бастықпын деп шіренбей, жастармен құрдастарындай таңды таңға ұрып ақсүйек, айгөлек ойындарын ойнап, ойын-сауықтың үлгісін жариясыз, жарнамасыз, ләм-мим демей-ақ саналарына сіңіріп кете баратын. Мұны да қолынан келген адам істейді», – деп еске алады қарапайым шопан. Қандай ғажап! Баламен бала, данамен дана!

Кіммен кездесіп, қандай ортада жүрсе де қонағын қазақтың салт-дәстүрімен таңырқатып, таңқалдыруды да бір сәтке де ұмытпайды сабазың. «Мәскеудегі ВЛКСМ-нің XV съезі өтіп жатқан. Бір күні Өзағаң бөлмесіне шақырды. Шақырғаны бес жігіт екен. Нұрсұлтан Назарбаев, Кеңес Аухадиев, Қалаубек Тұрсынқұлов, Сансызбай Бекбосынов және мен.

– Жігіттер, Германиядан келген делегацияны қонаққа шақырсам ба деп отырмын. Ас мәзірін қайтсек болады? – деп сұрады. Қазақстан комсомол жетекшісінің неміс әріптестерімен таныстығы, ауыс-түйістігі бұрынырақтан бар екен. Ақылдаса келе ет асып беретін болып келістік. Келісілген уақытта қонақтар да келді. Өзіміз құралпы жас жігіттер мен қыздар. Ас үстеліне Өзекең әдейілеп қасық-шанышқы қойдырмады. «Ұят болатын болды» деп күбірлесіп қалдық. Ас та келді. Бізге үйреншікті нәрсе қамырға қолды салып жатырмыз. Қонақтарымыз қамырды бір қолынан екінші қолына салып, қайсыбірі табакқа екі қолын жүгіртіп, әбіржіді де қалды. Бұл жағдай ұзаққа созылмады, бір кезде ортамыз күлкіге шомды да кетті. Біз олардың қылығына күліп жатырмыз, олардың күлкісі ұялған тек тұрмастың керінен шығып жатыр. Сонын ала дастарханға шанышқы да, қасық та келді.

Қонақтар ұлттық тағамымыздың тіл үйірет дәмділігін айтып, ризашылығын білдіріп жатыр. Соңыра қолымен тамақ жеудің қыр-сыры, пайдалы тұсы, ерекшелігі, салт-дәстүр, әдет-ғұрып жөніндегі әңгімеге арқау болып немістер кәдімгідей таңырқасып тарасты. Қазақтың «алдыңа ас қойдым, қос қолыңды бос қойдым» деген мақалы да осы жерде дөп айтылды. Біз көштен қалғанымызды көрсетіп, ұятқа қалатын болдық деп қымсынып едік. Сөйтсек, осынымызбен әлемді тазалығымен таңырқатқан елдің өкілдеріне кәдімгідей ой салып қойыппыз. Осы жерде «менің білімпаз ағам» өзінің салт-дәстүрімен өмір сүретінін, оны мақтаныш етудің бар амалын шебер ұштастырып көрсететінін тағы байқатты». (А.Мұсаев.)

Ауылда шопандармен ойнап-күліп, түнемеге бірге қонып, ақсүйек ойнап, жай-жағдайын іштен біліп алатын Жастар жетекшісі СССР жүрегі – Москвада шет елдік қонақтарды күтуде де қазағының салтын ұстап, дәстүрімен таңырқатады.

Әртістік «трюк» емес, адами мінез райында көрінетін бұл қасиеттер кіндігінен елге байланған, елдің бар қадір-қасиетін бойына мүлтіксіз сіңіре білген, бойына сіңіре білген ұлттық болмысымызды қандай шетелдік ортада да мақтанышпен көрсете алатын ұлтын сүйген ұлы жүректің ғана қолынан келсе керек!

Оқу дегеннен шығады. Орта мектептен кейін партия шақыруына үн қатып, шопанның ақ таяғын ұстаған қазақ жасының көрмәдік болып қалмай, оқу оқуын, сырттай да болса оқып, жетіліп, жетгіліп қалыптасуын қадағалапты.

1956 жылы Шәуілдір ауданы (қазіргі Отырар ауданы) орталығындағы Жамбыл орта мектебін (Өзбекәлі оқыған мектеп) бітірген Айтбек Мұсаев түлектердің мамандық таңдау жиынында «Орталық партия комитетінің Қазақстанда мал шаруашылығын өркендету бастамасын» бетке алып сыныптастарына үндеу тастайды. «Бәріміз бір кісінің бала-

сындай, бір қолдың саласындай болып, ұл демей, қыз демей, қой бағуға барайық!»

Облыстық комсомол комитетінің I хатшысы сыныптас-тарының обалына қала жаздаған «ұраншы» жас шопанды кезекті Пленумнан (Сыртынан Пленумға мүше етіп жүрген де Өзекең) кейін аудандық комсомолдың бірінші хатшысына (Ерехан) қосып өзіне шақырады.

– Ал, Айтбекжан, – деп сөз бастайды. – Өзің мектепті биыл ғана бітіріпсің, келбетің мен кескінің қой бағуға емес, ел басқаратын кісіге ұқсайсың, неге қой бағуға құмар болдың? Өзің білесің, Шәуілдірдің жаздағы ыстық аптабы мен қақаған қыстың қара суығы, оның бер жағында апта құрғатпай тұратын Арыстанды-Қарабастың желіне қалай шыдамақшысың? Қысқасы қиындыққа төзе аласың ба? Отбасыңда кімдерің бар? Келіншегің бар ма, көмекке қолын созатын?»

– Аға, «шешінген судан тайынбас» деп атам қазақ айтқандай өз бағымды еңбектен іздемекпін», – дейді, жас шопан. Партияға қолқанат болуды тағы бір қайталайды.

– Мектепті қалай бітірдің?

Сөзге аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы араласады. «Жақсы оқыған. Тіпті бірер ғана төрттік. Әйтпесе, бірыңғай бестік...»

1961 жылы ақпан айында Қазақстан Орталық комсомол комитетінің Пленумына бір топ пленум мүшелерін Өзбекәлі Жәнібеков бастап Алматыға апарады. Ішінде мектепті «үздік» бітірген шопан Айтбек Мұсаев та бар.

Пленум аяқталған соң Өзбекәлі Жәнібеков шопан баланы сол кездегі ЛКСМ-нің I хатшысы Қосай Егізбаевқа алып барып, қой бағуға комсомолдық жолдамамен келгенін, еңбектегі жетістіктерін айтып таныстырыпты. (Комсомол қайраткері Арысбек Тәжиев әңгімесінен).

Көп кешікпей Өзекең әлгі жас шопанды Алматыдағы зоовет институтының ректоры Ермековке алып барып та-

ныстырып, табыстап «оқуға түсіріпті» (Айтбек Мұсаев әңгімесінен).

Қазақ жасының бірыңғай қой бағуына іштей де, сырттай да қарсы Өзбекәлі Жәнібек, зәуіде бара қалған (Партия айтқан соң одан біржолата бас тарту да мүмкін емес) қазақ жасын осылайша сырттан бақылап, сырттай жағдай жасатып, өзі әңгімелесіп танысып, ішінде бұйығып жатқан талабын көріп, Пленум мүшесі жасап, ЛКСМ 1-ші хатшысына таныстырып, «Институт ректорына алып барып, оқуға түсіріп отырған. Айтбек Мұсаевтың өзінің айтуына қарағанда Өзекең шопан досының үйіне жиі қатынап, оны еңбегіне қарай ВЛКСМ съездері делегаты етіп, омырауына Ленин орденін қадапты. Енді шопан досының өңірін «Социалистік Еңбек Ері» алтын жұлдызымен нұрландырудың «мотивін» де жасап қойған екен. Алтын жұлдызға ұсынылар алдында «бөлімше басшысы» қызметіне отырғызып, «Социалистік Еңбек Ері» атағы мен алтын жұлдызын совхоздың директоры иемденіп кетіпті. Қаншама қамқорлық зая кеткен?!

Партия шақыруының «құрбаны» болған жас азамат – қарапайым еңбек адамының сыртынан Жастар жетекшісі қаншалық қамқорлық жасап жүр! Ал, аудан, облыс (тіпті Республика) басшысы жастар ұйымының жалынды жетекшісінің қазақ жасына жасаған, жасау үстіндегі қамқорлығын сыртынан айналып, жоспарын бұзып, өзара ымыраласып, ұйғарылған «Алтын жұлдызды» еңбек адамына емес, басшы өңіріне тағып әлек. Бәрін қазақ еңбекші жасы үшін деп ұйымдастыратын, үйлестіретін жастар ұйымының жетекшісі де, оның еңбегін орта жолдан бұра пайдаланып, қарапайым шопанға тиесілі «Алтын жұлдызды» пайдаланып кететін билік...

Ол жылдары еңбегі жанған жеке жастардан тартып аудан, қала, облыс комсомолдарының «өңіріне» орден тақтырған екен әділетшіл Өзбекәлі Жәнібек. Соның бірі шопан досы Айтбек Мұсаевтың өңіріндегі орден болса, екіншісі Кентау

қаласы жастар ұйымының «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталуы!

Өзбекәлі Жәнібек облыс, тіпті республиканың басшыларына айтып, жүзеге асыра алмай жүрген бір ісі бар. Ол – Қ.А. Ясауи Мавзолейінің жайы. Өзінің білуінше Қ.А. Ясауи Мавзолейі дүние жүзінде теңдесі жоқ ғажайып тарихи жәдігерлік. Өз ойынша, ортағасырлық архитектураның ғажайып үлгісін ғылыми әдіспен жаңғырту (реставрациялау), жаңғырта жаңартып, ЮНЕСКО тізіміне енгізу керек. ЮНЕСКО бойынша әлемдік құндылық ретінде тізімге енсе, халықаралық туризмге жол ашылады. Осы ойын айтып басшылыққа жүгінсе, еститіні – «Ақсақ Темір салдырған екен...», «сопылық ілімнің кертартпа көсемі Қ.А. Ясауиге арнап салынған. Оның сопылық ілімі бізге жат...»

ВЛКСМ бірінші хатшысы Сергей Павлович Павловты ертіп, мән-жайды түсіндіріп, Мавзолейді әбден аралатып шықты. Өзінің қалай таң қалатынын айтып, тамсана сөйлеп, Москвадан келген басшысын да таңқалдыруға айналды. Күтімсіз Мавзолейге кісі жаны ашырлықтай. Қой, ешкі, есектен бастап мұның ішінде не жоқ. Төрт түлікте түйеге дейін осының ішінде жүреді... Масқара. Бұрын арнайы бөлме толы көне қолжазба, қадым, жәдидтше жазылған нешетүрлі кітаптар болады екен. Жергілікті жұрт соғыс жылдарында Өзбекстаннан әлде бір кісілер жүк машинасымен келіп, бір машина етіп тиеп алып кетіпті деседі.

Ол қолжазбаларды, ол кітаптарды ажыратып танып оқитын араб тілді мамандар да жоқ кой бізде деп ойлайды жастар жетекшісі. Қазақ жастарын қара танығанды қанағат тұтып жүре бермей, жан-жақты оқыту керек.

Бүкілодақтық жастар ұйымының бірінші хатшысы Сергей Павлович Павловпен бірге Қ.А. Ясауи Мавзолейін аралап жүрген кезде аяулы анасының үні құлағында шыңылдап тұрды... «Ясауи баба сыйлаған...» «Біз бар асылымызбен мақтана алмайтын, барымызды жарқыратып

көрсете алмайтын неткен еренсіз, енжар халықпыз осы?... Бір тарихи тамырдан тараған өзбек ағайын Самарқанды жаңғырту жолынан өткізіп, қалай-қалай үкілей бастады? Ұлттық сананың сақталуының әсері ғой...» Өз ұлты жайлы ойын көңілі тату басшысына айта алмады. Тек: «Ойлап көріңізші, біз осы бір тарихи жәдігер арқылы-ақ халықаралық туризм маршрутына еркін кіре аламыз ғой... Сіздің қаперіңізде болсыншы...» – деді. Онысы республика басшылығына орайында құлаққағыс жасасаңыз деген өтініші ғана.

«Қазақ жастарын оқыту керек!» Бұл – Жастар ұйымының жетекшісінің алға қойған алғашқы міндеті. Тіпті ол бұл мәселені мемлекеттік іс деп біледі. Қазақ газеттеріне қазақ жастарын жоғары мектепке қабылдау емтихандарын қазақ тілінде жүргізуді мәселе етіп көтертіп те жүр. Бұл – алғы міндет. Бірақ, баршаға бірдей жоғары мектепте оқу мүмкін емес. Әлдекімнің әлеуметтік тұрмыс жағдайы баласын оқытуды көтереді. Енді жүдеу тұрмысты біреулердің балаларын жоғары мектепте оқытуға қолы келе бере ме? Сондықтан қазақ жастарын орта, арнайы орта оқу орындарында оқытып, тәрбиелеп, қазақ жастарын кәсіпке баулуды да ойластырумен жүр. Одан өзге қазақ жастарының қолына ақ таяқ алып, ата кәсіп екен деп қой соңында жүре бермей, ұлдың өндіріс орындарына, қыздың өнеркәсіп саласына баулуды да мақұлдайды. Республикада ұлт кадрынан өндіріс орындарына жұмысшылар қалыптастыру – қазаққа да жат емес.

Соғыс жылдарында «бұратана халықтар» соғыса білмейді деген лақап орын алғаны есінде. Бұл лақапты жоққа шығарып, қазақтың ұлы түгілі Әлия, Мәншүк секілді қыздарынан да Батырлар шығып, қайран қалдырды ғой жұртты. Илья Эренбург «Қазақ батыр халық» – деп жаза бастады, өзінің «Соғыс» аталатын кітабында. Александр Бек Бауыржан батырды аңызға айналдырып жазды. Борис Полевой Мәлік Ғабдулинді. Сол секілді «қазақтың қызы салпыетек техника тілін білмейді, қазақ азаматы өндіріс қазанын қайната ал-

майды, қой баққаннан өзгеге жарамайды» – деген жатбауыр пікірлі жаба тоқушылық орын алып отыр бүгін де. Намысқа тиеді. Қазақ қызы өнеркәсіп орындарында, қазақ жігіті өндіріс қазанын қайнатуға тырысуы керек. «Қазақ жастарының көкірегіне намыс отын жағуымыз керек!»

Отызыншы жылдардың өн бойында Сарыарқада тумысы саха азаматы, коммунист Максим Кирович Амосов өлкенің бірінші хатшысы болып қызмет жасаған. 1932-33 жылдары қолдан ұйымдастырылған аштық салдарынан арып, ашып, аштан қырылып шыққан арқа қазақтарының әуірім тәңірмен аман қалғандарының басын жинап, тіршілікке бетін бұрған әлгі азамат. Ленинград обкомының бірінші хатшысы С.М. Кировпен өндірістік байланысқа шығып, зиялы Ленинградтың тікелей камқорлыққа алуының арқасында Қарағанды үлкен өндіріс ошағына айналған еді. Бұл күнде Қарағанды іргесі кеңейген үстіне кеңейіп өндірістік алыпқа айналған. Қарағанды қасынан темір өндіретін Теміртау да өндірістік алыпқа айналу жолына түскен. Атын Теміртау деп Қазақстан үкіметін он үш жыл басқарған Нұртас Оңдасынов қойған қаланы түлету – жастар міндеті.

Қазақстан үкіметі Москва «батасымен» бастап, халыққа үндеу тастаған Теміртауды көтеру – Республика Жастар ұйымының жетекшісі Өзбекәлі Жәнібектің еншісіне тиген бір ұлы міндет. Алдыңғы толқынмен ағайыны Алтынбек Дәрібаев (кейін Социалистік Еңбек Ері) металлург болып істейтін Теміртауды Өзбекәлі жасынан біледі. Республика Жастар ұйымының басына келген соң барып, зерттеп танып, білген үстіне біле түсті. Теміртау жөнінде Өзбекәлінің білім, білігін молайта түсуде Алтынбек Дәрібаевтың айтқаны аз болмады.

Теміртауда магнит құрылысы қарқын алып, зауыттар жұмысы жанданып жүре берді. Ол кәсіп үйренсін деп қазақ жастарын өндіріске жолдама беріп, шығарып салуды ұйымдастырды. Лек-легімен келетін қазақ жастары Теміртауға тын тыныс берді. Республика Жастар ұйымының бағытта-

масымен Теміртауға келген жас азаматтың бірі Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болатын.

Өзбекәлі Жәнібек коммунистік партия тарапынан айтылатын үндеуге республика жастарын тоғытып жіберіп қойып, олардың келешегіне бейтарап қарап отыра беретін басшыдан емес-ті. Жастар ұйымына қарасты «Лениншіл жас», «Ленинская смена» газеттері басшыларымен ақылдасып, оларға өндірісте жақсы қалыптасып, еңбек табысын еселей түскен жастарды газет бетінде жарқыратып көрсетіп отыруды мықтап тапсырды. Бұған басқа емес, Шерхан Мұртазаның Теміртауға арнайы барып, өндірістегі жұмысшылар, болат қорытушылар өмірінен отты да ойлы очерктер желісін жазып оралғанын, ол очерк кейіпкерінің бірі – жас металл балқытушы Н.Ә. Назарбаев болғанын айтсақ та жетіп артылар.

Өзбекәлі Жәнібектің мұратының асылы – қазақ жастарын оқыту. Оқымаған күнде, өндіріс ошақтарына барып, жұмысшы болып сапқа тұрған, еркінен тыс ұйымдасқан шопандар бригадасына ұйысып, мал баққан, өнеркәсіп орнына барып, жеңіл өнеркәсіпке баулыған бозбалалар мен бойжеткендердің бірыңғай ауыр жұмыспен жүріп, еңбекпен езіліп шағылып қалмауын, керек болса, олардың уақыт тауып, өзін жан-жақты жетілуін қалады, қадағалады. Сол себепті де сырттан ақын-жазушы, әнші, күйші, композиторды жүйелі түрде әсіресе партиялық шақыру, жастар ұйымы арқылы үндеумен ұйысқан ұжымдарға жүйелі түрде жіберіп отыруды тапсырады. Өзі де тікелей араласып, көгентүпте жастарды эстетикалық тұрғыдан жетілдіру мәселесіне ерекше зер салып, бақылаудан бір танған емес. Мәселеде елгезектік танытқан ол сонысымен де жастар жетекшісі дә!

Жастар ұйымының жетекшісінің бұл жетелі ісін бір ғана аяулы композитор Шәмші Қалдаяқовтың өмірге ән әкелу тарихы ізімен бақыласақ та біраз жанашырлыққа қанығар едік.

Жастықта сайран-сауықты басынан көп кешкен Шәмшіні Өзекең әр кезде әрқалай «тәртіпке» салып, түрлі шығармашылық сапарларға қосып отырыпты. Шәмшінің «Сыр сұлуы» Қызылорда сапарында, күрішшілер арасында солай туған. «Ақ ерке – Ақжайық» – осындай іссапармен Атырауға жіберілген жолы оңынан туған. Теміртауға жіберген сапарынан ән, Торғай сапарынан ән... Күйсіз жүрісінің сырын сұрағанда ұлы композитор жалтарып, «ән жазатын аспабым жоқ, әркімнің үйіне барып, саз аспабына әнімді оранжировка жасаймын» деген сылтау айтып жалтарып бағыпты. Талантын аса жоғары бағалайтын жастар ұйымының жетекшісі дереу туған ауданына (Отырар ауданы) тапсырып, композитордың жалтарма тілегін шындап жүзеге асырып, қамқорлық жасапты.

Жастар ұйымы жас жұмысшының (Н.Назарбаев) да, жас шопанның да (А.Мұсаев), жас композитордың да (Ш.Қалдаяқов, А.Молодов), жас ақынның да (О.Сүлейменов, М.Шаханов), жас әншінің де (Е.Хасанғалиев, Н.Нүсіпжанов), жас суретшінің де (Усачев) бәрі-бәрінің сыртынан бақылап, қамқорлық жасаумен болыпты.

Өзі өзге қызметке ойысып бара жатып орнына Оңтүстік Қазақстан облысы комсомолының бірінші хатшылығына – Қ.Тұрсынқұловты, Республикалық Жастар ұйымының бірінші хатшылығына – Н.Ә. Назарбаевты, Мәдениет министрінің орынбасары қызметіне – Ә.Кекілбайұлын ұсынуы, өзін Орталық комитет хатшылығына шақырғанда, шақырылған орынға К.Смайыловты ұсынуы – жастардың еңбегін, дүниетаным, ой-өрісін сыртынан бақылап, жазғаны болса – үзбей оқып отыратын, ешқандай қызметті де соңынан ілескен жастардан қызғанбай, ең бастысы «ана жақ», «мына жақ», «ана ауыл» «мына ауыл» деп бөліп жармай, баршасын ішке бүккен мейірімімен құшағына тұтас қысып, ақ еден алғаусыз көңілден сүйе білгендігін көрсетеді. Өзбекәлі Жәнібек руха-

ни ұстаз тұтқан Ілияс Омаров, ізбасары деп ауыз толтырып айтатындай азамат өмірден өтті.

Ал өнер десе ішкен асын жерге қоярлық, біліп, танып қамқорлық жасайтын білікті басшы, жас өнерпазды қанаттандырмай, толыстырмай тынбайтын табанды шынайы тәрбиеші басшы болғаны жалпақ жәмиғатқа кеңінен мәлім. Өзі жолдамамен жіберген Атыраудан «Ақ ерке – Ақжайық» әнін жазып оралған Шәмші Қалдаяқовты ізін суытпай «Қазақ ССР-нің халық әртісі» атағына ұсыныпты. (Түрлі себеппен ұсынысы өтпей қалған). Олжас Сүлейменовті Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығына ұсынған да осы Өзекең екен. Айта берсе, мұндай көшелі қамқорлық, дарынды жастардың жолын ашу, қанатын қомдау – Өзбекәлі Жәнібек өмірінің басты мұраты!

Сондай жас азаматтың бірі, кейінше қазақ өнеріне аянбай қызмет еткен дарынды өнерпаз – Қазақтың мемлекеттік хор капелласының көркемдік жетекшісі, бас дирижері А. Молодов. Шымкенттен келген қонағын мәдени күтіс түрінде концертке алып барған Өзекең капелладан кейбір өресіздікті байқайды. Өресіздік те болмауы керек, кінәрат қазақ әндерін эстетикалық талғаммен саз үйлесіміне түсіре мәнерлеп сүйемелдеуден кетсе керек. Ертеңіне Анатолий Васильевичке хабарласып, шақырып әңгімелеседі Өзекең: «Бәлкім саған, Толя, жұрттың құлағын хор-а капелла жанрына үйрету үшін әуелі танымал халық әндерінен бастап, ораторияға дейін бірте-бірте алмассаң дұрыс болар» – деген салауатты пікір айтады. «Халық әндері» дегеніміз, қазақтың жан сарайының жанды көрінісі, ұлттық болмысы. Хор капелласын қалай қарай бағыттап отырғанын байқарсыз.

Алғашында негізінен халық әндерін орындап, кейіннен бірте-бірте симфониялық оркестрмен қосылып айтуды талап ететін күрделі туындыларды игерген хор капелласы шығармашылық жағынан қарыштап өсе бастапты.

Белгілі бір уақыттан кейін толыса бастаған сәтінде Хор капелланың шығармашылық бет-бағдарын талқылау үшін мамандар Жастар ұйымы жанындағы көркемдік кеңеске жиналады. «Көркемдік кеңестің» талабына орай сыншылдық тұрғыдан талдайды. Сынға шікәмшіл мінез көрсеткен А.Молодовты бірінші хатшы сабасына түсіреді, сынның қандай да өнер ұжымын өсіретінін айтып. Достық сынға достық шырай жарасатынын айтады.

Әрі қарай қарыштап өсіп келе жатқан өнер ұжымының басшысына өзінің тілегін айтады: «Осы бір талқылаудан кейін хор капелласының басшылығы оның концерттік бағдарламасын қайта қарап, оған ойнақы, сергек айтылатын «Он алты қыз», «Сәулем-ай», «Ақтамақ» сияқты әндермен қатар, жоғары кәсіби орындаушылықты талап ететін Мұхиттың «Айнамкөзін», Әсеттің «Инжу-маржанын», ұлттық классика мен халық әндерінің басқа да үздік үлгілерін, Кеңес Одағы халықтарының әуендерін, Қазақстан композиторларының шығармаларын енгізді, – деп жазды Өзбекәлі Жәнібек өзінің «Тағдыр тағылымы» автобиографиялық жазбасында. – Бірде мен Молодовқа қазақтың халық күйін де, мәтіні жоқ демеуіңіз ол да әуен ғой, хор-а капеллаға түсіруге болмас па екен дегенді айттым. Халық шығармашылығын игерудегі мұндай пікірді ол қызу қолдап, іске кірісіп те кетті. Сөйтіп, Құрманғазының «Ақпай» күйін хор капелласы орындайтын болды.

Мені алдын ала тыңдауға шақырды. «Аа-м», «Аа-м», «Ым-м» болып қайталана беретін дыбыс маған мүлдем ерсі, тіптен дөрекі болып естілді. Ауызды ашпай «М-ым», «М-ым», «М-ым» деп көмеймен орындаған дұрыс болар деген едім, шынында да ұнамды болып шықты.

Құрманғазының «Ақпай» күйі осылайша хор капелласының орындауында қайта дыбысталған еді.

Бұл жайлы Илияс Омаров «Советская культура» газетіне мақала жазып, күйдің хор-капелла жанрына түсірілуін қазақ өнерінің жаңа табысы ретінде жария етті...»

Жас өнерпаз ұжымды Жастар ұйымының жетекшісі қалай-қалай талдап, қалай-қалай мамандар талқысына салып, сын тезі арқылы өсіреді десеңізші! Кәсіби мамандар пікірі өз алдына, жас өнерпаз ұжым концертіне күнде қатыса отырып, өзі байқаған кемшіліктерді кәсіби емес жастар ұйымының жетекшісі қалай бақылап, қалай байқап, дұрыс бағдар беріп, даңғыл жолға қалай салады десеңізші! Музыканың ішкі иірімдеріне дейін таным білігі еркін жетіп отырған Өзбекәлі Жәнібекті мансабын малданған «шарлатан» деп сірә да ағай алмайсыз. Сонда қалай, Өзбекәлі Жәнібектің музыкалық білімі болғаны ма?

Өзекеңнің аяулы анасы әнші де, биші болған кісі. Генетикалық «сауаттылық» дейік мұны. Сосын Абай атындағы педагогикалық институтта оқып жүрген студенттің дауысын орнықтырамын деп әуреге түсетін пианист Лев Семенович Брукты да осы ыңғайда еске алуға болады. Сәл болмағанда Өзбекәлі Жәнібектен опера театрының әншісін даярлап шығара жаздаған, аяулы өнерпаз. Ең бастысы – өзін-өзі жетілдіру! Тағдырдың жазуымен қызметінің өсуіне орай, өскен қызметтің талабына орай, сан-салада өз білімін кәсіпқой деңгейіне дейін көтеріп, білімін шындаумен жүрер еді. Оның столы үстінен Н.Туманинаның «Чайковский: путь к мастерству» (Издательство Академии наук СССР. Москва 1962) аталатын, ауқымды (41 б.т.) 5200 таралыммен жарық көрген таза ғылыми кітабын, тағы бірде «Евгений Онегин» операсын талдаған музыкатанушының талдама еңбегін көруге болар еді. Музыка жанашыры Өзбекәлі Жәнібек өзін-өзі жетілдіруге пайдаланған Н.Туманинаның зерттеу еңбегі кейін Түркістандағы «Түрік тілдес халықтар кітапханасына» келіп түсті. Өзбекәлі Жәнібек жеке кітапханасы атынан. Өзге кітаптар қабатында Өзекең сызып оқыған еңбектің бірі – діндар философ Н.Бердяевтің «Самопознания» аталатын философиялық еңбегі де бар...

Болгарияға сапары кезінде, Қазақстанда жерге ұрғандай аяқасты етілген (Н.Жанділдин әрекеті) домбыраны шет елге алып шығуға болмайды деп қасарысқан Москвада қорғап, шет елге алып шығып, сағы сынған қазақ өнерінің бәсін сырт елдерде асырған Өзбекәлі Жәнібек.

Әңгіме аяндап Мәскеуге бара жатыр. Ойға алғанын орындатпай тынбайтын табанды, ұлт намысына келгенде қиып түсер өткір, отты азамат жастар жетекшісі райында республикада қолдау көрген де шығар-ау, көрген қолдауынан гөрі етектен тартып, етекбастылыққа көбірек салғаны байқалады. Еліміздің өз ішінде көрмеген сүйеніш сүйсіністі, өз ортасынан таппаған таяныш тіректі көбіне Мәскеуден – Бүкілодақтық Жастар ұйымынан, оның әр кезде жетелі жетекшісі бола білген С.П. Павловтан, Е.Тяжельниковтан, Б.Пастуховтан тауып отырыпты. Үлкен-кіші басшыларға қарсы айтар өткір сөзі, республикадағы кемшіліктер туралы қиып түсіп айтар ақиқатшыл үні жақпай, қызметін жоғарылату орнына төмендету, тұқырту орын алған кездері 1962-70 жылдары москвалық басшылары қорғап қалғанын кейін есітіп білдік. Бүкілодақтық Жастар ұйымының бюро мүшесі Өзбекәлі Жәнібекті қаны бір, жаны (жан дүниесі) бөлек, партиясы (коммунистік партия мүшелері) бір, парасаты басқа партияластарынан қорғап бағыпты. Олар кімдер?

С.П. Павлов кейін ірі-ірі қызметтер атқарған, М.С. Горбачев босаңсыған сәтте «ГКЧП»-ны ұйымдастырушының бірі, Е.Тяжельников КПСС Орталық комитетінің бөлім меңгерушісі, Б.Пастухов – көркем шығарманы танып талдайтын әдебиет сыншысы («Строгая литература» кітабы үшін СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты), РФ Сыртқы істер министрінің орынбасары, РФ-ның сырт елдердегі елшісі, күні бүгін Швейцарияда тұратын, өз елінің, өз мемлекетінің қорғаны бола білген қорабалы азаматтар. Айтқандай, Өзбекәлі Жәнібек республикада тәрбиелеген шынайы шәкіртінің бірі Г.А. Рудов та РФ-ның Сыртқы істер министрінің орын-

басары, сырт елдердегі (Лаос, Қырғыз Республикасы) елшісі қызметтерін атқарып, еліне оралды. Москвада есен-сау тұрып жатыр. Біздің өтінішімізбен «Не стало друга...» атап естелік жазып берді. Өзекеңдей бар ғұмырын жастар тәрбиесіне ақ, адал арнаған тәрбиеші қайраткердің «шинелінен шыққан» шәкірттері жайында дербес әңгімелеген абзал...

Қара құрлықтың оянып жатқан тұсында (Никарагуа, Куба) өз ішімізде ұлт республикаларының өз қолдары өз аузына жетпей жатуы, тіпті қолдан тұқыртылуы оның жанын жегідей жейтін. Шет ел сапарларында Пхуми Вонгвичит, К.К. Бхаттара, Хо Ши Мин қабылдауында болған сәттері өз елінің жастарының өркениеттік өресін сол елдердің жастары өскін-өркенімен салыстырып, талай-талай тәтті ойларға кететіні болады. Ол осылай, республика жастарын өсіре білді. Республика дейміз-ау, кезіндегі бүкілодақ жастарына ықпалды тұлғаға айналды. Онымен ВЛКСМ-нің сол кезеңдегі сындарлы бірінші басшылары мойындай отырып, сыйлап санасты, санаса отырып, пікірін сыйлап, іс-тәжірибесін одаққа таратты. Жастар жетекшісі ауданда жүріп облысқа, облыста жүріп Республикаға, республикада Жастар ұйымын басқара жүріп, жаңашылдығымен Одақтық Жастар ұйымына өзі, сөзі, іс-тәжірибесі үлгі, өнеге бола білгенін, өмірлі өнегесін мақтанға айналдырып айтатын замандастары жадығат – естелік жазбаларынан көптеп табуға болады. Қазақ сахарасының сонау бір жастық шақта – Келес ауданынан басталған осы бір өнегелі жолдың қызметі ауысуына байланысты өшіп кетпей, әйтеуір бір қырынан жалт етіп өсіп, өнегеге айнала беретінін танып, біліп, ескеріп, қазақтың тағы бір данасы, өзін Өзбекәлі Жәнібектің шәкірті санайтын тағы бір саңлағымыз Әбіш Кекілбайұлы оны толқын-толқын қазақ жастарын жаппай тәрбиелеген, республика зиялыларының бірнеше буынына өнеге шашып, толық адам сипатында қалыптаған реформатор Жәнібековті «Рух сардары» атады. Орынды атау, орнын тапқан бағалау!

«Өмірлі өнеге» деп түйді ол жайындағы ойын қазақтың дана дидары Әбіш Кекілбайұлы!

Өзбекәлі шәкірттері. Кімдер олар? Олар өзінің облыс-облыстағы сала басшыларынан басталады. Облыстағы «көздерін» іні-қарындасына балап, жастар ісіне жігерлендіре, рухтандыра баулыпты. Оларға айтқаны: ««Жастарға өнеге көрсету, жол бастау үшін сендердің өздерің ерінбей театр жаналығынан қалмандар, облыстық ансамбль құрындар, халық шығармашылық театр, ауылдық клубты – руханият қайнарына айналдырындар...»

Бұл – жастардың республикада шешуші күшке айналған жылдары. Өзбекәлі Жәнібек тәрбиелеп, баулыған ол жастар кейін өмірдің сан-саласында республика тегершігіне айналып, өздері де айналасына жолбасшылық жасайтын тұлға болып қалыптасты, шешуші орындарда отырды. Маманмен жұмыс істеуді адам тағдырына араласу – адаммен жұмыс істеу деп білген олардың дені ұстаз тағылымына адал болды. Халық мүддесін өз мүддесінен алға оздырып ұстады. Заманына қарай құбылмай, азаматтық болмысын сақтап қалды. «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» – ұстанымымен мансап биігіне жорғалап шығып, ұлт, ұрпақ мүддесінен өзінің жеке бас мүддесін артық қойып, қайраткерсіп кергіген «шәкірттері» де болды. Өмір ғой. Құс екеш құс та он жұмыртқа тапса, біреу-жарымын «садақа» жасайды емес пе?!

Елуінші жылдардан бастап жетпісінші жылдың аяғына дейінгі аралықтағы жастар кеңістігін ойша шолғанда бұл жылдар – республика жастарының жұлдызды жылдары болғанын байқар едік. Бұл «Өзбекәлі Жәнібек жастарға көсем болып тұлғаланды» (Ш.Мұртаза, Қ.Тұрсынқұлов, З.Камалиденов). Бұл жылдар «Жастарға көсем болған Өзбекәлі Жәнібектің де – жұлдызды жылдары еді. Сол жылдары өмірге келген қызының атын Жұлдыз қойды Өзекең. Адами қуанышы! Ол бұл жылдары қазақ жастарын адам-

заттық өркениет өркешіне ұмтылдыра тәрбиелеп бақты. Бауырынан өнген өз ұрпағын ұлттық құндылықтарға адалдыққа баули тәрбиеледі.

Қазақ жастарына – көсем болған Өзбекәлі Жәнібек!

ТОРҒАЙДЫ ТҮЛЕТУ – АЛАШ РУХЫМЕН ТАБЫСУ

Өзбекәлі қырықтың қырқасына шыққанға шейін Қазақстан республикасын әр жылдары әр деңгейде басқарған Шаяхметов, Ондасынов, Омаров, Тәшенов, Тәжібаев, Қонаев, Юсупов, Понамаренко, Брежневтің көзін көріпті. Бірімен аз, екіншісімен бірсыпыра уақыт қызметтес болды деп айта алсақ керек. Солардың арасында ерекше жан тартып жақсы көргені, ағалап алға ұстағаны – Ондасынов және Омаров.

Нұртас (Нұрмұхамед) Ондасынұлы қазақтың жерін көрші республикаларға үлестіруге, қазақ жастарынан бірыңғай шопан шығаруға қарсылығы үшін 1959 жылы жасына жетпей зейнеткерлікке шығарылып, Москваға біржолата қоныс аударып кеткен кісі. Жолы түсіп, ресми, бейресми сапармен Москваға барған сайын сый-сыбаға ала барып, уақыт тауып әңгімелесуден айныған емес. Алғаш сауатын арабша ашқан Нұрекеңмен әсіресе, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи Мавзолейі жайында жиірек сұхбаттасады. Советтік саясаттан аяқ тартып, Мавзолейге күтім жасата алмағанына, онда мәңгілікке дамылдап жатқан ұлы әруаққа дұрыстап тағзым ете алмағанына өлердей өкінер еді Нұрекең. Кезінде қазақ үкіметін абыроймен табандатқан 13 жыл басқарған азамат ағаның өкініші бой тұмардай болып үнемі Өзекеңнің ойында тұрады. Жұмабек Тәшенов Ондасыновтың осы ерлігін қайталап, қасқайып қарсы тұрып, тіпті Н.С. Хрущевпен «боқтауға» дейін барып, елі, елінің жері үшін өзін құрбандыққа

шалып, ол да оңтүстікке кеткен жер ауып. Оңтүстікке жер аударылған Жүмекеңмен сенісіп әңгімелескен сәттер де жан байлығына айналып, ішінде маздайды. Жәй жатпасы, әйтеуір бір күні жарылар жанартауға айналып жатары тағы хақ. Мына өмірде әділетсіздік көрсе, іште қозғалып-қозғалып атылуға итермелейді. Аға ерлігіне дән риза. Ой дүниесі қорабалы Ілекең Омаровпен әңгіме өзін үнемі қанаттандырып отыратынын байқайды. Кісімсімей, қарапайым да байыпты айтылатын ол әңгімелер бейне Жастар жетекшісі үшін Бағдарламаға айналғандай. Бала Өзбекәлінің кермек таттың ащы балалық шағында әңгімесін ерінбей, жалықпай тыңдайтын «жазулы хаттары», кейде жанын жадыратып ән салып беретін, кейде ісіне қолқабыс жасай салатын, сөйтіп бауырына кіретін қазыналы қариялары – Өзімбек, Мүсірәлі, Жабай секілді аталас ауыл ақсақалдары болса, ат жалын тартып мінгелі ақыл кеңесімен мансап жолында ақ жүріп, елге ақ, адал қызмет етуге шамшырақ болатын «қол тапсырған пірлері» міне, осы ардақты тұлғалар.

Бұрын кинотехникумның директоры, обком хатшысы, Орталық Комитеттің хатшысы, Жоспарлау Комитетінің төраға орынбасары болып қызмет етіп келе жатқан Ілияс Омаров алпысыншы жылдардың аяғында Мәдениет министрі болып тағайындалды. Саяси ойындардың қақпақылына айналып көрген, Москваның озбырлығына кеудесін тосып та байқаған Ілекең денсаулығы сыр беріп, жұқарып жүрген бір шағы еді. Әйтсе де, әлсіз денсаулықпен жүріп Ілекең қазақ мәдениетінің «денсаулығын» түзеп кетті. Оған бұл жолда жақсы жәрдемші бола білген адам – Жастар ұйымының жалынды жетекшісі Өзбекәлі Жәнібек. Бұрын ақыл-кеңесін ала отырып, жастарды мәдениетке, өнерге баулыған Өзбекәлі енді Ілияс Омаровтай даңғылмен ақыл-ой біріктіре отырып, ілкімді қимылдап, қазақ мәдениетін өрелі өріске шығарып үлгерді. Өнер ұжымдары СССР-дің ішін қойып, сыртына гастрольдік сапарларға шығатын мінез тапты. Жігерлі

ұйымдастырып Өзбекәлі жүреді. Одақтық, Республикалық баспасөзде жинақтап жазып, министр шолу, талдау мақалаларын жариялайды. Өнер ұжымдары шет елге гастрольдік сапармен сырт елдерге шыққанда екі арыс екі жақтап сұхбат беріп, қазақ халқының тарих жайынан, мәдениеті жағдайынан шет елдіктерді жүйелі таныстырып жатқаны. Мақалаларының дені одақтық «Советская культура» газетінде жарияланар еді. Өкініші – сол жылдардағы шет елдерде жарияланған газеттік сұхбат, мақалалар жинақталған жоқ. Екеуінің де ел ішіндегі, өз атымен жарияланған материалдардың кейбірі ғана олардың кітаптарына енгенін де айта кетейік.

1970 жылдың күзінде Илияс Омаров асқазан «обырынан» көз жұмды. Көз жұмарынан біраз бұрын Өзбекәлі Жәнібекті арнайы шақырып, бірсыпыра аманат ойларын айтады. «Советтік медицинаның маған енді өкпесі жоқ шығар. Коммунистік партияның да маған өкпесі болмас енді. Өлер шағымда қазақ болып өлейін. Мұсылманша жерлеу ұйымдастырыңдар. Молда жаназамды шығарсын!...»

Алдындағы ақылшы ағаның көз жұмуы Өзекең үшін асқар тауының құлауына пара-пар. Жан дүниесі құлазып жүріп, ұстазын ақирет сапарына ұзатып салды. Ұстаз қазасы өмірдің күнде той емесін сезіндіріп, жан-жүректі сыздатып кетті. Ілекеңдей асыл аға өмір жолын талдай отырып, кісі өмірдің қия, өріне көтерілсе тасып кетпеуі, кездейсоқ еңісіне құлдилап құлап жатса, жасып кетпеуі керек екенін де пайымдады. Өлшеулі өмір. Өлшеулі, күрмеп байлауға жетпейтін қысқа жіптей қысыңқы өмірді аз-көп деп жатпай, халық бақыт қазығына байлап қызмет істесе, содан жанына рахат тапса – жетеді де. Адам баласы қысқа өмірде арттырары бұдан басқа не?! Жасы қырықты межелеген өзі де байсал тарта бастаған Өзбекәлінің ой жосығы осылай келеді.

Жасына орай, комсомол жұмысында енді ұстап отыра берудің жөні жоқ екені өзіне де, өзгеге де – әмбеге аян. Өзіне айтылмай, Шымкент облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына сыртынан ұсынылып, «құлтшыл» мінезіне қарай

«құлайды». Сыртынан саудаланғанын Өзбекәлі Жәнібек кейін, тіпті кейін білді. «Апыр-ау, қазақ бола тұра, Республиканың негізгі ұлттық құрамы – қазаққа қызмет етпесең, ұлтыңның есесі кетеді, қазаққа қызмет етсең – «ұлтшыл» атанып, «шөміштен қағыласың». Қызық екен...» – деп ойлаған сыртынан ойналған сахнаның жайын естігенде. Бірақ, бәлендей өкіне қойған жоқ. Қызмет үшін Ұстанымынан заматында айнитын «талкүбі» Өзбекәлі Жәнібек емес!

1970 жылы қарт Торғай облыс болып құрылатын болды. Жастар ұйымының жетекшісін Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А. Қонаев қабылдады. Димекен қашанғыдай мейірбан сөйлеп отыр: «Комсомолда істеген қызметіңе дән ризамыз, Өзбекқали. Бұдан әрі Жастар ұйымында жүре беруге жасың асып барады. Шымкент облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына ұсынсақ деп едік, өзің бас тартыпсың. Москвамен сөйлесіп, шет елге елші етіп жібергіміз келген. Үйдегі келінді сырқат. Бара алмайды-деді... Димекеннің сөзінің осы жеріне жете бергенде Өзбекәлі жуан хатшыға қарады. Жуан хатшы көзін төмен салып, жерге қарады... «Партия сені енді жаңа құрылған Торғай облысына өзіңнен сұрамай-ақ міндеттеп жібергелі отыр. Ертең Москваға жүресіңдер. Бекуге. Сенімді ақтайды деп сенемін!»

Жаңа құрылу үстіндегі облыстың партия комитетінің идеологиялық хатшысы қызметіне жіберілді. Кадрды Мәскеу бекітеді. Хатшы жаңа құрылғалы жатқан облыстың басшыларын бекіткелі қабылдап отырып: «О, комсомол да осында екен ғой. Болады облыс» – деп жіберіпті. Бәлкім Л.И. Брежневтің кезінде Қазақстанда қызмет атқарғаны, бәлкім республиканың жалынды Жастар ұйымының жетекшісі – Өзбекәлі Жәнібектің Одаққа танымалдығы себеп. Бір топ партия сарбалақ сарбаздарын Д.А. Қонаев өзі барып орындарына отырғызып, жергілікті халықпен таныстырып тұрып: «Жәнібеков жолдасты, мен жүрегімнен жұлып алып

беріп отырмын...» (Алпысов) – депті. Бұрын болған, бүгінде жоқ облыстың кезінде ту көтерушілері санатында С.Құсайынов, Қ.Тұрысов, М.Р. Сағдиев, Трофимов, Ө.Жәнібек есімі аталады. Олар «Торғайдың ырысы, халықтың бағы бола білген азаматтар» саналады. Орынды аталады. Орынды саналады. Әсіресе, Өзбекәлі Жәнібекті торғайлықтар елден ерек сүйіпті. Тіпті облыстың бірінші басшысы С.Құсайыновтың өзі: «Мен Өзбекқалидай сауатты емеспін, жұмысшымын. Барлық саяси, мәдени мәселелерді Өзбекқалимен шешіндер» (С.Шүкіров) деп отырар екен. Партиягерлер мінезінде өте сирек кездесер кісілік кеңдік. Әдетте партия басшылығы еріксіз құрметтеліп, орынтағынан кеткен соң жұртшылық «алды-артына бір уыс топырақ...» – деп бетін теріс бұрып отырса керек еді. Ал, облыстың бірінші хатшысы да емес, қатардағы (үшінші хатшы) хатшысы Өзбекәлі Жәнібекке дегенде торғайлықтардың махаббаты әлі күнге «күйіп» тұр. Торғай облысының кезіндегі облатком төрағасы, аяулы ардагер М.Р. Сағдиевке телефон шалып хабарласқанда: «Е, Өзекен елден ерек, жөні бөлек, ел ерекше сүйген ерен қайраткер еді ғой. Келіндер, естелік айтып берейін» – деді ол кісі. Тәуелсіздікке дейін белшеден кешкен бейнетпен құрылып, тәуелсіздіктен кейін құрдымға кеткен облыстың кешегі-бүгінгі көзкөргендерінің ықыласы неге осы бір азаматқа ерекше?

Торғай асылында, қазағы мол, қазақы өңір. Өңірде кешеге дейін қазақы өмір салтанат құрып келді. Қаймағы бұзылмаған өңір қазақтары қазақ салт-дәстүрін ұстаудайын ұстап келген. Тілі қазақша. Ділі – қазақ. Тұрмыс-тіршілігі қазақтың салт-дәстүріне негізделген. Бұған Өзбекәлі Жәнібек қуанбаса, ренжи қойған жоқ. Бірақ, СССР-ді құрушы, жасақтаушы ұлт – орыс та, жергілікті ұлт – құраушы, жасақтауға қосалқы түрде қатысатындар санатына саналып қалған кез. Бастауыш партия ұйымының жиынынан облысқа дейін жиналыс атаулы «ұлы орыс тілінде» жүреді. Бір орысы төбе көрсетпейтін бөлімше, совхоз, аудан, облысқа дейінгі жағдай – орыс тіліне

зорлап байланған. Қайда да орыстың мысы басым. Қайда да бірыңғай қазақтың басында «саптыаяққа қымыз құйып, сабасынан карауыл» (М.Әуезов) қарап орыс нәсілді басшы жүреді. Облыстың идеология жөніндегі хатшысы не істеу керек осындайда?

Өзбекәлі ай-күннің бір аман күні елге шығады. Елге шықпас күні сирек болар еді деседі онымен Торғайда қызметтес болған лауазымды әріптестері. Бұл жолғы сапары саяси міндеті ауыр, КПСС-тің кезекті интернационалистік қаулысы шешімдерінің жүзеге асуын бақылау, соған орай алдағы міндеттерді межелеп қарар алу. Азулы басшы ауданға барады. Қазақы аудан. Ауданның бірінші хатшысы қазақ. Жиналыс басталады. Аупартком баяндама жасау керек. Хатшы баяндама орыс тілінде дайындалатынын біледі. Дәстүрге айналып кеткен жәйт. Сонда да қазақы ауданның хатшысы қазақша сөйлейтін шығар деген дәмесі болды ма, «Қазақша сөйлейтін шығарсыз?..» – деді. Аупарткомның бірінші хатшысы саскалақтады. «Баяндама орыс тілінде дайындалып еді, Өзеке...» Естігені: «Өзің біл, қатысушылардың бәрі қазақтар секілді ғой. Мен өзім қазақ тілінде сөйлеймін...»

Жиналыс орыс тілінде ашылады. Қипалақтаған, қысылған аупарткомның бірінші хатшысы сөзін біресе орысша бастап, қазақша жалғап, біресе қазақша бастап, орысша аяқтап, әбден әбігерге түседі. Сөз облыс басшысына беріледі.

Обкомның идеология жөніндегі хатшысы сөзін лениндік ұлт саясатынан тартып, сөйлеп жөнеледі. Қағазға телміріп тұрған жоқ. Қуаттан бұйра шашы ширатылып, қара шашы толқынданып, өткір де аялы жанары залды шола қарап қояды. «Сары орыс» емге көрінбейді... Қазақша қоңыр дауыспен күміс қоңырау қаққандай күмбірлетіп сөйлеп тұр... Бейне атқа шапқан аталарындай мінберге емініп, өр кеудесін алға салып, тебініп, тебіреніп сөйлеп кетті. Ауданның жайы алақанға салғандай ашылып жатыр, ашылып жатыр...

Өзбекәлі Жәнібектің шалғай ауданда саяси жиынның өзінде қазақша сөйлеп, қағазға қарамай баяндама жасауы ел арасында аңызға айналып, неше түрлі қоспамен қанат қағып бара жатты. Шалғай аудандағы осы бір жағынан қарағанда, сол кеңестік кезең үшін тұлғаға саяси сенімсіздік туғызатын, тіпті коммунистік көзқарас тұрғысынан күмәнмен қарауға болатын хатшы әрекеті, сол күні, сол сәтте аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы үшін «мақтамен бауыздағандай» жаза болғанымен, саяси басшылық арасында қазақ тілін өз тұғырына көтеріп, өнеге болып тарады. Ол сөзімен ғана емес, ылғи да ісімен өнегеге айналар тағылымды жан. Орысшаға еріксіз баулына бастаған өңірде осыдан кейін қазақ тілі табиғи өрісімен қанат қақты. Өзбекәлі Жәнібектің кешегі қысаң кезеңдегі бір өнегесі міне, осындай! Асылында, қазақ тілінің бәсін түсіріп, берекесін қашыратын да өзіміз, ана тіліміздің абыройын асқақ көтеріп, қай уақытта да қанаттандыратын да өзіміз!

Көп өңірде бірінші басшы көбіне орыс нәсілінен келеді. Республикада бірінші басшы болып қызмет еткен Л.И. Брежневтің Бас секретарлыққа көтерілуінен соң, республика басшысына бұрын орыс, өзбектенген ұйғыр отыратын орынға қайта Д.А. Қонаев көтеріліп, қазақтың есесі түгенделетін бір кезең. Өзге өңірдің бірде-бірінде болмаған жағдай. Қай республикада да бірінші басшы өз ұлтынан келетін. Бір ғана тумысы саха М.К. Амосов Қырғыз ССР-нің бірінші хатшысы болып тағайындалып, 1937 жылы, Фрунзе (Бішкек) әскери коменданты В.И. Панфиловтың көрсетілуімен атылып кеткені бар. Жағдайдың Қазақстанда оңалуына қарамастан, көп облыста бірінші басшы әлі де орыс нәсілінен. Біренсаран бірінші басшысы қазақ болып келетін өңірдің екінші басшысы міндетті түрде орыс нәсілінен болып бекітілуі жазылмаған заң. Бәлкім біздің босандығымыз, бәлкім біздің ұлттық болмысымыздың босаң тартып, интернационализм сырқатына ұшырауымыз, бәлкім мансап буына мас болып,

біздің арымыздың қалғуы, әйтеуір бірінші басшының дені орыс, орынбасары қазақ, бірінші басшы зәуіде қазақ болса, екінші басшы міндетті түрде орыс нәсілінен... Республикада бірінші басшы Д.А. Қонаев, екінші басшы Коркин. Көп министр мен комитет басшылығына татардың дендеп араласа бастағаны да бар. А.Суразиддинов, А.Ибрагимов, А.Бадраков... Торғайда обкомның бірінші хатшысы партия жұмысына өндірістен келген Сақан Құсайынов. Екінші хатшы Голубенко.

Тағы да бір кәделі облыстық жиын. С.Құсайынов сыртта саппарда жүр. Жиынды екінші хатшы ашуы шарт. Сөйленер сөзі «сарбалақ» инструктор арқылы дайындалып, бөлім басшысы көзімен сүзгіден өтіп, қолына табысталған. Қалың қайым жиналып, зал лық толы. Екінші хатшыны әрі күтеді, бері күтеді. Ақыры темірдей тәртіптің адамы, обкомның үшінші хатшысы орнынан тұрады да облыстық жиналысты қазақ мақамымен орысша сөйлеп ашып жібереді. Күн тәртібіне сай баяндаманы қазақша жасайды. Кешігіп келген Голубенко президиумға шығуға жарамай, залда көзінен ұшқын атып, ызбарланып отырыпты.

Тарих күнделікті қарапайым тұрмыстан бастау алады.

...Облыс караша айында ашылып, бүкіл басшылар сол кездегі ауаткомның үш қабатты кеңсесінде жататын. Оның дәл қарсысында сол кезде асты үлкен гастроном, төрт қабатты үй салынып жатқан. Көп ұзамай үй бітіп, дүкенге «Изобилие» деп ат беріліп, ол «неон» әріптерімен мандайына жазылып та қойылды. Жатқан үйінің терезесінен осыны көрген Өзекең карамағындағылардан: «неге бұлай?» деп сұрайды. Орысша атаулар санаға әбден сіңіп кеткен, әрі ондайларға мән беру рефлексінен мүлде жұрдай болған жергілікті қызметкерлер сұраққа түсінбей, әріп қатесі кетті ме екен деп жазуды қайта-қайта оқығыштап, атаудың өте сәтті табылғанын айта беріпті. Сонда Өзекең: – Иә, бұл сөздің көл-көсір, ағыл-тегіл молшылық екені көңілге қонады, бірақ гастроном атауы неге

қазақша емес? Мысалы, оны «Береке» деп неге атамасқа? – дейді.

Бұған өз ағайындарымыз да, жергілікті голубенкошыл басшылар да күңкілдеп, түрлі дәлел айтып, көңгісі келмегенде, Өзекең «Береке» деген жазу ілінсін» деп бір-ақ қайырады.

Көп ұзамай ірілі-ұсақты мәжілістер президумында Голубенко ең шетте отыратын болды. Бұл жайттың арқалықтықтар үшін маңызы зор еді (Серікбай Алпысұлы).

Алматыда қазақ мектебі жаппай жабылып жатқан кез. Қиын сәттерде жасақталып, жақсы жұмыс істеп жатқан жалғыз №12 қазақ мектебінің өзіне орыстандыру саясатын ұстанған коммунистік партия тарапынан қауіп төніп-төніп қоятын. Мектеп директоры ұлттық болмысы мықты, қазақы ортада тәрбиеленген Әлия Дүйсенова. Бұл кісі жазушы Сәбит Мұқановтың «Сырдария» романының әдеби кейіпкері (кейіпкер прототипі) – Рахмет (өмірдегі аты басқаша) Дүйсенбиннің зайыбы. Әдебиетші Мырзабек Дүйсеновтың жеңгесі. Жалғыз қазақ мектебіне қауіп төнген сәттері араша сұрап, «жылап» Сәбит Мұқановқа барады. Сәбит Мұқанов Оқу министрі, министрдің орынбасары Әди Шәріповке, Ә.Сембаевқа айтып, араша түседі. Нәсілі орыс министр Щербаков жүре тыңдаған бір сәтінде «аралас мектептің» тұлғаны жан-жақты дамытудағы ролі» тақырыбында дайындалған докторлық диссертациясын тас-талқан етіп сынап, маманданған ғылыми Кеңесте құлатады. Мырзабек Дүйсенов, Өмірзақ Айтбайұлы, Сейілбек Исаев (кейін бәрі де ірі ғалым) қазақ мектебінің қазақ астанасына да қажет екенін дәлелдеп, мектеп жасындағы балаларын сүйретіп Алматы басшылығына жүгіреді. Міне, осындай қазақ мектебінің республика бойынша шаруасы шайқалып тұрған сәтте Өзбекәлі Жәнібек Торғайда облыс орталығы – Арқалық қаласындағы жалғыз орыс орта мектебін жауып, орнына қазақ орта мектебін ашады. Ұлтшыл атанудан қорықпайды. Өскелең мансапты жолына

керме тартылар деп қауіп ойламайды. Ойласа, ойлайтын да шығар-ау, бірақ өз мүддесін халық мүддесінен жоғары қоя алмайды. Өйткені, ол – Өзбекәлі Жәнібек! Сол бір тұста коммунист хатшы ұлтшылдығы облыстың бірінші басшысы Сақан Құсайыновқа «жоғарыдан» айтылыпты. Идеология жөніндегі орынбасарына иненің жасуындай күдіксіз сенетін Сақан жарықтық, «Өзбекәлі-ау, байқасаңшы» – деуден әріге бармаған. Демек, Қазақстандағы аға буын басшылық звеносында жүрген азаматтар арасында да қазақтың мүддесін тереңінен ойлайтын, өзі тізеге салып, қазақ мектебі мәселесін шешуге бас бармақты бірінші басшы лауазымынан қорқып сақтық ойлағанымен, қазақ мектебі үшін сондай ерлікке барып жатқан ұлт мүдделі нар қазақтардың әлі де бар болғаны. Өзбекәлі Жәнібектің ақылдан бұрын албырт жастықпен намысқа беріліп жасаған ерлігін өз есебіне тиімді пайдалана қойып, өсіп келе жатқан азаматты «тобықтан қағу», қызметінен шеттету орнына – жәй ғана өзімсініп ескерту жасаған Сақан да сол нар қазақтың бірі болғаны. Өзекеңнің бұл ерлігі қазақ жастарын келешек тұтып үйренген кешегі жетелі жастар жетекшісінің бүгін келіп бір облыста қазақтың келешегін ойлап жасаған нартәуекелі еді.

Келешек! Тағы да келешек! Қазақтың жерін, жері арқылы елін қорғаймын деп екі бірдей ағасы, ағалыққа жарар жағасы – Н.Ондасынов пен Ж.Тәшеновтің тағдырын жете біле тұра, жүрек жұтқан тасшайнар болмаса, кім бара алады осындай ерлікке?! Өзекеңнің бұл ерлігі – қазақтың тілін қорғау, қазақтың жасын «мәнгүрттіктен» қорғау, қазақтың тілі, тілін ұмыттыру амалымен жасалатын шерменде «шовинистік» пиғылды қазақ жерінің шалғай бір пұшпағында тас-талқан етіп бұзып, қазақ келешегін қорғау! «Оу, ағатай-ау, қалай бардыңыз, бас кетер мұндай ерлікке?» – дейді өмірде жиі араласқандардың біразы оған. Өзінің бұл ісін «ерлік» деп санамайды екен ағатай: «Облыс орталығындағы мектеп. Бардым, көрдім, мұғалімдердің сабағына қатыстым.

Мектепте емге орыс баласы жоқ. Облыс басшыларының балаларынан өзге. Бір класс түгелімен қара домалақтар. Пән мұғалімдері тілін шайнап, орысшаны зорға сөйлейді. Балалармен әңгімелесіп көрдім. Орыс мектебінде оқып жүрген балаға тіпті ұқсамайды. Оқушылардан жақсы келешек көре алмаймын. Рухани мүгедектік қана күтіп тұр бұл балаларды. Алдым да «Жабыңдар. Жабындар да орнына қазақ мектебін ашындар» – деп тапсырма бердім...» «Қазақ мектебі жабылып, орыс мектебіне айналдыру процесі жүріп жатқан кезеңде, олай еткеніңіз үшін, «жоғары» жақ маңдайыңыздан сипай қоймаған шығар, сірә?...», Өзекең ашыла сөйледі: «Москвада ұлт республикаларына салалық министрлік бойынша орыс тілінің атын оздыру туралы тенденция айтылса айтылатын шығар. Бірақ, орыс тілін бетке алып, ұлт тілін тұқыртуға баратын ондай «тапсырманы» ана Балтық жағалауы республикалары, өз әліп-биін сақтап қалған Армения, Грузия, Әзербайжан орындай қоймасына иманым кәміл. Олар түгілі, іргеміздегі еншілес Өзбекстан да ұлт тамырына балта шабатын оспадар әрекетке барған жоқ. Біздің өзіміз ғой, қызметімізден қорқып, өсуден дәмеленіп, Москваның ығына жығыла кететін, ығына жығыла кетіп, аттандап алға түсіп шаба жөнелетін... Жаптық қой Арқалықтағы жалғыз мектепті. Ешкім шауып алған жоқ. Оқу министрі шабаланып, қойды. Тіпті маған да тіке шыға алған жоқ. Облыстың бірінші басшысына телефондаса телефондаған шығар...»

Өзекеңнің өзі бұл өр әрекетін рухани ерлікке баламайтын, ерлікке баламайтынын «Тағдыр тағылымы» мемуарында бұл істің орын таппағанынан да байқауға болады. Ерлікке баламаса мейлі, өзі білсін... Ал, біз ұлтын шексіз сүйген Өзбекәлі Жәнібектің бұл іс-қимылын айтып, бағасын жеткізе алмайтын, қысаң кезде өнеге етіп тарату орнына дымын ішіне жұтып, «жоғары» шарасыз ымыраға келген бұл ісін орасан рухани ерлік деп бағалаймыз. Қазақстанда «социализм зәулімі» салтанат құрып тұрған сол заманда жетпіс

казак мектебінің жабылуы, жабылып орыс тілді мектепке айналуын салаға, тіпті тұтас казак еліне Өзбекәлі Жәнібек жетпегеннен, ұлттық намыстың өліп, ұлттық дүниетанымның құлдырауынан туған жетесіздік, жетесіз басшылықтың мойнындағы екі дүниеде де құтыла алмайтын қылмысы деп білеміз. Қазак мектебін жабу – ұлтты ұлттық дүниетанымнан айырып, ұлтты мәңгүрттендіру (Ө.Кекілбайұлы, Ш.Айтматов) үшін Москваға билеген, билеген де «күйлеген» (Абай) «көзкаман» (Р.Бердібай) басшылықтың жүргізген саясаты. Қазак мектебін жабу – ұлттық аза деп танымыз. Жалғыз орыс мектебін жауып, орнына казак мектебін ашу – ұлттық намыстан туған азаматтық, сөздің жақсы мағынасындағы ұлтшылдық!

Ол жылдары кітапты шығаратын «Баспасөз жөніндегі комитет» (Ш.Елеуқенов), кітапқа таралым жинап, жиналған таралым бойынша облыс-облысқа бөлетін «Казпотребсоюз». Бүгінде басынан бағы қашқан кітабы бар болғырдың таралымы оқырманның сұранысына қарай жиналып, облыстың тұтынуына орайластырылып бөлінсе жараспас па?! Жоспарлы экономиканы ұстанатын социалистік республикада солай болуға тиісті. Жок, «Казпотребсоюзда» олай емес. Москваның алып кітап өндірісіне республикада басылатын кітап өнімін бір қосып, бар өңірге (демографиялық ерекшелігіне де қарамай) теңдей бөліп қоя береді. Оңтүстіктің 600 мыңдық облыс орталығы – Шымкент те, 14 мың (қанаттас қайраткер, досы М.И. Есенәлиев мәліметінде 26 мың делінеді) ғана тұрғыны бар Торғай облысының орталығы – Арқалыққа да бірдей бөліс. Қазақы екі облысты салыстырып отырғанымыз ғой өзара. Оның үстіне бірыңғай қазақы облыстарға орыс тіліндегі кітаптарды (газет-журналды қоса айтқанда) басым жіберу орын алыпты. «Революцияға дейін 2-ақ процент сауатты болған қазақтарды» сауаттандыру керек қой, баяғы... Бұл да, айналып келгенде қазақы намысы қалғымаған Өзбекәлі Жәнібек үшін ұлтты орыстандыру ама-

лы болып көрінеді. Арқалықтың 16 мыңдық тұрғыны атынан таралым жасалып, сырттай жасалған долбар таралым облыс орталығына келіп түседі. Жас, жас та болса кітапты құмарта оқитын жетелі басшы кітап дүкендерін аралайды. Сөрелер самсаған орыс тіліндегі әдебиеттер... Арасында өзі үкілеп Одаққа оздырған Олжас Сүлейменовтің кітаптары. Әдебиет жаңалығын, ағымдағы баспасөз жаңалығын қалт жібермейтін хатшы Өзбекәлі Жәнібек «Кітап және баспасөз, полиграфия Комитетінің төрағасымен, «Казпотребсөзбен» жұмыс істеуді бастайды. Бұған дейін өзі де «Молодая гвардия» баспасынан кітап шығарып үлгерген, Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым» романын аталған баспа бойынша жылдық жоспарға енгізіп, аудармасына көңілі толмай үшінші рет қайта тәржімалауға жіберетін Өзбекәлі Жәнібек емес пе?! Комитет басшысы Ш.Елеукенов, Жазушылар одағының хатшысы Қалаубек Тұрсынқұлов, «Казпотребсоюз» басшысы Жандосовпен арада ашылы-тұщылы әңгімелер болады. Келер жылына қарай қазақтың XX ғасыр басында рухани оянуының басында тұрған Торғай өңірінде кітап саудасы мәселесі шешімін тауыпты. «Қазақы облыста қазақ тіліндегі әдебиетке басымдық берілсін!...» Қазақ ұлтын, қазақ руханиятын қазақ даласының бір пұшпағы – Торғай өңірінде қорғаудың, қорғай отырып қолдау, жаңа бағытта өрістету Өзбекәлі Жәнібек тарапынан міне, осылай жүзеге асып еді.

Жан тартып жақсы көрген мамандығы тарихшы болғандықтан ба, әйтеуір қайда қызмет атқарса, сол өңір тарихын ұлт тарихының бір бөлшегі ретінде зер сала қарау, архивтен ұмытыла бастаған тарих сөзін тауып, ел жадында сақталған жадығатты тірілту, ескерусіз қалған көне жәдігерлікті тауып, ұқсата жаңғыртып (реставрация), бұйым-тайымға (Ө.Жәнібек енгізген термин. Экспонат баламасы) қайыра жан бітіріп, музей жасақтауды азаматтық парызы деп білді. Республикалық комсомол ұйымын сегіз жыл басқарғанда Жастар ұйымының тарихын дәуір-дәуірі, кезең-кезеңімен

жүйелей, экспозициялап, музейге айналдырып қалдырған еді. Торғай өңіріне идеология жөнінде хатшы болып келгенде де осы мінезінен танбады. Өңір тарихына тереңдеп, ізденіс сорабына түсті. Іс барысын тану, бақылау мақсатында ауыл-ауыл, аудан-ауданға барып, жады тарихи сара сараман шежіре қарттарды іздеп, тауып, үйіне қона жатып әңгімелесті. Торғай өңірі тұнып тұрған қазақтың елдік тарихы екен. Ел аузынан естіген ескі әңгімелерін жанына тоқи берді, жадына мықтап қондыра берді. Тарих қойнауына тереңдеген сайын Торғай тарихы дүйім қазақтың елдік, азаматтық тарихы болып шыға береді.

Студент кезінен Тарлені талай рет қайтара оқыған ол соңғы жылдары Манфредтің еңбектеріне шұқшиды. Екеуінің жазғаны бір Наполеон. Екеуі екі басқа. Ғұмырнамалық тарихта ұлы тұлғаны екі тарихшы екі түрлі тұлғалайды. Оған соңғы жылдары шыққан жас пері Д.Н. Аль қосылды. Оның жазғаны да Наполеон. Бір тақырыпты үш тарихшы үш түрлі трактовка жасайды. Үшеуінің жарысып жазып келе жатқаны орыс-француз соғысы. Ғылымдағы жарыс, ғылымдағы бәсеке дегеніміз де осы шығар. Орыс тарихшыларының бір жақсы жері – шет тілін біледі. Қолы ұзын, орыс ғалымдары шет елдерге «стажировкаға» жиі шығады... Қазақ тарихшылары көбіне бір тілді. Орыс тарихшылары соңғы кезде дүниеде қанша мемлекет бар, соның тарихын бөліп алып жазуға машықтана бастады. Бұл бір елдік мәселе. Ал, біз болсақ, өзіміздің азаматтық тарихымызды түгендей алмай келеміз. Орыс-француз соғысына қатысқан башқұрттар, қазақтар үшін мерейленеді.

Рычковтың «Орынбор топографиясы сипаттамасы» «раритеттік» еңбегін тауып оқыды. Торғайда музей жасамақ ниеттегі жас хатшы. Торғай тарихы – қазақ тарихы, Орынбор тарихы – қазақ, башқұрт, татар тарихы екен ғой, – дейді ол Рычковпен «уланған». «О, әрісін айтпағанда, Алтын Ордадан бергі кезеңнің өзінде түріктер қаншама жерінен

айырылған десеңші?!..» Обком хатшысы тарихшыға айналып ойланғанда, іші удай ашиды... Л.Н. Гумилев есімді түрікшіл жас перінің шығып келе жатқанына қуанады. «Древние тюрки» деген кітабын тауып оқып, тіпті айран-асыр... Республикалық радионың облыстағы меншікті тілшісі болып қызметке кіріскен Қойшығара Салғаринді Орынбор архивіне жіберді. Жұмағали Өмірбековті музей үшін экспедиция ұйымдастырып, ел арасынан жәдігерлік жинауға қосты. Ел арасында Аманкелді сарбаздарының «саркыты» бар еді әлі. Аманкелді жатқан тозыңқы кереует хабары басшыға жетеді... Омар Шепеұлының «Аманкелді» дастанын оқыды. Аманкелді сарбаздарының қылыш, шиті мылтық, шоқпарын жинатты. «Сынған, тозған. Музейге қоюға жарамайтын шығар» – дейді экспедицияға қосқан азаматтары. Хатшы жолдас: «Ойбай-ау, музей үшін керегі қынабынан суырылмаған жалаңдаған жаңа қылыш емес... Жаудың қанын қандаған, содан да майырылған, сынған осындай «ескі-құсқы», сынған, жүзі майырылған қару-жарақ...» – деп түсіндірді.

Торғайлықтар жас хатшыны өз перзентіндей жақсы көріп кетті. Тіпті «сырттан келдіге» қимай, «ана ашаршылық жылдары Торғайдан бір үзім нан іздеп Сыр бойына кеткен бір Жәнібек баласы бар еді. Мына хатшы бала сол көрінеді...» Өзекең жайында ауыл қарттары шығарған әпсананың бірі осылай келеді. Бір топ ақсақал жиналып ақиқатын білмекке жас хатшы кабинетіне сау ете қалғанын қайтерсің?! «Өзіміздің бала екен. Ашаршылық жылдары Сыр ауып кеткен. Аман қалыпты. Қолына қызмет тиіп, туған еліне оралыпты» деп арқаланып келген ақсақалдардың шындықты айтып меселін қалай қайтарарын білмей сасқалақтады. Ол неліктен? Ол – Өзбекәлі Жәнібектің өзге басшылар секілді жоғарыдан астам қарап, басқару үшін емес, жергілікті жұртшылық кеудесіне перзент болып кіре білгенінен. Ел тарихы, Жер тарихын жақсы білгенінен.

Кейде, «ана жер киелі», «мына жер дуалы» деп жатамыз. Асылы, Елден елдің, Жерден жердің айырмасы – оның жарық дүниеге әкелген, әкеле алған асыл перзенттерінде, онын (перзенттердің) бір жерде туып, тұл қалмай, тұтас елге тұлға бола білуінде. Торғай – арғы тарихты айтпағанда, Ахаңның (А.Байтұрсынұлы), Жақаңның (М.Дулатұлы) туған жері, Алашорда ту тіккен жер. Саусақ шошайған жерге суық қару жіберу – большевиктердің әдеті. Алашорда иісі шықты-ақ Әліби Жангелдиндей қызыл большевик керуенін аттандырды Мәскеу. Кеңес кезеңінде Әліби, Амангелді аттарымен де әйгілі Торғай. Тарихта «Торғай Алашордасы» ұғымы бар – дейтін Өзағаң оңаша әңгімеде. Соның бәрін тарихшы – хатшы (әдетте идеология тізгінін малшаруашылығы маманы ұстайды) Өзбекәлі Жәнібек білді, біліп қана қоймады, абайында ұстады. Абайында ұстамаса, аядай облыстың «атқорасын» өлкетану музейіне айналдырып, музей экспозициясын «САҚТАН ҚАЗАҚҚА ДЕЙІН» атар ма еді?! Тіпті ойлап қараған кісіге ол кезде музей экспозициясын солай ататқызудың өзі қатер.

Тарихи білім білікті талапқа ұласқанда ұлтым деп ұмтыла соққан жүрек не жасатпайды, құдай-ау?! «Итаяқ» аталып, төбет алдында жатқан астауды қалап алудан тартып, болашақ музейге экспонат жинап, торғайлықтардың ырысын кіргізді. Жамбасынан сыз өтіп, жерде жатар (бүкір содан болады екен) адамдарын сыпа-кереуетке көтерді. Зәуіде көзі түскен кебеже-кепшік, ағаш төсек бастатқан бұйым-тайымын қолқалап музейге алдырып, орнына заманауи мебель сатып әперді (Қ.Тұрысов). Экспонатты тірнектеп жинап (жинатып), «Сақтан қазаққа дейін» атап экспозициясы концепциясын айқындап, облыстық өлкетану музейін жасақтады. Оның еденін жұмысшылар көзін таппай, басқа басшылықты жүре тыңдаған бір тығылтаяң сәтте былғауышпен өз қолымен сырлапты еденді (Е.Әуелбеков). Түнімен музейге айналып,

қайта жасақталған ат қораның «атшаптырым» еденін сырлап шыққан Өзбекәлінің таңертең келгенде «екі балағы тұрулі, белуарына дейін бояу, иіс-қоңыстан екі көзі бұлаудай еді» дейді қанаттасы Еркін Әуелбеков тағы да. – Бізді қымсынбай, жұмыста осы күйінде қабылдады...»

Асылы көзкөргенді сөйлеткен. «Жұмыс ретімен облыстық атқару комитетінің төрағасы Ю.Н. Трофимовтың кабинетіне кірсем, Өзбекәлі отыр екен, ал төраға түрегеліп, қолын сермеп тұр. Кірген сәтімде:

– Қаратай, мына Өзбекәліден арашалап алшы, түбі жынды боп кететін шығармын, – деп күлді.

– Неге?

– Неге деуің бар ма? Бір шопанның үйінен ағаш төсек тауыпты, соны музейге алып, оның құнына 7-9 мың сом тұратын гарнитур сатып алып беруіміз керек, – деп отыр.

Сөзге Өзбекәлі араласты.

– Көненің көзі, сирек кездесетін бұйым. Ағаштан түйін түйген ісмер шебер жасаған екен. Үйінде үш күн жаттым. Ата-бабаның көзі деп жолатпады, мен үшін емес, ұрпақ үшін деп әрең көндірдім. Орнына гарнитур сұрады, – деп маған қарады».

Қабырғалы қайраткер Қаратай Тұрысовтың естелігі. Міне, көрдіңіз бе, музейге бір экспонат алу үшін шопан үйінде үш күн қона жатып, қаншалық кішіреюді бастан кешіріп отыр?! Кім үшін? Кейінгі ұрпақ үшін! Ата-баба кәсібі, тұрмыстық заттық айғағы рәсуа болып жойылып кетпесі үшін! Бүгінгі, кейінгі ұрпақты – ата салты, қазақы қалпымен тәрбиелеу үшін!

Театрсыз қандай облыс? Театрға ғимарат керек, әртіс керек. Қамбаны қайта жөндетіп бойын тіктеді. Ғимарат театр болып бой түзеді. Мәскеудің Щепкин атындағы театр және көркемсурет училищесінің Талдықорған облысына бөлінген бір жылғы түлектерін Торғайға алуға алдын ала арнайы

барып келісіп қайтты. Қарды борандатып Мәскеуден жеткен өнерпаз өрімдерді тон, малақаймен ұшақ алаңына өзі шығып қарсы алды. Жастарға би үйретер биші тапты (Орал театрынан). Пішіп киім тігетін шеберді және бір облыстан қолқалап шақырып алды. Күндіз репетициясына, спектакль қабылдауға қатысып, намаздыгер-намазшамда күнемелеп театр өнері бақылаушысына айналды. «Бақылаушысына?» Ол аз. Театрдың кіндік әкесіне айналды. «Отбасылық жағдайымызға дейін алаңдаушылық білдіретін», «Жазда гас-трольге кетіп, күз оралғанда Өзекең кереуетіміздің астына қысқа азық деп қап-қап картошке жеткіздіріп қоюшы еді» – деседі Өзекеңді сағынған әртістер. Міне, бір кезгі труппа мүшелерінің сағынышты үні!

Театрда хатшы Өзбекәлі Жәнібектің тұрақты отырар орны болыпты. Әртістер күндіз режиссермен «жағаласып» әртістерге сценарийдің табиғатына орай, қандай киім кию керектігін, найзаны қай қолға, қалай ұстау керектігін, «дат» айтар сәтте қамшыны жерге тікeden-тік қадап сөйлеу керектігін, жанжал шыққан жерде елшілікке жүретін кісінің қамшыны ортаға тастайтыны... қойшы, әйтеуір спектакльдің этнографиялық детальдерін, би иірімдерін өзі сахнаға шығып жанығып жүріп көрсететінін еске алады. Студенттік кәусар шақта институт қабырғасында Қапан Бадыров жетекшілігімен Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты» пьесасы қойылғанда (өнерге бейім студенттер көмегімен) Мылқаудың ролін ойнайтын бала Өзбекәлі, жастықтың тұлпарын мініп, Жастар ұйымында еңбек еткен жылдары өзін ұдайы театр қойылымдарымен тәрбиелеген, облыс-облыстағы орынбасарларына «ауылдарыңдағы театр қойылымдарын құр жібермендер. Барыңдар, көріндер» – деп қатаң тапсырма беретін өзіне де, өзгеге де талапшыл Өзбекәлі тарихи-этнологиялық білімімен ұштастыра облыстық театрдың аяғынан тұруына режиссерден кем еңбек сіңірмепті. Бірде театртану біліміне қайран қалып әңгімелескен москвалық

газет тілшісінің «Мамандығыңыз бойынша кімсіз?» – деген сұрауына «Мен өргеніп кеткен театрдың режиссерімін...» – деп жауап беруінде көп мән жатса керек. Театр өнеріне, ұлттық өнердің бар саласына іңкәр болып өскен ол Қ.А. Ясауи ата түсінде аян берген жалғыз ұлының «адам болғанын» көре алмай, арманда кеткен өнерпаз ананың перзенті болатын... Оған өнер қанмен келген қасиет еді. Қанмен келген қасиетті тар кезеңде бұғып ұстап өлтіріп алмай, этнологиялық біліммен «жемдеп» ұштап ұстартып, кісілік, қайраткерлік мінезге айналдыра білді Өзекең. «Ұлтқа қызмет етпек мінезден» (Ө.Бөкейхан). Жетімдік көріп жасып кету орнына жастайынан өршіл болып өсуі, ішкі қайраттың мықтылығынан. Асылы Өзбекәлі Жәнібек мінездің адамы еді. Оны қайраткер де, ұлтшыл да етіп тұлғалап жүрген сол мінез!

Облыстық сазды-драма театрының негізін қалаушылардың бірі режиссер Зәуреш Есбергенова еске алады:

«М.Әуезовтің «Қарақыпшақ Қобыландысында» Қарлыға, «Айман – Шолпанында» Тенге, В.Вишневскийдің «Оптимистік трагедиясында» Комиссар, Н.Хикметтің «Соқыр падишасында» тазша қыз, қырғыз драматургі М.Байжиевтің «Жекпе – жегіндегі» әйел бейнелерін жасадым. Осылардың ішінде Торғай театрында жүргенде жасаған Қарлыға бейнесі өзіме ерекше ыстық. Өйткені сол спектакльді дайындау барысында Өзбекәлі Жәнібеков (ол кезде ол кісі Торғай облысының идеология хатшысы еді – З.Е.) «Зәуреш, сен қылышты былай ұста, нәзіктеу биле, батыр болғанмен сен – әйелсің» деп маған қайсыбір қимылдарды көрсетіп берді. 1972 жылы Торғайда Арқалық театрының қазығын бірге қақтық. Ол кісі жаңадан спектакль қойылатын болса, бастан-аяқ басықасында жүретін, тіпті репетиция кезінде сахнаға қалай атып шыққанын өзі де аңғармай қалатын. Ақылын айтып, білгенін көрсетіп, үйретіп жүретін. Өзбекәлі Жәнібеков шын мәнінде қазақ өнерінің жанашыры, жоқтаушысы еді. Есімде, «Амангелдіні» қоярда Балымның жоқтауын айту

үшін Торғайдың талай кемпірлерін жинап алып, біразын тыңдады. Көңілінен шықпаған болу керек, студияға жазар кезде маған айтқызды. Және де студияға өзі келіп, бастан-аяқ қатысты».

...1980 жылы болар шамасы. Торғай облыстық сазды-драма театры Алматыға гастрольдік сапармен келді. Апталықтың алғашқы күні. Торғайлықтар сахна пердесін М.Әуезовтің классикалық шығармасымен ашты. Қоюшы режиссері Ерсайын Тәпенев. Аншлағ. Спектакль аяқталып шымылдық қол шапалақтаумен жабылды. Қол шапалақтау қошаметі басылар емес. Жабылған шымылдық қайта ашылды. Әдетте, мұндайда труппа «автор», иә «режиссер» деп бірдауыспен іздеу салар еді. Қоюшы режиссер Ерсайын актерлердің қак ортасында тұр қасқайып. Кенет труппа бір дауыспен «Өзаға, Өзаға, Өзаға!» – деп «шырқап» қоя берсін! Отырыңқырап барып, қозғалақтап Өзбекәлі Жәнібек сахнаға шықты. Торғайдың сазды драма театрының труппасы Өзекеңді ортаға алып, мәре-сәре! Сөйтсек, торғайлықтар Өзбекәлі Жәнібекті театрдың «кіндік әкесіне» балайды екен.

Десе, дегендей-ақ! Бүгінгі таңда қазақ өнері жетім десе болады. Не бір, қазақ өнерінің бар қаражатын қу өңешінен өткізіп қана отырар жемқор министр, небір театрлық «репетиция» мен спорттық «тренировканы» ажырата алмайтын көрмәдік министр алмасып отырумен келе жатқан салада қазақ өнері жетім... Шарль де Гольдің сөзін неге ұмыта береміз біз осы: «Есі түзу адамды тәрбиелесе Президент те бола алады. Министр де бола алады. Ал тәрбиемен Мәдениет министрін жасауға болмайды. Ол кісілік мәдениетпен туылуы керек. Сыртта бізді француз мәдениеті арқылы таниды, біледі, бағалайды. Оны жақтайтын, қалыптастырып тұлғалайтын – Мәдениет министрі. Француз халқының тағдыры – француз мәдениетінің тағдыры! Президенттікті бірдеңе етерміз. Ал, қолымнан келмес Мәдениет министрлігін Сізге тапсырамын. Француз мәдениеті жетімсіремесін!..»

Қазақ өнері жетімсіремеуі үшін – өрелі Мәдениет министрі керек! Ал, бізде кім-көрінген Мәдениет министрі орынтағына жәй отырып кету жаман әдетке айналмаса екен?!

Мәдениетті өнер жасайды, өнерді Мәдениет министрлігі қолдайды. Ол жоқ бізде. Қазақ өнері өгейсімесін десек, өнерге, тұтас ұлт мәдениетіне «Өзбекәлі Жәнібековтей ұлы тұлғалар керек-ақ...» (З.Есбергенова).

Ат жалын тартып мінгеннен Өзбекәлі Жәнібек ұлт мәдениетін ұлттық дәстүр аясында қалыптастыруға, дамытуға ұмтылумен келе жатқанын көзқарақты қазақ біледі. «Дәстүрлі колөнер», «дәстүрлі ән-саз өнері», «дәстүрлі ойын-сауық...», «дәстүрлі балалар ойындары...» Арқалықта айырықша назар аударып, дамытқысы келгені – дәстүрлі айтыс өнері.

«Совхозға парторг болар кісі табылар. Сіз құдай берген ақындық талантыңызды қорламаңыз. Қолыңызға домбыра алыңыз. Айтысты тірілтейік» (Бектемісов) – деп алыс Арқалықта алғаш халық ақындары айтысын ұйымдастырыпты. Алматыдан Ғафу Қайырбековті шақырып, айтысқа төрағалық жасатыпты. Арқалықта дүркін-дүркін айтыс өтіп тұрыпты (Қ.Әбіл). Айтысатын «халық ақындары» халық арасынан суырылып шығыпты. «Қынаптан қылыш суырғандай» (М.Әуезов) айтыс өнері кім-көрінгенге жалын ұстата қоймайтыны тағы белгілі. Суырып салмалықты ойлау машығына айналдырып, қынаптан суырылған қылышқа айналған жастар жаңбырдан кейінгі көктемгі гүл даладай дүрілдеп жүре беріпті сол жылдары...

Қазақстан Жазушылар одағының Торғай бөлімшесін аштырып, ақынталап, жазушылыққа бейім талапты жастарды сонда топтапты. Қазақ тіліндегі кітаптардың қоймаларда жатып қалғанын көріп, кітап тарату ісін жолға қойған. Радио желісін тартқызып, теледидар ұшқынын әкеліпті Сарыарканың сары даласына. Жаңа облысты астана арқылы алты алашқа таныту үшін Алматыға келіп, телехабар жасапты.

«Торғайдан сөйлеп тұрмыз...» – деп бастапты ол алғашқы эфирлік сөзін. Іле Торғай теледидары ісін бастапты. Шәмші (Қалдаяков) мен Мұхтарды (Шаханов) шақырып, Торғай гимінін жаздырыпты. Сапардан оралған Шәмші Қалдаяков жарықтық әріптесі Әсет Бейсеуовке «Торғайға барсаң, әніңді сайлап бар. Әйтпесе Жәнібеков бөлмеге қамап қойып, ән шығарғанша үй қамаққа қамайды, шығармайды» – дейтін көрінеді қалжыңқой әдетіне басып, – Мен милиция мен Жәнібековтен қорқамын!...»

Филармония құрды. «Шертер» секілді ұлттық ән-би ансамбльдерін жасақтады. «Торғай әуендері» фестивалі шалқып жүре берді.

«1971 жылдың 15 қаңтарында талмай істеген жұмысының арқасында «Торғай таңы», «Тургайская новь» газеттерінің алғашқы сандары Өзекең басқаруында жарық көрді. Сол күні барлық газет қызметкерлерімен бас қосып, шын ықыластылық ризашылық рахметін айтты. Ендігі кезекте «Буря» радиостансасын пайдаланып, облыстық орталық радиостансасын құру міндеттері тұрды. Алдағы тұрған қиындықтарға карамай, бұл жұмысты да қолға алған Өзекең нәтижелі түрде соңына жеткізді. Облыстық радионың «Позывнойында» ойналатын саз жөнінде ақын, жыршы, әнші, күйшілерді жинап, кеңес құрды. Ол кеңесте мардымды ешқандай ұсыныс бола қоймады. Төр столында отырған Өзекең бір кезде ортаға өз ойын айтты. «Аманкелді» фильміндегі батырдың маталып, арба үстінде бара жатқанда ыңылдап айтатын әуенін ұсыныс етті. Сол жерде музыкалық аспаптар әкелдіріліп, әншілерге айттырып, облыстық радионың «Позывнойына» бір ауыздан орындалып тұруына бекітілген еді. Өзекеңнің музыкадан терең мағлұматы бар екені тағы да осы жерде де танылған жәйі барлығына куә болған едік» – деп еске алады Райса Ахметова.

Тағы да Арқалықтың көк түтек, ақ боранында Өзекеңмен бірге болған, қанаттас жүріп, қолын ұзарған Райса Ахметова: «Кадрлар мәселесі өте қиындық жағдайда болды, көрші

облыстардан адамдар шақырылып, толықтырылды. Облыстық аппаратта Алматы жоғарғы партия мектебін бітіріп келген 26 кісі болатын. Оларды біздер «26 Торғай комиссарлары» деп атайтынбыз. Жас облыс еңбекшілері осылай қиындыққа қарамай ерте жұмысты бастап, кеш аяқтап, тәйтәй аяғын басқан сәбидей аяғынан тұрып кетті. Жарық, су мәселесімен Өзекеңнің өзі айналысты. Кадрлардың басым көпшілігі комсомол қызметкерлерінен іріктелді. Музейді тұрақтандыруда Өзбекәлі Жәнібекұлының басқаруымен ұлттық киімдерді орнына келтіру мақсатында қолымызға қайшы, ине, жіп алып, түнделетіп жұмыс жасайтынбыз. Кей күндері қонақ жайымыз музей іші де болатын. Сол қажырлы еңбектерімізге дем берген, көңіліміздің көтеріліп жүруіне жағдай жасаған, қамқоршылық еткен Өзекең екендігіне күмән келтіре алмаспыз».

«Торғай әуендері» фестивалі айта қаларлықтай, есте қалар тәрбиелілігі мол ауқымда үлкен талпыныс үстінде нәтижелі өткен еді. 1971 жылы маусым айында өткен осы фестивалға қатысқан Мұхтар Шахановтың өлеңіне жазған Шәмші Қалдаяқовтың «Арқалықтың ақ таңы» деген әні дүниеге келген еді. Енді бірде қараша мерекесі қарсаңында Арқалық қаласының ортасынан шеру өткізу мақсатында орталық мінбер жасауды Өзекең өз басшылығына алды. Мінберді ағаштан жасау нұсқасын даярлауда, Алматыға барған іссапарында жасатып келді. Шеру басталар күні түнде қатты боран басталды. Жұмыстан шыққанан соң барлық қызметкерлер үйлеріне тараған шақ еді. Орталықтан күндіз-түні жұмыс жасайтын штаб құрылған. Ешкім уақытпен санаспайды. Түн ортасы. Ұйықтап кеткен екенмін, есікті кезектегі автомашинаның жүргізушісі тықылдатып, сізді алаңда Ө.Жәнібекұлы күтіп тұр деді. Барсам, қолында қар күрейтін күрек пен мінбердің айналасы тола адам, ортасында бас киімінің айналасынан шыққан будан беті әрең көрінеді. Әңгіме айтуға шама жоқ қолымызға түскен аспаппен мінбер айналасын тазаладық.

Таң ата мінбердің айналасы тазаланып, шеруге даяр болды. Міне, облысымыздың үгіт-насихат жөніндегі хатшымыздың тыным таппас іскерлік, ұйымдастырушылық жұмыстарының бір карағанда, бір тармағының іспетіндей жұмыс саласы еді.

Осылай жаңа облыстың іргесін қалауда Өзекең бар ынта жігерін, ұйымдастырушылық қабілетін, облыс құрылымының келешек бағдарлылығы жөнінде еңбегін барынша аямады. Күннің атысы мен батысына назар салмады. Қайтсем Торғай елін алдыңғы мәреден көрсетем деген, бір-ақ мақсатты алдына міндет етті. Өз адамгершілік парасаттылығын ер азаматтарының тағдырына және ер тағдырларына арнады» (Райса Ахметова).

Ең бастысы, өзі елдің болашағы деп білген жастар оқу үшін, талапты жастарды оқыту үшін – Торғай мемлекеттік педагогикалық институтын ашты. Он алты-ақ мың тұрғыны бар Арқалықта педагогикалық институт ашу үшін қатардағы хатшы СССР Оқу министріне дейін барып, өтініш айтыпты... Қиындықпен ашылған институтты аяғынан тұрғызу үшін жас ғалым Өмірзақ Айтбайұлын шақырыпты... Сәті түспеген бірақ. Жанын жалдап жүріп ашқан педагогикалық институт бүгінгі таңда университетке айналып, ісін жақсы сабақтап жүріп жатыр.

Өзекең Торғайда басшылық қызметте жүрген кезінде ерекше назар аударған мәселесі – руханият саласы. Өзі айтар еді, «Торғай алашордасы» аты халық жадынан өшпеген, Ахаң-Жақаң туған руханият ту тіккен жерде руханиятты дамыта алмасақ, онда еңбегіміздің еш кеткені. Сол жерді мекендеп, сол елді құрап отырған ұрпақ алдымен өз өңірі тарихын біліп өсуі керек емес пе?! Біз осыған күш салдық!»

Жазушылық сапармен келген Сәбит Мұқанов бастаған қаламгерлерді Ақаң туған, Жақаң тұрған, Амангелді сарбаздары жортқан, Әлібидің «Қызыл керуені» жүріп өткен жер-

лермен сапарлатыпты. Ақыры өзі жазған атакты «Адасқан-дар» романының кейіпкері (түптұлғасы) туған «Қызбелге» алып барыпты. Жол бойы өңірдің азаматтық тарихы мен шаруашылық жайын әңгімелеген жас хатшы «Қызбелге» жеткен соң Бәтестің (Бәтима Мақашқызы) аға-жеңгесінен бастап, ағайындарын, сол оқиғаға қатысы бар адамдарды шетінен таныстыра бастағанда Сәбит Мұқанов таң қалыпты. «Әй, Өзбекқали, сен өзің оқығыш, білгіш екенсің» – депті таңқалып. Облысты еркін аралаған ол жолайырықта қолын алып тұрып: «Өзбекқали, саған мына облыс тарлық қылады екен. Мен сені Димашқа айтайыншы, Алматыға алдырсын!..» – депті ризалық бейілден. Жаңа облыстың мәдени ошақтары ол осылай ұлттық сипатта жасақтады. Ұлттық рухты оята қалыптады. Тарихты тірілте отырып, Торғайды түлетті. Оның Алаш рухымен тілдесе жүріп Торғайды түлетуі – Алашорда тіккен туды қайта тіктегендей болған екен-ау..

Орайында Кәкімбек Наржанов, Дінәш Нұрмағамбетов секілді қаламгерлер айтқан әңгімелер еске түседі. Екеуі де Өзбекәлі Жәнібек тұсында облыста журналист болып істеген, ақыл-кеңесін алып қанаттанған қаламгерлер болып шықты. Торғайлық журналистер Өзбекәлі Жәнібек туралы небір қызықты әңгіме айтып отырады. Дінәш Нұрмағамбетов әңгіме көрігін одан сайын қыздыра түседі. Сыртқы түр-тұрпаты Міржақып Дулатұлына келіңкірейтін кеспелтек Дінәш ұрымтал бір тұста:

– Өзбекәлі ағайдың өмірінен екі повесть жаздым, – деп жіберіпті журналистер басқосуында.

– Апыр-ай, ә, – деп таңданыпты олар.

Расында да ғажап қой. Бір облыстың бірінші хатшысы жайында шығарма жазса бір сәрі. Үшінші хатшысы өмірін арқау етіп көркем шығарма жазу. Бір емес, екі шығарма жазу, ол жергілікті халықтың хатшысына деген ыстық ықыласын көрсетсе керек. Ол жылдары облыстың үшінші хатшысы

түгілі Орталық Комитет хатшылары, тіпті республика басшысы Д.А. Қонаев туралы да көркем шығарма жазылған емес. Тек күндіз-түні жырлайтынымыз «күн-көсем» В.И. Ленин... Еңбек Ері дегендей еңбек адамы болса, жөн басқа.

Шынымен мерейлендік Өзекең үшін!

Өзбекәлі Жәнібек өмірінен бірінші рет көркем шығарма жазылуы деп ұғындық. Сөйтсек, Өзекеңнің өнегелі ұзақ жылының бастауында – Оңтүстік Қазақстан комсомолы саласында үзенгілес жүріп, қызмет атқарған Қалаубек Тұрсынқұлов «Қал қалай, жолдас хатшы?» атап көлемді хикаят жазған екен бұрын. Өзекеңді түп-тұлға етіп Қырғызәлі Әжібеков есімді кейіпкерді жап-жақсы тұлғалапты. Демек, Өзбекәлі Жәнібек Оңтүстік Қазақстан облыстық Жастар ұйымын басқарған жылдардың өзінде, тоталитарлық қоғамның кезінде-ақ, қазақ ұлтына жағымды қайраткерлік істерімен көріне білген тұлға болып шықты. Жастар жетекшісінің даңқын(бедел алып бара жатқанын) сол кездің өзінде Макаров, Ливенцов секілді облыстың бірінші хатшылары кеше алмауының шын сырын осы бір қиырдан іздеу қисынға келеді. Адам табиғаты қызық қой, асылында. Адам бойында алдымен өзіме болсын деген пенделік ой – адамзат жаралғалы, меншік пайда болғалы қыр соңынан бір елі қалмай келеді. Қызметтік мансапқа ұмтылу, таласа жету, жеткен соң оны қызғыштай қорғау да осы адами пенделік психологияның бір көрінісіне айналған. Айналғаны емей немене, Торғайдағы қызметінің аяққы шебінде мансаптық дәрежесі «үшінші хатшы» саналатын жап-жас Өзбекәлі Жәнібектің қалың бұхара арасындағы беделі бірінші хатшыға көлеңкесін түсіре бастапты. Көңіліне қызғаныш ұялай бастаған бірінші хатшы мен үшінші хатшы арасындағы көзге көрінбес «қызғанышты» «айналасы» қолдан үргілеп, «жел тұрғыза» бастапты... Шіркін, пендешілік-ай!

«Өзекең ізінен ілескен інісі Өмірзақ Айтбайұлы үйінде отырмыз. Кәделі қонақасы. Ағайындар алқақотан отырмыз

дәмге бал арасындай үймелеп. Ағайындар бас қосқан осы жерде Өзекеннің жар қосағы Халиқан жеңгеміз:

– Ей, ағаларыңды қойшы, шеннен шыққан коммунист. Торғайдан сырқат арқалап қайттық... Бір түйір дүние алғызбады, – деді назданып.

– Ау, жеңеше, олай деменіз, Торғайдан дүниеге айырбастамайтын үлкен абырой арқалап қайттыңыздар, – дедім қызынып.

Мені үй иесі Өмірзақ Айтбайұлы қолдай кетті.

Әрі қарай әңгіме сабақтадым.

Ол кезде «Егемен Қазақстанда» қызмет істеймін. Өзбекәлі Жәнібеков – Мәдениет министрі болып тағайындалды. Торғайлық бір жігіт:

– Біздің Жәнібеков ақыры министр болды, – деді.

– Қай Жәнібеков?

– Өзбекәлі... Біздің «Аманкелді» ауданынан ғой.

– Қойшы, ей, – деймін жорта.

– Рас, рас, – дейді әлгі жігіт.

Балғын тілші ықылас сөзін айтқанда, іштей сүйсіндім де «түзету» енгізбей-ақ, қойдым. Әлгі тілшіміз әлденеше рет қайталады пікірін. Содан ақырын ғана:

– Әй, балақан, Өзбекәлі Жәнібеков – Отырарлық болуға тиісті, – дедім.

– Жок, Торғайлық.

– Торғайға, жәй, қызметке барған.

– Жок, Торғайлық.

Әңгімеге «Егеменнің...» байырғы тілші қызметкерлері Қойшығара Салғарин, Сабыржан Шүкіров аралассын...

– Екеуіңдікі де дұрыс, – деген ку тілді Сабыржан ағай...

«Оу, ақ жеңеше, осыдан артық қандай абырой керек. Мынадай абыرويدан артық қандай дүние керек. Сіздерге?!»

Екіленіп барып тоқтадым. Жеңгей де:

«Бала-ау, қалжыңдап айтамын. Дүние кімге жолдас болған», – деді риясыз күліп.

Ертеңіне ауруханада жатқан Өзекене болған жайды баяндап бердім. Дімкәс Өзекең екі иінінен дем алып отырып әңгіме сабақтады:

«Шынында, халық түсінігі қызық қой, – деді, – Өзекең. Торғайда сау етіп, бір топ кісі кабинетіме кіріп келгені. Аманкелді ауданынан арнайы келдік дейді, жарықтықтар. Бір мұқтаждықпен келіп отыр екен десем, мәселе – басқа. Ақсақалдардың әңгіме әуеніне құлақ түрдім: «Ашаршылық жылдары Жәнібек деген бір ағайындары көз жұмып, жап-жас баласы беті ауған жаққа қаңғып кеткен екен. Жас бала жетім балалар үйіне тап болыпты. Өсіпті. Оқыпты. Енді облыс басқаруға өзі туған жеріне келіп отыр екен. Ол – мен екенмін...». Күлесің бе, жылайсың ба? Тегін жасыратын сәмбі тал пендең мен емес. Шындықты айтып салайын деп оқталдым, оқталдым да тоқталдым. Ақсақалдардың үмітін қайтемін?! – Сіздер солай десеніздер – солай-ақ болсын деймін сөзді сүйретіп. – Өне айттым ғой, – дейді бір қария бар ынты-шынтымен.

Ақсақалдармен бірге шәй ішіп отырып, шынымды айттым.

– Мен де бір жетім өскен бала едім. Сіздерді әкемдей көрейін. Сіздер мені балаларыңыздай көріңіздер, – дедім ақырында...»

Міне, миф!

Өзекең баладай жайылып күлді. Әлсіздеу жатқан жайына қарамай, көп әңгіме айтты. Ақырында:

«Жеңгелерің – үлкен жүректі адам. Қадірлей біліндер!» – деді.

Үні аманат айтып жатқандай құмығыңқы еді.

Торғай жеріне, еліне қалай қызмет еткені жайында кітабында баяндаған жайларды бізге әңгімелеп те беретін еді. Ауызша айтқан әңгімелерінің кейбірі «Тағдыр тағылымы» кітабына енбей де қалыпты...» (Құлбек Ергөбек естелігінен).

Өзбекәлі Жәнібек не істесе де беріле істейтін, не айтса да жеріне жеткізе айтатын, істің адамы болатын. Қазақ қызметкерлерінде бір жаман мінез бар, белгілі бір істі атқарарда, әйтпесе белгілі бір тұлғаны бағаларда «ана кісі қалай қарайды?» деп мемлекет басшысы көзқарасына сілтеме жасай бастайды.

Әрбір мәселеге өз көзқарасы бар Өзекең өз байламын батыл айтар, өз дегенін істер бетті кісі еді.

Өзі осындай көзқараста болғанда, өзінен қызмет дәрежесі төмен кісілердің де өз пікірі, өзіндік беті болуын қалайтын.

Ол – Торғайда еңбек еткен жылдары Алашорда рухымен табысқан еді. Алаш мұраты – Өзбекәлі Жәнібектей азамат мұратына айналып, жас азамат ұлттық рухта қызметін сабақтады.

Сөйткен, Торғай екі рет облыстық мәртебесінен ажыратылды. Ақыры жабылып тынды... Торғай облысын қатардағы хатшы бола жүріп құрысқан Өзбекәлі Жәнібекке ерекше қатты батқан жәйт те осы – Торғай облысының жабылуы!

Алғашқы бір жабылуы кезінде Өзбекәлі Жәнібек жанұшырып ұшақпен ұшып келіп, жергілікті тұрғындармен кездесіпті. Шамасы, Торғай облысын жаптырмау амалы.

Кездесуде халық акыны һәм сатирик Қонысбай Әбіл Торғайын жоқтап, Жәнібековке міндет артып сөйлепті. Өзекең көзіне жас алыпты. (Қ.Әбіл).

Облыс жабылған соң, Торғай облыстық атқару комитетінің төраға орынбасары Мұхамедқасым Шәкенов өзге қызметке тағайындалу үшін (беку) алдына кіргенде Өзекең өзі қолдан құрған Торғай облыстық сазды драма театрының жағдайын егжей-тегжей сұрап, біліп алып, заматында Жезқазған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Ежиков-Бабахановқа телефонмен сөйлесіп, «әртістік өнер тобын шып-шырғысын шығармай, Жезқазғанға облыстық сазды-драма театрына ауыстырып алу жөнінде» нұсқау беріпті (М.Шәкенов).

Баспасөз бетінде осындай жанқиярлық еңбегін көрген, білген белгілі сатирашы, этнограф Сейіт Кенжеахметов «Бұл театрға Өзбекәлі Жәнібеков аты лайықты» – деп мақала жазды.

ЕЛДІКТІҢ ЕРЕН ҮЛГІСІ

Өзбекәлі Жәнібек Орталық Комитеттің «Сыртқы байланыс бөлімінің» меңгерушілігі қызметіне шақырылды. «Қап, эттеген-ай, бекер болды. Өзбекқали менен мына облысты қабылдап алуға лайықты азамат еді!» – деп өкініпті қуану орнына қайран кеңбейіл Сақан Құсайынов! Депті де Өзбекәлідей орынбасары жайында жағымпаздар жеткізген желбуаз сөздерге сеніп келгеніне өлердей өкініпті...

Бұл – әрі Өзекеңдей азаматтың іскерлігіне баға, әрі Торғай облысының бірінші хатшысы Сақан Құсайыновтың үзегілерестерінде кездесе қоймас кісілік кеңдігі. Ол кезде қазақы кеңдік әлі бар екен...

«Торғайда «құрып бара жатыр» – деп қазақы төбет асырапты. «Жұрттың жұмысы десе өлетін Өзбекке, қайдан да дұшпан табыла кететін, – дейді жары Халиқан жеңгей. – Әйтеуір бір түні әлдекім үйімізге шабуылдап, әлгі үлкендігі өгіздей төбет талап тастағаны бар...» «Ер дұшпансыз бола ма?» – дегенбіз жеңгеміздің әңгімесіне нанар-нанбасымызды білмей. Оған: «биттей де зат әкелмедік. Торғайға Нұртас ағай секілді шемоданмен барып, Алматыға шемоданмен келдік» – дегені бар жеңгейдің күйеуіне өкпесін қоюлатып. – Сонда ана ұрылар біздің үйден не іздеп жүр? – десейші. Сонда айтып едік: «Жеңгей, Сіздер Торғайдан самолет көтере алмайтын, поезд тарта алмайтын сұмдық байлық әкелгенсіздер. Жасырып отырсыз... Ол байлықтың аты – АБЫРОЙ!» – деп. Сол сөзіміз сөз. Торғайда Өзекеңнің қаншалық абырой

жиғанын жан-жары білді ме, білмеді ме, әйтеуір Өзекеңнің қадір-қасиетін екі аяқты қызметтестері (кейбірі) білмей, бірінші басшымен араға от салғанда, күшіктей асыраған төрт аяқты «Құттөбеті» біліпті.

Жедел шешіммен Орталық партия комитетіне «сыртқы байланыс бөлімінің» меңгерушісі болып тағайындалуға жүріп кеткен. Отбасын біржолата ала кеткен Өзекең аттанар алдында әлгі тұқымы құрып бара жатқан казақы «Құттөбетін» қимастықпен көңілжетер көршісіне қалдырыпты. Өз қолымен қазықтан босатып, арпылдаған өгіздей төбетті көршісінің босағасына апарып байлапты. Мұндана қынсылап, иесінің аяғына оратылып қимастық сезімін білдіріпті төбет. Көзінен жасы сорғалап тұрыпты...

Алматыға келе жұмысқа кірісіп кеткен. Торғайдағы көршісі телефон шалады. «Құттөбеттің жайын айтады: «Иесі кеткен соң «Құттөбет» нәр сызбапты. Тамақ жемейді. Тамақ түгілі су да ішпейді. Үргенді де тыйған. Жатады да қояды. Өлетін болды. Аманаттай көріп, қамқорлық жасап-ақ жатыр. Болар емес. Өлетін түрі бар...»

Өзекең аз-кем уақыттан соң ұшақпен Арқалық асады. Көрші үйіне барады. Өздері тұрған қарапайым үйге көзін жығады. Іші шым етеді. Үйге кірген жандарға жайлы қоныс болсын айтады. «Құттөбетке» жетеді. Үлкендігі Арыстандай Құттөбеттің арса-арсасы шығып, қаңқайып қаңқасы қалған. Барады. Басынан сипайды. Жұмулы жанарын ақырын ашады Құттөбет. «Арп, ап-а-п...» үш рет әлсіз ғана үріп, үзіліп кете барады...» (Қ.Ергөбек естелігінен).

Кезінде Сыртқы істер Министрлігі аты дардай болғанымен шын мәнінде шалажансар жұмыс істеп, шартты өмір сүретін сала болатын. Министрлікті Төлеген Тәжібаев басқарған жылдары бір бұлк ете түсіп, қайыра сылқ ете қалғаны аға буынның есінде. «Ерікті елдердің одағы» ата-ла тұра тізгін бір Орталықта! Осындай жағдайда Орталық

Комитеттің «халықаралық байланыс бөлімі» ашылып, оны басқаруға Өз-ағаң келді Торғайдан. Саланың жаңа басшысы Өзбекәлі Жәнібек қалай қимылдауы керек еді? Ол қалай қимылдады?

Ө.Жәнібек – істің адамы. Өзі жастай тарихи сипатымен түсінген лениндік ұлт саясатын алдына ұстай отырып он бес одақтас республиканың бірі – Қазақ ССР-інің сыртқы саясатын бар деңгейді қанағат тұтпай болуға тиісті биігіне көтере жөнелді. Бәрі жиылып бір ғана «Достық қоғамы» аталатын құрылымды «Қазақстан – Үндістан» (төрағасы Ғ.Мүсірепов), «Қазақстан – Араб» (төрағасы М.Қаратаев), «Қазақстан – Вьетнам» (төрағасы Ө.Тәжібаев) етіп сала-сала етіп қайта құрыпты. Қазақтың айтулы азамат, белгілі әдебиет, ғылым, өнер тұлғаларын қоғамның төрағалары етіп сайлап, оларды сырт елдерге шығарыпты. «Қазақты» жаһан жұрты білсін!» – дейді екен Өзекең. Шын мәнінде байланысты жаңартқан. Сырт елде шашылып жүрген қазақ диаспорасымен жұмыс істейтін «Отан» қоғамы арқылы қазақ балаларын оқуға тартыпты. «Қазақ ССР-і Сыртқы істер министрлігінің» жұмысына жан бітіріпті. Министрліктің Мәскеуде даусы шыға бастапты. Шетелмен байланыс бөлім басшысы Мәскеуге – сала басшысына жиі хат жазып мәселе қоя бастапты. Қоғамның «құрметті төрағалары» алдына талап қоя бастапты. «Қаржы бөл!» – деп Министрлер Советіндегі С.Жиенбаев секілді «советский жолдастар» алдына талап қоя бастапты. «Димеке, мына Жәнібеков қаржы сұрап «қырып барады» – депті «советский жолдастардың» «бажасы» Димекене арызданып. «Шетелдерден келген қонақтарға көрсетейік» – деп Қ.А. Ясауи және Айша бибі кесенесін жөндетуге құмбыл кіріседі. «ЮНЕСКО тізіміне енер санаулы да қалаулы тарихи ескерткіш қатарына қосамыз» – дейді екен бөлім бастығы. Ол кезде екі ескерткіш те «ескілікке» баланып, әрі салса қоймаға, бері салса мал қораға айналған қасіретті бастан

кешулі. «Ескілігіңіз» апиын атанған дінмен байланыстырылады. Жақындаған кісіге күйе болып жұққыш. Кер саясаттын әсері. Кер саясатқа қарамай, аталған ескерткіштерді туристік тізімге қосыпты... Көктөбеге қазақтың киіз үйін көтеріп «Ауыл» ресторанын ашып, Алматының әсем орталығынан туристерге арнап «Отырар» қонақ үйін салдырыпты. «Медеу мұз айдыны» аумағынан халықаралық талапқа сай қонақүй қамдапты (М.И. Есенәлиев), құрылысын мұқият қадағалапты. Алматы – Түркістан «Жібек жолы» бойына шет ел туристерінің талабы бойынша облыс басшыларына айтып, жер-жерде туалет салдырыпты. «Жәнібеков айдалаға туалет салдырып, миымызды ашытып бітті...» – депті облыс басшылары Димекене, күлген болып... Күлкінің арғы жағында қарымды қайраткер «болып бой тастаған» қазақтың алымды-шалымдылығынан қауіп ойлайтын, қырғи болып қиып түсер өткірлігін кеше алмайтын «көреалмаушылық» сырқаты бой жасырып жатар еді.

Қырықтан енді асқан алымды-шалымды басшы, қарышты қадамымен қарымды қайраткер болып, қалыптасып келе жатқан азаматтың өзі бастамашы болып басшылық «мазасын» алып жүрген күллі істерінің ұлттық сипат алуы да ұнамапты біреулерге. Тағы біреуге «аттап-пұттап» Мәскеуге хат жазып, тіл табысқыш ілкімдігі ұнамаса керек. Қоғамдық негізде жұмыс істейтін төраға Республика бірінші басшысына қарғадай болып бізге ұрсады. Қарғадай баланың ұрысын есту үшін академик болмаған шығармыз, Димеке...» – деп барыпты құрметті ғалым апай. «Талап етеді» де демеген. «Ақша бөл» – дейді діңкілдеп, «мынауыңыз қырып барады» – деп кіріпті Үлкен кісіге Министрлер кеңесінің бір басшысы. Сөйтп, қазақ атынан қарқынды іс бастаған бөлім бастығына Мәскеуден бұрын өзіміздің Республика басшылығы қырын қарай бастапты, іскер деп бауырына тартқан «Үлкен кісінің» өзі салқын тарта бастапты.

Қазақ интелгенциясы шет елге жиі шығатын әдет тапқан. Жабық қоғамда тұншыққан ойлы зиялы шет елден жақсыны көріп үйреніп, жаманды көріп жирене бастайтын мінез тапқан. Шет елге шығатын тізімді дайындауын Өзбекәлі Жәнібек дайындап, оны «жуан хатшы» май шаммен қарап, шешімді сөз айтатын Үлкен кісі, әрине. Үлкен кісі де «сүйек-еттен жаралған...» (С.Мұқанов) адам, бір шет ел сапарына ғалым інісін қосыпты. Ибалы, апа-қарындастарындай емес, «Арақпаздығы» шәннен асып жаманаты шығып қала беретін інісіне «жуан хатшы» үнсіз бас изей беріпті, тек қарсы болған – «Сыртқы байланыс бөлімінің меңгерушісі»... «Ұяты Сізге келеді» – депті жанашырлықпен ол. «Ал, сен кімді ұсынасың?», «Ғалым баруы керек болса, Шахмардан Есенов барса жөн болар еді...» «Есенәлиев барса қайтеді?» – дейді Үлкен кісі. «Жақында ғана шет елден оралды емес пе?» – дейді риясыз көңілден бөлім басшысы, – өзінің досы Михайл Иванович кандидатурасына да қарсы болып. Сыртқы байланыстар Бөлімі басшысының сөзі өтеді. Үлкен кісі түйіліпті.

Жастар ұйымынан өсіп шыққан болымды жастардың (Қ.Егізбаев, К.Ахметов т.б.) жолын кесу «науқаны» бас-талған кезең екен. «Режиссері» «жуан хатшы» болып еді деседі зиялы қауым. Кім білсін?! Соның бірі болып, қазақ елін сырт елге танытсам деген арманды азамат Өзбекәлі Жәнібек те ұзамай Қазақ ССР-інің Мәдениет министрінің көзге іліне бермейтін бәленбайыншы орынбасары етіп жіберілді. «Біздің ағайдың мұнысы несі екен?» – деп қалыпты Үлкен кісінің бірге туған қарындасы. Қарындастың сөзі – халықтың сөзіне айналып тарап жатты. «Онысы несі екен?», «Елдің ертеңі емес пе? Өзбекәліге обал-ақ болды ғой» – дескен сөздерді біз де есітіп үлгерген едік... (Т.Серікбаева).

Ал, Өзбекәлі Жәнібек «Сыртқы байланыс бөлімін» басқара отырып қазақ елін сырт елдерге шығару, төл мәде-

ниетімен таныстыру, шет елдік туризмді дамыту, Қазақстанның халықаралық байланыстарын ұлғайту жөнінде жаңа идеяларды ойластырып жүрді. Бірақ, өкінішке қарай, оны тағы да шетқақпайға салып, мәдениет министрінің орынбасары етіп жіберді. Ол ұлтын ұлықтаған азамат еді...» (М.И. Есенәлиев).

Бөлімде отырғанда елдіктің ерен үлгісін бастап, бірақ қазақ атынан атқарылар көп іске үлгере алмаған Өзбекәлі Жәнібек!

МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ

Алысқа шапқан жүйріктің жүгені орынсыз тартылып болдырар, ел деп емінген көңілдің демігіп басылар сәті. Бірақ, ол өйтпеді. Інісі Өмірзақ Айтбайұлын үйіне шақырып алды да бір түн ән шырқатты. Айтылудан калып бара жатқан халық әндері, қазақтың дәстүрлі әндері шырқалды. Әсіресе, Біржан салдың «Теміртасын» қайта-қайта қолқалады.

...Денеме кендір арқан жаман батты,

Қайдасың Асыл, Ақық, қолымды шеш.

Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,

Қинауға салады екен адамзатты.

Үкідей желпіндірген қарақтарым,

Шешсеңші, білегіме арқан батты...

Күрсініп салды тыңдап отырып. Екеуара бір күрең коньяк ішілді. Ертеңіне қызметке шықты... Мәдениет министрінің бәленбайыншы орынбасары...

Өзбекәлі Жәнібек қайда, қандай қызмет атқармасын баяндамасын өзі жазатын. Анда-санда бір кездесетін баяндаманы айтасыз, қазақ мәдениетінің сала-саласын, қазақ өнерінің ата-атасын түгендеп, зерттеу жүргізіп, тұтас-тұтас кітап жазатын, тұтас-тұтас кітапты да өзі қолына сиялы қаламсап

алып, өзі жазатын. Ойында бар рухани байлық қағазға өзі сұранады.

Осы кезде Мәдениет министрлігіне қарасты жазушы С.Мұқановтың мемориалдық музейінде қызмет істеп, Ө.Жәнібекпен жиі араласқан Құлбек Ергөбек жазады: «Қарамағында қызмет атқарып, ащы-тұщы сөздерін еститін, Өзекендей тұлғаға қарап бой түзейтін, бой ғана емес, ой түзейтін сәтіміз міне осы кезең. Ол қазақ жастарына көбірек қарайлады. Жастар бойынан жылт еткен жақсылық көрсе, көзі күлімдеп қуанып қалушы еді, қазақ жастары діттеген жерден табылмаса қаны тартылып қуарып қалушы еді, жарықтық. «Ой, осы сендер қашан өсер екенсіңдер?» – дейтін ондайда біртүрлі мұнайып. Сонда рухани өсуімізді көксейтіні аңғарылатын. «Одақтан бастап барлық республика жетістіктерін көріп, біліп, үйреніп өз мәдениетімізді көтеруге жұмсайық та» – дейтін жасырмай. «Бізде музей белгілі бір тарихи тұлғаға арналады. Бірақ, концепциясы ашылмай жатады. Не көп, жергілікті революционерлерге арналған музей көп. Оның бәрі жиылып бір-ақ идеяны айтады. Соның ең болмаса бірен-сараны қазаққа арналмаған. Бір жиында не сонда, қазақта революционер болмаған ба?» – деп сөйлеген.

Бірде Түркістанға ерте кетті. Қолорамалын төрт бұрышынан түйіп толқындаған бұйра шашын бастыра киіп жүккөтергіш земблдің бір шетін көтеріп, күні бойы топырақ тасығанын көзімізбен көрдік. «Ата кесенесін музейге айналдырмақ дұрыс, бірақ мүрде басына орнатылған құлыптастарды шатастырып алсақ, әруақ кешпейді бізді. Мынау Абылай хан құлыптасы. Анау бәленшенің құлыптасы...» – деп хатқа түсіретегін. «Ағай, бастықтар Абылайханның құлыптасын дабырайтып айтпа, саяси қата болады» – деп жатыр». Сұраулы кейіппен қараған экскурсоводка (Р.Жүзбаева) «Қарағым, ханның құлыптасын қаранікі деп айтып тарих алдында қарабет болар жайымыз жоқ. Атымен атай бер!» – дегені есте.

Тарихты тануда, тарихтың ұлттық сипатын ашып танытуда қоғам бетіне карамай ұлы әруақтарды демеген, ал әруақтар болса Өзекеңді жебеген... Кейін Абылайхан өмірі, һәм әнтек өлімі жайында өкінішпен жазды дейсің... «Абылай ханның туған жері де, қайтыс болған жері де – Оңтүстік Қазақстан, оның ішінде осы Түркістан болып табылады» – деген өкінішті үні құлағыма келеді. Абылайдан бастап бірсыпыра белгілі, тіпті даңқты кісілердің сүйегін сапырылыстырып жібердік. Өкінішті».

Ұлт саясатына демографиялық тұрғыдан қарайтын. Түркістан тарихы жайында айта келіп: «...оның мәртебесін көтеру қажет сияқты. Халқына (әсіресе қазақтарға) квота берген де жөн болар. Өйткені бұрын қалада қазақ халқы көпшілік болса, селода өзбек халқының арасалмағы басымырақ болатын. Қазір соңғы кездегі миграцияға байланысты қала да, селода да өзбектердің арасалмағы 57-60 процентке дейін өскенге ұқсайды. Бұл жағын реттемесе қиыншылыққа апарып соғуы мүмкін. Бұл ұлтшылдық емес, қалыптаса бастаған әлеуметтік ахуалға байланысты айтылып жүрген пікір. Түркістан үшін қазақ халқының қаны көп төгілген, ол оның ең қасиетті орны, үш жүз жылға жақын уақыт қазақ хандарының тұрағы – астанасы болған. Онда халқымыздың асыл азаматтарының, ең қалаулы ұлдарының сүйегі жатыр. Оны қастерлемеске болмайды. Көне көз қариялардан кезінде Ташкенттің өзбек халқының пайдасына қалай реттелгенін талай естіген едік. Мұның ешқандай сөлекеттігі жоқ.

Бәлкім, Түркістанда облыс орталығы құрылса жөн болар. Бұл бұрын да айтылған мәселе. Басшыны қазақтан қойған, онда да тарихтан, мәдениеттен, тілден саңлауы бар, солардың шотын шабатын ағайыннан қойған жөн болар. Ондайлар сол Оңтүстік Қазақстанда да болды ғой (Рашид Тұрарұлы, т.б.) оларды жұрттың көре бермейтініне қайран қаласың. Әлде айтатын ауыз, еститін құлақ болмай жүр ме»

(М.Жолдасбековке хаты) – деген секілді ойлар жетегінде жүретін.

Ө.Жәнібек тұрғылықты қазағы 5 пайыздан асар-аспас Шығыс Қазақстан облыстық өлкетану музейін ұлттық сипатпен экспозициялатты. Абай атындағы Опера және балет театры, М.Әуезов атындағы қазақ драма театры жанынан музей ашылды. Республикалық ұлт саз аспаптары музейі, Музыка мәдениеті (Л.Хамиди үйінен) музейі, Қызыл таң дүкені, С.Мұқанов музейі, «Жетісу ақындарының алтын діңгегі» (М.Әуезов) Сүйінбай, Жамбыл (резекпозиция), ... дегендей көп-көп музей ашылды. Өзбекәлі Жәнібектің арқасы! Абай атындағы опера және балет театры жанынан музей ашуға жанын сала кірісті. Сол күндері Күләш Байсейітованың сахнаға киіп шыққан киімі табылды деп балаша қуанды. Тағы бірде Күләштәй бұлбұлымыздың себінетін құтылы иіс суы табылды деп те қуанды. Қасабаны қаншама іздеді. «Қасаба қазаққа тән болмаса «қасабалы қатын» деген тіркес қайдан шыққан?! Демек, қасаба орта жастағы әйелдерге тән. Біз салақтықпен қасабаны қолданбай кеткенбіз...» Татар ғалымы Мұхамедова есімді өнер зерттеушісінің кітабында қасабаның неше атасы берілген. Татарлар әлі пайдаланады екен. Олар дәстүрге мықты. Татардың жұтылып кетпей, аман келе жатуы дәстүрге адалдығынан ғой!» – дейтін.

Ақыры ел ішінен індете іздеп тапты. Тапты да Орталық музейге тапсыртты. Табылған бұйым-тайымға қуанды. Кейін өзі жазған «Қазақтың киім үлгілері» аталатын кітабына суретін басып, сыпатын сипаттап жазды. Һәм практик музейші, Һәм теориясын жасаған музейтанушы!

Көп музейді айтамыз, бір музей ашу, тіпті уақытша экспозиция жасақтаудың өзі қиямет қайым шаруа. Өйткені музей – сан өнер мен әлденеше ғылым қоспасынан тұрады. Сондай ағартушы сала біздің мәдениетімізге кешеуілдеп жетті. Әлі күнге есесі түгенделмей, еленбей келеді.

Министрлік ішінен «Музей бөлімін» тұңғыш рет құрып, қазақтың баба тұтынған бұйым-тайымын түгендеген де, бүкілодақ деңгейінде музейге арнап ғылыми конференция ұйымдастырып түгендескен, ескісін жаңартқан, жоғын сабылып іздеп тапқан (қасаба сынды бұйымдар), сөйткен де самаладай музейлер жасақтаған, маң-маң далада шашылып жатқан тарихи ескерткіштерін көзінен тізіп кітапқа (свод) түзіп, әр облысқа бір-бір тарихи «энциклопедия» сыйлаған, әрбір тарихи ескерткіш, ортағасырлық өркениет құландысына мырыштан құйып тақта орнатып, мемлекет тарапынан қорғалатынын айтып мемлекет қарауына алдырған, ғылыми негіздеп жазған, бүкілодақ деңгейінде жарлай насихаттаған қайран да, қайран мәдениет қайраткері Өзбекәлі Жәнібек!

Ол жеке бұйым-тайымды іздеп тауып, тарихын негіздеуден, «Казмузей жаңғырту» (Қ.Тұяқбаев) мекемесін ұйымдастырып, оған қолы епсекті ғылыми танымы бар ұсталарды жинақтап, талмай іздеп тапқан «ескіні» жаңғырта жаңартқан, экспонатқа айналдырып, әспеттеп (жеке бұйым-тайым тарихын да жазған) музей экспозициясына ұластырып, ұстарта ғұмырын ұзартқан, жеке экспонат тарихынан тартып ұлттың түп-тарихына тереңдеп, қазақ ата-бабасынан бірыңғай көшпелі ел болған деген танымай айтылған пікірлерді теріске шығарып, ұлтының қолданбалы мәдениеті тарихы арқылы оның отырықшы көне орнықты мәдениеті болған өркениетті ел («Отырар өркениеті» деген ұғым енгізді) екенін дәлелдеумен өткен мәдениет қайраткері, терең дүниетанымды ғұлама еді.

Алты алашқа мәлім аты бар, ұлт мүддесі дегенде кісі бетіне қарамайтын заты бар, өзбекәлі-мінездер өрекіпгенге баланып, жағымпаздар қайраткер саналып, ар қалғыған сол бір кездерде, әттең-ай, тұтас ұлт мәдениетін жаңғыртып, рухани қайта түлеткен тұлға облыстық атқару комитетінің бәленбайыншы орынбасары қызметіне жіберілді. Адымы тұсалды. Замананың ұстамсыз ұстанымы біреулерге адымын ұзартар

ағашаяк, енді біреулерге осылай аяғын тұсар таяк болып тиіп жататын әдеті. Бір министрлікте бірінші басшы болмай-ақ мәдениет қайраткері райында хақ танылған азамат та осы кепті киді-ақ... Өкінішті. Шындығында ұлт мәдениетін жаңғырта ұлықтаушы мәдениет қайраткері – Өзбекәлі Жәнібек реформатор-тұлға еді.

Ол Мәдениет министрлігінде ортадан сәл ғана жоғары басшы бола жүріп, қазақ мәдениетінің әр саласын, тіпті бар саласын жаңарта, жаңғырта жаңаша үйлестірді.

Өзбекәлі Жәнібектің орынбасар болып отырып қолға алған ендігі бір шаруасы тарихи ескерткіштерді тізімдеу, сипаттамасын жазып түгендеу, ол ескерткіштердің мемлекет тарапынан қорғалатынын айғақтап тақта орнату, жарамдысын музейге айналдыру, сан ғасырлық азып-тозудан әуірім-тәңірмен аман қалып, сақталып жеткенін қайта жаңғырту (реставрация) арқылы қалпына келтіру және қалыпта ұстау (консервация) секілді екі жүйемен жөндеу, сақтау жұмыстары.

Жасыраны жоқ, Өзекеңе дейін көне тарихи ескерткіштер жер-жерде мал қыста суықтан, жазда ыстықтан паналайтын, түк таппағанда мал сүйкеніп қотырын қасып тұратын иесіз қаңыраған өлі дүниелерге айналған. Мынау тарихи ескерткіш-ау деп оған зер салған, қамқорлық жасаған ешкім болған жоқ қазақ елінде. Асылы тарихи ескерткіштерді қорғау мәселесі кезіндегі СССР бойынша осындай халде болатын. Орыстар икондарын шіркеулерде жасырып ұстады. «Тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамы» Н.С.Хрущевтің «жылымығы» кезінде ғана өмірге келді. Жазушы Вл. Солоухиннің икондар жайында кісінің аза бойы қаза боларлықтай сарында небір толғанысты жаза алып жүргені («Время собирать камни...») де осы кез. Бұдан тек бір жайды ғана бөліп айтуға болады. Ол – СССР-ге кейін келіп кірген Балтық жағалауы елдерінің тарихи ескерткіштерін қорғауы. Олар баяғы «Қызыл крестшілер» жорығы кезеңінен қалған ескерткіштерді көздің

қарашығындай сақтады. Олар жаңғырта жөнделген тарихи жәдігерліктерін республикалық, одақтық сыйлықтарға ұсынып жатады. Көшелі кісілік, елдік ғажап дәстүр. Бірақ, ол бізде жоқ.

Тамырлас ағайын өзбек жұрты да бұл мәселеде зерек. Қ.А. Ясауи Мавзолейі ішіндегі «Кітапхана бөлмесінен» бөлме толы ортағасырлық қолжазба кітаптарды бір күнде (соғыс жылдары болса керек) машинаға тиеп алып кетіп, Ташкентте іле-шала «Қолжазба институтын» жасақтап ашуы ғанибеттік шаруа. Соғыс жылдарында әлемдік бейнелеу өнерінің мол қорын қасіретке ұшыратып алмай, аман сақтаған дрездендік немістердің ерлігінен несі кем мұның? Ішің ашиды, әрине. Тарихи орнында қала бергенде ғой, – деп ойлайсың. – Бүгін Қазақ мемлекеті үшін қандай қымбат қазына, қызықты ырыс боларына шәк бар ма?..»

Тарихи ескерткіш деп жатырмыз. Өзбекәлі Жәнібек көлікпен барып, жаяу араламаған, өз көзімен көріп, қолымен ұстамаған тарихи ескерткіш қазақ сахарасында жоқ болар асылы. Әбіш Кекілбайұлының «Қазақтың мынау салқар сахарасында Өз-ағаның қолы тимеген тарихи тас жоқ...» – деуінің сыры да осында. Бару бар да, көру бар. Өзекең тарихи ескерткіштерге өнертанушы көзімен қарайтын. Тарихи ескерткіштермен іштей сырласатын. Түр-тұлғасына қарап жас-шамасын, сыр-сымбатына зер салып, қандай стилде салынғанын анықтайтын. Әбіштің «қолы тимеген тас жоқ» деген пікірін осы ыңғайда қабылдау керек.

«Қазмузейжөндеу» мекемесі тұңғыш рет өмірге Өзбекәлі Жәнібектің көне ескерткіштерді қадірлеу бейілінен туған мекеме. Әрине, үлкен институт етіп ашпақ болып еді, басшылық рұқсат етпеді. Дегенде азғантай топ болып құрылып, қанатын кеңге жайып келе жатыр еді. «Өтпелі кезеңнің» қыспағына душар болды. Ескерткіш тұрған алап жекеменшік иелігіне өтіп кете барды. Ескерткіштің ендігі тағдыры не болары белгісіз. Өзекең ашқан әлгі мекеме атын сәл өзгертіп

жұмысын жалғау үстінде. Іргесі кеңейіп институтқа айналар-айналмасы әл-әзір белгісіз. Институтқа айналдыруға әлгі азғантай топтың да ықыласы жоқ секілді. Бәсекені қайтеді?

Үндістан Премьер Министрі Джавахарлал Неру «Үндістанды тану» аталатын ғажап еңбегінде көне тарихи ескерткіштерге ерекше ден қояды. Ұлы ел ескі ескерткіштерімен мақтанады. Аталған кітап Өзекеннің үстелі үстінде жатар еді. Тағы бірде оның үстелінің үстінен ұлы оқымысты Әлкей Марғұланның «Орталық Қазақстанның Бегазы-Дәндібай мәдениеті» аталатын кітабын көрдік. Тағы бірде Бабаджан Ғафуровтың «Тәжіктері», Амбрамзонның «Қырғыздар...», С.Камаловтың «Қарақалпақтар» зерттеу еңбектерін көргеніміз бар. Бүкіл түрік халықтары тарихын тарихи-географиялық аспектіде кешенді зерттейтін жаңашыл Л.Н. Гумилев жайында, оның «Древние тюрки» аталатын еңбегі жөнінде әңгіме бастаса, Өзекенді тоқтату мүмкін емес еді... Бізге аманаттаған жеке кітапханасында Соловьев, Ключевский, Карамзин еңбектері...

Әлемде көне тарихи ескерткіштер адамзат қолымен жасалған рухани қазына-байлық ретінде асқақ қадірлейді. ЮНЕСКО тарапынан ол ескерткіштер қорғалады. Ал, біздегі жағдай тіпті басқаша. Елдік ұлы ескерткіштердің өзі еленбейді, ескерілмейді. Оларға қамқорлық жоқтың қасы. Бізде ортағасырлық тарихи ескерткіштер, көне қала құландылары көп болуына қарамастан, оларды археологтардың қазу, қазылған жәдігерлікті консервация жасап сақтау методологиясы жетілмеген. Күні кеше хан, би зиратын трактормен сүріп тастап, сүйектерін сапырылыстырғанымызды кім ұмытар, әруақ кешер ме жойдасыз ол ісімізді?

Қожа Ахмет Ясауи, Айша Бибі ескерткіштеріне бастатып біраз тарихи ескерткішті ЮНЕСКО тізіміне енгізу – Өзекен арманы еді. Қаншама хат жазылды. Ол хаттар өзімізде қаншама кедергіге тап болды. Кермеге тап болған хаттардың

«дәрәметі» ме, әйтеуір кезінде ол арман орындалған жоқ. Енді, енді жүзеге аса бастады...

Содан бір қолға алған ісі – Арыстанбаб, Қожа Ахмет Ясауи кесенелерін жаңғырту арқылы қайта қалпына келтіру болды. Қазақ айтады: Ескіні жамағанның есі кетеді деп. Ұлы әруақтың зираты басына тұрғызылған ғажайып екі ескерткішті жөндеу Өзекеңе көп салмақ артты. Атаның көзіндей әруақты ескерткіштерді ең алдымен тізімге алдырды! Құрыштан құйғызған, мемлекет тарапынан қорғалатынын айтып, тақта ілгізді Өзекең. Тарихи ескерткіштер бір жүйеге келтірілді. Ел көзіне көркейіп, бағасы артты. Өзекең тарихи ескерткіштер жөнінде қатып-семіп қалған санаға жаңа сапа бітіру жолында басшылықпен аз тайталасқан жоқ. Есесіне көп тарихи ескерткіштеріміз ұлттық, асыл қазына ретінде қастерлене бастады, өнеге оянды, дәстүр тірілді. Мәдениет министрлігінің шаруасы істеген кісіге шаш етекпен, істемеген кісіге ән сал, театрға бар, гөлайттап жүре бер. Жауапкершілікті өзгеге ысыра салуға болады. Бәлелігі жоқ, жуас министр Жексембек Еркімбековтің жасар бір жақсылығы – жылына бір рет, еңбек демалысына шығарда Өзекеңді өз орнына қалдырып кетеді. Бірер айлық министр. Міне, сол бір айда министрлікте іс жүреді. Тәртіп қалпына келеді. Қолына билік тиген Өзекең коллегия өткізіп, бірінші орынбасардан есеп сұрайды. Тұрған орнында қазықтай қағып, өз басшысын (әріптесін) мыштай қылады. Бір ай ішінде жоғарылы – төмен мансап иелеріне барып жүріп, көне ескерткіштерді жөндеуге, музейлер жасақтауға қыруар қаржы бөлдіреді. Қай күні Жексекең демалыстан қайтып оралады, ертеңіне министрдің бірінші орынбасары күшіне қайта мінеді...

Қызмет бабында Өзекеңде «мынау жақын», «мынау алыс» деген мәселе болмайтын. Кім іскер, соны бауырына тартатын. Кімнің қолынан іс келмейді, сонымен жедел коштасатын. Қызмет бабында Өзекең үшін үлкен, кіші лауазым иесі деген мәселелер де өлшем бола алмайтын. Министрдің

орынбасары қызметін атқарып жүргенде атақты қайын атасының беделін пайдаланып, еркелегісі келген бір сабазды жұмыстан қуды да шықты. Әлгі сабаз атасының беделін салып көрді, ештеңе шықпады. Одан соң «хан сыртынан жұдырық» дегеннің кебін келтіріп, министрдің қатал орынбасары өсектеп, жамандап жүрді. Баспасөзде жарық көрген «Ескерткіштер – ел тарихы» (Е.Қ. №40 217 27.02.1998 ж.) секілді мақалалар сондай солақайлық көрінісі.

Өзбекәлі Жәнібек көне ескерткіштерге сипаттама жаза жүретін, проблемасын зерттеп, бәсін көтеріп, меселін мейлендіріп жүретін кісі еді. Оның қаламынан туған еңбектер барынша маңызды, маңызды болғандықтан қызықты. Үлкен таралыммен жарық көріп, жедел тарап кетіп жататын. Онда ескерткіш – әрі сәулет өнерінің ғажайып үлгісі, әрі халықтың тұрмыс салтын, дүниетанымын таразылайтын этнологиялық пайымдау.

Ол қазақтар тек көшпелі мәдениеттің ғана иесі, отырықшы болмаған «жабайы» халық деген кежегесі кейін тартқан кері көзқарасты оңға бұру, жөндеу, қазақтың отырықшы да болғанын дәлелдеу жолында осындай еңбектер шоғырын туғызды. Ойы жүйрік, санасы сара санаткер әлгі еңбектерінде көптеген байырғы сәулеткерлік, этнографиялық ұғым, түсініктерді тірілтіп, қайта жан бітіріп, қатарға қосты. Сәулеткерлік, этнографиялық жаңа ұғым, терминдерге ол жадымыздан шығып қалған халқымыздың көне жәдігер сөздерінен орайлы балама тауып, ана тілімізге өлшеусіз олжа салды, қазақ тілін ұстартты деп айтуға болады.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА

Ө.Жәнібек Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының бәленбайыншы орынбасары болып қызмет ауыстырды.

Алматы облысына атқару комитетінің бәленбайыншы орынбасары болып барып, іске кірісті. Министрдің орынбасары қызметінен бір облыстың атқару комитетінің бәленбайыншы орынбасары болып ауысу өскендік пе, әлде өшкендік пе? «Министрлікте орынбасардың қолында идея болады, бірақ оны жүзеге асыратын қаржы жоқ. Ал, облыстық атқару комитетінде азын-аулақ қаржы бар. Сол қаржыны музей ісіне, көне тарихи ескерткіштерді қалпына келтіруге жұмсауға мүмкіндік бар...» – дейтін Өзекең сұрақ қойғандарға. Жалтарма жауап. Шындығында Мәдениет министрлігінде «көп отырып қалды» сылтауымен сырғытып жіберген еді. «Ау, министрдің өзі орынбасары Ө.Жәнібектен әлдеқайда бұрын келеді емес пе?» – деп қарсы сұрау берерлік дәрмен жоқ, әрине.

Атқару комитетінің орынбасары Алматы облысындағы көзге түсер жұрнағы қалған тарихи жәдігерлікті көзінен түзіп, ұзын-сонар тізім жасатты. (Өзі жасады десе де болады. Өзі барып, көріп барып тізімге ілетіні бесенеден белгілі.) Әр облыстың рухани алтын дінгегі болатын тұлғаларға назар аударды. Жетісу ақындарының алтын дінгегі – Сүйімбай (М.Әуезов) екені жадында жаңғырып тұр. Сүйімбай шәкірті – жүз жыл жырлаған жүрек» (Ә.Тәжібаев) – Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориальдық музей-үйін министрлікте реэкспозиция жасатып, шығармашылықпен мазмұн байлығына кенелтіп, жаңғыртқаны мәлім. Министрлікте жүріп, Сүйімбай Аронұлына музей жасақтау жайында жоғарыға айтудайын айтқан. Жол бермеді басшылар. Қонаев сөзден қорыққан шығар. Алматы облысы басшылығының түсіне музей ісі кіре қоймаған шығар. Аудан басшысы Мәдениет министрлігі Жамбыл

музейін жаңғыртып, қайта жасақтау кезінде жергілікті басшылық болып қолүшін беру орнына, «территорияға бізге айтпай кіріп кеттіңіздер» – деп қиғылық салғаны бар. (Кейін істі болып, отырып шықты-ау, сол сабазың). Өздері істемейді. Олардың қолында тұрған музей ісін өз қолына алып, тыңғылықты жүзеге асыра бастаған министрлік басшылығына өкпе айтады. «Өзің білме, білгеннің тілін алма...» – өзі істемейді, көзін тауып істейтін «өзгеге» кимайды... Қазақы надандық мінез. Сүйімбайдың музейін жасақтауға – ақынның өз шөбересі қарсы болған «өз пайдасын білмеушілік» те болған едік, уақытында. Бәрі де музейдің мәнін, мәдениеттегі орнын білмеуден туындап жататын шалағайлық. Аталас екенін, кіндігінен тараған жұрағаты болғанын міндет қылып, министрліктен қаражат дәмету амал-айла шарғылары.

Ерте жоспарланса да жүзеге аспай келе жатқан Сүйімбай Аронұлына тарихи мемориальдық кешен тұрғызу ісін Өзбекәлі Жәнібек облыстық атқару комитетіне келген бойда білек түріп кірісіп кетті. Одан өзге Сүйімбай – Жамбылдың ақындық айналасын зерттеді. Кейінгі ақын, жырауларды Сүйімбай кешеніне, Жамбыл музейіне желілеп әкеліп қосуға болар. Ал, кейінгі із, ақындық, жыраулық дәстүр жалғастығын қайтпек? Ойлана келе – Үмбетәлі Кәрібаевқа музей ашу ісін қолға алды. Өзі жастық шақта тәрбиелеп, ақындық қатарға тартқан Надежда Лушникованы болашақ ашылмақ музейге директор етіп тағайындап (шешімге орай), өзі бақылап, жетекшілік жасап бақты. Музей ісінде көпжылдық тәжірибесі бар, Жамбыл музейінің директоры, Мәулен Қожашевті (Жамбылдың немересі) жол көрсету, музей жасау методикасын үйретсін деп, оны да кеңесшілікке қосты. Музей қызметкерлерінен ұйқы қашты. Олар Алматыға сабылып, Орталық архивтен жадығаттар іздеді, ел арасынан бұйым-тайым (экспонат) жинады. Музей қызметкерлері ұлы Жамбылмен, оның шәкірті ән-күй кенені Кенен Әзібаевпен өте тығыз қарым-қатынаста болған Сәбит Мұқанов музейінен

де алды бірсыпыра материалды. Тақырыптық-экспозициялық жоспар жасалды. Нәтижесінде «жорға ақын» атанған Үмбетәлі Кәрібаевқа музей жабдықталып, жұртқа есігін кеңінен ашып үлгерді.

«Әкем қайтыс болғанда тұрған үйін мұражайға айналдырып, үкімет орындарына музей салу жөнінде басты мәселе көтерген Сейілбай еді, – деп жазды кейін ақынның қызы Дәмегүл Үмбетәліқызы. – Кейін оны топырағын торқа болғыр Өзбекәлі Жәнібеков жүзеге асырып, Надежда Лушникованы салынуға тиісті мұражайдың директоры етіп қойды. Надежда шапқылап көп еңбек сіңірді. Өзбекәлі екеуі мұражайдың әр кірпішін өз қолдарымен қалады десе де болады...»

Алматы облысындағы бұрынғы мешіттер «музейге» айналып, екінші өмірін бастап кетті. Әр өңірдің ескерткіштері архитектуралық пішімі әр басқа. Сырт көзге ескінің бәрі бірдей ескі көрінгенімен, Өзбекәлі Жәнібекке «ескінің» өзі жаңаша тіл қатады. Ескіріп тозуға айналған тарихи жәдігерлердің тал бойынан, құлаған құланды, сынған бұйымынан тарихтың өзін таниды, сәулеттің ғасырлардан талып жеткен сән-салтанатын көреді Өзекең. Өзі министрлікте жүрген кезінде ашқан «Қазмузейжаңғырту» мемлекеттік мекемесін, өзі аяқтандырған шәкірттерін іске қосып, әлгі Алматы облысының әрбір көне жәдігерлігін қайта әдіптеп, қайта жаңғыртып, музейге айналдырып, қатарға қайта қосты. Жәнібек жетекшілік жасап жағыртқан, жаңғыртып жетелеп қатарға қосқан көне ескерткіштер күмбезге айналып, күмбірлеп кеп береді. Ғасырлап тілсіз жатқан көне ескерткіштер музейге айналып, тарихтан сыр шертіп, шешен сөйлеп кетеді... Ұлт дегенде емешегі езіліп тұратын Жәнібектің жарасым үдерісімен жүріп бара жатқан бұл қызықты да, қымбат істері жалпы жәмғиятқа ұнағанымен, «алдыма түсіп кете ме, қайтеді мынау» – деп жоғарыдан қарап отырған баз-біреулерге ұнамайды.

Онда ел деп емініп, жұрт деп тебініп қызмет атқаратын Өзбекәлі Жәнібек ондайларды елей бермейді. Оның мақсаты – алға қойған міндетін үлгеріп атқару. Оның мақсаты – бұрын ескерусіз қалған облыс ескерткіштерін көзінен тізіп хатқа түсіру, хатқа түскен тарихи жәдігерліктерді ұқсата жаңғыртып, халық игілігіне жұмсау! Өзекеңді ол кездері кабинетінен сирек кездестіретін едіңіз. Күнде бір ауданға кетіп бара жатады. Бір ауданнан бірнеше тарихи ескерткіш, не ескерткіштің орнын тауып, археологтарға сұраныс жасап жүргені. Күнде іссапарда деуге болады. Іссапар кейде апталап, айлап ұзайды. Бәріне Өзекең мақұл. Тек, тарихи ескерткішке деген енжар көзқарасқа мақұл емес. Бірінші басшының көне ескерткіштерді халыққа керекті игілік деп қарамайтынына налиды.

1986 жылы Желтоқсан оқиғасы өтті дүрілдеп. Желтоқсан – ұйқыда жатқан қазақ елін сілкілеп-сілкілеп оятқан-дай бір қозғалыс болды. Басы стихиялы басталғанымен, ұлттық намысқа шауып, жастар тұтаса қозғалып кетті. Сең қозғалғандай сенделіс. Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы бір қазақты ғана оятып қойған жоқ. Іштей іріп-шіріп бара жатқан СССР-дің әр шалғайын шарпып, ұлттық намысы ұмытылмаған өңірлерді қоса қозғап-қозғап кетті. Қазақстанды бірінші хатшы болып 25 жыл бойы басқарған, абыройлы Д.А. Қонаевты орнынан алуға байланысты басталған қозғалыс іле «Тбилиси оқиғасы», «литвандар қозғалысы» болып жалғасып кете барды. Қонаевты кезінде Грузияда екінші хатшы болған, Ульянов облысы бірінші хатшысы Г.В.Колбин ауыстырды. КПСС Орталық Комитеті «Қазақ ұлтшылдығы туралы» жалалы, қаралы қаулы қабылдады. Жұрт ішінен тынған. Ішінен тынған Қазақстан. Жайшылықтағы «ұлттар лабораториясы» атап жүретін Қазақстанда – қазақ жастары нашақорлар, бұзақылар аталады. Өзге ұлт өкілдері, оның ішінде тамыры бір түрік этностарын қоса айтқанда, бәрі бір пәсте Қазақстандағы негізгі ұлт саналатын, санала тұра аз-

шылыққа айналып бара жатқан – қазақтарды кінәлауға көшіп жүре берді. Қазақтың өз ішінен де «Сіздің келуіңізді 25 жыл күттім ғой» (Ә.Әбішев) – деп Г.В. Колбин алдынан «тақсыр» ұрып шығушы жағымпаздар табылды. Бәрінен бұрын, сол бір Желтоқсан оқиғасында намысқа шапқан, алаңға шығып, ақырып теңдік сұраған қазақ жастарын «нашақор», «маскүнем», «бұзақы» атап, қазақтың қаймағы саналатын әдебиет және өнер кайраткерлері үндеу жариялап, жастардың жазалануын талап етіп жатты. Қазақтың қаншама өрімдей ұлы, қызы азап шекті сол Желтоқсан күндері. «Қазақ жастарының осыншалық азап шеккенін көргенше кешегі соғыста неге өліп қалмадым?» – деп күндей күркіреді Жұбан ақын. «Қазақстанға басшы боламын десеңіз, қазақ тілін үйреніңіз. Тіл – ұлттың жаны. Ұлт тілін білмей, ұлт жанына кіре алмайсыз...» – деп нығырлады тікмінез жазушы Сафуан Шаймерденов. Неге екені белгісіз, әлі күнге Желтоқсан оқиғасы, оған қатысушылар әділ бағасын ала алмай келеді.

Д.А. Қонаевтың «кадрлары» ауыстырыла бастады. Облыс басшылары бірінен кейін бірі жаңарып жатты. Бұрынғы басшылардың кейбірі жазаға тартыла бастады. Қара пара науқанға айналған шақ деп айтуға болар. Облыс көлеміндегі басшылардың кейбірі парақорлықтан қамалып, сотталып, кейбірі асылып өліп қалған мұғдарсыз жағдайлар кездесті. Қазақстандағы жағдай ғана емес-ті бұл «застой». СССР бойынша осындай ахуал.

Алматы облысының бірінші хатшысы Кенес Ауқадиев орнынан алынып, орнына Меңдібаев тағайындалды. Аудан-ауданның басшыларын бірінен соң бірін сапырылыстырып орнынан әп-сәтте алып тастап жатты.

Осындай күннің бірінде Алматы облысы бойынша жөндеуді, күрделі жөндеуді, жаңғырта жөндеуді қажет ететін тарихи ескерткіштер тізімін жасап, қаржы бөлуді сұрап, Меңдібаев атына Өзбекәлі Жәнібек хат жазды. Талай жылдан, талай жылдардан қордаланып қалған мәселе. Қордаланған

мәселені күн тәртібіне көтеру – шешудің амалы. Меңдібаев хатты ала отырып, әлгі тізімдегі талай жылдан жинақталып, қараусыз қордаланып қалған көне тарихи ескерткіштерді жөндеу мәселесіне қомақты қаржы бөлу орнына, мәселені салаға жауапты басшы Өзбекәлі Жәнібектің өзі жіберген кемшілік ретінде қарапты. Онымен де шектелмей, мән-жайды түсіндірейін деген оймен қабылдауына кірген Өзбекәлі Жәнібекке жекіп, «партбилетті стол үстіне қой!» – деп нығырлап, дігірлеп үстелін тоқпақтатыпты Меңдібаев. Жүзіне тік қарап тұрған Өзекең есікті тарс жауып шығып жүре беріпті. Облыс басшысы сыртынан «партиялық сөгісті» береді,

Меңдібаевтың бұл әрекеті Жәнібековке жайлы тие қоймайтыны түсінікті. «Сүйек, еттен жаралған адам» (С.Мұқанов) райында күйінген шығар. Оны біз біле бермейміз. Бірақ, ұзамай-ақ, Меңдібаевтың әсіре белсенділігі «Социалистік Қазақстан» газеті бегінде «Кіші 37 емес пе?» – (Мақала авторы С.Шүкіров) атты мақалада әшкереленіп, облыс бойынша жасаған қиянаты сыналып, мақала жарияланды.

Өзіне тықыр таянды.

Өзбекәлі Жәнібектің келуімен Алматы облысының тарихи ескерткіштері қайта түлеп, қазақы үйлер музей ретінде бас көтерді, рух оянды... Жырдағы даңғыл – Жамбылдың акындық айналасының өзі ұстазы Сүйімбайға, шәкірті Үмбетәліге музей ашылып, мәдени кешенге айналды. Кейін ол Кенен музейіне жалғасты. Облыстық филармонияның «Алтынай», «Адырна» шығармашылық ұжымдарын құруының өзі үлкен іс еді. Бірақ кермелер тағы керілді, кедергілер қолдан жасалды. Ендігісі мынау... Адым сайын аяқтан шалу. «Арыстан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнардың» кері. «Пілге үретін қандендер» пайда болды. Қайраткердің бір құлдырауы біржолата құлауына баланды. Ол жазықсыздан – жазықсыз Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы пәрменімен «партиялық сөгіс» алды. «Жайшылықта бәрі кісі. Даулы сәтте кісінің кісісі кісі». Желтоқсан оқиғасы зардабы

жанды аяздай қариды. Қазақ қайраткерлер жасып қалған. Құлдыраған қайраткер Өзбекәлі Жәнібек қажеттілігі туды. Кезіндегі Орталық партия комитетінің хатшысы Зақаш Камалиденов ұсыныс енгізді. Кезеңнің Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Ә. Назарбаев алдындағы адымдасын қатарына шақырып қанаттасына айналдырды. Өзбекәлі Жәнібек – Қазақ ССР-і Мәдениет министрі. Әділеттілік осылай қайта қалпына келіп еді.

МӘДЕНИЕТ МИНИСТІРІ

Ө.Жәнібек Мәдениет министрі қызметінде жылға толмас уақыт, дәлірек айтқанда, 5 ай қызмет істеді. Алайда, кезінде ойластырып, орайын келтіре алмаған ұлт мәдениеті мүддесіне қызметін бірден бастап кетті. Сұхбаттасуға барған «Социалистік Қазақстан» газетінің тілшісіне: «Қазақ мәдениеті жолайырықта тұр: не ұлттық сипат алып өріс ашу, не ұлттық сипатынан жұрдай болып советтік мәдениетке жұтылып кету қаупі төнді. Мына жаңа уақытқа орай қазақ мәдениетін дамытудың жаңа концепциясын жасау керек болып тұр» – дегені бар, партиялық сөгіс арқалаған сол жылдары қайсарланып. Қазақ мәдениетін сақтау, жаңғырту, жаңғырта отырып, дәстүр аясында дамыту жайында қызықты концепция жасатып еді. Жүзеге асыра бастағаны да анық. Бірақ, уақыт жайсыз, саясат шұбарала. Шұбарала уақыт қазақ мәдениетіне қызмет етпейтіні белгілі. Алдынан тағы да қиындықтар қарсы алды. Қиындықтан қашатын, қорқып, үрейленетін кісің Өзбекәлі Жәнібеков емес. Ол өзі бас болып жасаған, жасатқан қазақ мәдениетін өркендету концепциясын Г.В.Колбинге бекіттіріп алып, жүзеге асыру кірісті. Оны ұлт мәдениетін ұлықтау қызығы біржолата баураған еді. Өзі бір кезде бәленбайыншы орынбасар болып отырып, атқара алмаған, ұлттық сипаты үшін қағас қала беретін мәдени

құндылықтарды жан-жақты дамытып, қатарға қосуға бар жан-тәнін сала кірісіп кетті.

Ұзамай ол Қазақстан Компартиясы ОК-нің идеология жөніндегі хатшысы қызметіне шақырылды. «Жасым келді. Жаныма жақын саланы басқарып отыра берсем қайтеді?» – деп, комсомолдан үзеңгілесі Камал Смайыловты ұсыныпты. Өзіне жайлылығын ойламаған шығар, ұлт мәдениетінің тағдырын ойлап биік лауазымнан тартынған шығар ұлт үшін туған ұлан. Басшылық болмаған. Ақыры көнді. Ұлт мәдениетін өркендету жолында министр Өзбекәлі Жәнібек ойға алған көп іс атқарылмай қалғанын несіне жасырайық, көзіқарақты оқырман!

ОЯНУ ДӘУІРІНІҢ ҰЛЫҚПАНЫ

Андрей Вознесенский өтпелі кезеңде жарық көрген публицистикалық кітабын «Рух прорабтары» атағаны мәлім. Ояну дәуірі деп біз отырмыз. Оның себебі бар. Қазақ ұлты халық ретінде ХХ ғасыр басында бір оянды. Дүр сілкінді. Ол сырт күштің жауыздығымен басып жаншылды. Содан кейінгі қазақтың тұтас ұлт ретінде оянған сәті – ХХ ғасыр аяғы. Нактылай түссек, 80–90-шы жылдар. Ұлттың рухани оянуы, биліктен ақырып теңдік сұрауы – идеологиялық ұстанымға байланысты әмсе. Міне, осындай кезеңде Орталық комитетке Өзбекәлі Жәнібек хатшы болып шақырылды. Өзекеннің хатшылыққа шақырылуын досы, зиялы Михаил Иванович Есенәлиев «Орталық комитеттің «аппараттық кулығы» деп біледі. – Бұрын кім жақпаған болса, соны жоғарылату және оны өзіне шын берілген жақтаушыға айналдыру дейтін де тәсіл болатын.

Әйтсе де Ө.Жәнібек қалыптасқан тұлға болатын және ол уақытша «көсемдерге» емес, өзінің Отанына, өз халқына адал қызмет етті. Сондықтан да сол кезде Желтоқсан оқиғасы

жөнінде Орталық комитет Қаулыларының және Колбиннің қысымы астында жүріп те ол өз мүмкіндігінше, біріншіден, әлгі оқиғадан кейінгі соққыларды жұмсартуға талпынды. Екіншіден, Колбиннің басталып келе жатқан «қайта идеяландыруын», жалған «демократтығы», оның «екі жылда қазақ тілін, мәдениетін зерттеу» ниетін Өзбекәлі Жәнібеков ұтымды пайдалана білді. Орталық комитет хатшысы бола жүріп, Ғылым академиясы ғалымдарымен бірге жиырма-сыншы жылдардағы саяси және творчество қайраткерлері – «Алаш» партиясы лидерлерінің даңқты есімдері мен еңбектерін халыққа қайтару жөнінде зор жұмыс жасады» (М.И. Есенәлиев).

Өзбекәлі Жәнібек идеологиялық жетелі жетекшінің тарихи міндетін атқара білді. Ақтандақтарды ақтаудан (С.Қирабайұлы) бастап, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруді асқан білімділікпен ұлтты ояту құралына айналдыра, ұлттың қапияда зұлымдықтан көз жұмған ұлықпандарын рухани тірілту сипатында кешенді жүргізді. Айналасына рухтас азаматтарды тартып, оларды ұлттық рухты оятуға жұмылдыра білді. Қызметтес азаматтары елмен бірге оянды, елмен бірге есейді, Өзекенмен бірге қайраткерлік санатқа көтерілді. Өзбекәлі Жәнібек «Жастарды эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеу» аталатын жоба дайындады. Онда жастарды ұлт мәдениеті рухында тәрбиелеу мәселелері кешенді түрде қарастырылды. Қазақ ұлтының ұлттық идеологиясы болса, Қазақ ұлты – мемлекет құраушы ұлтқа айналса деген түбәлай арман бар еді. Аты – жастардікі болғанымен жоба – тұтас қазақ халқын тәуелсіз санаға жетелеу сарынында болатын.

Санамалап жатпадық, алайда ХХ ғасырдың 80-90 жылдардағы – тәуелсіздік алдындағы бүкіл рухани жанарудың алғышарттарын жасауда ұлттық болмысты Бас идеолог райында Өзбекәлі Жәнібек тарихи міндет атқарды. Бәлкім, ол ұлттың ояну дәуіріндегі ұлықпаны бола білді.

Саяси қысым мен салақсудан ұмытылып бара жатқан Наурыз көктем мейрамын қалпына келтіру, ұлттың орысшалануы зардабынан қолданыстан қалып бара жатқан Қазақ тілінің намысын жырту, мәртебесін өсіру, ақтандақтарды ақтау, Желтоқсан оқиғасына байланысты кінәланған тарихшы ғалымдарды арашалау, дүйім жастарды ақтау, жақтау, «Қазақ ұлтшылдығы туралы» зарар қаулының күшін жою, қазақ қоғамын жаңа жағдайға байланысты – жаңаша дамыту, оның ішінде жастарды эстетикалық тұрғыдан жан-жақты жетілдіре тәрбиелеу концепциясы, қазақ мәдениетінің ұлттық сипатын сақтай отырып, ұлттық арнада, ұлттық сипатта дамыту... Санамалай бастадық. Қоғамның бас идеологы қолтаңбасы айқын көрінетін кең ауқымды істер. Жинақтауға түсіріп шолудың өзінен Өзбекәлі Жәнібектің рушылдық шылауына оратылған, содан да ыдыраңқы қазақ қоғамын ұлттық рух аясына жинақтап, біртұтас кейіпке келтіру, алғы күнде ұлттық демократиялық зайырлы қоғам құруға дайындай бастағанын көреміз.

Ол бірде әбден есесі кетіп, өресіздіктен, ұрпағының еренсіздігінен кетілген ана тіліміз жайында, ана тілімізге кіндігінен байланған кісілік болмысымыз жайында былай деп толғанды:

«Ана тілінің құдіретін осылайша немерелерімнің басынан көріп жүрмін. Қайсыбір мырзалар болса, қазақша білмесе білмей-ақ қойсын деп балаларын ағылшын тіліне үйретпек болып жанығуда. Апырау, адамға қай тілді білсе де зияны бар ма, қазақ тілінің бүкіл түркі тілдеріне жол ашатыны тағы бар, мұны неге ескермеске. Кейде өзімнен өзім отырып, қайсыбіреулердің балаларын қазақша оқытуға құлықсыз екенін көріп қайран қалам. Шамасы, халықаралық бизнес тілін білсе жетіп – артылар дейтін шығар. Олай болса халқының тілін білмейтін баланың көкірек көзінің ашыла қоймайтынын, ананың ақ сүтімен бірге отбасы – ошақ қасынан

алынатын ұлттық қасиеттерді құрметтеуден, адамгершіліктен, имандылықтан нәрегей қалатынын қалай түсінуге болады? Оның үстіне ана тілін жете игерген азаматқа өзге тілді үйренудің оңайға түсетінін де күнделікті өмірден көріп жүрген жоқпыз ба?!

Мәселен, қазақ тілін білмей тұрып, түрік тілін үйренуге тырмысудың ешқандай қисыны жоқ».

Байқампаздық дейсіз бе, байқағанын ой түйініне айналдырып, тіл тағдыры жайында толғану дейсіз бе – ана тілін сақтау және дамытудың дайын БАҒДАРЛАМАСЫ дейсіз бе, – бәрі де орын алған, бәрі де бар осы бір үзік те, үздік ой толғаныста.

Орталық комитет хатшысы бола отырып Өзбекәлі Жәнібектің тар кезеңде «Халықаралық Қазақ тілі қоғамын» құру, құрысуы, оның тілі етіп «Ана тілі» газетін жасақтап беруі еңбегін ерлікке балап, осы игілікті істің басы-қасында бастамашы болып жүрген академиктер – Әбдуәлі Қайдаров, Өмірзақ Айтбайұлы естеліктерінде жазды.

Өзбекәлі Жәнібек қазақ тілін қолдаушы ғана емес, ана тілін ар тұтып, оны қауіп-қатерден қорғаушы, ана тіліміздің мәселесін қозғағанда, мемлекеттің ағзасы бойындағы қан тамырына айналдырып, ұлттың жұлын-жүйкесіне апарып тіреп тұрып қозғайды. «Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар бойынша қазақша терминология жасалмағандықтан, қазір біз жоғары және арнайы орта оқу орындары үшін тіл мен әдебиеттен басқа төлтума оқулықтар жасай алмай келеміз.

1991 жылы 18 тамыздағы саяси дағдарыстан соң М.С. Горбачев КПСС Бас хатшысы қызметінен бас тартты, Орталық Комитетті өзін-өзі таратуға шақырып, партияның мүліктерін халық депутаттары Кеңестеріне өткізу жайлы Жарлық шығарды. Осы жағдайға байланысты 1989 жылы 28 тамызда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумы

шақырылып, онда Қазақ КСР-ң Президенті, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы Н.Назарбаев Мәлімдеме жасады. Онда Н.Назарбаев КПСС Орталық Комитетінің Бас хатшысының мемлекеттік төңкеріс жасауға әрекеттенген қылмыстық топты қолдағанын, партия атына кір келтіргенін әшкерелей отырып, өзінің КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросының және ҚКП Орталық Комитетінің, мүшелігінен шығатынын, сонымен бірге Қазақстан аумағындағы партияның мүлкін республиканың меншігі деп белгілеген. Жарлыққа қол қойғанын, өзінің республикалық Компартияның бірінші хатшысы қызметін тастайтындығын мәлімдеді. Пленумда Қазақстан коммунистік партиясы ұйымдарын тарату үшін партияның кезектен тыс төтенше съезін осы жылдың 7 қыркүйегінде шақыру, оны өткізу үшін ұйымдасыру комиссиясын құру жайлы қаулы қабылданды.

1991 жылы 7 қыркүйекте партияның кезектен тыс төтенше съезі өтті. Съезде Қазақстан коммунистік партиясы өзінің КОКП құрамынан шығатынын, Орталық Комитет қызметін тоқтататынын мәлімдеді. Орталық Комитеттің аппараты мен Компартияның жергілікті органдары тарайды. Төтенше съезд Қазақстан коммунистік партиясы жайлы мынадай қаулы қабылдады: 1.Қазақстан коммунистік партиясы Қазақстан социалистік партиясы болып қайта аталсын. 2.Қазақстан социалистік партиясы Қазақстан коммунистік партиясының хұқылы жалғасы деп саналсын.

Осылай Қазақстан Коммунистік партиясы таратылды. Өзбекәлі Жәнібек зейнеткерлікке шықты.

ЗЕЙНЕТКЕР

Зейнеткер Өзбекәлі Жәнібек тарихи-этнографиялық бағыттағы ғылыми еңбектерін жалғастырып, шығармашылықпен айналысты, депутат ретінде тәуелсіз Қазақстанның алғашқы тарихи заңдарын талқылауға, қабылдауға атсалысты. «Одақ тарап, хатшылық, идеологиялық мәртебелі қызмет бейнетін зейнетімен алмастырды деген алғашқы жылдарының өзінде аяулы ағамыз Қазақстанның халық депутаты ретінде Жоғарғы Кеңес (республика Парламенті) жұмысының жуан ортасында мемлекеттік, заң құжаттарын қабылдауда, тәуелсіз елдің ұлттық менталитеті, тарихи тағдыры, келешегі, рухани мұратына қатысты сәттерде сабырлы сынын еш бұзбай (қайсыбір сәттерде сәл мұңлы, жаратылысы ақылды, ойлы толықтыру – ұсыныстарымен шын мәнінде бекзаттық болмыс биігінен көріне алды) – деп жазады З.Серікқалиұлы Ө.Жәнібек өмірінің осы кезеңі жайлы.

Ө.Жәнібек Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде сайлаушыларының аманатын орындау барысында да аянбай еңбек етті. ҚР Орталық Мемлекеттік Мұрағатындағы Ө.Жәнібектің жеке қорында сайлаушылардың өтініштері, арыздары, тапсырмалары, Ө.Жәнібектің түрлі органдарға, сайлаушыларға жазған хаттары, қатынас қағаздары, депутаттық есептері, сайлаушылар алдында сөйлеген сөздері, сайлау алды бағдарламалары, т.б. құжаттар сақталған. Мысалы «ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Ө.Жәнібеков жолдасқа берілген аманаттардың Орда, Жәнібек аудандары бойынша орындалу барысы туралы мәліметтер, т.б.» аталатын іс папкасында Ө.Жәнібекке №222 Жәнібек ауданы сайлаушыларының жолдаған мәселелері тіркелген. Онда түрлі мәселемен (көбісі тұрғын үй мәселесі бойынша, жер сұрау, зейнетақы, мектептегі тәрбие жұмысы, дәріні жеңілдікпен калай алуға болады, мектептің ескілігі, су, жол, электр жарығы, автотранспорт, т.б.) депутатқа түскен хаттардың тізімі берілген.

Онын Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде нақты көмек көрсеткен істеріне тоқтала кетейік. Ө.Жәнібектің ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағатындағы жеке қорында Орал облысы Жәнібек ауданы «Ұзынкөл» совхозының бір топ ата-аналарының ауыл мектебінің ескі екендігін айтып жаңа мектеп салуға көмектесуін сұраған. Ө.Жәнібектің мәселеге байланысты Орал облыстық атқару комитетінің төрағасы В.К.Гартманға жазған хаты, В.Гартманның жауабы, мектепті салу облыстың 1993 жылғы жоспарына енгені туралы Қазақ КСР экономика жөнігідегі мемлекеттік комитеттің Төраға орынбасары Н.Красносельскийдің хаты сақталған. Сол сияқты Батыс Қазақстан облысы Қазталовка ауданы Бостандық қой совхозының тұрғыны Үмбетов Жәдігер мен Үмбетова Ұлғанымның ұлдары Жанайдардың Ленинград облысында әскери борышын өтеп жатқандығы, оны мүмкін болса Қазақстанға ауыстыруға көмектесуін сұраған хаты тәркелген. Мәселеге байланысты ҚР Қорғаныс министрі генерал-лейтенант С.К.Нұрмағамбетовке жіберген сұрау хаты, ҚР гвардиясының командирі генерал-майор С.Алтынбековтың депутаттық сауалға байланысты жауабы сақталған.

Ө.Жәнібекке депутат ретінде көмектесуін сұрап тек қарапайым халық қана хат жазған жоқ, түрлі дәрежедегі басшылар да көмек сұрады. Мысалы, Орал және Гурьев облыстары комсомол жастарының атынан Қазақстан ЛКЖО хатшысы М.Кульшаров «Капустин Яр» әскери полигонын жабуға көмектесуін сұрап хат жазса, Орал облысының әкімі Н.Есқалиев Орданың тарихын жаза отырып, Ө.Жәнібекке депутат ретінде мынадай мәселелерге: «Орда селосындағы қазақ халқының тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау, қалпына келтіру, жастарды интернационалдық, патриоттық рухта тәрбиелеуде өте қажет бұл жәдігерліктерді жоғалтып алмау үшін Қазақстан Үкіметінен Орда селосын Республикалық тарихи-өлкелік және табиғи қорық ету; тарихи ескерткіштерге жөндеу жұмыстарын жүргізу; Орал мен Гурьев

облыстарының құмды шөлейт жеріне бұрынғы Нарынқұм атауын қайтару; сол сияқты Орал мен Гурев облыстарының 1952 жылы әскери аймаққа жалға берілген жерлердің мерзімі 1972 жылы аяқталғандықтан, КСРО Қорғаныс министрлігімен қазіргі Жер және жергілікті басқару туралы Заңға сәйкес бұрынғы келісім-шартты қайта қарауға» көмектесуін сұрайды.

Мұрағат деректеріне сүйене отырып айтарымыз: Өзбекәлі Жәнібек өзіне келген өтініштермен, аманаттармен ұқыпты таныса отырып, үлкенді-кішілі жауапты мекемелерге жіберіп, оның орындалуын әркез қадағалап отырған. Қолынан келгенінше көмектескен. Өз сайлаушыларымен тұрақты кездесіп, есеп беріп, өзінің болашақ жоспарларымен таныстырып отырған.

Ө.Жәнібекке Орталық Комитетте істеген соңғы жылдары жабысқан тыныс ауруы күшейді. Дәрігерлерге қаралып, Англияда, Швейцарияда емделді. Аурудан сәл тәуір болса күндіз-түні тынбай еңбектенігі, өмірінің соңғы бес-алты жылында ауыр сырқатпен арпалыса жүріп халқы үшін қымбат мұрасын қалдырды. Атап айтсақ, өз өмірі жайлы «Тағдыр тағылымы» (1996, 1997) атты екі кітаптан тұратын мемуарлық еңбегін жазды. Үшінші кітабын бастады. Ө.Жәнібек: «Демеушісі де, дем берушісі де көріне бастаған соң «Тағдыр тағылымының» үшінші кітабы болмаса да естелік әңгімелер түріндегі осы бір туындымды оқырман қауымға ұсынуды жөн көрдім. Өйткені аталарым, ағаларым, кеменгер де ақылгей ұстаздарым, өзіме өмір-бақи үлгі-өнеге көрсетіп келген елдің қарапайымдылары жайлы естелік жазып қалдыруды ұмытып кеткендей екенмін»- деп оқырманды өз жоспарымен таныстырады.

Өкініштісі, кітап аяқталмай қалды. Ол Қаныш Сәтбаев, Нұртас Ондасынов, Ілияс Омаров, Григорий Андреевич Мельник, Жазылбек Қуанышбаев, Нұрмолда Алдабергенов, т.б. кезінде қызметтес жандар жайлы естеліктері өмірдің

көп өткелінен өтіп, тұлғаланған қоғам қайраткері жазатын тарихи мемуарлар қатарына жатады. Бұрынғы жазғандарын жинақтап, толықтырып «Уақыт керуені», (1992), «Жолайырықта» (1995), «Қазақ киімі»(1996), «Ежелгі Отырар» (1997) атты кітаптарын жарыққа шығарды. «Арқас» ғылымтанымдық сериясы бойынша «Бақсы ойыны», «Тарихы терең Түркістан», «Қазақ даласының жұлдыздары», «1916 жыл», «Обаған», «О чем поведали ученые» атты жинақтардың шығуына басшылық жасап, алғысөз жазды. «Арқас» сериясының соңғы колжазбасы ғалымның жазу үстелінде қалды. Ол – Өзбекәлі Жәнібектің алғысөзін жазып, құрастырған, өзі өмірден откен соң жарық көрген кітабы – «Қазақстанның тұңғыш этнографтары» деп аталды. Жинақты құрастыру екі-үш жылға созылды. Ө.Жәнібектің бұл кітапты құрастырудағы мақсаты жайлы ғалым А.Егеубай былай деп жазады: «Өзекеңнің мақсаты – өзінің сөзімен айтсақ, – «қазақтың ел басқарған, білікті, текті ұлдарының ішіндегі ұлттық этнография, этнология ғылымына қалтқысыз көп еңбек сіңірген ардақтылардың шығармашылық сымбаттарын (портреттерін) жасау. Солар туралы зерттеу мақалалар жазып, бір кітапқа топтастыру... Анау Мұса, Сәдуақас Шормановтар... Анау Жәңгірхан... Анау Әлихан Бөкейхан... Қазақ-башқұртқа ортақ Әбубәкір Диваев... Кеңес өкіметі тұсында бірі хан делініп, бірі ханның тұқымы делініп, әр түрлі себептермен ел алдындағы қызметтері бағаланбады. Қазақстанның мемлекет қайраткерлерін, тарихи тұлғаларын тек саяси тұрғыдан қараумен келіппіз. Олар хан болумен, батыр-бағлан болумен бірге ұлттық мәдениетке, білімге үлес қосып, терең із қалдырған саналы, білімді жандар. Мәселен, Жәңгір ханның қару-жарақ палатасы жайлы кім біледі? Университет Географиялық қоғамының құрметті мүшесі болғандығын кім біледі? Сөйтіп тарихи ақиқатты ашып алу... Ел есінде қалдыру еді».

Жарық дүниедегі тірлік өмірі тұйықталар тұста да Өзбекәлі Жәнібек тарих тұңғығына үңіліп, Әмір Темір Көрегеннің Ахмет Ясауи құтхана- мешітіне кепілдік (вакуф) бұйрығын қазақшалады. Ол «Қазақстанның тұңғыш этнографтары» жинағында жарияланды. «...оның ең соңғы тәржімелік туындысы да «әулиелердің тақуасы һәм бабагөйі Ұлық Әзірет Қожа Ахмет Ясауидің», шындық пен ақиқат сұлтанының құрметіне «барша жұрттың патшасы Әмір Темір Көрегеннің жарлығымен тұрғызылған құтхана-мешітке» (аударма сөздерінен) берілер кепілдіктерге бағышталған болып шықты! Сірә, Өзағанды еліміз тәуелсіздік туын тіккен тәубелі шақта торткүл дүние мұсылмандары тәу етер бұл құдайтағалалық Қарашаңырақ турасында о бастағы вакуфтерді бұлжытпай орындауға оралу жөнінде ой мазалағандай ма, қалай? Бағзы бастауларымызды қалпына келтіру құлшынысы канат жайып отырған кезеңде ондай ойдың айы оңынан туар күн алысестігіне сенемін» – деп жазады Ерлан Арын Ө.Жәнібектің соңғы аудармасы жайлы.

Әмірінің соңғы сәтіне дейін қайраткердің қолынан қаламын тастамағанына Ғ.Бибатырованың естелігі куә: «Әбден ауру қажытып, нашарлаған кезінде ауруханаға көңілін сұрауға барған едім. Өзаған етпетінен түсіп, Түркістандағы Ахмет Ясауи кесенесі туралы (вакуфтың аудармасы болуы керек. – Б.А.) мақаласын түзетіп жатыр екен. Өзі енгігіп дем ала алмай жатыр. Тұрып отыруға мұршасы жоқ. «Денсаулығыңызды неге ойламайсыз? Қоя тұрсаңызшы! Сосын жазарсыз» – деп едім, шарт кетті. «Мен қоя тұрсам, мұны кім жазады. Менің енді қанша жасайтыным белгісіз, кімге сенемін?» Жарайды, жақсы. Шамаңыз келсе жаза беріңіз, – деп жыламырап шығып кеттім. Өзаған содан екі күннен кейін дүниеден озды. Әмірінің соңына дейін Ахмет Иасауи, Арыстанбаб кесенелері жайында көп еңбектенді».

1998 жылы 22-ақпанда Ө.Жәнібек дүниеден өтті. 24-ақпанда тәні салынған табыт Қазақтың М.О. Әуезов атындағы

академиялық драма театрына қоштасу үшін қойылды. Ығы-жығы жұрт. Жылау-сықтау. Жұрт қимай қоштасты.

Театрдан шыққан жұрт теміржол вокзалына беттеді. Үкіметтен бөлінген үш вагонның біріне Өзекеңнің денесі табытпен көтерілді. Қалған екеуіне жұртшылық жайғасты. Қаралы керуен қайраткердің туған еліне – Отырарға аттанды.

Өмірі мен қызметін туған халқының мүддесіне арнаған, қатардағы қарапайым мұғалімнен еңбекқорлығы мен табандылығы, білімділігі, қабілеті, зерделілігі арқасында комсомол, партия, мәдениет қайраткері, дарынды ғалым болып ғұмыр кешкен Ө.Жәнібек халқымыздың біртума, қайталанбас перзенті. Ол көп ойларын жүзеге асыруға мүмкіндігі жоқ кезеңдерде де халқының рухани өсуіне, мәдени мұраның қайта жандануына елеулі еңбек сіңірді, туған халқының алдындағы парызын адал атқарды. Ұлт мұратын асқақтатқан, мансапқа құбылмаған, Ар мен Намыс туын биік ұстаған қайраткер ғалым өмірі жастарға өнеге болса, жазып кеткен еңбектері еліміздің тарихына, мәдениетіне қалтқысыз қызмет етеді деп ойлаймыз.

ҚАЙРАТКЕРМЕН ҚОШТАСУ

...Ажалдың түсі суық.

Өлімнің қандайы да аянышты. Әйтсе де, тұтас ұлтқа тұлға болған катепті қара нардай азаматтар дүниеден озғанда қабырғаң қаусап қалғандай күй кешесіз. Аза бойың қаза! Дүние бейне адыра қалғандай. Жан дүниең босап, қаңырап қалады. Дүрмекке ілесіп әлде бірдеңелер жасамақ болып жүрген ісің әп-сәтте мәнсізденіп, құнсызданып жаның құлазиды. Қимас аға Өзекең, қазақ халқының рухани қазына-байлығын жинақтап, жастар бойына еккісі келетін «қара нары» Өзбекәлі Жәнібек қайтыс болды. Біз ғана ма қайғырған? Осы бір күн тұтылғандай болған борандатқан екі-үш күнде қазақ

тұтас қайғырғандай. Ия, «Мен қазақпын» – деген азаматтардың бәрінің де қабырғасы қайысып жүр. Өзекең марқұмды танитын, білетін, өзін білмесе де ісін білетін, қазақша ойлай алатын, қазақша сөйлей алатын азаматтардың бәрі де өзінің жақын жанашырынан, арқа сүйер азаматынан айырылғандай күйде. Бір-біріне көңіл айтысады, бірін-бірі жұбатысады.

Табиғат заңдылығына қарасақ, өмір де, өлім де әділетті. Тәңірі адам түгілі, тұтас адамзатты жаратты. Дүниеге тіршілік сыйлады. Тіршілік дүниесіне тыныс берді. Оның қасында адам дегеніңіз жәй жәндік қана. Діни әдебиетте тумак барда, өлмек хақ дейтін себебі осыдан болса керек. Халқымыздың «Өзекті жанға бір өлім» дейтін канатты сөзі де осындай заңдылықты меңзейді. Өлімге аратүсер, ажалдан арашалап, алып қалар күш – бір Тәңірден басқада жоқ. Кісі өлген сәтте – оның лепесімен бірге ұшып шыққан жан өлмейді, ғаламды шарлап ұшып жүреді екен деген сөз бар. Адам жаны белгілі бір хайуанатқа барып қонады екен деген де сөз бар. Бірі – жылқы, бірі – есек... дегендей. Әйтеуір табиғатта ашылмаған құпия көп-ақ. Ғылым дамыған сайын ашылып жатқан жаңалық та көп. Ғылым дамыған сайын ашылуға тиісті тылсым да көбейіп тұр. Бір сөзбен айтқанда, дүние – жұмбақ жаратылыс, тіршілік өте күрделі. Сондықтан, әлдебір жандардың тіршіліктен ерте кетті, кеш кетті, тіпті ұзақ жасады деп, содан әлдеқандай әділетсіздік іздеп жатуымыз – бәрі-бәрі де пендешілік қана. Өмірден аяулы адамдар өткенде қатты қайғырып терең тебіренетініміз бар. Өмір және өлім жайында мейлінше тереңірек ойланып, толғанатын сәтін де сондай аяулы адамдардың, жақын туыстардың дүниеден өткен кездері болады. Ал, сенің қайғыңа жалпы жұртшылық араласып, бөлісіп жатса, ол да бір ғанибет. «Қайғы – бөліссе азаяды, қуаныш – бөліссе көбейеді» – деген осы болар, асылы. Оның бір айқын мысалы Өзекеңнің қазасы.

Есімізге ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің әйгілі «Абай жолы» эпопеясындағы Бөжейдің қаралы көші түседі. Ұлы

суреткер қазақтың қазалы жиын, қаралы көшін ылғи бір қара бояумен, этнографиялық байлығымен, бар қаралы сән-салтанатымен жеткізе суреттеген ғой. Қоныстас екі рудың қыр-байлығын берер тым-тырыс, тіпті тоң-торыс сәтті кісінің еңсесін езетіндей етіп береді емес пе?! Сол тыныштықты бұзатын Сары апаның «Ұрлап та көмдің Бөжейді...» дейтін ащы өлеңі. Құйка тамырың шымырлайды.

Мемлекеттік тұлға Өзбекәлі Жәнібекті ұрлап көмгендей болмайық деп ресми адамдарға қолқа салып туыскандары Президентке айтқызды. Министр Қырымбек Көшербаев Президентке айтып, туған жеріне – «Арыстанбаб» зиратына қоюға рұқсат алып берді. Арнайы үш вагонмен аттанды қаралы керуен.

Маңдайына біткен халқымның
Дара тұлға едің, жан аға.
Сөнгендей көкте алтын Күн,
Түнерді бүгін дала да.
Жайсандар кетті.

Кім қалды?
Сәуле себуші ең санаға.
Сұңқардай сұлу тұлғанды
Сұм ажал алып бара ма?

Сүйсінсең жүзің нұрланып,
жалғандық сезсең, шарт сындың.
Өнерлі болса, тұлға ғып,
жас балаға да бас ұрдың.

Жарамсақтарды жасқадың,
шындықты айтудан қашпадың.

Қандай сайларда жүрсең де,
биіктерге елді бастадың.

Қарттардың көзі бұлдырап,
бауырлар қалды тұнжырап.
Өлімге Сізді қия алмай,
Қарындастарың тұр жылап.

Мекен ғып мәңгі сыз жерді
қаласыз ба мынау далада? .
Қара жерге беріп Сізді, енді
қалай кетеміз, жан аға?

Әулиедей ұлын елейді ел,
нұр төксін Алла-тағала.
Рухыңмен елді жебей гөр,
Қош деймін... қайтем, жан аға!

– деп жырлайды Фариза ақын.

* * *

Өтті деп дүниеден оты бар ұл,
Қопарып қасиетті топырағын.
Азалап азаматын жатыр бүгін,
Иығы бүлк-бүлк етіп Отырарым.

– деп жоқтайды Әселхан Қалыбекова.

Жоқтау айтылмағанымен тұлғалы азаматты жоқтай жыр-
лаған жырлар оқылыпты, қимас сөздер айтылыпты. Бәлкім
жаңа заманда «Жоқтау» дегеніміздің өзі осы шығар... Ә, айт-
қандай Өзекеңнің кітабы таратылыпты.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ

Өз – аға, Өзбекәлі Жәнібеков!
Өзіңсіз қалды өмірдің сәні кетіп.
Өзіңсіз көп сөздерім бұлтақтайды,
Бейне бір қалған сынды белі кетіп.

Жыладың елің үшін жыласаң да.
Сұрадың елің үшін сұрасаң да.
Ешқашан бүгілместен, егілместен
Тік тұрып құладың сен, құласаң да.

Жүрдік біз түгі бар деп жүрегіңнің,
Қайраты қайсар болды тілегінің.
Естілер ұран құсап есті жұртқа
Айналдың Рухына ұлы Еліңнің.

Сүрмедің қызық құрып дәуренді сен,
Түсірдің қанша жанға сәуленді сен.
Кеудесін бассаңдағы талай сұмның,
Ешкімге бастырмадың кеуденді сен.

Қорғаның халқың болды сенетін де,
Сен едің халқың үшін өлетін де.
Ығыңа салып кілең шыбық – талды,
Қаншама жылдар жүрдің жел өтінде.

Көрсеткен бізге талай арман жолды,
Сөздерің бекініс пен қорған болды.
Кешегі ығыңдағы шыбық – талдар,
Өз-аға, бүгін енді орман болды!..

– деп жырмен толғаныпты Темірхан Медетбек! Халықшыл
кайтпас қайраткердің образын әдемі беріпті.

РУХ САРДАРЫ БОЛА БІЛДІ

Кез келген перзенттің дүниеге келгеніне қуанбайтын қазақ жоқ. Арыс боп арадан кеткенде, орны ойсырап қалатындар некен – саяк. Бүгін күллі ұлт болып, құлазып қалатындай қазаға ұшырап отырмыз.

Өз-ағаң өзі өнген түп тамырдың бар нәрін бойына жинай білген түс перзент еді. Ақ емген адал сүтін халқына түгел қайтарып беру жолында көз жұмғанынша аянбай еңбек етті. Қазақ қай тұста да оны «Азаматым!» – деп арқа тұтты. Өз топырағымыздан өніп жатқан ен дәулетті өзіміз ұқсатуға жетісе алмай жатқанымызға алдымен арланғандардың бірі сол болды. Өзгелер жас жеткіншектерімізді «аталарыңның ақ таяғын ұстандар», – деп, малға қуып жатқанда, ол жастарымызды «Сарыарқа төрінен құрыш қайнататын өздеріңіз болыңыздар!» – деп, өндіріске аттандыруға күш салды. Аруақ түгіл, әке-шешесінің атын зорға білетін жаңа ұрпақтың есіне қай-қайдағыны салып, қалғып кеткен намыстың қайта оянуына да түрткі болуды бастағандардың бірі сол еді. Ана тіліміздің айдынын шалқытатын арнайы қозғалысқа да мұрындық бола біліп еді.

Біреулер бізге тәуелсіздікті біреу әкеліп берді деседі. Ол өтірік. Өзгелер тәуелсіздік алатын кезде, бізге сол бұрынғы таз телпекті киген қалпымызда қалып қою қаупі туды.

Желтоксанның зеңбіректері біздің аспанымыздан азаттық құсын біржолата аластау үшін, тәуелсіздіктен үмітімізді біржолата үздіру үшін күркүрегенді. Егемендік пен тәуелсіздік жариялау, Ата Заң қабылдау, талайдың тәуекелі мен намысын, білігі мен жігерін аямай сынаған тарих талқысы болды. Сол талқылы кезеңде де қолынан туын түсірмеген рух сардары бола білді. Санаулы ғұмырында санап тауыса алмас көп іс бітірді. Оған бағзы Қорқыт атамыз бен Хожа Ахмет Ясауи бабамыздан бастап бесіктен белі әлі шыға қоймаған сәбилерімізге дейін – бәрі риза шығар. Ол көз жұмғанда

да: «Елім», «Тілім», «Дінім», «Тарихым», «Ұрпағым» деп күбірлеп, көз жұмған шығар.

Бұл даланың арғы – бергі асылы мен абзалына мәңгілік мекен болған киелі топыраққа ол да аттанды. Өле – өлгенінше аузынан тастамай өткен ғазиздер санатына өзі де ілігер.

Артына қалған елді айтсайшы... Оның әлі түгел орындалып бітпеген армандарын айтсаңшы...

Жақсының қадірі көзі жоқта арта түспесе, аласара қоймас.

Қош, Өз-аға!

Бақыл бол, баба пейіл аға!

Арыстан жал арысымыз едіңіз, бақи төрінде де нұрыңыз шалқып, рухыңыз үстем болғай!» – деп жазды өзін Өзекеңнің шәкірті санайтын Әбіш Кекілбайұлы!

АЛЛА СЫЗЫҒЫНАН АСПАҚ ЖОҚ!

Демі біткенше қаламы қолынан түспеді. Жазған кітаптарында ол: ей, адамдар, кім екенінді біліңдер, өздеріңді, өз тегіңді, ұлтыңды таныңдар. Халқыңның әдет-ғұрпын, салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін, өнерін, мәдениетін біліңдер, деп кетті.

Сірә, о дүниелік боларын сезген шығар, емхананың палатасында жатып та кітап жазды. Өркөкірек елдердің кейбір оқымысты өкілдері: қазақта өркениет, өнер болмаған, номад, көшпелі халық адами цивилизацияға үлес қоспаған деп жала жапты.

Өзбекәлі Жәнібеков осы жалған теорияға қарсы бүкіл саналы өмірінде тойтарыс беріп, қазақ халқының дүниежүзілік цивилизацияға қосқан үлесі бар екенін дәлелдеумен өтті.

Өзекеңнің адамдардан соңғы тілегі: мәңгілік мекенін өзі туған қасиетті топырақ – Отырардағы Арыстанбаб жанынан бұйыртуды өтініпті.

Жаның жаннаттан жай тапсын, есіл ер, қайран Өзекем! – деп қайғыдан күркірепті айбынды Шерхан Мұртаза.

ДАРА ТҰЛҒАЛАР ДӘУІРМЕН ҚОШТАСЫП ЖАТЫР!

Өзбекәлі Жәнібекұлы – қазақ халқына шынайы перзенті бола білген, туған халқын құшағына тұтас қысуға тырысатын айрықша тұлға еді. Қоғам өмірінің қай саласында қызмет етсе де өзіндік өшпес із қалдырып, әлеумет жүрегіне терең ұялаған қайраткер. Халқы үшін қызмет еткен азамат халық жадында жасай береді.

Дәуір дара тұлғалармен қоштасып жатыр...

Бір топырақта туып, тетелес өскен Өзекең қазасына қабырғамыз қайысып тұрып, қош, ақылшы аға, аяулы азамат! Топырағың торқа болсын! басымызды иеміз» – дейді інісі Мұхтар Әліұлы.

ҚОШ, АСЫЛ АҒА

Өзбекәлі ағаны жастайымыздан естіп өскенмен, бертінде ғана танып білдім. Аумалы-төкпелі, аласапыран уақытта, өтпелі кезеңде бірер жыл аралас-құралас, қызметтес болдық. Қоян-қолтық, тізе қосып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, идеологияны бірге басқарған тұста ұлт тарихының, мәдениетіміз бен әдет-ғұрып, салт-дәстүріміздің қайта жаңғыруына хал-қадерімізше үлес қостық. Қолымыздан келіп тұрғанда істеп қалайық, тіліміз шығып тұрғанда сөйлеп қалайық деген едік. Шүкір, нәтижесі жаман болған жоқ. Қазақтың өлгені тіріліп, өшкені жанды, ұлттық санасы оянды, тілі марапатталды, жоғалып бара жатқан әдет-ғұрып,

салт-дәстүр қайта жаңғырды. Осының бәрінде де Өзекеңнің еңбегі ұшан теңіз.

Өзекең жұмыста қатал, ешкімді аямаушы еді. Бірақ аға ретінде бәрімізді аялаушы еді, көңілі түссе көл болушы еді, ғажап әңгімешіл кісі еді, кісінің ала жібін аттамаған кіршіксіз адал еді, бір сөзді кісі еді, екі сөйлемеуші еді.

Еліне, халқына белін буынып, білегін сыбанып, аямай қызмет істеген Өзекең, өкінішке, соңғы жылдары ұмытылғандай болды, ауыр дертпен арпалысып, өмір үшін күресті. Жақында емханаға барып ол кісімен ұзақ әңгімелескенде:

– Ғасырлар қойнауынан қазақ тарихын тереңірек аршысақ, Әзірет Сұлтан қорығын қалпына келтірсек, қалт – құлт етіп отырған мына халықтың құдай көз жасын көрсе, дегеніне жетсе шіркін, – деп армандап жатты. Әттең дегеніне жете алмай кетті.

Екі ғасырдың тоғысында дүниеден сөйтіп халқымыздың аса қадірлі перзенттерінің бірі өтті. Үлкен жүрек соғуын тоқтатты.

Өзбекәлі Жәнібеков – ел тарихынан ерекше орын алатын мемлекет әрі қоғам қайраткері, аса ірі ұйымдастырушы, этнограф, қазақ мәдениетінің білімпазы. Сондықтан да Өзекеңнің есімі Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров ағаларымыз секілді туған халқымен мәңгі бірге жасайды.

Қош, асыл аға, қайран Өзекем, бақыл бол, алдыңнан жарылқасын!» – деп ағасын өшпес рухқа балап қоштасыпты Мырзатай Жолдасбеков .

ҰЛТЫНЫҢ ҰЛЫ МАХАББАТЫН АРҚАЛАҒАН...

Уақыт озып, дәуір өтіп барады... Дәуірмен бірге өз уақытының адал перзенті болған, сөзін сөйлеп, желбіретіп туын ұстаған, халық құрметіне кенеліп, абыройдың биік тұғырына көтерілген дәуір тұлғалы ағаларымыз, замандастарымыз өтіп барады...

Өлді деуге ауыз бармайды, кетті деуге көңіл қимайды...
Өкінішке орай солай болып тұр...

Бар саналы өмірін алаш дейтін аталы жұрттың амандығына арнаған, өзгеге ұқсай бермейтін табанды мінезімен, таңғажайып талғамымен, сирек бітімді парасат пайымымен өз биігін өзі жасаған, өз болашағын өзі қашаған, екі қайтып енді тумайтын, кіндік қаны қазақ топырағын жумайтын, қайран Өз-ағамыз дүниеден өтті дегенде, қарағайға біткен қарсы бұтақ қарс айырылып сынғандай болды... Қазақ дейтін халықтың рухани көгін асқақтатып, қашан көрсең шаншылып биік ұшып жүретін ақиық қыран құз-құяға құлағандай елестеді...

Мінезі санамызда, биігі жадымызда қалды. Ұлыс өмірбаянын ізденіс пен күреске толы ғұмыр-ғибратымен қайраткер Жәнібековтің бейнесі қалай байытса, қаламгер, тәлімгер, ғалым, ұстаз Өз-ағанның ұлағатты толғамдары мен ой-парасаты ұлт санасын солай шұрайландыра түсері, нұрландыра берері шүбәсіз.

Өз халқын кім жек көрсін. Бірақ халқының рухына деген ұлы махаббатын дәл Өз-ағандай аялап, ардақтап, «прометей шырағындай» жалынын лапылдатып, сөндірмей, жоғары ұстап алып өткен қазақ кемде-кем шығар?! Өнер десе, өзегін суырып беруге әзір тұратын, елім десе, еңіреп ерге қонатын, тұтас бір дәуір, бір кезеңнің жастық көшін бастаған, ұлт санасы мен ойының оң бағыт алуына өлшеусіз үлес қосқан дәуір тұлғалы қайран аға енді арамызда жоқ... Қолқамызды өксік буады.

Сіздің қайсар да қайратты қоңыр даусыңызды біз қалай сағынсақ, озған уақыттың өкшесін қаға келген ертеңгі күннің иелері – ұлт пен ұлыс тізгінін қолына алған жаңа ұрпақ та Сізді солай іздеріне біз сенеміз. Шексіз сенеміз!

Қазақ аманда, қазақтың рухы аманда Сіз халқыңыздың жүрегіндесіз, Өз-аға!..» – дейді Нұрлан Оразалин.

ҚАЙРАН, ШОЛАҚ ДҮНИЕ-АЙ!

«Бұл жалған дүниеден қайран Өзекең де өтті. Бойдағы беретінін толық беріп үлгерместен, өмірдің қызығына тойып болмастан көз жұмды.

Өзбекәлі – қазақ халқының ХХ ғасырдағы біртуар перзенттерінің бірі. Оның қаны буырқанып-бұрсанып, қайнап, тебіндеп, тегеурінді екпінмен ағатындай еді. Оған қиядан атойлап шығып, қисынын тауып, қамал бұзарлық қайраткерлік тән еді. Ол тыңнан жол салатын реформатор жан еді. «Елім» деп егіліп тұратын Өзекеңмен араласқан жан ұзақ уақытқа жетерлік жігер, қайрат алатын.

Боранды бұрқасынды ХХ ғасыр ішіндегі ауыр жылдардың бірі – 1986 жылдың Желтоқсанынан кейін кезеңде Өзекең ұзақ жылдар бойы есімдері абақтыға жабылған халқымыздың арыстары Шәкәрімді, Мағжанды, Ахметті, Жүсіпбекті, Әлиханды, Міржақыпты тарихқа оралтты, осынау істе өзінің ұлтжандылығы ғана емес, қайсарлығын да, азаматтығы ғана емес, шынайы батырлығын да танытты. Біз сол кезде Өзекеңнің маңында болып, көмектескен жандар оның ұлтқа жасаған осы бір ерен еңбегін тарихқа қаттауға парыздымыз.

Өзекең ізденгіш жан еді, ана тіліне, ата тарихына, ұлттық характерке деген ықыласы ерекше болатын. Одақ ыдырар алдында өзім ғылыми басшылық жасап, Новосибирскіге бірге барып, диссертациясын қорғап қайтқан кезде Өзекең ауырып жүр еді.

Өзекең ғажайып әңгімешіл еді, ол осы бір мінезі жағынан Сәбенді (Сәбит Мұқановты) еріксіз еске түсіретін. Жанын салып, бар егжей-тегжейін тәптіштеп, өзінді иландыра сөйлейтін. Осы бір өнері Өзекеңнің таза халықшылдығын, ұлтжандылығын көрсететін.

Өзекеңнің қазақ мәдениетіндегі орны ерекше. Ол халқымыздың дарынды екендігін. Оның бай музыкасы, әсем де әсерлі биі, күйі, ғасырлар тереңінен бастау алатын салты бар екендігін айтып қана қоймайды, дәлелдеді, дәлелдеп қана қоймады, оның ұмытыла бастаған көмескі беттерін қалпына келтірді, өзіндік пайымдауымен байыта түсті. Осы бір жағынан ол өзін Ілияс Омаровтың ізбасар інісі ретінде танытты. Қазақ мәдениетінің тарихында Өзекең есімінің кастерленіп жазылуы әділдік болар еді.

Біз бәріміз де мәңгілік алдында жалған дүниені сайрандап жүрген қонақ жандармыз. Өзекеңнің бұл пәнидегі өмір жолы таусылды. Алайда, ол артында өлмейтұғын сөз қалдырды. «Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді» дегендей, Өзбекәлі Жәнібековтің есімі халқымен бірге жасар мәңгілік сапары басталды.

Қазақ: «Қиын сәтте 99 адам келеді, 9-ы жылауға келеді, 90-ы сынауға келеді», дейді екен. Өзбекәлінің қазасы – «мен қазақпын» деген баршаны жылатар қаза.

Опасыз шолақ дүние-ай!» – деп толғанады, досы, әріптесі, қазақ тарихшыларының ағасы дерлік Манаш Қозыбаев.

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ЗИЯЛЫ КЕЛБЕТІ ЕДІ

Оның айрықша бір сәуле құйылып, құштарлық лебі есіп тұратын нұрлы жүзі мен қоңыр салқын үні де, жүріс-тұрысы мен мінез-құлқы да, іскерлігі мен ізденімпаздығы да, ойлау машығы мен сөйлеу мәнері де, білігі мен білімдарлығы да – бар болмыс-бітімі зиялылықтың тума келбетін танытатын.

Қатаң талапшылдығы мен қатал принципшілдігі де өз бойына жарасып тұрар еді.

Қазақстанның тарихы мен біліміне, мәдениет пен этнографиясына қатысты, Өз-ағанның, Өзбекәлі Жәнібековтің атқарған ісі мен тындырған шаруасы ұлан-ғайыр. Бұл тұрғыдан тұтас бір кезең оның есімімен тығыз байланысты. Қағазға түсіп, жариялануын күтіп жатқан жазбалары мен ойға алған жоспарлары тіпті көп еді...

«Егемен Қазақстанның» мың сан оқырмандары атынан еліміздің саяси өмірінде жарқын тұлға болған Өз-ағанның рухымен қоштасып тұрып, «Иманыңыз өзіңізге серік болсын, топырағыңыз торқа, жатқан жеріңіз жарық болсын. Халқыңыз өзіңізді ешқашан ұмытпайды» деген ақтық сөзімізді айтпақшымыз» – деп редакциялық мұнақып дайындапты.

...Өзекең тәні табытқа салынып, М.О. Әуезов атындағы қазақ драма театрына қойылды. Қоштасуға халық қалың жиналды. Өзекең денесін театрдан шығаруға беттедік. Үзеңгілес досы, өзі «Михайл Иванович атамай, «Кәкіш» – деп сыртынан еркелете атап отырар досы – М.И. Есеналиев табытта жатқан Өзекеңнің маңдайынан сүйіп қоштасты. Содан әрі қаралы керуен Арыстанбабқа жол тартты.

ӨМІРЛІ ӨНЕГЕ ТАНЫМ САБАҚТАРЫ

А.Т. Твардовский сөзі есімізге оралады. «Біреу өледі – өшеді. Біреу өледі – өседі!» Өзекең өлмейді – өседі!

Кезінде СССР идеологиялық хатшысы М. Сусловтың бетіне тура қарап тұрып айтылған адуын акынның айтқан сөзі афоризмге айналып, қанат бітіп, қалың елге тарап кете барған еді заматында. Осы өлімді жеңген аталы сөз қазақтың өзге қайраткер перзенттерімен бірге, Өзекеңе арнап айтылғандай болады да тұрады, құданың құдіреті!

Ұзамай Өз-ағаның жеті күндік асы өтті. Сосын қыркы. Сосын жылы. Жұрт өксігі өксіп айтар, өкініп айтар естелікке ұласқан. Арасын суытпай, асыл азамат, байымды баспагер Ғарифолла Әнес – естелік кітабын құрастырып әкеліп, арыс тұлғаның асы үстінде дүйім жұртқа таратты.

Алғысөзіне ден қойыңыз: «Тірлікте мынау дүние мен малға бой алдырмаған, кісілігі мен арына кір шалдырмаған, «елім, жұртым» деп дүниеден өткен Арыс Азаматтың қарасын жығар күн де таяп қалды. Іс-қаракеті мен мінез – сойы Дара Тұлғаның, ызғарлы күндерде еліне қалқан-қорған Қайраткер Елағасының қаралы туының тігілуі, артының күтілуі, бауыры суық қара жерге тапсырылуы да, иесінің соңғы аманатына сай қарабал мәнді-сәнді атқарылды: от басы мен Отанжұртын зар жылатқан қаралы керуен Алатау бауырынан көне Отырарға күңірене боздай жол тартты. Арыстан-баб әулие жанынан сағыныш – сызы кеппеген тағы бір әулие төмпешік бой көтерді.

Осы соңғы сапар, ақырғы қызмет қамын мойнына жүктеген басшы азаматтар, қаралы алқатоп мүшелері демі бітіп, көзі жұмылғанша қаламы қолынан түспеген Хәкімнің жазба мұра қазынасына баскөз болуды да қаперден шығарған жоқ. Жарияланбаған қолжазбаларын тасқа бастыру, ол туралы көзкөргендердің естелігін жинастыру – ізін суытпай, бірден қолға алынды. Қазақтану ғылымының қай саласында болмасын ойып алар орны бар Ғалым Мұрасының еліне етене жақындасуына септігі тиер көп тармақты жоспар – жобалар ойластырылды. Бүгін, міне, сол ойға алған істің бір жүзеге асып, Өзбекәлі Жәнібек ағамыздың әруағына бағышталған Ескерткіш Кітап дүниеге келіп отыр...

Жеделдетіп, марқұмның Жылына орайластырылған бұл кітаптың сыр – сипатына тоқталсақ, ең алдымен, екі бөлімнен тұратындығын, яки бір мұқаба астына қос кітаптың басы біріктіріліп отырғанын айтқан орынды. Алғашқы бөлім – «Алды-артыма қарайлап өмір кештім» – Өзбекәлі

Жәнібектің төл туындылары, өз жазбалары. Ал, «Әулиедей ұлын елейді ел» атты екінші жартысы – Ол туралы жазылған естеліктер.

Қашанда әр ісіне тиянақты, тұғырлы тұрғыда қарайтын Өзбекәлі ағамыз соңғы жылдары еркекше қырынан көрініп, булығып өскен бозбаладай шоқтықты – шоқтықты бірегей еңбектерін халқына сыйлап кеткенін көзі қарақты оқырман білуге тиіс: «Эхо...» (1991), «Уақыт керуені» (1992), «Жолайырықта» (1995), «Қазақ киімі» (1996), «Ежелгі Отырар» (1997; авт. бірі), тарихи – танымдық «Аркас» өрбіту қорынан өнген кітаптар тізбегі; пайғамбар жасынан асқан соң, өмірінің қия тұсы жақындағанын сезгендей, өткені мен бүгінді көктей шолған «Тағдыр тағылымы» атты қос томдық (1996; 1997), ғибрат жазбалары...

Ескерер бір жайт – бұл жаңа кітапқа еніп отырған Жәнібектің тың туындылары әр кезде жазылған және әртүрлі тақырыптарды қамтиды. Өз қолымен хатқа түскен (кейбір тұстардағы қолтаңбасының ауруы дендеп, жаны қиналғаны да байқалып тұрады!) естелік ыспатты дүниелері «Тағдыр тағылымының» жалғасы, ойластырылған үшінші кітаптың материалдары екені күмәнсіз. Ал ертеректе жазылып, машинкаға басылған туындылары (мәселен, «Памятники старины» – баяндама, «Би өнері жайлы ой» – радиосценарий) болса, аталған кітаптарға енбей, кезегін күтіп, стол суырмасында жатып қалғанға ұқсайды. «Бақсы ойыны» кітабына жазылған алғы сөз бен «Тағдыр тағылымынан» алынған шағын үзінділердің, бұрын баспа бетін көрсе де, бұл кітапқа енгізілуінің де өзіндік діттеген себептері бар. Оның алғашқысымен қалың қазақ оқырманы әлі танысып үлгермесе, соңғы материал естелік жанрына тән басты кемшілік (һәм ерекшелік) көп қайталамалардың жоқ-жітік тұстарын толықтырып тұр.

Қолжазбаны баспаға даярлау барысында Өзекеңнің өз жазбаларына қиянат келтірмедік: кейбір атаусыз материалдарға тақырып қойғанымыз болмаса, еш өзгеріссіз жария-

ланып отыр. Сондықтан сырқаттанып жүріп, жан кинала жазылған жолдарға қатаң талап қоймай, түсіністікпен қараған абзал. Ағамыздың қолынан қаламы мезгілсіз түспегенде оларды қырнап-жөндеп, әлі де илей түсері сөзсіз еді. Әйтсе де, бізді еркекше тәнті еткені – бір сілтеген қалам қуатынан-ақ Өзекеңнің соңғы жылдары жазу өнеріне әбден машықтанғандығы, бейнелі ойы мен кестелі тілі қатар өріліп отыруы. Өкініштісі – ескілік саркытының, ұлттық дәстүрлі мәдениеттің, кәсіпшіліктің, қолөнерінің... білгірі, зерделі ғалымның айтары көп болса да, соны айтып кетер уақыты аз, заманы тар болды.

Ал, екінші бөлімге келер болсақ, азғана уақыттың ішінде Өзекең туралы көптеген естеліктер жазылып, жинастырылды. Әйтсе де бәрін бірдей (мәселен, Е.Әуелбеков, Д.Бопова сынды ардагерлердің орыс тілінде жазылған материалдарын) қамти алмадық. Сәті түскенде олар арнайы естелік кітапқа топтастырылып, әсіресе Өзекең туралы онымен қызметтес, замандас болған өзге ұлт өкілдері де ой бөліссе, құба-құп.

Жалпы Өзбекәлі Жәнібек мұрасы, жәнібектану – өз жинастырушыларын, баспагерлерін, зерттеушілерін күтіп тұрған салқар сала. Ұлт тарихын, мәдениеті, дәстүрін біле түссем, ғибраттансам деген жан оған соқпай өте алмайды. Сол себепті де Ө.Жәнібеков мұрасына біздің әлсін-әлсін ораларымыз, оның Таңдамалысы, көп томды шығармалар жинағы, ол туралы естелік, зерттеу, деректі кітаптар әлденеше рет дүниеге келері даусыз...

Халықтар бірлігі мен сабақтастығы жылы Темірбек Жүргенов, Илияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібек сынды Қайраткер, Қаламгерлердің мұрасын насихаттаймын, атын ұлықтаймын деп жоспар-жоба дайындап отырған Қ.Е. Көшербаев, Е.М. Арын сында елағаларының бастамашыл істерін баршамыз қолдап, қоштап кетсек игі. Ертіс те, Еділ де жылап аққан бастау-жылғадан басталатынын есте тұтсақ, жақсы бастама жалғасын тауып, үлкенді де, кішіні де Кісілік, Ұлтшыл-

дық бастауына апарар Өзекеңдей Ағалар салған ақ жол, үлгі-үрдіс дейміз де».

Қазақтың қайсар ақын қызы Фариза Оңғарсынова «Әулиедей ұлын елейді ел» – деп жырлапты. Кенестік қазақ үкіметін абыроймен атқарған, өзін Нұртас Оңдасынұлының ізбасар шәкіртімін деп есептейтін, ұлының есімін Оңдасын атаған Бәйкен Әшімов «Үлкен азамат» – атап баға бере сөйлепті, жан досы Кәкіші (М.И. Есенәлиев) «Ұлтын ұлықтаған азамат» – деп дәл «диагнозбен» естеліктепті, «Өмірлі өнеге» – дейді Әбіш аға, «Қалың қазақтың Өзбекәлісі» – дейді Мырзатай Жолдасбеков, «Қазақтану ғылымының қара нары» – атайды, Өзекең мәйітін Арыстанбабқа жеткізуге Қырымбек екеуі табанынан таусыла қызмет еткен Ерлан Арын, «Тұғыры биік азамат» (Ә.Қайдаров), «Халық мүддесінің жоқшысы» (С.Қирабайұлы), «Өзбекәлі хақында» (М.Қозыбаев), «Қайраткер мұраты» (Р.Бердібай) атап, азаматтың қазақ қоғамындағы орнын анықтауға тырысыпты замандастары. Естелік кітабын шығару – елдіктің бір әдемі үлгісіне айналып, жарық көргенін қадап айтуымыз керек. Бұл күнде дүниеден көшкен азаматтың бәріне бірдей «жоғалған пышақтың сабы алтын» дегізіп, естелік кітабын шығарамыз. Онымыз әкенің киімін балаға кигізгендей қолпылдап, жараспай тұрады әлгі бакилық азаматқа. Ал, мына шағын естелік кітабы, оған енген санаулы жадынама елдіктің көрінісіндей болып, Өзекеңе сондай жарасып тұра қалды. Өзекең сабақтары айтылды. Өзекеңді тану ілімі осы естелік кітабынан бастау алды.

Жетісу ақындарының алтын дінгегін (М.Әуезов) бір жыл бойы жыр даңғылы Жамбыл жоқтау айтып жырлаумен болған. Ол да бір қимастықтың белгісі. Ол да бір қазағымыздың көшелі, көсегелі салт-дәстүрі. Өзбекәлі Жәнібектің өзінсіз 70, 75, 80 жылдығы аталып өтіп жатыр. Ұлты үшін ұқыпты ұлан болған, ұлтының бар жоған іздеумен жүріп, көп іс тындырған, соңына өшпестей өнегесі мол мазмұнды мирас қалдырған Өзбекәлі Жәнібектің жылға қарата Арыс-

танбаптағы «басы» қарайтылды. Әулиедей Өзекең, шын мәнінде әулиеге айналып, ұлықталып жатты. Әдеби, тарихи-этнологиялық мұрасы жайында ғылыми конференциялар, сабақтар өтіп жатады. Естелік – рухани ескерткішке айналып, толығып, мазмұнымен молығып, кітап болып, әлденеше рет жарық көріп жатады. Осының бәрі «өмірлі өнеге» (Ә.Кекілбайұлы) еді. Осының бәрі «өлген күннен қайта өсіп жүре берген» (А.Твардовский), Жер-ананың құшағында ғана емес, Ел-ананың құшағында жасай береріне кепілдік. Біз де құрастырдық «Рух сардары» аталатын ескерткіш кітабын. Тағы да замандастары, Ресейдің Лаостағы елшісі, кейін Сыртқы істер министрінің орынбасары Г.А. Рудов секілді азаматтарға қайырылды. Өтінішімізді жерге тастамай, өзін тәрбиелеген Өзағасы жайында «Не стало друга» атап естелігін жазып жолдады. Қазақстандық неміс жазушысы, ойшыл Г.К. Бельгер «Шомбал. Ірі. Дара» атап естелік жазды. Мемлекеттік хатшы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаев рухани ағасы жайында шынайы тебіренді.

ТҮЛҒАҒА ТАҒЗЫМ!

«Саналы ғұмырын қазақтың ұлттық мәдениетін жаңғырту, дамыту ісіне арнаған Өз-ағанның өмір жолы баршамызға жақсы белгілі. Ол туралы айтылып келеді, айтыла бермек. Тіпті қанша айтса да сөкет емес. Себебі: Өзбекәлі Жәнібек басы тәуелсіздік жолындағы жанкешті күреспен басталып, талай-талай боздақтарымыз қыршынынан қиылған, әйтсе де түбі сол айтылған тәуелсіздік таңы атқан үстіміздегі бір ғана ғасырды емес, алыс-алыс замана, дәуірлердің тарихи, мәдени һәм рухани жалғастылығын, ішкі сабақтастығын салғастыра келіп, уақыт үндестігінің көрігін барынша үрлеп баққан, шоғын сөндірмес үшін ерен еңбек сіңіріп, Тәңірдің ықыласы

түскен сүйікті перзенті бола білді. Ендеше Өз-ағаңның есімі көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ірі ғалым-этнограф, қазақ ұлттық мәдениетінің және дәстүрінің дәуірлеуі мен дамуының бірден-бір қалаушысы ретінде бағалануы әбден заңды.

Халқымыздың Темірбек Жүргенов, Илияс Омаров, Өз-ағанды қатар атауында осындай себеп бар. Әлемдегі әрбір ұлттың өзіндік саяси және әлеуметтік болмыс-бітімі, тілі мен ділі, тарихи және мәдени келбеті, рухани пайым-зердесі бар десек, қазақ халқы осы қатардан қалған да емес, қалмақ та емес. Алайда, осынау болмыс-бітімді, тіл мен ділді, кейіп-келбетті, пайым-зердені бағалай білу, сақтай білу, үнемі жаңғырығын шындап, дамыта білу, еліміздің ертеңі болып табылатын өскелең ұрпақтың бойына егіп, санасына сіңіру бар емес пе?! Өз-ағаң өмірін осыған арнаған адам. Арнап қана қоймай, осы жолда бүкіл азаматтық ар-намысын ту етіп көтеріп, ардақты ағамыз Әбіш Кекілбайұлының сөзімен айтқанда, рух сардары деңгейінен көріне білген адам. Олай болса, Өзбекәлі ағамыздың аруағына көрсетіліп жатқан, көрсетіле берер де сый-құрмет, ілтипат сезімнің қай-қайсысы да орнымен, қай-қайсысы да орынды» – дейді Қырымбек Көшербаев.

ҚАЙРАТКЕР ДЕП ӨЗЕКЕНДІ АЙТ

(Конференциядағы құттықтау хат)

Өзбекәлі Жәнібек – Ғани Мұратбаев сынды жастай жалындап шыққан, өмір бойы бәсеңсуді білмей лапылдап жанумен өткен жанартау. Жастай Қазақстан жастарының көсеміне айналған ол азаматта қайтсек елдің көсегесін көгертеміз, қайтсек қазақты оятамыз, қайтсек қоғамның даму үдеріміне қазақ өзінің ұлттық болмысымен ілеседі? дегеннен өзге ой да, мүдде де болған емес. Өзекең өркениет өрісі-

не қазақ өзінің ұлттық рухын жықпай, салт-дәстүрін үкілеп жетсе деп жарғақ құлағы жастыққа тимей, осындай ұлы мұрат жолында бір сәт те белін шешпей ат үстінде өткен, бар қайраткерлігін қазағына арнаған ғажайып тұлға!

Қайрат, жігерін орасан мол біліммен жемдеген ол қайраткерлікте – оқымысты, ал ғылымда – қайраткер еді. Ұлт мүддесін мансап лауазымға ешқашан айырбастамаған ол қоғамның соқпа-соқпасында қиыннан жол таба білді, сөйтіп жүріп буын-буын жастардан қоғам үшін қайраткер, мәдениет үшін кемел тұлғаларды тәрбиелеуден бір тынбады. Кезінде ол тәрбиелеген шәкірттер бүгінде қайраткерге айналып, қазақ қоғамын өркениет биігіне жетелеп барады. Кезінде толқын-толқын жастарды оның өзі тәрбиелесе, ендігі өндірі өркен, толассыз жас буында, оның қазақ тарихы, этнографиясы, мәдениеті мен өнері тағдырын энциклопедиялық білгірлікпен жазған ұлттық рухты еңбектері тәрбиелейді.

Жайшылықта осындай ұлы тұлғаның өзін көріп, сөзін тыңдағаным үшін, қос ғасыр тоғысында Оңтүстік Қазақстан облысында әкім болып қызмет істеген жылдары Арыстанбаб кешеніндегі кесенесін салдыруға, есімін есте қалдыру шараларына басшылық һәм қолғабыс жасағаным үшін өзімді бақытты санаймын.

Өзбекәлі Жәнібек – қазақ елі аман тұрғанда арымайтын, уақыт өткен сайын ұлылана беретін арда тұлға, – деп толғанады Бердібек Сапарбаев.

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Д.Мыңбайға, Отырар ауданының әкімі Ш.Мырзахметовке Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы елшісі, зор ақынымыз Мұхтар Шаханов:

«Өзбекәлі Жәнібеков басынан бақайшығына дейін ұлттық рухпен тыныстаған, аса жауапты, мүмкіндігі шектеулі, ой-ауқымы сірескен атқамінерлік қызметтердің өзін де ұлт игілігіне бұрудың тамаша үлгісін көрсеткен және еліміздің қаһарман қаласы – Отырар топырағына терең тамыр жіберу бақытына ие болған осы өлкенің маңдайы жарқыраған арайлы перзент еді. Сондықтан да оның есімі күллі қазақ жамағатында еркеше құрметпен аталуға лайық.

Өзекең кесенесінің ашылуына қатысуым қажет-ақ еді. Бірақ 4-6 наурыз күндері Қазақстанның үкімет делегациясы Бішкекте қырғыз мемлекет басшыларымен келіссөз жүргізбек. Соған байланысты шыға алмайтыныма өкінемін.

Ағамның рухы Отырар аспанында оның мәңгі сөнбес жұлдыздары сапында жарқырай бергей», – деп жеделхатын жолдайды.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ

Біз биылғы наурызды Өзбекәлі Жәнібековсіз қарсы алғалы тұрмыз. Соңғы кездері әр жерден, әртүрлі баспасөзден «Қазақстанда Наурыз мерекесінің тойлауына мен ықпал етіп едім», «Наурыз мейрамының жалпыхалықтық мерекеге ұласуына үлес қосып едім» деген пікірлер де жиі естіліп, жиі жазылып қап жүр. Егер адалын айтсақ, әділіне тұрар болсақ, Наурыз мейрамының Қазақстанда тойлануына, тойланып қана қоймай наурыздың зерттелуіне, Наурыздың тағылымдық дәстүрлі ұлттық мерекеге айналуына ықпал еткен екі адам болса, соның бірі – Өзбекәлі Жәнібеков еді. Егер біреу болса – соның жалғыз өзі де осы Өзекең еді.

«Адамды сынағың келсе, қолына билік беріп сына» дейді халқымыз. Өзекең қолындағы билікті де ұлтымыздың өнерін өрістетуге жұмылдырды, ұлттық мәдениетімізді байытуға жұмсады және ғұмыры таусылғанша намазын бұзбай өлген Жанқожадай ұлттық өнеріміздің ертеңі үшін қам жеп кетті.

Біз бүгін сізді еске алып отырмыз, Өзеке. Өзіңіз қауыштырған Наурызды тойлауға кіріспес бұрын Сіздің ісіңізді, ерен еңбегіңізді, қызметіңізді еске алғанды парыз тұттық, – деп ұжымдық үн қатады «Қазақ әдебиеті» газеті.

20 наурыз 1998 жыл

АДАЛДЫҚ

Көшкенде келешекке дала, белмен,
Әртүрлі қиянатпен жала көрген
Халықпыз
Қолымыздан сусып түсіп,
Әр жерде асыл мүлкі қала берген.

Өзгеріп жапырағын үзеді күз,
Өзаға, өзіндік ой түзедіңіз.
Қапыда көш-керуеннен түсіп қалған
Мүлікті жисам деген сіз едіңіз.

Қазақ па шырқамаса көсілте өлең?
Мен-дағы сол казактың нәсіл-тегі ем.
Ән-жырмен әлдилесем деген Сізсіз,
Ұлтымыз ұстағанда басын төмен.

Барынша көкірегісіз ояу деп ек,
Барады қайдағы бір қаяу бөлеп.

Б. Адырбек

Ән салдырған жүректі кінәламай,
Ән салмайтын халықты аяу керек!

Уақыт айбарлы да, мұнды әлі шын,
Мұң көшіп жүректерге нұр дарысын.
Асулар, алыс жолдар ашық болғай
Халқына адал туған ұлдар үшін! – деп толғанады
қазақтың бағы таңдайына біткен ақыны Күләш Ахметова.

ҚАДІРЛІ БЕРДІБЕК МӘШБЕКҰЛЫ!

Көрнекті мемлекет қайраткері, белгілі ғалым – этнограф, мәдениетіміз бен өнеріміздің ұлы жоқшысы Өзбекәлі Жәнібекұлы Жәнібеков есімі исі қазаққа кеңінен мәлім. Қазақ мәдениеті мен өнерінің өркендеуіне қосқан ерекше үлесін, оның ішінде Сіз басқарып отырған облыстағы тарихи ескерткіштердің жарқын үлгісі болып саналатын Түркістан мен Отырардың топырағындағы ұлы сағана – мавзолейлердің қалпына келуіне, қазақ сәулет өнерінің кең тынысты келбетін танытуға аянбай тер төккен тұлғаның бейнесін мәңгі есте қалдыру мақсатында биылғы Мәдениет қолдау жылында, Түркістанның 1500 жылдық тойы қарсаңында облыс орталығы – Шымкент қаласы мен Түркістан қаласында орталық көшелерге, мектептерге Өзбекәлі Жәнібекұлының есімін беруді сұраған өтініш – тілектердің негізінде осы хатты жазып отырмыз. Өзбекәлі Жәнібекұлының мәдениетіміз бен өнерімізге сіңірген еңбегін құрмет тұтатын, оның танымдық-этнографиялық шығармаларын қадірлейтін жанашыр қауымның тілегін ескеретініңізге үлкен сеніммен қараймыз.

*Құрметпен, Қазақстан Жазушылар одағы
Басқармасының төрағасы Н.Оразалин*

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Ұлтымыздың ұйтқысы – Оңтүстік Қазақстанда дүниеге келіп, артында мәңгі мұра, өшпес із қалдырған көрнекті тарихшы, этнограф-ғалым мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков халықтық дәстүрден қуат алып, ұлтының ұлы махаббатын арқалаған рух сардары. Өзбекәлі ағамыздың елге белгілі, белгісіз азаматтық, қайраткерлік қасиеттерін, ұлтжандылығын, даналығын, көрегендігін үлгі-өнеге ету – ортақ борышымыз, азаматтық парызымыз.

Өзбекәлі Жәнібеков жайында бізге дейін де талай ғұламалар мен ғалымдар сөз сөйлеп, небір даналар мен кемеңгерлер бағасын беріп, ойларын айтқан.

«Өзекең өзіндік ізі бар, өзіндік ісі бар, өзіндік жігері бар, құрыштан сомданып құйылған батыр, ғалым, қайраткер, өнерпаз азамат ретінде қазақ тарихында есімі қатталды» деп жазған екен академик Манаш Қозыбаев.

«Ұлттық мемлекетіміздің қайтадан қалпына келтіріп, тәуелсіз даму жолына түсуіне де Өз – ағаның сіңірген еңбегі ерекше» – деп жазушы Әбіш Кекілбаев та тебіреніпті.

«Оның халыққа сіңірген ерекше еңбегін тізбелеп шығу үшін ғана үлкен кітап жазу керек. Ол киелі адам» – деп бағалапты Шерхан Мұртаза.

Десе дегендей-ақ, Отырардай қасиетті өңірде дүниеге келіп, әл-Фарабидей бабасын рухани ұстаз тұтып, ата-баба дәстүрімен сусындап өскен Өзекең өсе келе қазақтану ғылымының қара нарына, ұлт мақтанышына айналды. Ол қазақ халқының мәдениетінің, ана тілінің, дәстүр мен әдет-ғұрпының жаңарып дамуына өзінің орасан зор үлесін қосты. ХХ ғасырдың 70 жылдарының өзінде-ақ Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қалпына келтірілуіне ұйтқы болды. Ө.Жәнібековтің бастамасымен Қазақстанның көптеген қалаларында этнографиялық мұражайлар ашылды. Қазақтың тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтап, қалпына келтіру мақсатын

көздеген фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. Наурыз мейрамының, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов есімдерінің халқына қайта оралуына белсене атсалысты. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысты. 3 мәрте Енбек Қызыл Ту орденімен, көптеген медальдармен марапатталды.

Кешегі кеңестік дәуірдің түрлі зобалаң зорлықтарынан арыстарымызды арашалап алып шыққан азаматтардың бірі болды. Әдебиетімізге «Қазақтың ұлттық кол өнері», «Жаңғырық», «Уақыт керуені», «Жол айрықта», «Қазақ киімі», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы» сияқты кесек бітімді дүниелер берді. Автордың шығармалары кешегі комсомол, партия, кеңес қызметінде жүріп, өзі бастан кешкен, көріп білген жәйттерімен қоса, айналадағы әлеуметтік ортаға, ел тағдырына қатысты тарихпен, мұратанумен, елтанумен, сайып келгенде қазақтанумен, ұлттық мәдени-тарихи ескерткіштерді қорғаумен, әділет пен келешек қамы үшін күреспен ұштасып жататын.

Ол кісінің замандастарын тыңдаған сайын, тәуелсіз еліміздің тамырын тереңге тартқан тарихына үңілген сайын мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы, этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің адамдық қасиетпен астасқан азаматтық тұлғасы айбарлана асқақтай түседі.

Ия, дарияның суын қанша ішсең де тауыса алмайтын сияқты ұлт мақтанышына айналған Өзбекәлі Жәнібековтің елге еткен өлшеусіз еңбегін сарқа тауысып айта алмайсыз.

Мемлекеттік және қоғам қайраткері, этнограф ғалым Өзбекәлі Жәнібеков жайлы әлі де көп жазылар. Ол – уақыт еншісіндегі шаруа. Халқы үшін еңбек етіп, өнегелі ғұмыр кешкен даңқты тұлға туралы қолдарыңызға тиіп отырған, соны пікір, тұжырымды ойға тұнған осы кітаптан оқырман қауым алатын тағылым-тәлім аз болмаса керек!» – деп толғанды Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі, мемлекет және қоғам қайраткері Өмірзақ Шөкеев.

* * *

Жақында ғана Мемлекеттік хатшы кезінде Өзағаң өтпелі кезеңде алған зейнетақысын дәрісіне жеткізе алмай қиналған уақытта министрлікке «кенесші» қызметіне қабылдап, қолын ұзартқан, Қырымбек Көшербаевқа естелік жазып беруін сұрап хабарластық. Меселімізді қайтармады. Асылы, мемлекеттік хатшы жазып, жолдаған естелікке ден қою, – деп толғанды Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі, мемлекет және қоғам қайраткері Өмірзақ Шөкеев

ТАРИХТЫ ТҰЛҒАЛАР ЖАСАЙДЫ

Көпшіліктің көзінен кетсе де көңіл төрінен көшпейтін біртуар көшелі тұлғалар болады. Қазақтың қабырғалы перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков осындай тұғыры биік тұлғалардың қатарынан еді. Қайраткердің ұлт құндылықтарын түгендеп, зейінмен зерделеп, ұмытыла бастаған рухани қазынамызды қазаққа қайтарудағы ұшан-теңіз қызметін еске алғанда шын мәнінде тарихты тұлғалар жасайтынына тағы да көз жеткізгендей боласын.

Өзбекәлі ағамен алғаш кездескен сәтім әлі күнге дейін көз алдымда. Ол кісі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы болатын. Мен Орталық Комсомол комитеттегі бөлім меңгерушісі қызметін атқарамын. Қызметтік қажеттіліктерге байланысты біз Орталық комитеттің хатшысы Серік Дәрменбаев екеуміз жеке қабылдауында болдық. Партиялық басшымыз болған соң бастапқыда әңгіме жұмыс бабындағы тапсырмалардың орындалуы барысымен шектелетін шығар деп ойлағанбыз. Өзекең жайдары қалыппен қарсы алып, әңгіменің тиегін ә дегеннен салт-дәстүр, тарих, тіл төңірегінде ағытты. Жасыратыны жоқ, солтүстік өңірде өскендіктен әріптесім Серік қазақ тіліне шорқақтау болғандықтан ұлттық тақырыптағы әңгімеге дендеп арала-

суға онша ұмтыла қоймады. Сондықтан басшымыздың халықтық қазынаға қатысты барлық ой-пікірі мен байламдары маған қарата айтылып отырған сияқты. Үлкен хатшының өзі ақтарыла айтып отырған соң мен де көкейде көптен жүрген, «шіркін, іске асыра алсақ қой» деген ішкі ойларымды бүкпей, ашық жеткіздім. Дәлірек айтсам, тарихтың тереңінен тамырын үзбей келе жатқан рухани жауһарларымызды сақтап қалу, Қорқыт Ата, Қожа Ахмет Ясауи мұраларын жас ұрпаққа жеткізуге байланысты ұсыныстарымды ортаға салып, ой бөлістім. Дәулескер күйші Қазанғалтың кіндік қаны тамған Құланды ауылым екенін, Сыр дүлдүлдері Нұртуған, Тұрмағамбет, Дүр Оңғарлардың шығармаларынан хабардарлығымды естігенде Өзекеңнің өңінде көктемнің шуағындай жылылық пайда болды. Әсіресе, осынау орасан зор құндылықтарымызды шашпай-төкпей болашаққа жеткізуде мандай терін төккен ұлт қайраткерлері Ілияс Омаров пен Темірбек Жүргеновтің ерлікке барабар еңбектерін еске алып, тарихи тұлға Темірбек Жүргенов менің нағашым болып келетінін айтқанымда ол кісінің ерекше ризашылық кейіп танытқаны әлі есімде. Қоштасарда қолымды қысып, «хабарласып тұр» деді. Бір жылдан кейін мен Орталық партия комитетінің ұсынуымен Мәскеудегі Қоғамдық ғылымдар академиясына оқуға қабылдандым да, Өзбекәлі ағаға кіріп, мән-жайды баяндап, батасын алып, сол кездегі Кеңестер Одағының астанасына аттанып кеттім.

Кейін елге келген соң тәуелсіздіктің елең-алаң кезеңінде әлеуметтік салалардың басын қосқан Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі лауазымын атқаруға кірістім. Елбасының шешімімен Алатаудан Арқаға бет түзеген ұлы көштің алдыңғы легі Ақмолаға жайғасып үлгерген кез. Біздің министрлік жұртшылықпен тікелей жұмыс істейтіндіктен ел басшылығы бізден бұрын көшкен мемлекеттік органдар толық орнығып болғанша Алматыда қала тұруымыз қажет деген ұйғарым жасады. Сол уақыттарда Алматы-

да тұратын Өзбекәлі ағамен өзара байланысымыз бұрынғыдан да беки түсті. Екі-үш рет шаңырағында болып, Халиқан апайдың қолынан дәм татып, Өзекеңмен ұлт мәдениетінің келешегі туралы кеңестік. Осындай бір кездесуде анықтап білсем, Өзбекәлі ағамыздың зейнетақысы болмашы ғана екен. Бұндай қаражат елдің төрі Алматыдай үлкен қалада азық ететіні белгілі, әрі ел таныған азамат болғандықтан ағамыздың үйіне келімді-кетімді кісілері бас сұғып тұратыны да шындық. Сондықтан, ағамызға тілегімді жеткізіп, өзіме кеңесші болуды сұрадым. Соның арқасында ол кісінің руханият саласындағы мол тәжірибесі отандық мәдениет саласын одан әрі ілгерілетуге ықпалын тигізсе, маңдай терімен тапқан еңбекақысы аз уақыт болса да отбасын материалдық жағынан қолдауға септескен еді.

Бір күні жұмыс телефоныма Өзбекәлі ағаның үйіндегі Халиқан апай хабарласты.

– Ағаң ауруханада жатыр. Өзіңмен жеке кездесіп, айтқысы келетін ой-тілегі бар сияқты, – деді.

Шұғыл жиналып, ауруханаға жеттім. Ағамыздың өңі солыңқырап, біраз азып қалған екен. Даусы бәсең шығады. Ақырын ғана әңгімесін бастады.

– Байқаймын, менің уақытым да таяп қалған сияқты. Жөн-жосықты жақсы білетін ел басқарып жүрген азаматтардың бірі ретінде өзіңе айтар аманатым бар еді, – деп бастады әңгімесін ағамыз. Ертең алай-бұлай боп кетсем, мені актық сапарға аттандыру жайын Президент сенімен ақылдасады деп ойлаймын. Менің саған айтарым, оңтүстіктегі әйгілі Арыстанбаб кесенесі тұрған жерде үлкен қорым бар. Сол қорымда менің ата-бабаларым жатыр. Өмірден озған соң мені сол бейітке жерлеулеріңді сұраймын, – деді.

Бір кезде сырқаттың себебінен күш-қуаты азая бастаған қолын маған ұсынып тұрып, өтініш айтқан кейіппен, «аманатымды орындайсың ба?», деді сұраулы жүзбен. Мен қазақтың қазыналы қайраткерін мәңгілік сапарға қимай тұрсам да,

ойымды жинақтап, «міндетті түрде орындаймын, аға» дедім уәдемді беріп.

Талқаны таусыларын өзі сезгендей-ақ бір жетіден кейін ұлтымыздың рухани тіректерінің бірі, зияткер тұлға Өзбекәлі Жәнібеков бақилық болды. Қаралы хабар жеткен бойда Елбасына Өзағаның ауруханада айтқан ақтық аманатын жеткіздім. Елбасы мемлекет, руханият қайраткерінің соңғы аманатын орындау қажеттігін айтып, әуелі Алматыда қаралы жиын өткізіп, зиялы қауыммен бірге шығарып салуды тапсырды. Ертеңінде Алматыда Мұхтар Әуезов атындағы қазақ драма театрының алдында қаралы жиынды өткіздік. Сөйтіп, саналы ғұмырын ұлт рухын, мәдениетін өркендетуге арнаған өрелі қайраткерді аяулы Алматыдан соңғы рет шығарып салу міндеті пешенеме бұйырыпты.

Ұлтымыздың өткені мен бүгінін өзектестіре қарайтын болсақ, Кеңестер Одағының қылышынан қан тамып тұрған қытымыр кезеңінде ұлт руханияты үшін қыруар іс атқарған дара тұлғалар Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібековтің өмірлері бүгінгі өскелең ұрпақ үшін үлгі-өнеге болуы тиіс. Аталған біртуар тұлғалар қазақ халқының дүние дидарында сақталып қалуы жолында қалтқысыз қызмет етті, қолдарынан келген бар қажыр-қайратын аяған жоқ. Осы асыл тұлғалардың асқақ мұраттарын тәуелсіздік жылдарында Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жалғастырып келе жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы лайықты іске асырылып жатқаны көңілге қуаныш ұялатады. Тіпті, бүгінгі таңда рухани жаңғырудың сатылап ұлттық жаңғыруға ұласып жатқаны өршіл тұлға Өзбекәлі Жәнібеков аңсаған арманның шын мәнінде жүзеге асқаны деп бағалауымыз керек!»

Қырымбек Кошербаев,

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік хатшысы



ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКТИҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

ЕҢБЕК ЕТТІ ЕРІНБЕЙ...

Тарихты қоғамдық өмір дамуының айнасы дейтін болсақ, бүгінгі тарихтың бастауы кешегі тарихтың тамырымен тығыз байланыста жатыр. «Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтағанұлы тұлғалармен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» (Н.Назарбаев). Айтылған ойды түйіндеп, ұлт тарихын, мәдениетін дамытуға күш-жігерін, білім-парасатын арнаған тұлғалар өмірін зерттеудің бүгінгі таңда теориялық және практикалық маңызы зор десек, XX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының тарихын, мәдениетін қайта түлетіп, елі үшін аянбай еңбек еткен тұлғалардың бірі – Өзбекәлі Жәнібек. Саналы ғұмырын қазақтың ұлттық тарихын дамыту, мәдениетін жаңғырту ісіне арнаған Ө.Жәнібек белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбайұлының сөзімен айтқанда «рух сардарына» айналған тұлға. Өзбекәлі Жәнібек, ең бастысы, өзінің қайраткерлігін де, тарихшы ретінде ізденістерін де уақыттық шектелушілікке ұшырамай, тарихты ұлттың басты кітабы ретінде түсініп, бүгінін таразылағанда оның кем-кетігін толтырып, ертенгі ұрпақтың қолына қасиетті дүниеге айналдырып, қастерлеп ұсынды. Ол мемлекеттік қызметте жүріп-ақ саяси сауаттылық, азаматтық позициясының айқын-

эсерлі биі, күйі, ғасырлар тереңінен бастау алатын салты бар екендігін айтты, айтып қана қоймады, дәлелдеді, дәлелдеп қана қоймады, оның ұмытыла бастаған көмескі беттерін қалпына келтірді, өзіндік пайымдаумен байыта түсті» – деп жазады академик М.Қозыбаев. Ө.Жәнібектің ғылыми мұрасы жайлы. Тарихи жәдігерлік – ұлтты сақтайтын мәдениет үлгісі дейтін болсақ, Өзбекәлі Жәнібек ұлттық этномәдениетті зерттеу, оның айшықты үлгілерін өмірге, өндіріске, тұтынуға енгізу арқылы оны жойылып, құрып кетуден сақтады. Сақтау арқылы қазақ ұлтының белгісіздену, бедерсіздену, жұтылуынан қорғады.

Ө.Жәнібектің тарихи-этнографиялық зерттеулері жайлы мақалалар ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап жарық көре бастады. Х.Арғынбаев «Ел ебелек емес» деген мақаласында Ө.Жәнібектің «Уақыт керуені» атты кітабы жайлы: «Уақыт керуені» өнер ұғымдары мен терминологияны ана тілімізде арналау жөнінде өзгеше бір бітімді көрінеді. Бұл кітапта жүйелі түрде тұрақты қолданатын «жұмбаз», «ғарыштабы», «мұрақ», «кебенек», «тұскесте», «ілмекесте», т.б. танымдық мәні терең атаулар қазақ өнерінің төл терминдері десе де болады. Оларды сөз орайына, мән-мағынасына қарай талдап, түсіндіріп отырады. Бұл – ыждаһаттылықты керек етумен бірге көп біліп, көп зерттеуден барып қорытылатын күрделі бағыт» – деп жазса, «Жолайырықта» аталатын еңбегіне жазған алғысөзінде ол «баспананың жылжымалы және тұрақты түрлерінен көрінетін халық сәулеткерлігінің ерекшеліктерін, заңдылықтарын ұғынудың өзі бар өмірі дала жағдайымен тікелей байланысты ауыл адамдарының, жыл өткен сайын мендеп бара жатқан құрылыстағы біркелкіліктің кіріптары болып алған қала тұрғындарының мекенжай салу ісінде қияттылық көрсете білуіне көмектесетіні даусыз» – деп жоғары бағалайды. Бұл мақалалар Ө.Жәнібек мұрасының ғылыми тұрғыда өрбуіне негіз салып берді.

Өзбекәлі Жәнібектің өмірі мен қайраткерлігі көркем шығармаға да арқау болып, жазушы Қалаубек Тұрсынқұлов Өзбекәлі өмірінен «Қал қалай, жолдас хатшы» атты повесть жазды. Онда жазушы Өзбекәлі Жәнібекті прототип етіп алып, Қырғызәлі Әжібековтей кейіпкерді сәтті тұлғалады. Аталған повесть әрдәйім қайта басылым көріп келеді.

Кезінде қызметтес болған үзеңгілес досы Камал Смайылов «Жолданбаған 27 хат» атты кітабындағы алғашқы – «Саясат және парасат» аталатын хатын қайраткер Өзбекәлі Жәнібекке арнады. Онда «партия басшылығына саясат пен парасат басымы ауысып, екеуін бір қолда ұстайтын идеология жөніндегі хатшылар болатын, сондықтан бірінші басшылармен қатар солар жүретін. Сталиннің идеологы А.Жданов саясатқа парасатты жеңдірген басшы болды. М.Сулов та саясаттың мүддесін алға қойып, парасатты соған бағындырды. Л.Ильичев парасатқа саясатты илкітірмеуге әрекет жасады... Ал Өзеке, Сіз өз халқыңыз, өз ұлтыңыз мәдениетінің мәртебесі үшін еңбек еттіңіз»деп жазды.Өзбекәлітану мәселесінің терең зерттелуінің жаңа кезеңі қайраткер ғалым өмірден өткеннен кейін барып қалыптаса бастады. 1998 жылы 24 ақпанда «Егемен Қазақстан» газеті Ө.Жәнібектің қазасына байланысты берілген мұнақыпта(қазанама) ресми билік «Өзбекәлі Жәнібеков Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі жарқын да айрықша тұлға болды.Оның белсене қатысуымен күрделі өтпелі кезеңде өзіндік ерекшелікке бай ұлттық мәдениеттің дәуірлеуі мен дамуының негізгі бағыттары, ұлт және тіл саясатының,ұлтаралық келісім мен азаматтық түсінікті нығайтудың принципті қағидалары талдап жасалынды. Ол бұрынғы қайраткерлерге қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің,Қазақстан тарихындағы ақтаңдақтарды жоюдың бастамашыларының бірі, халықтық дәстүрлерді түлетіп, қоғам өмірінде жоғары руханият пен адамгершілікті орнықтырудың жақтаушысы болды» деп баға берсе, зиялы қауым өкілдерінен Ә.Кекілбаев: «Санаулы ғұмырында санап

тауыса алмас көп іс бітірді», Ш.Мұртаза: «Ө.Жәнібеков бүкіл саналы өмірінде қазақ халқының дүниежүзілік цивилизацияға қосқан үлесін дәлелдеумен өтті», М.Қозыбаев: «Өзбекәлі Жәнібековтің есімі халқымен бірге жасар мәңгілік сапары басталды», М.Әліұлы: «Дәуір дара тұлғасымен коштасып жатыр», Р.Бердібай: «Көтерген мәселелерінің күрделілігімен, ұлт мұратына фидайы адалдығымен ол ХХ ғасырдағы қазақ ойшылдарының алғы легіне шықты», Н.Оразалин: «Өз биігін өзі жасаған, өз болашағын өзі қашаған Өз-ағаңның ұлағатты толғамдары мен ой-парасаты ұлт санасын шұрайландыра түсері, нұрландыра берері шүбәсіз», кезіндегі республикалық комсомол ұйымының жетекшілері С.Кенжебаев, Қ.Сұлтанов, С.Әбдірахманов, И.Тасмағамбетов: «ол өз Отанының шын патриоты болды, қазақ халқының тарихы, мәдениеті, әдебиеті мен өнері жөніндегі энциклопедиялық білімі бар болатын» – деп жазды. Ө.Жәнібектің өмірден озғанына бір жыл толуына орай 1999 жылы «Арыс» баспасынан «Өзбекәлі Жәнібек» деген атпен естелік кітабы шықты. Естелік кітап екі бөлімнен тұрады. Кітаптың бірінші бөлімінде «Алды-артымақарайлап өмір кештім» деген атпен Өзбекәлі Жәнібектің бұрын баспа бетін көрмеген мемуарлық (естелік) қолжазба мұрасы жарияланған. «Әулиедей ұлы-нелейді ел» аталатын екінші бөліміне көп жылдар қайсар қайраткермен қызметтес болған жандардың, дәмдес, сырлас замандастарының естеліктері топтастырылған. Осында жарияланған естеліктердің ішінен Ө.Жәнібектің азаматтық болмысы мен қоғамдық, саяси, мемлекеттік қызметінің әр қырынан құнды мәліметтер беретін естеліктер қатарында Б.Әшімовтің, М.Есенәлиевтің, Қ.Тұрысовтың, М.Жолдасбековтің, К.Смайыловтың, Ш.Елеукеновтің, т.б. мақалаларды ерекше атауға болады.

2006 жылы Өзбекәлі Жәнібектің туғанына жетпіс бес жыл толуына байланысты Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімшілігі мен Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік

университеті бірлесіп ғылыми-теориялық конференция өткізді. Конференция материалдары Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің «Тұран» баспасынан «Рух сардары» деген атпен жарық көрді. Кітапқа ұлттық рухты ту етіп ұстап өткен қайраткермен қызметтес болған, замандас, қаламдас, санаттас адамдардың естеліктері және оның өмірі мен қайраткерлігі, рухани һәм кісілік мұрасы жайында мақала, зерттеулер топтастырылған. Кітап «Дүйім жұрт болып іздейтін дүлдүл», «Ел мәдениетін іздеумен өткен еңсегейіміз», «Рух сардары» аталатын үш бөлімнен тұрады. Бұл жинақта Ө.Жәнібектің балалық шағы, комсомол жетекшісі, Торғай өңіріндегі қызметі, тарихи ескерткіштерді қорғау, музей ісін жолға қою, қазақ тіліне мемлекеттік статус беру, Алаш зиялыларын ақтау, зейнетке шыққаннан кейінгі өмірі жайлы мақалалар ғалым қайраткер жайлы жан-жақты мағлұмат береді. Жинаққа Ө.Жәнібекке арналған поэзиялық туындылар да кірген.

Ұзақ жылдар аралас-құралас ғұмыр кешкен жазушы Еркінбай Әкімқұлұлының «Өзбекәлі Жәнібеков» аталатын деректі кітабы 2006 жылы «Қазақстан» баспасынан «Ғибратты ғұмыр» сериясы бойынша жарық көрді. Бұл еңбек хрестоматиялық бағытта жазылған. Онда Ө.Жәнібектің «Тағдыр тағылымы» атты екі кітаптан тұратын мемуарлық еңбегі мен 1999 жылы жарық көрген «Өзбекәлі Жәнібек» атты естелік кітабынан үзінділер берілген. Арасында мұрағат құжаттары мен жазып алынған естеліктер де, автордың өз пікірі де кездеседі.

Академик М.Қозыбаев «Өзбекәлі хақында» аталатын мақаласында Ө.Жәнібектің «ерте заманадан біздің заманаға жеткен жерлеу салтын біраз зерттеді. ...Қазақтың кілем, алаша тоқу, киіз басу, ыдыс-аяқ, абдыра, сандық жасау, жылқы әбзелдерін, саймандарын жасаудағы әр елдің ерекшелігін зерттеуге жаны құмар еді. Оның болмысына зерттеушілік, ізденушілік туа біткен жан еді» – деп жазып, оның тарихшы

ретінде жазған зерттеулеріне тоқталып, жан-жақты баға береді.

Тарих ғылымдарының кандидаты Н.Әбілдаев пен А.Серімнің «Ө.Жәнібектің этнологиялық ғылыми еңбектерінде шаруашылық түрлері мен материалдық мәдениет үлгілерінің зерттелуі» атты мақаласында Ө.Жәнібектің қазақтың дәстүрлі шаруашылық түрлері мен материалдық мәдениеті жөнінде жазған ғылыми еңбектеріне қысқаша тоқталып, отырықшы мәдениет, үй кәсіпшілігі мен қолөнер, ою-өрнек, ұлттық киім жайлы пікірлері талданады.

Өмірі мен қызметін туған халқының мүддесіне арнаған, қатардағы қарапайым мұғалімнен еңбекқорлығы мен табандылығы, білімділігі, қабілеті, зерделілігі арқасында комсомол, партия, мәдениет қайраткері, дарынғы ғалым болып ғұмыр кешкен Ө.Жәнібек халқымыздың біртума, қайталанбас перзенті. Ол көп ойларын жүзеге асыруға мүмкіндігі жоқ кезеңдерде де халқының рухани өсуіне, мәдени мұраның қайта жандануына елеулі еңбек сіңірді, туған халқының алдындағы парызын адал атқарды. Ұлт мұратын асқақтатқан, мансапқа құбылмаған, Ар мен Намыс туын биік ұстаған қайраткер ғалым өмірі жастарға өнеге болса, жазып кеткен еңбектері еліміздің тарихына, мәдениетіне қалтқысыз қызмет етеді деп ойлаймыз.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Халқымыздың ұлттық мәдениетінің сирек дәстүр, нышандарын аса зор ден қоя зерттеген, сол жолда мол ғылыми мұра қалдырған тарихшыларымыздың бірі – Өзбекәлі Жәнібек. Оның «Қазақ қолөнерінің мәдениеті», «Жаңғырық... Алтын домбыра жайлы аңыздың ізімен», «Уақыт керуені», «Қазақ киімі», «Жолайырықта» атты кітаптары қазақ материалдық мәдениетін ғылыми жағынан дәйектеп, бұрын-соңды

шашырап жүрген ой-пікірлерді өз пайымдауларымен ұштастырып, зерттеу арнасына бұрады. Аталған еңбектер көне дәуірлерден бастап бүгінге дейінгі тарих, этномәдениет мәселелерін қамтиды. Уақыттық жағынан мейлінше ауқымды. Ол – ауқымдылық қамтыған уақыты жөнінен ғалым ой-танымының кеңдігінде. Өйткені, кез-келген халықтың түрлі кезеңдегі мәдениетін түсіну үшін сол кезеңнің тілін, ділін түсіну, жүрекпен сол кезеңге кірігу керек.

Ө.Жәнібектің зерттеу еңбектері өміріміздің қай саласын қамтыса да егжей-тегжейлі зерттеумен, кәсіби игеруімен ерекшеленеді. Алғашқы еңбектерінде тарих, этнография мәселелерін жалпы алып, оны идеологиялық құрал ретінде насихаттау бағытында жалпылама жазды. Кейін келе Өзбекәлі Жәнібек өз еңбектеріндегі бұл кемшілікті жойды, қандай мәселені қолға алса – оған зейіндей, терендей ден қойды. Оның ұлттық қолөнерді зерттеудегі және бір ерекшелігі – ол тапқан – таянған, ашқан-айтқан жаңалығын өндіріске енгізе білді. Өзі бұл туралы «Қазақтың дәстүрлі өнерін тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеу» жөнінде КСРО ҒА арнайы кеңесінде жасаған баяндамасында былай дейді: «... қазақтардың дәстүрлі өнері біртіндеп жойылып бара жатқан дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет түріне жатады. Сондықтан жүйелі түрде хронологиялық сипатта дәуір, мәдениет, дәстүрлердің өзара байланысын сақтай отырып, кеңістіктегі орнын анықтап, асыл мұраларымызды әлеуметтік даму жолындағы халқымыздың болашағына жаратуымыз қажет».

Әрбір ұлтты өзге ұлттан ерекшелейтін, тарих арнасына халық ретінде алып шығатын дүние – оның ұлттық өнері. Ұлттық өнері болмайтын ұлт болмайды. Әрбір ұлттың ұлттық өнері – оның тарихымен, тарихи дүниетанымымен тығыз байланысты, себебі халық күнделікті өмірде қолданып отырған заттарынан қажеттілікпен бірге рухани жағынан да өз керегін алды. Себебі ол заттар ұлттың еңбек мәдениетінен және тұрмыстың табиғатпен байланысынан пайда болады.

Өзбекәлі Жәнібек назар аударып, арнайы зерттеген мәселенің бірі – қазақ халқының материалдық мәдениеті. Оның бұл саладағы зерттеулерінен ұлт тарихы, дүниетанымы, тұрмыстық қолдану аясы, тілдік ерекшелігі сабақтас қаралады. Қазақ қауымындағы товарлы-ақша қатынасының жалпы деңгейінің төмен, халықтың басым көпшілігінің көшпелі немесе жартылай отырықшы болуы тұрақты өндірістік база талаптарына сәйкес кәсіп түрлерінің дамуына мүмкіндік бермеді. Қазақтар арасында керамика, фарфор, мата тоқу және т.б. бұйымдар дайындайтын кәсіптің жоқтығы осыған байланысты. Осы мәселеге терең үңілген ғалым «көшпелі өмір салтымен тарихи байланыста болған киіз басу, ши орау, тері ұқсату, өрмек тоқу сияқты қазақтар арасына кең тараған кәсіптер, сірә, тым ерте заманда қалыптасса керек» – деп жазады. Ғалым еңбектерінде «жұмбаз», «ғарыштабы», «мұрақ», «кебенек», «түскесте», «ілмекесте» сияқты бірқатар танымдық мәні терең ұлттық қолөнерді айшықтайтын терминдерді қолданысқа енгізді. Бұл жайлы этнограф-ғалым Х.Арғынбаев: «...бұл ыждахаттылықты керек етумен бірге көп біліп, көп зерттеуден барып қорытылатын күрделі бағыт. Әрі ғылыми терминологиясы біржола қалыптасып кете қоймаған қазақ өнертану ғылымы үшін тиімді үрдіс» – деп баға береді.

Ө.Жәнібектің қазақ елінің көшпелі және отырықшы тұрмысы жайлы ойлары да көңіл аударарлық. «Қазақта көшіп-қонудың тарихта белгілі «Көлденең бағыттағы», «Тіке бағыттағы» және «Тұрақты» үш түрінің бәрі болған. Олар ең алдымен жылжымалы шаруашылықтағы малдың құрамымен, көшпелі қауым өмір сүрген табиғи-климаттық жағдайларға байланысты болған. Көшпелілердің жас малды, әлсіреген малды бағатын оқшау жайылымдары да болған. Оларды қорық немесе қой бөлік деп атаған. Қыста мал ұстайтын келтеқыстау, жалғанқора деп аталатын қоныстары да болған» – деп мал шаруашылығына қатысты тың

ерекшеліктерді алға тартып, дәлелдік негіздер берсе, қазақ халқындағы диқаншылық мәдениетіне де тоқталып, ел аузындағы ескі терминдерді қолдана отырып, жаңғыртады: «...Қазақстанның оңтүстігіндегі халықтың едәуір бөлігі диқаншылықты мал өсірумен ұштастыра жүргізу тәсілін жалғастыра берген. Әдетте, Сырдария жылына бірнеше рет таситын. Тайлақтасу, шұлғаутасу, құлтасу, т.б аттармен белгілі су тасқындары өзен суын 15-20, тіптен онан да көп шақырымға шайып әкететін. Осы тасқын суды өзен арасына қайтып құйылмас үшін алдын тоғандап, жағалаудағы көлдерді толтырған қазақ диқандары оны толып жатқан арықтар арқылы егістікке тартатын. Кішігірім өзендері, сай-саланы бекітіп, талшыбықпен орап таңылған әр түрлі шөп, шым, буындысы – қарабуралар пайдаланылған». Ө.Жәнібек зерттеулерін халқымыздың тұрмыс ерекшелігін, рухани тынысын ұлттық тұрғыдан сараптап, салыстырып, оның ешбір ұлтқа ұқсамайтын даралығын білдірумен бірге, оның пайда болу, даму заңдылықтарына арнайды. Сол арқылы халықпен бірге жаратылып, бірге толысқан өзгеше бітімді, дара құбылыс ретінде аса бай, дәстүрі терең эстетикалық әлеммен таныстырады. Үй-жай құрылысынан бастап тұрмыс-тіршілікте қолданылатын бұйым мен ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр сипаттарынан ғалым, ең алдымен, ұлттық таным заңдылықтарын, рухани дүние ерекшеліктерін көреді. Ө.Жәнібек ғылыми зерттеулерінде көлөнердің кілем тоқу өнеріне ерекше тоқталады: «Бізде қалыптасқан кәсіпшіліктің шоқтығынан сайалатыны – кілем тоқу. Қазақ кілеміне тән ерекшелік оның шаршысында міндетті түрде сызықша – «сумен» ажыратылатын қорған-қоршауы, этнографиялық әдебиетте «көл» деген атпен белгілі орталық алаңында қатарластыра орналастырылатын, мазмұнынан ою-өрнектің тікесызықты немесе нәубетаты сарыны көрінетін табақшаларының болатыны. Оларды Сарыарқада «түр», Сыр бойында «күмбез», «төбе», Оңтүстік Қазақстанда «табақ», «жұлдыз»,

Жетісуда «ою» деп атаған. Көп уақыт алатын, күрделі еңбекті қажет ететін, жалғыз әйелдің қолынан келмейтін түкті кілем тоқу негізінен Сыр бойында, Оңтүстік Қазақстанда, Жетісуда кең тараған. Бұл осы аймақтарда тұратындардың едәуір бөлігінің отырықшы немесе жартылай отырықшы болғандығымен тікелей байланысты. Ө.Жәнібектің пікірі бойынша, кілем тоқу ісінің өркен жаюына, әсіресе Иранмен, Шығыс Түркістанмен сауда қарым-қатынасы тікелей әсер еткен. Мұндай пікір айтуға қазақта түрікпендердегі секілді қалы кілемнің болуы негіз бола алады. Қалы кілем қазақ халқында түкті кілемдердің ішінде бұрын неғұрлым кеңірек тараған түрі болғаны даусыз. Оның қалыптасқан дәстүр бойынша көп қатарлы қоршауы, қатар-қатар орналастырылған табақшалары болған. Сый ретінде мықтыларға тартылған, айыпты болғандар қалы кілем ұсынып, кешірім сұрайтын болған. Кілемнің бұл нұсқасы той-томағада бас жұлде ретінде де белгілі. Кейінірек «шаршысының жолағында қоршауы бар, жоғары сапалы түкті кілемдердің барлығы дерлік қалы кілем деп атала бастаған. Сөйтіп, бірте-бірте «қалы кілем» деген түсінік «түкті кілеммен» алмасқан». Ө.Жәнібек кілем тоқу өнерінің қазақ халқы күнкөріс көзі болмағанын жазады. «Бұрын Қазақстанда кілем тоқудың нарыққа қызмет еткен орталығы дәрежесіне көтерілген бірде-бір аудан болмаған. Түркістанда және оның маңында тұратын елдің бірігіп артель құруға тырмысқан әрекетінен де нәтиже шықпаған. Товарлы-ақша қатынастарының қарыштап дами алмағандығынан тоқылған кілем тек қысылғанда ғана базарға шығарылатын болған. Осы жағдай бізге бұл кәсіпшіліктің бірден-бір тарихи орталығы болған жерді бөліп көрсетуге әзірше мүмкіндік бермейді». Ө.Жәнібек кілемге қатысты үй жиһаздарының қатарына киіз үйдің күмбезінің төменгі жағына тұтуға арналған, сұлбасы ақ жүннен, мақтадан тоқылып, оған таңғажайып көрік беріп тұратын түкті кілемдегідей өрнектер берілетін ақбасқұрды, сол сияқты кере-

ге мен уықтың қиылыскан жеріне тұтылатын «қошқарат», «шынжара» өрнектерінің сарынымен алаша іспетті тоқылатын терме басқұрды жатқызады. Олардың ұзындығы сегіз метрден он бес метрге дейін (киіз үйдің көлеміне қарай), ені 30-40 сантиметрге дейін болған. «Қазақы кілем заттық мәдениет жетістіктерінің ішінде осы уақытқа дейін жөнді зерттелмегені. Ол жайында жазылған ғылыми еңбектер де шамалы. Шығарылған альбом да жоқ. Республикада кілем музейін құрамыз деген бастаманың да аяқсыз қалғаны қынжыларлық. Ал, ары қарай не боларын болашақ көрсете жатар» – деп жазады Ө.Жәнібек ұлттық өнердің кілем сияқты саласы туралы.

Қазақ ою-өрнегінің көркем ойдың және оның икемді баламасы – түрдің ғасырлар бойы белгілі бір тәртіппен дамып келгеніне байланысты өзіндігі мен өзгешеліктерін сақтап, бізге жеткені мәлім. Онда елдің тектестік жағынан қалыптасу кезеңіне меңзейтін жайттар да жоқ емес. Мысалы, көне түркілердің түсінігі бойынша құс – көктің, балық – судың, ағаш – жердің символы болған екен. Ал, олардың «қазақ ою-өрнегінің мақлұқаты, нәубетаты, ғарыштаты, тікесызықты, нышандық, танымдық, т.б. сарындарының мазмұнын байыта түскені белгілі» Ұлтымыздың қолөнерінен ғасырлар бойы сұлу ойдың, жүйрік қиялдық шығармашылық жемісі ою-өрнектің қоғам талғамымен тікелей сәйкестікте дамитындығын зерттеп, ғылыми дәлелдеген ғалымдардың бірі – Ө.Жәнібек. Оның ою-өрнек жайлы жазғандары танымдық жағынан да, зерттеушілік зерделілігі жөнінен де өте құнды. «Қазақ оюының өзіне тән жүйесін қалыптастыруға айналадағы ортадан алынған, киелі, ғұрыптық белгілермен біте қайнасып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген заттар мен құбылыстар себеп болған. Олардан мақұлұқаты, ғарыштаты, нәубетаты, тікесызықты сарындарға негізделген әуендер кездеседі. Бір қызығы – өрнектің бізге белгілі әдістермен айқындауға көне бермейтіндігі. Мысалға алсақ, оның қайсы-

біреулері тікесызықты өрнектер болып көрінгенімен шын мәнінде оюдың мақұлұқаты түріне жатады. Ал кейбіреулері мақұлұқаты тектес болып келгенімен ғарыштаты немесе нәубетаты әуеніне жататын өрнектер болып шыға келеді. Мұның өзі ою-өрнектің тұтастық заңына бағына отыра бірін-бірі толықтырып, бір-бірімен қатаң байланыста болатындығын көрсетеді» – деп жазады Ө.Жәнібек қазақ оюының жүйесі туралы. Ө.Жәнібектің пікірінше, қазақ ою-өрнегінде әсіресе оның мақұлұқаты сарынындағылары мол тараған. Бұл түріне қарай немқұрайды аттастыра салынған «қошқар мүйіз» деген атпен белгілі доға мен оның әр түрлі көріністеріне – мүйізкос мүйіз, сынық мүйіз, қыңыр мүйіз, сол сияқты жануарлардың (түйе табан, өркеш), құстардың (құс қанат, қаз мойын), мақұлықтардың (өрмекші) жекелеген мүшелеріне немесе өздеріне ұқсас келеді. Бұдан шығатын қорытынды – «қошқардың мүйізі де, түйенің табаны да, құстың қанаты да, тіптен кене заманнан белгілі өрмекші де бір кезде киелі белгілер болған. Олардың үй жиһаздарында, алаша-кілемдерде, әр түрлі бұйымдарда кездесе беретіні бізді осындай ойға жетелейді». Қазақтың ою-өрнегі өзінше пайымдауға бейім, бір түрден екінші түрге оңай ауысып отыратын. Сондықтан халық шеберлері ою-өрнектегі тепе-теңдікті қолтума өнердің түр-түріне пайдалануда қалыптасқан айқындықты қатаң сақтап, мінсіздікке жеткен. Өкінішке орай, «қазіргі сәулеткерлер мен дизайнерлер, тоқымашылар мен тігіншілер, қолөнершілер мен модельерлер оған жеңіл-желпі қарайтын болып алған. Үйлесімі келсін-келмесін «қошқар мүйізінің» – құрлыстан, киім-кешектен, тіке сызықты өрнектердің – ыдыс-аяқтан, ғарыштаты әуендерінің – текеметтен, түскестеден көріне салатыны міне осыдан. Мұнда да бір жүйе керек сияқты» – деп жазады Ө.Жәнібек мұндай жүйесіздік жайлы.

Қазақ халқында ағаш ою ісі де өзінше ерекшеленеді. Қолөнердің бұл саласы жайлы Ө.Жәнібек былай деп жазады:

«...ағаш ою негізінен тайпақы, көлемді, теспелі болып келетін де мәнерлі бояумен толықтырылатын. Бұрын босаға-есік, шаңырақ, кереге-уық, кебеже, әбдіре, төсек ағаш, жастық ағаш, асадал, әуездік аспаптар, тегене, ожау, саптыаяқ, тостаған, күбі, т.б. үй бұйымдары ағаштан шабылғандықтан сан алуан өрнектермен, мәнерлі бояумен безендірілетін». Осы орайда, қазақ халқына тән ағаштағы ою-өрнектер көрші қырғыз халқында да кездесетінін айтып өту орынды. Мысалы қырғыз зерттеушісі О.Ә.Қапалбаевтың зерттеуіне қарағанда, оларда: «Ағашқа түсірілген оюларды үш топқа бөліп қарауға болады:

1. жануарларды, қанатты құстарды, жаратылыс құбылыстарын елестететін ою түрлері;
2. халықтың ой-қиялынан жаралған ою түрлері;
3. қала оюлары, бір немесе бірнеше оюлардың комплексті түсірілуі және бір немесе бірнеше елдің мәдени үлгілерінен алынған түрлері».

Ө.Жәнібек ағаштан жасалған бұйымның эталоны ретінде 1972 жылы Торғай облысының Жанкелдин ауданынан облыстық музей қорына алынған, шамамен XIX ғасырдың аяғында жасалған төсекағаш пен асадалды суреттеп жазады: «төсекағашта көлемді де (бас-аяқ жақтары, бағаналары), тайпақы да (қанасы), теспелі де (әшекейлі бөліктер) өрнектер кездеседі. Оның қанасында жапырақ, беде, шиыршық бейнеленген де мәнерлі бояумен толықтырылған. Осы бір аты-жөні белгісіз шебердің қолынан шыққан құрастырмалы асадалдың әбдіредегі сияқты тұтқасы бар. Ол кошіп қонған кезде асадалды екіге ажыратып, көлікке немесе арбаға тиеуге ыңғайластырылған. Асадалдың үстіңгі жағындағы айқара ашылатын есігіндегі ою желісінен күн шуағына малынып, гүл шоғы көтеріліп келе жатқандай болып көрінеді. Мұның мәнісі – шебердің шексіз қозғалыс, мәңгілік өмірді ғана емес, әлемдегі өзара байланыстылықты, үйлесімділік пен тәртіпті «бітпес» арқылы бейнелегендігінде, сонымен

бірге қазақ ою-өрнегінде өте сирек кездесетін, келер ұрпаққа бақыт пен жақсылық тілеудің белгісі – лотостын, сол сияқты ежелден келе жатқан игі ниет нышаны – қырғауылдың бейнесін пайдаланғандығында болып отыр. Асадалдың жоғарғы суырмасында құпияға толы әлем кеңістігінің белгісі – шеңбер, алыс қашықтыққа меңзейтін ерсілі-қарсылы жол, әуе толқыны, бұлт, жаңбыр бейнеленген. Ал, төменгі суырмада кеңістік белгісі – шеңберге келіп тірелген мазмұндық тұтастықты құрайтын жапырақтар арқылы дүниенің құрылымы, жер бетіндегі өмір келбеті бейнеленген. Бір қызығы – асадалды жасаған шебердің материалдың ыңғайына, іс тапсырушының тілегіне сай, тамаша көркемдік жағынан аса құнды, қазақтың аспан әлеміне байланысты ой-өрісін паш ететін ғарыштаты сурет желісін жасағандығы».

Өзбекәлі Жәнібек зерттеуші райында қазақ халқының материалдық, мәдениеті жайлы жазғанда оларды халық тарихымен жанды байланыста, тұрмысымен сабақтас зерттейді.

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ

Ө.Жәнібек – қазақтың тұрғын үйі тарихын зерттеуші ғалым болып табылады.

Ол қазақ тұрғын үйлерінің бейбіт тіршілікте және жаугершілікте пайдаланған сан түрін зерттеген, дәйектей жазған. Қостан, жер кепеден зәулім үйге дейін, арбаның үстіне тігілген үй, жаугершілік қосынан алты қанат ақбоз үйге шейін, қоржын тамнан күні бүгінгі үй үлгілеріне сабақтастыра сан алуан зерттеулер жасаған ғалым.

Біз ғалымның зерттеулеріне тоқталып өтуді жөн көрдік.

Көптеген ғасырлар бойы көшпелі малшылар аңшының сүйір қосын, егіншілер кепесін бірте-бірте жетілдіре түскендіктен қазақ даласында тұрғын үйдің жылжымалы және тұрақты түрлері қатар дами берген.

Алғашқы аңшының тіршілік еткен баспанасы жерге қалған сырықтардың басын қосып буатындықтан қаңқасы сүйір болып, сырты ағаштың қабығымен, аң терілерімен жабылатын қос болған. Ол бейне сахалардың «ярангасына» ұқсас дерлік.

Ө.Жәнібек зерттеуіне қарағанда қостың сырықтарының ұшы бірте-бірте бір буда шөппен байластыра салынбай, ортасында түгін шығатын тесігі бар шығыршыққа кигізілетін кейіпке енген. Сырықтардың ұшы арнайы тесікке бекітілгендіктен қостың қаңқасы түзеле берген. Осылайша қоста шаңырақ пайда болып қостың құрылысы өзгерген. Сырықтары екіге бөлініп, айқастырылып шаңыраққа бекітілген. Жүздеген жылдар өткеннен кейін күркенің қабырғасы қазіргі киіз үйдікіндей торкөз қабырғалардан, уықтардан, шаңырақтан, маңдайша, табалдырық, босағадан құрастырылатын, екі жаққа айқара ашылатын ағаш есіктен тұратын қалыпқа келіп, қазақтың киіз үйіне айналғаны оның «Жолайырықта» атты еңбегінде жақсы айтылған.

Ал баспананың тұрақты түрлеріне көшу Қазақстанда жер ыңғайына қарай дамыған. Жертөле тұрғызудың ең қарапайым әдісі мынадай болған: жерді шаршылап қазып алып, топыраққа малдың қылы мен сабанды араластырып, су құйып, иін қандыра илеп, қазылған шаршының жиегіне бірінің үстіне бірін ұрып, құрылыстың қабырғасын көтерген. Күн түсетін жақтан жалғыз терезе, есік қойған. Қазылған жер мен тұрғызылған қабырғаның биіктігі теңелген кезде, іші-сыртын лаймен сылап, төбесін қамыспен жауып сылап тастайтын болған. Тереңдігі 1-1,5 метр, үстіне тұрғызылған дуалы ағаштан, тастан, кірпіштен т.б. құрылыс материалдардан соғылған.

Жертөленің ортасында от жағылғандықтан төбесінде әдейі қалдырылған ойыққа арнайы шыбықпен шабақталған мұржа орнатылған.

Қазақ жертөлені шымнан, қам кесектен, тастақтан да соққан. Ал қақыраны төрт қабырғалы етіп қамыстан, шабақтан, балшықтан тұрғызып іші-сыртын сылақпен сылап тәртіпке келтірілгендіктен жертөле мен кепеге қарағанда тұрмысқа ыңғайлы етіп соғылған.

Халқымыздың күнкөрісіне байланысты қаңқасы арба үстіне орнатылған баспана түрі шамамен осыдан үш мың жыл бұрын пайда болған. Мұндай қаңқасы сирек ажыратылатын тұрғын үйлер ғұндарда да, түркілерде де, көшпелі ұйғырларда да, монғолдарда да болған. Ал қазақтың «Донғалақты үй», «Үйлі арба» жөнінде біз орта ғасырларда қазақ даласында болған Гильям де Рубрук, Әбу Абдаллах ибн Баттута, Фазалах Ибн Рузбихан, Антони Дженкинсон сияқты шетелдік авторлардың жазбасынан көреміз.

Үйлі арбалардың болу себептері негізінен қазақ халқының көшіп-қонып күнелтуіне байланысты. Бірақ XVII ғасырда үйлі арбаның тұрмыстан шығып қалуының өзіндік себептері бар. Бұған негізгі себеп екі жүз жылға созылған жонғар, қалмақ шайқастары, Ресейдің отарлау саясаты, Орта Азия хандықтарымен, әсіресе Қокан, Хиуамен қақтығыстар елдің көшіп-қонатын кеңістігін тарылта түскендіктен XVIII–XIX ғасырларда көшпелі қазақтың баспанасы кәдімгі өзімізге белгілі киіз үй болған. Парсы деректеріне сүйенсек, Рузбихан Исфакхани XVI ғасырда қазақтың тұрғын үйі «тез жиналып, жануарларға тез тиелетін» киіз үй болған деп көрсетеді.

Қазақтың киіз үйі құрылымдық жағынан осы күнге дейін көшпелі халықтардың бірде-біреуі асып түсе алмаған, жылжымалы баспананың ең жетілдірілген түрі болып табылады.

Академик Әлкей Марғұланның айтуына қарағанда, қазақтың киіз үйі ағаштан қиыстырылып немесе балшықтан соғылатын баспаналармен салыстырғанда өзінің о бастағы

нұсқаларының негізгі элементтерін бойына сіңірген жылжымалы тұрғын жайдың біршама кейінгі түрі болған.

Біз тұрақты баспана тұрғызу ісінің қазақ даласына ежелгі заманнан бастап орныға бастағаны жөнінде айттық. Солтүстік, Шығыс, Орталық Қазақстанда тұрақты баспананың бұл түрін шошала немесе тошала деп атаған.

Киіз үй қазақпен көршілес Орта Азия халықтарында да кездеседі.

Қазақтағы киізбен жабылатын баспананың алғашқы түрлерінің бірі – қос. Қос деп Қазақстанның Жетісу аймағы, Шығыс Қазақстанда атаған. Киіз баспананың ыңғайлығы сонша, көшіп-қонғанда сырықтарын жалғыз түйеге теңдеп, үстіне киізін, малшының көрпе-төсегін, қазан-ошағын артып кете беретін болған. Н.А. Баскаковтың сипаттамасы бойынша қостың ауданы 2,5×2,5 кв. м, биіктігі 1,6 метр.

Қосты көбіне жылқы, сиыр малын жазда да қысқы қоныстан 2-3 күндік өріске шығарып бағатын жылқышылар мен бақташылар уақытша баспана ретінде пайдаланған. Ал, көшпелі ауыл киіз үйге қосалқы ретінде қазан-ошақ, ыдыс-аяқ қоятын, астық сақтайтын орын немесе қойшы-қолаң үшін баспана ретінде пайдаланған.

Бірақ Кеңес өкіметі орнағаннан кейін тұрмыстан шығып қалған.

Күрке. Қостың даму барысында қаңқасында кереге мен уықтың пайда болып, көшіп-қонуға бейімделген тұрғын жайдың ең көне нұсқаларының бірі. Күрке киізбен, тері-терсекпен жабылған.

Күрке – негізінен бай малын бағысатын үйелмендердің баспанасы болған.

Абылайша. Қостың қаңқасына шаңырақтың пайда болған түрі және жорық кезінде жауынгерлер уақытша баспана ретінде пайдаланған. Көпшілік жұрт қостың бұл түрін жонғарларға қарсы күреске басшылық етіп, шайқастарда

ерлік көрсетіп, үлкен абыройға ие болған Абылай ханның есімімен байланыстырады.

Абылайшаның кәдімгі қостан айырмашылығы сырықтарының байланыстыра салынбай, шаңыраққа бекітіліп, پوشымы киіз үйге жақындап, есіктің пайда болуы және үш қанатты киіз үй түрінде болғандығы.

Туырлық үй. Халқымыздың негізгі байлығы мал болғандықтан үнемі көшіп-қонып күнелткен кезде пайдаланған баспанасы.

Туырлық үй негізінен төрт қанатты, уықтары кішігірім шаңыраққа қадалатын, тек қана туырлықтармен жабылатын үйдің нұсқасы.

Өзбекәлі Жәнібек ағамыз этнолог ретінде қазақтың тұрғын үйін зерттей келе, киіз үйіміздің бірден пайда бола салмағанын дәлелдеп отыр.

Ақ үй. Молшылық пен сәттіліктің белгісі болып есептелген, «қазақтың киіз үйі» деген жалпылама атауды иемденген, таңғыштармен, арқан-жіптермен байланыстырылатын қаңқасы құрастырылып-ажыратылатын киіз жабынды баспана үлгісі.

Ақ үй деп аталатыны көбіне ақ реңк алу үшін бор қосып басылатын ақбоз киізбен жабылатындығы.

Қара үй. Ақ үймен қатар тігіледі. Асхана ретінде пайдаланылған. Ақ үймен салыстырғанда көлемі кішілеу, бойы аласалау болады. Көбіне қоңыр киізбен жабылғандықтан қара үй немесе қараша үй деп атаған.

Кейде киіз үйді бір-біріне тіркестіре тіккен. Ал кейде жеке киіз үйді үй шаруашылығына асхана ретінде, кейбір байлар қонаққа арнайы жеке киіз үй де пайдаланған екен.

Отау. Ел арасында, тіптен этнографиялық әдебиетте де алты қанат ақ үйдің кішірейтілген түрі деп есептеліп келген. Ал шын мәнінде жаңадан отау құрған жастарға тігілгендіктен кеудесі көтеріңкі, күмбезді, сымбатты болуға ерекше мән берген. Ақ босағаның белгісі ретінде жабыны ақ киізден жасалған.

Орда. Қазақ киіз үйінің аса үлкен түрі. Ел билеген сұлтандар үшін, көпшіліктің қатысуымен жиындар өткізіп тұруға, келіссөздер жүргізіп тұруға қажеттіліктен пайда болған. 12, тіпті одан да көп қанатты киіз үйдің үлгісі.

Академик Ә.Марғұлан өзінің «Қазақ үйі және оның жиһаздары» деген еңбегінде киіз үйдің екі, үш қанаттан бастап он екі, он сегіз, отыз қанатқа дейін жететін үлкен түрлері болғандығын, бір үйдің керегесінің басы 70-80-нен бастап 360-қа дейін болатындығын айтады.

Академик Арғынбаев киіз үйді қайыңнан да жасайды деп еңбегінде көрсеткен.

Киіз үйді жинау, құрастыру жұмыстары әйелдерге тиесілі болды. Киіз үйді 2-3 әйел бір сағат ішінде құрастырған. Яки, үйді тіккен. Ал, киіз үйді, жинау әп сәтте! Киіз үй жазда салқын, күн суықта жел өткізбейтін тұрғын үй түрі болған. Киіз үй қазақтың бар өмірімен байланысты шаңырақ үй ішінің татулығын білдірген, қара шаңырақ ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден-балаға мұра ретінде жеткізіліп отырған. Бүгінгі күнде киіз үй де тұрмыстан шығып шопандар пайдаланатын болған. Ө.Жәнібек Оңтүстікке келген кезінде аудандарда – Қызылқұм, Мойынқұм, Шәуілдір, Шардара, Созақ, Сары-Ағаш ауданын мекендеген қойшыларды аралап отырған. Осындай бір сапарға қасына досы Георгий Рудовты ертіп шығады. Бұл күні күн қатты ыстық болып ақ киіз үйге кірген кезде үй іші жұмақ сияқты салқын, ақсақал келген қонақтарды зор қуанышпен қарсы алғаны жайында Георгий Рудов өзінің «Я сердцем русский, духом евразиец» атты кітабында жазған.

Жетісу жеріндегі Нарынқол ауданы Қакпак ауылының тұрғыны Әбдікерім Әділбекұлынан жазушы Эрнест Төреханов жазып алған мәліметке қарағанда, қазақ байлары төрт киіз үйді тіркестіре тігіп монша жасайды екен.

«Киімшен» деп аталған бірінші үйде шешінеді, «Қауыз» деген екінші үйде шомылады, «Тас булау» деген үшінші үйде қыздырынады, төртінші «Бүйрек» – моншадан кейін тынығып дем алатын орын болған екен. Осындай моншада шомылғанын Кеген ауданының тұрғыны Қасымбек Қашқынбайұлы да айтып берген.

Киіз үйді сала-салаға бөліп зерттей келе Өзбекәлі Жәнібек қазіргі таңда дәстүрлі тұрғын үйіміздің қолданыстан шығып бара жатқандығын айта келе, киіз үй жасаудың дәстүрлері сақталған Маңғыстау, Талас-Шу алқабында бір-екі кәсіпорын ұйымдастыру қажет деген ұсынысын айтқан.

Біз тұрақты баспана тұрғызу қазақ даласына ежелгі заманнан бастап орныға бастағаны жөнінде айттық. Солтүстік Шығыс, Орталық Қазақстанда алғашқы тұрақты баспананың түрін шошала немесе тошала деп атаған.

Деректер мен зерттеулерге қарағанда олардың ең көнесі – шошала тастан немесе қам кесектен тұрғызылатын, ағаштан қиылатын бұтақтармен шабақталатын шымнан қаланатын үй құрылысының нұсқасы болған. Қазақ құрылысшылары шошала тұрғызу үшін оның іргетасын дөңгелек етіп қалап, үстіне 10-15 сырықтан түзілетін сүйір құрылғы орналастыратын да, ағаш бұтақтармен шабақтап, киізбен жаба салады екен. Төбесінде түтін шығаратын шаңырағы бар тұрақты мекен-жайдың осы бір түрін «Шарбақ шошала» деп атаған.

Ертедегі тұрғын үйдің қарапайым құрылыс материалы-қамыспен жабылып, лаймен сыланатын болған. Қазақ құрылысшылары жер таңдауда, үй тұрғызуда, материал таңдай білуде өте ұқыпты болған. Этнографтардың айтуынша, қазақтың екі бөлмелі арасы дәлізбен бөлінетін «Қоржын үйін» де көне тұрғын үй үлгілерінің қатарына жатқызуға болады. Ол да қазір құрып бітуге айналған.

Қазақ үй тұрғызғанда ауа райына, жердің ыңғайына көп көңіл бөлген. Қора-қопсымен итарқасы бірге жабылатын

қыстау тұрғызу үшін ол әдетте ойлы-қырлы, күн шуақты, шөбі жас, желге ықтасын, қамысы, бұтасы бар өзен бойын, көл жағасын таңдап алған.

Ал диханшылық пен мал ұстауды бірдей кәсіп еткен Оңтүстік Қазақстанның, Сыр бойы мен Жетісудың қазағы керісінше «қарсы есікті» мекен-жайын қора-қопсыдан аулақ, бұтақпен, жыңғылмен, кей жерлерде шеңгелмен, дуалмен қоршаған аулаға орналастырады екен. Шығыс Қазақстанның орманды алқабында қазақ ағаштан қиыстырып, шыбықтан өріп те үй соққан. Ал, Каспий мен Арал балықшылары қам кесектен соғылған жертөлелерде тұрған. Сыр бойы мен Жетісуда қоржын үй, тоқал-тамдар да кездесетін. Оңтүстік Қазақстан халқы қыста қоржын үйлерде қыстағанымен, жазда су жағасында киіз үйлерде өткізген.

Қоржын үй. Қазақтың тұрақты мекен-жайы, арасы асхананың да міндетін атқаратын дәлізбен ажыратылатын, бірінде өздері тұрып, екіншісінде қонақ күтетін екі бөлмелі тұрғын үйі.

Қоржын үйді тұрғызу өте қарапайым. Ол үшін алдымен биіктеу және тегістеу жер таңдап алынып, кетпенмен тегістеп, сабан, түйеқарын, кепкен жантақ т.б. төселгеннен кейін малдың тұяғымен таптататын болған. Содан соң шөпшалаңды сыпырып алып, үстіне су құйып, малдың тұяғымен тағы да таптаған. Жер әбден кепкен соң дуалдың енімен бірдей етіп қазылып астына барынша қалың етіп қамыс төсеп, үстіне үйдің қаңқасын тұрғызады екен. Қам қышпен қалап, сабан қосылған лаймен қалың етіп сылайтын болған. Ал шатырын қамыспен жауып, топырақ төгіп лаймен сылап тастайтын болған.

Қоржын үй отырықшы қазақтардың негізгі баспанасы болғанымен, соңғы кезде тұрмыстан шығып қалған. Оның нұсқаларын Сыр бойының, Талас-Шу алқабындағы алыстағы ауылдардан, Қызылорда, Түркістан, Арыс, Қазалы қалаларында ғана кездестіруге болады.

Өзбекәлі Жәнібек ұзақ жылғы зерттеуінің кейбір дәйегін этнографиялық үлгі ретінде Отырар музейі ауласына қоржын там ретінде жасап беріп кетті.

Бүгінгі таңда сырт елдерден келген қонақтар оған таңқала қарайды, тамсана қызықтайды.

Тоқалтам. Қоржын үйдің тікелей баламасы, этнографиялық әдебиетте «Қарсы есікті» деген шартты атаумен белгілі тұрғын үй нұсқасы. Қамкесектен соғылған, төбесі қамыспен жабылып, тып-типыл етіп сыланатын болғандықтан «Тоқалтам» деп аталатын.

Тіркеспе. Далалық қыстауларда кең тараған, шатыры бола бермейтін, қора-қопсымен бірге жабылатын, көбіне қам кесектен тұрғызылып, қабырғасы лаймен сыланатын немесе сырты күйген кірпіштен қапталатын «ауыз үй», «оттық үй», «жатақ үй», «қонақ үй» тіркеспесінен тұратын мекенжайдың үлгісі.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде Ойыл мен Сағыз алқабын мекендеген елдің сәулеткерлігіндегі ерекшеліктерді зерттейтін белгілі орыс ғалымы С.И. Руденко, далалық қыстаудың қора-қопсымен тіркестіре салынатынына, бөлмелерде кездесетін сәкіге т.б. назар аудара отырып, баспана тұрғызудың мұндай үйлесімді түрін қазаққа басқа жұрттан ауыспаған, оның өзіне тән, ата-бабасына осыдан кем дегенде екі мың жыл бұрын белгілі болған құрылыс деп есептеген.

Халқымыздың күнелткен тұрғын үйлері орналасқан территорияға байланысты әртүрлі болған. Мысалы, Шығыс Қазақстанда, әсіресе оның орманды алқабында қазақ ағаштан қиып, бөрене қиыстырып, бес қабырғалы дүкен, төрт қабырғалы-қыстық деген аттармен белгілі үйлер, бұтақтан өрілетін шарбақ үй тұрғызған. Қыстықтың кіре берісінде үйді жылытатын, қазан асып, тамақ әзірлейтін оттығы болған.

Этнографтар зерттей келе қыстықты XVIII – XIX ғасырларда Шығыс Қазақстанға жаңадан қоныс тепкендердің ықпа-

лымен пайда болған тұрғын үйдің үлгісі деп жорамалдайды. Бұл пікірді Ө.Жәнібек те қолдайды.

Өкінішке қарай, тарихи ескерткіштер болып табылатын мұндай үйлердің көпшілігінің қазіргі жағдай мәз емес, кейбіреулерінің төбесі ашық, қабырғалары құлап бітуге айналған.

Қазақтың тұрғын үйі туралы зерттеп, бізді біраз деректермен таныстырып, мәліметтер беруде Өзбекәлі Жәнібек – этнолог ғалым ретінде көп еңбек сіңірген қоғам қайраткері.

Бірақ әлі де болса қазақтың тұрғын үйі толық зерттеле қоймаған дүние. Бізге тән тұрғын үйдің қашан және қалай қалыптасқандығын ұғыну үшін оны қазақтағы құрылыс мәдениетінің дамуымен байланысты қараған жөн. Мысалға алсақ, бізде сақталған сәулет ескерткіштерінің көпшілігі күмбезді болып келеді. Ал «күмбез тұрпатының, – сәулеткер Т.Бәсеновтың айтуына қарағанда, – белгілі мөлшерде тұрғын үйдің жылжымалы түріне (киіз үйге) ұқсайтыны белгілі». Оған Маңғыстаудағы осыдан кем дегенде мың жыл бұрын салынған Шақпақ Ата жертөле мешітінің төбесінде шаңырағы бар киіз үйдің күмбезін қайталайтыны да дәлел бола алады. Маңғыстау мен Үстіртте жалпы 10,5 мыңнан астам бірін-бірі қайталамайтын құрылыстар сақтаған.

XIV-XV ғасырлардан бастап зәулім сарай, мешіт-медресе, монша, кесене-күмбездер тұрғызуда бұрынғыдай біркелкі әсем төсем мүмкіндік беретін оймыш қыштармен безендіру, мәнерлеп қалаумен қатар, шыңылтыр плиталар да пайдаланыла бастаған.

Қазақтың мекен жайларының барлығы да тұрмыс ыңғайына, рухани болмысына сай қалыптасатындығын көруге болады.

Ата-бабамыздың ой-өрісі кең, талғамы биік, сезімі нәзік болғанын оның тек ою-өрнегінен ғана емес, баспананың есік-терезеге, босаға, табалдырық, салауаттылығымен де байланыстыра білгенін аңғарамыз.

Қазаққа тән киіз үйдің ішкі жасауын орналастыру тәртібі ұрпақтан-ұрпаққа жеткендіктен өзгермеген.

Қазақ өзінің ата-тегін құраған көне түркілер мен қыпшақтардан киіз басуды, киіз үйдің жетілдірілген түрін, алаша токуды, ши орауды, үй жиһаздарын, ыдыс-аяқты, қару-жарақты, ер тұрманды, халық әуез аспаптарын, сүйекпен безендіруді мұра етіп қабылдаған.

Қалыптасқан тәртіп бойынша, киіз үйдің кіреберістегі сол жақ босағада ер-тұрман, құсбегілікке қажетті саймандар ілінетін. Одан әрегірек киім ілінетін, жас жұбайларға арнап шымылдық ұсталған төсекағаш қойылатын. Төрте екі-үш қатар етіп төсек жиылған.

Үйдің оң жақ қанаты бос қалдырылатын. Онда қарттар жайғасқан.

Қазақ тұрмысында киіз басудың маңызы ерекше. Киізден кереге, уыққа туырлық, үзік, шаңыраққа түндік т.б. тігіп, үйіне жапқан. Киіз үй әртүрлі жіптермен тоқылған шаңырақбау, желбау, уықбаумен сәнденетін болған. Киіз жерге төсейтін төсеніш, оюлап тұсына ілінетін жиһазы болған.

Тұс киіз-екі түсті барқыттан ою ойылып, жұқа киізге тігіп, қабырғаға іледі. Халық арасында киізді қалыпқа салып басып шығару әдісі де ерте заманнан бар. Бұл әдіспен көбінесе киіз етік, пима, қалпақ, байпақ, киім-кешек жасаған.

Қазақта кілемді асыл бұйым деп бағалаған. Бізде қалыптасқан кәсіптің бірі-кілем тоқу. Кілем тоқумен әйелдер айналысқан. Батыс Қазақстанда көбіне тықыр кілем, Сыр бойы, Қазақстанның оңтүстігінде түкті кілем тән. Кілем тоқу еңбекті, уақытты көп қажет етеді. Қазақстанда түкті кілемнің кең тараған түрі-қалы кілем. Ол парсының «ғалы» – кілем деген сөзінен шыққан. Орталық, Солтүстік Қазақстанда түксіз кілем кең тараған.

Тұрақты мекен жайдың жасауы киіз үйдікіне ұқсас болғанымен, өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалған. Мысалға ал-

сақ, жүк төрге жиналғанымен, кілем, тұскиіз есік-терезе ойықтары жоқ көбіне теріскей жағына тұтылған. Ыдыс-аяқ арнайы тектерге, сөрелерге қойылған.

Қазақта ою ісі де өзінше ерекше. Ою-ұлттың өнер үлгісі. Оны қазақ бағалаған. Ою оя алсаң-ісмерсің. Ою оя алмасаң кемшінсің. Қазақтың «Өз үйінде ою оймаған кісі үйінде сырмақ сырады» – деген мәтелі бар. Мұның мәні терең. Ою оюды өз үйінде үйрен, ол тұрмысыңа керекті бекзат өнер. Өз үйінде ою оя алмасаң кісі үйінде сырмақ сұрасаң, қор боласың дейді қыздарымызға халық даналығы! Бұрын босаға-есік, шаңырақ, уық, кереге, төсекағаш, кебеже, ыдыс-аяқ ағаштан жасалғандықтан әртүрлі оюлармен безендірілген.

Бірақ өкініштісі – мұндай ата-бабамыздан қалған мәдени ескерткіштер, үй бұйымдары қазіргі таңда сақталынбай құрып бітуге айналған. Ал Өзбекәлі Жәнібек қандай қызмет атқармасын атадан балаға мұра етіп қалдырылған ескінің көзін жинаудан жалықпаған. Мәселен, Торғайдағы өлкетану мұражайын ашуда да ол өте көп еңбек сіңірді. Ауыл-ауылды аралаған кезде көне мұраларды көре қалса, иесінен жата-жастана сұрап алып, музейге өз қолымен тапсырған. Аса құнды тарихи құжаттар мен қазақтың дәстүрлі өнерінің озық нұсқаларынан саналатын экспонаттарды, әсіресе Торғай тарихына баланыстыларын сонау Орынбор, Қостанай, Ақмола музейлерінен қолқалап сұрап алдыртқанын да білеміз.

Ө.Жәнібек Қазақстан Орталық партия комитетінің сыртқы байланыстар бөлімінің меңгерушісі болып тұрған кезде жылына 15-20 мыңға жуық адам Қазақстанға келіп, сонша адам шет елдерде болып қайтатын. Осы қызметте жүрген кезде ол көптеген істерді тындырды. Соның бірін атап өтетін болсақ, «Медеу» мұз айдыны ауданында қазақтағы жылжымалы және тұрақты үйлердің әртүрлі нұсқаларынан құрастырылған «Қазақ ауылы» туристік кешенін ашқан. Осы жылдарда туристерге көрсетілген объектілердің мазмұнына, тартымды болуына, әсіресе қазақ халқының тарихынан, мәде-

ниеті мен дәстүрлі өнерінен мағлұмат беруді кеңейте түсуге мән бере бастаған.

Өзбекәлі Жәнібек этнограф, зерттеуші ретінде қазақтың ескі тұрақты үй-жайы мен қазіргі ауылдардағы үйлерді байланыстыра зерттеген. Әрине, қазір заман ағымына сай тұрғын үй тұрғызу әртүрлі болып дамып келеді. Қазіргі ауылдағы үйлердің ең қарапайым түрі көпшілігінің шатыры шифермен жабылып, бір-біріне жалғасып, 3-4 бөлмеден тұратыны белгілі. Асхана, қойма тұрғын үйден бөлек қосалқыға орналасатын болып алған. Ал шамасы келгендер қазіргі күнде бір-бірімен жарыса әртүрлі кейіпте түрлі зәулім үйлер тұрғызуда. Өзбекәлі Жәнібек тұрғын үйлерді зерттей келе қазіргі үй құрылысында не себепті қазақтың ою-өрнегін пайдаланбайды деп өз ойын айтқан. Және де қазақтың тұрғын үйінің зерттеуінің басты мақсаты қазақ халқының өмірге келтірген тұрақты мекен жайдың ерекшеліктерін зерттеп білу, жаңа талаптарына сай үйлер тұрғызу ісіне қосылған үлес болғандықтан, қазіргі және келешек ұрпақты оның негізгі үлгілерімен таныстыра отырып, мәселенің шешімін таба алмай келе жатқан жақтарына көңіл аударуды жөн көрген.

ҰЛТТЫҚ КИІМ ҮЛГІЛЕРІН ЗЕРТТЕУШІ

Өзбекәлі Жәнібек қазақтың қолөнерінің ерекше жанашыры болғанын кім-кім де жақсы біледі. Сонымен сабақтас этноөнертанудың да ірі маманы екенін біреу білсе де, біреу біле бермейді. Ол атқарған істің бір ғана сағасын әңгімелесек те бұған анық көз жеткіземіз. Ол – киім үлгісі.

Өзбекәлі Жәнібектің өзінің айтуына қарағанда, халқымыздың ұлттық өнерін, мәдениетін этнографиялық тұрғыдан ертеректен зерттей бастаған да, ұлттық киім үлгісімен шындап кейіндеу айналысқан секілді.

«Қалыссыз, қалтарыссыз дүние жоқ» аталатын қызықты естелігінде киім үлгілерін зерттеуге көрнекті әдебиетші ғалым Шерияздан Елеуқеновтің ықпал еткенін айта келіп, ризашылығын былай білдіреді: «Егер ол маған қазақтың киім-кешегімен айналысып, альбом кітап шығаруды ұсынбаған болса, онсыз да жүктелген міндеттер басымыздан асып жатқандықтан, бәлкім, мен этноөнертану сияқты ғылымның аса маңызды саласымен айналыса қоймаған болар едім және ол үшін мені ешкім кіналай қоймас еді деп ойлаймын».

Бұған дейін Қазақстан Жастар одағын басқарған кезде – ақ ұлттық киімге назар аударып бастаған Ө.Жәнібектің ұлттық киім үлгісін теориялық өреде қозғап, шындығында айналысуы осы кезден басталады.

Сөз бен істің тез үйлесімін табатын Ө.Жәнібек тек альбом-кітап жазуға кіріскен жоқ. Жазғандарын іске асырып жүрді. Бұл жайлы Ш.Елеуқенов естелігінде былай дейді: «Адырна» ансамблінің ойынын көргенде байқағаным: артистердің кигендері бұрынғыдай оюлары баттиған, әбден ерғашты қылған қарадүрсін бірденелер емес, «қазағың да ине ұстай білетін халық екен ғой» дегізетін киімдер. Өзі ұйымдастырған ансамблге ән айтқызып, би билетті. Қазақ ұлттық киіміне қатысты түсініктер беріп еді, құлағыма тосаңдау естілді. Өйткені қазақ ұлттық киіміне қатысты небір сөздерді бұрын естісек те ұмытқанбыз, я мүлде естімегенбіз.

«Тамақша», «кемер белбеу», «алтын тәжі», «сұлама», «күндік», «орама», «көксауыр», «мұрақ», деген атауларды қосып айтқан сөздері құлақтан кіріп-шығып жатты, миға кірмеді». Ш.Елеуқенов Ө.Жәнібектің ұлттық киім үлгілеріне деген ыждағатын осылай байқайды. Байқайды да қызығады. Қызығады да киім үлгілері жөнінде кітап жазып беріңіз деп жата-жастана жабысады. Баспасөз және кітап істері жөніндегі комитет төрағасының өтінішін әлеуметтік тапсырма деп ұққан Ө.Жәнібек осы саладағы ізденісін тереңдете түседі, арналандыра жасайды.

Ө.Жәнібектің ұлттық киімге қосқан үлесінің бірі – қасаба. Ғалым оған былай анықтама береді. «Үйлену тойына қалыңдық кейде сәукелесінің орнына көнетүркі (қыпшақ) бас киімінің негізгі элементтерін бойына сіңірген қасабаны («алтын зерлі» деген мағына береді – Ө.Ж.) да киген». Қасаба тұрпаты дөңгелек, желкесіне қарай ойыңқылау, биіктігі іс тапсырушының қалауымен әртүрлі болып келетін бас киім. Камзолға жаратылған материалдан тігіп, айдынның айналасын, тігісін зерлі жолақпен әдіптеп жапқан. Алтын зерлі жіптермен кестеленіп, металл шытырлармен әсемделген. Маңдайына әртүрлі шытырлардан, інжу-маржан, перуза сияқты тастардан тізіп, дөңгелек табақшалармен бекітілген эткеншектер ілген. Қасабаның оң жағына, самайдың үстіне маңдайдағыдан ұзынырақ, күміс қоңыраушалармен бекітілген бес-алты тізбектен тұратын эткеншек қыстырылған. Бұл келін боп түскен қыздың жүйкесін жұбатады-мыс деген ескі ұғымнан туған. Төбесіне үкі қадалған.

Қасабаны жоғарыдағыдай анықтама беру үшін, «қасабалы қалыңдық» деген тұрақты тіркестің мәнін ашу үшін Ө.Жәнібек өте көп ізденді. Ол жайлы «Қазақ киімі» атты альбом кітапта былай деп жазады:

«... көне бас киімінің бір нұскасын Қазақстанның Орталық музейінде тозығы жеткен ескі заттардың арасынан тауып алып, бірде белгілі тарихшы-этнограф, ғылым докторы Халел Арғынбаевқа хабарлағанымда, ол кісі мұндай бас киім жайында әдебиетте ешқандай мағлұмат жоқ дегенді айтты. Музей қорында да бас киім «қалпақ» деген жалпы атпен тіркелген екен. Сонда 1979 жылы Мәскеуде «Костюмы народов Средней Азии» деген кітап басылып шықты да, онда қасаба атты бас киімнің қазақта болғаны жайында айтылғаны ізденісімізге демеу беріп, жігерлендіре түсті. Бір күні А.С. Пушкин атындағы кітапханада тарихи және мәдени ескерткіштерге қатысты материалдарды қарап отырып, белгілі сәулеткер Төлеу Басеновтың еңбегінде

жарияланған Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің зайыбы Фатиманың фотосуретінен Ханшаның басына киген өзім іздеп жүрген қасаба екенін көріп, көңілім орнына түскендей болды. Оның үстіне ханшаның киім-кешегі де қасабасымен қоса біздегі музей қорында болып шықты».

Қасаба туралы айтқанда бір жайға тоқталу орынды. Татарстанда киім үлгісін зерттейтін Рәмзия Мәхәммәдова есімді этнограф бар. Оның «Татар халық киемләре» зерттеу еңбегінде қасабаны татар әйелінің басынан көрдік. Түсіндірмеде «Қасыйм татар хатыны XIX йоахырындағы киемде» – дейді. Қазақтың қасабасы татар қызының басында қайдан жүр? Бұл – Вельяминов-Зернов зерттеген Қасым хандығының ұрпағына берілген иеліктің тұрғыны. Онда қазақтар қоныстанған. Бұл жөнінде М.Мағауиннің «Аласапыран» романы да бірсыпыра мәлімет береді.

Демек, онда қазақтармен бірге татарлар да тұрған. Ағайын халық арасында өзара ықпал болған.

Әлгі татар қызы киген қасаба татарлар үшін типтік киім үлгісі дерлік оған жақын келетін өзге нұсқа да жоқ. Демек, қасаба-татарлар үшін типтік киім үлгісі емес, қазақтан ауысқан бас киім.

Ойымызды түйіндесек, Ө.Жәнібек – қасабаны өмірде іздеп тапқан – практик ғалым, оны тарихи тұрғыдан негіздеген, сипаттаған – теоретик ғалым. Қасабаны қалпына келтіруші және өмірге қайта енгізуші.

Ө.Жәнібеков үнемі қазақтың ұлттық киімдеріне назар аударып, зерттеуден еш жалықпаған. Әсіресе, ұлттық қолөнер мен ұлттық киім үлгілерінің ғасырлар шаңынын астында қалған ғажайып нұсқаларын іздеп тауып, өмірге қайта алып келді. Ол киім үлгілерін зерттей келе қазақ киімдерінің жыл мезгілдеріне орай, адамның жынысына қарай, жас мөлшеріне байланысты түрлі киімнің аты аталып, түсі түстелетінін өзінің еңбектерінде ашып көрсеткен.

Қай халықтың болса да киім-кешегі ауа райына, тұрмыс салтына байланысты қалыптасатыны белгілі.

Қазақтың киім-кешегі айналадағы ортаның, үскірік аязы мен аңызак желінің әсерімен, бар өмірі көлік үстінде өткен көшпелі қауымның, таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей күн көрген диханның іс-қаракетімен байланысты қалыптасқан заттық мәдениеттің көрінісі. Онда халықтың әлемдік талғамы, өмір салты, өткендегі әлеуметтік хал-ахуалы айқын сезіледі. Ауызекі тілмен, антропологиялық тұрпатпен қатар ол кезінде халықтың тектестік сезімін ояту мен нығайтуда айтарлықтай роль атқарған. Киіміне қарап, жұрт өздерінікін бөгделерден ажырататын болған.

Қазақта ұлт киімдерінің түрлері мен атаулары көп: кейде ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп, кейде әлгі жүздер ішіндегі рулардың аттарымен де айырып айтылады. Мысалы, арғын тымақ, найман тымақ, қыпшақ тымақ, адай бөрік, ноғай бөрік т.с.с. Кейде географиялық мекен атына қарай да ерекше мәнер үлгіге бөлінеді. Қоңырат үлгісі, Жетісу үлгісі, Арқаның үлгісі т.б. Мұндай бөліп атау киімдерінің кеңдігі, ықшамдылығы, бойға қонымдылығы және әшекейлеу мәнерлерінің ерекшеліктеріне қарай ажыратылады. Мысалы, шапан үлгісін алайық. Ұлы жүздің шапандары көбінесе жолақты, сырмалы, етек-жеңдері ұзын, ашық жағалы келеді.

Орта жүздің шапандары көбінесе бір беткей матадан, сырусыз, сирек қабылып, етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары жолақ ойма немесе түймелі болып келеді.

Кіші жүздің шапандары да шалғайлы, жеңдері ұзын және кең, жүн тартқан, қалың, қайырма жағалы болып келетіні жайлы Қасимановтың «Қазақтың қолөнері» атты кітабында жазылған. Адамдардың жас ерекшеліктеріне қарай шектелетіні болмаса, түр-түсі, пішімі жағынан қазақтың киім-кешегі әлеуметтік топтардың бәріне бірдей болуы Ө.Жәнібектің «Қазақ киімі» атты кітабында жақсы айтылған.

Халқымыздың ұлттық киімі дала жағдайына ыңғайластырғанымен, денеге қонымды, жүріп-тұруға ыңғайлылығымен, сан алуан әшекейлерімен ерекше. Бірақ алғашқы кезде киімді әсемдеу қарапайым болуы ықтимал. Себебі үнемі малмен, егіншілікпен айналысқан қазақтың киім кешегін безендіруге уақыты да болмаған. Ал киімді зергерлік бұйымдармен әшекейлеу кейіннен таптық жіктелуге байланысты, жұрттың қандай әлеуметтік топқа жататынын, байлығы мен дәулетін көрсетуге деген құштарлығынан туған болуы ықтимал. Киім-кешектің кейбір түрлері көршілерден ауысуы да мүмкін.

Мысалға алсақ, мұрақ сәукеле секілді бас киімдер, Ө.Жәнібектің ойынша, қазақтың арғы ата-бабасының құрамында маңызды қоспа болған ежелгі сақтардың сүйір ұшты бас киімдерін еске түсіретін сияқты. Ақ шыттан не жібектен шаршы етіп байланатын әйелдің жаулығы көне түркілерден ауысуы мүмкін. Ал белдемшені ғұндардан ауысқан деп айтсақ та болады.

Өртүрлі табиғи бояумен қой терісінен тігілген тон, қасқыр ішік, түлкі тымақ, саптама етік қазақтың ат үстінде жүретін күн көрісіне байланысты киім нұсқалары.

Негізгі шикізат мал өнімдері болғандықтан тері, киіз, былғары, жіп сияқты т.б. материалдарды пайдаланған. Сондай-ақ киімне аң терілері де қолданылған.

Бас киімге қасқырдың, түлкінің терісін, камшат, сусар, тағы басқа аңдардың пұшпағы пайдаланылған.

Киім-кешек тігуге қазақ әуелде Үндістаннан әкелінетін шытты, батсайыны, Қытай, Орта Азия жібегін, барқытты, зерлі, бедерлі кездемелерді, масатыны, шұғаны жаратқан. Ал XVII ғасырдан бастап қазақ даласында орыс тауарлары да кең етек ала бастады.

Еркек киім-кешегінде жейде, бешпет, қаптал, түйе жүн шекпен, етіктің қоңышына салынатын шалбар, бас киім

нұсқаларының негізгі түрлері ғасырлар бойы өзгеріссіз келді.

Еркек ақ сұрыптан қисық жағалы көйлектің астына балағының төменгі жағына қарай ептеп тарыла бастайтын «кең адымды» дамбал киген. Шалбар атқа мінуге ыңғайлы болу үшін кең етіп тігілген, онда ешқандай түйме болмаған, орнына ышқырына бау өткізілген.

Күн суыта көкірекшенің сыртына түйе жүн шекпен киген. Ал қыста тон, тымақ, күпі де киген. С.И. Руденко қазақтың киім-кешегін зерттей келе «қазаққа күпінің ата-бабасына кем дегенде бұдан екі мың жыл бұрын белгілі болған киім үлгісі екенін дәлелдеген», дейді Ө.Жәнібек өзінің зерттеуінде.

Тон көбінесе иленген күздік қой терілерінен тігіледі. Орта денелі адамдарға 11-12 қойдың терісінен тон шығады. Олардың пұшпақ терілері бөлек алынады, яғни тон тігініне пайдаланылмайды. Тондардың жүндері ішіне қарайды, ет жағы қынамен, қабықпен, томар бояумен боялады. Кейде сыртына тыстық жапсырып қаптама тон тігеді.

Ө.Жәнібек өзінің «Эхо» деп аталатын кітабында ежелгі еркек киімінің малшылар киетін тағы бір түрі кебенек туралы айтып кеткен. Киіз сулық кебенекті мейлінше ұқсатып, қылшығын сыртына қарата, сапалы болу үшін шаршысын 60×60 см етіп жеке-жеке басқан ақ сұр, кейде қоңыр не қара төсемдерден құрастырып тіккен.

Еркектің бас киімі сан жағынан әр алуан бола бермеген. Оның қалпақ, бөрік, тымақ, тақия деген бірнеше түрі ғана болған. Осы кезге дейін аса құрметті қонаққа ат мінгізіп, шапан жауып, бөрік кигізетін дәстүрімізден де аңғаруға болады.

Еркектің бас киімі жергілікті жағдайда қолға түскен материалға байланысты болған. Оның көп тарағаны бөрік. Ол төрт үшкілден төрт қырлы күмбез іспетті етіп пішіліп, арасына жүн салып астарланып, барқытпен, шұғамен тыстала-

тын. Олар көбіне кәдеге жаратылған аң терілерінің атымен құндыз бөрік, түлкі тымақ, малақай, европалық үлгідегі құлақшын да кеңінен тараған.

Ересек казак барлық уақытта, тіптен дастархан үстінде де басынан дөңгелек тақиясын тастамаған. Сыртқа шықса да оның үстіне бөрік тымақ, қалпақ киетін болған.

Малшы жазда басына шұғадан не сәттеннен тымақ үлгісімен астарсыз үш бұрышты етіп пішілген, күмбезінің алдына арнайы күнқағары бар жалбағай, далбай, құлапара киген.

Еркектің аяқ киімі саптама етік, кебіс-мәсіден тұрған. Саптама – бұл қонышы ұзын, кең киіз байпақпен, шалбардың балағын іштен салып киетін аласа өкшелі етік. Саптамалардың қонышы бітеу қусырылады да, тізеден асыңқырап тұрады. Оны көбінесе қысты күні алыс сапарға шыққанда, жылқы баққанда, шашамен жол жүргенде киеді.

Кебіс атаулары да көксауы, мықшима, үшкір бас деген сияқты бірнеше түрге бөлінеді. Өте тұрпайы аяқ киім шоқай, шарық болған. Шоқайды шала иленген теріден тігіп, кедейлер киген. Ал шарықты тау шөгінділерінде жүргенде етіктің сыртынан киген.

Қазак әйелінің киім-кешегі жас өзгерістеріне қарай ажыратылған. Киім тігетіндер іс тапсырушының талғамын, жас ерекшелігін, дене бітімін, бет-әлпетін мұқият ескеретін болған. Киім-кешекті әр жерде мүмкіншілігіне қарай әртүрлі кигізгенімен бүкіл казакқа тән түр ұқсастығын, пішімін, бояу накышын сақтап, оның жігіттер мен қыздар, егде тартқандар мен кемпір-шалдар киетінін ажырата білген. Мысалға алсақ, қыздар белі қымталған, етек-жеңіне желбезек салған қос етек көйлек, камзол киім, беліне шатыры немесе ширатпалы белдік буынады екен. Ал Маңғыстау мен Үстіртте етек жеңіне екі, үш қатар бүктесін берген, арқасы немесе белі бүрілген көйлек, сыртына камзол киетін болған.

Қазақстанның Оңтүстігі мен Жетісуда көйлектің үстіне нымша киіп, белдемшені қаусырынады екен.

Такия. Барқыттан немесе жібек матадан тігіліп, інжумаржан, зергерлік заттармен әсемделіп, үкі тағылатын бас киім.

Белдік. Былғарыдан немесе барқыттан, кейде күмістен де жасалған.

Етік-кебіс. Биік өкшелі, кестелі болып келетін аяқ-киім үлгілері.

Ө.Жәнібек этнолог ретінде зерттеп, ұлттық киімдерімізді рет-ретімен көрсетіп, бізге мұра ретінде жазып кеткен. Ол тек жазба түрінде ғана қағаз бетіне түсіріп кеткен жоқ. Қайта тірілтіп өмірге әкелді, тұрмысқа енгізді.

Театрға, музейге, ансамбльге қажетті құрал-саймандарға, бұйымдарға киім-кешектерге материалдарды да жер-жерден алдыртқаны жайлы Жұмағали Өмірбековтың «Ұлтының адал ұлы еді» атты естелігінен көруімізге болады. «Бір күні Амангелді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қайырбай Есболов пен идеология жөніндегі хатшы Кәрім Аймағамбетов сол кездегі мәдениет бөлімінің меңгерушісі Төкен Елтебаевпен мені шақырып алып, 2 домбыра, камшы, шыбыртқы, ала арқан, екі түлкі терісін тауып, дереу Аркалыққа Өзағаңа апарып тапсыруды міндеттеді. Кештете Өзағаңның кабинетіне келсек, театр режиссері мен суретшісіне тапсырмалар беріп отыр екен. Сосын біздің апарған түлкі терілерін жергілікті іскер Айшыман Құлманбетова апайға қазақ жігітінің басына киетін тымақ пен бөріктің эскизін көрсетіп, сол бойынша тігуге тапсырды. Кейін білгендей, Өзағаң театр артистеріне қажетті киімдерді осындай жергілікті шеберлерге дайындатады екен.

Қазақтағы балалар киімі кішірейтілгені болмаса, пішімі мен тігісі жағынан үлкендігін қайталайтын болған.

Киім-кешекке қоса, шапан, такия, қалпақ, бөрік, тымақ, саптама, кебіс-мәсі киілуде. Соңғы кезде үйлену тойына ар-

найы киім тіккізу де қалыптасып келеді. Бір ғана мысал: әріптес журналист Жарылқасын Нұсқабайұлы кызын ұзатқанда қалыңдық пен күйеуге арнап Өзекең өз пішімімен арнайы киім үлгілерін тіктіріп, этнографиялық тұрғыдан киіндірген еді. Ертеректе өзінің тұңғыш ұлы Ниетжан үйленгенде де қазақтың ұмтыла бастаған киім үлгілерін жаңғырта пайдаланған. Кіші ұлы Бауыржан мен келіні Гауһардың неке тойында да елдің алдына ұлттық киіммен шығарған. Гауһардың басына кигізген қасаба-сәукеле ол кісінің арманының орындалғаны. Ө.Жәнібек қасабаның әр маржанын, әр қаралы мен бириюзасын, өз қолымен қадап, қас шебердей тер төккен екен. Бұл үкілі қасаба сәукеле «Қазақ киімі» кітабында көрсетілген. Тіпті өзі дүниеден өтерінен біраз күн бұрын жақында көз жұматынын, сонда ұрпақтары ақтық сапарға қалай шығарып салу керектігін аманат етіп айтқан сәтінде келіндері, қыздарының ауа көк түсті орамал тартулары керектігін, ұлдары қарына көк шүберек байлауы қажеттігін ескерткен екен.

Ө.Жәнібек ұлттық киім үлгісін өнер тұтқан, одан ұлттың азаматтық тарихын тапқан жан.

ҰЛТТЫҚ АСПАПТАР ТАРИХЫ

Қазақ халқының ұлттық аспаптарының түп тамыры елдің ежелгі заманнан қалыптасу тарихымен, қазіргі археологиялық ізденістермен, жазба деректері мен далалық экспедициялардың зерттеулерімен дәлелденген ескі аңыз-әңгімелер мен батырлар жырларында айтылған мағлұматтармен ұштасып жатады. Өзге түркі тілдес халықтарда кездесетін музыкалық аспаптардың пайда болу, даму, қолдану тарихы біздің халық аспаптары тарихына ұқсас. Рулық қатынастарға, олардың әдет-ғұрыптарына байланысты дәстүрлі әуен баяу дамыды. Олар рулық, отбасылық жиындарда орындалатын

әуендерді музыкалық аспаптардың сүйемелдеуінсіз орындады. Қазақтың саз аспаптық мәдениетінің өте ерте заманнан қалыптаса бастағанын археологиялық қазба жұмыстары да дәлелдейді. Мысалы, Қойқырылғанқаланы (ежелгі Хорезм) қазғанда археологтар осыдан 2400 жыл бұрын, қазіргі домбыраға өте ұқсас, қос ішекті аспап ұстаған әуезшілердің қыш мүсіндерін тапқан. Көне әуез аспаптарын зерттеуші ғалым Р.Л.Садоковтың жазуына қарағанда, бұл ұқсастықты олардың қолындағы аспаптың бес бұрыш шанақты, ұзын мойынды және қос ішекті болып келгендігінен аңғаруға болады. Әуезшілердің кең балақты шалбар киіп, қолындағы аспапты ауылдағы домбырашылар сияқты түрегеп тұрып ойнағанда бас жағын төмен қарата ұстағаны да қазақпен тектес, қиын-қыстау заманда Хорезмге терістік жағынан тосқауыл болған ертедегі аралдық тайпалармен байланысты. Ө.Жәнібектің пікірінше, «Ежелгі Тараздан табылған, көне түркі дәуіріне тән, VII-VIII ғасырларға жататын, бұрын жоғары жағында қос «мүйізі» болған, түп жағында дыбыс беретін қуысы бар, ішіне құмалақ тас салынған қыш дүңгіршек те баланың қабілетін дамытуға бейімделген ойыншық іспетті аспап болғандығымен құнды. Ал, ежелгі Отырар мен Ақтөбенің (Жамбыл облысы) орнын қазғанда табылған, X-XII ғасырларда жасалған үшкірік, флейтаның және уілдек секілді тағы бір аспаптың жұрнақтарының, егер біз этнологиялық, әуездік археологиямен айналысатын болсақ, көп жағдайлардың бетін ашуға көмектесетіні даусыз.»

Қазір Алматыдағы халық аспаптары музейіне қойылған, X-XII ғасырларға тән, қыпшақ дәуірінен қалған тас мүсінде қолына садақ-монохорд ұстаған адам бейнеленген. Ал, монохорд аңшының жебелі садағының негізінде жасалған иілме арфаның ең көне түрі болып табылады. Р.Л.Садоковтың айтуынша, иілме арфа сыртқы күштердің ықпалымен болатын тұр өзгерістерінен аман, жергілікті халықтың өзіне ғана тән нәрсе. Сондықтан біз бұл мүсінде С.Қасиманов суретте-

ген садакка ұқсас етіп иілетін қазақ адырнасының нұсқасы бейнеленген деген пікіргетокталамыз. Себебі, Ө.Жәнібектің пікірінше, «тас мүсінде мұндай аспап ұстаған адам бұрын еш жерде кездеспеген жағдай».

Халық аспаптарының зерттелуі жайлы Ө.Жәнібек: «халық аспаптары жайлы алғашқы жазба деректер қазақ даласының перзенті, Шығыстың әлемге аты әйгілі ғұламасы Әбу Нәсір әл-Фарабидің еңбектерінде, X-XIV ғасырларда бізде болған араб-парсы, европа саяхатшыларының жолжазбаларында кездеседі. Бірқатар әуез аспаптарының сипаттамасы А.Левшиннің, Ш.Уәлихановтың, И.Георги, Г.Потанин, С.Рыбаков сияқты зерттеушілердің еңбектерінде бар» – дейді.

Ө.Жәнібек зерттеулерінде мынадай дерек келтіреді: «Бір қызығы Әбу Нәсір әл-Фарабидің жазып қалдырғандарына қарағанда, қазіргі домбыраға ұқсас бұрынғы танбурлардың тұрақты және жылжымалы пернелерінің болғаны. Шамасы, халық арасында кездесетін қос ішекті, аша, қуыс мойын, кең шанақты, ішіне де ішек тартылатын көп ішекті (оны іші ішекті деп те атайды) домбыралар, шіңкілдек, тағы басқалар жергілікті жағдайға ғасырлар бойы қалыптасқан орындау тәсілдеріне қарай әр түрлі бағытта дамыған аспаптар болса керек».

Музыкатанушы О.Бейсенбекұлы Ө.Жәнібектің пікірін былай сабақтайды: «әл-Фарабидің философиялық ой-көзқарастары ішінде қазақ музыкатанушылары үшін аса құнды еңбегі – «Музыканың ұлы кітабы». Бұл кітабында әл-Фараби музыкатану, оның ішінде аспаптану ғылымының да негізін қалайды. Фарабиден кейін де халықтың мәдени өмірінде ерекше орын алған тұлғалар – Хакім Ата (XII ғ.), Ғаме (XIII ғ.), Дүрбек, Сейф Сарай (XIV ғ.), Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұн мұраларынан да аспаптарға қатысты деректерді табуға болады».

XV-XVIII ғасырлар аралығында қазақ музыкалық аспаптары жайлы мәліметтерді эпостық жырлардан, аңыз ерте-

гілерден, ақын-жыраулардың шығармаларынан табамыз. Мысалы: «Алпамыс батыр» жырында:

Керней-сырнай тарттырды,

Даңғара, дабыл қақтырды.

Кіш-міш, мейіз жегізіп,

Шұбар атты бақтырды – делінеді.

Бұдан шығатын қорытынды – осы кезеңде музыкалық аспаптарды тану немесе таныту халықтық сипат алды.

XVIII ғасырдың ортасынан бастап қазақ музыкалық аспаптары сырттан келген саяхатшы-этнографтар назарына іліне бастады. Паллас, Гмелин, Иоганн Георгий, И.Г.Андреевтер XVIII ғасырдағы қазақ музыка мәдениеті жөнінде құнды деректер қалдырды. Ал XIX ғасырда жезтандай ақын, күміс көмей әнші, балбармақ күйші, ұста, шеберлер халық өнерін биікке көтеріп, қазақ музыкасын дамытты. «XIX ғасырда қазақ аспаптары туралы көптеген мақала, очерк, талдаулар жарық көрді. А.И.Левшин, А.Е.Алекторов, Р.А.Пфенниг, Ш.Ш.Уәлиханов, А.Эйхгорн, С.Г.Рыбаков қазақ аспаптары туралы салиқалы сөз жазып, кейінгілерге құнды деректер қалдырды».

Қазақ музыкалық аспаптарын зерттеуде, жарыққа шығарып, насихаттауда Болат Сарыбаев көп еңбек етті. Ол туралы Б.Г.Ерзакович: «Архивтік, әдеби, археологиялық материалдардан, эпикалық әңгімелерден және халық арасынан сұрастыру, жинау арқылы ол қазір қолданылып жүрген домбыра, қобыз, сыбызғы, дауылпаз сияқты аспаптардан басқа қазақ халқы өткен замандардан пайдаланған 25 түрлі аспапты тапты. Бұл музыка аспаптары Б.Сарыбаевтың басшылығымен жүргізілген реставрациялық жұмыстар нәтижесінде алғашқы қалпына келтіріліп қана қойған жоқ, сонымен бірге ғалым олардың бәрінде де ойнай білді, басқа орындаушылармен бірге ансамбльге қатысты, концерттерде және граммафон пластинкаларына түсірді» – деп жазады.

Ө.Жәнібек зерттеушілердің, әсіресе, профессор Б.Сарыбаевтың талдауларына сүйеніп, аспаптардың көпшілігінің бірыңғай тұтас тарихи және мәдени кеңістікте сақталғанын, өздерінің құрылымы мен дыбыс ерекшеліктері жағынан басқа халықтардікін қайталай бермейтінін, тіптен бізде қалыптасқан аспаптық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін аңғартатын тембрлік-дыбыстық қасиеттерін, ойнау тәсілдерін ескере отыра, қазақтың халық аспаптарын жалпы ұлттық және фольклорлық деп екі топқа бөледі. Жалпы ұлттық аспаптарға А.Затаевич айтқандай, Қазақстанға кең тараған, халық күйлерімен әуендерін де, классикалық әуезді де орындауға кеңінен пайдалануға болатын домбыраны, кобызды, сыбызғыны жатқызуға болады.

Ал, көбіне фольклорлық-этнологиялық кеңістікте сақталған уілдек, сазген, дабыл, даңғара, шаңдауыл, дауылпаз, дұдыға, желқабыз, желбуаз, тоқылдақ, тұяқтас, асатаяқ, керней, адырна, шартылдауық, сақпан, дүңгіршек фольклорлық аспаптар болып табылады. Сонымен бірге бұлардың қатарына «жасалу тәртібіне қарай құрылым-түзілісі, әуездік қатары, дыбыс шығару тәсілі көршілес халықтардан алмасқан сырнай, кепшік, жетіген, бұғышак, шаңқобыз (шаңғауыз), ауызсырнайды қосуға болады».

Қазақ аспаптарының бірқатары, әсіресе ұрмалыларының басым көпшілігі бұрын жаугершілікте әр түрлі қашықтыққа тиісті хабар беру үшін, екіншілері аң аулау кезінде құстарды ұшыруға немесе аңдарды тосынға қарай ығыстыруға пайдаланылса, үшіншілері бақсының сарынын, ғұрыптық билерін сүйемелдеуге бейімделген.

Ө.Жәнібек зерттеуіне сүйенсек, «XVI-XVII ғасырларға тән халық дастандарында аса екпінді дыбыс шығаратын, шамасы түмен бірге қан майданға алып шығуға арналған аттаныс дабылы жайлы айтылған. Оның аумағы кең, екі жағына бірдей ұқсатылған інген терісі қапталатын болған. Оны әр түрлі етіп соғу арқылы дабылмен жаудың жақындаға-

нын хабарлап, ұрыс қимылдарын бастау немесе оны кенет тоқтату қажеттігі жайлы дыбыс беретін болған. Ал, дауылпаз, шыңдауыл болса негізінен аңшылыққа, даңғыра, кепшік той-думан кезіндегі қызықшылыққа арналған. Асатаяқ, сылдырмақ сияқтылар бізге көпшілік жағдайда «бақсы ойыны» арқылы жеткен. Шартылдауық сақпан, шың болса, көбіне атыздағы тары қорығына пайдаланылған Нәм баланың қабілетін дамытуға негізделген ең қарапайым аспаптар болып табылады».

Ө.Жәнібек халқымыздың аспаптық мәдениетінің ерте заманнан қалыптасқанын біреу білсе, екіншісінін білмейтінін, тіпті, «қазақта кобыз бен домбырадан басқа аспап болмағам» деген қасаңқы пікірдің кеңінен тарағанына жауап ретінде Алматыда қазақтың халық аспаптары музейін құруға басшылық етті. Көне әуез аспаптарын уағыздау, жинау, зерттеу және дыбыстандыру ісіне ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында белгілі өнер зерттеушісі, профессор Болат Сарыбаев, қазақтың аспаптық мәдениетінің білгірлері Садық Қасиманов, Омар Хаймолдин көп еңбек сіңірген болатын. «Уақыт талқысынан өткенімен, көміліп қалған көмбе іспетті болып, әртүрлі себептермен ұмыт қалған, тіпті із-түзсіз құрып бітуге айналған бірқатар әуез аспаптарын қайтадан іске қосу, оларға байланысты орындаушылық дәстүрлерді қайта қалыптастыру жұмысы қолға алынды. Ол үшін археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелеріне, жазба деректерге аңыз-ертегілердегі, ел аузындағы мағлұматтарға үңілуге тура келді. Тұңғыш рет қазақ әуез аспаптарын ғылыми тұрғыдан жіктестіруге бетбұрыс жасалды» – деп жазады Ө.Жәнібек мемуарында. Музейдің тақырыптық-экспозициялық жоспарының негізіне Б.Сарыбаевтың Хиуада (Өзбекстан) өткен конгресте жасаған ғылыми баяндамасы алынды. Ө.Жәнібектің тікелей басшылығымен ұйымдастырылған музейдің ауыртпалығы оның алғашқы директоры Жарқын Шәкәрімовтің, аспапшы-шеберлер Оразғазы Бейсенбаев-

тың, Дәркембай Шоқпаровтың үлесіне тиген еді. Ал, негізгі қиыншылық – экспозицияны орналастырудың қайсыбір аспаптарды қайта іске қосумен, дыбыстандырумен қатар жүргізілгендігінде болатын. Оның үстіне халық аспаптары өлі экспонат болғандықтан өзінен-өзі келушілерді баурап ала бермейтін. Сондықтан аннотациялардың үстіне аспаптарда ойнап отырғандардың суреттері берілді. Бұл да тартымды болмайды. Енді әр экспонаттың астына аспаптың үні жазылған таспа қойылады. Бұл шара да музей жасаушыларды қанағаттандырмайды. Көп ізденістің нәтижесінде Ө.Жәнібектің басшылығымен музейге келгендерге өнер көрсететін, көне әуез аспаптарынан құралған «Сазген» халық әуез аспаптары ансамблі дүниеге келді. Ансамбль мүшелері тек қана көне аспаптарда ойнап қоймай, оларды дыбыстандырумен, концерттік дағдыға ендірумен айналысты. Сөйтіп, музей халық аспаптарының тарихынан, ойнау тәсілдерінен толық мағлұмат беретін және қазақтағы аспаптық мәдениеттің жетістіктерін насихаттайтын әуездік кешенге айналды.

Осы жерде айта кетерлік жағдай – «Ө.Жәнібек «Сазген» ансамблінен басқа, «Шертер», «Адырна», «Алтынай» сияқты фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерді құруға, оны ұйымдастыру жұмыстарына басшылық жасады». Нәтижесінде әр ұлт аспаптардың өзіне тән дыбыстары ансамбль құрамында ерекше шығып, ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық нақыштарымызды тірілтті. Ұлттық аспаптарда ойнайтын ансамбльдер көбейді, олардың шығармашылығы халық арасында үлкен беделге ие болды. «Отырар сазы», «Сазген», «Мұрагер» сияқты ұлт-аспаптар ансамбльдерінің сол кезеңде халық сүйіспеншілігіне бөленуі – сөзіміздің айғағы. «Қазақстанның халық әуез аспаптары музейін ұйымдастыруға, оның оңайға түсе қоймаған экспозициясын құрастыруға менің бақандай екі жыл уақытым кетті» – деп жазады қайраткер мемуарында. Өз қолымен жасаған осындай музейдің

кейінгі тағдырына Ө.Жәнібек қынжылыс білдіреді: «Өкінішке қарай, кейінгі жылдары музейдің ғылыми жұмысының деңгейін арттырумен Мәдениет министрлігі жөнді айналыса алмады. Музей құрылғаннан бергі он бес жылдай мерзімде ғылыми ізденіс арқылы әлдеқашан қалпына келтіріліп, қайта дыбыстандырылып, тұрмысқа, концерттік дағдыға енгізуге болатын қуыс мойын, іші ішекті, аша домбыралардың, сазген, адырна, бұғышақ, керней, сыбызғы, желбуаз, сырнай, үілдек, ауызсырнай секілді аспаптар сол экспозицияда орналастырылған өлі экспонаттар күйінде қалып қойды».

Өзбекәлі Жәнібектің ұлттық саз аспаптары жөніндегі еңбегі несімен ерекшеленеді?

Біріншіден, тарих қойнауынан музыкалық аспаптар атын анықтады.

Екіншіден, ол аспаптардың қандай қызмет атқарғанын, ерекшелігін айқындап, ғылыми сипаттамасын жасады.

Үшіншіден, көне саз аспаптарын өңдеттірді (реставрация).

Төртіншіден, өмірге қайта әкеліп, тұтынуға ұсынды.

Бесіншіден, көне саз аспаптарын жинақтап, тарихи жүйемен экспозициялап, ұлттық саз аспаптары музейін жасады.

БИ ӨНЕРІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ

Ө.Жәнібек – би өнерінің білгірі еді.

Ө.Жәнібектің айтуына қарағанда, қазақ би өнері өрімінде ата-баба әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты жатады.

Қазақша билеу суырып салма ақындықпен, бірігіп ән салумен, халық ойындарымен біте қайнасқан ел мұрасы. Ө.Жәнібектің еңбектерін оқып отырсаңыз, өмірі көз көрмеген, тіпті құлақ естімеген би өнерінің сан алуан түрлерін табасыз.

Егер ауыз әдебиетіне, жазба деректерге сүйенсек, би өнерінің, әсіресе оған арқау болған ежелгі «бақсы ойынының» көпшілік билері мен көкпардың оның рухани өміріне азық болғанын аңғаруға болады. Көптеген ұлттық билерге арнай баулитын мектеп болмағандықтан, ежелгі халық билерінің қалыптасқан көпшілігінің түрлерінің бізге жетпегені мәлім. Бірақ, ел есінде олардың мазмұны, оқиға желісі, өзіндік баурамы, мәнерлі қимылдары, сермеу тәсілдері қалды. Мәселен, «Торғай ән мен күй, биге бай өлке. Торғай елінде халық билері де, әсіресе оның «Айда балпым», «Қазақ биі» сияқты бір орында тұрып билейтін түрі, халықпен бірге жасасып келген көнекөз қарт бишілердің өнерінен аңғардык. Шамасы бұл дала жағдайында жұрт киіз үйге жиналғандықтан күріктің жетісе бермейтіндігінен туған жәйт болса керек. Әйтеуір өз бетім мұндайды тек Торғайдан ғана көрдім» – деп Ө.Жәнібек өзінің «Тағдыр тағылымы» кітабында атап көрсеткен.

Қазіргі кезде кейбір мамандар қазақта би болмаған деп кесіп айтады, әрине бұл дұрыс пікір емес. Тіптен мұның барлығын былай қойғанда, «бұрын қазақта би болмаған» есептейтін кейбір мамандарға жауап бере келе, халқымыздың ұлы перзенті, әлемге аты әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтың Шымкент тұрғындарымен бір кездескенде: «Бұрын халық арасында акын-жыршылармен, әнші-күйшілермен қатар ел қыдырып, ежелгі халық билерін орындаған ортекешілер, қулар, масқарапаздар да болған» – дегенін Өзбекәлі Жәнібек те өз құлағымен естіген екен.

XVII-XIX ғасырда бізде болған орыс саяхатшылары жинақталған материалдардан да қазақша билеудің қалың көпшілік тұрмысында орын тепкендігін аңғаруға болады. Мысалға алсақ, Т.Паулидің 1846 жылы шыққан «Россия халықтарының этнографиялық сыпаттамасы» деген кітабында «Дәулеткерейдің үйіндегі думан» деген сурет берілген. Мұнда халық аспаптарының сүйемелдеуімен билеп тұрған жігіт бейнеленген.

Би өнерімен бұрын көптеген әншілер, ақын-жыршылар да айналысқан. Мәселен, Семей өңірінің топжарғаны, асқан әнші, композитор Берікбол Көпенев сахнасы жоқ аулаға жиналатын жұрттың талабына сай екі аяғына бақан байлап билейтіндігі үшін «Ағаш аяқ» атанған екен.

Қазақта би өнерін дамытуға үлес қосқан әнші композитор Шашубай Қошқарбаевты, суретші Әбубәкір Ысмайыловты, қазақтың тұңғыш кәсіби бишісі Шара Жиенқұлованы т.б. атап айтуымызға болады.

1934 жылы Бүкіл Қазақстандық Өнерпаздар слеті жөнінде өзінің естелігінде Қанабек Байсейітов: «Менің, әсіресе есімнен кетпейтіні бишілерінің көптігі. «Қазақта би жоқ, болмаған» дегенде таңдайлары тақ-тақ ететіндердің талайы сол слеттен кейін ойлап сөйлейтін болды» – деген.

Бізге белгісіз халық билері өте көп. Олардың ішінде бірен-сараны ғана бізге белгілі болып отыр. Ал Өзбекәлі Жәнібек бізге беймәлім халық билерін зерттеуден жалықпаған. Мереке, жиын, той-думандарда үнемі биге көңіл бөлген.

1966 жылы Ө.Жәнібек бір басшының тойына барады. Онда жұрт билеп жатқан кезде қабырғаға сүйенген бір қарт кісіге көзі түседі. Жұрт «Твистке» басқан кезде әлгі кісі ортаға суырылып шығып, бүкіл денесін ойнақтатып белгісіз биді орындай бастайды.

Сол кеште қарт биші өзінің «ел қыдырған есер шақта» орындаған, «Ай қосақ», «Жез тырнақ», «Бала бүркіт», «Қазақтың қалмақ биі», «Құсбегі» т.б. билерінің оқиға желісімен, сермеу тәсілдерімен таныстырады.

Кейіннен олардың бірқатары көпшіліктің қатысуымен орындалатын ежелгі қыпшақ биі «Алқа қотанмен» бірге би өнерінің асқан шеберлері қатысуымен қайтадан қойылып, «Шертер», «Сазген», сол сияқты Алматы облыстық филармониясының «Алтынай» ансамбльдерінің репертуарына

енгізілгені жайында Ө.Жәнібектің «Уақыт керуені» атты еңбегінен оқуымызға болады.

Өзбекәлі Жәнібек қазақтың мәдениетін көтеріп, қазақ халқын дүние жүзіне танытуға көп үлес қосты. Ө.Жәнібектің камкорлығымен құрылған Алматы облыстық филармониясының «Алтынай» би ансамблі әлемдегі талай сахналарда қазақ биінің әруағын асырды, республикалық, еларалық фестивальдерде өнер ұжымдарымен иық теңестірді.

Қазақтың мерейін өсірді. Ол кісі «Алтынай» ансамблінің негізін қалаушы ретінде Қазақ КСР өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, балетмейстор Ольга Всеволодовна Галушкевичті үнемі айтып отырған.

Өзбекәлі Жәнібек Ольга Всеволодовна Галушкевичпен 1971 жылы Москвадағы Шепкин атындағы училищеге келген кезінде танысқан. Соңғы 20 жылдың ішінде ол Қазақстанға көбірек келіп, Арқалық, Алматы, Шымкентте бірнеше рет болған, ұлттық билерді сахналаған.

Бірде Өзбекәлі Жәнібек оның ескі деректерді жинап, көне билерді қалай құрастыратындығын өз көзімен көреді.

Алматыдан онша алыс емес Үмбетәлі ауылына О.В. Галушкевичпен келеді.

Жамал Қырғызбаева деген әжей 90 жаста еді. Жамал әжей ешқандай да орыс тілінде сөйлемейтін, ал біздің қонағымыз болса, қазақ тілін білмейтін. Бірақ небары 10 минут ішінде бір-бірінің колдарын ұстап көне биді үйренді.

Бұл ұлттық би «Киіз басу» болатын. Кейіннен бұл би «Алтынай» би ансамблінің репертуарына енгізілді. Би жайында осындай әңгімелер Ө.Жәнібектің «Уақыт керуені», «Өзбекәлі Жәнібек туралы естеліктер» атты кітаптарында жазылған.

Ольга Всеволодовна Галушкевичтің жазып алуымен көптеген халық билерін «Алтынай» би ансамблі орындаған.

Би-халық тұрмысының көрінісі. Қай биге қарамаңыз өз халқының тұрмыс тірлігін бейнелейді. Қазақ биі де халықтық

тұрмыс-салттың айнасы. Би эстетикалық құрал, ол сөзсіз дене сұлулығына тәрбиелейді.

Қазақтың ұлттық билерінің сахнаға енуіне көп еңбек сіңірген ұлттық музыкалық театр режиссерлары Жұмат Шанин, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов т.б. болды.

Тағы бір айта кететін жағдай – қазақтарда бұрын Орта Азия мен Шығыс Түркістанда әдетке айнала қоймаған «Қоян-бүркіт», «Келіншек» сияқты жұптық билер де болған.

Қазақ билерінің өзіне тән тәсілдері де ерекше.

Қазақша билеу көбіне топтасып ән салумен, қыздар мен жігіттердің айтысымен «Ақ терек пен көк терек», «Көрші», «Арқан керу», «Той бастар» т.б. ойындармен, кәде-жоралығылармен де байланысты болған.

Қазақтың ұлттық билерін қайта өмірге келтіруге Өзбекәлі Жәнібек барынша атсалысты.

Көп адам біле бермейді, басқа істерімен қатар қыздардан құрылған ансамблге «Айгүл» деп әдемі ат тауып берген де, тасқа қашалып салынған көне суреттерге сүйене отырып бұрынғы заман билерін тірілтіп, сол билерді халыққа жеткізім деп «Алтынай» халық би ансамблін құрған да – Ө.Жәнібек. Бұл ансамбль Непалдағы Қазақстан күндерінде қазақ билерінен құрастырылған қызғылықты бағдарлама ұсынып, жиналғандардың көңілінен шыққан. Тіпті Непал халқының кейбіреулері қазақ биінің бұрамы, орындау тәсілдері, киім ерекшеліктері, мәңгі есте қаларлықтай бояу-нақышы қатты ұнағандығы туралы шығып сөйлеген. Катмандудағы кеңес мәдени орталығының қызметкерлері таңданғанын жасыра алмай, «біз қазақта дәл осындай жоғары билеу мәдениеті бар деп ойламаған едік» деген сияқты сол кезде айтылған пікірлер «Тағдыр тағылымы» атты кітабында жазылған.

Қазіргі таңда біздің заманымызда жастар көбіне батыс мәнеріндегі билерді ұнатады, соларға көбірек еліктейді.

Қандай да бір жиын, мерекелерде, ойын-сауықтарда басқа ұлттың билерін орындауға икемделіп тұрады. Ал өзіміздің ұлттық билерімізге көңіл аз бөлінеді. Бұған ең бірінші себеп халық билеріне арналған арнайы музыкалық әуендердің аз жазылуы деп ойлаймыз. «Жасыратыны жоқ, бізде Е.Брусилловский, М.Төлебаев, А.Жұбанов сияқты аға буынның өкілдері болмаса, халық билеріне арнайы музыка жазған не жазып жүрген композиторлар шамалы» – деп Өзбекәлі Жәнібек те күйіне айтып кеткен.

Тағы да бір айта кететін жай – би қойғанда халық әуендерін пайдалануға тура келгендіктен оны әннің атымен атай салу кеңінен өріс алған. «Қимыл билері шұбалаңқы, бірін-бірі қайталай беретін «Қос алқа», «Айжан қыз», «Сәулем-ай», «Қарлығаш» билері, міне осындай туындылар» – дейді Өзбекәлі Жәнібек қазіргі билерге көңілі толмай. Бұл – би өнерінің ішкі иірімдеріне дендеп енген, би этикасын жете меңгерген өнертанушы ғана айта алатын сөз.

ОТЫРАР ӨРКЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУШІ

Әрбір ұлт, мемлекеттің даңқты шаһарлары болады. Олар сол халықтың ерлік тарихын паш етіп жатады. Отырар – қазақтың осындай даңқты шаһарлар қатарында.

Отырар – қазақтың ежелгі және ортағасырлық қалаларының бірі. Бұл қаланы көптеген ғалымдар зерттеу нәтижесінде бірнеше кітаптар жазған. Соның ішінде атап айтсақ, Ө.Жәнібеков пен Ж.Нұсқабаевтың 1997 жылы жарық көрген «Ежелгі Отырар» альбом-кітабы. Кейбіреулер Ө.Жәнібекті бұл кітапты өзінің туған жері Отырар болғандықтан жазған деп айтуы мүмкін. Ал шындығында Ө.Жәнібек жалпы қазақ халқының мәдениетін, тұрмыс-салтын Отырар қаласының өркендеп дамуымен байланыстыра зерттеген, оған «Отырар өркениеті» деген ат берген.

Қазақ тарихында қазақ халқының шыққан тегін, мәдениетін, тұрмыс-салтын қалыптастыруда, қазір біздің көз алдымызда үйіндісі жиырма гектарға көсіліп жатқан ежелгі Отырар қаласының және ол дүниеге келтірген Отырар өркениетінің алатын орны ерекше.

Ежелгі Отырар арқылы көшпелі қазақтың арғы атасы отырықшылық әлемімен танысқан, сауда-саттыққа үйреніп, халықаралық қатынастар шеңберіне іліккен.

Егер тарихқа сүйенсек ежелгі қала мен дала халқының тығыз қарым-қатынаста болғаны белгілі.

Бұған дәлел ретінде Ө.Жәнібек өзінің екі кітаптан бас құраған «Тағдыр тағылымы» атты мемуарлық жазбасында былай деп жазды: «Ежелгі Отырар дала тұрғындары үшін де, қала халқы үшін де өз үйі, өз ошағы болып қала берген». Егер қалаға жау шаба қалса, қала халқына дала халқы қосылып қарсы тұрған.

Отырар қаласы өркендеген кезінде аумағы 200 гектарға созылып, ортағасырлық қалалар секілді негізгі үш бөліктен – бұрыштарында, қақпа үстінде күзет мұнаралары болатын бекіністі қамалы бар хан сарайы, қазына, үзірлік мекемелері, сарай мешіті, күзет гарнизоны орналасқан ордадан, қорғанмен қоршалған керуен-сарай, мешіт-медресе, ханака, тұрғын жайлардан құралатын іскер қауым мекені – ішкі қаладан: құрамында маманданған шеберханалары, ұстаханалары, базарлары, моншалары, мөлтек мешіттері болатын қарапайым халық пен қолөнершілер тұрағы – тысқы қаладан тұрғаны туралы «Ежелгі Отырар» атты кітабында көрсетілген.

Осыншалықты дамып, шарықтау шегіне жеткен қаланың құландысы небары 20 гектарға жайылып жатқан, ғылымға Отырартөбе деген атпен белгілі жерге қарап біз бүкіл қаланы көзге елестете алмаймыз. Отырартөбенің де қаланың басқа аймақтары сияқты тып-типыл болып жойылып кетпеуіне байланысты ғалымдар әртүрлі пікір айтады.

Археологтардың айтуынша, Отырардың берік қамалы, айнала қазылған сулы ор үстіндегі аспалы көпірмен жабдықталған үш қақпасы болған. Олар арқылы жұрт мұқият орналастырылған көшелермен қала алаңына шығатын болған. Ақша соғатын орынның, қолөнершілер тұрағының, су құбырының, нәжіс желісінің болуы мұндағы қала тіршілігінің орта ғасырларда кең қанат жайып, астаналық сипатта болғандығын көрсетеді.

Қаланың өмір сүруден қалуының өзіндік себептері бар. Көптеген адамдар оның күйреуін моңғол шапқыншылығымен байланыстырады. Отырар моңғол шапқыншылығынан кейін қайта бой көтергенімен тағдырдың тәлкегіне талай рет түскен қала. Ол әуелде Дешті Қыпшақты жайлаған көшпелі өзбектер мен Алтын Орда билеушілерінің қол астында болды. Онан кейін Темірланға бағынды, Қазақ хандығы мен Орта Азия мемлекеттерінің арасындағы қиян-кескі қақтығыстардың шеңберіне ілікті, жоңғар шапқыншылығын басынан кешіп, тағы да күйзеліске түскен.

IX-X ғасырларда Оңтүстік Қазақстан түгелдей мұсылманданған, бірақ Отырар тұрғындары арасында жаңа дін бірден орныға қоймаған. Дегенмен, мұсылмангершілік қала халқынан қызу қолдау тапқаннан кейін мешіт, медресе, т.б. діни орындар салына бастаған. Археологтар X ғасырдағы алғашқы мешіттің қалдығын Кедер қаласының орнынан тапқан.

Сол кезден бастап қала сыртында мұсылман зираты да пайда болған. Мұнда кейін ел аузында «Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб, Сайрамда сансыз баб, ең үлкені бабтардың бабы Арыстанбаб» деп дәріптелген исламды уағыздаушы, бүкіл мұсылман қауымына белгілі шейх Ахмед Ясауидің ұстазы Арыстанбаб жерленген. Арыстанбабтың күмбезі XII ғасырда тұрғызылып, Әмір Темірдің кезінде қайта жаңғыртылған күмбезі бізге жетпеген. Тек 1907 жылы ескі құрылыстың орнына жаңадан кесене мешіт салынған.

Отырарды және оған іргелес орналасқан қоныстарды ежелден-ақ Саңғыларық VII-IX ғасырларға дейін суландырып келген. Кейіннен IX-XIII ғасырларда каналға сұтартқыштар салынған. XIII-XIV ғасырларда каналдың тереңдеуіне байланысты Қаракөншек суландыру жүйесін салуға мәжбүр еткен. Ал XIV-XV ғасырларда Қаракөншек суландыру жүйесінің басынан 15 шақырымдай жоғарғы өзен арнасынан су тартатын Темірарықты іске қосқан.

Осындай суландыру жүйесінің жылдан-жылға дамып отыруы Отырар халқының күріш, тары, бидай, тағы басқа азықтық дақылдар егіп, мақта өсіргенін, жүзімдікпен бау-бақшамен айналысқанын көрсетеді.

XV-XVI ғасырларда Сыр бойындағы саяси өмірдің тұрақталуымен егіншілік қайта жандана түскен. Осы тұста диқаншылықпен, сауда-саттықпен айналысатын отырықшы қазақтың саны көбейе бастаған. XVII ғасырдың екінші жартысына қарай жаугершілікпен суландыру жүйесі бірте-бірте қысқара берген. Ал егістік көлемі тарыла түскен. XVI-XVIII ғасырларда орыс деректерінде Отырардың қазақ хандығындағы қала екені, соңғы деректе оның 40 үйі ғана бар шағын қаланың дәрежесіне дейін құлдырағаны айтылған.

Ел аузында Отырардан Түркістанға, Сайрамға дейін апаратын жер асты жолы бар деген аңыз бар. Бірақ бұл шындығына келгенде жол емес, құпия су құбыры болуы мүмкін. Өкініштісі бұл үңгірдің 20 метр бөлігі ғана сақталыпты. Ө.Жәнібек құбырды ел басынан қиын-қыстау өткен кезде қала халқы құпия су құбырын түгелдей тартып үлгере алмағандықтан, қаланың орталығынан сыртқа шығып кете алатындай етіп халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін пайдалануы мүмкін деген өз пікірін айтқан. Ол 1939 жылы Отырартөбеге жақын Талапты деген арықпен су жібергенде судың бір шұңқырға кете бергенін көрген. Бірақ есейгенде сол жерді іздеп таба алмаған, бәлкім археологтардың тапқан су құбыры соның бір бөлігі болар.

XV ғасырдан бастап бұрынғы сауда керуендерінің мұнда келуі бірте-бірте тоқтала бастаған. XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде соңғы тұрғындары тастап кеткен Отырар, он сегіз ғасырдан астам өмір сүрген ұлы қала, бүгінде өзінің ауқымымен таң қалдыратын алып төбеге айналған.

Отырардың көп ғасырлық қабат кыртысынан К.Ақышев, К.Байпақов, Л.Ерзакович сияқты археологтар қала өмір сүре бастаған алғашқы жылдардан XVIII ғасырдың бастапқы ширегіне дейінгі заттық мәдениет ескерткіштерін тапқан. Ө.Жәнібек табылған заттың айғағы, ескерткіштерді пайдалана отырып, қазіргі қазақтың тұрмысы мен мәдениетін байланыстыра зерттеген.

Отырар өркениетін Отырар мен оның өзінен кем түсе қоймайтын іргелестері Көкмардан, Кедер, Қарақоныс, Шілік, Отырардың тікелей ықпалында болған Иасы, Сауран, Сығанак, Шорнақ, Қарнақ секілді ортағасырлық қоныстар қалыптастырған. Отырар аймағынан біздің көптеген ғұламаларымыз, атап айтсақ: Әбу Насыр әл-Фараби, Ғаббас Саид әл-Жауһари, Ахмед Ясауи, Ысмаил әл-Отырари сияқты энциклопедист ғалымдар, ал кейінірек Дәуіт Әділбақи Түркістани, Қадырғали Жалайри, қазақ арасынан Ақтамберді, Майлықожа, Құлыншак секілді ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің өрбуі Отырар өркениетінің кезінде шарықтап дамып, Қазақстан тарихында өшпес із қалдырғанының белгісі.

Бұрын бәрімізге Отырардың ұлы перзенті Әбу Нәсір әл-Фарабидің есімі ғана белгілі болса, қазір туған елінде тұрақтап, ғылыммен айналысқан Әл-Фарабилердің өзі он болып отыр. Олардың тек атын атап қоймай, шығармаларына талдау жасап, нақты деректер келтіріп филология ғылымының докторы, профессор Әбсаттар Дербісәлі көп жылдық ізденісінің нәтижесінде 1995 жылы «Қазақ даласының жүлдыздары» атты еңбегі жарыққа шықты. Бұл кітаптың кіріспе сөзін Ө.Жәнібек жазған. Ә.Дербісәлі отырарлық ғалымдар-

дың өмірі мен қызметіне қатысты мағлұматтарды Сирия, Марокко, Тунис секілді елдердегі бүкіл шығыс мәдениетінің мақтанышы болған кітапханалар мен қолжазба қорларынан, Батыс пен Шығыстың дуалы ауызды даналары мен шығыстанушы ғалымдардың еңбегінен тапқан.

Отырар жанындағы деректер көбіне араб, парсы тілді авторлардың еңбектерінде кездесіп отырады.

Ө.Жәнібек мемуарында былай деп жазды: «Отырар өркеніетінің біз үшін аса маңызды болатыны – ең алдымен оның қазаққа тән құрылыс ісінен, әсіресе үй тұрғыздан суландыру тәсілдерінен, еңбек құралдарынан, әуез аспаптарынан, қолтума өнерден көрінетіні. Бұл оның қазақ мәдениетінің ізашары болғандығын дәлелдей түсетін жайт».

Ө.Жәнібектің негізгі зерттеу бағыты қазақтың тұрмыс-салты мен өнері, мәдениеті екені белгілі. Ол жалпы Оңтүстік пен Отырардың мәдениетін байланыстыра зерттеген.

Отырардан табылған бір бөлмелі, екі немесе үш бөлмелі тұрғын үйлер біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықтың аяғынан бері Қазақстанның Оңтүстігіне тән құрылыс нұсқалары болып табылады. Отырардағы қазба баспаның негізгі нұсқасы – дәлізді немесе түнекті бөлме, сол сияқты көп бөлмелі тіркеспе, археологтар К.Ақышев, К.Байпақовтың, Л.Ерзаковичтің айтуына қарағанда, отырықшы қазақтың үйлеріне ұқсас. Қазақта бұрын итарқасы шаруашылыққа қатысты қосалқыларымен бірге жабылатын екі, үш бөлмелі үйлердің болғанын археологтар растайды.

Сыр бойының отырықшы және жартылай отырықшы халқының бірінде өздері тұрып, екіншісінде қонақ күтетін, ортасы асхананың да міндетін атқаратын дәлізбен ажырасатын, теріскей жағынан өн бойына астық құятын түнек орналастырылатын қарсы есікті қоржын үйі де Отырардағы баспананың баламасы екені туралы Ө.Жәнібек «Ежелгі Отырар» атты кітабында көрсеткен.

Отырардағы баспананың жатақ бөлігінде шеті күйген қышпен қаланған суфалары болса, қазақ үйінде оның тікелей баламалары болып табылатын қам кесектен соғылған суфа, ағаш сәкі кездесіп отырады. Отырардағы қазба үйіндегі ошақ құрылымы мен қызметінің төркіні жағынан қазақтың жерошағына сәйкес келеді.

Ғалымдардың айтуына қарағанда, Қазақстанның басқа аудандары сияқты Отырар халқының көпшілігі қыста қалада, жазда азын-аулақ мал ұстап, диханшылықпен айналысуға мүмкіндік беретін қала сыртындағы егістігі мен бау-бакшасында орналасқан үйлерінде тұрған. Дәл осы дәстүр Сыр бойының қазағында да 40-жылдарға дейін сақталған. Мұнда да жұрт қыс айларын қыстағында өткізіп, жазда сол маңайдағы көкөріске көшіп шығып, киіз үйлерде тұрған.

Отырардан қазып алынған астық құятын хұмдарға, су таситын құмыраларға, ыдыс-аяққа қазақ руларының таңбасын салатын дәстүрдің де қолтума өнерді қазақ тұрмысымен байланыстыратыны анық.

Кедерде (Құйрықтөбе) X-XI ғасырларға жататын тұрғын үйдің орнын қазғанда саздан құйылған маска үлгісі табылған. Мұның өзі Қазақстанда орта ғасырлардан бастап ойыншылардың болғандығы, тіпті одан да бұрын болуы мүмкін деген ой туғызады.

Отырардың әртүрлі бөліктерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының барысында, қаланың өзара сәйкес келетін үш қабат қыртысынан соңғы ғасырларға жататын құнды мағұлыматтар алынған.

Л.Б. Ерзаковичтің қазба жұмыстары арқылы табылған ақшалардың стратиграфиясына ашылған көнбелердің қайсы бір оқиға қарсаңында немесе дәл соның кезінде жасырылғанына көңіл аударып қана қоймай, бізге жеткен қазба деректерге сүйене отыра, қаланың соңғы қыртысын қиянқилы XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың екінші

жартысына жатқызған. Қазба жұмыстары мұндағы өмірдің соңғы кезеңінде бүкіл қаланы қамтыған үлкен өрт болғанын айқындайды.

Сөйтіп, Отырардың біржолата күйреп, өмір сүруден қалуына қандай оқиға себепкер болды? – деген сұраққа Ө.Жәнібек өзінің «Ежелгі Отырар» атты кітабында жас тарихшы, археолог Мұхтар Қожаев хабарлаған жайттарға көңіл аударуға болады деп көрсеткен. Ол Отырардағы соңғы оқиғалар жөнінде жазба деректердің жоқтығынан зерттеуші 1904 жылы Темір, Арыс Төле Байтерекөв айтып берген аңызға көңіл аударғаны құптарлық. Ол былай деген: Әмір Темірден 400 жыл кейін Түркістан өлкесіне қалың қолмен Қашғардан келген қолбасшы Алеку (Қожаевтың жорамалы бойынша жоңғарлар) ескі Ташкентті басып алып, Отырар жеріне жеткенде, қала халқы бір жарым жыл қарсыласып, ата-мекенін жауға бере қоймаған. Жау ескі Ташкентке қайтып оралуға мәжбүр болады. Алеку қыс бойы бүкіл әскермен арық қазып, қазіргі Ташкент уәлаятындағы Шыршық өзенінің суын Отырарға бұрып, қаланы суға алдырған да, өрт қойған.

Мұны әңгімеші Отырарды жұрттың ең соңында тастап шыққан Бабашөл дегеннің (ол оның бабасының досы болған Түркістан мен Шілікте тұратын ұрпақтарының) аузынан естіген.

Отырар тағдыры – осы жердің түп-тамырлары тұрғындары болған ата-бабамыздың тағдыры, қазақтың алғаш рет халық болып қалыптаса бастаған алтын бесігінің тағдыры. Өйткені біз үшін Отырартөбе Куликово аланы, Бородино аланы болып қала бермек.

Ө.Жәнібек те Отырар тарихын зерттей келе өз ойын болашаққа ұсыныс ретінде еңбектерінде былай деп айтып кеткен: «Қазіргі тапшылық жағдайда тікелей мүмкіндік болмағанымен, осы жерде ата-бабамыздың қаны төгілген қасиетті

жерде – Отырар камалының батыс қабырғасын, ондағы аспа көпірмен жабдықталған қақпаны қайта қалпына келтіріп, алдына алып монумент тұрғызуды, жарты жылға созылған ерлік қорғаныс кезіндегі «жекпе-жек» сайыс алаңын қалпына келтіруді осы бастан қолға алған жөн. Бәлкім, бізге Отырартөбенің өзін де тарихи және мәдени ескерткіш ретінде болашаққа сақтап қалу жағын ойластырған дұрыс болар. Отырарды сақтау біздің бүкіл дүниежүзілік тарих алдындағы парызымыз».

Біз Отырар өркениетінің қазақ мәдениетін қалыптастыруда аса маңызды роль атқарғаны жөнінде айттық. Бірақ әлі де болса Отырар өркениетін зерттеуіміз қажет.

Сонда ғана халқымыз Отырар өркениетінің заңды мұрагері ретінде өткеніне мақтаныш сезіммен қарай алатын болады.

Әрине, Ө.Жәнібек қамтып, әрі теоретик, әрі практик ретінде араласқан мәдениет саласы біз айтқан жайлармен шектелмейді. Айтылған жайлар арқылы біздің аңғартқымыз келіп отырғаны – ол мәдениеттің қай саласын зерттеп, назар аударса да оны орта ғасырлық, тіпті одан да әріге дейін апарып, халқымыздың азаматтық тарихымен сабақтастыра қарастыруы. Азаматтық тарихымызға ден қойғанда ол «Отырар өркениеті» аталатын термин енгізді. Бұл әсіресе отаншылдықтан туған жоқ. Бұл – қазақтың отырықшылдық мәдениетін жан-жақты зерттеуден туған кенеулі концепция болатын. Ол осындай концепция иесі, үлкен ғалым еді.

ҰЛТЫНА АДАЛ ҚАЙРАТКЕР ӨМІР ЖОЛЫ ӨНЕГЕЛІ

(Қысқаша өмірбаяны)

Өзбекәлі Жәнібек жөнінде баспасөзде аз жазылып жүрген жоқ. Бірақ, жарияланып жүрген материалдардың дені – естелік. Ел деп еміреніп еңбек еткен есімді ертеңге алып барар жанрдың бірі – естелік! Дегенде, абзал азаматтың ғылыми өмірбаяны түзіліп, рухани мұрасы сала-сала бойынша жүйеленіп, зерттеліп жазылуы керек деп ойлаймыз.

Қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібектің өмір жолы толы өнеге. Ол – тым тегіс те емес. Бұралаң-соқпағы да жетерлік. Уақыт өткен сайын өнегесі ұлғая берер, іздеушісі көбейе түсер қайраткер өмірінің әр асуы, әр белеңіне жіті назар салу қажет болады.

Өзбекәлі Жәнібек 1931 жылы 28 тамызда қазіргі Отырар ауданы Көксарай елді мекенінде жарық дүниеге келген.

Өзбекәлінің анасы – Қаныша есімді кісі. Өзбекәлінің жас шағында қайтыс болған анасының мәйіті Арыстанбаб кесенесі маңында. Анаға деген перзенттік шынайы пейілін қайраткер аталған мемуарлық толғамда өте әсерлі баяндайды. Тіпті тарыққан сәтінде екі рет түсіне аян беріп кіргенін де сағынышқа орап айтыпты.

Өзбекәлі Жәнібек, замандастарының айтуына қарағанда, мектепте үздік оқыған. 1948 жылы орта мектепті бітірген соң оқуға деген құштарлық оны Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтқа жетелеп әкеледі. Бұйрық болып, Абай атындағы Қазақ педагогика институтының тарих факультетіне оқуға түскен Өзбекәлі Жәнібек сабақты жақсы оқыған, институттың мәдени өміріне белсенді араласқан. Қазақтың сол кездегі режиссері, Мәскеуден оқу бітіріп оралған Асқар Токпанов институт студенттері жәрдемімен «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасы бойынша спектакль даярлай-

ды. Студент Өзбекәлі Жәнібек спектакльде «Мылқаудың» ролін кәнігі актерлерше орындаса керек.

Жоғары оқу орнын жақсы бітірген Өзбекәлі Жәнібек өмір жолын Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданында мектепте мұғалімдіктен бастаған. Сол кезеңде қатар қызмет атқарғандардың айтуына қарағанда, ұстаздық қызметке жас педагог жан аямай кірісіп кеткен.

Мектепте жүргенде оқушыларды өлкетанушылыққа көп үйретеді. Табиғатты сүйеге үндеп, ауылды тал, терекке толтырады. Осы жылдары еңбекші халықтың арасына барып лекция оқитын аудандық «Білім» қоғамының белсенді мүшесі болады.

Іскерлігімен, алғырлығымен, білімділігімен көзге түскен Ө.Жәнібек 1955 жылы тамызда Келес аудандық партия комитетінің аппаратына насихатшы қызметіне қабылданады. Сол жылы 19 қарашада Ө.Жәнібек ҚЛКЖО Келес аудандық комитетінің бірінші хатшылығына бекітіледі.

1959 жылы Өзбекәлі Жәнібек Оңтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайланады.

Міне, осы уақыттан бастап, Өзбекәлі Жәнібек ғажайып істердің ұйытқысы болды.

Соның бірі – жалынды жастар жетекшісі Ғани Мұратбаевқа ескерткіш қою. Ғ.Мұратбаев өмірінің дені – Ташкентте өтеді. Біраз уақыт Мәскеуде Коминтерн басшысы болғаны белгілі. Осыдан ой түйсек, Ғанидың ескерткішін ол кезде Мәскеуге қоюға да, Ташкентке орнатуға да болушы еді. Өзбекәлі Жәнібек сол игілікті істі Шымкент қаласынан бастаған. Осы ескерткіштің тарихы туралы жазушы Қалаубек Тұрсынқұлов Ө.Жәнібек жайлы естелігінде кеңінен баяндайды.

Міне, сол ескерткіш бүгінгі күнде Шымкент қаласында Оқушылар сарайының алдында елеусіз, жөндеусіз тұр.

1962 жылы 27-28 ақпанда Қазақстан комсомолының Х съезі болады. Съезден кейін наурыздың 1-жұлдызында өткен Орталық Комитеттің Пленумында Ө.Жәнібек Қазақстан комсомолының бірінші хатшысы болып сайланып, 1970 жылдың аяғына дейін осы қызметті атқарады.

Қазақстан Жастар Одағы жетекшісі ретінде Өзбекәлі Жәнібектің атқарған істері көп-ақ. Алда арнайы зерттелуге тиісті бұл мәселені тезис түрінде түйіп-түйіп айтумен шектелейік.

Бірінші – Ө.Жәнібекке дейін Қазақстан комсомолы бірінші хатшысы Бүкілодақтық комсомолдың Бюро мүшесі болып көрмеген екен. Өзбекәлі Жәнібек міне, осыған қол жеткізді. Бұл – аты бірінші хатшыныкі болғанымен заты Қазақстан жастарыныкі! Көп мәселе Орталықта шешілетін ол кезде Бюро мүшесі болудың мәні аса үлкен болатын.

Екінші – қазақ жастары екінші тың аталатын – мал бағуға жаппай шақырылып, үндеу тасталғанда, қызметінен қорықпай қарсы тұрып, қазақ жастары да кәсіп үйренуге тиісті деп, Орталықтағы ірі өндіріс орындарына жіберіпті. Сондай өндіріс орнынан өсіп шыққан тарихи тұлғаның бірі – Қазақстанның тұңғыш Президенті – Н.Ә. Назарбаев екенін ескерсек, Өзбекәлі Жәнібек бастамасының қаншалық нәтижелі болғанын осыдан-ақ көруге болады.

Үшінші – Ғанидың Мәскеудегі зиратын тапты. Басына ескерткіш қойғызды.

Төртінші – Қазақстан комсомолы Орталық Комитетіне арнап үлкен ғимарат салдырды. Бұл ғимарат сол кездегі бүкіл Одақтағы Жастар үйлерінің ең жақсысы деген бағаға ие болды.

Бесінші – оның ішінен Қазақстан жастары өмірін экспозициялайтын комсомол тарихы музейін жасақтатты.

Алтыншы – Қазақстан комсомолының пайда болуы, қалыптасуы, бүгінгі міндеттерін тұтас қамтитын кітап жазып, Мәскеуден «Молодая гвардия» баспасынан жарыққа шығарды.

Жетінші – Өзбекәлі Жәнібек жетекшілік еткен алпысыншы жылдары Қазақстан комсомолы Орталық Комитеті Республикада жылт еткен жастарды ортаға шақырып, творчестволық тұрғыдан ықпал етті. Оның сол кездегі жастарға қамқорлығы жайлы Әбіш Кекілбайұлы былай дейді: «... жаңа есімдердің көрінуі жастар сыйлығын алудан басталатын. Музыкадағы Еркеғали, Ғазиза, Шәмшілер, әдебиеттегі Әнуар, Олжас, Қадыр, Жүмекен, Тұманбай, Мұхтар, Оралхан, Сайындар, спорттағы Әбдісалан, Әбілсейіт, Темірлер қоғамдағы сахнаға осылай аттаған-ды. Хрущевтің «жылымық кезеңі» бітерде, әдебиет пен өнердің қайтадан үсікке іліге бастаған жас өскіндерін жастар ұйымы қанатына алды. Оларды Өз-ағаң бастаған жастар жетекшілері панасына алмағанда, масакты оғанды қойып, балаусаның өзін қыркып тастауға құлықты пиғылдар ол жылдары да ап-айқын көрінген-ді».

Өзбекәлі Жәнібек – комсомол жұмысында бірсыпыра уақыт істеген соң 1970 ж. жаңадан ұйымдастырылып жатқан Торғай облыстық партия комитетіне идеология жөніндегі хатшы болып жіберілді.

Торғай – атакты Сарыарканың бір пұшпағы, әрісі Ыбырай Алтынсарин, берісі – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың тарихи отаны еді. Бірақ, бұрын облыс орталығы болмаған, 26 мың ғана тұрғыны бар, кеншілердің мәдениет сарайы, жергілікті педагогикалық училище мен екі орта мектептен өзге ештеңесі жоқ Арқалықты облыс орталығына айналдыру қайдан оңай болсын?!

Облыс болған соң оған театр керектігін дәлелдеп, басшылықтың көзін жеткізген соң, Ө.Жәнібек Мәскеуге барып Щепкин атындағы театр-көркемсурет институтының оқуды аяқтағалы отырған тұтас бір курсына ен тағып қайтты.

Осы жылдары облыста филормония құрылады. Филормонияны ұйымдастырудың басы-қасында Ө.Жәнібекпен бірге белгілі өнер зерттеушісі, профессор Б.Сарыбаев, Қазақ

КСР-не еңбегі сіңген өнер қайраткері, кейіннен халық әртісі Д.Әбіров, РСФСР-ға еңбегі сіңген өнер қайраткері, кейіннен Қазақ ССР-не еңбегі сіңген өнер қайраткері О.В. Всеволодская-Голушкевич, Торғай театрының бас режиссеры Қ.Жетпісбаев, т.б. болды.

Осы кісілердің көмегімен облыста «Шертер», «Метелица» фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер, цирк тобы құрылды.

Торғай облысында Өзбекәлі Жәнібектің тікелей басқаруымен жүзеге асқан және бір мәдениет ошағы – облыстық тарихи-өлкетану музейі. Жәнібек Торғай облыстық музейіне бар күш-жігерін салды.

1975 жылы Өзбекәлі Жәнібекті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сырт елдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындайды.

Өзбекәлі Жәнібектің бөлім бастығы болып келуіне орай Қазақстанның сыртқы елдермен байланысы өрістеп жүре береді. Шет елдермен байланыс қоғамдары құрылып, оларға Президент (төраға) болып қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар тағайындалды. Шет елдерге барыс-келіс жиіледі. Бөліммен тікелей байланысты жұмыс істейтін Қазақ ССР Сыртқы істер министрлігі жұмысы көрінді.

1977ж. Өзбекәлі Жәнібек Қазақ ССР-і Мәдениет министірінің орынбасары қызметіне жұмысқа жіберілді.

Расын айту керек, ол жылдары Мәдениет министрлігі жұмысы баяу еді. Жәнібек келе жұртты да жұмысқа жұмылдырды, өзі де ұлт мәдениетін көтеру жолында аянбай кірісті қызметіне. Өзбекәлі Жәнібек бұл жылдары ірі мәдениет қайраткерлері райында қалыптасты. Республика мәдениеті кең өріске шықты. Тұжырымдай айтсақ, Өзбекәлі Жәнібектің бұл жылдардағы қайраткерлігі мынадай жүйеде:

1. Тарихи ескерткіштер тізімге алынды. Паспорттау жүргізілді.

2. Тарихи ескерткіштер мемлекет тарапынан қорғалатындығы айтылып, шойын құймалар ілінді.

3. Республикалық Орталық музей 28 гвардияшы парк ішінен Медеу жолына арнайы салынған жаңа ғимаратқа көшірілді. Облыстық өлкетану музейлері көптеп ашылды.

Алматының «Керуен Сарайы», «Қызыл таңы» музейге айналды. Отырар ауданында кешенді-қорық музейі салынып, ашылды. Абай атындағы опера және балет театры, М.О. Әуезов атындағы академиялық драма театры, Композиторлар одағы дегендей салалық музейлер көптеп ашылды. Ақын-жазушыларға бірсыпыра әдеби және мемориалдық музейлер ашылды.

1984 жылы Өзбекәлі Жәнібек Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет істеді.

Бұл жылдары Алматы облысында қазақтың ұлттық рухани қазынасына байланысты екі жүйе жемісті жұмыстар жасалды деп айтуға болады. Оның бірі – тарихи ескерткіштер есепке алынып, реставрация ісі жедел қолға алынды; екіншісі – облыста жаңа музейлер ашылды, әйтпесе музей филиалдары жасалды. Бұған мысал ретінде бір Жамбыл музейінің филиалы ретінде Ұзынағаш ауданынан ақын Үмбетәлі Кәрібаев, Кенен Әзірбаев, Әбдіғани Сарыбаев музейлерінің жасақталғанын айтсақ та жеткілікті.

Өзағанның өзінің жазуына қарағанда ұлт мәдениетіне қатысты осындай істерді жаныға атқаруына қарамастан басшылықтан алғыс ала қоймапты. Меңдібаевтың Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы кезі. Өзекең аудан басшыларына тапсырма беріп, тарихи мәні бар ғимараттар, үйлердің тізімін алып, қалай жөндету керектігін айтып, обком бюросына шығарады. Ал бірінші хатшы болса, Ө.Жәнібектің өзі дайындаған материалдарды қарсы пайдаланып, іске жанашырлық танытып жүрген Жәнібекке «сөгіс» бергізеді. «Қолыңнан келсе, қонышыңнан бас» деген әпербақан ашкөздік көрінісі.

Елімізде тәуелсіздікке талпынған жастардың «Желтоқсан қозғалысы» аспаннан жай түскендей болып өтті. «Мәңгі ыдырамас одақ» шаңырағы шайқала бастады. Орталықтан басқаратын Мәскеу ойланып қалды. Іс басына білетін басшы ізделді. 1987 ж. Өзбекәлі Жәнібек Қазақ ССР Мәдениет министрі болып тағайындалды. Мәдениет тағдыры білетін, ұлттық болмысты іскер азаматқа қарады.

Ол Қазақ ССР-і мәдениетін ұлттық арнада дамыту жөнінде концепция жасады.

Ұзамай 1988 жылы 9 ақпанда Өзбекәлі Жәнібек Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болып сайланды. Бұл – біріншіден кешіккен бақыт секілді еді. Жасы болса алпысты алқымдады. Жігерлі уақыт өтіп кетті. Әрі дүрбелең уақытқа тап келді.

Ол кезең халық сүйген, халқын сүйген шын қайраткерге жол жабық кез. Сыбайластық, рушылдық, жершілдік батпағына әбден батқан коммунистік партияның дағдарыста тұрған шағы еді. Ө.Жәнібектің хатшылыққа келуінен өзінің не ұтқанын кім білсін, қазақ қоғамы ұтты.

Жаңа қызметке келе ол орынсыз қабылданған КПСС-тің «Қазақ ұлтшылдығы» жайлы солақай қаулысымен күресті. Желтоқсан қозғалысының оң бағалануы жолында жүрді. Жастарға эстетикалық тәрбие беру жөнінде кешенді бағдарламалар жасатуға кірісті. Шығармашылық одақтармен, жастар ұйымдарымен бірлесе жасады. Бір өкініші – Республика коммунистік партиясы таратылған соң бұл Бағдарламаны іздеген ешкім болмады.

Хатшы райында Ө.Жәнібек арнайы комиссия құрып, Алаш ардақтыларын ақтауға құмбыл кірісті.

Ұлт тілінің тағдырына алаңдады. «Халықаралық қазақ тілі» қоғамын құруға, оның «Ана тілі» газетін өмірге әкелуге тікелей ықпал етті.

1991 жылы 28 тамызда Қазақстан Коммунистік партиясы таратылды. Бірнеше рет Қазақстан Республикасы Жоғарғы

кеңес депутаты болып сайланды, депутат ретінде ұлттық мүдде тұрғысынан көптеген мәселелерге қозғау салды.

Новосібірге барып кандидаттық диссертация қорғады. Ресей Федерациясы Ғылым академиясының Сібір бөлімшесінің басшысы, тарихшы-археолог академик Н.П.Деревянко Ө.Жәнібек жасаған еңбектің құндылығын, теориялық сонылығы, өмірге енген практикалық мәнін аса жоғары бағалады.

Қоғам және мемлекет қайраткері, ірі этнолог ғалым, жайсаң азамат Өзбекәлі Жәнібек 1998 жылғы 24 ақпан күні айықпас дерттен көз жұмды.

Саңлақ азаматтың соңында айта-айта жүрер азаматтық істер, ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған толымды толғақты туындылары қалды. Тарих ғылымына, мемуаристикаға қосылған үлес дерлік толайым білім, толғақты ойға толы еңбектері көзі тірісінде де, көз жұмған соң да дүркін-дүркін жарық көріп келеді. Бұлар да Ө.Жәнібектей жігерлі дарын, білімпаз ғалым азаматтың бар жазған әдеби мұрасы демейміз.

Еңбектері кезінде қысқарып жарық көрді. Көптеген еңбектері жарияланған жоқ. Міндет жетегінде жазылған баяндама, әр жылдардағы баспасөзде жарияланған мақалалары кітапқа түгел енген. Ө.Жәнібек жайлы естеліктер жариялануда. Біз де көз көргендерден естеліктер жинадық. Алайда Ө.Жәнібектің азаматтық келбеті толық ашылды демейміз.

БАС МУЗЕЙШІ

2011 жылы «Егемен Қазақстан» газеті Өзбекәлі Жәнібек жайында бір бет материал беріп, оны «БАС МУЗЕЙШІ» атады. Тақырыпты осылай етіп, мақала кейіпкерін жақсы білетін, сырттан емес, іштен білетін азамат Сауытбек Абдрахманов қойыпты. Жөн-ақ. Музейдің жай-жағдайын

білмейтін, ұғымның ішкі құнарын ұғына қоймайтын адам үшін бұл жарқырап тұрған тақырып та емес. Оның үстіне, Келес аудандық «Ленин жолы» орта мектебінен өмір, еңбек жолын бастаған Өзбекәлі Жәнібек аудандық жастар ұйымының, облыстық жастар ұйымын, республикалық жастар ұйымын бірінші басшы болып басқарды. Жасының өсуіне орай Торғай облыстық партия комитетінің, Қазақстан Орталық комитетінің бөлім меңгерушісі, министрдің орынбасары, Алматы облыстық атқару комитетінің орынбасары, Министр, Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы секілді ірі лауазымдарды басынан өткізген Мемлекет және қоғам қайраткері. Ұлттық өнердің жілік майын шағып, сала-салаға жүйелеп, толайым толғақты ойларға толы еңбек жазған мәдениеттанушы, этнолог. Сондай жағдайда, ол атқарған сан қырлы жұмыстың бір қырын іліп алып, оны «Бас музейші» атандыру соншалықты тиімді ме? Біз осы сұраққа жауап іздеп көрелік. Және ұзаққа сөзбай-ақ, «Өзбекәлі Жәнібектей біртуарды «Бас музейші» атау әбден жарасымды.

Ә дегенде осы бағалаудың Өзекене қонымсыз көрінуі бек мүмкін. Өйткені, музей ісі қазақ елінде дамымаған, қазақ жерінде ұлттың бай тарихына байланысты бой көтерген, ардақты тұлғаларына арнап салған, қымбат жәдігерліктерді жинақтап, ғылыми жүйелі экспозициялаған музейлеріміз тіпті де көп емес. Сондықтан музей өнерін, тіпті музей ғылымын қазақ жағдайында «ескі-құсқыға» балайды. Музей жасаушыларды «ескіні жамағанның есі кетеді...» – деп мақалдап бәсін түсіреді. Музейде жалындаған жас, ойы толыққан ғалым жұмыс істемеуі керек қазақша пайымдасақ. Ол ұзақ жыл өндірісте жұмыс істеп, қартайған шақта «кемпір-шалдың» абыройын пайдаланып барып отырып, жан сақтайтын жылы орыны ғана. Олай ойлауға бұрын да бір иығымызды беріп тұрар едік.

Тәуелсіздіктің ақ таңы атқан алғашқы адымнан созылмалы дертті бастан кешіп келе жатқан соңғы отыз жылда «приватизацияға» айналып, «приаптизация жеткенде, Өзбекәлі Жәнібектің 1962-70 жылдары жанын салып, жанығып жүріп салдырған (жастардың комсомолдық жарнасына салынған деп біліңіз) Республика Жастар ұйымының ғимараты жекешеленіп, СССР бойынша Жастар ұйымының тарихын сирек құжаттармен асқан білімділікпен экспозицияланған тұңғыш музей саналған мәдениет ошағы – тәрбие мектебі тіршілігін тоқтатты. Өзекең Ташкент архивінен жинаған не бір сирек құжаттар аякасты болды. Музейге Өзекең арқылы сыйлаған тұңғыш ғарышкер Юрий Гагариннің қол сағатының қайда қалғанын білетін пенде баласы жоқ бұл күнде... Америка елшілігіне ғимарат керек болды – Алматыдағы «Халық медицинасы музейінің» ғажап экспозициясын быт-шытын шығарып бұзып, ғимаратты босатып бердік, азаматтардың табанынан таусыла жүріп тапқан қымбат қазынасы музейдің «бұйым-тайымын» (экспонат) шашып, көшеде қалдырып жүре бердік. Маман емес азамат «Ішкі істер министрі» болып тағайындалды. Министрліктің бір ғимаратының жертөлесінде кезінде Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Жүсіпбек Арыстанов, одан өзге де көптеген азаматтар камераларға қойдай тоғытылып, күндіз-түні азапталып, қалжыратып барып сұраудың астына алады екен осы жертөледе. Тіпті сұрақтың астына алған НКВД қызметкерлерінің атына дейін Иванов, Оспанов – деп атын атап, түсін түстеп жүрді осы жұрт. Ақырында осы жертөледе азапталған адамдардың тізімі жасалып, олардан қалған заттық-айғақ «бұйым-тайым» (экспонат) жинақталып, «Саяси қуғын-сүргін құрбандарына музей» жасақталды. Көзіңе жас алмай, жүрегің қан жыламай, сірә дә көре алмайтын, көргеніңді теберенбей көңіліңе құя алмайтын тамаша қасірет музейі жасақталды. Музей қызметкерлері тарапынан ғылыми ізденіс жалғасып жатты. Олар жемісті жолға түскен-

дей еді. Маман емес министр келді де, алғы ұрпақтың азапты тарихын жылап жырлап тұратын, кейінгі ұрпақты қатыгездіктегі қасіретке ұласатын қателікті жібермеу жөнінде қатаң ескертіп тұратын ғылыми экспозицияланған әлгі тамаша музейді жапты да тастады. Жапты да тастады дейміз-ау, талай адамның жаны қысылып, қаны төгілген қасіретті ғимаратты жекешелендіріп алды ай-күннің аманында. Бұған не айта-сыз?! Торғай облысы жабылды. «Уақытша» – деп ұғындырдық халыққа. Сөйте тұра, Торғай өлкетану музейін жойып, «бұйым-тайымын» таратып тындық. Өтпелі кезеңде бірсыпыра облыстық музейлер осы кепті киді.

Қиын уақыт, алағай да бұлағай замана кесірі деп қарайық, уақытша құбылыс, мемлекет есін жиып, етегін жапқан соң қалпына келеді деп сендірейік өзімізді. Кейін, тіпті кейін, Түркістанда Әкімдік ғимараты күрделі жөндеуге қойылды, әкімдік аппарат қайда барады, қайда орналасады? «Түркістан тарихи-этнографиялық музейі» «уақытша» деген сылтаумен ғимаратын босатып берді. «Уақытша» көрінбейді бірақ. 260 млн. мемлекет қаржысына жөнделген әкімшілік ғимарат 350 млн-ға сатылып бақты.... Бұдан бірнеше жыл бұрын Отырарда – туған жерінде Өзбекәлі Жәнібекке арнап музей ұйымдастырдық. Ресми рұқсаты жоқ екен деген сынық сылтаумен оны да жауып тындық. Түркістанда князь Трубецкойдың қызы тергеліп жатқан, өзге демократтармен бірге, бұрынғы түрме ғимаратының жұрнағы сақталып жетіп ед. «Музейге сұранып тұр екен. Ғимаратын жаңғыртып (реставрация), музейге айналдыру керек деп ұсыныс тастадық. Әкімшілік «бульдозермен» тарихи ғимарат қылдығын сүрді де тастады... Түркістанда ХХ ғасыр басынан талмаурап жеткен санаулы ғана тарихи ғимарат бар еді. Соның бірі Садық Өтегеновтің үйі. Бірі – 1918 жылы Мұстафа Шоқайдың қатысуымен Сырдария өңірлік Алашорданың бірінші съезі өткен тарихи ғимарат. Түркістанға жаңа мәртебе берілді. Облыс орталығы. Түркістанды облыс орталығы райында

«түлету» сылтауымен ғимарат сүріліп тасталды. Түркістанды «түлету», қалаға кірер күре жолды кеңейту сылтауымен, мүсін өнерінің классигі Ахметовтің (Қазығұрттық азамат еді) «Түркістанға хош келдіңіз!» – деп кесесін көтеріп тұрған Ана мүсінескерткіші опырылып, сындырылып ығыстырылып тасталды... Жан ауыртар мысал атаулыны алға тартып, келтіре беруге болады, келтіре беруге болады. Осылардан кейін музей ісіне, оған жапсарлас, тағдырлас тарихи ескерткіштерді бұл қазақ мәнсіз, мағынасыз, ғайыптан-тайып эзелден қалып қойған «ескі-құсқы» деп қарамағанда, мәдени жауһар, ұрпақты аталар рухымен тәрбиелейтін ізгілік қайнары деп қайдан қарасын?

Музей ісі – қазақты күте-күте, үздіккен бір сәтінде Өзбекәлідей жанашыр білімпазы келіп, көзі ашылған бұлақтай болған мәдениет саласы. Эзелден талып жеткен тарихи ескерткіштерге бай болғанымызбен, музейге танып, тауып әкеліп, экспозициялап қалдырарлық бұйым-тайымымыз аз. Ежелден жеткен «ескіміз» біртін-біртін сынып, қирап, өңін ғана емес, мәнін де жойып, жоғалып бара жатқан бір жолайырықта тұрмыз. Сол жолайырықта жолығып, есі кетіп ескірген жәдігерлік атаулыны жинап, жинатып, «Казмузейреставрация» жаңғырту мекемесін ашып, оған өзі тәрбиелеген Қанат Тұяқбаевты басшы етіп тағайындап, сол ісмерлердің қолына табыстап, жөндетіп, жаңғыртып, оны бұйым-тайымға айналдырып, «екінші өмір сыйлаған» Өзбекәлі Жәнібектің де ұзақ уақыттық осы салаға жұмсаған қажыр-қайраты, асқан білімділікпен экспозициялаған асыл еңбегі де еш болды деген сөз. Өкінерлік жағдай. «Ештен кеш жақсы...» Ойланарлық жағдай!

Өкінішке дес бере отырып, біз Өзбекәлі Жәнібек қазақтан шыққан «Бас музейші» – деген ұғымға толық қосыламыз. Сан өнердің тарихының басын жақтан ажыратқандай ажыратып, дара-дара зерттеген, сан өнердің басын қосып – ұлттық салт-дәстүр аясына жинақтап синкретті зерттеген,

сөйтіп қазақтың ұлттық дүниетанымы тарихын түзген ұлы этнолог Өзбекәлі Жәнібекті біз де «БАС МУЗЕЙШІ» – деп танимыз.

Ол музейтану саласындағы еңбегін Оңтүстік Қазақстан облысында облыстық жастар ұйымын басқарған жылдардан бастаған. Оның бұл саладағы ырым-алды «перзенті» – уақытында «Түркістан республикасынан» түлеп ұшып, КИМ-хатшылығына дейін «күс жолындай» жарқырап өскен, өскен де «құйрықты жұлдыздай» жиырма жастан аса бере ағып түскен жалынды комсомол жетекшісі, асқан ұйымдастырушы – Ғани Мұратбаевқа жасақтап бастаған музейі. «Аққан жұлдыздай» (С.Мұқанов) ғұмыр кешкен азаматтың туған жері – Қазалыдағы музей, Шымкент қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектептің жанынан жасақталған музей, Ташкентте жастар ұйымындағы қанаттас Ядгаров досы жәрдемімен жасақтаған музей, Республика Жастар ұйымына арнайы ғимарат салдырып, астыңғы қабатынан жасақтаған музей – оны музейтанушы етіп қалыптаған болатын.

Жастықтың тұлпарын мініп, жалынды жастық шақта басталған әуесқойлық кейін келе кәсіби жантартып, жақсы көрген мамандығына айналды. Өзбекәлі Жәнібек музей ісін қазақ жас-жасамысын қазақтың өзінің тар жолдардан өтумен талықсып келе жатқан даңқты тарихымен тәрбиелеудің құралына айналдырып еді. Музейді әрі мәдени-ағарту ошағы, әрі ғылыми орталық деп таныды. Солай дұрыс таныған ол қайда қызмет атқарса, сол істің басы-қасында жүріп, сол өңір, сол сала, сол өлкенің ақын-жазушы, жыршысы, ақыны, батыры, ғалымы өмірін өңір тарихымен бір қосып, музей жасауды алғы бір іс бастауы ретінде алға міндет етіп қойды. Міндет етіп қойған музей ісін перзенттік парыз ретінде орындау шарт деп біліп, жаныға кірісіп, жедел бұйым-тайым жинастырып, едел-жедел, бірақ орнықты мәдениет ошағы – музейді жасақтап шығып жүреді. Уақытында ол тоталитар-

лық жүйе зәйілінен қорықпай «Сақтан қазаққа дейін» деген атпен білімдарлықпен жасақтаған «Торғай тарихи-өлкетану облыстық музейі» – Одақтағы мақтаулы музейлер қатарында тұрғанын білеміз. Уақытында ол басшылық жасап жасақтаған «Отырар тарихи-археологиялық музей кешені» – әлі күнге халықаралық өреде аса жоғары бағаланады. Кезінде Өзекендей білімдар «Бас музейші» көзін көрген, тәрбиесін ақ, адал алған шәкірттері «Отырар музейін» тың экспонаттармен байытып, соны музейлік-экспозициялық концепция жетегіне ілесіп ұштап, ұстартып, жаңғыртып, жаңалап отырудан танған емес. Бұл да Өзбекәлі Жәнібектей арыс тұлғамыздың өмірлі өнегесі.

Өзекең 1975 жылы Мәдениет министрінің бәленбайыншы орынбасары болып келген беттен министрлік жанынан бұрын-соңды болмаған «МУЗЕЙ БӨЛІМІН» ашты. Бөлімге сауатты филолог Қараман Сәлменұлы есімді білімдар азаматты басшы етіп тағайындады. Бөлімде «Өзбекәлі Жәнібек сарбаздары» атанып Базарбай Алтаев, Болат секілді жас азаматтар жан салып қызмет етті.

Министрлік ішінен «Музей бөлімін» ашу бар мәселені бірдей шеше қоймайтынын да біледі орынбасар. Бөлім қызметкерлері республикадағы бар музейдің жұмысын талдауы керек. Облыс-облыстағы өлкетану аталатын музей атаулының баршасы қазақ тарихынан туындап, қазақ тарихын ұлықтайтын шын мәніндегі музейлер ме? Музей қызметкерлерінің ұлттық құрамы, білім-білігі қаншалық? Министрдің салаға жауапты орынбасары көп сұрақты көзінен тізіп, бөлім қызметкерлерінің алдына тартты. Олар іске құмбыл кірісті.

Музей ісі экспонаттан бастау алады. Экспонатсыз музей болмақ емес. Экспонатты бұйым-тайым деп сары майдан қыл суырғандай етіп қазақы қалыптаған да Өзекең. Өзекеңнің болашақ музейге бұйым-тайым іздеуі, табуы, қалау жолымен қиылып сұрап алуы, музейдің экспозициясына кетігін тауып қалауы бәрі аңыз. Бір-ер сәтіне аялдайық. Торғай өңі-

рінде істің жайымен бір шопан үйіне түседі. Сактанып көз қиығын салғанда иттің алдынан бір қымбат ыдыс көреді. Ит алдындағы астауы Өзекеңнің назарын аударып, қариямен әңгіме барысында астау жайлы сұрап біледі. Төрт адамға арнап ет тартатын астауды 1900 жылы өңірге танымал ағаш шебері жасаған екен. Ертеде құнды болғанымен, темір табақтар көбейген соң астау қолданыстан шығып қалыпты. Қазір итаяқ ретінде кәдеге жарап тұр екен. Мұны естіген Өзағанның іші ашиды. Шым-шым жүрек шаншиды... Жерге жайылған дастарханға малдас құрып отыра кетеді. Іші-бауырына кіріп хал-жай сұрасады. Сұраспайды, отағасымен үзеңгі жолдас-тай сырласады. Ақыры қона жатады. Ертеңіне шопанның бұйымтайын сұрағыштап қағазға жазып алады. Ақырында қазақы жолмен қалау сұрайды. «Облыстың мынау деген басшысының қиылуына таң қалған шопан «қалауыңызды...» дейді бірден. Өзекең ит алдында жатқан жарамсыз итаяқты сұрайды. Шопан азар да безер болады. Облыс хатшысы бәленшеден итаяқ сұрапты, бәленшекең итаяқты облыс басшысына арқалатып жіберіпті деген қаңқу кетсе ие бола алмай қаламыз ғой, Өзеке» – дейді екі қол, екі аяғымен қарсы шығып. Өзекең қайта қиылады. Ақыры шарасыз шопан итаяқты жуып-шайып матаға жақсылап орап береді. Өзекең «итаяқты» әспеттеп, аса қадірлеп Арқалықта жаңадан ұйымдасып жатқан өлкетану музейіне тапсырады. Ит алдынан музейдің төрінен бір-ақ шыққан астау нені аңғартады? Егер жұрттың бәрі сирек кездесетін халық мұрасына осылай мұқият қарап, көптің кәдесіне жарауына жанашыр болса, халқымыздың рухани байлығы, өткенінен сыр шертетін жәдігерліктер де мол болар еді. Қазақстанда музейді ең көп жасақтаған, содан да «Бас музейші» («Егемен Қазақстан») атанған Өзбекәлі Жәнібек өзі ұйымдастырып ашқан музейдің қай-қайсысына да экспонатты осылай іздеп табатын. Ол музей ісінің аса шебер ұйымдастырушысы бола білді.

Музейдің мәртебесін осындай бұйым-тайым саны көрсеткіш болып бастайтыны бар. Шынында қанша экспонат, сонша тарих, қаншалықты бағалы экспонат – соншалықты қызықты экспозиция емес пе?! Өңір-өңірде музей қызметкерлері сирек экспонат атаулыны ендеп-дендеп жинап бақты делік. Қызметтік міндеті болған соң, бұйым-тайым жинау – музей қызметкерлерінің борышы. Бірақ, бар музей қызметкерлері бірдей табылған, жинақталған бұйым-тайымды жаңғыртып, қалпына келтіре ала ма? Табылған жәдігерлікке ғылыми сараптама жасай ала ма бар музей қызметкерлері бірдей? Оған ғалымдық қарымы, парасат білім-парқы жете ме? Сұрақ көп. Аты әредік естіліп қалатын сала музейлерінің, музейді айтамыз-ау, жалпы Мәдениет министрлігінің әл-дәрмені құрып, тұралап тұрған шағы. Бір музей ісі ғана емес, мәдениеттің бар саласы ұлттық сипаттан жүрдай халде жұталап тұрған бір дертті шағы. Бар салаға қан беріп, жан кіргізу – мәселеге кешенді келуді, үлкен қаражатты талап ететін. Оның бәрі бірдей орынбасардың құзырында болмайтыны тағы түсінікті.

Ойында мәдениеттің бар саласын дара-дара жіктеп талдап, саралап отыратын мәдениеттанушы ғалымдарды жинақтайтын – «Мәдениет институтын» ашу бүр жарды. «Мынау тұрған ағайын Өзбекстанда «Мәдениет институты» бар. Онда он ғылым докторы жұмыс істейді. Оның ішінде Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи Мавзолейінің құрылымын зерттеп, докторлық диссертация қорғайтын Маньковская бар. Таңғажайып Мавзолей біздікі. Оны зерттейтін мәдениеттанушы-архитектор ғалым Өзбекстандікі. Әділет қайда? Бауырлас елде бар институт неге бізде болмайды? Біз кімнен кембіз?...» Табанды азаматты бұл ойлар түн ұйқысын төрт бөлді. Басшылықты жағалап жөнелді. Бірі бассайшы, шіркін?! Баспайтыны – саланы түсінбейді. Музей ісін «ескі-құсқы» деген ескі ұғыммен жүрген басшылық. Жігері құм болды.

Айшылық алыс жолдар да алғашқы адымнан басталады... Үлкен іске кіші орынбасар шағын мекеме ашу арқылы жол салуды ойлады. Жоғарыға шығып, идеология хатшысына мән-жайды түсіндіре, ұғындыра жүріп «Қазмузейжаңғырту» мекемесін ашты. Облыс-облыстан өндірістік бөлімшелерін жасақтады. (Бүгінде оның бәрі де жекешеленіп, бастапқы қызметтік нысанын жоғалтты). Іске кірісті.

Жаңа ашылған мекеме қазақ музей ісі үшін әп-әжептеуір демесін болды. Экспонатты жаңғырта қалпына келтіру мамандары дайындалды. Олар Москва, Ленинградқа тағылым-дамадан өтуге жіберілді. Тағылымдамаға алдымен «Музей бөлімінің» басшы-қосшы азаматтары жіберілді. Олар саланың методикасы мен методологиясын игерді, істі ғылыми негізде жүргізуге жаттықты.

Өңірлік (облыстық) өлкетану музейінің аты қазақша аталғанымен, экспозициясы орысша сайрап тұрар екен. Біртін-біртін «облыстық өлкетану музейінің ғимаратын жөндейміз» – деген сылтау-желеумен орысша сайрап тұрған экспозиция жығылып, экспонат атаулы жиналып алынды. Жаңадан жөндеуден өтіп жатқан ғимаратпен (ғимараттың өзі тарихи болуы шарт) бірге музейдің қазақыланған жаңа экспозициясының тақырыптық-экспозициялық жоспары жасалып жатты. Ілкімді кимыл нәтижесінде он бес облыстың бар музейі қазаққа сол жетпісінші жылдары-ақ бетін бұрған еді. Ұстанған девизи «Қазақстан музейі – қазақ тарихымен суарылып жасалуы керек!..» Өзбекәлі Жәнібек айтты, бітті. Министр әлденеше рет айтатын шығар, орынбасар бір-ақ рет айтады, айтқаны орындалады. Қою қара шашпен министрлік қызметіне келген өрімдей жас азаматтардың ұлттық рухтағы осы қызметтерді, қызметтік міндеттерді жүзеге асыру жолында шашы кәдімгідей ағарды. Ұлт патриоты болып қалыптасқан олар оңашада: «Ұйғыр Камаловичтің шашын ағартқан Жәнібеков. Қанат Қымызұлының басын таз еткен Өзбекәлі Жәнібеков!...» – деп өзара күлісіп алатын. Өзбекәлі Жәнібек

өзіне де, өзгеге де қатал талаптың басшысы еді. Әлгі музей қызметкерлерінің шашына түскен ақ қылшықтарда ойлы, қызу қанды талапшыл орынбасардың үлесі бар болса, бар шығар-ау, бірақ он бес облыстың өлкетану музейлерін бүкіл мазмұн байлығына дейін орыс тілі, орыс тарихына айналып кеткен жерінен қазақы рухқа арқа сүйеп, қазақша сөйлету – шашты ағартпай қоймайтын аса ауыр міндет екені анық. Ауыр міндетке қайысқан, қиналған азаматтар Өзбекәлі Жәнібек жанынан жылыстап кетіп тынатын. Табанды талапшыл орынбасарды бар жан-тәнімен түсінген, «мәңгүрттенген» рухын қазақы қалыпқа қайыра сала алған азаматтар (мамандар) «Бас музейші» талабын жан-тәнімен қабылдап, айтқанын тындырмай тынбайтын әсте. Қанша қиын істе жүріп те, талай бөгесінді батыл басшыға сүйене жүріп бұзып-жару, терісті оңғару жолында қинала қоймайтын олар, бар іс-әрекеті қазақ ұлтының мүддесіне барып саятын басшысына сүйіспеншілікпен қарап, ұстаз тұтып, мерейленіп жүрер еді. Өзбекәлі Жәнібек жанына жақындаған адам ұлттық рухқа суарылып, ұлт мүддесіне жүрегінің жетегімен жегіліп кете баратын.

Ұлты үшін жүрегімен от тасыған прометей сияқты Өзбекәлі Жәнібектей дара тұлға – жан-жақты толысқан мәдениет қайраткері тәрбиесін алған, өнегесін ұстанған азаматтар алдымен өздері жансарайын тазартып алар еді де, тұтас республикадағы музейлерді қазақы рухқа бұрып, қайта жасақтау жұмысынан рахат табар еді. Осындай музей жасау, жаңғырту жолында жүріп жасаған «жанкешті» еңбегімен олар орыстанып, тіпті «мәңгүрттеніп» бара жатқан қаншама азаматты қазақтың салт-дәстүр сабағын көкіректеріне құйып, қазақы қайнарға, ұлттық болмысқа қайтарды десеңізші! Өзбекәлі Жәнібек бұл орайда қасында қисық ағаш жатпайтын «тез» секілді кісінің орысша бұралған тілін, тілінің бұралуына себеп – ішкі ділін жөндегіш ұлттық ұлы тұлға, тәрбиеші ұстаз бола білді.

Өзбекәлі Жәнібек Мәдениет министрінің орынбасары болып келген кезде республикада 35 ірі басты музей бар болатын. Өзбекәлі Жәнібек ұлтшылдығы үшін бұл қызметтен мәдениетті түрде «қуылып» бір облыстың атқару комитетінің бәленбайыншы орынбасарына жіберілген сәтте 35 ірі басты музей саны 79-ға жетті. Бұдан да асып түсер ме еді Өзекең үкілеп қазақ мәдениеті қатарына қосар музей саны, бірақ оған жол бермеді. Мәдениетті түзеу арқылы елдің мінезін түзеуге қолы жеткен «Бас музейші» музей жасау талабымен талай есікті ашып, талай табалдырықты басып, тауы шағылып, танабы тартылған соң, шарасыз айла-шарғыға барып, басты музейлердің жер-жерде филиалына салмақ салып, молынан ашты. Жетпіс тоғыз ірі басты музейдің жеті жүздей филиалы жасақталған-ды...

Музей ісі ескі-құсқыны жинайтын орталық, зейнеткердің уақыт өткізетін жері деп қарайды бізде. Ал, Өзбекәлі Жәнібек жанын салып музейді ұлт мәдениетінің бір ошағына айналдырды. «Островский айтқандай, музейлер – біздің ұлттық мақтанышымызға айналған күні ұлттық мәдениет теңдікке жетеді» – деп жазыпты күнделігіне.

Ұлт мәдениетінің ғасырлап кеткен есесін түгендеуде, жаңа уақытқа сай көсегесін көгертуде кісі беті-жүзіне қарамайтын Өзекең республика басшылығына ұнай қойған жоқ. Кейбір мәселені лениндік ұлт саясатынан бастап боздатып та, қоздатып Мәскеуге хат жазып түгендеп алар еді. Ресей музей қызметкерлерінің Қазақстанға экспедициялық сапармен келіп, өңірдің ата бұйымдары мен көнекөз аналарымыздың омырауына тағынған, он саусағына салынған небір күмістен жасалған жәдігерліктерін жинап алып кете берер тексіз әрекеттерін де хат жазып тыйған Өзекең. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қасиетті Тайқазанды – «Тайқазан қайтса, ынтымақ артып, ырыс толады, ұлтымыздың қасиеті қайтады, елдігіміз артады» дей жүріп, тарихты айтып ұрымтал әрекетімен Эрмитаждан қайтарған (Эрмитаждан тарихи

жәдігерлік қайтқанын бірінші көруіміз) Өзекең. Эрмитаждың бұрынғы-соңғы директорлары М.И. Артамонов, М.Б. Пиотровскиймен жақсы кісілік қарым-қатынаста болды. Жалпы Өзекең СССР Мәдениет министрлігі үшін сүйкімді бола білді. Ол басқалар секілді өз республикасын жамандап, Орталыққа жағыну арқылы емес, мәдениет ісін әлемдік деңгейде білетін, музей ісін типтік жағдайға келтіріп, көзін тауып көтере білетіндігімен сүйкімді болды-ау шамасы. Әйтпесе, халыққа мәдениеттің ана қажеті, мына қажеті деп Орталық Комитет, Министрлер Кеңесін ығыр қылғаны секілді, ол кезгі Одақтық Мәдениет министрінен де сұрамасы болмайтын. Және сұрағанын алатын! Өзі үшін емес, ұлт мәдениеті үшін сұраған кісілікке жататын болса керек. СССР Мәдениет министрінен республикаға қаражаттан бастап түрлі қажеттілікті төбесінен түсіп сұрауы, сұрағанын алуы оның беделін Одақта асырып жіберді. Әрине, бұл жергілікті министрге де, Орталық Комитетке де ұнай қоймасы анық. Бәлкім, Мәдениет министрінің орынбасары болып бәленбай жыл қызмет атқарған Өзекеңнің үстінен арыз-ғұрыз жазыла-жазыла, ақыры Алматы облыстық атқару комитетінің бәленбайыншы (құрылыс істері жөніндегі) орынбасары болып төмендетіліп жіберілуі де іскерлігінен тапқан «пайдасы»... Қызмет ауыстырып кетіп бара жатып та «Жұлдыз» журналынан «Ұйқыдағы арудың оянуы» тарихи очеркін астын сыза оқыған Өзбекәлі Жәнібек өз орнына Әбіш Кекілбайұлындай даңғылды ұсыныпты. «Менен құтылу үшін-ақ, ұсынысымды қабылдаса керек. Қарсы болмашы, Әбіш» – деп өтініпті рухани жанбауыр жазушыдан. Ұлт мәдениетіне осыдан асқан жанашырлық болар ма екен, сірә?

ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛІКТЕРДІ ЖАҢҒЫРТУШЫ

«Қазақ даласында қолы тимеген тасы жоқ» Ө.Жәнібек – іргелі музейлерден салалық музейлерге дейін ұлттық сипат дарытып, ұлттық музей жасаудың, тарихи жәдігерліктерді көз қарашығындай сақтап қалпына келтірудің ғажап үлгісін көрсеткен мәдениет қараткері. Музей жасау үшін тарихи жәдігерлерді табу, сақтау, жаңғырту (реставрациялау) қажет. Қазіргі әңгіме Ө.Жәнібектің тарихи жәдігерлікті жаңғыртуға арналған қызметі жөнінде. Өзбекәлі Жәнібек Мәдениет министірінің орынбасары болып тағайындалғанда, өзара қызмет бөліскенде оған мынадай міндеттер жүктеледі:

«Халықтың мәдени мұрасының әртүрлі себептермен құрып бітуге айналған тарихи, сәулеткерлік, көркемдік, тұрмыстық нұсқаларын іздестіру, мемлекеттік есепке алу және қорғау, мүмкіндігінше қалпына келтіріп, бастапқы табиғи ортасына оралта түсу жұмыстарына қатысты мәселелерді үйлестіру, музей ісіне басшылық ету, т.б.».

Есепке алғанда сол тұста Қазақстанда 25 мыңға жуық археологиялық, тарихи-сәулеткерлік және мәдени ескерткіштердің бар екені белгілі болды. 150 мыңға жуық кол өнерінің үздік туындылары, зергерлік заттар, киімкешек үлгілері, қару-жарак, құрал-сайман, үй жиһаздарына қатысты бұйым-тайымдар музей қорында шоғырланады.

Ата-баба мұрасын есепке алу, қорғау және қалпына келтіру ісіне тікелей араласу үшін мәдениет министірлігіне ең алдымен осы мәселелермен шұғылданатын құрылымдық жүйе жасап алу қажет еді. Сондықтан бұрынғы шеберхананың орнына «Казреставрация» бірлестігі, оның жобалау-сметалау тобының негізінде «Казпроектреставрация» жобалау-конструкторлық институты құрылды. Бірқатар облыстарда ғылыми-реставрациялық шеберханалар ашылып, оларға арнайы қаржы бөлінді. Нәтижесінде қалыптасқан тәртіппен

жобалаушы сәулеткерлер, ұқсатушы шіліңгерлер даярлау ісі қолға алына бастады.

Алтынмен аптау, екі қабат ағаш шекпесін, қыр (ганч), қырма (оның қазақтағы баламасы), оюдың әдістерін игеру, жазықтықты әрлеп-әшекейлеуге машықтану Қазақ ССР Ғылым академиясының ішкі декорын қалпына келтіруге, Оралдағы шіркеудің күмбезіне алтын жалатуға, Жаркенттегі мұсылман мешітін, Ұзынағаш түбіндегі Жамбылдың әдеби-мемориалды музейін қайта ұқсатуға, Мәдениет министірлігінің үйін, Қазақтың халық әуез аспаптары музейін безендіруге мүмкіндік берді.

Сол кезде Ө.Жәнібектің қарамағында жұмыс істеген Қ.Тұяқбаев былай деп жазды: «Өз-ағаның қазақ тарихы мен мәдени мұраларына айрықша көңіл бөлуі арқасында Қазақстанның барлық облыс орталықтарында және қалаларында тарих, мәдениет және сәулет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру шеберханалары ашылды, ескерткіштерді жобалау, зерттеу істері ғылыми жолға қойылды».

Мәскеу, Баку, Ереваннан арнайы мамандар шақырылып, Алматыда шекілген, металдан соғылған, теріден тігілген бұйым-тайымдарды, тозығы жеткен қағаз құжаттарды қайта ұқсататын мамандарды дайындайтын арнайы курстар ұйымдастырылды.

Осы жылдары Қазақстандағы тарихи және мәдени ескерткіштерге арналған 10 томдық жинақты шығару қолға алынды.

XX ғ. 70-жылдары Қазақстандағы көне заманғы ескерткіштерді есепке алу, қорғау және қалпына келтіру мәселелері екі рет үкіметте, бір рет Орталық комитетте қаралып, он облыста тарихи жәдігерлерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

«Алматыда – «Қызыл таң» сауда орталығы, кафедралды собор, бұрынғы үш кластық училище, офицерлер үйі, Ұзынағаш түбіндегі Жамбылдың кесенесі мен әдеби-мемориалдық

музейі, Оңтүстік Қазақстанда – Арыстанбаб кесене-мешіті, Баба Ата, Ысмайыл Ата, Жүніс әулие күмбездері, Қызылорда – Ақтас мешіті, кафедралды собор, Айтбай мешіті, Жамбылда Бабаша хатын, Шамансұр, Қарахан күмбездері, Қали Жүністің медресе-мешіті, моншасы, Үшарал мешіті, Маңғыстауда – Ақүйік, Сенек күмбездері, Шақпақ Ата, Қапаш мешіттері, Форт-Шевченкода – Ыдырыс Серікбайұлының үйі, Жезқазғанда – Домбауыл ғибадатханасы, Алашахан, Жошыхан, Аяққамыр, Болған Ана күмбездері, Семейде – Жалқы мұнаралы, қос мұнаралы мешіттер, қаланың бұрынғы қақпасы, Қызылжарда – Жанғоразовтардың үйі, басқа да Х ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі тарихи және мәдени ескерткіштер қайта жөндеуден өтті.

1978ж. араға көп уақыт салып Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» қорығындағы Ахмет Ясауи сәулет ғимаратын, басқа да ескерткіштерді қалпына келтірудің кешендік жоспары жасалып, іске асырыла бастады. «Түркістан, ондағы «Әзірет Сұлтан» қорығы қазақ тарихының ең қасиетті жерлер. Бұл – біздің ең жанды жеріміз. Соған қарамастан, білетіні бар, білмейтіні бар – талай адам араласып, қасиетті Түркістанның тағдырын дұрыс шеше алмай келді».

...«Тарихымыздың, әсіресе ескерткіштеріміздің білімпаздарының бірі – Өзбекәлі ағамыз еді»-дейді белгілі қоғам қайраткері, ғалым М.Жолдасбеков.

Ең алдымен құрылыстың ауытқи бастаған, опырылып қалу қаупі төнген бөліктері – Бас портал, мешіт мығымдалды. Бұл «XIX ғасырдың құрылыс ағаштарын ұқсатуға, Қабырханның еденін бастапқы денгейінде қалпына келтіріп, Ахмет Иасауидің еңкейіп, құлауға айналған мүрдесін түзетуге мүмкіндік берді».

Кең ауқымды жұмыстардың нәтижесінде кесене-мешіттің негізгі сегіз залында, сондай-ақ XV-XVI ғасырларда тұрғызылып, 1972 жылға дейін жұмыс істеген Шығыс моншасында, XIX ғ. Жұма мешітінде, жылына 450-500 мыңға

жуық келушілер тамашалайтын музей экспозициясы орналастырылды.

Бұлардан басқа Есімхан кесенесі, Шілдехана ғұрыптық орны, Қылует жертөле Ханакасы, ныспысыз сағана, Қам кірпіштен тұрғызылған қамал қорғанның шығыс бөлігі қалпына келтірілді, Рабия Сұлтан Бегім күмбезі қайтадан тұрғызыла бастады.

Осылай Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1978 жылғы 8 желтоқсанында қабылданған «Түркістандағы Ахмет Ясауи сәулет ғимаратындағы қайта ұқсату жұмыстары жөнінде» атты қаулысында қаралған іс шаралар негізінде (сыртқы баспалдақты қайта-қайта жөндеу, ғимараттың төбесін XVI ғ. бастапқы деңгейіне түсіру, мешіт ішіндегі жазу-сызуларды қалпына келтіру істері белгілі себеппен жүзеге аспады) іске асырылды. Әрине, барлық жұмыс өз дәрежесінде жүргізілмеді. Бұл туралы Ө.Жәнібек былай жазды: «Қолымызды байлай бергені – заттық-техникалық ресурстарды былай қойғанда, Әзірет Сұлтан қорығы сияқты аса күрделі сәулет ғимаратын қалпына келтіретіндей озық тәжірбиенің жетісе бермейтінін де, маман шілеңгерлердің аздығында, әртүрлі себептермен бірін-бірі алмастыра берген шеберхана басшыларының тұрлаусыздығында еді». Шынында, 1982 ж. 26 наурызда үш күн бойы тынбай жауған жаңбырдан қам кірпіштен қайта қаланып жатқан бекіністің 19 метрі опырылып қалды. Себеп – жұмысшылар қорғанның ішін топырақпен толтырып, тек сыртын қам кірпішпен қаптаған. Айыптылар жазаланды. Қорғанның іргесі мұқият мығымдалып, қабырғасы ағашпен шабақталып, түгел кірпішпен қаланып, сабан араластырылған саз балшықпен қалың етіп сыланатын болды.

Тағы бір ыңғайсыз жағдай – Қазандық күмбезіне XX ғ. 60-жылдарында сәндік үшін бұрынғы декорына қосымша ілінген «сталактиттердің» үшеуінің түсіп қалғандығы. Бұл туралы Ө.Жәнібек былай деп жазды:

«...Техника ғылымдарының докторы, профессор Т.Жүнісов басқарған арнайы комиссия олардың ылғалды бойына тартатын материал – гипстен құйылғандығынан және күмбез қаңқасына бекітілмегендігінен түсіп қалғанын дәлелдесе де, XIV ғасырдың декорына балап, байбалам салынғаны әділетсіздік еді. Комиссия ұсынысымен гипс «сталактиттердің» қалғандары да алынып тасталды».

Әрине, одан XIV ғасырдың декорына ешқандай зақым келген жоқ.

Пайдаланылған құрылыс материалдары төңірегінде де көптеген түсініспеушіліктер болып, баспасөзде көптеп жазылды.

1971-76 жылдары Самарқан технологиясы бойынша жасалған қаптама кірпіштердің бетіне шыңылтыр дұрыс ұстаса бермейтін. Зерттей келгенде, Сауранның онсыз да құрамы бай топырағын Самарқан технологиясына сәйкестендіреміз деп физикалық, химиялық құрамын бұзғандығы анықталды. Бұған Түркістан мен Самарқанның ауа райындағы айырмашылықтар қосылып, Қазандықтың күмбезінен шыңылтырлар ұшып түсе бастады.

Осы жағдайларды ескеріп, «1978 жылы геология-минералогия ғылымдарының кандидаты Софья Тәкібаеваның басшылығымен Алматыдағы «НИИ стройпроект» институтында жаңа технология жасалып, Түркістандағы шеберханада өндіріске енгізілді. Ол Қазақ ССР Ғылым академиясының ядролық физика институтында активациялық шолу жолымен көне заманғы шыңылтырлардың құрамына сәйкестенген еді. Шыңылтыр қыштар жасаудың қазақы технологиясы осылай өмірге келген болатын».

XX ғасырдың 60 ж. аяғы мен 70-жылдарының басында бір ескерткіштердің құрылыс материалдарының есебінен екінші ескі құрылысты қалпына келтіру кеңінен өрістеген. Мысалы, Ахмет Ясауи сәулет ғимаратының аймағындағы Әулие Құлшық Ата, Әлқожа Ата кесенелерінің, Қылует

Жертөле ханакасының, бірқатар сағана тамдардың кірпіші алынып, негізгі ғимараты ұқсатуға жұмсалған. Осылай, Түркістан қаласын өркендетудің бас жоспарына сәйкес, қолдан құлатылған ескі қаланың орнына жаңадан «ескі қала» тұрғызу қолға алынған болатын.

Тағы да тоқталатын мәселе – Арыс – Түркістан каналы салынғанда көне ескерткіш-кесене ескерілмеген. Нәтижесінде Әзірет Сұлтан қорығында жер асты сулары көтерілген. Бұл аздай оған тіркестіре жаңа қала тұрғызылса дүние жүзіне әйгілі сәулет ғимаратының хәлі мүшкіл болатыны даусыз еді.

1982 ж. Д.А.Қонаевтың Түркістанға келген сапарында осы жоба көрсетіледі. Ол бұл мәселенің даулы екенін ескеріп, қазылық етуді Ө.Жәнібекке тапсырады. Ө.Жәнібек бұл «бастаманы» тоқтатады.

Қазақ жеріндегі тарихи жәдігерліктердің ахуалы туралы Ө.Жәнібек былай жазады: «...Осыдан қырық жыл бұрын Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында болғанымда бір ақсақал Дешті Қыпшақтың ханы Әбілхайыр мен Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібектің бір-біріне жақын қашықтықта қатар орналасқан екі мұнарасын көрсетіп, «бұл екеуі өмір бойы жауласып өтсе де, өлгеннен кейін қатар жатыр» дегені бар-тын. Ол кезде мен бұған жөнді мән бере қоймаған едім. Осыдан біраз бұрын сол екі мұнараны әдейі іздеп барып таба алмадым. Жоқтаушы болмаса тарихи-мәдени мұраның қайсысын алсақ та, осының кебіне ене беретіні хақ. Оны XI ғасырдан бастап төрт рет қиратылып, төрт рет қалпына келтірілген Баба Ата бекінісінің, соғыстан кейінгі жылдарға дейін ел тұрған, қазір төбеге айналған Созақ қаласының тағдырынан да көруге болады. Ол, ол ма, егер сізге Сыр бойымен Арыстың сырға құяр тұсынан Аралға дейін сапар шегуге тура келсе, өзеннің екі жағынан да жүздеген қалалар мен бекіністі қоныстардың, мұқият ойластырылған суландыру жүйелерінің ізін көргенде, алдыңызда көсіле жатқан көне тарихқа мақтаныш сезім бойыңызды билегенімен,

«Ау, алапаттың біздің үлесімізге тигені қалай? Моңғол қиратқан, Жоңғар шапқан Бұқар да, Самархан да, Ташкент те соңынан қайта қалпына келді ғой деген өкініші мол, қалың ойдың қаумалауында қалып қоюыңыз мүмкін. Ерте заманнан бастап Қазақстанның әкімшілік орталықтары болған Сарайшық, Сығанақ, Сауран құлап біткелі қашан. Таразда өткен ғасырда тұрғызылған бір-екі құрылыс қана сақталған, Шымкентте ол да жоқ. Бұрынғы тың игерген жерлерді аралап көріңізіші, көне тарихтың ізін де таба алмайсыз».

Ата-баба мұрасын қорғау халқымыз үшін елдігімізді сақтап қалумен бірдей еді. 1978-1980 жылдары Мәдениет министрлігі жасақтаған далалық экспедициялар Қазақстанның 19 облысының 13-де жұмыс істеп, үш мыңнан астам ескерткіштер жадығаттарын жинап қайтты. Нәтижесінде «тұңғыш рет есеп корточкаларынан, өлшем сызбаларынан, фотосуреттерден тұратын ғылыми паспорттар негізінде 800-ден астам ескерткіш облыстық, республикалық, бұрынғы одақтық деңгейде мемлекет қарамағына алынды. Жеті мыңға жуық ескерткіш қарапайым тізіммен жергілікті есепке алынды».

Қазақстанда, жоғарыда айтылғандай, 25 мыңға жуық тарихи және мәдени ескерткіштердің барын ескерсек, бұл үлкен жұмыстың бастамасы еді.

Қорыта айтқанда Ө.Жәнібектің Халықтық мәдени мұрамыздың әртүрлі себептермен құрып бітуге айналған тарихи, сәулеткерлік, көркемдік, тұрмыстық нұсқаларын іздестіру, мемлекеттік есепке алу және қорғау, мүмкіндігінше қалпына келтіру сыңайлас қат-қабат қамқарықтар тұрғысында тұңғыш бетбұрыс жасаған қажымас қайратын ел ешқашан ұмытпайды. Себебі, бұл қазақтану ғылым-білімін жолға қою мұрат-мүддесімен ұштасып жатыр.

НАУРЫЗБЕН ҚАЙТА ҚАУЫШТЫРҒАН

Қазақ халқының көрнекті перзенті, есімі ел есінде мәңгі жасауға тиісті тұлғасының бірі – Өзбекәлі Жәнібекті қайраткер өресіне көтерген ол атқарған мемлекеттік үлкен лауазым, үлкен қызметтер емес. Оның кешегі кеңестік кезеңде атқарып отырған үлкен қызметіме залалы тиеді деп қорықпай, қазақтың ұлттық салт-дәстүрінің сақталып қалуына аянбай атсалысуы. Оны тарихи тамырын қопара зерттеп, өзегіне концепция ұялатып теориялық өреге көтеруі, орайын келтіре жаңғыртып, күнделікті тұрмысқа пайдаланарлықтай етіп өмірге қайта енгізуі.

Ө.Жәнібектің белсене қатысуымен күрделі өтпелі кезеңде өзіндік ерекшелікке бай ұлттық мәдениеттің дәуірлеуі мен дамуының негізгі бағыттары, ұлт және тіл саясатының, ұлт-аралық келісім мен азаматтық түсінікті нығайтудың принципті қағидалары талдап жасалды. Ол бұрынғы қайраткерлерге қатысты тарихи әділеттікті, Қазақстан тарихындағы ақтандақтарды қалпына келтірушілердің бірі, халықтық дәстүрлерді түлетіп, қоғам өмірінде жоғары руханият пен адамгершілікті орнықтырудың ұйытқысы, ұйымдастырушысы болды. Халықтық таным, ұлттық дәстүрді ерекше құрметтеді. Сонымен бірге оларды тұрмыста тұтынып, өмірде ұштауға тырысты. Сондай халқымызбен ғасырлар бойы бірге жасасып келіп, 1926 жылы кеңестік түсінікпен діни мейрам ретінде тыйым салынған құндылықтарымыздың бірі – Наурызды тойлау рәсімі болатын. Қазақ халқы өзіне тән ұшқыр ойды, білуге деген құштарлықты табиғаттан алған. Кезінде компасты білмеген, сағат пайдаланып көрмеген қазақ халқы ай мен күнге, жұлдыздардың жылжуына қарап айналасын бағдарлап, тәуліктің нақтылы мезгілін анықтай білген. Осыдан кем дегенде үш мың жыл бұрын құрастырылған, он екі мүшеге негізделген Шығыс календарын пайдаланып, аптаның әр күніне, әр айға өз атауын беріп, жыл мезгіліне,

даланың табиғи-климаттық құбылыстарына болжам жасай білген.

Қазақ дән себуді күн мен түннің теңесер тұсында, яғни наурыздың 21-нен 22-не қарағанда – киіз үйдің шаңырағынан үйдің ортасына күн түскенде, ағаш бүршік жарғанда бастаған. «Бұл түні халық жеміс пен астық, жауын-шашын мол болсын деген тілекпен ыдыс-аяқты сүтке, айранға, шұбатқа, дәнге, бұлақ суына толтырып қоятын болған».

Наурыз күні адамдар бір-бірімен «төс түйістіріп» амандасып, игі тілектерін білдіретін, пәле-жаладан аулақ болуды тілесетін.

Таңсәріден ерлер арықты тазалап, бұлақ көздерін ашатын, ағаш отырғызатын. Түрлі ұлттық ойындар ойналатын.

Кеңес үкіметі кезінде осы тамаша халықтық мейрам ұмытылып кете жаздады. Оны кейбіреулер дінмен байланыстырып, тиісті орындар арқылы тыйым салғызған. Тіптен Наурыз кезінде мешітте оған арнап намаз оқылмайтынын, «Наурыздың қазақ даласына мұсылман дінінен жүздеген жылдар бұрын орныққан дәстүр екені де ескерілмеген».

1988 жылы 9 ақпанда Қазақстан компартиясы Орталық комитетіне хатшы болып сайланған соң, Ө.Жәнібек Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының пленумында сөз сөйлеп, «жылдар бойы қазақтың ұлттық қасиеттеріне, өмір салтына, әдет-ғұрпына, әсіресе тіліне мән берілмей келгендіктен республикада қалыптасқан хал-ахуалға» тоқталады.

Белгілі әдебиетші-ғалым Р.Бердібаевтың республикада наурыз мейрамын өткізуге бола ма? деген сұрағына Ө.Жәнібек «Неге болмасын?! Өткізейік!» деп жауап берді.

Осылай 1926 жылға дейін тойланып келген халықтық мереке араға 62 жыл салып Ө.Жәнібектің тікелей араласуымен халқымен қайта қауышты.

Жазушылар одағының пленумына қатысқан Алматы обкомының хатшысы Зәуре Қадыроваға қолма-қол тапсырма берді. Бар-жоғы бір айға жуық уақыт қалғанына қарамастан,

1988 жылы Алматыда және Жамбыл ауданында Наурыз үлкен халықтық мейрам ретінде өткізілді.

Ал 1989 жылы Наурыз мейрамы Қазақстанның барлық облыстарында бірдей аталды. Әсіресе, Алматыда, Жетісу өңірінде, Оңтүстік Қазақстанда, Сыр бойында, Жезқазған, Қарағанды, Павлодар облыстарында есте қаларлықтай қызығы мол, өрісі кең, халықтық мейрам сипатында өтті. Бұл мерекеге елімізді мекендеген басқа ұлт өкілдері де белсене араласты. Бұл жайлы Ө.Жәнібек былай дейді: «Қайсы аймақта болса да Наурыз мейрамында қазақтың өзіне тән дәстүрлі өнерін былай қойғанда, орыс, украин, неміс, поляк, грек, өзбек, шешен, ұйғыр, корей, курд, месхеттік түрік, тағы басқалардың шығармашылығы көрінгені көңілге қуаныш ұялатты».

Наурыз мейрамы арамызға осылайша қайтадан оралған еді. Кейін ежелден белгілі есеп бойынша күн мен түннің көктемгі теңесер тұсы – 22 наурыз Президент Жарлығымен Халық мейрамы болып жарияланды.

Ө.Жәнібек – наурыз мерекесіне мемлекеттік басшы қызметкер ретінде ғана қамқоршы болған жоқ, ірі этнолог ретінде бұл мейрамның ұлтпен бірге жасап келе жатқан тарихын түсіндірді. Сонымен қатар, Наурыз мерекесін қалай өткізу жөнінде методологиялық еңбектер жазды. Бір ғана Наурыз тойында халқымыз дайындаған тағам түрлері айтылды. «Түске қарай ауыл маңындағы алдын ала белгіленген жерде «Бел көтерер» үшін өгіз сойылатын. Өгіз етінен пісірілген «Бел көтерер» Наурыз көжемен берілсе адамға күш-қуат әкеледі делінген.

«Бел көтерер» жөнінде Өзбекәлі Жәнібекке дейін ешбір тарихшы айтпаған болатын. Сол секілді Наурыз мейрамында ойналатын ұлттық ойындардың «Айқыш-ұйқыш», «Аударыспақ» секілді сирек түрін де Өзбекәлі Жәнібек бүгінгі ұрпаққа жеткізіп еді. Өлі күнге Наурыз мейрамында көріне қоймаған «Айқыш-ұйқыш» ойынында жастар, егде тартқандар, карт-

тар белгілі бір қашықтықта жынысына қарай топ-топ болып жайғасатын. «Бастаушының әзіл қалжыңмен», сықақ өлеңмен шақыруынан соң бір-біріне қарама-қарсы жүгіріп ортаға шыққан еркек пен әйел немесе қыз бен жігіт, тіптен кемпір мен шал төс тақастырады да әйел еркектер жағына, еркек әйелдер тобына қосылатын. Ойын жиналғандардың бәрі бір-бірімен «төс қағыстырып» болғанша жүргізіле береді.

Расында, тарихшы танымынан туған тарихи мәліметтер «Аударыспақ» жөнінде де соны айтуға болады. «Аударыспақ» кезінде ат үстіндегі екі жігіт бірін-бірі аударып түсіруге тиіс болған. Егер оның біреуі қарсыласын атына теріс отырғызып үлгерсе, жеңілген жігіт жұрттың күлкі-қалжыңына көміліп, өз тобына қайтып оралатын» – дейді ол.

Айта берсе, Наурыз мейрамының тарихын, өткізу сипатын, дәстүрін, композициялық шешімін, халықтық мифологиядан ұлттық наным-сенім философиясына дейін аса білгірлікпен жазды. Ұлттық танымнан туған мереке-мейрамның өзін ұлт дәстүрін сақтаудың, сақтап қана қоймай, оны жаңа уақытқа сай дамытудың үздік үлгісін көрсетті. Оны тарихи тұрғыдан зерделеп, зерттеуші дәрежесінде қалып қоймай ұрпақтар тәрбиесіне орайын тауып, ұсынықты жұмсай білген үлкен тәрбиеші практик те еді.

Кеңестік қиын кезеңнің өзінде ол қисынын тауып осындай ата дәстүрлерді ардақтаудың әдемі үлгісін көрсетті. Бұл ретте көрнекті ақын Мұхтар Шахановтың «Өзбекәлі Жәнібек басынан бақайшағына дейін ұлттық рухпен тыныстаған, аса жауапты, мүмкіндігі шектеулі, ой-ауқымы сірескен атқамінерлік қызметтердің өзін де ұлт игілігіне құрудың тамаша үлгісін көрсеткен және еліміздің қаһарман қаласы – Отырар топырағына терең тамыр жіберу бағытына ие болған осы өлкенің мандайы жарқыраған арайлы перзенті еді. Сондықтан да оның есімі күлкі қазақ жамағатында ерекше құрметпен аталуға лайық» – деген пікіріне толық қосыламыз.

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҚТАРЫ

Орталық Комитетке хатшы ретінде жаңа қызметке келе Ө.Жәнібектің бел шеше кіріскен тағы бір үлкен жұмысы – енді ғана демократияға, жариялылыққа, қарсы пікірге үйрене бастаған тұста, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын бағалауда тұтас бір халыққа жабылған жаланы алып, Желтоқсан оқиғасына дәл баға беру еді. Себебі, Г.Н.Колбин республика партия ұйымын басқаруға кіріскен сәттен бастап «республикадағы негізгі ұлт өкілдерінің наразылығы күшейе бастады. Ол қанды шеруге ұласты, оқиғаға қатысты, ықпал етті дегендер ұсталды, қамалды, жазаланды, сотталды, қызметтен босатылды, оқудан шығарылды. Орталық Комитет құрамында ғана емес, барлық құрылымдарда да түрлі тәсілдермен жүріп түрлі мақсатты көздеп, белең алып жатқан тартыстардың ортасында болған Өзекеннің оң позиция ұстағандығын, оның айтылған сөздері мен атқарған істерінен айқын байқауға болады. Ол Өзекеннің ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалумен бірге халық санасында қайта жаңғыру тәсілдерін қарастырумен қатар пәрменді шешімдер қабылдауында еді»- деп жазады Ә.Мұсақұлов естелігінде сол ауыр кезенді еске алып. Шынында, Г.В.Колбин жастардың қарсылығын өзіне, яғни, орыс халқына қарсылық деп түсінгенін, республикада халықтар достығы насихатталмайды, бұрынғы басшылық қызметтерін тек жеке басына пайдаланған, жастарға интернационалдық тәрбие берілмеген деген пікірін барлық трибуналардан қайталауды әдетке айналдырғанын мұрағат деректерінен де кездестіреміз. Ал Ө.Жәнібек идеологиялық хатшы ретінде Г.В.Колбинге қазақ халқы атынан жауап беріп отырды. Мысалы, 1988 жылы 14 қыркүйекте Ульяновск қаласында өткен республикааралық насихатшылар семинарында Г.В.Колбиннің: «Злоупотребления, грубое попрание социалистической законности рядом бывших руководителей, практика очковтирательства и взяточничества, и прочих

застойных явлений сказались на идеологической обстановке. Тем самым подтачивались нравственные ценности социализма. В том числе святая святых, основа нашего многонационального государства — дружба народов. Именно об этом говорят декабрьские события 1986 года в Алма-Ате» деген сөзіне және баспасөздегі осы бағыттағы басқа да жарияланымдарға байланысты сол семинарда сөйлеген сөзінде Ө.Жәнібек былай дейді: «Если судить по газетным критическим выступлениям, проблемы интернационализма, оказывается касаются только коренного населения Казахстана, национализм присущ только ему, а шовинистических настроений нет в природе вообще» — дей отырып, ары қарай қазақ халқының тарихына тоқталып, киын сәттерде өзге ұлт өкілдерін қамқорлыққа алып, қолындағы нанының жартысын бөліп, үйлерін босатып бергендігін, жүргізілген түрлі саяси науқандардың нәтижесінде өз елінде азшылыққа айналғандығын, желтоқсан оқиғасының шын мәніндегі негізгі себептерін санамалап айтып берді.

Қазақ зиялыларының, жекелеген азаматтардың мақалалары мен хаттарына қарамастан 1987 жылы шілде айында КПСС Орталық Комитеті Алматыдағы Желтоқсан оқиғасына байланысты «Қазақ республикалық партия ұйымдарының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие берудегі жұмысы туралы» арнайы қаулы қабылдап, оған «қазақұлтшылдығының айғағы» деген қасаңқы, әділетсіз, біржақты баға берілген болатын. Ө.Жәнібек мемуарында «қазақ ұлтшылдығы» жайлы былай деп жазады: «Егер Ленинге жүгінсек, оның тұжырымдамасы бойынша тұтас бір халықты ұлтшыл деп айыптау үшін: біріншіден — өзге ұлттардың өкілдерін езуіне (ашықтан-ашық немесе бүркемелі түрде) мүмкіндік беретін саясат ұстағаны; екіншіден — әдебиет пен өнерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан, ғылым мен білімнен көрінетін ұлттық өктемдігін насихаттағаны, үшіншіден — өзінің ұлттық ерекшеліктеріне табынушылық-

ты үкімет органдары арқылы уағыздағаны және өрбіткені белгілі болуы керек. Тарихтың тауқыметін тартып, рухани-парасаттық, жасампаздық мүмкіндіктерін толығынан іске қоса алмай, аштық-жалаңаштыққа тап болып, миллиондаған азаматтарынан айырылғандықтан және Қазақстанға белгілі бір есеппен жер аударылғандардың есебінен оз отанында көпшілік болудан қалған қазақта мұның біріншісі де, екіншісі де, үшіншісі де болған емес. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, қазақтың үштен бірі ана тілін білмейді, ұлттық дәстүрлерден түгелдей айырылған, әдет-ғұрыптарынан түйсігі шамалы. Елдің ұлттық мәдениетінің арттырғанынан гөрі жоғалтқаны көп». Негізі демонстрацияға шыққан жастар республикаға бірінші басшының міндетті түрде қазақ ұлтынан болуын талап еткен жоқ. Ол қазақ, орыс немесе неміс болсын бәрібір, тек республиканың проблемасын, өзіне тән ерекшеліктерін жақсы білетін жергілікті адам болуын талап етті.

Ө.Жәнібектің тікелей басшылығымен қылмыстық істерді ашуға шығармашылық одақтарды, көптеген танымал мамандарды қатыстырып, республикада жүргізілген мұқият зерттеудің нәтижесі желтоқсан оқиғасын ұлтшылдық мәнде алдын ала жоспарланған әрекет деп есептеген бастапқы жорамалды (Ө.Жәнібекке дейінгі) жоққа шығарды. Алдымен анықталғаны – жастардың (олардың арасында басқа халықтардың да өкілдері болған) тоқыраукезеңінің бюрократтығының қайталанғанына қарсылық білдіру үшін алаңға шыққаны. Шынында да небәрі он сегіз минутқа созылған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумын басқаша бағалауға болмайтын еді. Орталықтың бұл әрекетінің республика коммунистерінің ұжымдық басшылығына, сол арқылы барлық қазақстандықтарға көрсетілген сенімсіздік болып шығатыны ешкімнің ойына келмеген. «Қыркөрсетудің (Ө.Жәнібек желтоқсан оқиғасындағы жастар әрекетін осылай атайды. – Б.А.) Қазақстанда тұратын

ұлыстарға, оның ішінде орыс халқының өкілдеріне қарсы бағытталмағаны хақ. Алаңға шыққандарды қоздыра түскен «қазақ ұлтшылдығымен» бұркемелеуге көне қоймайтын, көптен бері шешілмей, тамыры тереңде жатқан, сайып келгенде, жастардың өмірлік мүдделеріне қайшы келетін басқа жәйттер еді. Олар тоқырау жылдары шешімін таппаған әлеуметтік мәселелермен – баспананың жетіспейтінімен, азық-түлік тапшылығымен, көпшілік қолды бұйымдардың аздығымен, ең негізгісі – әлеуметтік әділетсіздіктің жүгенсіздігімен байланысты еді» (Ө.Жәнібек). Академик М.Қозыбаев та желтоқсан қозғалысын зерттеп, түрлі дәрежедегі комиссияның материалдарына, қатысушы азаматтардың естеліктерімен танысып, негізгі себептері жайлы өз пікірін айтады: «1986 жылғы желтоқсан сырлы құбылыс. Қозғалыс тоталитарлық жүйеден тәуелсіздік алуға бетбұрған елдің тарихының бір аумақты, маңызды белесін қамтиды. Ол бір ғана 1986 жылдың астанадағы үш күндік оқиғаларынан тұрмайды, ол бүкіл жүйенің дағдарысы, тоталитарлық жүйе мен балғын демократияның алыс-жұлысы, ескі мен жаңаның күресі, ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа сатыда қалыптасу, өрбу сәті, оның қозғаушы күштерінің шабысы мен табысы, қуаныш пен трагедиясы сияқты келелі проблемалардың диалектикалық ұштасып жатқан әрекеттері мен қаракеттерінен тұрады». Жастардың әрекеті алғашында әдептілік сақтаған бейбіт, бүгінгі өлшеммен қарағанда, әдеттегідей сипатта болды. Орталық алаңдағы мінберлерде жылдар бойы түпсіз бойұсынушылық пен тыйым салуға негізделген тәртіпке үйренген қызметкерлер, үкімет пен партия басшылары, алаңда – қарсы жақтың түсініспеушілігінің кіріптары болып, бойын ыза кернеп, әбден ашынған жастар тұрды. Осы сәт жайлы Ө.Жәнібек былай жазады: «Екі жақтан да сезімі мен ойын жеткізе алатын сөйлесу мәдениеті, түсініп-білуге деген дағдыланғандық көріне қоймаған. Қозушылық шектен шыққан кезде жекелеген қызбақандылар көрінген. Кісі өлімі болған,

деп тезірек мәлімет беру. Бұл жолы да солай болған». Жазаға тартылғандардың арасында жұрттан естіп-білгені болмаса, алаңның маңына да жуымаған, бірақ КПСС Орталық Комитетінің қаулысы жайлы ресми пікірге қайшы келетін ойын ашық айтқандар да, студент балаларының «қылығы» үшін жапа шеккендер де болды. Сонымен бірге, «кылмыскерлерді» анықтауда сәуегейлік жасап, оңды-солды «мәліметтер» таратып керініп қалғысы келгендер де, у-шу үстінде қарсыластарынан өшін алу үшін жаныққан кейбір басшылар да аянып қалмады. «Жазықсыз, нақақтан нақақ астаналық жоғары оқу орындарынан қуылған жүздеген оқытушыларды былай қойғанда, кейіннен менің өзім де әділеттікті қалпына келтірмек боп, тағдырына тікелей араласқан 18 профессор, ғылым докторларын білем» – деп жазады Ө.Жәнібек. Ө.Жәнібек желтоқсан оқиғасына қатысы бар деп кінәсіз айыпталып, қудалауға түскен зиялы қауым өкілдеріне көмек көрсетті, қайта қызметке орналасуларына ықпал жасады. Атап айтсақ, кезінде ҚазҰУ-дың бұрынғы ректоры, академик Ө.Жолдасбековтің жоғары оқу орнында тамыр-таныстықты өрбітіпті-міс, оқу-тәрбие ісінің нашарлауына, отаншылдық және интернационалдық бәсеңдеуіне алып келген студент қабылдаудағы шалыстыққа жол беріпті-міс деген айыппен қызметінен босатылғаны және партиядан шығарылғаны мәлім.

Ө.Жәнібек осы жағдай туралы былай деп жазады: «Мен Орталық Комитетке 1988 жылы ауыса салысымен Ө.Жолдасбеков өзін қабылдауды өтінді. Қабылдас бұрын оның «ісін» караған қалалық партия комитетінің хаттамасымен, академикке лекция оқуға тыйым салғысы келген университет парткомының қаулысымен таныстым. Жолдасбековті зауытқа слесарлық қызметке орналастыру жөнінде Орталық Комитеттегілер мен Алматы обкомы өзара алмасқан хаттардың көшірмесімен де таныстым. Жолдасбековке тағылған айыптарды Орталық Комитеттің парткомиссиясы арқылы

тексертіп қарағанда көпшілігінің жала екені анықталды. Ал комиссияның қорытындысымен танысып, шешім қабылдауға келгенде, қалыптасқан тәртіптің қатандығы сонша не бірінші хатшы, не секретариатты басқаратын екінші хатшы нақтылы тәртіптісәлмай, жадығатты маған жіберіпті. Мен «секретариатта қаралсын» деп тәртіп салып бердім. Секретариат мәжілісінде Жолдасбековтың атына пәлендей сөз айтылмай, партияға мүшелігі сол бұрынғы стажымен қайта қалпына келтірілді. Академиктің басылым жоспарынан алынып тасталған оқулығын, жұбайының Қазақстандағы орыс фольклорына арналған кітабын шығаруға тікелей нұсқау беруге тура келді».

Шектен шыққан, дәлелденбеген және ойдан шығарылған тағы бір істің құрбаны – бұрынғы жоғары және арнаулы орта білім министрі Көпжасар Нәрібаев болды. Ө.Жәнібек бұл жерде де қолынан келген көмегін көрсетті.

Желтоқсан оқиғасын «Қазақ ұлтшылдығының айғағы» деп бағалаған КПСС Орталық Комитетінің қаулысына байланысты тарихшы ғалымдар Марат Мұқановтың «Орта жүздегі қазақ руларының орналасуы», Оразак Ысмағұловтың «Қазақстанның тектестік антропологиясы» атты аса танымал ғылыми еңбектеріне де ұлтшыл туындылар ретінде жала жабылды.

Мәдениет министрі қызметінде жүргенде Ө.Жәнібек Мәскеуге іссапармен барып КПСС Орталық Комитетінің ұйымдастыру бөліміндегі сектор меңгерушісі Мищенкоға кіргенде ол М.Мұқановтың «Орта жүздегі қазақ руларының орналасуы» деген кітабын көсілте лақтырып тастап: Қара мына ұлтшылдың кітабын. Қазақ руларының қайда орналасқанын жазыпты,- дейді. «– Онда тұрған не бар? Бұл ғылыми еңбек, рушылдыққа шақырып отырған жоқ. Жұртқа ата-бабасының қайда және қалай өмір сүргенін айтса, оның несі айып... – дей бергенімде ол ақырып жіберді» – деп жазады Ө.Жәнібек мемуарында. Колбин де осындай пікірде болып,

ғалымды «құлтшыл» ретінде көрсетуге тырысты. Ө.Жәнібек еңбектің тарихи маңызын түсіндіріпғылыми жағынан ақтауға бар күшін салды.

Колбин, әсіресе, белгілі қазақ антропологы О.Ысмағұловтың еңбектеріне ерекше шүйілді. Ғалымдар республиканың бұрынғы басшыларының әлеуметтік тапсырыстарын орындап, рулық-тайпалық қатынастардың тарихы жөнінде жалған ғылыми еңбектер жазған деп айыптады. Г.В.Колбин дүниежүзілік антропология ғылымының тәжірибесіне, қалыптасқан зерттеу әдістеріне қарсы шығып, О.Ысмағұловқа қазақтардың қанын басқа бауырлас халықтардан бөлек деп қарады. Сонымен бірге, қазақруларының өзара ерекшеліктерінбаса көрсетеді, үстемдік құрған басшылардың арғы, тегін дәріптейдідеген жала жапты.». Г.В. Колбин Ө.Жәнібекті өзіне шақырып, О.Ысмағұловтың «Қазақстанның тектестік антропологиясы» атты кітапты беріп, арнайы айналысуды тапсырады. Осы жайлы Ө.Жәнібек «Мен кітапта тұқым қуалаушылық(ген) немесе рулық құрылыс жайында ештеме жоқ екенін, тек Қазақстанның қазіргі әкімшілік бөлінуіне қазақхалқының әр түрлі топтарын антропометрикалық жолмен зерттеудің нәтижелері берілгенін айттым. Адамдардың көзінің түсі, шашының түрі, мұрнының құрылымы, тіпті тістерінің орналасуы жағынан да бір-бірінен ерекшеленетіні мәлім (ол басын шұлғып қостап отырды). Кеңес халықтарының денсаулығына катысты шаралар белгіленгенде де, әрдайым антропологиялық зерттеулердің нәтижелері медициналық дағдыда ескеріліп келген – дегенімде, ол ойланып қалды». Бірақ, әлдекімдер жағымпаздықпен азғырған ба, әлде өз ішіндегі сенімсіздік пе, кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XII пленумында жасаған баяндамасында Колбин «Орыс, қазақ майданда қанын бірге төксе, Ысмағұлов келіп олардың қаны тұқым қуалаушылық деңгейінде әртүрлі болатынын дәлелдегісі келеді»- деп атап өтті» – деп жазды. Ө.Жәнібек өзі тарихшы ретінде ғалым еңбегін ғы-

хатшы ретінде Ө.Жәнібек бұл істің оң шешілуіне атсалысты. Ж.Ысмағұловқа республикалық дәрежедегі зейнетақы тағайындалып (одақтық дәрежедегі зейнетақы тағайындауға орталық келісім бермеді), өзге журналистер мамандықтарына сәйкес жұмысқа кірісті. Бұл тізімді ары қарай шексіз жалғастыруға болады. Біздің айтпағымыз – Ө.Жәнібектің қызметтік мансап креслосын халқына қызмет еткізе білуінде еді.

Желтоқсан оқиғасының артынша «Известия» газетінде Алматыдағы студенттердің ұлттық құрамын тағы да «проценттеп» берген (бұл мәселе алғаш Қазақстан Компартиясының XVI съезінде көтерілген болатын) «Шырмау» («Паутина») [139] атты мақаланың жариялануы онсыз да күрделі жағдайды шиеленістіре түсті. Алғашында студенттердің ұлттық және әлеуметтік құрамы «реттеуге» бағытталған, ел ішінде «процентомания» деп аталып кеткен бұл саясаттан құтылу оңайға түспеді. Ө.Жәнібек студенттердің ұлттық құрамы жөнінде оқу орындарына тағылған айыптың орынсыз екенін Г.В.Колбинге түсіндірді: «Солтүстік, шығыс облыстарда мектеп орысша бітіргендерді көпшілігі қиыр оңтүстіктегі Алматыдан гөрі, Ресейге оқуға түсуді қалайды. Ал, қалған облыстағылар, әсіресе мектепті қазақша бітіргендер, керісінше Алматыда оқуға тырысатын. Бұл қаулымен реттеуге көнбейтін жәйт. Егер Шымкентте, Жамбылда, Қызылордада, Ақтөбе мен Атырауда орыстар аз болса оқуға түсетіндердің арасында олар қайдан көп болсын. Ал, Ақмолада, Петропавлда, Қостанайда, Көкшетауда қазақ аз болса, олар оқуға неге көбірек қабылданбады деп өкпелеуге бола ма? Жоғары оқу орындарына түсетіндердің, ішінде қазақ жастарының ара салмағы көпжылдық көрсеткіштерге қарағанда республика бойынша 45-47, қыстағанда 50 проценттен аса қоймайтын. Тіпті жұрттың ұлттық намысына тиіп, оқуға түсетіндердің азаматтық құқығына қол сұғуға болмайтындықтан, емтиханды ойдағыдай тапсырғандар ұлтына қарамастан қабылданады емес пе? Құрғақ есепшілдікке салынып, осындай

дұдамал, күмәнді мәселені мемлекет деңгейіне дейін көтеру-дің қажеті бар ма еді? Лауазымың болса қолыңнан келгенше емтихан кезінде жершілдікке, таныстыққа, пәре алуға жол бермеуге тырыссаң, қалғаны өзінен өзі реттеледі емес пе? – дегенімде ол кісі менімен келісті». Сөйтіп, Орталық Комитет 1988 жылы 5 мамырда Колбиннің қатысуымен Алматыдағы жоғары оқу орындарының басшыларымен жиналыс өткізіп, студенттерді пайызға бөліп қабылдауды тоқтатуды ұсынды. Облыстардағы жоғары оқу орындарына Министрдің директивасы жөнелтілді. Әйтсе де сол жылы Алматы медицина институтының, Қарағанды университетінің басшылары бұрынғы тәртіптен айыға қоймағанын көрсетті. Бұл жөнінде, келесі 1989 жылғы, тағы да Колбиннің қатысуымен өткізілген, республика жоғары оқу орындары ректорлары мен партком хатшыларының жиналысында айтылды. Колбин екі жиналыста да Ө.Жәнібекті сөйлетіп, өзі үндемеді. Осылай «процентоманияға» біржолата тыйым салынды. Партияға қабылданатындар да бұрынғыша «процентке» бөлінбейтін болды. Бұл қазақ кадрларын іріктеу, қызметке тағайындау және пайдалануда жіберілген ауытқулардан да құтылуға жол ашты. Осы жерде айта кететін басты мәселе – 1986 жылы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жапа шеккендердің барлығы 1991 жылы 12 желтоқсанда ҚР Президентінің жарлығымен ақталды. 17 желтоқсан – Демократиялық жаңару күні болып белгіленді. Желтоқсан оқиғасына Елбасы Н.Назарбаев былай баға берді: «1986 жылғы желтоқсан оқиғалары қазақ жастарының сана-сезімінің қаншалықты өскендігін көрсетті. Олар жүз жылға жуық уақыт бойы халықты казармалық тәртіпте ұстап келген тоталитарлық жүйенің алдында бірінші болып айылдарын жиған жоқ. Жастар бұдан әрі кез келген ұлтқа тән ұлттық мақтаныш сезімін қорлауға жол бермейтінін өз халқының атынан ашық мәлімдеді».

АҚТАЛҒАН БЕС АРЫС – ҚАЙТА ОРАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ЫРЫС

Әлемдегі әрбір ұлттың өзіндік саяси және әлеуметтік болмыс-бітімі, тілі мен ділі, тарихы және мәдени келбеті, рухани пайымы, зердесі бар.

Өткен ғасырдың екінші жартысында халқымыздың тарихи зердесін қалпына келтіру, мәдени мұраларын қорғау, тіл мәртебесін көтеру, тарихи ақтандақтарын толтыру істерінде үлкен еңбек сіңірген, ұлтының шын жанашыры болған перзенттерінің бірі – Өзбекәлі Жәнібек.

«Өзбекәлі Жәнібек қазақ халқының тарихында өзінің дарындылығымен де, парасаттылығымен де, ғалымдығымен де, ғажайып іскерлігімен де, өз атын қалдырған ірі тұлға» екендігін халқына жасаған кез келген қызметі дәлелдейді.

Біз Ө.Жәнібектің бір қырына – қазір «бес арыс» аталып кеткен Шәкірім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймақытовтарды ақтауда сіңірген еңбегіне тоқталмақпыз.

Қазақ зиялыларына, әсіресе ел қамын ойлайтын азаматтарға 1986-1990 жылдар аса қиын болды. Желтоқсан оқиғасы әлемді дүр сілкіндірді, соңынан Кеңестер Одағының іргесі шытынап, керегесі шайқала бастады. Қазақстанға Компартия лидері болып Г.В. Колбин келді, түрлі дәрежедегі қызметкерлер ерікті, еріксіз қызметтерінен босатылып жатты.

«...1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін, Колбиннің кезінде бір жылдың ішінде оны екі рет көтерді. Алдымен Мәдениет министрі, сосын Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы етіп қойды. Бұл Орталық комитеттің «апараттық» қулығы еді. Бұрын кім жақпаған болса соны жоғарылату және оны өзіне шын берілген жақтаушыға айналдыру дейтін тәсіл де болатын.

Әйтседе Ө.Жәнібек қалыптасқан тұлға болатын және оны уақытша «көсемдерге» емес, өзінің Отанына, өз хал-

Осы қиындықтарға карамастан Ө.Жәнібек бұл мәселеге көптен дайындалып, арыстарды актау қажет деген шешімге тас түйін болып іштей бекінген еді. Ол кездегі Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті Жабайхан Әбділдиннің басшылығымен Орталық Комитеттің комиссиясын құрып, алғашқы мәжілісінде өзі сөз сөйледі:

«— Өз басым бүгінгі «қылмыстық істерін» қайта қарауға кіріскелі отырған Шәкәрімді, А.Байтұрсыновты, М.Жұмабаевты, М.Дулатовты. Ж.Аймауытовты жалпылама білетінім болмаса, олардың шығармашылығымен таныстығым шамалы адаммын. Біз осылай өстік. Істеген «қылмыстарын» да біле бермейміз. Ал, сіздер алдыңғы қатарда отырған ағаларымыз – академик С.Кеңесбаев, академик Қаратаев, ақын Ө.Тәжібаев, ғалым филолог Ә.Шәріпов, кімнің кім екенін жақсы білесіздер. Бұлар нендей қылмыс істеді, нені бүлдіріп қойды, айтыңыздар. Ал қазір айтпасаңыздар, қашан айтасыздар, оны да біліп алайық. Қашанғы «жабулы қазан жабулы» қала береді.

Мен, әрине, Мағжанды немесе Жүсіпбекті оқымайын деп жүргем жоқ. Кітаптарын табу қиын, сирек қордан да әлдеқашан алынып тасталған, архивтен де мардымды ештеңе таба алмадық. Ендігі бар үміт елдің қолында сақталғандарында. Бірігіп жұмыс істесек, Прокуратура, Сот, МВД, КГБ бізге көмектесер деп ойлаймын, көп нәрсенің бетін ашып алуымызға болатынына кәміл сенемін. Ұсыныстарыңызды сөза бермей тезірек айтыңыздар. Осыны айттым да залға қарадым. Ақсақалдар ләм деп аузын ашпай отырып қалды».

Белгілі тілші-ғалым Рабиға Сыздықовадан басқа үлкен ғалымдардың бірде-біреуі «ақтайық» деген бір ауыз сөзді айта алмай, күмілжіп төмен қарайды. Шындығында, қоғамдық сана дәл сол кезде бұл мәселені талқылауға толық дайын емес еді.

Ө.Жәнібектің басшылығымен арнайы құрылған комиссия XX ғасырдың жиырмасыншы жылдардағы саяси және

творчество қайраткерлері – «Алаш партиясы лидерлерінің даңқты есімдері мен еңбектерін халыққа қайтару жөнінде зор жұмыс жасады».

Комиссия жұмысының барысында Мағжан Жұмабаевтың 1960 жылғы сот арқылы ақталғаны жөніндегі құжаттың жоғалып кеткені белгілі болды. Ал қалған «төрт арыс» жайлы кезінде ондай мәселе қою ешкімнің ойына келмеген. Мағжанның сот арқылы ақталғаны туралы қаулы оның жары Зылиха әжейдің қолындағы көшірме арқылы қалпына келтірілді.

Алдымен ҚКП Орталық Комитетінің Шәкәрімді ақтау туралы «Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» деп аталатын шешімі қабылданды. «Қазақ әдебиеті» газеті 1988 ж. 15 сәуірдегі №16 санын ақын Шәкәрімнің мұрасына арнады.

Ендігі кезекте А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтардың ісін қарап, комиссия шешім шығаруы тиіс еді. Бұл тек үш жазушыны ақтап алу емес, олар қатысқан бүкіл алаш қозғалысын, Алашорда үкіметінің қызметін жаңаша бағалау болатын.

Комиссия қорытындысы 1988 жылы желтоқсанда шығып үш арыс ақталды. «Қазақ әдебиеті» газеті 1988 жылғы 8 қаңтардағы №2 санында ҚКП Орталық Комитетінің «М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» шешімін, комиссияның қорытындысын және арыстардың әдеби мұраларын жариялады.

Ең соңында М.Дулатовтың ісі қаралды. Бұл істің басқаларынан қиындығы – Амангелді Имановтың өліміне М.Дулатовтың қатысы бар деген әңгіме тараған. Комиссия мүшесі С.Қирабаев былай деп жазады: «Бір күні мені Өзбекәлі шақырыпты. Барып ем, ол әңгімені өзіне Міржақыптың қызы Гүлнәрдің келіп кеткенін, Ахметтерді ақтағанда, өмірін сол кісімен бірге өткізген әкесін тастап кеткеніне реніш білдір-

генін айтты. Гүлнәр апарып көрсеткен құжаттармен, әртүрлі қағаздармен танысыпты. Қауіпсіздік комитетіне Амангелдінің өліміне Міржақыптың қатысқан, қатыспағанын анықтап беруді сұрағанын айтып, оның әдеби шығармаларын қарап, қорытынды жасауды тапсырды».

Сол кездегі Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және Өнер институтының директоры С.Қирабаев М.Дулатовтың әдеби мұрасы туралы хат дайындайды. Қауіпсіздік Комитеті Амангелдіні өлтірушілердің тізімінен М.Дулатовтың есімін таппайды. Нәтижесінде, Ө.Жәнібектің тікелей басшылығымен, қадағалауымен Алаштың ардақты азаматтарының бірі М.Дулатов та ақталды.

Осылай кешегі қызыл империяның құламай тұрған кезінде Ө.Жәнібек өздері атылып, еңбектерін оқуға, есімдерін атауға тыйым салынған халқымыздың асыл перзенттері А.Байтұрсыновты, Шәкәрімді, М.Жұмабаевты, М.Дулатовты, Ж.Аймауытовты жұртымен қайта табыстырып, бұрынғы батырлар мен ақындарға, ел тізгінін ұстаған билерге жаңаша көзқарас қалыптастыруға негіз қалады. Бұны ұлтжанды азаматтың өз жұртына жасап кеткен кез келген қазақтың қолынан келмейтін ерен жақсылығы десек жарасады.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІ

«Әрбір ұлттың, этностың тек қана өз үлесіне тиісті, басқаға ұқсамайтын өзіндік бет бейнесі, ашылмайтын сыры және құнды дүниелері болады. Осылардың ішінде құндының құндысы атамекен жері, екіншісі ана тілі» – деген тарихшы ғалым З.Қианатұлының пікіріне сүйенетін болсақ, қазақ зиялыларының, тілші ғалымдарының алдында 1987-89 жылдары қазақ тілінің мәртебесін қорғайтын қоғам құру қажеттігі тұрды. «Қоғамдық өмірден тәркі етіле бастаған ана тілімізге деген жұрттың көзқарасын өзгертіп, санасын оятуды, тілімізге

мемлекеттік мәртебе әперу жолымен оны төніп келе жатқан қауіп-қатерден Заң (Конституция) арқылы қорғап қалуды мақсат етті». «Бұл тұста зиялы қауымның өз арасында қазақ тілін мемлекеттік тіл етеміз бе, жоқ па деген талас пікірлер жүріп жатқан. Жазушылар одағында, Ғылым академиясында алып-қашты әңгімелер өрбіп, газеттерде қилы-қилы мақалалар жарияланды. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына зиялы қауымның көбі күдікпен қарады. Қаншама жылдар сананы билеген жалтақтық бұл жолы да көпті өз уысында ұстаумен болды» – деп жазады Өмірзақ Айтбайұлы сол кезеңнің күрделілігі жайлы. Басқаны былай қойғанда, тіл мамандарының өзі бұл мәселеге аса сақтықпен қарағанда алғаш қолдау көрсетіп, дұрыс түсінген республиканың идеолог-хатшысы Ө.Жәнібек болды. «Өзекеңнің ақыл-кеңесімен қоғам құру үшін құрылтай шақыру мәселесі, қоғамның бағдарламасын, жарғысын ресми бекіту, қоғамның өз үні – «Ана тілі» газетін шығару, т.б. осы сияқты біздің қолымыздан келе бермейтін толып жатқан ұйымдастыру мәселелеріне «бейресми түрде» (өйткені бұлар идеолог-хатшының міндетіне жатпайтын істер болатын) қызу араласып кеткені көз алдымда, әлі есімде» – деп жазады Ә.Қайдар естелігінде.

Ө.Жәнібек қоғамның беделі жоғары болуы үшін басшысын «Президент» деп атауды, ал қоғамның атын «Ана тілі» қоғамы деп атауды ұсынды. Себебі, «Ана тілі» деп аталса қоғамның құзырында Қазақстанда өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдерінің тілін түгел қамтыған, ең бастысы, үкімет тарапынан қаржыландырылатын еді. Бірақ бұл мәселе 1989 жылы 21 қыркүйекте Алматыда өткен құрылтайда «Желтоқсан оқиғасынан кейін жүз берген қоғамдық әмір үрдісіне сай «Тіл тағдыры – ел тағдыры», «Қазақ елі», «Қазақ тілі» деген ұранды сөздермен, көтеріңкі сезіммен басталған құрылтай рухында Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы болып шешілді» – деп жазады академик Ә.Қайдар. Ө.Жәнібек қоғамға мекен тауып берді, «Ана тілі» газетін шығаруға көмектесті.

Қоғам «Ана тілі» аталмағандықтан, бүгінгі ұлттық мәдени орталықтарының басын қосып отырған Қазақстан халықтары ассамблеясы дүниеге келді. Істің алдын болжайтын Ө.Жәнібектің бір қасиетін осы арадан көруге болады. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге қол жеткізуі де оңай болған жоқ. Билік қолына тиген Г.В.Колбин қалың жұртшылықтың айтқанына құлақ асудың орнына келген күнінен бастап, кеткен күніне дейін Қазақстанда қостілділік негізінде мемлекеттік тіл жасаймын деп әлек болды». Ө.Жәнібек идеолог-хатшы ретінде Г.В.Колбиннің айтқанын қолдап: «Қазақстанда ұлтты орыс қостілділігі өмірлік қажет және әділетті нәрсе – деп жазды. Бірақ өз қателігін дер кезінде түсініп, мемлекеттік тіл мәселесі асқынып тұрған кезеңде ерекше ақыл-парасаттылықпен ерлікке бергісіз іс жасады. Ө.Жәнібек Орталық Комитеттің бөлімдеріне халықтан түскен хаттарды таратып, оларға ана тілі туралы пікірлерді талдатып, халық талабын Колбинге қағаз жүзінде тигізуге арнайы тапсырма берді. Нәтижесінде мемлекеттік тіл мәселесін шешу үшін 26 адамнан комиссия құрып, баспа бетінде ашық пікірлер айтыла бастады. ҚР Президентінің мұрағатынданың халық депутаты М.Шахановтың Ө.Жәнібекке жазған хаты және оған қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруін сұрап, қол қойған халықтың 110 беттен тұратын өтініштері сақтаулы. Хатта былай делінген: «18.06.1989. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Ө.Жәнібековке.

Маған Қазақстанның түкпір-түкпірінен бірнеше мыңдаған азаматтар қол қойған қазақ тіліне мемлекеттік, орыс тіліне халықаралық қатынас тілі мәртебесін беруді өтініш еткен, талап еткен хаттар көптеп келуде. Сіздің комиссияның мүшесі ретінде осы ұсыныстарды өзім толық қолдаймын және осы мәселені көтергенде халықтың пікірімен санасуды сұраймын.

Қосымша: 110 бет.

СССР Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, КСРО-ның Халық депутаты М.Шаханов».

Осындай бейнет зейнетке айналып, Тіл туралы Заң қабылданып, қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланды. Ө.Жәнібек Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумында жасаған баяндамасында: «Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті көпшіліктің пікірін есепке алатырып, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруді дұрыс деп шешті, бұл халық тарапынан қолдауға ие болды. Саяси-құқықтық идеясы мен көзқарасы айқындалып, «Қазақ КСР-н Тіл туралы Заңы» қабылданды. Бұл демократиялық жолмен қабылданған, қазақ және өзге тілдердің дамуына кеңінен жол ашқан заң болды» – дейді атқарылған істер жайлы.

ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ТҮТАСТЫҚ – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ КЕПІЛІ

Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуының түп-тамыры ертеде жатыр. Қазақ хандығына дейін территориямызда өмір сүрген тайпалар әр түрлі одаққа бірігіп, әр түрлі атаумен белгілі болып келген. Осы тарихи кезеңдерде қазақ тайпалары кейбір соғыстарда жеңіліс тауып, жерінің біраз бөлігінен айырылған немесе сөз жүзінде ғана тәуелді болған кездері бар, бірақ ешқашан отаршылдыққа түспеді. Өзіндік мәдениет, салт-дәстүр сақталды. Тарихымыз бен мәдениетіміз үшін патшалық Ресейге бодандық және кеңестік кезең ауыр болды. Бұл кезде, керісінше, үлкен соғыстар болмаса да, адамдар миллиондап қырылып, қазақтар төл мәдениетінен алшақтай бастады. Барлық позициямыздан айырылып, бодандыққа бас идік. Ата дәстүрімізден, мемлекеттігімізден айыру үшін «қазақтарда тарих жоқ», «қазақтар тек көшіп-қонуды ғана білген», «олардың мәдениеті де, діні мен ділі де

болмаған» деген «аңыздар» таратылып, патшалық Ресейдің құрамына кіргенге дейін қазақ жері бос жатқан кеңістік болатын деген қағида қалыптасты. Бұл тек қазақ халқы ғана емес, Ә. Кекілбаевтың пікіріне сүйенсек, «талай халық талай жылдар бойына өз өткенін өзі ұмытып, өзгенің тарихын өзіміздікі деп ұғып, уақыт ағымында қайдан шығып, қайда бара жатқанын өзі ұқпайтын кезең» болды.

Қолдан жасалған, қазақ жерінде бұрын мемлекет болмаған деген тұжырымды тарихшы ғалым М.Әбусейітова жокқа шығарады: «Біздің ғалымдар зерттеп жүрген деректерде қазақ мемлекеттілігі, оның басқа елдермен байланысы, қазақ сахарасындағы сауда-саттық, қазақ дипломатиясы және қазақ халқының өзіндік дәстүрі мен мәдениеті болғаны туралы айтады. Тарихи деректер де қазақ хандарының соғыстардан гөрі мәселені дипломатиялық жолмен шешіп отырғанын көрсетеді. Бұл – мемлекеттіліктің ең жоғарғы дәрежесі. Осылайша, ел билеушілері кең байтақ жерге ие болды. Біз қанша «отар» болдық дегенмен, ұлт, мемлекет ретінде сақталып қалдық. Бұл өте маңызды. Қазіргі кезде ұлтымызды ел етіп танытатын мемлекеттік жүйе, шекара және т.б. мемлекеттік рәміздер бар».

XX ғасырдың аяғында КСРО-да орын алған саяси дағдарыстан соң бұрынғы Кеңестер Одағы құрамында болып келген одақтас республикалар тәуелсіздік алуға ұмтылды. Сол тарихи кезеңдегі қалыптасқан саяси-экономикалық, әлеуметтік және мәдени ахуалда ұлт тәуелсіздігінің тұғырнамасын баянды етуге бағыт алған қоғамдық ой-сана ел тарихын жаңаша саралауға деген қажеттілік туғызды. Бірақ осы уақытта қазақ елінің мыңжылдық терең тарихы мен қазақ халқының сан ғасырлық ұлттық мәдениеті, ата-бабымыздың төгілген қанымен қалыптасқан ұлан-ғайыр жері бар екеніне қарамастан оның кеңбайтақ қалпына күмән келтірушілер көбейіп кетті. Атап айтқанда, А.И.Солженицынның «Комсомольская правда» газетінде арнайы қосымша ретінде

жарияланған «Россияны қалай түлетеміз?» атты мақаласы Қазақстан халықтары арасында үлкен реніш туғызды. Баспасөз беттерінде, телерадио арналарында мақалаға қарсы пікірлер көптеп берілді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология саласын басқаратындықтан әрі тарихшы ғалым ретінде Ө.Жәнібек бұл даулы мәселеге тікелей араласты. Республикалық ғылыми-теориялық конференциялар ұйымдастырып, оларға ғалымдарды қатыстыра отырып, осы мәселеге жан-жақты талдау жасауға басшылық етті. Атап айтсақ, Ө.Жәнібек «Қазақстан территориясы: тарих және қазіргі кезен» атты ғылыми-теориялық конференцияда «Қазақстанның территориялық тұтастығы жайлы» баяндама жасады. Баяндамасында тарих ғылымының докторы В.И.Козловтың «СССР тарихы» журналында жарияланған «Ұлттық мәселе: парадигмалар, теория және саясат» атты мақаласы мен А.И.Солженицыннің жоғарыда аталған мақаласына қарсы деректер мен дәйектер келтірді. В.И.Козлов «Каспий мен Тянь-Шаньға дейін кеңінен созылған автономия солтүстік-батысында экономикасы жағынан Еділ бойы мен Жайыққа бейім Орал казак әскерлерінің орыстар қоныстанған жері мен оңтүстік-шығысында Сібір казактарының иелігінде болған Жетісу казактарының жерін Верный поселкесімен (оның негізінде кейін Алматы пайда болды) бірге қосып алған. Сөз орайында айта кететін бір жай, Қазақ АССР-і Советтерінің құрылтай съезі Орынборда (1920 ж.) өткен» – деген, сол сияқты А.И.Солженицынның «Қазақтарының саны барша тұрғындарының жартысына да жетпейтін Қазақстан, коммунистердің ессіздігінен шектен тыс көбейтілген», «Оңтүстік Сібір, Оңтүстік Орал тұсы орыстар, солдаттар мен жер аударылған халықтар игеріп, көркейткен шөлейт жазықтардан құралған», «олардың (қазақтардың) шоғырланған тұсы, тұрақты атамекені – негізінен солар тұратын ұлан-ғайыр кеңістіктің қиыр шетінен Батысқа қарай, Каспийге дейін созылып жатқан орыстардың оңтүстік

доғасы. Ал, егер осы оранмен бөлінемін десе бөлінсін, тәңір жарылқасын!» – деген пікірлеріне «этникалық негізін қазақ халқы құрайтын ұлттық мемлекеттің құрылуының заңдылығына шүбә келтіреді. Бұл тарихты білмегендіктің немесе білгісі келмегендіктің белгісі» – деп жауап берді. Конференция қорытындысында республикамыздың аймақтық тұтастығының қалыптасу тарихын зерттеудің негізгі басымдықтары белгіленді. Ел аумағының қалыптасу тарихының дұрыс және әділетті айқындалуы көрші мемлекеттермен тұрақты саяси-экономикалық, мәдени және ғылыми қарым-қатынас орнатуымыздың бірден-бір кепілі екендігі атап көрсетілді.

Ө.Жәнібек еліміз территориясының тұтастығы тақырыбын арнайы зерттеп, мақалалар жазды, оған «Уақыт керуені» аталатын кітабының бір тарауын арнады. Зерттеулерінде тарихи деректерге жүгінді.

Біздің арғы бабаларымыз өз тұсындағы Еуразия құрлығының тарихына қандай үлес қосты? Басқаны былай қойғанда, біздің сахарамыздың географиялық орналасуының өзі-ақ әуелден әлемдік тарихи процесстерден атымен тысқары жатқандығымыз жайындағы тұжырымды бекерге шығарады. Ұланғайыр кеңістіктегі ашық аспан астындағы үздіксіз қозғалыс үстіндегі көшпелі күнкөріс ауа райы мен табиғат өзгерістерін алдын ала болжап, тұрмыс пен шаруашылық икемділігін барынша арттыра түсуге итермеледі. Кен қорыту, тоқымашылық, зергерлік өрістеді. Аспан денелері өсімдіктер мен хайуанат дүниесі қатаң қадағаланды. Егер біз табиғатты қаралай тонау емес, онымен тіл табыса өсіп-өнуді де өркениет деп ұғар болсақ «көшпелілер әуелден өркениетке ыңғайы жок, сондықтан үйреншікті дағдыны бұзып шыға алмайтын, өз бетінше дамуды мандыта алмайтын мешел қауым» деген күйкі түсініктің күлін көкке ұшырып, бұл салада олардың адамзат игілігіне не қосып, не тындырғанын дәлелдеп бере аламыз. Мысалы, оңай жығылып, оңай тігілетін баспана мен соған лайықталған киім, бұйым

үлгілері қарсы жатқан жарты шарға кеңінен тарады. Кең далада дүниеге келген нәсілдер мен құбылыстардың бәрін басқа тарапқа ұшырып әкеткен жоқ. Қазіргі қазақ ұлтының құрамынан сонау скиф-сармат, сак-ғұн, үйсін-қаңлы, оғыз-қыпшақ, түркі-монғол этникалық түзілімдерінің түпкі жұрнақтары түгел ұшырасады. Олардың батыста – Қара теңіз, Азау, Теріскей Қап, төменгі Еділ, Түскей Орал, Каспий маңы алқаптарында, шығыста – Тұран, Алтай, Саян, Байкал, Қиыр Шығыс өңірлерінде мыңдаған жылдар бойы үздіксіз өрбіп келген нәсілдік, мәдени, саяси, шаруашылық аралас-құраластығының арқасында түзілгендігі түсінікті. Осынау шығыстан батысқа созылып жатқан ұлан-ғайыр кеңістікте олар рулық-тайпалық одақтардан бастап көшпелі империяларға дейінгі таза конфедеративтік қарым-қатынасқа негізделген саяси ықпалдасуды бастан кешті. Оның қос құрлық шектестігіндегі орналасу орыны әрдайым «қапия шабуылдар мен тұтқиыл тойтарыстар» жағдайында аса сергек өмір сүруге мәжбүр етті. Бұл кейбір «білгіштер» айтып жүрген өзін-өзі көбейтуден басқа ешқандай тарихи қам-қарекетке бейім емес көшпенді тұрмыс туралы тұжырымның шындыққа атымен қабыспайтындығын көрсетеді. Көшпенділердің бір құрлықтан екінші құрлыққа жаппай аяқ басуын туғызатын аса ірі геосаяси операциялар тұсында ылғи да басқа жер емес, тек Қазақстанның аттаныс шебіне айналып келгендігі де соның дәлеліндей. Ондай кезде ел-жұрт түгел жосып кетпеген. Жартысы ата-қонысты, дін мен дәстүрді, тұқым-тұяқ тектілігі мен рух тазалығын аманатқа алып орынында қалған да, жартысы алыпжорыққа аттанған. Барлық ырзық жер бетінен айырылатын агроөндіріс заманындағы жаңа кеңістікке ұмтылушылық көбінесе Еуразия көшпенділері жайлаған түкпірлерде өрбіді. Кейін отырықшы шаруашылық басым түсе бастағанда кешегі үстем аймақ енді сырттың саяси, идеологиялық, тіпті әскери қысымына жиі ұшырады. Біздің далаға антика, христианшылдық, буддизм, ислам солай келді.

Индустриялық шаруашылық үрдісі оны біржола басыбайлық аймағына айналдырды. Ол ахуал бүгінгі күні ұлтаралық, еларалық, өркениетаралық қатынастардың қалай үйлесетіні беймәлім дүбара кезеңге дейін созылып келеді. Бірақ мұның басын ашып айту кеңестік идеологияның түпкі мүддесімен сәйкеспеді. Ол шет аймақтар тарихын ауызға алмауға тырысты. Сол арқылы оларды тау-таста тағылық құрып жүрген жерінде революцияшыл пролетариаттың ақпейілділігі арқасында ғана адамзат санатына қосылғандар деп ұғындыру әлдеқайда оңай еді.

«Қазақ хандығы Орталық Азияда үш ғасыр бойы елеулі орын иемденді. Тарихи қалыптасқан ұлттық мемлекет қазақ халқын біріктіріп, этникалық аумағын бекемдеп, рухани және мәдени дамуын кемелдендірді. Төрт тараптан түгел қысым көрген қазақ халқы өзінің этникалық аумағын ғана түпкілікті құтқара алды. Ол аумақ сонау XVI ғасыр жазба деректерінен бастап күні бүгінге дейін Қазақстан деп аталып келеді» деп Ө.Жәнібек қазақ мемлекеттілігін дәлелдейді.

XVII ғасырдан бастап Орталық Азия халықтары, басқа құрлықтағы халықтар сияқты үздіксіз экономикалық, саяси-қоғамдық, рухани дағдарыстар тығырығына тап болды. Дүние жүзінде шаруашылық жүргізу дағдысы түбегейлі өзгерді. Еуразия құрлығындағы геосаяси жағдай да соған орай мың құбылды. Теріскейден шикізат көзін іздейтін және өз бұйымдарын жоғары бағамен өткізетін оңтайлы базар ашуды көздейтін Ресей империясы пайда болды. Қазақстан өзге Орталық Азия мемлекеттерімен бірге сол империяның геосаяси мүдделерінің шеңберіне ілікті. Ал ол мүдделер әрқилы тікелей және жанама тәсілдермен байырғы халықтарды мәдени, тілдік, тарихи-этникалық тұтастықтан айыруға тырысты.

Қазақстан жерінде «жатжұрттықтар» XVII ғасырдың аяғында пайда бола бастады. Орыстілді деректерде олар «қашқын шаруа, қылмыскер сектанттар мен әртүрлі қаңғы-

бастардан құралған «еркін отарлаушылар» деген атпен белгілі). 1809 жылы Ресей Сыртқы істер Министрлігі жанынан арнайы Азиялық департаменттің ашылуы отарлау процесін мемлекеттік дәрежеде жолға қойып, басқаратын ұйымға айналды. Орыс шаруаларымен бірге басқа халықтардың Қазақстан өңіріне топ-топ болып келіп қоныстануы ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басына сәйкес келеді. Бұл жағдай өлкені жайлаған елдің тектестік картасының түбегейлі өзгеруіне, әрі этнодемографиялық ахуалдың шиеленісуіне әкеліп соқты. «Егер 1890 жылы Қазақстандағы орыстар мен украиндықтар мұнда тұратындардың 8,2 пайызын құраса, 1897 жылы бұл көрсеткіш 12,8 пайызға, ал 1917 жылы 29,3 пайызға жетті» – дейді Ө.Жәнібек. Дегенмен бұл көрсеткіштерге қарамастан славян тектес ұлыстар ол кезде Қазақстанда тұратын халықтың көпшілігі бола қойған жоқ еді. Алайда, 1917 жылдың қарсаңында олар Ақмола облысында, әсіресе Омбы, Қызылжар, Көкшетау уездерінде сан жағынан басым болғанымен, қалған аудандарда Қазақстанның жергілікті халқы көпшілік болып қала берген. Ал, «орыс отрядтары орналасқан бос жатқан жерлер» шын мәнінде ешқандай иесіз жерлер емес болатын, керісінше «көшпелілердің жыл бойы көшіп-қонып жүретін қыс қыстауы, жаз жайлауы болған» – деп жазады М. Қозыбаев бастаған бір топ тарихшы ғалымдар. Сонымен бірге Қазақстан сияқты ұлан-ғайыр физико-географиялық аймақта көшпелі шаруашылық тіршіліктің жалғыз ғана түрі болмаған. Археологиялық деректерге, ежелгі және ортағасырлық тарихи мәліметтерге, тіпті кеңес дәуірі ғалымдарының зерттеулеріне қарағанда, бұл өлкеде ерте дәуірлерден бастап-ақ қуатты қала өркениеті дамыған, көшпелі және отырықшы іс-әрекеттер біртұтас бірегей мәдени-тарихи кеңістік құраған.

Жалпы, қазақ жеріне шаруалардың қоныс аударуы орыс патшасының отарлық саясатының жүзеге асуы еді. Қоныс аударуға арналған жер қорының құрылуының басты мақ-

саты – қазақ халқының ғасырлар бойы өмір сүрген, күн көріс-тіршілік көзіне айналған табиғи ортасынан айыру болатын. 1917 жылы қоныс аударушылар қорында 45 миллион десятина жер болды. Бұл қорға көшпелі халықтың ең құнарлы шабындықтары мен жайылымдары алынып отырған.

Солженицынның мақаласында «орыс халқы», «казак» деген сөздерді бірге қолданғанына байланысты Ө.Жәнібек былай деп жазады: «Автордың «орыс халқы», «казак» деген карама-қарсы ұғымдарды бірге пайдаланғандығы бейшаралық. Бұл екеуін бір халықтың синонимі деп қарауға бола қоймас. Өйткені, казактардың орыс этносының бір бөлігі ретінде патша армиясының құрамында айырықша хұқы бар ерекше әскери сословие ғана болғандығы баршаға аян. Ал Запорожье казактарын алсақ, олар түгелдей украиндықтардан тұрған. Оларды да орыс этносына жатқызуға бола ма?

Ал, казактардың қазақ еліндегі сорақылық іс-әрекеттері жайлы А.И.Герценнің «Колоколынан» деректер келтіреді. «А.И.Герцен өзінің «Колоколында» «Казактардың қазаққа не істейтінін білесіздер ме?» – деген сұрақ қойып, оған жауап берген хабарламасы казактарға байланысты жағдайды мейлінше дәл көрсететінін атап өткен жөн. Онда былай делінген: «Қазақтың күллі мал-мүлкі казактың өз меншігі тәрізді. Оның қойын тартып алу, өгізін, не жылқысын ұрлау казак үшін керемет бір батылдық, жігіттік өнер сияқты көрінеді. Ол үшін төменгі шенділерге ескертіп, сөгіс беріп жатқан офицерлер де жоқ, ауық-ауық олардың өздері де ауылдарды тонап тұрады. Есауыл Бутаков, подполковник Абакумов секілді қоқыс қылықтарымен даңқы шыққан мырзалар да бар... Бүкіл Сібір әскерлері қазақ есебінен күн көріп отыр десе де болады».

Бұдан ары Ө.Жәнібек республика шекарасын қайта қарауға бағытталған арандатушылықтар халықтар арасындағы қақтығыстарға әкеліп соғуы мүмкін екендігі жайлы айтады:

«Белгілі бір ұлыстағы этноцентризм әдетте өзгетектестік қауымдардағы экстремистік пиғылдың үдеуіне әкеп соғатыны белгілі. Ал мұның тұйыққа тірелу екендігін, одан шыға қоюдың мейлінше қиындығын Таудағы Карабах, Ферғана, Жана Өзен, Душанбе, Бішкек, Ош сияқты көпұлтты мекендердегі қайғылы оқиғалар да көрсеткен жоқ па?».

Ал, тоталитарлық үрдіс тұсында жағдай одан әрі асқынады. Ұлттық сезім әлсіреп, біржолата күйреуге айналды. Шет аймақтарға тарихи тұрғындарының кім екендігін ұмыттыру үшін арнайы жаппай көші-қон ұйымдастыру жолымен көп ұлтты салт күштеп таңылды. Мысалы, Қазақстанға Ұлы Отан соғысы жылдарында шешендердің, ингуштардың, қарашайлардың, түріктердің, гректердің, қырым татарларының, Поволжье немістерінің, поляктардың, қалмақтардың қоныс аударуы да мемлекет жүргізген саясаттың салдары еді. Оларды орасан зор байтақ дала мен дарқан жанды дала халқы құшақ жая қарсы алды. Бұл кезде қазақ халқының өзі де сұмдық ашаршылықтан, бірінші рет 1921 жылғы, ал екінші рет одан он жыл кейінгі, жаппай ұжымдастыру кезеңіндегі ашаршылықтан әлі еңсесін көтеріп үлгермеген еді. Себебі, індетке айналған аштық екі миллионнан астам қазақтың өмірін қиған болатын.

Дала халқын өз жерінен айыру жөніндегі толассыз науқандар тоқтамады. Мысалы, кеңестендіру, ұжымдастыру, индустрияландыру, тың эпопеясы... Осындай солақай саясат салдарынан жергілікті ұлттан өзге халықтар артық болып шыға келді. Тың игеру саясатының тым өрескел жүргізілгені жайлы Ә.Нұрпейісов: «Мекерлік жасаудың қажеті жоқ, тың игеру іс жүзінде баяғы отарлау саясатының жалғасына, бірақ неғұрлым күшті шаралар қолданылған жалғасына айналды. Марқұм Н.С.Хрущев «Егер патша бұл аймақты патшалық тәсілдерді қолдана отырып, ұзақ уақыт бойы адамдармен толықтыра алмаған болса, біз советтік тәсілдерді қолдану

арқылы бұны жүзеге асырудың сәтін түсірдік» (Казахстанская правда, 21.09.1963) – деді. Екі миллион тыңгер республикадағы демографиялық жағдайды күрт өзгертіп жіберді. Әрине, олардың арасында насихаттық ұрандарға шын пейілдерімен сенген тамаша адамдар да болды. Алайда, түзелуден кеткен қылмыскерлер де, көпбойлық оқиғаларға құмартушылар да, бұзақылар да, жуан жұдырық серілер де аз емес еді. Олардың бәріне көшіп-қону ақысы жомарттықпен төленді, қызықтыру үшін қарызға ақша берілді» – деп жазды.

Бір таңқаларлығы, тың игерушілердің арасында кезінде түрлі саяси оқиғаларға байланысты Ресейге, Өзбекстанға, Қарақалпақстанға немесе Түркіменстанға қоныс аударған екі миллион қандастарымыздың бірде-бірі болмаған. Тың игерудің нәтижесінде бұрынмал шаруышылығымен айналысқан колхоздар мен совхоздар таратылды. Кешегі жайылым мен шабындық есік алдына дейін айдалды. Тіпті, қасиетті орын саналатын ата-баба зираттары тегістелді. Қазақ мектептері жабылды. Нәтижесінде, А.И.Солженицын айтқан «Қазақстанда қазақтардың саны жалпы халықтың жартысынан кем» болып шықты. Ал, тарихи себептермен қоныс аударған жүзден астам ұлыс үшін қазақ елі олардың екінші Отанына айналды. Ө.Жәнібектің сөзімен айтқанда «Ұлттық мүддені «қызғыштай» қорғап жүргендердің ойлағанындай, жаңа өмірді жеке-дара емес, барлығымыз жұмыла, бір әулеттің ұрпағындай ынтымақтаса құру – уақыт, өмір талабы. Бұл біздің Қазақстанда берік орын тепкен игі дәстүрге негізделген талап. Халықтар достығы мен туысқандығының игі қасиеттерін көздің қарашығындай сақтап, байыту – баршамыздың міндетіміз».

Кезінде Ө.Жәнібек жазған жағдай бүгін де актуальдығын жойған жоқ. Мемлекеттік органдар, еңбек ұжымдары, оқу орындары, ғылыми мекемелер, баспасөз құралдары Қазақстанда өмір сүріп жатқан ұлыстар арасында шынайы сыйластыққа негізделген қарым-қатынастарды өркендетуге, әрі

олардың мүдделерін қорғауға, сол арқылы территориялық тұтастықты сақтауға барлық күш-жігерін жұмсауы қажет. Өйткені, біздің қоғамымыз бүгін халықтардың өзара ынтымақтастығына мейлінше мұқтаж.

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ – ҚАЗАҚСТАН БОЛАШАҒЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

XXI ғасыр тарих сахнасына жаһандану ғасыры болып енді. Ол әлемнің тұтастығын, өзара байланысын, өзара тәуелділігін, өзара икемділігін қоғамдық санаға сіңірді. Шындығында, бұл процесс бүкіл әлемді бір қалыпқа салу емес, біріктіру, топтау, әр текті ұлттық, діни, саяси мүдделер мен өркениеттердің ықпалдасуы болып табылады. Қазіргі таңда «көлік, коммуникациялық және ақпараттық технологиялар негізінде кеңістік барынша тығыздалынып, уақыт жеделдетілді.

Адамзатқа бірлесуден, ықпалдасудан өзге жол да қалмады. Десек те жаһандану көптеген мемлекеттердің тәуелсіздігіне, ұлттың мемлекеттігіне қауіп төндіруде. Ө.Жәнібектің пікіріне сүйенсек, «имандылықтың адам бойында ұлттық нышанды дүниежүзілік рухани қазынамен ұштастыру арқылы қалыптасатыны мәлім. Ал біздегі тәлім-тәрбие көп жылдар бойы ұлттық ерекшеліктерді, баланың өсіп-жетілетін ортасындағы хал-ахуалды ескере бермегендіктен бір жағынан жеткіншек ұрпақтың ұлттық сана-сезімінің оянуына түрткі бола алмаса, екінші жағынан оның жалпы адамзаттық мәдени байлықтарды игеруіне ықпал ете алмай келді. Баланың жалпы дамуына пәрменді әсерететін, оның жан дүниесін байытатын, ұлттық тарихты зерттеп білуге, мәдени мұраны, халық дәстүрлерін игеруге ынталандыратын, өнер туындыларына құштарлығын арттыратын, қысқасы мәңгірттікке қарсы имандылық, ізгілік қасиеттерді қалыптастыратын

іс-қаракеттер мүлдем жоқтың қасында болды. Жастардың едәуір бөлігінің тарихты, ана тілін білуге ден қоя бермейтіні, ізгі салт, әдет-ғұрып, ұлттық дәстүрлерден беймағлұм болып өсетіні де міне осыдан».

Бұл проблемаға бүгінгі таңдағы жаһандану процесін қоссақ, ұлтымыздың болашағы кез-келген азаматты алаңдатары анық.

Өзбекәлі Жәнібек ұлттық идеология жайлы жазған жазбаларында мемлекет атынан жүргізілетін ұлттық идеологияға былай деп анықтама береді: «Идеология деп отырғанымыздың өзі белгілі бір қоғамның өмірлік мүдделерін білдіретін әлеуметтік сана, саяси, құқықтық, пәлсафалық, моральдық, сезімталдық және діни көзқарастардың молшері».

Соңғы кезде баспасөзде, зиялылар арасында ұлттық идеология туралы көбірек пікір айтылуда. Бұл оның кез келген жағдайда қоғамның озық ойлы күштерін біріктіруде маңызды рол атқаратындығымен байланысты болса керек. Бірақ ұлттық идеяны әсіреұлтшылдықпен шатастыруға болмайды. Қазақстан сияқты көпұлысты жас мемлекеттің алдына қойған негізгі міндетін, мақсатын жүзеге асыруда оның төңірегіне халықты топтастыру үшін де ұлттық идеология қажет. Кезінде «ұлттық идеологияның қағидаттарын Қазақстандағы ұлттық демократияның көсемдері Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар да пайдаланған» деп жазады. Бірақ кеңес үкіметі тарапынан оларға нақак жала жабылып, «ұлтшыл», «халық жауы» деген айыптар тағылып асыл азаматтарымыз өздері бастаған ұлы істі аяқтай алмай мерт болуы сол кездегі кеңестік идеология жауыздығының айғағы еді.

Ұлтын сүйген, ұлтының мәдениеті мен тарихын қастерлеген азаматтардың бірі ретінде Ө.Жәнібек комсомол-партия қызметінде жүрген кездің өзінде идеологиямен тікелей айналысты. Мемлекеттік саясатқа сәйкес ол кезде жан-жақты дамыған, патриот совет адамын тәрбиелеу басты мақсат

болатын. «Жастар – қоғамның келешегі, оның ертеңгі күні өсіп келе жатқан жас ұрпақтың саналылығы неғұрлым жоғары болса, коммунистік құрылыс жоспарларының солқұрлым ойдағыдай жүзеге асырылатыны сөзсіз. Ендеше, жаңа адамды тәрбиелеу – партияның коммунистік құрылыстағы басты міндеттерінің бірі. Оны дәйектілікпен шешуге әрбір партия ұйымы, өндірістік коллектив өзінің үлесін қосуға тиіс» – дейді «Комсомолдың пәрменділігі – партия басшылығында» деген мақаласында. Дегенмен, Ө.Жәнібек іскер, саясаткер, басшы ретінде жастармен идеялық-тәрбиелік жұмыстар жүргізу барысында ұлттық салт-дәстүрлерді жаңартып, байытып, сол кезеңнің саясатына бейімдей білді. Мысалы, «Жастарды ерлікке баулу – қасиетті борышымыз» атты мақаласында: «Біздің идеялық – тәрбие жұмыстарымыз форма жағынан көңілге қонымды, мазмұны жағынан мәнді болуға тиіс. Соңғы жылдары Қазақстан комсомолы жас ұрпақты патриоттық ерлік дәстүрлеріне тәрбиелеуде бірқатар тәжірибелерге ие болды.

Жұмысшы сапына тұру, шопандар семьясына қосылу, кәмілетке толған күн, комсолдық той, жастардың еңбек мерекесі, оқуға, Совет армиясының қатарына салтанатты түрде шығарып салу сияқты т.б. көптеген істер, азаматтық әдет-ғұрыптар ритуалдар комсомолдың күнделікті практикалық жұмысынан берік орын алып отыр» – деп жазады. Сонымен бірге жаңа дәстүрлерді өмірге енгізу – ескі дәстүрді ұмыту деген сөз емес, оны заман талабына сай етіп жандандыру, ұлттық нақышын жоғалтпау қажет екендігін үлкен трибуналардан айта білді. Сөзімізге дәлел келтірейік. Қазақстан комсомолының XII съезінде жасаған есеп беру баяндамасында былай дейді: «...Сонымен бірге, кез келген жаңа істің өз проблемасы болады. Кейбір қызметкерлер ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрді жаңа сценарий бойынша ауыстыра салуға болады деп ойлайды. Жоқ, құрылысшылар біледі, жаңа дәстүрді «нөлден емес», халықтың ақыл-ойы мен сан

ұрпақтың тәжірибесі негізінде қалыптасқан салт-дәстүрдің інжу-маржанын теріп алуымыз керек».

Ө.Жәнібек жастарға идеялық эстетикалық тәрбие беруде көптеген қиындықтардың кездесетінін, тек қана комсомол ұйымының бастамасымен жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мүмкін еместігін, шығармашылық одақтардың көмектесуі қажет екендігін айтып, мынадай мысал келтіреді: «Мен жақында Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылқұм ауданында бір мектепте комсомол жастардың кешіне қатыстым. Кештің басынан аяғына дейін «Ақмандайлым», «Ақсұңқарым», «Ақтамақ», «Ақереке», «Махаббат түні», «Махаббат вальсі» сияқты махаббат жайлы әндер шырқалды. Бұл әндердің кереметтігінде сөз жоқ. Бірақ мектеп оқушыларының кештерінде тек махаббат әндерінің орындалуы дұрыс емес қой. Кеш соңынан ұйымдастырушыларды жинап, осы жайлы айтқанымда, олар: Б.Байқадамовтың «Комсомолдар жырын» кештің басында айттық, басқа әндер болмаса не істейміз, Сіз композиторларға сәлем айтыңызшы, біз олардан жақсы патриоттық әндерді күтеміз деді. Сол сияқты жазушылар, суретшілер, киномотографистер одақтарына, «Қазақфильм» киностудиясына да жастар сіздерден патриоттық сезімге баулитын бүгінгі күннің батырлары жайлы әдеби шығармалар, суреттер, кино туындыларын күтеді дегіміз келеді».

Кеңестік идеологияның әсерінен ұлттық санасы мен болмыснан айырылған халықтың бей-жәй қалпына Ө.Жәнібек қатты қиналады: «Кәсіби деңгейі төмен, тек ауылда тұратын халық болып қала берсе, қазақтың көсегесі көгере қоймайтыны белгілі. Әлі күнге дейін бірен-сараны болмаса, кез келген қазақтың қолынан жөндеп үй тұрғызу да келе бермейді. XX ғасырдың 80 жылдарының аяғы 90 жылдарының басында баспанасыздар қозғалысы дегеннің пайда болғаны мәлім. Арамызда сәулеткерлеріміз де, құрылысшыларымыз да, инженер-конструкторларымыз да бар, бізге тек жер кесіп берсеңіздер өзіміз-ақ үй салып аламыз дей берген соң ,

жастарымыз өзге мәдениет, өзге идеология жетегінде кетіп қалмасын дегені болар. Себебі, Көрші Өзбекстан Ресей телеканалдарын жауып, өзге дінге тосқауыл қойып жатқанда біз ұлт мүддесін қорғайтын ондай шектеуге бара алмадық. Егер Ө.Жәнібек айтқандай, ұлттық дәстүрлі мәдениетімізге бет бұрғанда, оны жаңғырта отырып жастарға ұсынғанда тізгін мықты болатын еді. Ол үшін Ө.Жәнібек айтқандай, ұлттық идеология қажет еді.

1989 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков қазақ ұлтына жаны ашиды деген атқамінер азаматтарды төңірегіне топтап қазақ жастарын ұлттық эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеудің өзіндік концепциясын жасау үшін республиканың түрлі салада қызмет етіп жүрген зиялы қауымын тартты. Сөзіміз дәлелді болу үшін сол жылдары Өзбекәлі Жәнібекпен қызметтес болған М.Жолдасбеков естелігінен үзінді келтірейік: «Бір күні Өзекең: Жастарға эстетикалық тәрбие берудің концепциясын жасасақ қайтеді – деді. Көп ұзамай комиссия құрып, іске кірістік. Бір айдың ішінде балабақша бұлдіршіндеріне, мектеп оқушыларына, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған эстетикалық тәрбие берудің концепциясы жеке-жеке кітапша болып қатталып, Орталық Комитеттің пленумында бекітілді. Әттең, Өзекеңнің арманы орындалмады, бүкіл республика болып жұмылып жасалған маңызды құжат партияның ыдырауына байланысты әжетке жарамай далада қалды. Ол құжаттардың бүгінде қайда екенін де білмеймін». Диссертация жазу барысында ҚР Президентінің Мұрағатынан М.Жолдасбеков айтқан «Жас ұрпаққа адамгершілік – эстетикалық тәрбие беру жөніндегі концепциямен» таныстық. Бұл концепциядан басқа еліміздегі идеологиялық жұмыстың қайнаркөзі болып табылатын төрт концепция кездестірдік. Олар:

– Қазақ ССР-дағы Тіл саясаты мен Тіл құрылысы жөніндегі концепция;

– Бұқара арасындағы жұмыстың саяси әдістерін меңгеру жөніндегі концепция;

– Жаңарып жатқан қоғамдағы мәдениеттің концепциясы;

– Бұқаралық информация құралдарының тиімділігі мен пәрменділігін арттыру жөніндегі концепция.

Бұл концепциялардың қайсысын алсақ та бүгінгі күні де тарихи маңызын жоймаған, ұлттық идеологиямыздың негізіне айналатын құжаттар.

Ө.Жәнібек бүгінгі ұрпақтың ертеңге инабатты, ұлтжанды, патриот болып баруы үшін мемлекеттік дәрежеде ұлттық бағдарлама қабылдауды ұсынды, себебі Ө.Жәнібектің өз сөзімен айтсақ, «түбегейлі теориялық тұғырнамасыз, қалыптасқан ахуалды теориялық тұрғыдан жан-жақты пайымдамайынша, салиқалы ұлт саясатын түзіп шығу мүмкін емес». Өзбекәлі Жәнібек қазіргі кездегі түрлі тарихи фактілерді дәйектей отырып, өз ойын былай түсіндіреді: «...қазір шетелдік, әсіресе американдық өмір салтына бойұсыну кеңінен өрістеп келе жатқан сияқты. Оған қарсы тұра алатын жалғыз құдырет күнделікті өмірімізде отбасы – ошақ қасынай қоғамдық орындарға дейін халықтық негізді дамытумен, түбегейлі орнықтыра түсумен, ұлттық мақтанышпен байланысты бола беретіндіктен ұқыптылығымыз өз үйлесімін тауып жатса демек едім. Ол үшін қазіргі заманғы әмбебаптыққа қарсы тұрып, халқымыздың генефондын, антропологиялық тұрпатын, тілін, мәдениетін сақтап қалуға ықпал ететін бағдарлама қажет-ақ. Онсыз қазақты қазіргі заманғы ұлт деңгейіне көтеру мүмкін емес».

Ө.Жәнібектің пікірінше, ұлттық бағдарлама ең алдымен халқымыздың тарихын ғасырлар, тіптен мыңжылдықтар деңгейінде айқындап, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, дәстүрлі өнерін этнологиялық тұрғыдан зерттеп біліп алу үшін қажет. Онсыз ілгері дами алмаймыз.

Ө.Жәнібекті ұлттық жұмысшы табын қалыптастыру мәселесі әрдайым толғандырды. Комсомолда басшы қызметте

жүргенде де қазақ жастарын кәсіби жұмысшы болуға үгіттеді, бағыт-бағдар берді. Партиялық қызметте де тұжырымдама жасауда жетекшілік етті. Өйткені, заманауи ғылыми-техникалық прогреске ұлттық жұмысшы табынсыз жету мүмкін емес, себебі «қаладағы интеллигенция да, даладағы малшы, егінші қауым да қазіргі заманғы ұлттың бет-пішінін түзе алмайды. Ал, олардың өздері мемлекеттік саясатсыз өзінен-өзі жұмысшы пиғылын өрістете алмайды. Интеллигенция интеллигенттерді, малшылар малшыны көбейтетіні хақ» – деп жазады қайраткер ғалым. Осы жағдайды Ө.Жәнібек 1988 жылдың аяғында бірінші хатшы Г.В.Колбиннің алдына мәселе етіп қояды. Оның келісімімен Мемлекеттік жоспарлау комитетінің экономика институты мен Ғылым академиясының экономика институтына тиісті орындарды танымал мамандарды қатыстырып, өнеркәсіптің шешуші салаларында істейтін ұлттық индустриалдық жұмысшы табын қалыптастырудың ғылыми тұжырымдамасын жасап, бірінші хатшыға алып барғанда, Г.В.Колбин кілт өзгеріп: «Шопан да, механизатор да, сауыншы да жұмысшы емес пе, жастарды өнеркәсіпке шақырсақ, ауылда қалып астық өсірумен, мал бағумен кім айналысады», – дейді. Ө.Жәнібек Министрлер Кеңесіндегілерден де қолдау таппай қиналады. Бұл неден? Бұл – тәуелсіздік алған алғашқы сәттен мемлекеттің өрістеу арнасына бағыт-бағдар беретін ұлттық идеологияның болмауынан еді. Егер, АҚШ секілді қалыптасқан, дамыған ел болсақ, Конституция идеологиялық міндетін де атқарар еді. Ал Қазақстан секілді тәуелсіздігін жаңа алып жатқан мемлекетке идеология ауадай қажет болатын. Тіпті ұзақ мерзімге кетер, ұрпақтың ұрпағына қайта-қайта жөнделе бермей, бір қабылдаумен мәңгілік мызғымай қызмет етерлік тыңғылықты, тиянақты, кемел Конституция қалыптастыру – қабылдау үшін де идеология керек болатын. Ол идеология қандай болуы керек дегенге келсек, Ө.Жәнібек ойы мынадай еді: «идеология атаулының бәрін жаһаннамға жіберетін

болсақ, ертең бізді алмастыратын жас ұрпақты қалай тәрбиелеп, Қазақстанның тағдырын кімге тапсырамыз. Бізге жаңа идеология керек-ақ. Ол ұлттық идеология болуға тиіс. Оны мемлекеттік идеология деп бұқпантайлатудың қажеті жоқ. Ұлттық идеология деп отырғанымыз ұлтшылдық идеологиясы емес, республикада тұратын барлық ұлыстардың мүдделерін бірдей қорғайтын идеология болатынына күмандануға болмайды». 1994 жылы Қазақ радиосынан сөйлеген сөзінде Ө.Жәнібек осы ойын былай толықтырады: «Мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған Қазақстанның ұстанатын идеологиясы да өзі орналасқан аймақтық тектестік негізін құраған және республикаға өз атын берген ұлтының рухани қайнарларымен біте қайнасып жататын, бір сөзбен айтқанда, оған басымырақ көңіл бөлетін ұлттық идеология болуға тиіс. Оны бұқпантайлап «мемлекеттік идеология» деп атаудың қажеті жоқ.

...Бізде «ұлттық байлық», «ұлттық игілік», «ұлттық банк» деген ұғымдар бар. Олар тек қазақ халқына ғана тән емес қой. Ұлттық идеология қазақ халқының ғана емес, республикада тұратын барлық ұлыстардың ортақ мүддесін қорғайтын идеология болатынына күманданудың қисыны жоқ.»

Шынында да, АҚШ, Канада, Швейцария сияқты мемлекеттерде көптеген халықтар тұрғанымен, аймақтың тектестік негізін құрайтын жергілікті ұлт жоқ. Бізде республика халқының жартысына жуығын құрайтын қазақ ұлты бар. Міне, «оларда – азаматтық қоғам, бізде ұлттық мемлекет болатынының негізгі себебі осында жатыр» – дейді ол тағы бірде. Ұлттық мемлекет құру жөнінде Өзбекәлі Жәнібек аз айтпаған. Оған либерал, жасқаншақ басшылардың қарсы болатынын біліп, тәуелсіздік туын жаңа тіктеп жатқан қазақ елі жағдайын сырт елдермен салыстыра сөйледі. Болашақ оппоненттер ойын күні бұрын ойлап, біліп, солардың қорғаншақ халін қорған боларлық салыстыруларды алдын ала алға тартты. Жоғарыда келтірілген қайраткер пікірі соның куәсі. Ол

ұлтымыздың өз елінде, өз жерінде қалай азшылыққа айналғанын алға тарта отырып, азшылықтан қалай көпшілікке айналуы мүмкін екенін, ұлттық азшылық бола тұра мемлекетке қалай ие болуға болатынын айтып береді: «Тек ұлттық мемлекет арқылы ғана қазақ халқын экономикалық, әлеуметтік, парасаттылық, құқықтық, мәдени, моральдық, имандылық, мінез-құлықтық жағынан кемеліне жеткізуге болады. Сонда ғана біз патша заманында – метрополияға, кеңес өкіметі жылдарында – орталыққа тәуелді болып, керек десеңіз, өнеркәсіптің шешуші, мәртебелі салаларында ұлттық жұмысшы табын, өзінен шыққан инженер-техник қызметкерлерін толығынан қалыптастыра алмай, 30-жылдардағы аштық-жалаңаштық, қуғын-сүргін кезінде миллиондаған азаматынан айрылып, Қазақстанға белгілі бір есеппен жер аударылған жұрттың есебінен өз мекенінде көпшілік болудан қалған, өкіметтің құйтырқы саясатынан тарихи мәңгүрттікке душар болып, тілінен, ұлттық әдет-ғұрыптарынан айрыла бастаған халықтың парасаттылық мүмкіндіктерін түгелдей іске қоса аламыз».

Өзбекәлі Жәнібек – тарихшы. Ол – саясаткер. Ол – идеолог. Алайда, саясаткер ретінде идеология мәселелерін көтергенде ол тарихи тұрғыдан келеді. Елдің ғасырлап ұстанған ұстанымы, тұтынған этномәдениетін сөзінің тұздығы етеді. Оларды идеологиялық мәселеде пікір таянышы, ой тірегіне айналдырады. Қоғамдық ойға қозғау салғанда, мемлекеттік маңызды мәселе көтергенде тарих, этнография дәйектерін сабақтастыра сөйлеп, жанды байланыста алып, мәселе ретінде қос-қабат көтеріп отырады. Қазақ даласындағы тіршіліктің қай кездегісін алсақ та өз идеалдары болған. Мысалы, көшпелі қауымның, жартылай отырықшы және отырықшы елдің ойлағаны күнкөріс қамы болса, кеңес өкіметі жылдарында күнкөріске қоса ілгері үмітке, білік-танымға талпыну басым болды. Ал қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында қаржы, байлық жинау, қосымша құн иемдену алғы шепке

шығып отыр. Мұнын өзі ата-баба мұрасына, ұлттық игі қасиеттерге ұқыпты болуды, жұртты ұлттық мақтанышқа баулу ісін, көпұлтты Қазақстан халқын ауызбірлікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу ісін жүйеге келтіруді талап етеді. Сонда ғана біз өткен тарихымыздан да, бүгінгі өмір салтымыздан да ұялмайтын, ұлттық идеологиямен қаруланған толыққанды елге айналамыз. «Соңғы жылдары біз көп есейдік. Жетістіктеріміз де, кемшіліктеріміз де болды. Сол кемшіліктердің ішіндегі ең бастысы – мемлекеттік дәрежеде жан-жақты ойластырылған бағыт-бағдарға, мәдени бағдарлама, ресми идеологияға қолымыздың жетпегені. Тіптен жастарға имандылық-эстетикалық берудің республикалық кешенді бағдарламасын өкімет өзі қабылдағысы келмей, Білім министрлігінің қарауына итере салғанын қалай түсінуге болады? Бәлкім, соңғы кездегі бірде тілге, бірде дінге, бірде ұлттық дәстүрге бас ию – құрғақ энтузиазм мен жалаңтөс жанұшырудың жемісі болып қала бергені осындай тәжірибенің нәтижесі болар» – деген Өзбекәлі Жәнібектің ойын жалғар болсақ, шыққан тегі мен өскен ортасы, тарихы мен мәдениеті, әдет-ғұрпы мен мінез-құлқы, табиғи ортасы мен шаруашылығы, ең соңында, ұлттың ойлауы мен тілі, дүниетанымы ортақ кез келген халық жеке адам сияқты ғұмыр бойы азат және тәуелсіз ел болуды, адамзат тарихынан өзіне лайықты орнын алуды армандайды. Арманынан айырылған, сенімі мен мұратын жоғалтқан адам да, халық та, мемлекет те дара тұлғалық қасиетінен айырылып, азып-тозып, ақырында жоғалып бітеді. Осы процесті болдырмау үшін, Ө.Жәнібектің пікірінше, ұлтымыздың намысы болатын ғылымның жаңа саласы – қазақтану ғылымының іргесін қалауымыз керек. Ғылымның бұл саласының халқымызды жан-жақты зерттеуге, оның болашағына қатысты өзекті мәселелер бойынша социологтардың, демографтардың, политологтардың, этнографтардың, лингвистердің, т.б. қатысуымен нақтылы болжам, ғылыми тұжырымдар жасай алатынын ескерсек, көптеген сауалдарға

жауап табуға болатыны өзінен-өзі түсінікті. Біздің мәселенің бұл жағына көңіл аударып отырғанымыз – патша өкіметі кезіндегі, онан кейінгі зерттеулердің қай-қайсысын алсақ та, ол зерттеулер тарих, этнография, антропология, әдебиет пен өнер саласында құнды деректер қалдырғанымен, негізінен отарлау, орыстандыру мүддесіне байланысты жүргізілгендіктен, қазақты халықтық тұрғыдан зерттеп, оның жан-жақты дамуына ықпал ете алмады. Біз өз халқымыздың тарихтағы өз бағыт-бағдарын табу жолындағы күрделі ізденістерін айқын көзге елестете алуымыз үшін өткенімізді білуге тиіспіз. Ұрпақтың игілігі үшін атамекенді қаны мен терін аямай төгіп, азап пен арпалыста алыса жүріп, аман алып қалған ата-бабалардың ұрпағымыз. Олардың бастан кешірген абыройлы сәттері біздің рухымызды асқақтатып, жеңілістері мен жәбірленген сәттері бізді де қателіктер мен адасушылықтардан сақтандырады. Басқаша айтсақ, тарих бүгінімізге берер тағылымы мен ертеңімізге сілтер жөн-жосығымен қымбат. Сондықтан да, бүгін кешегіні әділеттілікпен әрі шыншылдықпен байыпты зерттеп, жан-жақты пайымдай білуге тиіспіз. Бұл ретте адамзаттың бейнеті көп, жүріп өткен тарихи жолы екі түрлі дарақылықтан абай болуды аңғартады. Біріншісі – өз тарихыңды өзің аңызға айналдырып, өз дәстүрінді өзің әсіре дәріптеуге бой алдырмау. Екіншісі – өз бағанды өзің білмей, өз тарихыңнан өзің қорынушылық. Ол көбіне үгіт-насихат машинасы миымызға күштеп құйып баққан жаңсақ ұғымдардан туындайды. Ондай машиналар әлдеқашан қирап қалса да, олар қалыптастырған қасаң түсініктерден әлі арылып болған жоқпыз. Ұлттық тарих әрқилы зерттелуі мүмкін. Ол кейде белгілі бір ұлт пен елдің өзге ешкім де қайталай алмас ерен жаратылғаны туралы нәсілшілдік немесе ұлтшылдық астамшылыққа желеу боп та кете алады. Кейде өз халқына байланысты әділетті орнына келтіріп, соның нәтижесінде, бүкіл қоғамды ынтымақтастырудың қуаты құралы да бола алады. Мәселе тарихты зерделеуді қандай

мақсатпен қолға алуға байланысты. Кешегі кеңестік кеңістік халықтарының ұлттық-мемлекеттік сәйкестілігін жаңаша қалыптастыруда тарихты білудің маңызы зор. Басқаны айтпағанда, қазақ жасақтарының Шыңғысхан мен Батудың, Әмір Темір мен Токтамыстың, басқа да шығыстық қолбасшылардың әскерінде негізгі соғысушы күш болғаны тарихтан мәлім. «Балқан, Балқан, Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген тіркестердің қазақ фольклорында кездесетіні де тегіннен тегін болмаса керек. Бүкіл Таяу Шығысты дүбірлеткен мамлюктердің құрамында да қыпшақтар басымырақ болған. Тарихта Абылай дәуірі қазақ қаһармандығынын кемелденген, жұрттың бой жазып, өзін іргелі ел ретінде сезіне бастаған тұсы еді делінеді. Ол кездегі қазақтың жауынгерлік рухы, өзіне сенімі, Отаны мен ел-жұрты алдындағы азаматтық борышына беріктігі жоғары болды.

Ресей мемлекеті қазақты IV Иванның кезінен-ақ зерттей бастаған. 1534 жылы Ноғайлы ордасында болған орыс елшісі Даниил Губиннің патша ағзамға жазған хабарламасында: «Қазақтар, әміршім, құдіретті де батыл ұқсайды, жұрттың айтуынша, әмірші Ташкентті жаулапты, тіпті ташкенттік ханзадалар екі рет шайқасып, қазақтардан соққы жепті» дегені кезінде еуропалықтар үшін құлақ түрерлік мағлұмат болған екен. Бірінші Петрдің, Екінші Екатеринаның патшалық құрған тұсында, онан кейін де табиғи байлығы мол ұлан-ғайыр кеңістікке иелік еткен қазақтың құдіреті мен осал жақтары оның рухани болмысымен, тұрмыс-салтымен қоса зерттеле берген. Отаршылық қамытын Шығысқа қарай сөзған Ресей мемлекеті қазақ елін, жерін зерттеуге жіберген зерттеушілердің арасында өрісі кең, демократтық көзқарастарымен белгілі болған ғалымдар да, бұратана халыққа паңдана қарайтын лауазымдылар да, жергілікті мықтылар жөнінде ұсақ-түйек мәлімет, сыбыс жинаған жансыздар да болған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі 20-30 жылдардағы экспедициялардың да белгілі бір мақсатқа – мемлекеттік


ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БЕС ЖЫЛЫ (ӨЗ-АҒАҢМЕН СЫРЛАСУ)

– Кешегі кеңестік кезеңде екі сөзіміздің бірі – отаншылдық патриотизм болып келуші еді. Накты іспен қабыспаған соң ба, әлде шынайы интернационализммен суарылмағаннан ба, әйтеуір бәріміздің жиналып жырлап жырғап жүргеніміз орыс отаншылдығы болып, ұлттың отаншылдығы жалаңаш қалып қойды ма, қалай ойлайсыз? Желтоқсан оқиғасынан кейін отаншылдық сезім қалды ма, осы бізде?

– Қазір Қазақстан отаншылдығы (патриотизм) деген мағынаға үлкен мән берілетіні байқалып жүр. Мұның бүгінгі таңда өте орынды қойылып отырғанына күмәндануға болмайды. Бірақ оны қазақ отаншылдығынан бөле-жара қараудың қисыны жоқ. Өйткені, кәдімгі өзіміз қолдайтын жалпыға ортақ интернационализмнің өзі ұлттық мақтаныштан, туған жерде қалыптасатын кіші отаннан, оның салқын самалының хош иісінен, тіпті балалық шақтың ертегілерінен, ән-күйлерінен, ойындарынан, сайып келгенде от басындағы наным-танымнан нәр тартатыны белгілі. Мұның өзі халық педагогикасымен, әлеуметтік тәлім-тәрбие жүйесімен, оның мұқият үйлестіріліген имандылық-эстетикалық қағидаттарымен байланысты орбитін құбылыс.

– Қазақ ұлт биігіне көтерілді ме? Әлде, өз елінде, өз жерінде жүріп, азшылыққа айналған қазақ – «Қазақстандық ұлт» ұғымына жол беріп, өзі тарих үзеңгісінен сыпырылып қала бере ме? Айқын төбе көрсете бастаған рушылдық – ұлттық тұтастыққа нұқсан келтірмей ме?

– Қазақтың қазіргі заманғы ұлт деңгейіне көтерілуі үшін басты шарттың бірі оның тілін ғылым мен техниканың, іскер қауым мен сыртқы байланыстардың, президент аппараты мен парламенттің, үкімет пен жергілікті басқару орындарының, армияның тіліне айналдыру дейтін болсақ, мұнда өнерге де қатысты шешімін күтіп тұрған мәселелер жеткілікті.



Осы тұрғыдан алып қарағанда, орталық баспасөзде жарияланған «Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы» мен «Тіл туралы заңның» жаңа жобасының ұсынылғаны құптарлық болды. Осыған байланысты, бәлкім, 1944 жылға дейін республикада жүргізіліп келген қазақ тілін білуге ынталандыру саясатына қайтып оралған жөн болар дегім келеді.

– Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болсын деп ұрандап жүрміз. Бірақ, осының өзі «квасной патриотизмге» айналып бара жатқан жоқ па? Үлкенді-кішілі билік басында жүргендер де қолдайды осы пікірді. Бірақ, бір қызығы – олардың бәрінің дерлік бала-шағаларының тілі – орыс тілі... Сіздің көзқарасыңыз?

– Ана тілін білу – құдірет. Ана тілін білмеу – қасірет. Кім болсаң да. Ана тілін білгеннің құдіретін немерелерімнің басынан көріп жүрмін осы күні. Қайсы бір мырзалар болса, қазақша білмесе білмей-ақ қойсын деп балаларын бірден ағылшын тіліне үйретпек болып жанығуда. Апырау, адамға қай тілді білсе де зияны бар ма, қазақ тілінің бүкіл түркі тілдеріне жол ашатыны тағы бар, мұны неге ескермеске. Кейде өзімнен-өзім отырып, қайсібіреулердің балаларын қазақша оқытуға құлықсыз екенін көріп қайран қалам. Шамасы, халықаралық бизнес тілін білсе жетіп-артылар дейтін шығар. Олай болса, халқының тілін білмейтін баланың көкірек көзінің ашыла қоймайтынын, ананың ақ сүтімен бірге от басы – ошақ қасынан алынатын ұлттық қасиеттерді құрметтеуден, адамгершіліктен, имандылықтан нәрегей қалатынын қалай түсінуге болады? Оның үстіне ана тілін жете игерген азаматқа өзге тілдерді үйренудің оңайға түсетінін де күнделікті өмірден көріп жүрген жоқпыз ба?!

Мәселен, қазақ тілін білмей тұрып, түрік тілін үйренуге тырмысудың еш қисыны жоқ.

Ана тіліміздің алдында көбіне ұяттымыз. Ана тілі – қазақ ұлтының паралелі. Ұлт болса (шын мәніндегі ұлт) – ұлттың

тілі болады. Ұлттың тілі болса – ұлт сақталады. Әйтпесе, жоқ. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Сондықтан Әуезов мақамына сала айтар болсақ, Ел боламын десең – тіліңді түзе! Тіліңді мақтаныш көр! Тіліңді ауызекі тілден ғылым тіліне, техника тіліне айналдыр! Менің айтарым, міне осы!

– Тәуелсіздігімізге бес жыл. Ұтқанымыз бен ұтылғанымызды әділ таразыласақ?

– Біз соңғы бес жылда көп есейдік. Елде қалыптаса бастаған жағдайды жетістіктерімен де, кемшіліктерімен де, қиыншылықтарымен де, бұрмалаушылықтарымен бірдей қабылдап, Тәуелсіздік мектебінен өте бастадық. Мұның бәрін сыпырып тастап, Ресейдің қолтығына кіре қалайық деудің өзі тым келте қайырғандық болар еді. Америка нұсқасы да бізге үлгі бола алмайды. Өйткені Америка ойдан-қырдан әртүрлі халықтардың ұрпақтарынан құралған ел. Түбінде олардың да тектестік санасы оянуы мүмкін. Әзірге жанартау жарыла қоймағандықтан Американы әлеуметтік сілкіністерден біржолата арылған ел деп қарауға болмайтын сияқты. Оның байырғы халқы құрып біткен десе де болатындай халде. Бізде құдайға шүкір халықтың 52 процентін құрайтын, елге өз атын беріп, оның түпқазығы болған, өзіндік этно-мәдениетімен, үш мың жыл бойы желісі үзілмей жалғасып келе жатқан антропологиялық тұрпатымен ерекшеленетін өлкенің түп тамыры тұрғындарының өсіп-өнген жергілікті қазақ ұлты бар. Оның мүддесін көздемейтін мемлекет тәуелсіз өмір сүре алмайды да, өзгелерге үлгі бола алмайды да.

– Сіз өнертанушы этнологсыз. Қолтума өнеріміздің тәуелсіздікке қатысы қаншалық?

– Бұл сұрағыңа айтарым – қазақтың аса бай тарихи-мәдени мұрасы, ой-өрнегі, ісмерлігі, қолтумасының қайталанбас сыйпаты, киім-кешегі ұлттық мақтаныш сезімін тудыратын құбылыс. Масаттануымызға да, мақтануымызға толық хақымыз бар.

Егер, ата-баба салт-дәстүрінен туып, салт-дәстүрімен бірге жасап келе жатқан ол өнер байлығын ұмытар болсақ – онда толыққанды ұлт болуымыз мүмкін емес. Ұлт пен өнер – егіз. Ұлтты ұлт ретінде қалыптастыратын да, тарих сахнасында ұстап қалатын да – өнер! Өнер болғанда да ұлттық өнер! Ұлттық бояу реңкі, ұлттық мазмұн байлығы, ұлттық пішімінен айырылған жұтаңқы өнер – ұлтқа қорған бола алмайды. Сондықтан да біз күнделікті өмірде салт-дәстүрімізді ұстана білуіміз, өнерде салт-дәстүріміздің ұлттық сипатта көрінуін қадағалауымыз жөн.

– Жалпыадамзаттық өркениетке ұмтылу ұлт жағдайында қалай жүзеге асса керек?

– Жалпыадамзаттық игі қасиеттер деп отырғанымыз зорлық-зомбылық атаулыны жоққа шығарып, төзімділікке, жанашырлыққа, өзара көмек пен жәрдемге, мейірімандылыққа, өзгенің өмір салтына, дәстүрлеріне, әдет-ғұрпына, пиғылына, тіліне құрметпен карауға, тағы басқаларға жол ашатын жоғары ізгілік, имандылық нұсқалары. Олардың қатарына өзіміздің Абайдың «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой» дейтін бес асылын да жатқызуға болады.

«Еңкейгенге еңкей, ол әкенің құлы емес, шалқайғанға шалқай, ол Құдайдың ұлы емес» дейді казак. Ол азын-аулақ биліктің дәмін татса-ақ, өзгеге пандана қарайтындарға бас имейтін от жүректі өжет бола тұра, сабасына тез түсе қоятын пайымды жандарды құрметтеген. Кішіпейілділікті, бауырмалдылықты, сезімталдықты қастерлеген. Біздің түсінігімізше, бұлар халықтың рухани іс тәжірибесінен тұжырымдалған имандылық мөлшері болып табылады.

Қоғамдық ғылымдар, философия біздің ойымызша, халықтың тарихи тұлғасын эмпирикалық тұрғыдан емес, тек шынайы тарихқа, нақтылы материалдарға сүйене отыра тарихи-мәдени мұрамен байланыстыра зерделегенде ғана өзінің өмірлік күшін көктете алады. Қазақ оқырмандары үшін тарихи материал, мәліметтер алуға халық поэзиясы, батыр-

лар жыры, аңыз-ертегілер, тұрмыс-салттық дастандар оңтайлы бола тұрса да, оларды насихаттау әлі де болса сара жолға қойылмай келеді.

Соңғы жылдары халықтың ұлттық сана-сезімінің өсуіне орай тарихи тұлғаларымызды тануға деген құлшыныстың археологиялық ескерткіштер мен тарихи-мәдени мұраның мейлінше бай дүниесін танып білуге деген ұмтылыстың да күн санап өсіп келе жатқанын қуаныш көреміз.

– Біз, қазақтар, өзімізді өзіміз ғылыми тұрғыдан толық танып алдық па?

– Ортағасырдағы әл-Фарабилерді айтпағанда, бүгінгі Қазақстан ғылымының М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан сияқты кемеңгер өкілдері салған сара жолы бар. Олар қалыптастырған ғылыми мектепті дамытып, кеңейту арқылы болашақ ұрпақтың игілігіне пайдалану қажет-ақ.

Қазақ халқының ғасырларды артқа салып, өмір талабына сай қалыптасқан рухани әлемінің бізге әлі де беймәлім сырлары көп. Тамырын тереңге жайған дала өркениетінің, қазақ этнографиясы мен тұрмысының, әншілік-әуездік өнерінің, адамгершілік, имандылық дәстүрлерінің зерттеле қоймаған жақтарын аша түсу ғылымға қосылған үлкен үлес болар еді.

– Қанша биікте отырса да, кейбір адамды азамат деп айта алмайсың, есесіне қарапайым адамдардың арасында адамгершілігі асқақ жандар көп те, оларды азамат деп айтсақ ауыз толады? Сіз еңбектерін жақсы көріп, сүйіп оқитын Л.Н. Гумилевтің досы – жазушы Д.Н. Гранин «зиялылар арасынан зиялы таппай қиналамын, «зиялы емес» ортадан зиялыны көп тауып қуанамын» – дейді бір сөзінде. Сізше, азамат кім?

– Қазақ қоғамында азамат деген ұғымның ерте кезден бастап-ақ, кәметтікке, ерлікке, ізеттілікке меңзейтін ерекше ұлттық мәртебесі болған. Бұрын баланың шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап ат жалын тартып мінген жігіт болғанға дейінгі ер жету белестері арнайы аталып, тойланып

келген. Қазақ шаңырағындағы бесікке салу рәсімі, тұсау кесу, қолына қамшы ұстатып, найза беріп, атқа отырғызу, әр жасына лайық атқарылатын басқа да ырым, кәде-жоралғылардың астарлы мәні терең, тәрбиелік әсері күшті. Олар «кұлақтан кіріп бойды алар» ән-күймен, бимен, әзіл-оспак, ойын-сауықпен салтанатты түрде өткізіліп келген. Мұндай ырым ешқашанда қазақтың көкірек-көзінен де, көңілінен де кетпеген. Көнекөз қариялардың бәлен уақыт бұрынғы оқиғаны ұмытып қалса-ақ, «бәленшенің баласының шілдеханасы болған жылы деп еске түсіріп отыратыны тағы бар. Өйткені, бұл халықтың жан-жүйесіне сіңген әдет-ғұрыптан туған. Қазақта баламыз тезірек ер жетсін деп оның жасына жас қосып айту, оған ересектердің киім-кешегі үлгісімен шақтап киім тіккізу дәстүрі де болған. Осының бәрі де ұлының тезірек Азамат болуын аңсаған ата-ананың ақ тілеуінің көрінісі. Азаматтықтың қызметке қатысы аз, есесіне жұрт жүрегіне алау жаға алар адамгершілігінен туындайтын кісілік қасиет, тұтас ұлт жағдайында алсақ, азаматтық – өз ұлтын шексіз сүйу, соның жолында басын бәйгеге тігіп, қию.

– Қазақстанда ана тілімізде оқытатын 700 мектеп жабылып, орнына орыс тілді мектеп ашылыпты. Алматыда бар қазақ мектебі, айналдырған 20-30 жылда жабылып, бір-ақ қазақ мектебі қалғаны мәлім. Қазақстандағы жағдай осылай шатқаяқтап тұрғанда Торғай облысы орталығы – Арқалықтағы жалғыз орыс мектебін жауып, орнына қазақ мектебін ашыпсыз...

– Біздің бір жаман әдетіміз болды. Москва айтты деп, алға түсіп алып өкпеіміз өшкенше шапқылаймыз. Ау, алдымен олардың талабы қайбір облыстардағы демографиялық ахуалға келе ме, келмей ме – деп ойланып алуымыз керек емес пе? Бірер орыс баласына бола бір мектепті ұстап отыру – қай жағынан алып қарасаң да тиімсіз. Содан да жабылды.

– Ұлт мектебінде білім беру жүйесі орыс мектептеріне қарағанда таяз деген пікір қылаң беріп жүр...

– Біз соңғы кезге дейін елімізде ең озық оқу-ағарту жүйесі жасалды деп жүріп, жалпы білім беретін қазақ мектебінің ұлттық ерекшеліктерді, баланың өсіп-жетілетін кеңістігіндегі хал ахуалды ескере бермейтінін де байқамаппыз. Сірә, бүгінгі жастардың арасында бойкүйез, мінез-құлқы дімкәстеу, халықтың рухани дүниесіне құлықсыз, өз елінің мәдениеті мен тарихынан бейхабар қыздар мен жігіттердің кездесетіні тегіннен тегін болмаса керек. Бұл құбылыстың өзі кезінде элеуметтік-экономикалық саладағы жалпылаудың рухани өмірге енгізілгендігінің салдарынан, тұрмыстағы шектен тыс біркелкілікке, адамның жеке басының орташалануына, ұлттық парасат тамырларының қырқыла бастауына әкеліп соққаны мәлім. Жалпыға ортақ игі қасиеттердің бәрі көп жылдар бойы интернационалдық сипатта ғана насихатталып келгені де рас. Сол себептен ұлттық мақтаныш сезімінің өзі өрісі тар надандарға бүркемелі немесе тікелей ұлтшылдық нышаны боп көрінетін. Біз қазақ мектептерінде, тіпті жоғары мектепте де оқушыларды ана тіліміз, ата тарихымыздан бастап ұлттық құндылықтарға мелдектете оқытып, тәрбиелеуіміз керек. Сонда ұлт республикаларында ұлт тілінде білім беретін мектепті жабу секілді надандыққа ешкім жол бермейтін болады.

Жыл өткен сайын алшақтап бара жатқан адам мен табиғат арасындағы сәйкессіздік анау, бірінен соң бірі апат аймағына айналып жатқан аудандардың көбейе бастағаны мынау. Соңғы кезде «экология» деген түсініктің өзіне де жұрт үлкен мән беретін болып жүр... Рухани экология, имандылық, адамгершілік, мейірімділік, мәдени экология деп те айтатын болдық. Осы бағытта қоғамтанушы ғалымдар да игілікті іс атқара алар еді.

Ойлап қарасақ, шәкірт мектеп бағдарламасы бойынша көзі көріп, құлағы естімеген аймақтардың жер қыртысы, ауа райы туралы оқиды екен. Бұл дұрыс-ақ болсын, оның білімін толықтырады, баланың дүниетанымын кеңейтеді делік. Ал

оның керісінше өзі өскен, өзі тұратын жердің географиялық жағдайын, экологиялық халін мардымды біле бермейтінін қалай түсінуге болады? Осылайша өзінің туған ауданының, қаласының географиялық, экологиялық және экономикалық жағдайы жайында ештеңе сезбейтін ересек адамдар пайда болады емес пе? Бұл шындық. Өкінішті, әрі жедел қолға алатын шетін мәселе.

– Бұрын қазақтар жағдайында отбасы тәрбиесі мен мектеп білімі – өзара сабақтас, бірін-бірі толықтыратын тамаша үйлесім сияқты еді. Бүгінде осы гармония бұзылған. Ата-ана мектепті қадірлемейді, мектеп ата-ананы мойындамайды ма, қалай?

– Қазір бәрімізді аландатып отырған көп келеңсіздіктің, әсіресе тәртіп бұзушылықтың өрістеуі, ең алдымен мектепті былай қойғанда, «отбасы, ошак қасындағы» тәлім-тәрбиеге байланысты. Туған-туыскандарға мейірімді болу, үлкенді сыйлау, кішіге зиялылық, уақыт өткен сайын ұлғая түсетін қарттарға, мүгедектерге деген қамқорлық қазақ дәстүрінде ерекше мән берілетін, халықтың қанына сіңген ұлттық игі қасиеттер болған. Егер байыбына барсақ, мұның өзі белгілі бір мөлшерде жеткіншек ұрпаққа қамқорлықтан туған.

– Әйел – ұлт анасы. Бұрын бір отбасында он-он бір бала өсер еді. Үй тәрбиешісі – Ана бір өзі сол он- он бір баланы тәрбиелеуге еш ерінбейтін де, қиналмайтын да. Бүгінде әр отбасында бірер ғана перзент... Кешегі кеңестік кезеңде жоғарыдан «отбасын жоспарлау» Бағдарламасы ұсынылғанын білеміз. Жазушы Дулат Исабеков сол тұста бұл – ұлт республикаларының тұқымын тұздай құрту – деп шырылдап қарсы болды.

– Егер, шаңырақ ұлттық салт-дәстүрді ұстанған болса, онда Ана бар баланы тәрбиелеп үлгереді. Көп балалы отбасы – көпшіл болады. Аз балалы шаңырақ – өзімшіл болады. Көп балалы от басында балалардың үлкені кішісін жетелеп, тәрбиелеп кете барады.

Аз бала деп азырканып жатуымыз заңды. Бірақ, бүгінгі таңда бізде жетісе бермейтін жағдай – әйелдердің денсаулығына қамқорлық. Сондықтан да, әсіресе әйелдер қауымы тарапынан Алматыда аса күрделі ана мен бала денсаулығын қорғайтын орталық құрылғаны аса қанағаттанғандықпен қарсы алынды. Қазір Қазақстанда 316 мыңнан астам әйел денсаулыққа зиянды немесе қолайсыз жұмысқа орналасқан. Азық-түліктің, әсіресе аяғы ауыр әйелге қажет ет-сүт, көкөністің жетісе бермейтіні де белгілі. Мамандардың айтуынша, бала табудың арасына екі жылдан артығырақ уақыт түскені дұрыс көрінеді. Демек, бала табуды жүйелеу – ең алдымен жиі құрсақ көтеретін, денсаулығының әлсіздігінен нәрестесін шынжау табатын аналарға ғана қатысты емес.

Біз баладан зәрезап болатындай асып-тасып жатқан халықтан емеспіз. Өз жерімізде өзіміз азшылық болып отырысымыз мынау. Жоғарының жоспары дұрыс емес. Әр ұлт өз демографиясын өзі жоспарласын. Баланы армандаған жөн. Бірақ, алдымен баланы дүниеге келтіретін анаға жағдай жасау керек.

– Әлемдік балалар әдебиетінің ерен тұлғасы Корней Чуковский «Екі жас пен бес жас арасы» аталатын кітабында бала тәрбиесінің өте жастай қолға алынуы керектігін жазады. Аты айтып тұрғандай «екі мен бес жас арасы» – бала бойында даналықтың көрініс берер шағы. Сәби бойындағы сол даналықты өлтіріп алмау – тәрбие басы дейді шынайы балалар жазушысы.

– Бүгінгі адамда өзге түгілі өз баласын тәрбиелейтін уақыт қалмай барады. Өйткені, өзге мемлекеттер – қоғамға, қоғамды құратын адамға қызмет етеді. Бізде әлі күнге қоғам – мемлекетке қызмет етумен әуре болып жүр. Мықты мемлекет құрып алайық, сосын адамдарға жағдай жасаймыз – деп алдаусыратамыз өзімізді де, халықты да. Бұл дұрыс емес. Мемлекет халыққа қызмет етуді, қамқорлық жасауды үйрене

жүріп, солай қамқорлық жасай жүріп мықты мемлекет болып қалыптасуы керек.

Мемлекеттік жүйені кері құрғандықтан біздің қоғам қатыгезденіп, мемлекет ыңғайтабысты күйге келе алмай отыр. «Адамның күні – адаммен» деген, қамшының сабындай қысқа тірлікте бәрінен қымбаттысы көңіл емес пе? Көшедегі кезекте болмашы бірдеңеге бола бейтаныс адамның бетінен алып тастайтындықты былай қойғанда, ет жақын ағайынның, туған туысканның, көрші-қолаңның, құда-жекжаттың көңілін аулау кеміп бара жатқандығын қалай түсінуге болады? «Мың жылдық» дейтін құдалардың өзі бір қалада тұрып-ақ бір-бірін айлап, жылдап көрмейтінін, әрқайсысы өз соғымын өзі жеп жата беретінін қайтерсіз? Менің ойымша, қайырымдылықты, мейірдандықты ортамызға қайта орнату да қазақтың туыстық қалпының ғасырлар бойы сыннан өткен игі қасиеттерін күнделікті өмірде орнықтырудың мәні басқа. Мәселен, жақын адамын жатсынып үйіне жуытпайтын, немесе қартайған ата-анасын дастархан басынан аластататын жүгенсіздерді бірден жиналысқа сүйремей-ақ, ағайын-туған ортаға алып, тезге сап, жан-жақтан білген ақылын айтып жатса айып па?!

Біз бір-бірімізге жүрегімізді ашуды қойдық. Мұнымыз дұрыс емес. Әр кім өзді-өзімен. Көршісін ағайынының алдына салып, «о дүниеде көршіден сұрайды» – дегізетін бауырмалдық қайда?

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Өзбекәлі Жәнібек өзінің кісілік бойын, қайраткерлік болмысын таза ұстап алаш баласын алаламай бауырына тарта «қалың қазақтың Өзбекәлісіне» (М.Жолдасбеков) айналып жасады. Қарғадайынан қайраткер болып бой тастап, халық, ұлт үшін қаракет етіп «рух сардарына» (Ә.Кекілбайұлы) айналып еңбек етті. «Басынан бақайшағына дейін ұлттық рухпен тыныстаған...» (М.Шаханов) ұлтын сүйген ұлттық болмысты азамат қазақ қоғамының кешегі сірескен кеңестік саясатының өзін ұлт игілігіне жұмсай білген, қазақ қоғамның ескісі күйреп, жаңасы жасалмаған үркер-кезеңінде тіршілік кешіп, аяғын пендешілікке алдырмай, кісілік тұлғасына кір шалдырмай-ақ жүріп өтті» (Ш.Мұртаза). Қапысыз қайраткерлігі өзіне қағажу көрсеткен, қазақ жастарынан алаламай-шалаламай қайраткер тәрбиелеп, содан өзі қағыс көріп, өмірінің ақабалы сәті өкінішке айналып барып өткен қайран Өзекең!..

У.Черчилль айтқан екен: «Саясатшы мен мемлекеттік қайраткердің арасында зор айырмашылық бар. Саясатшы кезекті сайлауда жетуді ғана ойласа, мемлекеттік қайраткер ұлттың қамын, ұлттың болашағын көздейді». Өзекең осындай қайраткер, осы бағыттағы азамат еді. Қазақта мәдениет үлгілеріне жетік мұндай қайраткер енді туар ма?

«Біреудің бағы – тірісінде, біреудің бағы – өлісінде» (Ғ.Мүсірепов), «Біреу өледі – өшеді, біреу өледі – өседі!» (А.Т.Твардовский). Ақиқатты айтамын деп ауыздан күйіп, турасын айтамын деп туғандай азаматыңа жақпай, жалпақ жәмиғатқа ен жайылған асқақ абырой айбатқа айналып, өзімшіл қоғамның үрейін алып, алғыс алар жерде қарғыс алып, қасірет шегіп анахарсис-өліммен өткен Өзбекәлі Жәнібек те бағы өлген соң жана бастаған жампоз. «...Әз ағаның мәңгі өлмейтін өзгеше өмірі жаңа басталды. Ылғи әулие мен қа-

сиеттің тұнып тұрған өлкесінде туған, бұл фәниден дүние жимаған, иман жиған, өле-өлгенше халқына адал еңбек еткен, артына байтақ дәстүр, өшпес өнеге, мол мұра қалдырған, сөнбес шырақ жағып кеткен, талай жұмбақ тастап кеткен ағамыз енді бірге-бірге Фараби, Арыстанбаб, Әзіреті Сұлтан секілді әулиеге, сыйынатын пірге, табынатын күдіретке айнала береді.» (М.Жолдасбеков). Қыл-қыскасы Өзбекәлі Жәнібек – өлдім деп өшетін емес, күн санап өсетін тұмар-тұлға! Өзбекәлі Жәнібек ғұмыры бізге осыны ұғындырады!

МАЗМҰНЫ

Құрметті оқырман!	3
Жетімдіктен жетілген	4
Құрбан баба	14
Тағы да аталар жайынан.....	17
Балалық шақтың мұнды әуендері.....	22
Ана қазасы. Азалы жүрек.....	29
Алтын ұяда.....	36
Ұядан қияға	54
Жол басы. Ағарту саласында. Жастар ұйымында	63
Жалынды жастар жетекшісі.....	82
Жастарға көсем болған.....	100
Торғайды түлету – Алаш рухымен табысу.....	149
Елдіктің ерен үлгісі.....	178
Министрдің орынбасары	183
Алматы облысында	193
Мәдениет министрі.....	199
Ояну дәуірінің Ұлықпаны.....	200
Зейнеткер	205
Қайраткермен қоштасу.....	210
Өзбекәлі Жәнібеков	214
Рух сардары бола білді	215
Алла сызығынан аспақ жоқ!	216
Дара тұлғалар дәуірмен қоштасып жатыр!.....	217
Қош, асыл аға	217
Ұлтының ұлы махаббатын арқалаған.....	219
Қайран, шолақ дүние-ай!	220
Халқымыздың зиялы келбеті еді.....	221
Өмірлі өнеге таным сабақтары.....	222
Тұлғаға тағзым!	227
Қайраткер деп Өзекенді айт	228
Жақсының жақсылығын айт	230

Адалдық	231
Қадірлі Бердібек Мәшбекұлы!	232
Ұлтымыздың ұйытқысы	233
Тарихты тұлғалар жасайды	235

Өзбекәлі Жәнібектің ғылыми мұрасы

Еңбек етті ерінбей.....	239
Қазақ халқының материалдық мәдениеті.....	246
Қазақтың тұрғын үйі тарихын зерттеуші.....	254
Ұлттық киім үлгілерін зерттеуші	266
Ұлттық аспаптар тарихы.....	275
Би өнері тарихын зерттеуші	282
Отырар өркениетін зерттеуші	287
Ұлтына адал қайраткер. Өмір жолы өнегелі.....	296
Бас музейші	303
Тарихи жәдігерліктерді жаңғыртушы.....	316
Наурызбен қайта қауыштырған.....	323
Желтоқсан жаңғырықтары	327
Ақталған бес арыс – қайта оралған ұлттық ырыс	338
Қазақ тілінің мәртебесі	342
Территориялық тұтастық – Қазақ мемлекеттігінің кепілі	345
Ұлттық идеология – Қазақстан болашағының басты бағыты	355
Тәуелсіздіктің бес жылы (Өз-ағаңмен сырласу).....	370
Тобықтай түйін	380

Баян АДЫРБЕК

Өзбекәлі ЖӘНІБЕК

(Ғұмырнамалық деректі хикаят)

Редактор – М. Жақын
Редактор-корректор – Б. Мұқанова
Тех. редактор – А. Садырова
Компьютерде беттеген – Е. Мейбеков

ИБ 198

Басуға 18.08.2021 қол қойылды.

Қалыбы 84x108 ¹/₃₂. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі: Times New Roman

Шартты баспа табағы 20.16

Есепті баспа табағы 24,0

Таралымы 3000 дана. + 120 дана

Тапсырыс №511

ЖШС «Қазақстан» баспа үйі»

050009 Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143, 219-кеңсе,

Тел./факс: +7 (727) 392 94 18, 392-94-19

E-mail: idkz@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын
файлдарынан басылып шықты



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

E-mail: priemnl@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

ISBN 978-9965-10-147-2



9 789965 101472